



Әбдуәли Қайдар

ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒҰМЫР

V - ТОМ

Қазақ тіліндегі имитативтер

Алматы
«Сардар» баспа үйі
2014 жыл

ӘОЖ 81 37
КБЖ 81. 2 Қаз - 3
Қ 23

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің
тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды**

Жауапты редактор:

филология ғылымдарының кандидаты Ә.Ә.Өтебаева

Қайдар Әбдуәли. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тіліндегі
Қ 23 имитативтер – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 304 - бет. 2014 ж.
ISBN 978-601 – 7174 - 42- 2 - Т.5
ISBN 978-601 – 7174 - 47- 7

Монография қазақ тілі деректері негізінде ым-ишара тілінен кейінгі дәуірлерде алғашқы сөз қоры ретінде қалыптасып, фоно-морфо-семантикалық бір жүйеге үйлесіп, болмыстағы ұғым-түсініктерді жай ғана емес, эмоциональды-экспрессивті тұрғыдан бейнелейтін жүздеген, тіпті мыңдаған туынды тұлғаларға негіз болып, жалпы тілдің дамуына қомақты үлес қосқан имитатив құбылысын, оның тілдік табиғатын танып-білуге арналған

ӘОЖ 81. 37

КБЖ 81.2 Қаз – 3

ISBN 978-601 – 7174- 47- 7 - (Т.5)
ISBN 978-601 – 7174 - 42- 2

© Қайдар Ә., 2014
© «Сардар» баспа үйі, 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Мемлекеттік тіліміздің қоғамда атқаруға тиісті сан алуан қызметтерінің баршасы оның табиғатына тән лексикалық, грамматикалық мүмкіншіліктері мен байлығын толық та тиімді түрде пайдалана білуге байланысты. Бірақ ол үшін сол мүмкіншіліктер мен байлықты тіл қолданушы қауымға жүйелеп, табиғатын айқындап, ғылыми негізде дұрыс көрсете білу қажет.

Қазақ тілінің байырғы сөздік қорындағы байырғы лексиканың 25-30 пайызы (біздің есебіміз бойынша) имитатив ілкі түбірлері мен солардан туындаған тұлғалардан тұрады. Сөздік қорының бұл құрамы өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан жасалу тәсілдері (модельдері) бар, құрамы жағынан өте күрделі, мазмұны жағынан құнарлы тіл құбылысына жатады.

Имитатив категориясы, яғни қазақ тілінің еліктеуіш, елестеуіш, бейнелеуіш сөздері, кейінгі кездерге (50-жылдың басына) дейін одағайлармен бір сөз табы ретінде қарастырылып, оның өзіндік ерекше болмысына онша мән берілмей келді. Бұл құбылыстың тіл құрамында өзіндік жасалу заңдылықтары мен қалыптасқан жүйесі барлығы, тіліміздегі жеке-дара қолданыста жүрген жүздеген, мыңдаған дербес сөздердің төркіні, түптеп келгенде, тіліміздегі 500-дей ілкі еліктеуіш түбірден тарағандығы белгілі.

Қазақ тіліндегі 10 мыңға жуық еліктеуіш сөздердің бәрі бір буынды еліктеуіш ілкі түбірлерінен дамыған деп айта салу оңай, әрине. Мәселенің теориялық та, практикалық қиындықтары онда емес, сол алғашқы бір буынды ілкі түбірлердің қалыптасуынан бастап, 3-4 буынды күрделі сөздерге (мыс.: жалбалақта, қалбалақта т.б.) айналуына дейінгі даму заңдылықтарын анықтауда. Мәселен, біздің алдын-ала жүргізген зерттеуіміз бойынша: күрделі имитатив – еліктеуіш сөз бірінен бірі туындайтын 5-6 түрлі деңгейде дамтыны анықталып отыр. Олар:

1) Табиғат құбылыстары мен қоғамдық қарым-қатынастарынан дамыған, атап айтқанда, адамдардың сырттан естілген дыбыстардың жаңғырығын, жарық-сәуленің рефлексін және сан түрлі қимыл-әрекет, процестердің бейнесін сезініп, түйсік алып, естіп қабылдаудан пайда болатын мағына-мәні нақты

емес символдық нышандарға мән-мағына жүктейтін алғашқы идеофондарды қабылдау деңгейі (мыс.: дыр, сыр, шұр, тар, шар, жал, сал т.б.).

2) Ілкі түбірлердің бұдан кейінгі тұлғалық даму барысында олар міндетті түрде имитатив мағынасының бір-ақ рет жүзеге асқан актысын білдіретін бірінші дәрежелі грамматикалық индикаторды қабылдау деңгейін басынан өткереді (мыс.: сыр>сырт, шар>шарт, тар>тарс т.б.).

3) Еліктеуіш тұлға бірінші дәрежелі грамматикалық индикатордан кейін түбірдегі процеске заттану мағынасын жүктейтін екінші дәрежелі грамматикалық индикаторды қабылдайды (мыс.: сар+т>сартыл, қар+с>қарсыл, шар+т>шартыл т.б.).

4) Көп жағдайда, осы үшінші деңгейден кейін, яғни табиғат құбылыстарының (дыбыс, жарық-сәуле, қимыл-әрекет) заттанған мағынасын білдіретін тұлғадан (яғни екінші грамматикалық индикатордан) кейін міндетті түрде етістік жұрнақтары (7-8 моделі) жалғанып, көптеген еліктеуіш етістіктер қалыптасады (мыс.: қар+с+ыл>қарсылда, шар+т+ыл>шартылда т.б.).

5) Кейбір еліктеуіш түбірлер өзінің тұлғалық-мағыналық дамуын етістік жұрнағынан кейін есім жұрнағын қабылдаумен аяқтайды (мыс.: сар+қ+ыр+а>сарқырама, жапырақ<жал+б+ыр+а+қ, шиңкілдек >шиң+к+іл+де+к, тоңқылдақ>тоң+қ+ыл+да+қ т.б.).

Имитатив лексика қорының қалыптасуы мен дамуын, міне, осы көрсетілген үрдіс, тәсіл, заңдылықтардың жүзеге асырылуын тәптіштеп зерттеп, қазақ тіл білімінде бұрын-соңды арнайы сөз болмаған бұл теорияға осы тәрізді ғылыми үлес қосудың да өзіндік практикалық мәні бар деп білген жөн. Бұл құбылыстың тілдік табиғатын саралап, шығу төркінін, жасалу тәсілдерін талдап-таратып көрсету ең алдымен жалпы сөздік қорымызды іштей жіктен көрсетуге керек болса, екіншіден, сол сөздік қорымыздың мағына-мазмұнын анықтауға қажет. Еліктеуіш сөздер жалпы тіл заңдарына сәйкес қалыптасса да, олардың өзіндік семантикалық ерекшеліктері де баршылық. Олардың бойынан әр уақытта сезім, түйсік, экспрессия, эмоция нышандары байқалады. Еліктеуіш сөздердің қосарланған, қайталама, т.б. күрделі тұлғалары жеке-дара тұрудан да тіркес, сөйлем құрамында тұруға бейім.

Міне, сондықтан да, еліктеуіш сөз қорын арнайы зерттеп, оның тілімізге атқаратын неше алуан қызметтерін атап айтқанда,

өмірде болатын небір күрделі құбылыстың, бейнелі әрекеттер мен динамикалық процестердің ою-өрнегін, бояу-нақышын келтіре суреттеуін саралап көрсетудің мәні аса зор. Бұл тек сан алуан еліктеуіштердің ауқымын анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар мағыналарын да тап басып, дәл көрсету үшін де қажет. Мысалы, қазақ тілінде тек күлудің 60 шақты түрі белгілі. Солардың басым көпшілігі дыбыс еліктеуіштері мен бейнелеуіштеріне байланысты қолданылады. Мыс.: қарқ-қарқ күлу, тарқ-тарқ күлу, жырқылдап күлу, сылқылдап күлу, шиқылдап күлу, сыңғырлап күлу, сықылықтап күлу, сақылықтап күлу т.б. Сондай-ақ, шайнауудың түрлері де осы еліктеуіштер арқылы бейнеленеді. Мыс.: күрт-күрт шайнау, қырш-қырш шайнау, күтір-күтір шайнау, қатыр-құтыр шайнау, кірт-кірт шайнау т.б.

Әр елдегі түркологтардың имитатив проблемасын әр тілдің деректері бойынша зерттеудің себебі – ол барлық тілдерге ортақ әмбебап құбылыс, тілдің (тіл-тілдердің) пайда болуын, оның алғашқы сөздік қорының табиғи жолмен қалыптасуын айқындайтын тетігінің бірі. Проблеманың алда тұрған өзекті мәселесі: санасыз (*Homimid*) этникалық топтардың саналы адамдар қауымына (*Homo sapiens*) өту дәуірінде олардың ым-ишара тілінен («язык жестов и мимики») дыбыстық тілге ауысуына негіз болған имитатив құбылысының мағыналы түбірлерге, одан сөз тұлғаларына өтуінің механизмдерін нақтылы тіл фактілері арқылы дәлелдеу. Ұсынылып отырған тақырып осы гипотезалық идеяны анықтауға бағышталып отыр. Ол проблеманы жан-жақтан зерттеуші ғалымдардың ізденіс үрдісі осы бағытта.

Еңбек түркология ғылымында өткен ғасырдың 20-жылдарында қалыптасқан имитатив теориясының негізінде қазақ тілінің лексикалық құрамынан қомақты орын алатын еліктеуіш, елестеуіш, бейнелеуіш категориясының тілдік табиғатын, қалыптасу, даму заңдылықтарын айқындап, көне де байырғы сөз қорын қалыптастыруда ұйтқы болған ерекшеліктерін танып-білуге бағышталған. Басқаша айтқанда, бұл жұмыс саналы қауымның ым-ишара тілінен дыбыстық тілге ауысу дәуірінде табиғат құбылыстарының (дыбыс, жарық-сәуле, қимыл-әрекет) нышандарын адам тілі арқылы беру барысында қалыптасқан алғашқы бір буынды ілкі түбірлердің төркінін айқындауға, олардың нақтылы тілде жасалу процестерін саралауға бағышталған теориялық зерттеу.

I тарау ИМИТАТИВ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ

Имитатив теориясының зерттелу тарихы

Жалпы түркітану ғылымында XIX ғасырдың жиырмасыншы жылдары қалыптаса бастаған **имитатив теориясы** (негізін салушы – проф. Н.И.Ашмарин [1]) 30-дан астам түркі тілдеріне ғана емес, жержүзі тілдерінің баршасына тән еліктеуіш-елестеуіш құбылысы алғашқы сөзжасам процесіне ұйытқы болғандығын дәлелдеуге тырысады. Бірақ бұл теория өз кезінде әйгілі түркологтар (Н.И.Дмитриев [2], Л.Н.Харитонов [3], Н.А.Баскаков [4], А.Г.Спиркин [5] т.б.) тарихынан қызу қолдау тапса да, өзінің түпкі мақсатына жете алған жоқ. Алайда бұл теорияның ғылыми перспективасын (болашағын) зор деп танып, оны әрбір түркі тілінің нақтылы деректері негізінде дәлелдеуге ат салысып жүрген түркологтар да баршылық. Мысалы, ностратикалық теорияның негізін қалаушы **А.М.Газов-Гинзберг** [6], шуаш тіліндегі имитатив құбылыстарын зерттеуші **Г.Е.Корнилов** [7] т.б. ғалымдарды атауға болады.

Бұл жұмыс осы теорияны мүмкін болса, дамытуға, не оған байланысты жаңаша көзқарасты түркі тілдерінің бірі – қазақ тілінің көне де байырғы түбір сөз қорының ұйытқысы, негізі болып тұрған еліктеуіш, елестеуіш, бейнелеуіш ілкі түбірлерінің пайда болу, қалыптасу және пайда болу тарихи эволюциялық процестерін талдап-тарату арқылы дәлелдеуге бағышталады.

Жұмыстың теориялық негізі жалпы тіл білімінде қалыптасқан тұжырымдардың бірі – «адамзат қауымының дамуында болған о бастағы ым-ишара тілінің («язык жестов и имитации») біртіндеп, дыбыстық тілге өту дәуірінде, яғни табиғаттағы жай дыбыстардың мағыналы дыбыстарға (идеофондарға) айналу барысында, дүниеге келе бастаған алғашқы лексикалық элементтердің бір саласы еліктеуіш, елестеуіш, бейнелеуіш ілкі түбірлер болған» деп түсіндіретін идея болып саналады.

Сөздерді тап-тапқа бөліп таптастыруда оның сан жағынан жіктелу жүйесі мәселесінде қазақ тіл білімінде бірыңғайлықты байқаймыз. Мысалы, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу т.б. сияқты сөз таптары қазіргі күйіндегідей кеңес дәуірінің бас кезінен-ақ жеке, дербес сөз таптары болып танылып, барлық оқулықтар мен жеке еңбектерде де жүйелі түрде беріліп келген. Бір кездері сөз таптарының қатарында «бейтарап сөздер» деп аталатын бір топ сөздердің жиынтығы да аталып жүрді. Бірақ ол кейіннен сөз таптары қатарынан шығарылып тасталды. Тек сөз таптарының қатарына кейіннен ендірілген өзіндік лексика-семантикалық да, грамматикалық та ерекшелігі бар бір бөлек дербес сөздер тобы – еліктеу сөздер болды.

Тілдің ғасырлар бойындағы тарихи дамуы барысында оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы өзгеріссіз қала алмайды. Сөздердің лексикалық табиғатында да, грамматикалық табиғатында да алуан түрлі өзгерістер болады, олар қолданылу ыңғайына, атқаратын қызметіне қарай сараланады, топтасады. Осылайша дамудың барысында сөздердің топтары сараланып, сөз таптары жасалады да, олардың әрқайсысы өзіндік жалпы мағынаға ие болады: морфологиялық жағынан тұлғаланады, сөз тудырушы және сөз түрлендіруші арнайы формаларға ие болып, сөйлемде белгілі бір синтаксистік қызмет атқаруға икемделеді.

Сөз таптарының бірден пайда болмай, тілдің тарихи дамуы барысында біртіндеп жасалғандығын, әсіресе, үстеулердің сөз табы ретінде жасалып қалыптасуынан, әсіресе, ашық айқын көрінеді. Зерттеушілер индоевропа тілдерінде зат есімдер мен сын есімдердің септік жалғаулы түрлерінің сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалып барысында олардан үстеулердің жасалғандығын айтады. Сөз таптарының бірден емес, тілдің тарихи дамуы барысында жасалып қалыптасқандығын, әсіресе, үстеулердің түрлі тілдерде сөз табы ретінде пайда болуы мен даму жолдары дәлелдей түседі. Үстеулер сөздердің сөйлемде пысықтауыш қызметінде жұмсалуды, осы қызметтің оларға әбден үйреншікті болып телінуі және сөздердің құрамындағы түрлендіруші аффикстердің өзінің бастапқы қызметтері мен мағыналарынан айрылып көнеленуі, түбірлерге әбден сіңісіп кетуі нәтижесінде жасалған.

Сөздерді тапқа бөлу тіл білімі жайлы жазған зерттеулер мәліметтеріне сүйенсек, тіл білімінің өз алдына дербес ғылым болып қалыптасуынан көп бұрын, біздің заманымыздан бұрынғы IV-V ғасырдан басталады. Сол дәуірдің ойшылдары Платон тілдегі сөздерді есім, етістік деп екі топқа бөлсе, Аристотель оларға жалғауыш дегенді қосып, үш топқа ажыратады. Бұл екеуі де сөздерді логикалық категорияларға сүйеніп, тапқа бөлген еді. Жоғарыда аталған үш топ (есім, етістік, шылау) құрамы бірде сегіз, бірде он бір болып отырады.

Түркітанушылар да осы үлгіге сүйенді. Олардың алғашқылары деп Гиганов пен Казамбекті, Бетилигіті атауға болады. Келе-келе бұл жолға қазақ тілін зерттеушілер де түсе бастады. Еліктеу сөздер жеке сөз табы ретінде соңғы жылдары ғана бөлініп шықты. Оның қазақ тіл білімінде жеке сөз табы болып даралануы тікелей байланысты деп айтуға болады.

А.Ысқақов [8] қазіргі қазақ тілінде «еліктеу сөздер» деген өзгеше бір сөздердің тобы бар екенін сонау 1948 жылдың өзінде-ақ «Халық мұғалімі» деп аталатын журналдың 6-шы санында «Еліктеу сөздер туралы» деп аталатын мақаласында айтқан болатын.

Бұдан кейінгі кездері еліктеу сөздер өзге де ғалымдардың көңіл аударып, зер салған тақырыбына айнала бастады. Өткен ғасырдың 60-шы жылдары

бұл тақырып диссертациялық зерттеу объектісі болып, Б.Катембаева «Қазақ тіліндегі еліктеу сөздер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Қай кезде болмасын ғылыми ізденістер мен зерттеулер нәтижесінде объектілікке, нақтылыққа ұмтылу басқа ғылымдар қатарында гуманитарлық ғылымдарға да, соның ішінде тіл біліміне де тән болып отыр. Тіл – қоғамдық құбылыс. Ондағы сөздердің тууы тұрмыс-тіршіліктен туатын табиғат көрініс құбылыстарынан пайда болатын тілдің динамикалық дамуының жемісі.

Имитатив теориясына қатысты жаңаша көзқарас

Жалпы адамзаттың (оның бір тұлғасы – қазақ этносының) қалыптаса бастаған сонау балаң дәуірінде ым-ишара тілімен қабаттаса, не соған ілешала барлыққа келген дыбыстық тілдің жобалы болмысын бір сәт көз алдымызға елестетсек, “сол алғашқы тілжасам процесіне белсене қатысып, оның дербес тіл болып қалыптасуына негіз болған тіл элементтерінің бірі – еліктеуіш сөздердің о бастағы ілкі түбірлері емес пе?” деген идеяның ойға орала беретіні рас.

Бұл, әрине, қияли болжам емес; онымен бізден бұрын да талай ғалымдар айналысып, оны теориялық тұжырым ретінде ұсынып келгені де белгілі. Ол тұжырымдарда, мәселен, санасыз (*Hominid*) адам дәуірінен саналы (*Homo sapiens*) адамның қалыптасу дәуіріне дейінгі аралықта миллиондаған жылдар өткені жайында, сол саналы адамның өзі алғашында ым-ишара (“язык жестов и мимики”) тілі арқылы қарым-қатынас жасағанына және онымен жарыса дами бастаған дыбыстық тілдің сөз тілімен (“язык речи”) алмасуы сияқты күрделі процестерге мыңдаған жылдар кеткені баяндалады. Басқаша айтқанда, жалпы саналы Адам мен жеке тіл қауымның дүниеге келуі ұзақ даму эволюциясының нәтижесі болғаны сияқты, олардың сөйлеу тілі де басаяғы түгел қалыптасқан дап-дайын күйінде, бір сәтте емес, ұзақ эволюциялық дамудың нәтижесінде, біртіндеп, сатылы түрде дүниеге келгенді белгілі.

Міне, осы бір ұзақ дамудың барысында, адамдар арасындағы қарым-қатынас тәсілдерінің бірі – дыбыс тілінің алғашқы элементі – еліктеуіш сөздердің ілкі түбірлері арада қанша ғасырлар өтсе де, әрбір этнос болмысы мен тілінде күні бүгінге дейін көненің көзіндей сақталуда. Мысалы, қазақ қауымында өзіндік мағына-мәні бар: *көз қысу, бас шайқау, бас изеу, бет шымиу, желке қасу, қол қусыру, мұрын шүйіру, тілін шығару, тізе бұғу, қол шапалақтау, жұдырық көрсету, сақал сипау, таңдай қағу, қол алысу* т.б. осы сияқты жүздеген имитациялық әрекеттердің сақталуы сияқты: *момпи-, томпи-, сомпи-, ақырай-, әкірей-, кекірей-, ежірей-, едірей-, сүмірей-, жалтыра-, қалтыра-, қарқылда-, тарқылда-, барқылда-, тарсылда-* т.б. осы сияқты мыңдаған еліктеуіш сөздердің (имитативтердің) осы күнге дейін қолданылуы көне дәуірдің болмыс пен тілдегі елестері іспетті.

“Имитатив теориясының” негізін салушы Н.И.Ашмариннің бұл құбылыс жөніндегі идеяларын¹ түркітануда есімі белгілі ғалымдардың біразы (Н.К.Дмитриев, Н.А.Баскаков, Л.Н.Харитонов, А.Г.Спиркин, А.М.Газов-Гинзберг, Г.Е.Корнилов т.б.) қолдайды және: “В России первым создателем собственно лингвистического учения о мимемах был выдающийся тюрколог-чувашевед, член-корреспондент АН СССР Н.И.Ашмарин...” деген пікірге² қосылады.

Имитатив табиғатына байланысты Н.И.Ашмарин идеяларынан біз мына пікірлерді атап көрсеткіміз келеді: 1) Имитатив тек түркі тілдеріне ғана тән емес, ол барлық тілдерде бар әмбебап (универсалды) құбылыс; 2) ол әрбір этностың өзіне ғана тән, бірге туып, біте қайнасқан құбылыс; 3) шығу тегіне қарай имитативтер бес топқа: а) дыбысқа еліктеу, ә) қимыл-қозғалысқа; б) дыбыстық бейнеге; в) жарық-сәулеге және г) бала сөздеріне еліктеу – жатады; 4) табиғаттағы дыбыс пен әрекетті өз дауысымен ұқсатып келтіру хайуанаттарға ғана тән құбылыс емес, оны адам да қайталай алады; 5) кейбір имитативтер ым-ишара тілінің элементтері болуы мүмкін; 6) еліктеуіштердің ертеде аз болуы олардан көпмағына мен омоним қатарларының көптеп тууына себеп болды; 7) жарық-сәулеге, қимыл-әрекетке байланысты еліктеуіштер адамның көру қабілетіне, дыбыс еліктеуіштері – жүйке түйсігіне (раздражение) байланысты; 8) әрбір дыбыстың өзіндік ерекшелігін (мәс., металдың сыңғырына, музыка аспабының дыңғырына, ыңырануға, ызылдауға, шегіртке шырылына, айғай-шуға т.б.) тілдегі белгілі дыбыстар атқарады; 9) егер әдеттегі фонеманың бүгінгі тілдерде мағына айырғыш қасиеті болса, көне дәуірде олардың мағына бейнелеуіштік (“смысловыразительная”) ерекшелігі болған; басқаша болған жағдайда адам баласы өз тілін құдайдан дайын күйінде алған болып шығар еді; 10) еліктеуіштер өзінің даму барысында адам баласы тілінің қалыптасуына негіз болып, одан кейін ғана екінші қатардағы құбылысқа айналған; 11) “еліктеуіш сөздер – табиғи дыбыстардың тілдегі жаңғыры” дей келіп, оны автор былайша: “Как рефлекторные, так и сопутствующие звуки, издаваемые голосовыми органами человека при различных настроениях и биологических процессах, напр., удивление, горе, плаче, питье, смехе, еде, нюхании, засыпании и пр. пр. послужили к образованию особых мимем, которые я называю отпечаточными словами (ибо естественные звуки, их порадирование, являются как бы отпечатками соответствующих им процессов)” - деп түсіндіреді; 12) Жас баланың былдырлауына еліктеуден

1 *Ашмарин Н.И.* Подражание в языках Среднего Поволжья. Вып. I-IV. - В кн.: Известия АзГУ. Баку, 1925. Обществ. науки I-II, С. 143-157; III-IV С. 75-99.

2 *Дмитриев Н.К.* К изучению турецкой мимологии; Очерк южнотюркской мимологии // Строй тюркских языков. М., Наука 1962 С. 59-108.

туған еліктеуіштер “бала сөздері” (“детская речь”) деп аталады (*мама, тетя, баба, дядя, papa* т.б.); 13) әргүрлі тілдердегі ұқсас еліктеуіштер адам баласының табиғат құбылыстарын танып-білу, әсер алуындағы ұқсас қабілеттеріне байланысты (мыс., түркі тіліндегі *жылан//илан* және неміс тіліндегі *schlange*); 14) еліктеуіш сөздердің бір ғана [Г] дауысты дыбыстан, екі [ГГ] дауысты дыбыстан, [ГС]-дауысты және дауыссыз дыбыстар тіркесінен және [ГС+Г,С] - дауысты, дауыссыз дыбыстар мен суффикстерден тұратын 115 құрамдық бірлігі мысал ретінде келтіріледі (бұл ілкі түбірге қатысты пікір); 15) көптеген алғашқы және туынды еліктеуіш тұлғалары үстеуге, сын есімге етістікке және есімге айналып кетеді және олар өздерінің о бастағы еліктеуіштік мағынасын жоғалтады; 16) еліктеуіштердің негізін құраушы алғашқы дыбыс - идеофондар имитативтердің капваленттігінің (“поливалентность”) айғағы және ол құбылысты алыс-жақын тілдердегі ортақ, түбірлес сөздердің этимологиясын логикалық шарықтау шегіне жеткізе анықтауда міндетті түрде ескерген жөн³.

Міне, Н.И.Ашмарин еңбектеріндегі “*имитатив теориясына*” қатысты пікірлердің негізгілері осылар. Бұл пікірлердің көпшілігі кейбір ғалымдардың еңбегінде қайталанып жатса, енді біразы жеке тіл фактілері негізінде толықтырылып, басқа қырынан қаралып, өз дамуын тапқанын көреміз. Мәселен, еліктеуіш проблемасын (гагауыз, қырым татар, азербайжан, түрік тілдері негізінде) Н.И.Ашмариннен соң іле-шала жалғастыра зерттеген ғалым Н.К.Дмитриев те өз тұсынан біраз құнды пікірлер айтады. Олар: 1) бұл тілдердегі еліктеуіштер 4 топқа (звукоподражания, подражания явлениям света и движения, подражания явлениям, протекающим в живом организме; подражания детям, или формам детского языка) бөлінеді; 2) еліктеуіштер тілдің құнарлы да аумақты бөлігіне жатады; 3) мимология негізін құраушы дыбыстық символика (нышандар) әрбір халықтың өз тіліне сәйкес қалыптасады. Демек, бұл – ұлттық психология мен эстетикаға қатысты құбылыс; 4) мимемалар – өзіндік жүйе, ерекше сөзжасам үлгілерімен дамиды құбылыс; қалай боғанда да, олар еліктеуіш жүйесіндегі дыбыстардың өзіндік мағына, бейнелеуіштік ерекшелігі бар және бір тілдің өзіне ғана тән құбылыс екендігін көрсетеді; 5) еліктеуіштер эмоционалды-экспрессивті бейнелеуіш ұғым-түсініктің қайнар бұлағы ретінде барлық жанрда, жалпыхалықтық тілде қолданыла беретін элемент; 6) оларды басқа тілге аудару қиын, тек түсініктеме беруге ғана болады; 7) егер еліктеуіш сөз даму барысында нақтылы заттың атауына айналса, ол сол атауға қатысты басқа сөзбен жақын бола алмайды; 8) әрбір еліктеуіш дыбысталуы жағынан өзінше айқындалып, дараланып тұрады; 9) еліктеуіш сөздердің қалыптасуында сол

3 *Ашмарин Н.И.* Подражание в языках Среднего Поволжья. Вып. I-IV. - В кн.: Известия АзГУ. Баку, 1925. Обществ. науки I-II С. 143-157; III-IV. С. 75-99.

тілдің негізгі ережелеріне қайшы келетін тұстары да болды; 10) еліктеуіш сөздер әдеби қолданысында көптеп кездессе, жалпыхалық тілінде одан да көп кездеседі; 11) дыбыстық комплекс негізінде, әдетте, оноματοпозитикалық теория бойынша дыбысталуы (әуезділігі) жағынан еліктеп отырған табиғат құбылысына жақын дыбыстардың біреуі тұруы міндетті; 12) =ла=//=ле= етістік жұрнағы еліктеуіш түбірлердің бәріне бірдей жалғана бермей, тек [P], [Л] дыбыстарына аяқталғандарына ғана жалғанады; 13) еліктеуіш етістіктердің құрамындағы белгілі бір тәртіппен орналасқан форманттардың бәрін бірдей айқындау қиын; 14) еліктеуіш түбірлерден етістік тұлғасына айналғандар міндетті түрде зат есім мен сын есім міндетін атқарады; 15) еліктеуіш түбірге =мақ=//=мек= жұрнағы бірден (аралық аффикссіз – “без промежуточных аффиксов”) жалғануы арқылы жасалатын етістік тұлғалары екінші типтегі еліктеуіштер (мыс.: *кек+мек* - “кекештену”, *гіні-мек* - “кірпік қақпақ” т.б.) т.т. ⁴.

Көріп отырғанымыздай, Н.К.Дмитриев “*имитатив теориясы*” бойынша Н.И.Ашмариннің идеясын жалпы түрде қолдай отыра, оған бірқатар жаңа пікірлер қосқан.

Аталмыш теорияны жалғастырушы және жаңа қырынан қарап, дамытушылардың бірі – А.М.Газов-Гинзберг⁵. Ол өзінің “Был ли язык изобразителен в своих истоках?” деп аталатын белгілі еңбегінде имитатив проблемасын семит тілдерінің негізінде қарастырса да, түркі тілдеріне байланысты айтқан құнды пікірлері бар. Солардың кейбіреуін атап өтейік. Н.И.Ашмарин идеясына сәйкес ол да: 1) еліктеуіш сөздерді адам баласының табиғи тіліне жататын, оның ең алғашқы дәуірінде дыбыстық мағына негізінде қалыптаса бастаған құбылыс деп санайды; 2) ол: “Естественным”, или звукоизобразительным, праязыком человечества можно назвать те первичные зачатки языка рода человеческого, которые были основаны на естественной, отприродной, единственно возможной связи звучания со смыслом, и следовательно, были еще общи для существовавших тогда представителей человечества”,- деп көрсетіп, алғашқы дыбыс бейнелеуіштердің (“первичная звукоизобразительность”) төмендегі төрт түрін – 1) “воспроизведение естественных устных звуков” (оны “внутреннее звукоизображение” деп атайды), 2) “подражание звукам, производимым внешней природой”, т.е. “собственно звукоподражание”, не “внешнее звукоподражание”); 3) “озвучивание первоначально беззвучных “подражательных жестов рта и носа”, подражающих движению или форме внешних предметов”); 4) “Лепетные детские слова”,- деп бөліп көрсетеді.

⁴ Дмитриев Н.К. К изучению турецкой мимологии; Очерк южнотюркской мимологии // Строй тюркских языков. М., “Наука”, 1962, С. 59-108.

⁵ Газов-Гинзберг А.М. Был ли язык изобразителен в своих истоках? М., 1965, С.3-184.

Көріп отырғанымыздай, А.М.Газов-Гинзбергтің көзқарасы да Н.И.Ашмариннің идеяларымен жалғасып жатыр. Ол өз пікірін: “Унаследованные от животных предков звуки и послужили основным материалом, или биологической предпосылкой формирования звуковой речи человека. Призная генетическую связь между человеком и животными, мы вообще не можем себе представить иного источника звукового материала языка” - деп түйеді. Имитативтердің тұлғалық дамуын автор 2 стадияға бөліп қарайды: **1-стадия**: “бесформенная имитация природного звука”, **2-стадия**: “превращение бесформенной имитации в слово”.

Имитатив теориясына қарасты келелі пікір айтқан ғалымдардың бірі - А.Г.Спиркин. Ол өзінің “Происхождение языка и его роль в формировании мышления”⁶ атты еңбегінде тілдің шығу тарихына байланысты адам мен табиғат арасындағы тығыз байланысқа ерекше мән береді. Адам тілінің қалыптасуында табиғаттан, оның бастысы - алғашқы жабайы әулеттен басқа бұлақтың жоқтығын айта келе ол, “Вторым, дополнительным, источником возникновения звукового материала для формирования и дальнейшего развития речи послужили многочисленные звуки диких животных, а также звуки природы, которых не могли не подражать первобытные люди, обладавшие, по всей вероятности, вообще более высоко развитыми способностями к подражанию, чем это имеет место у животных, в особенности у обезьян. И, наконец, третьим источником уже развития... звукового материала речи послужили все возможные видоизменения наличных звуков” - деп, дыбыс тілінің үш көзін көрсетеді. Бұлардың алғашқы екеуі негізгілері де, кейінгі үшіншісі - солардан туындайтын бұлақ.

ЕС-дің дыбыстық ерекшеліктеріне тоқтала келіп, А.Г.Спиркин: “Подражание - имитатив - это художественно-музыкальный образ предмета или явления действительности, создаваемый с сознательной целью вызвать те или иные ассоциации и психо-физиологические реакции со стороны ближнего. Первоначальные слова первобытной речи представляли собой, по всей видимости, **одновременно и акт мысли и акт художественного (преимущественно музыкального) творчества...**” - деп көрсетеді.

Н.И.Ашмарин идеясын жалғастырушы, әрі дамытушы ғалымдардың бірегейі, шуаш тілінің маманы, бұл проблемаға бағыштап арнайы еңбек⁷ жазған ғалым – Г.Е.Корнилов. Оның осы аталған еңбегінде имитатив теориясына байланысты бір ғасыр бойы жүргізіліп келе жатқан зерттеулерге қорытынды жасалады, олардың табыстары мен кемістіктері баяндалып, оның өз ой-тұжырымдары көпшілік назарына ұсынылады.

6 Спиркин А.Г. Происхождение языка и его роль в формировании мышления // Сб.:

“Мышление и язык”, М., 1957.

7 Корнилов Г.Е. Имитативы в чувашском языке. Чебоксары, 1984, С. 3-184.

Атап айту керек: Г.Е.Корнилов “имитатив теориясының” негізін салған Н.И.Ашмариннің идеясын ілгері дамытушы әрбір этноскоға тән дыбыстық тілдің негізі болып саналатын имитатив құбылысының пайда болу, қалыптасу және даму процестерін жан-жақты қарастыра келе, ол бұл теорияны дәлелдеудің бірден-бір жолы мен тәсілі – олардың ортақ түбірлер бойынша топтастырып, алыс-жақын тілдерге тән тікелей қатысты деректерімен салыстыра отырып, сол түбірлердің этимологиясын айқындауға ерекше мән береді. Мәселен, оның аталған еңбегінде ЕС-дердің ілкі және алғашқы туынды түбірлері мынадай мағыналық-тақырыптық топтарға жіктеліп, жетер жеріне жеткізе талданады: 1) “*Недовольный выдох*” (еріксіз күрсіну, дем алу); 2) “*Сосание*” (сору, ему); 3) “*Быстрое втягивание жидкости ртом*” (ауызбен сұйықтықты тез сору, сіміру, жұту); 4) “*Чмокать, чавкать, смакование*” (сылпылдатып жеу, дәмін тату); 5) “*Лакание*” (жалау); 6) “*Звук глатания*” (кылқылдата жұту); 7) “*Плевание*” (түкіру); 8) “*Чихание*” (түшкіру); 9) “*Кашель*” (жөтелу); 10) “*Храп*” (қорыл); 11) “*Звук смеха*” (күлкі дыбысы); 12) “*Ворчание, рычание*” (ырылдау, бажылдау); 13) “*Топанье, топот*” (аяқ дүрсілі); “*Шорох, шелест*” (сыбдыр) т.б. осы сияқты жүздеген еліктеуіш сөздердің тұлғалық және мағыналық ерекшеліктері көптеген тіл деректері негізінде айқындалады.

Міне, түркологиядағы “*имитатив теориясының*” негізін құрайтын бұрын-соңды айтылып келе жатқан ой-тұжырымдар осылар. Көріп отырғанымыздай, оларда тіл табиғатындағы бұл феноменді теориялық жалпы мәселелеріне көбірек көңіл аударылғандығы байқалады. Осы мәселенің ең түйінді жері, сайып келгенде, алғашқы этникалық қауымда ым-ишара тілмен жарыса, жалғаса дами бастаған дыбыстық тілдің іргетасы болып қаланған, табиғат құбылыстарына еліктеуден туындаған еліктеуіш сөздер екендігін мойындау. Аталған ғалымдар өз ой-пікірін сан саққа жүгіртіп, қалай айтса да осы түйінді мәселеде бір жерден тоғысады. Қазақ т.б. түркі тілдері бойынша жазылған еңбектерде де әңгіме дәл осы көрсетілген идеялардың төңірегінде болып келді.

Алайда, пайымдап қарасақ, лингвистикалық күрделі де мәнді теорияға айналып, оған негіз болған жоғарыдағы идеялар мен ой-тұжырымдардың бәрі қияли жорамал-жоба емес, реальді шындық екенін толық дәлелдеуге жетпей жатқан жақтары да жоқ емес сияқты. “Несі жетпей жатыр?” дегенге байланысты айтарымыз: теория “этностың алғашқы дыбыс тілінің негізі болып қаланған тілдік элемент – еліктеуіш сөздердің ілкі түбірлері мен туынды түбірлері болды” деп, эволюциялық процестің жалпы нәтижесін айтқанымен оның іс жүзіндегі күрделі механизмін, нақтылы әдіс-тәсілдерін айқындап бере алмаған. Сондықтан да, бұл теорияның ғылым дүниесінде толық қабылдануына қажетті мына атрибуттар айбындалуы тиісті деп

білеміз. Олар: 1) теорияның аяқ тірейтін концепциясы (тұжырымдамасы); 2) қалыптасқан құбылыс ретінде қалыптасқан заңдылығы; 3) әрбір этнос тілі үшін қатал сақталатын қасаң қағидаға негізделуі; 4) құбылыстың реальдігін бұлжытпай дәлелдейтін бай да сан түрлі тілдік дәйектер мен деректер.

Біздің мақсатымыз – “*имитатив теориясына*” ревизия жасап, қайта қарау емес, оның идея ретінде түп-негізімен реальді құбылыс екендігін растай түсу. Ол үшін жоғарыда санамаланып көрсетілген мәселелерге тиянақты түрде жауап беру және сол арқылы бұл теорияны тереңірек түсінуге қажетті көзқарасымыз бенен ой-пікірімізді ортаға салу. Ол ой-тұжырымдарымыз екі топ мәселе төңірегінде өрбиді. **Бірінші топ** – “*имитатив теориясына*” байланысты қазақ тіліндегі еліктеуіштердің ерекшеліктеріне қатысты кейбір жалпы теориялық мәселелердің түйінді-түйінді сәттерін айқындауды мақсат етсе, **екінші топ** – о бастағы қазақ этносының дыбыстық тілі қалыптаса бастаған кезеңінде оған негіз болған еліктеуіш сөздердің (қысқаша - ЕС) тарихи сөзжасам модельдерінің ішкі заңдылықтары мен даму онтогенезінің нақтылы механизмдері (тәсілдері) мен мотивтерін (уәждерін) айғақтап, танып-білу.

Бірінші топқа мәселесіне, нақтылап айтқанда: “имитатив теориясына” жалпы түрде қатысты, бұрын-соңды әр қырынан және әр деңгейде сөз болса да, толық та дұрыс шешімін таба алмаған, не жеткілікті түрде дәлелденілмей, жоба түрінде ғана айтылып келген пікірлер – қазақ тілінің деректерін танып-білуден туындаған кейбір ой-тұжырымдарымыз мыналар:

1. “*Имитатив теориясы*” – тілдің шығу, қалыптасу тарихына бағышталған **глоттогенез** проблемасының күрделі мәселесіне жатады. Ол “алғашқы этностыққауымның ым-ишара тілімен жалғаса дамып, дыбыстық тілінің негізі болып қаланған ең әуелі элементтері - *еліктеуіш сөздер*” деп танытын, бірақ қазірше универсалды (әмбебап) теория деңгейіне көтеріле қоймаған идеяның синтезі мен түйіні. Бұл идеяны басқа ғалымдар қатарында біз де мойындаймыз және қолдаймыз.

2. “*Имитатив теориясы*” бойынша: “дыбыстық тілдің қалыптасуы ең алғашқы Адамның табиғаттағы белгілі дыбыстарға нақтылы бір, не бір топ мағына жүктеп, меншіктеп қолдануынан басталды” дейтін идеяға толық қосылуға болады.

Шынында да, не көп, ұлы табиғатқа тән дыбыс көп. Бірақ сол дыбыстардың барлығы бірдей белгілі бір мағынаның, ұғым-түсініктің нақтылы баламасы, символы, рефлексі бола бермейді. Ал, болған жағдайда, ондай дыбыс пен дыбыс тіркесі саналы адамдардың өзара қарым-қатынас жасауына қажетті тілдік элементке айналады. Адам баласы табиғаттағы көзімен көріп, құлағымен естіген, денесімен сезген, түйсіктенген құбылыстарын өз дауысымен қайталауы, оған еліктеуі, жаңғыртып айтуы,

бейнелеу арқылы көз алдына елестетуі т.т. - осының бәрі сол адамның дыбыстау қабілетін дамытып, сөйлеуге деген мүмкіншілігін арттыра түседі.

3. Осының бәрі, сайып келгенде, Адамның өзін-өзі және қоршаған табиғи ортаны танып-білуге деген саналы талпынысынан туындаған қажеттілік. Ал, Адам өсу дәуірінің ертедегі балаң кезінде өз табиғатын да, табиғаттың сан сапалы құпия сырын да түгел білуге тырысқаны рас. Ол жаратылысынан қалыптасқан дене мүшелері мен ағзалары арқылы: аспан әлемін (*күн, жұлдыз, ай*), табиғат құбылыстарын (*жауын-шашын, жел-боран, құйын, топан су, тасқын, зілзала, жанар тау, өрт* т.б.), жер бетін (*тау, орман, көл, дария, теңіз, құм, даланы*), жан-жануарлар дүниесін (*жорғалаған құрт-құмырсқа, бақа-шаяннан бастап, ұшқан құс, жүгірген аң, хайуан, мал* т.б.), жалпы 18 мың ғаламның баршасын түгел білуге, олар шығаратын сан түркі дыбыс-сыбыс, үн-әуездер мен жарық-сәуле, жарқыл-жұрқылдарды, іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, неше түрлі динамикалық процестерді, жас баланың тіліне, адамның өзіне тән өзіндік құбылыстарға еліктеу арқылы дәл өзіндей болмаса да, соларға ұқсатып қайталау нәтижесінде қалыптасқан алғашқы дыбыстық бейне-символдарды біз “**еліктеуіш сөздер**” деп атап жүрміз. Бұл – “*имитатив теориясына*” сәйкес анықтама.

4. “**Еліктеуіш сөздер**” әр тілде, әр зерттеуде неше түрлі терминдермен (мыс.: “*бейнелеуіш сөздер*”, “*дыбыс еліктеуіштері*”, “*жарық-сәуле еліктеуіштері*”, “*еліктемелер*”, “*образные слова*”, “*образноподражательные слова*”, “*ономатолоэтические слова*”, “*мимемы*”, “*звукоизобразительные слова*”, “*аноматопея*”, “*идеофоны*” т.б.) аталып келеді. Алайда, олар қалай аталса да, барлық тілдердегі табиғаты өзара ұқсас, сол тілдердің шығу тарихына қатысты көне де байырғы құбылыс. Бұл да “*имитатив теориясында*” қабылданып, қалыптасқан пікір; біз де оны реалды құбылыс деп білеміз.

5. Еліктеуіш сөздердің о баста дүниеге келіп, қалыптасуы, біртіндеп дамып, дербес сөз деңгейіне көтерілуі жас нәресте тілінің шығуына, сөйлеу қабілеті мен әдетінің қалыптасуына өте ұқсас құбылыс. Арнайы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелерде әлі дүниеге келе қоймаған нәрестенің бойында ананың құрсағында жатқан кезінде-ақ оның дауысын, үнін, сөзін танитын фермент пайда болатыны көрсетіледі. Туғаннан соң екі айдан кейін ол көзін ашып, өзін қоршаған жарық дүниеге, төңірегіндегі қимыл-әрекетке, анасының дауысына, иісіне деген түйсік-сезімі ояна бастайды. Екі мен үш жастың арасында бала белгілі бір мән, тіл білімінде “*синтаксистік семантика*” деп аталатын кең шеңберде “*түсінік*” беретін, оның өзінше ойлап тапқан алғашқы “*сөздерінің*” сұлбасы, жобасы пайда бола бастайды. Бес жасында ол ана тілін белгілі дәрежеде меңгереді. Одан кейінгі өсу, ержету дәуірінде ол өз тілін дамыта, байыта, әспеттей түсумен машықтанады. Міне,

мұның бәрі ғылымда “бала тілінің шығу, сөйлеуге жаттығу, даму онтогенезі” деп аталатын проблемаға жатады⁸.

Демек, бұл бала тілінің қалыптасуы мен этнос тілінің балаң кезіндегі тілінің қалыптасуы арасында ғажайып ұқсастық бар деген сөз. Ол ұқсастық - эволюциялық жолменен біртіндеп пайда болу және қалыптасып, даму. “*Имитатив теориясы*” бұл тұжырымды да мойындайды, тіпті бала тілінің өзін еліктеуіш сөздердің пайда болуындағы бір бұлағы деп есептейтін ғалымдар да бар. “Лепетные детские слова” деген терминді А.М.Газов-Гинзберг осы құбылысқа байланысты қолданады.

6. “*Имитатив теориясын*” дәріптеуші ғалымдардың біразы еліктеуіштер жер жүзіндегі тілдердің барлығына тараған әмбебап (универсальды) құбылыс бола тұрса да, туыстас тілдердің (мәс., түркі, славян, семит, еуропа, т.б. тілдер тобының) өз ішінде болмаса, әртүрлі типологиялық топтарға жататын тілдер арасында тұлғалық, құрамдық, мағыналық, сондай-ақ жасалу модельдері бойынша айта қаларлықтай ұқсастық байқалмайтынын ескертеді. Шынында да солай: еліктеуіш сөздер тамыры тереңде жатқан, ілкі түбірлері тым ерте заманда қалыптасқан көне де байырғы құбылыс болғандықтан да, олар тек бір этностық қауым ауқымында ғана дүниеге келген құбылыс саналды. Олардың тілара ұқсастығы не сол тілдердің генеалогиялық жақындығына, не тарихи араласуына, әлде сол этностардың ұқсас дүниетанымдық қасиеттеріне байланысты деп қаралып келеді. Қазақ тілінің деректері де бұл идеяның дұрыстығын дәлелдей түседі.

7. “*Имитатив теориясын*” ілгері дамытушылар (мәс., А.М.Газов-Гинзберг) имитацияның дамуын екі стадиядан тұрады: оның біріншісі - табиғат дыбыстарына таза (яғни ешбір тұлғалық көрсеткішсіз) күйінде еліктеуден, екіншісі - олардың сол тұлғасыз (грамматикалық формантсыз) таза күйінен сөзге айналу процесіне байланысты деп қарайды. Қазақ тілінің бай еліктеуіш сөздер қоры бұл тұжырымның өзіне қатысты дәл емес екенін көрсетеді. Ілкі түбірден басталып, грамматикалық форманттармен қат-қабат болып өсіп, күрделене түсетін еліктеуіш тұлғасы осының айғағы (ол туралы төменде кеңінен сөз болады).

8. “*Имитатив теориясының*” қалыптасуына ең алдымен негіз болған тіл-тілдердің бәрінде де кездесетін, сол тілдегі басқа қарапайым сөздерден өзіндік ерекшеліктерімен қатар өзара тұлғалық та, мағыналық ұқсастығы бар (мыс., *мопныйды-, томныйды-, қомныйды-, сомныйды-* т.б.), топ-тап болып қолданылатын, өзінің көнелігімен де, этнос тілімен біте қайнасып, бірге өскен байырғылығымен де көзге түсетін, мазмұны мен мәні құнарлы, бейнелі, саны ауқымды лексикалық топ жатады. Егер бұл теорияның 8*Сарыбаев Ш.Ш.* Еліктеуіш сөздер. Метод. кеңес және бақылау-пысықтау жаттығулары. Алматы, 1982, 3-56 бб.

негізін Н.И.Ашмарин кезінде әртүрлі тілден жинақтаған 1600 еліктеуіш сөзді талдап-тарату арқылы жасаса, бұл теория жөнінде пікір айту үшін біз тек қазақ тілі бойынша 5 мыңға жуық дерек топтастырып отырмыз (Ш.Сарыбаевтың дерегі бойынша олар – 2 мың шамасында). Бұл – сөздік қорымыздың байырғы бөлшегінің шамамен 25-30% деген сөз.

9. “*Имитатив теориясына*” байланысты бір тұжырымда: “көптеген еліктеуіш сөздер дами келе, алғашқы мағынасынан өзгеріп, екінші бір мағынаны білдіретін басқа лексикалық категорияға ауысады” деген (А.Ысқақов) пікір айтылады. Өзгеретіні рас, бірақ о бастағы ілкі түбірден (бір буынды моносиллабтан) тарап, тарамданып, дамып, күрделене түскен туынды тұлғалы еліктеуіштерді, індете зерттегенде, олардың өзінің бастапқы түбірімен логикалық, уәждік, этимологиялық жалғастығын, байланысын мүлдем үзіп кетпейтіндігін ескеру қажет.

“*Имитатив теориясына*” қатысты жалпы түрдегі әңгімелер мұнымен ғана шектелмейді, әрине. Оны жалғастыра беруге де болар еді. Алайда, біздің пайымдауымызша, мәселенің түйіні басқада, атап айтсақ, ол еліктеуіш сөздердің **жасалу механизмдері мен тарихи қалыптасу тетіктерінде**.

Бұл өзі, “*имитатив теориясының*” өзекті мәселесі болғандықтан да, бір қауым әңгіме. Сондықтан, біз оларды “**екінші топ**” деп, өз алдына бөліп, жеке қарастыруды жөн көрдік.

“*Еліктеуіш сөздердің жасалу механизмдері*” дегенде біз әрбір тілде кездесетін аналитикалық және синтетикалық сөзжасам тәсілдерінің біреуін, не бір тобын сөз еткелі отырғанымыз жоқ. Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі еліктеуіш категориясына тән сөзжасам модельдері сол тілдердегі басқа сөзжасам жүйесімен “бір қазанда қайнаған” құбылыс бола тұрса да, олардан табиғаты мүлдем басқаша, бастауын сонау өткен дәуірлерден алып, ұзақ замандар бойы қалыптасқан, этностың балаң кезіндегі дыбыстық тіліне негіз болған тарихи процестің нәтижесі. Демек, бұл, нақтылап айтқанда, қазақ этносының сонау есте жоқ ескі дәуірлерде дыбыстық тілге өту процесіне, яғни жалпы глоттогенезіне қатысты күрделі проблема. Біз оларды “*имитатив теориясы*” тұрғысынан гипотеза ретінде қарастырмақшымыз.

1. Жалғамалы (агглютинативті) тілдерде (соның бірі – қазақ тілі) негізгі элемент – сөз тұлғасы оңнан солға қарай, күн, сағат айналысына сәйкес дамитыны және ол өзінің дамуындағы алғашқы қадамын барлық жағдайда сөз басында тұратын түбірден бастайтыны мәлім. Біздің сол түбірге берген анықтамamız: “**Тюркский корень** есть найдревнейшая и историческая реальная единица языка, сохраняющая свою суть несмотря на постоянные фоно-морфо-семантические изменения, происходящие в процессе агглютинативного развития строя тюркских языков. Он может структурно совпадать с первообразным словом, если оно не превышает одного слога.

Во всех остальных случаях тюркский корень выступает как производная единица языка, где корень отражает в себе состояние статики, а слово – динамики”⁹.

Демек, түбір – түркі тілдерінің де, сол тілдегі сан алуан сөздердің де, солардың бір тобы қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің де, бір буынды (моносиллаб) түріндегі алғашқы элементі деген сөз.

2. Еліктеуіш сөздердің түбірлерінің басқа сөздердің түбірлерінен айырмашылығы бар ма? Әрине, бар. Олар: 1) біз жинақтаған 5 мыңдай еліктеуіш сөздің құрамдық табиғатына қарағанда, **ГС** (дауысты және дауыссыз дыбыстардан) және **СГС** (дауыссыз, дауысты және дауыссыз дыбыстардан) тұратын екі түрлі жабық буыннан құралады. Бұлар – түркі тілдерінің буын жүйесін құрайтын 6 классикалық моделінің (**Г, ГС, ГСС, СГ, СГС, СГСС**) ең көне екі варианты.

3. Еліктеуіш ілкі түбірінің аталмыш екі түрлі (**ГС, СГС**) міндетті түрде екі құрамдық элементтен тұратын жабық буын болып келеді. Екі құрамдық элементтің алғашқы сыңарына табиғат құбылыстарының саналы адамның көзбен көріп, құлақпен естіп, түйсік, сезім арқылы қабылдаған дыбыстық рефлексін, оның бейнесін, әрекетін өз дауысы арқылы беретін *дыбыстық символикалар* жатса, екіншісіне соларға мағына жүктейтін *идеофондар* жатады.

Бұл процесті таратып, тарқатып айтсақ, табиғаттағы әр алуан (дыбыс, жарық-сәуле, қимыл-әрекет т.б.) құбылыстың алғашқы жаңғырығы, рефлексі, бейнесі, реакциясы тілдегі 9 дауысты дыбыстың [**а, ә, е, о, ү, ұ, у, ы, і**] біреуі, не сол біреуінің дауыссыз дыбыспен тіркесі (**да, *ды, *са, *сы, *ша, *шы* т.т.) арқылы беріледі; ал оларға белгілі мағына үстемелеу, не мәнін айқындау міндетін келесі жалғанатын *идеофондар* атқарады. Сөйтіп, бұл күрделі комбинация мен концентрация нәтижесінде болашақ еліктеуіштердің негізі (іргетасы) болып саналатын еліктеуіштердің көптеген *ілкі түбірлері* қалыптасады.

Мысалдарға назар аударайық: еліктеуіштің абстракциялы көп мәнге, ұғым-түсінік, идеяға ие алғашқы (дыбыстық) символын **Ы* десек және оған қосымша мағына жүктейтін [***Р, *С, *Н, *Қ, *З** т.б.] *идеофондарының*^{10*} біреуін жалғасақ, жоғарыда көрсетілген екі түрлі буын моделі (**ГС** және **СГС**) бойынша еліктеуіштердің мынандай ілкі түбірлері барлыққа келеді: **ЫР* (иттің *ырылы*), **ЫС* (жыланның *ысылы*), **ЫҢ* (баланың *ыңылы*), **ЫҚ* (*ықылық* ату), **ЫЗ* (маса-шыбын *ызыңы*) т.т.

Міне, осы тәсіл бойынша барша туынды тұлғалы еліктеуіштердің негізі саналатын *ілкі түбірлер* барлыққа келген. Жоғарыда ескерткеніміздей, ол ілкі түбірлер кезінде өте кең де абстрақтылы мағынаға ие болған. Сондықтан да болар, бір ілкі түбірден кейде жиырмаға дейін мағыналас, не мағынасы жақын

9 *Қайдаров А.Т.* Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986.

10* *Идеофон* терминінің бір мағынасы *идеография* - “мәнді, мағыналы жазу” терминіне ұқсас.

түбірлес тұлғалар тарап, оның мағына шеңбері кеңейе түскен. Бұл тәрізді ілкі түбірлердің ЕС дамуының тым ерте кезінде қалыптасуына байланысты, мағынасының бүгінгі ұрпаққа күңгірттеніп ұмыт бола бастағанын.

Бұл тарихи процестерді біз кез келген ЕС-дің құрамынан ретроспективті талдау тәсілі арқылы айқын көре аламыз. Мысалы, мына төмендегі екі модель [ГС; СГС] бойынша топтастырылған әртүрлі ЕС-дің құрамындағы **идеофон** форманттарын әдейі бас әріппен айрықша етіп жазу арқылы біз ілкі түбірлердің бірқалыпты қайталанып тұрғанын көрсетіп отырмыз:

	<i>*aҚ+ырай-</i>		<i>*баҚ+ырай-</i>
	<i>*әК+ірей-</i>		<i>*тіК+іреңде-</i>
<i>ГС:</i>	<i>*oД+ыраңда-</i>	<i>СГС:</i>	<i>*шаҚ+шаңда-</i>
	<i>*oК+іректе-</i>		<i>*баҚ+жаңда-</i>
	<i>*үШ+кір т.б.</i>		<i>*мыЛ+жыңда- т.т.</i>

4. ЕС-дер өзінің тұлғалық (құрамдық) дамуының келесі морфологиялық деңгейінде жалғанатын *бірінші дәрежелі грамматикалық индикатор* оған қосымша “бірреттілік” (разовый), “бір сәттілік” (одноактовый), “шұғыл да тосын” (внезапный) әрекет пен құбылыстың мән, реңкін үстемелейді. Мысалы, **бұ* – алғашқы мағыналық шоғырды білдіретін дыбыстық нышанға (символға) [P] идеофоны жалғанғанда **бұP* ілкі түбірі, одан соң бірінші *дәрежелі грамматикалық индикатор* жалғанғанда бір актылық бейнелеуіш процестің атауы - **бұP+Қ* (етті) дүниеге келтіріп тұр. Міне, осы модель мен тәсіл бойынша кез келген, не көптеген еліктеуіштерден толық мағыналы, не жартылай мағыналы түбірлер туындайды. Мысалы:

<i>*бұP+қ+ыра-</i>	<i>*жыЛ+Т+ыра-</i>	<i>*тақ+ыЛ+да-</i>
<i>*бұP+қ+ылда-</i>	<i>*жал+Т+ыра-</i>	<i>*сақ+ыЛ+да-</i>
<i>*қаP+қ+ылда-</i>	<i>*қал+Т+ыра-</i>	<i>*шақ+ыЛ+да-</i>
<i>*баP+қ+ыра-</i>	<i>*сыл+Д+ырла-</i>	<i>*тоқ+ыЛ+да-</i>
<i>*саP+қ+ыра-</i>	<i>*құл+Д+ыра-</i>	<i>*бақ+ыЛ+да-</i>
<i>*жаP+қ+ыра-</i>	<i>*быЛ+Ж+ыра-</i>	<i>*діК+іЛ+дет.б.</i>

Бұл ЕС-дің құрамдық дамуының (*біріншісі* – мағына шоғырын білдіретін алғашқы дыбыс символдары; *екіншісі* – ілкі түбір құрайтын идеофондар) үшінші, яғни *бірінші дәрежелі индикаторлар деңгейінің* қалып-күйі.

5. ЕС-дер құрамының жазықтың (горизонтальді) бағыттағы келесі даму деңгейіне *екінші дәрежелі грамматикалық индикаторлар* жатады. Ол өзі жалғанатын еліктеуіш түбірге заттық мағына үстемелейді. Мысалы: **таP* ілкі түбіріне [C] бірінші дәрежелі индикаторды жалғау арқылы **таP+С* еліктеуішін туындатсақ, енді оған [ЫЛ] екінші дәрежелі индикаторын жалғап, **таP+С+ыЛ* еліктеуіш есімін қалыптастырамыз. Тіліміздегі жүздеген, мыңдаған еліктеуіштердің көбісі, міне, осы үшінші деңгейде

калыптасқан тұлғалар. Біз оларды төмендегіше (әр деңгейдегі формантты қанық бас әріппен беру арқылы) көрсетіп отырмаз:

* <i>та</i> Р+С+ыЛ+да-	* <i>қаң</i> +К+ыЛ+да-
* <i>кү</i> Р+С+іЛ+де-	* <i>шаң</i> +К+ыЛ+да-
* <i>ты</i> Р+С+ыЛ+да-	* <i>саң</i> +К+ыЛ+да-
* <i>қы</i> Л+М+аң+да-	* <i>ы</i> Р+Ж+ың+да-
* <i>жы</i> Л+М+аң+да-	* <i>ты</i> Р+Ж+аң+да-
* <i>сү</i> У+М+аң+да-	* <i>қы</i> Л+Ж+ақ+та- т.б.

Бұл ЕС-дер құрамдық дамудың (ескерте кетейік: *біріншісі* – мағына шоғырын білдіретін алғашқы дыбыс символдары, *екіншісі* – ілкі түбір құраушы идеофондар, *үшіншісі* – бірінші дәрежелі индикаторлар деңгейі) *төртіншісі*, яғни **екінші дәрежелі индикаторлар деңгейіне жатады.**

6. Еліктеуіштер құрамының “үзарып” дамуындағы келесі морфологиялық кезең – *үшінші дәрежелі грамматикалық индикаторды қабылдаумен* сәйкес келеді. **Үшінші дәрежелі** индикатор біріншіге, әсіресе екінші дәрежелі индикаторға қарағанда тілімізде әлдеқайда аз қолданылады. Бұл, тарихи даму тұрғысынан алып қарағанда да, әрине, заңды құбылыс. Бұдан кейін еліктеуіштер есім ретінде өз дамуын тоқтатады, (біз *төртінші дәрежелі* индикаторды жинақталған бай тіл деректерінен кездестіре алмадық). Демек, бұл **үшінші дәрежелі** индикатордан кейін еліктеуіш құрамының өзіндік дамуы соңғы рет етістік көрсеткішін қабылдап, одан кейін тоқтайды деген сөз.

Біз енді жоғарыдағы тәртіп бойынша ЕС-дердің морфемалық **бесінші даму деңгейіне** мысалдар келтірейік:

* <i>жа</i> Л+П+аЛ+аҚ+та-	* <i>ҰЙ</i> +П+аЛ+аҚ+та-
* <i>қа</i> Л+Б+аЛ+ақ+та-	* <i>қыЙ</i> +К+аЛ+аҚ+та-
* <i>е</i> Л+Б+еЛ+ең+де-	* <i>қай</i> +К+аЛ+аң+да-
* <i>кө</i> Л+Б+еЛ+ең+де-	* <i>шай</i> +К+аЛ+аң+да- т.б.

Демек, бұл мысалдар ЕС-дің құрамдық дамуының **үшінші дәрежелі грамматикалық индикатор қабылдағаннан кейінгі деңгейі.**

7. Осымен қазақ тіліндегі ЕС-дің өзіндік, “еліктеуіштік” мағынасында (бейнелеуіш зат есім, сын есім, үстеу) дамуы тоқтайтын сияқты. Бірақ бұдан ЕС-дің тұлғалық және мағыналық дамуы “мүлдем тоқтап қалады” деген ұғым тумаса керек. Олардың тағы екі жүйе бойынша дамуы (өзгеруі, жаңғыруы, түрленуі, басқа сөз тобына өтуі) бар екенін ескерткіміз келеді. Оның **бірі** – ЕС-дің дыбыстық символдары өзіне идеофондарды қабылдап, ілкі түбірге айналғаннан кейін де оларға үстемеленіп, бірінен кейін бірі жалғанатын үш дәрежелі грамматикалық индикатордан соң жұрнақтар жалғанып, етістікке айналуы болса, **екіншісі** – етістікке айналған еліктеуіштердің өздерінен туындаған заттар мен құбылыстардың атауына қайта айналады.

Міне, бұл тіліміздегі мыңдаған еліктеуіштердің (жоғарыда көрсетілген) морфологиялық дамуының әр деңгейінде бір жүз беріп отыратын өз жүйесімен қалыптасқан сөзжасам модельдеріне байланысты тұрақты да, жанды құбылыс екендігін көрсетеді. Біз төменде бұл құбылыстың екеуін де нақтылы деректер негізінде қарастырамыз.

8. Қазақ тіліндегі сөзжасам модельдері бойынша еліктеуіштердің әрбір морфемдік даму деңгейінде етістікке айналуы – бұл құбылыстың тілдік даму сатысының бәрін біртіндеп басып өткен көне де байырғы процес екенін айқындай түседі.

Бұл үрдісті біз тілдік деректер арқылы көрсетейік.

8.1. Әр алуан табиғи құбылыстардың (дыбыс, жарық-сәуле, қимыл-әрекет т.б.) саналы адам тіліндегі алғашқы мағына-мәні абстрактылы болып келетін дыбыстық символдардың даму барысына өзіне мағына жүктейтін *идеофондарды* қабылдап, алдымен ілкі түбірге одан соң бейнелеуіш етістікке айналуы заңды түрдегі құбылыс. Мәселен, қазақ тіліндегі *гүле*-деген еліктеуіш етістігі осы құбылыстың бір көрінісі. Оның **гү-* дыбыстық символ түріндегі рефлексіне [у]^{11*} идеофонын жалғану арқылы ілкі түбірге айналғанын мойындасақ, ол сол ілкі түбірдің өзінен де еліктеуіш етістік туындай беретін көреміз. Мысалы:

<i>гүУ+Ле-</i>	<i>*аК+ый-</i>	<i>*қыД+ый-</i>
<i>үУ+Ле-</i>	<i>*көК+ій-</i>	<i>*кіД+ій-</i>
<i>зыР+ла-</i>	<i>*шүУ+ла-</i>	<i>*сыР+ый-</i>
<i>дүУ+ла-</i>	<i>*соР+ай-</i>	<i>*тыР+ый-</i>
<i>өк+ір-</i>	<i>*сеК+ір-</i>	<i>*қүД+ый-</i> т.б.

Көріп отырғанымыздай, ілкі түбірдің тікелей өзінен де біраз еліктеуіш етістіктер жасалады екен. Біздің пайымдауымыз бойынша, еліктеуіш етістіктердің бұл түрі олардың ең көне дәуірде қалыптасқан алғашқы қарапайым деңгейін көрсетеді. Сондықтан да, ол басқаларға қарағанда көп дами алмаған.

Еліктеуіш етістіктің бұл түрінің басқалардан аз болуының екінші себебі ілкі түбір деңгейін сөзжасам модельдерінің синтетикалық түрінен аналитикалық үлгісінің әлдеқайда басым болуына да байланысты. Мысалы: *дүр етті-*, *гүр ете түсті*, *зыр қағу*, *тық ету*, *дік ете түсті*, *ыр ете қалу*, *шап ете түсті*, *дың еткізу*, *шыр ету*, *зу ете қалды* т.б.

8.2. Қазақ тіліндегі еліктеуіш етістіктердің екі түрлі – синтетикалық және аналитикалық – тәсілінен бірдей мол туындайтын даму деңгейіне *бірінші дәрежелі грамматикалық индикаторларды қабылдаудан кейінгі кезеңді* жатқызуға болады.

11* Бұл арадағы *гүле-* еліктеуіші құрамындағы кириллицамен берілген [у] екі дыбыстың қосындысы - s+y [u]

Синтетикалық сөзжасам модельдеріне мысалдар:

*қаЛ+Т+ый-	*жаР+Б+ый-	*шыР+ыЛ+да-
*сеЛ+Т+ій-	*тыР+Б+ый-	*дүР+іЛ+де-
*деЛ+Д+ій-	*кіР+Б+ій-	*зүР+іЛ+де-
*тыЛ+Т+ый-	*шыР+Т+ый-	*қорР+ыЛ+да- т.б.

Ескерте кету керек, бұл мысалдар ЕС жүйесіндегі сөзжасам модельдерін түгел қамтып тұрған жоқ.

Аналитикалық сөзжасам модельдеріне мысалдар: *қаЛт ете қалу, жаЛт ету, жаЛп ету, жаЛаң қағу; жаРқ ету, тыРп еткізбеу, күРт үзу; шоРт кесу; еЛең қағу, теПең қағу* т.б.

Көріп отырғанымыздай, бұл деңгейдегі сөзжасам моделінің бұл екі түрі барлық жағдайда бір-бірінің баламасы бола алмайды. Мәселен, *елең қағу // елеңдеу, тепең қағу // тепеңдеу* деп қолдануға болса да, “*селтій*”-ді “*селт ет-*” пен, “*шыртій*”-ды “*шырт ет-*” пен алмастыруға болмайды т.т.

8.3.Еліктеуіштер құрамында синтетикалық және аналитикалық сөзжасам тәсілдерінің келесі деңгейі **екінші дәрежелі грамматикалық индикаторлардан кейін** басталады және бұл деңгейде олардың жиі де жемісті түрде дамығанын көреміз.

Синтетикалық сөзжасам модельдеріне мысалдар:

*жаЛ+Т+ыЛ+да-	*құЙ+Қ+ыЛ+жы-
*саР+Т+ыЛ+да-	*қыЙ+Қ+аң+да-
*таР+С+ыЛ+да-	*тыР+Т+аң+да-
*еН+К+іЛ+де-	*тыШ+Т+аң+да-
*тоң+К+ыЛ+да-	*тоМ+П+аң+да- т.б.

Аналитикалық сөзжасам модельдерге мысалдар: *тайЙраң қағу, жайЙраң қағу, жыЛмаң ету, қыЙқаң ету, шоЙқаң ету* т.т. Бұл екі сөзжасам арасында балама ретінде бір-бірін алмастыру жиі байқалады. Мысалы: *тайраң қағу // тайраңдау* т.б.

8.4.Еліктеуіштердің құрамында **үшінші дәрежелі грамматикалық индикаторлардан кейін** де етістікке айналу процесі байқалады және ол негізінен синтетикалық сөзжасам модельдері арқылы жүзеге асады. Мысалы: *еЛпелекте-, көЛбелеңде-, шайҚалаңда-* т.т. Бұл деңгейде еліктеуіштің аналитикалық сөзжасам үлгісі жиі кездеседі екен.

9. Қазақ тіліндегі еліктеуіштердің құрамдық, тұлғалық дамуының тағы бір арнасы – олардың қатардағы есімдерге (зат есім мен сын есімдерге) айналуы. **Әртүрлі еліктеуіштің өз мағынасынан ауысып, заттануы міндетті түрде олардың алдымен етістікке айналуын талап етеді.** Демек, бұл жоғарыда көрсетілген деңгейлерде етістікке айналған еліктеуіштердің табиғатына тән заңды құбылыс деген сөз.

Алайда, бұл құбылыс әр деңгейде бірдей емес. Еліктеуіш етістіктердің өзі білдіретін қимыл-әрекет процестерінен зат пен құбылыс атауына айналуы ұзақ тарихи дамудың жемісі. Оны терең зерттеп, табиғатын айқындау, сайып келгенде, “*имитатив теориясының*” өзекті мәселесі – еліктеуіш түбірлерінің дыбыс тілінің қалыптасу дәуірінде іргетасы болып қаланған алғашқы элемент екендігін дәлелдеу және мойындау болып саналады.

Сөздік қорымыздағы көптеген дербес сөздеріміздің төркіні еліктеуіш түбірлерден екенін жұрттың бәрі біле бермейді. Бірақ оны білуге тиіспіз. Өйткені ол тіліміздің шығу тарихын білу деген сөз, ол оған бірден-бір сенімді де реальді бұлақ болып саналады.

Тіліміздегі еліктеуіш текті сөздердің шығу тарихын да, жалпы ауқымын да анықтау оңай мәселе емес. Өйткені олар өздерінің ұзақ тарихи даму барысында “еліктеуіштік белгісінен” айрылып, тілдің жалпы сөздік қорымен етене араласып кеткен дүниелер. Оларды сөздіктерде де атап, айырып көрсете бермейді. Еліктеуіш сөздер әртүрлі даму деңгейінде жеке-дара түрінде де, сөз тіркесінде де қолданыла беретінін біз мына төмендегі деректерден айқын көреміз. Мысалы, қазақ тіліндегі еліктеуіштер қорының ілкі түбір күйіндегі: *дыр, тыр, сыр, зыр, пыр, тақ, шақ, тоқ, дық, сақ* т.б. осы сияқты жүздеген сөздерді жеке түрінде де, көмекші **em-* етістігімен тіркестерінен де өзіндік мағыналарын айқындай аламыз.

Дәл сол сияқты, бірінші дәрежелі индикатор деңгейіндегі тұлғасынан да біз мына тәрізді жүздеген ЕС-ді анық тани аламыз: *тарс (em-), тырс (em-), шарт (em-), шырт (em-), күрс (em-), сарт (em-), қорс (em-), күрт (em-), сылқ (em-), шылқ (em-), былқ (em-), тоңқ (em-), қалқ (em-), кілқ (em)* т.б.

Екінші дәрежелі грамматикалық индикатор деңгейінде қалыптасқан еліктеуіштер де тілімізде жүздеп кездеседі және олар да жұртшылық тарапынан дербес мағынадағы лексема ретінде қабылданады. Мысалы: *тарсыл (естілді), қорсыл (шықты), былқыл-ды (қой), шаңқыл (басылды), куңкіл (сөз), жарқыл (елестеді), жылтыр (тас), қыңқыл-ы (басылды); салдыр (күшейді); сылдыр (су), сыңғыр (кулкі), алиаң (басу), тытырла-, қоқИлан-, қоқыРай-, маңыРа-, ежіреңде-, әкіреңде-* т.б.

Үшінші дәрежелі грамматикалық индикатор деңгейінде қалыптасқан еліктеуіштер тілімізде аздау дедік, бірақ олар да дербестікке бейім құбылысқа жатады. Мысалы: *қалбаЛаң (қағу), елпеЛең (қағу), дүрбеЛең (салу)* т.б.

Қазақ тіліндегі ендігі бір топ еліктеуіш етістіктер есім жасаушы жұрнақтарды қабылдап, әр алуан заттар мен құбылыстардың атауларына айналған. Мысалы: *жұлд+ЫЗ, сарқыра+МА, күркіре+МЕ, шіңкілде+К, тоңқылда+К, әуілде+К, күркілде+К (түйе)* т.б. осы сияқты атаулар.

10. ЕС-дің морфологиялық тұрғыдан қат-қабат болып қалыптасқан тұлғалық құрамын іштей жіктеп, морфтар мен формемаларға бөліп, ара-жігін

ажыратып қарасақ, біз олардың өте күрделі анатомиясын айқындауға мүмкіндік аламыз. Олар 4-5 буыннан тұратын құрамы күрделі сөздер болып келеді. Алайда, олардың буын саны мен морф пен форфема саны бірдей емес, яғни буын жігінен морфема жігі көбірек. Себебі: буын жігі дауысты дыбыстардың санымен есептелсе, морфемалық жік ЕС құрамындағы грамматикалық элементтермен есептеледі. Атап айтқанда олар: 1) табиғат құбылыстарынан алған әр алуан әсерден туындаған алғашқы дыбыстық рефлексстерден, 2) идеофоннан, 3) үш дәрежелі грамматикалық индикаторлардан, 4) етістік көрсеткіштерінен, 5) есім көрсеткіштерінен (барлық саны 7 элементтен) тұрады. Мысалы, 3 буыннан тұратын еліктеуіш етістіктің морфема саны – 5:

Қа+Р+қ+ы.Л+да- (<морфема саны - 5); **Қарқ+ыл+да-** (<буын саны - 3).

Барлық еліктеуіш құрамын осылай жіктеуге болады.

11. Еліктеуіштердің сөзжасам модельдері. “*Имитатив теориясының*” ең сенімді, аяқ тірер негіздерінің бірі – қатаң заң, бұлжымас қағида болып қалыптасқан **сөзжасам модельдері**. Бұлар абстракцияланып, жүйелі де бір қалыпты жүзеге асатын тұрақты ережелер мен тәсілдерден тұрады. Алайда, “*имитатив теориясының*” негізін салушы Н.И.Ашмарин де және ол теорияны жалғастырушы ғалымдар да нақтылы бір тіл негізінде бұл категорияның өзіне тән жүйелі де тұрақтанған сөзжасам модельдерінің барлығын арнайы қараған емес. Ал, онсыз құбылысты тіл негізі деп қабылдау қиын. Біздің ұсынып отырған деректеріміз бен тұжырымдарымыз “*имитатив теориясының*” осы бір ашық тұрған түйінді саласын айқындай түседі деп сенеміз. Ол үшін біз енді қазіргі қазақ тіліндегі 500-дей еліктеуіш ілкі түбірі қалыптасқан 5 мыңға жуық, үш тақырыптық-мағыналық топтан, атап айтқанда: дыбыс, жарық-сәуле және қимыл-әрекет еліктеуіштерінен тұратын лексикалық қорды барлыққа келтіріп, қалыптастырған сөзжасам модельдерінің анатомиясын таратып шығуымыз керек.

Бұл модельдерді де екі топқа – синтетикалық және аналитикалық сөзжасам тобына – бөліп қарауға болады.

Синтетикалық сөзжасам модельдері.

Еліктеуіш саласындағы сөзжасам модельдерінің (үлгілерінің) өзіндік бір ерекшелігі, біздің пайымдауымызша, етістік көрсеткіштері өзінің алдында тұрған грамматикалық (I, II, III дәрежелі) индикатормен бірге қосылып айтылуға бейін. Міне, осы ерекшеліктерін ескерсек, қазақ тіліндегі барлық еліктеуіш етістіктер (қысқаша – EE) 7 негізгі және солардан туындаған 9 қосымша үлгісі арқылы жасалады. Олар төмендегілер:

I. -А-//-Е моделі: -(ыр)а-//-(ір)е-:

абдыра- (<аб+д+ыр+а-), дабдыра (<даб+д+ыр+а-), саудыра- (<сау+д+ыр+а-), қаудыра- (<қау+д+ыр+а-), маужыра- (<мау+ж+ыр+а-), жәудіре- (<жәу+д+ір+е-) т.б.

II. -АЙ-//-ЕЙ- моделі: -(ыр) ай-//-(ір)ей-:

шодырай- (<шод+ыр+ай-), қодырай- (<қод+ыр+ай-), күдірей- (<күд+ір+ей-), едірей- (<ед+ір+ей-), бедірей- (<бед+ір+ей-) т.б.

III. -ДА-//-ДЕ-//-ТА-//-ТЕ-//-ЛА-//-ЛЕ- моделі:

1) **-(ыл)да-//-(іл)де-:** құжылда- (<құж+ыл+да-), бажылда- (<баж+ыл+да-), қылқылда- (<қыл+қ+ыл+да-), жарқылда- (<жар+қ+ыл+да-), тарқылда- (<тар+қ+ыл+да-), тызылда- (<тыз+ыл+да); еңкілде- (<ең+к+іл+де-) т.б.

2) **-(ақ)та-//-(ек)те-:** тақта- (<тақ+ақ+та-), бұлтақта- (<бұл+т+ақ+та-), дірдекте- (<дір+д+ек+те-), талтіректе- (<тал+т+ір+ек+те-), селтекте- (<сел+т+ек+те-) т.б.

3) **-(аң)да-//-(ең)де-:** тыртаңда- (<тыр+т+аң+да-), қайқаңда- (<қай+қ+аң+да-), тайқаңда- (<тай+қ+аң+да-), тайраңда- (<тай+р+аң+да-), жыртаңда- (<жыр+т+аң+да-) т.б.

4) **-(у)ла-//-(у)ле-:** гүлле- (<гүу+ле-) ^{12*}, зүула- (<зүу+ла-), шүула- (<шүу+ла-), дүула- (<дүу+ла-), ұула- (<ұу+ла-) т.б.

5) **-(ың)да-//-(ің)де-:** қутыңда- (<құу+т+ың+да-), мыжыңда- (<мыж+ың+да-), кіжіңде- (<кіж+ің+де-), тыржыңда- (<тыр+ж+ың+да-), кіржіңде- (<кір+ж+ің+де-), қылжыңда- (<қыл+ж+ың+да-) т.б.

IV. -НА-//-НЕ моделі: -(ы)на-//-(і)не-:

құжына- (<құж+ы+на-), быжына- (<быж+ы+на-); базына- (<баз+ы+на-), кісіне (<кіс+і+не-) т.б.

V. -Ы-//-І- моделі:

қажы (<қаж+ы-), мұжы- (<мұж+ы-) // мүжі- (<мұж+і-), қышы- (<қыш+ы-), қасы- (<қас+ы-), мыжы- (<мыж+ы-) т.б.

VI. -ЫЙ-//-ІЙ- моделі ^{13*}:

1) **-(с)ый-//-(с)ій-:** ырсый- (<ыр+с+ый-), тырсый- (<тыр+с+ый-), бүрсій- (<бұр+с+ій-) т.б.

2) **-(т)ый-//-(т)ій-:** құнтый (<құн+т+ый-), тылтый- (<тыл+т+ый-), кіртій- (<кір+т+ій-), шәнті- (<шән+т+ій-), шұнтый- (<шұн+т+ый-), қылтый- (<қыл+т+ый-) т.б.

3) **-(н)ый-//-(н)ій-:** тымпый- (<тым+п+ый-), жымпый- (<жым+п+ый-), сымпый- (<сым+п+ый-), қомпый- (<қом+п+ый-),

12* [У] әрібінде тіл табиғатына сәйкес қос дыбыс (Ұу~

13* [И] әрібінде тіл табиғатына сәйкес қос дыбыс ретінде (ый//ій) жазуды жөн көрдік.

томпый- (<том+n+ый-) т.б.

4) **-(қ)ый-//-(к)ій-**: *қауқый* (<қау+қ+ый-), *кеукій* (<кеу+к+ій-), *теңкій-* (<тең+к+ій-), *шалқый-* (<шал+қ+ый-), *қалқый-* (<қал+қ+ый-) т.б.

VII. -ЫР-//-ІР- моделі> -(қ)ыр-//-(к)ір-: *ақыр-* (<а+қ+ыр-), *бақыр-* (<ба+қ+ыр-), *шақыр-* (<ша+қ+ыр-), *өкір-* (<өк+ір-), *кекір-* (<кек+ір-), *ысқыр-* (<ыс+қ+ыр-), *қышқыр* (<қыш+қ+ыр-) т.б.

Көріп отырғанымыздай, қазақ тіліндегі еліктеуіштердің 5 мыңға дейін тарамданып көбеюі, міне, осы негізгі (7+9=16) сөзжасам (анығырағы етістік жасайтын) модельдер арқылы жүзеге асуына байланысты. Бұлар ғасырлар бойы әбден тұрақтанып, бейне бір математикалық заң тәрізді, қасаң қағида болып қалыптасқаны айқын көрініп-ақ тұр.

“*Имитатив теориясының*” реальдігін дәлелдейтін құбылыстың бірі осы болса керек.

Еліктеуіш сөздердің аналитикалық сөзжасам модельдері де, қосарлы да қайталама қос сөздерге айналу үрдісі де, Адамзатқа, Қоғамға және Табиғатқа қатысты кең ауқымда қолданысы да, сайып келгенде, бұл феноменнің көне тарихын ғана емес, этносқа тән байырғы да өміршең құбылыс екендігін айқындай түсетіні даусыз.

Ежелден қалыптасып келе жатқан Адам мен Ұлы табиғаттың арасындағы тығыз қарым-қатынастың тілдегі айқын көрінісі - осы еліктеуіштер деп айту әбден орынды. Ол ғана емес: *сапылдап сөйлейтін, самбырлап сөйлейтін, саңқылдап сөйлейтін, маңқылдап сөйлейтін, дабырлап сөйлейтін, міңгірлеп сөйлейтін, мыңқылдап сөйлейтін, әңкілдеп сөйлейтін, шәңкілдеп сөйлейтін...* қазақтың 70 шақты кұлу түрінің 40-тан астамы еліктеуіштер арқылы (*қарқылдап кұлу, тырқылдап кұлу, сұлқылдап кұлу, еңкілдеп кұлу* т.т. кұлулер) сипатталып, бейнеленіп тұрса, алғашқы адамды тілді табиғаттан, оның дыбыс, сәуле, қимыл-әрекетін қайталаудан, оған еліктеуден үйренбеді деп кім айта алады? Сондықтан да, *ым-ишара жарыса, жалғаса дами бастаған алғашқы этностық қауымның дыбыстық тілі табиғат құбылыстарына* еліктеуден *туған рефлексстер негізінде дамып, болашақ сөйлеу тілінің іргетасы болып қалыптасқан.* Осы идеяны уағыздаушы “имитатив теориясын” біз де қолдаймыз. Бірақ оның реальді де объективті шындыққа сәйкестігін құры идеямен ғана емес, нақтылы тілі фактілері арқылы да дәлелдеу қажет деп білеміз. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ тілінің деректері, оның бай сөздік қорындағы 500-дей еліктеуіштің ілкі түбірлерінен тараған 5 мыңға жуық еліктеуіш текті сөздерін талдап-таратудан туындаған ойтұжырымдарымызбен жаңаша көзқарасымыз болашақта ескерілуі тиіс деп білеміз.

II тарау ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕРДІҢ ТАБИҒАТЫ

Еліктеуіш сөздердің жасалу механизмдері мен тарихи қалыптасу тетіктері

Еліктеуіш сөздер деп табиғатта ұшырасатын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-біріне қақтығысып-соқтығысуынан туатын дыбыстарды, сондай-ақ, жан-жануарлардың дыбысталу мүшелерінен шығатын әртүрлі дыбыстарды есту қабілеті арқылы белгілі түсініктер ретінде қабылдаудан болған және сол түсініктердің атаулары есебінде қалыптасқан сөздерді айтамыз. Мысалы: *Мылтық тарт етті; Қарға қарқ етті деген сөйлемдерді алсақ, ондағы тарт деген сөз мылтықтың атылуынан туған дыбыстың атын білдірсе, қарқ деген сөз қарғаның дыбыстау мүшесінен (қарқылдауынан) шыққан дыбыстың атын білдіреді.* Бұл екі сөздің екеуіне де жансыз және жанды заттардан шыққан дыбыстар негіз болған. Бірақ бұл дыбыстардың қайсысы болса да, әрине, сол дыбыстардың дауыстарын дәлме-дәл етіп айтуға тырысудан туған әрі дыбыстық бейне, әрі сол бейненің атауы ретінде қалыптасқан дыбыстар.

Заттардың жерге түскендегі дыбысы *я дүңк, я тыңқ, я діңк, я тоқ, я тық ... етіп естілуін тілмен дәлме-дәл айтып жеткізу қиын-ақ. Дегенмен, осы дыбыстар дыбыстық бейне ретінде де, сол бейнелердің атаулары ретінде де, сол бейнелердің атаулары ретінде де қалыптасқандықтан, оларды біз сөздер есебінде қабылдаймыз.* Бұл дыбыстар күрделі дыбыстар. Ал осы күрделі дыбыстар табиғат дыбыстарының таңбалары есебінде қабылданып, тиісті сөздерге айналаған. Мысал келтірейік: *Ол күрк-күрк жөтеліп жүретін. Сөйлегенде даусы қыр-қыр етеді. Барқ-барқ үре бастады... Күректердің зың-зың еткені енді естіле бастады. Шірік шүберектер дыр-дыр жыртылып жатты. Сақ-сақ күлді. Кешікпей мылтық даусы гүрс-гүрс шықты. Осындағы күрк-күрк, қыр-қыр, барқ-барқ, зың-зың, дыр-дыр, сақ-сақ, гүрс-гүрс деген еліктеуіш сөздер бастапқы түбірлердің екі рет қайталауынан жасалған. Егер сол сөйлемдердің құрамына да, құрылыстарына да ешқандай өзгеріс енгізбей, тек осы еліктеуіш сөздерді қосарланған түрде емес, жалаң түрде ғана қолдансақ (мысалы, *шірік шүберектей дыр етіп жыртылып жатты*), өзге сөздер сияқты, еліктеуіш сөздердің не жалаң түрі мен қосарланаған болтыны, олардың мағыналарында айырмашылық барлығы аңғарылады. Еліктеуіш сөздің жалаң түрі амал-әрекеттің бір ғана рет жасалатынын білдірсе, қайталанған түрі сол амал-әрекеттің үсті-үстіне әлденеше рет қайталанып жасалатынын білдіреді. Мысалы: *дыр-дыр айрылды және дыр етіп айрылды; гүрс-гүрс шықты және гүрс шықты; зың-зың еткені және зың еткені* дегендерді мағына жағынан салыстыруға болады.*

Еліктеуіш сөздердің қайталанған түрінің екінші сыңарындағы ашық дауысты дыбыс қысаң дауысты еріндік дыбысқа айналып өзгерсе, ол сөздің тұлғасында туған осы өзгеріске байланысты мағынасында да сәл өзгеріс туады. Мысал: *Біреу есікті тарс-тарс ұрды* және *біреу есікті тарс-тұрс ұрды* деген сөйлемдердің құрылысы мен құрамдарында айырмашылық болмаса да, мағыналарында сәл айырмашылық болады; *тарс-тарс ұрды* дегенде, адам есікті әрі қатты, әрі бірнеше рет ұрғанымен, бірқалыпты ұрғаны аңғарылады, ал *тарс-тұрс ұрды* дегеннен есіктің қатты ұрылуы бірқалыпты емес, бірде қатты, бірде онан да қаттырақ, я солғын басып алмасып отырғаны аңғарылады. Бірақ бұл екі форманың қызметінде *тарс-тарс (сарт-сарт)* дегенде де, *тарс-тұрс (сарт-сұрт)* дегенде де ешқандай өзгешелік болмайды.

Морфологиялық жағынан да бұл үш форма (*тарс, тарс-тарс, тарс-тұрс*) өзгермейтін сөздер ретінде қала береді.

Мағына жақтарынан бір-біріне синонимдес екі түрлі еліктеуіш сөздер қосарлана береді. Мысалы: *сатыр-күтір, салдыр-күлдір, бұрқ-сарқ, былқ-сылқ, қылтың-сылтың, жалт-жылт* т.б. Бұл ерекшелік те – еліктеуіш сөздердің қосарлауына тән қалыпты, заңды құбылыс. Әдетте, *ала тай қантты қатыр-қатыр еткізді* деп те, *ала тай қантты қытыр-қытыр еткізді* деп те, айтамыз. Бұл сөйлемдердің құрылыстары мен құрамдарында өзгешелік жоқ, тек бұларда да азды-көпті мағына айырмашылықтары бар: *қатыр-қатыр* еткізу *қытыр-қытыр* еткізуге қарағанда әлдеқайда күшті. Бұл екі дыбысты есіткенде екі түрлі сезімде боламыз. Мағыналар бір-біріне жуық болып келеді. Екі сөздің бір-бір сыңарларын бөліп алып, оларды қосарлап: *қатыр-қытыр еткізді* десек, бірде қатты, бірде солғын болып алмасып отырғандығын аңғарамыз. *Салдыр-күлдір, сатыр-күтір, бұрқ-сарқ* сияқты сөздердің құрылыстары мен мағыналарынан осыны байқауға болады.

Еліктеуіш сөздердің түбіріндегі дауысты дыбыстың не ашық, не қысаң болуы да сол сөздің мағынасына әсер еттеді. Мысалы, *сыртта нөсер сатыр-сатыр етіп жауып тұр* және *сыртта нөсер сытыр-сытыр етіп жауып тұр* дегенде құрылысы жағынан айырмашылық жоқ болғанмен, мағына жағынан айырмашылық бар. Айырмашылық – *сатыр* және *сытыр* сөздерінің дауысты дыбыстарының ашық және қысаң болуы. Еліктеуіш сөздің түбіріндегі дауысты дыбыс ашық болса, табиғат дыбысы да қатты естіледі де, қысаң болса, ақырын естіледі. Осыдан мағына айырмашылықтары келіп шығады. Мына сөздерді де салыстыруға болады: *баж-баж, быж-быж, даңғыр-даңғыр, дыңғыр-дыңғыр, даң-даң, дың-дың, тысыр-тысыр, парт-парт, пырт-пырт, шалп-шалп, шылп-шылп, шаңқ-шаңқ, шыңқ-шыңқ, шық-шық* т.б.

Еліктеуіш сөздердің түбіріндегі дауысты дыбыстардың я жуан, я жіңішке болуы да сөздің мағынасына әсер етеді. Мысалы: *шыңқ-шыңқ етеді,*

шіңк-шіңк етеді дегендердің мағыналарында айырмашылық бар. *Шіңк-шіңк* дегендегі дауысты дыбыстың жіңішке болуынан мағынасы сәл өзгеше, әлсіз дыбыс екенін аңғартып тұр. Бұған мына сөздерді де мысал етсек болады: *қыриш-қыриш, қырт-қырт, қылқ-қылқ, кілк-кілк, , зірк-зірк, дық-дық*, т.б.

Ауызекі тілде адамның көңіл-күйіне, эмоциалық жайына байланысты еліктеуіш сөздердің кейбір дыбыстарының айтылуында ерекшеліктер болады. Ашық дауысты еліктеуіш сөздердің дауысты дыбыстары созылып айтылады. Мысалы: *сарт ете түсті, саарт ете түсті деп, тарс ете түсті, таарс ете түсті деп* және *таасыр, саатыр, саақыр, наарт, дааңғыр ете* қалды деп айтқанымызда түбірдегі **а** дауысты дыбысы созылып айтылады. Ал түбірдегі дауысты қысаң болса, соңғы дауыссыз созылып айтылады, мысалы: *тыз ете түсті, тырс ете түсті, шыж ете түсті, шып ете түсті, шың ете түсті* деген секілді еліктеуіш сөздерді ауызекі сөйлеуде соңғы *з, с, ж, р, ң* дыбыстарын созып, мысалы, *тызз, тырсс, шыжжж, бырсс, бырр, гүрр, зырр, зыңққ, тырр, дызз, сарр, дыңққ, дірр, ырр, күрр, пырр, қырр, ысс, сырр, тысс, тызз, шырр, шүрр* деп те айтамыз.

Еліктеуіш сөздерге жұрнақтар жалғау арқылы зат есім, етістік сөздер жасалады. Мысалы: *дүрс, тарс, шыж, быж, күрс, тырс, баж* деген еліктеуіш сөздерге *-ыл, -іл* жұрнақтарын жалғау арқылы *дүрсіл, тарсыл, шыжыл, быжыл, күрсіл, тырсыл, бажыл* деген зат есімдер жасалады. Бұларға *-да, -де* жұрнақтарын жалғап *дүрсілде, күрсілде, бажылда* деген сияқты етістіктер жасалады.

Сонымен, еліктеуіш сөздер дегеніміз – өзіне тән лексикалық-семантикалық мағынасы, морфологиялық тұлға-түрпағы (формалық структурасы) бар, дара түрлерін де, косарланған түрлерін де көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары тікелей жалғанбайтын, сөйлемде әрқашан, сын-қимыл пысықтауыш болатын және бастапқы түбірлерінен жұрнақтар арқылы туынды есімдер және етістіктер жасалатын сөздер.

Тілімізде кездесетін дыбыстық еліктеуіш түбірлер: *аң, аңқ, аңқ-аңқ, ар, ар-ар, арс, арс-арс, арс-ұрс, асыр-тасыр, асыр-тұсыр, аср-аср, әңк, әңк-әңк, баж, баж-баж, баж-бұж, бақ, бақ-бақ, балдыр-бұлдыр, барқ, барқ-барқ, барп-барп-барп, батыр-батыр, бытыр-бытыр, батыр-бұтыр, батыр-пұтыр, борп-борп-борп, борс, борт, борт-борт, бұж, бұж-бұж, бұрқ, бұрқ-бұрқ, бұрқ-сарқ, быж, быж-быж, быж-тыж, бық, бық-бық, бықыр-бықыр, былдыр-былдыр, быр, быр-быр, бырқ, бырқ-бырқ, бырқ, бырс, бырс-бырс, бырт-бырт, гу, гу-гу, гук, гук-гук, гүж, гүж-гүж, гүр, гүр-гүр, гүрс, гүрс-гүрс, гүр-сар, гүрс те-гүрс, дабыр-дұбыр, даң, даң-даң, даң-дұң, даңғыр, дар-дар, дар-дұр, дөңк, дөңк-дөңк, ду, ду-ду, дұң, дұң-дұң, дүңк, дүңк-дүңк, дүр, дүр-дүр, дүрс, дүрс-дүрс, дүрік-дүрік, дыз, дыз-дыз, дік, дік-дік, діңк, діңк-діңк, еңк, еңк-еңк, зу, зу-зу, зың, зың-зың, зыр, зыр-зыр, зырқ, зырқ-зырқ, зірк, зірк-зірк, кеңк, кеңк-кеңк, күж, күж-күж, күңк,*

күңк-күңк, күр, күрк, күрк-күрк, күр-күр, күрс, күрс-күрс, күрт, күрт-күрт, кірт, кірт-ікрт, кірш, кірш-кірш, қаңғыр-даңғыр, қаңғыр-гүңгір, қаңғыр-күңгір, қаң, қаңқ, қаңңқ-қаңқ, қаңқ-күңқ, қарқ, қарқ-қарқ, қарш, қарш-қарш, қарш-құрш, қаудыр-қаудыр, қаудыр, қатыр-құтыр, қашыр-қашыр, қашыр-құшыр, шыр, қиқ, қиқ-қиқ, қиқ-шиқ, қор, қорқ, қорқ-қорқ, қор-қор, қорс, қорс-қорс, қыбыр-жыбыр, қыбыр-қыбыр, қыбыр-сыбыр, қыж, қыж-қыж, қың, қыли-қыли, қыңқ, қыңқ-қыңқ, қыр, қыр-қыр, қырт, қырт-қырт, қыриш, қыриш-қыриш, қытыр, қытыр-қытыр, мыңқ, мыңқ-мыңқ, міңгір-міңгір, нақ, нақ-нақ, нар-нар, парт, парт-парт, патыр-патыр, патыр-пұтыр, порт, порт, пық, пық-пық, пыр, пыр-пыр, пырс, пырт, пырт-пырт, пыс, пыс-пыс, пытыр, пытыр-пытыр, пыш, пыш-пыш, сақ, сақ-сақ, сақ-сұқ, сақұр-сұқыр, салдыр-сүлдір, салдыр-күлдір, салдыр-салдыр, салдыр-сұлдыр, самбыр-самбыр, самбыр-күмбір, саңқ, саңқ-саңқ, саңқ-сұңқ, сар, сарқ-сарқ, сарқ-сұрқ, сар-сар, сарт, сартсарт, сарт-сұрт, сатыр-күтір, сатыр-сатыр, сатыр-сұтыр, саудыр, саудыр-саудыр, сорап-сорап, сұңқ, сұңқ-сұңқ, сылдыр-сылдыр, сыбыр-күбір, сыбыр-сыбыр, сық-сық, сықыр, сықыр-сықыр, сылдыр, сылдыр-сылдыр, сылдыр-күлдір, сырт-сырт, сырт, сыр-сыр, сыпсың-сыпсың, сытыр, сытыр-сытыр, тақ, тақ-тақ, тақ-тұқ, тарс-тарс, тарс-тұрс, тасыр, тасыр-тасыр, тасыр-тұсыр, таңқ, тапыр-тұпыр, тар-тар, тарқ-тарқ, тарқ-тұрқ, тарс-күрс, тоқ, тоқтоқ, тоңқ, тоңқ-тоңқ, топ, топ-топ, торс, торс-торс, тыз, тыз-тыз, тық, тық-тық, тықыр, тықыр-тықыр, тың, тр-тр, тырқ-тырқ, тырқ, тырң-тырң, тырп-тырп, тыр-тыр, тырр-тырр, тырс, тырс-тырс, тыс, үр, шаж, шақ, шақ-шақ, шақ-шұқ, шақұр-шұқыр, шаң, шаңқ, шаңқ-шаңқ, шаңқ-шұңқ, шаң-шұң, шаңғыршұңғыр, шаңғұр-шалдыр, шап, шап-шап, шап-шұп, шар, шарт, шарт-шарт, шартпа-шұрт, шарт-шұрт, шар-шар, шар-шұр, шатыр-шұтыр, шәңк, шәңк-шәңк, шәу, шәу-шәу, шшқ, шшқ-шшқ, шолп, шолп-шолп, шор, шор-шор, шу, шу-шу, шұң, шұр, шұр-шұр, шөп, шүп, шүп-шүп, шыж, шыж-быж, шыж-мыж, шыж-шыж, шық-шық, шықыр, шықыр-шықыр, шылдыр, шылдыр-шылдыр, шылқ, шылқ-былқ, мылқ-шылқ, шылп, шылп-шылп, шың. Шың-шың, шыңқ, шыңқ-шыңқ, шып, шып-шып, шыр, шыр-шыр, шырт, шырт-шырт, шіңгір, шіңгір-шіңгір, шіңк, шіңк-шіңк, ыз, ыз-у-қию, ызың, ызың-ызың, ың, ың-жың, ыңқ, ыңқ, ың-шың, ыр, ырр, ырс, ыс.

Бейнелеуіш сөздер. Еліктеуіш сөздер есту қабілеті арқылы пайда болатын түсініктердің аттарын білдірсе, бейнелеуіш (бейнелеме) сөздер табиғатта кездесетін құбылыстарды көзбен көру қабілеті арқылы туатын түсініктердің аттарын білдіреді.

Мысалы: «*Ырғалып қарға қарқ етті, ірімшік жерге салп етті*» деген сөйлемдерді алайық. Мұндағы *қарқ* деген сөз— қарғаның дауыстауынан естілген дыбыстың атын аңғартатыны, соған сәйкес, еліктеуіш сөз сол түсініктің атауы болатыны жоғарыда айтылады. Ал осындағы *салп* деген сөз дыбысты емес, қарғаның аузынан ірімшіктің жерге қарай түсіп бара жатқан я түскен кезіндегі

бейнесін білдіреді. Тағы бір мысал: *Ол жалт бұрылып, тақиясын ұстап алмақ болып еді, жолдастарынан адасып қалды (Б.Соқпақбаев). Сәния кілт тоқтап, артына бұрылып қарады дегендегі жалт және кілт* деген сөздер қалай бұрылғандықтың және қалай тоқтағандықтың бейнесін көрсетеді.

Еліктеуіш сөздер секілді бейнелеуіш сөздер де қосарланып қолданылады да, солар арқылы бейнелетін құбылыстардың бірнеше рет қайталанғанын білдіреді. Мысалы: *елең-елең, жалп-жалп, жалт-жалт, жылт-жылт, қылт-қылт, лап-лап, ағараң-ағараң, адыраң-адыраң, алшаң-алшаң, бұртаң-бұртаң, дір-дір, ербең-ербең, жалмаң-жалмаң* т.б.

Дыбыстық еліктеуіш сөздер секілді бейнелеуіш сөздер де қайталанған екінші сыңарының ашық дауысты дыбысы қысаң дауысты еріндікке айналып, іс-қимылдың бейнесінің бірде олай, бірде бұлай алмасып отыратынын білдіреді. Мысалы: *жалт-жұлт, жалп-жұп, қалт-құлт, алақ-жалақ, далаң-дұлаң, елбең-желбең, елең-алаң, жалтаң-жұлтаң, жапыр-жұпыр, жарқ-жұрқ* т.б.

Бейнелеуіш сөздердің де түбіріндегі дауысты дыбыстың ашық я қатаң немесе жуан я жіңішке болуы сол сөздердің мағыналарына әсер етді. Мысалы: *От жалт етті және от жылт етті* дегендердегі жалт деген сөзден көру қабілеті күшті екендігі аңғарылса, жылт деген сөзден көріністің әлсіз болатынын аңғарылады. Орамал жалп ете қалды және орамал желп ете қалды дегенде де екі түрлі мағына аңғарылады.

Бейнелеуіш сөздердің түбіріндегі дауысты дыбыстардың ашық болуы қозғалыс пен әрекеттердің ебедейсіздігін, дөрекілігін, оңтайсыздығын, епсіздігін білдірсе, дауысты дыбыстардың қысаң болуы әрекет-қозғалыстың мардымсыздығын, өнімсіздігін білдіреді. Мысалы: *арбаң-арбаң, талтаң-талатң, тарбаң-тарбаң, одыраң-одыраң* деген сөздердің мағыналарын сол реті бойынша *ербең-ербең, тылтың-тылтың, тырбың-тырбың, едірең-едірең* деген сөздердің мағыналарымен салыстырып байқауға болады. Алдыңғы топ пен соңғы топтың мағыналарында, әрине, айырмашылық бар. *Өйткені Нұрғожа талтаң-талтаң басып келеді екен (С.Мұқанов)* деген мен *Нұрғожа тылтың-тылтың басып келеді екен* дегендердегі талтаң-талтаң мен тылтың-тылтың дегендердің мағыналары тең емес. *Аю арбаң-арбаң етеді және аю ербең-ербең етеді* дегенде мағына айырмашылығы бар.

Бейнелеуіш сөздерге де сөз байланыстыратын (көптік, тәуелдік, септік, жіктік) жалғаулар жалғанбайды. Демек, еліктеуіш сөздер секілді бұлар да түрленбейді. Бейнелеуіш сөздер де ешбір өзгеріссіз тікелей етістіктермен тіркесіп я дара мүше (жалт қарады, жалт-жалт қарады) болады, я күрделі мүшенің құрамына енеді (жалт етті, жалт-жалт етті). Бұлар да еліктеуіш сөздер сияқты дербес мүше болса, әрқашан сын-қимыл пысықтауыш болып қызмет атқарады. Мысалы, төмендегі сөйлемдердегі бейнелеуіш сөздер кілең пысықтауыш болып

түр: *Көк бура қанша таяқтаса да маң-маң басып асықпай келеді. Аттылар лек-лек кетіп бара жатыр. Балалар елең-елең қарасты.*

Сонымен бейнелеуіш сөздер деп табиғаттағы құбылыстар мен заттардың және неше алуан жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаттары мен әрекет-қимылдарын көру қабілеті арқылы қабылданған бейне-көрністердің атауларын, яғни, солардың атаулары ретінде қызмет ететін сөздерді айтамыз.

Тілімізде кездесетін бейнелеуіш сөздер: ағараң, ағраң-ағараң, адыраң, адыраң-адыраң, едірең, едірең-едірең, алақ, алақ-алақ, алақ-бұлақ, алақ-жалақ, алақ-жұлақ, алаң, алаң-алаң, алаң-бұлаң, алшаң, алшаң-алшаң, апыл-тапыл, апырақ-тапырақ, апыраң-тапыраң, арбаң, арбаң-арбаң, арбаң-ербең, арбаң-құрбаң, арбаң-тарбаң, арпыл-тарпыл, арса-арса, арсалаң-арсалаң, арсаң, арсаң-арсаң, әкірең, әкірең-әкірең, әңкі, әңкі-тәңкі, әптәр-тәптәр, бағжаң, бағжаң-бағжаң, бадыраң, бадыраң-бадыраң, бажалақ, бажалақ-бажалақ, бажалаң, бажалаң-бажалаң, бажан, бажан-бажан, бажан-бұжан, балп, балп-балп, балпаң, балпаң-балпаң, барпаң, барпаң-барпаң, бедірең, бедірең-бедірең, без, без-без, балп, балпаң-балпаң, бортаң, бортаң, бортаң-бортаң, будқ-буақ, бұлаң, бұлаң-бұлаң, бұлғаң, бұлғаң-бұлғаң, бұлдыр, бұлдыр-бұлдыр, бұлың-бұлың, бұлт, бұлт-бұлт, бұлтың-сылтың, бұлтың-бұлтың, бұралаң, бұралаң-бұралаң, бұраң, бұраң-бұраң, бұртаң, бұртаң-бұртаң, бұртаң-жыртаң, бүгжең, бүгжең-бүгжең, бүгежең-бүгежең, бүкшең-бүкшең, бүкшің-бүкшің, бұлк, бұлк-бұлк, бүрсең, бүрсең-бүрсең, быжың, быжың-тыжың, былғаң, былқ, былқ-былқ, былқ-сылқ, былп, былп-былп, былш, былш-былш, бртың, бртың-бртың, далаң, далаң-далаң, далаң-дұлаң, далбаң, далбаң-далбаң, далбаң-дұлбаң, дал-дал, дал-дұл, далдан, далдаң-далдан, далдаң-дұлдан, далп, далп-далп, дар, дардаң, дардан-дұрдаң, делбең, делбең-делбең, домалаң, домалаң-домалаң, дікең, дікең-дікең, дір, дірдек-дірдек, дір-дір, едірең-едірең, елбелең-елбелең, елбек, елбең-елбең, елбең-желбең, елең, елең-алаң, елп, елп-елп, елп-желп, елпек, елпең, елпең, елпең-селпең, емпелең, емпелең-емпелең, ербелең, ербелең-ербелең, ербең, ербең-ербең, жабыр-жұбыр, жайнаң, жайнаң-жайнаң, жайпаң, жайпаң, жалаң-жалаң, жалаң-жұлаң, жалба-жұлба, жалбаң, жалбаң-жалбаң, жалбыр-жылбыр, жалбыр-жұлбыр, жалмаң, жалмаң-жалмаң, жалп, жалпаң-жалпаң, жалп-жалп, жалп-жұлп, жалтаң-жалтаң, жалтаң-жұлтаң, жалтаң, жалтаң-жалтаң, жалт, жалт-жалт, жалт-жұлт, жамп, жампаң, жап, жапыр-жұпыр, жарбаң, жарбаң-жарбаң, жарқ, жарқ-жарқ, жарқ-жүрқ, жаутаң, жаутаң-жаутаң, желбең, желбең-желбең, желең-желең, желп, желп-желп, жортаң, жортаң-жортаң, жыбыр-жыбыр, жылмаң, жылмаң-жылмаң, жылмың, жылмың-жылмың, жылып, жылып-жылып, жылың, жымың, жымың-жымың, жып, жып-жып, жыпшық, жыпылық-жыпылық, жыпыр-жыпыр, жыртаң, жыртаң-жыртаң, жыртың, жыртың-жыртың, имең-имең, ирелең-ирелең, ирең, кекең, кекең-секең, кекшең, кемсең, кердең-кердең, керсең-керсең, кит, китің-китің, көлбең, көлбең-көлбең, көлең, көлең-

көлең, күбің, күбің-күбің, күлмең-күлмең, күмп, күмп-күмп, кілк, кілк-кілк, кілт, кілт-кілт, кілтiң, кілтiң-кілтiң, кірбің, кіржің-кіржің, қадан-қадан, қодан-қодан, қаз-қаз, қайқан-қайқан, қайқан-құйқан, қақан, қақ, қақан-қақан, қақан-сұқан, қақ-қақ, қалбақ, қалбалаң-қалбалаң, қалбалаң, қалбаң, қалбаң-қалбаң, қолбаң, қалдыр-құлдыр, қалдыр-шұлдыр, құлдыр, құлдыр-шұлдыр, қалт, қалтан, қалтаң-қалтан, қалтаң-құлтаң, қалт-қалт, қалт-құлт, қалш-қалш, қапыл-құпыл, қараң, қараң-қараң, қараң-құран, қарбаң-құрбаң, қарс, , қипақ, қипақ-қипақ, қипаң-сипаң, қиралаң, қиралаң-қиралаң, қиралаң-сиралаң, қираң, қодан, қодан-қодан, қодыраң, қодыраң-қодыраң, қожалаң-қожалаң, қожаң-қожаң, қожыраң-қожыраң, қойқан, -қойқан, қойқан-сойқан, қоқан-қоқан, қоқшыраң, қоқшыраң-қоқшыраң, қоқыраң-қоқыраң, қолбаң, қолбаң-қолбаң, қалқ, қолп, қомп-қомп, қомпаң-қомпаң, қоңқ, қоңқ-қоңқ, қопаң, қопаң-қопаң, қорбаң, қорбаң-қорбаң, қоржаң, қорп, қорпаң, қорсан, қортаң, қортаң-қортаң, қутаң-қутаң, қутың-қутың, құж, құж-құж, құнжын-құнжын, құн, құржаң, құржаң-құржаң, қидың, қидың-қидың, қызараң, қылаң, қылаң-қылаң, қыдың-қыдың, қыдың, қылаң-сылаң, қылжаң-қылжаң, қылқ, қылқ-қылқ, қимаң, қимаң-қимаң, қылмың-қылмың, қылмың-жылмың, қылып, қылып-қылып, қылт, қылт-сылт, қылтын, қылтын-қылтын, қылтын-сылтын, лап-лап, лау, лау-лау, лақ, лақ-лақ, лек-лек, лұқ, лұқ, лүп, лүп-лүп, лық, лық-лық, лып, маймаң, маймаң-маймаң, малжаң, малжаң-малжаң, маң, маңқ, маңқ-маңқ, маң-маң, мәймәң, мәймәң-мәймәң, митың-митың, морт, мұқың-мұқың, мүлт, мылт, мырс, мырс-мырс, мырсын, одыраң, одыраң-одыраң, оспаң-салпаң, оралаң, өңк-өңк, өңкең-өңкең, салаң-салаң, салп, салп-салп, салтаң, салтаң-салтаң, самп, самп-самп, сап, сарп, сарқ, сау, сау-сау, секең-секең, селк, сек-селк, селт, селтек, селтен, селтен, селтен-селтен, серен, серен-серен, сипаң, сипаң-сипаң, созалаң, сойдаң-сойдаң, солқ, солқ-солқ, сопаң, сопаң, сопаң-сопаң, сораң, сораң-сораң, сумаң, сумаң-сумаң, сүмелең-сүмелең, сүмең, сүмең-сүмең, сылаң, сылаң-сылаң, сылқ, сылқ-сылқ, сыла, сылп-сылп, сылтаң, сылтаң-сылтаң, сылтын, сымп, сық-сық, сыңқ-сыңқ, сып, сып-сып, сыпсын, тай-тай, тайраң, тайраң-тайраң, талтаң-талтаң, телмең-телмең, тепең-тепең, тербен, тап, тап-тап, тарбалаң, тарбаң, тарбаң-тарбаң, тарп, тарп-тарп, тарсаң, томп, томпаң, томпаң-томпаң, тоңқалаң-тоңқалаң, тымпың-тымпың, тымп, тыңқ, тып, тыраң, тырбаң, тырбаң, тырбаң-тырбаң, үлп, шалп, шалп-шалп, шалп-шұлп, шошаң-шошаң, шұбалаң, шұрқ, шұрқ-шұрқ, шүпір-шүпір, шүү, шым-шым, шымыр-шымыр, ылпың, ылпың-жылпың, ырбаң, ырбаң-ырбаң, ырғалаң, ырғалаң-жырғалаң, ырғаң, ырғаң-ырғаң, ыржаң-ыржаң, ыржың-тыржың, ырк, ырк-ырк, ырсалаң, ырсаң, ырс-ырс, ірк, ірк-ірк.

Еліктеуіш сөздердің тұлғалық сипаты

Тілімізде семантикалық ерекшелігі жағына да, грамматикалық сыр-сипаты жағынан да, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да өзге

сөз таптарынан оқшауланып тұратын, соған сәйкес өз алдына дербес сөз табы ретінде қаралатын бір алуан сөздер тобы – еліктеуіш сөздер (мимема) деп аталынады.

Адамзатты қоршаған өмір – күрделі құбылыс. Күнделікті тіршілікте қаншама іс-әрекеттердің куәсі болып, сол іс-әрекеттерді орындаймыз. Мысалы, сағаттың тырсылы, құстың даусы, транспорттың гуілі, жапырақтардың сыбдыры, завод-фабрикалардың дүрсілі, сарт-сұрт дыбыстар, қоңырау үні тағы да басқа толып жатқан дыбыстарды, дауыстарды естиміз. Осы дыбыстар мен дауыстарды естіп, көзбен көріп, күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде және жазба әдеби тілде кеңінен қолданып та жүрміз. Бұл сөздер тобы тілімізде семантикалық ерекшелігі жағынан да, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да өзге сөз таптарынан оқшауланып тұрады, өз алдына жеке сөз табы ретінде қаралып, еліктеуіш сөздер деп аталады. Мысалы:

Баяғы жартас – бір жартас,

Қаңқ етер, түкті байқамас (Абай).

Қара бием қалт етті,

Қабырғасы **жалт етті** (Жұмбақ).

Алдында айнасының қыз сыланып,

Үйінде **көлбең қағып, маң-маң** басты (Ж.Саин)

Осындағы **қаңқ етер** – дыбыстық еліктеуіш болса, **жалт етті** – көріністі, **көлбең, маң-маң** – бейнелікті білдіріп тұр. Мұндай еліктеуіш сөздер дыбысқа, көрініске тәуелді болып келеді.

Еліктеуіш сөздер семантикалық жағынан алып қарағанда, біріншіден, табиғаттағы сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-біріне қақтығысып-соқтығысуынан туатын, неше түрлі жан-жануарлардың дыбыстауына, әртүрлі әрекет қимылдарына еліктеуден пайда болған түсініктерді білдірсе, екіншіден, сол сан алуан құбылыстар мен заттардың және жан-жануарлардың сыртқы пішіні мен қимылдарының көріністерінен пайда болатын түсініктерді де білдіреді. Мысалы: *сырт-сырт, тарс-тұрс, шылдыр-шылдыр, қарқ-қарқ, пыш-пыш, күмп, салп, пыр-пыр, шырт-шырт, тық-тық, арс-арс, ыңқ-ыңқ, сарт-сұрт, жалт-жұлт, сылаң-сылаң, алақ-жұлақ, бұлаң-бұлаң, гүрс, жалп, кілт, қалт, жалт* т.б.

Қазіргі қазақ тілінің грамматикасында еліктеуіш сөздер категориясының да елеулі орны бар. Оның қазақ тілі мәтіндеріндегі қолданылуының статистикалық сипаты туралы нақты деректерді біз тіл маманы А.Белботаевтың қазақ мәтіндері негізінде қазақ тіліндегі сөз таптары категориясының қолданылу сипатын анықтауға арналған «Қазақ текстеріндегі сөз таптарының лингвостатистикалық сипаттамасы» деп аталатын зерттеуінен табамыз.

Бұл кестеден байқайтынымыз еліктеуіш сөздер түбір сөздерде тіліміздегі сөздердің 0,14 пайызы мен 1,05 пайыз арасын қамтып, сөз таптарында сандық

көлемі жағынан 7-ші орынды иемденеді екен. Бұдан кейінгі орындарда ретіне қарай «сан есім», «модаль сөздер» бар.

Еліктеуіш сөздер сөз тұлғада 0,04 пайыз бен 0,90 пайыз аралығын қамтып, қазақ мәтіндеріндегі сөз таптарында сандық көлемі жағынан 9-ыншы орында екен. Бұдан кейін модаль сөздер тобы бар. Ал тілдік қолданыста (сөзқолданыста) сөз таптарының ішінде ең соңғы орында – 0,02 пайыз бен 0,66 пайыз аралығында.

Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің статоморфологиялық сипаты

к/с	Морфологиялық түрлері	Саны	Пайызы	
1.	Жалаң	Негізгі түбір	211	23,6
		Туынды түбір	183	20,5
2.	Күрделі	Қос сөз	500	55,9
		Барлығы:	894	100.0 %

Жинастырған тілдік материалдар бойынша қазіргі қазақ тілінде 894 (сегіз жүз тоқсан төрт) еліктеуіш сөздер бар. Оның 394-і (44 пайызы) жалаң еліктеуіш сөздер де, 500-і (56 пайызы) күрделі еліктеуіш сөздер.

Жалаң түбір еліктеуіш сөздер сипаты

Негізгі еліктеуіш сөздер – айналадағы табиғат құбылыстарын құлақпен есту арқылы қабылданған дыбыстардан және көзбен көру арқылы қабылданған елес көріністердің бейнелерінен пайда болған түсініктердің атаулары. Демек, сол дыбыстар мен бейнелердің атаулары есебінде қызмет ететін негізгі еліктеуіш сөздерді айтамыз.

Негізгі түбір еліктеуіш сөздерге мыналар жатады:

аң, аңқ, ар, әңж, баж, бақ, балп, барқ, барп, без, болп, борп, борс, борт, бұж, бұлт, бұрқ, бұлк, быж, бық, былқ, былт, былш, быр, бырқ, бырс, бырт, д а л п , даң, даңқ, дар, ду, дұң, дүңк, дүр, дүрс, дыз, дың, дыр, дік, дінк, дір, гу, гук, гүж, гүр, гүрс, елп, еңк, жалп, жалт, жамп, жап, жарқ, желп, жылп, жылт, жып, зар, зу, зың, зыр, зырқ, зірк, кит, күж, күмп, күңк, күр, күрк, күрс, күрт, кілк, кілт, кірт, қақ, қалт, қаңқ, қарқ, қарс, қарш, қиқ, қолқ, қолп, қомп, қоңқ, қор, қорқ, қорп, қорс, құқ, құж, қыж, қың, қылқ, қылп, қылт, қыңқ, қыр, қырт, қырш, лақ, лау, лұқ, лүп, лық, лып, маң, маңқ, морт, мүлт, мылт, мыңқ, мырс, пақ, парт, порт, пық, пыр, пырс, пырт, пыс, пыш, сақ, саңқ, салп, сап, сар, сарқ, сарт, сау, селк, селт, солк, су, сұлқ, сұңқ, сылқ, сылп, сылт, сымп, сыңқ, сып, сыр, тақ, таңқ, тап, тарп, тарс, тоқ, томп, тоңқ, топ, торс, тыз, тық, тымп, тың, тыңқ, тып, тырқ, тырп, тырс, тыс, шаж, шақ, шаң, шаңқ, шап, шар, шарт, шәңк, шәу, шолп, шор, шорт, шөп, шу, шұң, шұр, шұрқ, шұр, шұу, шыж, шылқ, шың, шылп, шым, шың, шыңқ, шып, шыр, шырқ, шырт, шіңк, үлп, үп, ыз, ық, ың, ыңқ, ыр, ырқ, ырр, ырс, ыс, ірк.

Негізгі түбір еліктеуіш сөздерге мыналар жатады:

Туынды еліктеуіш сөздер деп негізгі түбір еліктеуіш сөздерден және басқа атауыш сөздерден де тиісті жұрнақтар арқылы жасалған еліктеу сөздерді айтамыз. Туынды еліктеуіш сөздерге мыналар жатады: ағараң, адыраң, ала, алаң, алшан, арбан, арсалаң, арсаң, әкірең, бағжаң, бадыраң, бажалақ, бажалаң, бажан, бажбалаң, бажыраң, балпаң, барпаң, бедірең, болпаң, борсын, бортаң, бұлаң, бұлдыр, бұралаң, бұраң, бұртаң, бүгжең, бүгежен, бүкшен, бүкшін, бүрсен, быжың, былғаң, быртың, далаң, далбаң, далдаң, даңғыр, дардаң, делбең, домалаң, дікең, дыңғыр, едірең, елбең, елбек елбең елең, елпек, елпең, емпелең, емпең, ербең, жайқаң, жайнаң, жайпаң, жалақ, жалаң, жалбаң, жалмаң, жалпаң, жалтаң, жампаң, жарбаң, жаутаң, жортаң, жылмаң, жылмың, жылпың, жылтың, жымпың, жымың, жыпылық, жыртаң, жыртың, ирелең, иірең, иірен, кекен, кекшен, кемсең, көлбең, көлең, күбің, кілтiң, кірбең, қиралаң, қираң, қодыраң, қожалаң, қожыраң, қойқаң, қоқыраң, қолбаң, копаң, қорбаң, қоржаң, қорпаң, қорсаң, қортаң, құйтың, құнжың, құржаң, қидың, қызараң, қылаң, қылжаң, қылмаң, қылмың, қылтың, қытыр, маймаң, мырсын, одыраң, оралаң, салаң, салбаң, салпаң, салпақ, салтаң, саудыр, секең, селтек, селтең, серең, созалаң, сопаң, сораң, сумаң, сүмең, сықыр, сылаң, , сылдыр, сылтаң, сылтың, сыпсың, сытыр, тайраң, тарбалаң, тарбаң, тарсаң, телмен, тепең, тербең, томпаң, тоңқалаң, тықыр, тырбаң, шаңқаң, шоқаң, шолтаң, шошаң, шұбалаң, шықыр, шылдың, шылдыр, шiңгiр, ызың, ылпың, ырбаң, ыргалаң, ырғақ, ыржалаң, ыржаң, ыржың, ырсалаң, ырсаң, ырсын.

Туынды еліктеуіш сөздер түбір еліктеуіш сөздерден де (мысалы: *жалт-аң, салп-аң, селт-ең, томп-аң, сылт-ың, қорс-аң, кілт-iң, жым-ың, жамп-аң, ыз-ың*), өзге атауыш сөздерден де жасалады (мысалы: *адыр-аң, домала-ң, қира-лаң, қызар-аң, жорт-аң*).

Туынды еліктеуіш сөздер жасайтын жұрнақтар:

1.-ң, -iң, -ың, -аң, -ең жұрнағы. Осы жұрнақтармен мынадай еліктеуіш сөздер жасалады:

а) Негізгі еліктеуіш сөздер арқылы төмендегі еліктеуіш сөздер жасалынады: *жылп-ың, қалт-аң, қиқ-аң, қорс-аң, сылт-ың, селт-ең, тыр-аң, тарс-аң, томп-аң, балп-аң, шолт-аң, ырс-ың, кілт-iң, борс-ың*, т.б.

ә) Кейбір атауыш сөздер (есімдер мен етістіктер) арқылы жасалады: *бұра-ң, былға-ң, жала-ң, жалма-ң, жорт-аң, жырт-ың, иір-ең, қара-ң, қираң, көлбе-ң, қызар-аң*, т.б.

б) Кейбір жеке-дара қолданылмайтын тұлғалар. Бұл тұлғалар қазіргі уақытта өз алдына түбір сөз есебінде қолданылмайды, бірақ бұрын түбір еліктеуіш сөздер болған деген болжам бар. Оларға мынадай сөздер мысалы болады: *арб-аң (арбай), ерб-ең (ерби), жарб-аң (жарби), кірб-iң (кірби)*,

қорб-аң (қорби), жым-ың (жыми), ыр-ың (ырси, ырсию), тыр-аң (тыри, тыриган), бұрс-ең (бұрси, бұрсиме, бұрсию), салп-аң (салпи), қорс-аң (қорсима), сер-ең (серейме, серей), сид-аң (сиди, сида).

2. -лаң, -лең, -алаң, -елең жұрнақтары. Бұл жұрнақтар кейбір етістіктерге жалғанып, туынды еліктеуіш сөздер жасайды. Мысалы: бұр-алаң, иір-елең, соз-алаң, ора-лаң, қира-лаң, ырга-лаң т.б.

Күрделі түбір еліктеуіш сөздер сипаты

Күрделі еліктеуіш сөздер деп жалаң еліктеуіш сөздердің я негізгі, я туынды формаларының не қайталауы, не қосарлануы арқылы жасалған түрлерін айтамыз.

Күрделі еліктеуіш сөздер тілдегі қолданысында 6 түрлі лексика-грамматикалық тұлғалық топтарда қолданылады.

1-топ: Бір буынды бастапқы түбірдің сол тұлғасында қайталануынан жасалған күрделі еліктеуіш сөздер аңқ, ар-ар, арс-арс, аф-аф, әңк-әңк, баж-баж, бақ-бақ, балп-балп, барқ-барқ, барп-барп, без-без, борп-борп, борт-борт, бұж-бұж, бұлт-бұлт, бұрқ-бұрқ, бүлк-бүлк, быж-быж, бық-бық, былқ-былқ, былп-былп, былш-былш, быр-быр, бырқ-бырқ, бырс-бырс, бырт-бырт, гу-гу, гук-гук, гүж-гүж, гүр-гүр, гүрс-гүрс, дал-дал, далп-далп, даң-даң, дар-дар, дөңк-дөңк, ду-ду, дұң-дұң, дүңк-дүңк, дүр-дүр, дүрс-дүрс, дыз-дыз, дың-дың, дыр-дыр, дік-дік, діңк-діңк, дір-дір, елп-елп, еңк-еңк, жалп-жалп, жалт-жалт, жарқ-жарқ, желп-желп, жып, жылт-жылт, жып-жып, зар-зар, зу-зу, зың-зың, зыр-зыр, зырқ-зырқ, зірк-зірк, кеңк-кеңк, күж-күж, күмп-күмп, күңк-күңк, күрк-күрк, күр-күр, күрс-күрс, күрт-күрт, кілк-кілк, кірт-кірт, кірт-кірт, қаз-қаз, қақ-қақ, қалт-қалт, қалш-қалш, қаңк-қаңк, қарқ-қарқ, қарш-қарш, қиқ-қиқ, қолп-қолп, қомп-қомп, қоңк-қоңк, қорқ-қорқ, қор-қор, қорс-қорс, құж-құж, қыж-қыж, қыз-қыз, қылқ-қылқ, қылп-қылп, қылт-қылт, қылш-қылш, қыңк-қыңк, қыр-қыр, қырт-қырт, қырш-қырш, лақ-лақ, лап-лап, лау-лау, лек-лек, лүп-лүп, лық-лық, лып-лып, маңк-маңк, маң-маң, мыңк-мыңк, мырс-мырс, өңк-өңк, пақ-пақ, пар-пар, парт-парт, порт-порт, пық-пық, пыр-пыр, пырт-пырт, пыс-пыс, пыш-пыш, сақ-сақ, салп-салп, салп-салп, саңк-саңк, сарқ-сарқ, сарт-сарт, сарт-сарт, сау-сау, селк-селк, солк-солк, сұңк-сұңк, сық-сық, сылқ-сылқ, сылп-сылп, сың-сың, сыңк-сыңк, сып-сып, сыр-сыр, сырт-сырт, тай-тай, тақ-тақ, тап-тап, тарқ-тарқ, тарп-тарп, тарс-тарс, тоқ-тоқ, тоңк-тоңк, топ-топ, торс-торс, тыз-тыз, тық-тық, тр-тр, тырқ-тырқ, тырқ-тырқ, тырп-тырп, тыр-тыр, тырр-тырр, тырс-тырс, шақ-шақ, шалп-шалп, шаңк-шаңк, шап-шап, шарт-шарт, шир-шир, шәңк-шәңк, шәу-шәу, шиқ-шиқ, шолп-шолп, шор-шор, шу-шу, шүрқ-шүрқ, шүр-шүр, шүп-шүп, шыж-шыж, шық-шық, шылқ-шылқ, шым-шым, шым-шым, шың-шың, шыңк-шыңк, шып-шып, шырт-шырт, шыр-шыр, шіңк-шіңк, ызың-ызың, ыңк-ыңк, ырқ-ырқ, ыр-ыр, ірк-ірк

2-топ: Бір буынды бастапқы түбірдің қайталанған екінші сыңарындағы дауысты не дауыссыз бір дыбыстың өзгеріліп айтылуы арқылы жасалынған күрделі еліктеуіш сөздер алақ, алаң, алшан, аңқ-аңқ, ар-ар, арс-арс, арбаң, арсаң, арс-ұрс, аф-аф, әңк-әңк, бағжаң, баж-баж, бажан, баж-бұж, бақ-бақ, балпаң, балп-балп, барқ-барқ, барпаң, барп-барп, без-без, болпаң, борп-борп, борсын, борт-борт, боржаң, бұж-бұж, бұлаң, бұлдыр, бұлт-бұлт, бұраң, бұрқ, бұрқ-сарқ, бұртаң, бүгжең, бүкшің, бүлк-бүлк, бүрсең, быж-быж, быж-тыж, быжың, бық-бық, былғаң, былқ-былқ, былқ-сылқ, былп-былп, былш-былш, быр-быр, бырқ-бырқ, бырс-бырс, бырт-бырт, быртың, гу-гу, гук-гук, гүж-гүж, гүр-гүр, гүр-сар, гүрс-гүрс, далаң, далбаң, дал-дал, дал-дұл, далдаң, далп-далп, даң-даң, даң-дұң, даңғыр, дар-дар, дар-дұр, дардаң, делбең, дөңк-дөңк, ду-ду, дұң-дұң, дүңк-дүңк, дүр-дүр, дүрс-дүрс, дыз-дыз, дың-дың, дыңғыр, дыр-дыр, дік-дік, дікең, діңк-діңк, дір-дір, елбек, елбең, елең, елп-елп, елп-желп, елпең, еңк-еңк, ербең, жайқаң, жайнаң, жайпаң, жалаң, жалбаң, жалмаң, жалпаң, жалп-жалп, жалп-жұлт, жалтаң, жалт-жұлт, жампаң, жарбаң, жарқ-жырқ, жарқ-жұрқ, жаутаң, желп-желп, жортаң, жылмаң, жылымың, жылып-жылып, жылың, жылт-жылт, жылытың, жымың, жымың, жып, жыртаң, зар-зар, зу-зу, зың-зың, зырқ-зырқ, зірк-зірк, иірең, кекің, кекшең, кемсең, кеңк-кеңк, көлбең, көлең, күбің, күж-күж, күмп-күмп, күңк-күңк, күр-күр, күрк-күрк, күрс-күрс, күрт-күрт, кілк-кілк, кілтін, кірбең, кірт-кірт, кірш-кірш, қаз-қаз, қайқаң, қақаң, қақ-қақ, қалбақ, қалбаң, қалжан, қалт-қалт, қалт-құлт, қалш-қалш, қаңғыр, қаңк-қаңк, қаңк-құңк, қараң, қарқ-қарқ, қарш-қарш, қарш-құрш, қаудыр, қолбаң, қиқ-иқк, қиқан, қираң, қодан, қойқаң, қолбаң, қолп-қолп, комп-комп, коңк-коңк, қопан, қор-қор, қорбаң, қоржаң, қорқ-қорқ, қорпаң, қорсаң, қорс-қорс, қортаң, құж-құж, құйтың, құлдыр, құнжың, құржаң, қидың, қыж-қыж, қыз-қыз, қылаң, қылжаң, қылк-қылк, қылмаң, қылмың, қылып-қылып, қылт-қылт, қыр-қыр, қырт-қырт, қырш-қырш, қытыр, лақ-лақ, лап-лап, лау-лау, лек-лек, лүп-лүп, лып-лып, маймаң, маң-маң, мыңк-мыңк, мыңк, мырс-мырс, мырсың, мырыс, өңк-өңк, пақ-пақ, пар-пар, парт-парт, порт-порт, пық-пық, пыр-пыр, пырт-пырт, пыс-пыс, пытыр, пыш-пыш, сақ-сақ, сақ-сұқ, салаң, салбаң, салпаң, салп-салп, салтаң, самп-самп, саңк-саңк, саңк-сұңк, сарқ-сарқ, сарқ-сұрқ, сар-сар, сарт-сарт, сарт-сұрт, саудыр, сау-сау, секең, селк-селк, селтек, селтең, серең, солқ-солқ, сопаң, сораң, сумаң, сұңк-сұңк, сүмен, сық-сық, сықыр, сылдыр, сылаң, сылқ-сылқ, сылп-сылп, сылтаң, сылтың, сың-сың, сыңк-сыңк, сып-сып, сыжың, сыр-сыр, сырт-сырт, сытыр, тай-тай, тайраң, тақ-тақ, тақ-тұқ, тарс-тарс, тарс-тұрс, тасыр, тап-тап, тар-тар, тарбаң, тарқ-тарқ, тар-тұрқ, тарп-тарп, тарсаң, тарс-күрс, телмең, тербең, тепең, тоқ-тоқ, томпаң, тоңк-тоңк, топ-топ, торс-торс, тыз-тыз, тық-тық, тықыр, тыраң, тр-тр, тырбаң, тырқ-тырқ, тырң-тырң, тыр-тыр, тырр-тырр, тырс-тырс, шақ-шақ, шақ-шұқ, шалп-шалп, шалп-шұлт, шаңқаң, шаңк-шұңк, шаң-шұң, шалп-шалп, шалп-шұлт, шаңк-шаңк, шаң-шұң, шап-шап, шап-шұп, шар-шар, шарт-шарт, шарт-шұрт, шәңк-шәңк, шик-шик, шоқаң,

шолп-шолп, шолтаң, шор-шор, шошаң, шу-шу, шүрк-шүрк, шүр-шүр, шүп-шүп, шыж-быж, шыж-мыж, шық-шық, шықыр, шылдың, шылдыр, шылқ-былқ, шылқ-шылқ, шылп-шылп, шым-шым, шып-шып, шырт-шырт, шыр-шыр, шінгір, ызың, ылпың, ың-жың, ың-шың, ырғаң, ыңқ-ыңқ, ырбаң, ыржың, ырк-ырк, ырсаң, ырсың, ыр-ыр, ірк-ірк

3-топ: *Екі буынды бастапқы түбірдің сол тұлғасында қайталануынан жасалған күрделі еліктеуіш сөздер* ағараң-ағараң, адыраң-адыраң, алаң-алаң, алшаң-алшаң, арбаң-арбаң, арсалаң-арсалаң, арсаң-арсаң, әкірең-әкірең, бағжаң-бағжаң, бадыраң-бадыраң, бажалаң-бажалаң, бажаң-бажаң, бажыраң-бажыраң, балпаң-балпаң, бедірең-бедірең, бортаң-бортаң, бұлаң-бұлаң, бұлғаң-бұлғаң бұлтың-бұлтың, бұлың-бұлың, бұралаң-бұралаң, бұраң-бұраң, бұртаң-бұртаң, бүгжең-бүгжең, бүгежең-бүгежең, бүкшең-бүкшең, бүкшің-бүкшің, бүрсең-бүрсең, быжың-быжың, быртың-быртың, далаң-далаң, далбаң-далбаң, далдаң-далдаң, делбең-делбең, домалаң-домалаң, дікең-дікең, дікің-дікің, едірең-едірең, елбең-елбең, елбелең-елбелең, елең-елең, елпең-елпең, емпең-емпең, ербелең-ербелең, ербең-ербең, ерсең-керсең, жалаң-жалаң, жалбаң-жалбаң, жалмаң-жалмаң, жалпаң-жалпаң, жалтаң-жалтаң, жарбаң-жарбаң, жаутаң-жаутаң, желбең-желбең, желең-желең, жортаң-жортаң, жылмаң-жылмаң, жылмың-жылмың, жылтың-жылтың, жымың-жымың, жыртаң-жыртаң, жыртың-жыртың, имең-имең, ирелең-ирелең, кемсең-кемсең, кердең-кердең, китің-китің, көлбең-көлбең, көлең-көлең, күбің-күбің, күйбең-күйбең, күлмең-күлмең, кілтің-кілтің, кіржің-кіржің, қадаң-қадаң, қайқаң-қайқаң, қақаң-қақаң, қалбалаң-қалбалаң, қалбаң-қалбаң, қалпаң-қалпаң, қалтаң-қалтаң, қараң-қараң, қауаң-қауаң, қикаң-қикаң, кипаң-кипаң, қиралаң-қиралаң, қодаң-қодаң, қодыраң-қодыраң, қожаң-қожаң, қожыраң-қожыраң, қойқаң-қойқаң, қоқаң-қоқаң, қокшыраң-қокшыраң, қокыраң-қокыраң, қолбаң-қолбаң, қопаң-қопаң, қорбаң-қорбаң, қортаң-қортаң, қутаң-қутаң, қутың-қутың, құйтың-құйың, құнжың-құнжың, құржаң-құржаң, құржың-құржың, қыдың-қыдың, қызараң-қызараң қылаң-қылаң қылжаң-қылжаң қылмаң-қылмаң қылмың-қылмың, қылтың-қылтың маймаң-маймаң малжаң-малжаң, мәймаң-мәймаң, митың-митың, мұқың-мұқың, одыраң-одыраң, өңкең-өңкең, салаң-салаң, салбаң-салбаң, салпаң-салпаң, салтаң-салтаң, секең-секең, селтең-селтең, серең-серең, сипаң-сипаң, сойдаң-сойдаң, сопаң-сопаң, сораң-сораң, сумаң-сумаң, сүмең-сүмең, сүмелең-сүмелең, сыйдаң-сыйдаң, сылаң-сылаң, сыпсың-сыпсың, тайраң-тайраң талтаң-талтаң, тарбаң-тарбаң, телмең-телмең, тепең-тепең, томпаң-томпаң, тылтың-тылтың, тымпың-тымпың, тырбаң-тырбаң, тырбың-тырбың, шоқаң-шоқаң, шошаң-шошаң, ырбаң-ырбаң, ырғаң-ырғаң, ыржалаң-ыржалаң, ыржаң-ыржаң, ыржың-ыржың, шүпір-шүпір, шықыр-шықыр, шылдыр-шылдыр, шылдыр-шөлдір, шінгір-шінгір.

4-топ: Екі буынды бастапқы түбірдің қайталанған екінші сыңарындағы дауысты не дауыссыз бір дыбыстың өзгертіліп айтылуы арқылы немесе ол екінші сыңарға бір-екі дауысты-дауыссыз дыбыстардың қосылып айтылуы арқылы жасалынған күрделі еліктеуіш сөздер: алаң-бұлаң, алақ-жалақ, алаң-алаң, алаң-бұлаң, алшаң-алшаң, апыл-тапыл, арбаң-арбаң, арбаң-ербең, арбаң-кұрбаң, арпыл-тарпыл, арса-арса, арсаң-арсаң, асыр-тасыр, асыр-тұсыр, әңкі-тәңкі, эптар-тәптар, бағжаң-бағжаң, бажаң-бұжаң, балдыр-балдыр, балдыр-бұлдыр, балпаң-балпаң, бығыр-бығыр, батыр-бұтыр, батыр-пұтыр, бортаң-бортаң, будақ-будақ, бұлаң-бұлаң, бұлғаң-бұлғаң, бұлдыр-бұлдыр, бұлтың-бұлтың, бұлтаң-сылтаң, бұлтың-сылтың, бұлың-бұлың, бұраң-бұраң, бұртаң-бұртаң, бұртаң-жыртаң, бүгжең-бүгжең, бүкшең-бүкшең, бүкшің-бүкшің, бүрсең-бүрсең, быжың-быжың, быжың-тыжың, бықыр-бықыр, былдыр-былдыр, быртың-быртың, дабыр-дұбыр, далаң-далаң, далаң-дұлаң, далбаң-дұлбаң, далбаң-далбаң, далдаң-далдаң, далдаң-дұлдаң, дардаң-дұрдаң, делбең-делбең, дүрік-дүрік, дыңғыр-дыңғыр, дікең-дікең, дірдек-дірдек, елбең-елбең, елбең-желбең, елең-алаң, елең-елең, елпең-елең, елпең-селпең, ербең-ербең, жабыр-жұбыр, жалақ-жалақ, жалақ-жұлақ, жалба-жұлба, жалбаң-жалбаң, жалбыр-жалбыр, жалбыр-жұлбыр, жалмаң-жалмаң, жалпаң-жалпаң, жалтақ-жалтақ, жалтаң-жалтаң, жалтаң-жұлтаң, жапыр-жұпыр, жарбаң-жарбаң, жаутаң-жаутаң, желбең-желбең, желең-желең, жортаң-жортаң, жымың-жымың, жылың-жылың, жыпыр-жыпыр, жыртаң-жыраң, жыртың-жыртың, имең-имең, кекең-секең, кемсең-кемсең, кердең-кердең, керсең-керсең, китің-китің, көлең-көлең, көлбең-көлбең, күбің-күбің, китің-китің, күйбең-күйбең, күлмең-күлмең, кілтің-кілтің, кіржің-кіржің, кілтің-кілтің, кіржің-кіржің, қадаң-қадаң, қайқаң-қайқаң, қайқаң-құйқаң, қақаң-қақаң, қақ-сұқаң, қалбаң-қалбаң, қалдыр-құлдыр, қалдыр-шұлдыр, қалтаң-қалтаң, қалтаң-құлтаң, қаңғыр-даңғыр, қаңғыр-күңгір, қаңғыр-гүңгір, қапыл-құпыл, қараң-қараң, қараң-құраң, қарбаң-құрбаң, қатырқатыр, қатыр-құтыр, қаудыр-қаудыр, қаужаң-қаужаң, қашыр-қашыр, қашыр-құшыр, қикаң-қикаң, қикаң-сикаң, қипақ-қипақ, қипаң-қипаң, қипаң-сипаң, кодаң-кодаң, қожаң-қожаң, қойқаң-қойқаң, қойқаң-сойқаң, қолбаң-қолаң, компаң-қомпаң, қопаң-қопаң, қорбаң-қорбаң, қортаң-қортаң, қутың-қутың, құйтың-құйтың, құлдыр-шұлдыр, құржаң-құржаң, құнжың-құнжың, қыбыр-жыбыр, қыбыр-сыбыр, қыдың-қыдың, қылаң-қылаң, қылаң-сылаң, қылжаң-қылжаң, қылмың-қылмың, қылтың-сылтың, қтыр-қытыр, маймаң-маймаң, малжаң-малжаң, мәймаң-мәймаң, митың-митың, мұқың-мұқың, міңгір-міңгір, олтаң-солпаң, өңкең-өңкең, патыр-патыр, патыр-пұтыр, пытыр-пытыр, сақұр-сұқыр, салақ-салақ, салаң-салаң, салаң-сұлаң, салбаң-салбаң, слдыр-гүлдір, салдыр-күлдір, салдыр-сұлдыр, салпаң-салпаң, самбыр-самбыр, самбыр-күмбір, сатыр-күтір, сатыр-сатыр, сатыр-сұтыр, саудыр-саудыр, секең-секең, селтең-селтең, серең-серең, сипаң-сипаң, сойдаң-сойдаң, соқақ-соқақ, сопаң-сопаң,

сораң-соран, сорап-сорап, судыр-судыр, сумаң-сумаң, сүмең-сүмен, сыбдыр-сыбдыр, сыбыр-күбір, сыбыр-сыбыр, сыйдаң-сыйдаң, сықыр-сықыр, сылаң-сылаң, сылдыр-сылдыр, сылдыр-күлдір, сыпсың-сыпсың, сытыр-сытыр, тайраң-тайраң, талтаң-талтаң, тапыр-тұпыр, тарбаң-тарбаң, тасыр-тұсыр, телмең-телмең, тепең-тепең, томпаң-томпаң, тықыр-тықыр, тымпың-тымпың, тырбаң-тырбаң, шақұр-шұқыр, шаңғыр-шалдыр, шапыр-шапыр, шатыр-шұтыр, шоқаң-шоқаң, шүпір-шүпір, шықыр-шықыр, шылдыр-шылдыр, шымыр-шымыр, шінгір-шінгір, ызу-қию, ызың-ызың, ылпың-жылпың, ырбаң-жырбаң, ырбаң-ырбаң, ырғаң-ырғаң, ыржың-тыржың.

5-топ: *Үш буынды бастанқы түбірдің сол тұлғасында қайталануына жасалған күрделі еліктеуіш сөздер* бажалақ-бажалақ, бажалаң-бажалаң, жыпылық-жыпылық.

6-топ: *Үш буынды бастанқы түбірдің қайталаған екінші сыңарында бір дауыссыз дыбыстың қосылып айтылуы арқылы жасалынған күрделі еліктеуіш сөздер* ағараң-ағараң, адыраң-адыраң, апырақ-тапырақ, арсалаң-арсалаң, әкірең-әкірең, бадыраң-бадыраң, бажалақ-бажалақ, бажыраң-бажыраң, бүгежең-бүгежең, домалаң-домалаң, едірең-еірең, жыпылық-жыпылық, елбелең-елбелең, емпелең-емпелең, ербелең-ербелең, ирелең-ирелең, қалбалақ-қалбалақ, қиралаң-қиралаң, қиралаң-сиралаң, қодыраң-қодыраң, қожыраң-қожыраң, қоқыраң-қоқыраң, қоқшырақ-қоқшыра, қызараң-қызараң, одыраң-одыраң, сүмелең-сүмелең, ырғалаң-жырғалаң, ыржалаң-ыржалаң.

Еліктеуіш сөздердің лексика-грамматикалық көрінісі

Қазақ тіліндегі имитатив категориясы тек бір тілге ғана тән жалқы категория емес, ол түркі тілдерінің баршасына тән, тіпті олардан басқа да көптеген тілдерде кездесетін әмбебап құбылыс дедік. Осыған байланысты жалпы осы құбылысқа бағышталған зерттеулердің қол жеткендеріне тоқталып шолу жасауды, олардың ортақ заңдылықтар мен айырмашылықтарын ашуға тырысамыз.

Әрбір тіл – өзі қызмет ететін қауымның мүддесін тиімді де толық атқару үшін ылғи да сол қауымның өзімен бірге дамып, жаңғырып-жаңаланып, толассыз толығып отыратын жанды құбылыс. Ал, сол тілдің тұрақты дамып отыруының бір бұлағы – **сөзжасам процесі**. Тілдің жаңа сөздермен толығып отыруы ғасырлар бойы қалыптасқан әр алуан **сөзжасам тәсілдеріне** байланысты.

Кез келген тілде **сөзжасам тәсілі**, бір жағынан, негізгі сөздік қоры мен грамматиканы байланыстырушы көпір іспетті қызмет атқарса, екінші жағынан, жаңа сөз құраушы элементтердің өзара байланысы мен тұлғасын (формасын) анықтаушы құрылымдық жүйесіне жатады. Демек, әрбір тілге тән сөзжасам

тәсілдерін айқындау – сол тілдің барша құрамдық (структуралық) болмысын, тілдік табиғатын танып-білу деген сөз.

Әрбір тілдің өзіне ғана тән, не бір топ туыс тілдерге ортақ сөзжасам тәсілдері болады. Демек, бұл – кез келген сөзжасам тәсілінің ортақ ерекшеліктерімен қатар, өзіндік айырмашылықтарының да болуы мүмкін деген сөз. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қос сөздердің жасалу тәсілдері кейбір тілдерге тән өзіндік ерекшеліктері бола тұрса да, түркі тілдерінің баршасына ортақ құбылыс.

Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің баршасы өзара мағынасына, өзі қатысты болмыстағы тақырыбына қатысты жасалу жағынан, «бір қазанда қайнаған» біртұтас құбылыс ретінде, ортақ сөзжасам модельдері арқылы жүзеге асады. Енді бұл мәселеге кеңінен тоқталу жөн деп тауып, олардың синтетикалық, аналитикалық сөзжасам үлгілерін төменде бөліп қарастырмақпыз.

Еліктеуіш сөздер категориясында қалыптасқан екі түрлі сөзжасам моделінің көне түріне ғалымдар синтетикалық, яғни грамматикалық көрсеткіштер арқылы жүзеге асатын сөзжасам моделін жағқызады. Бұл тұжырымның дұрыстығын басқа сөз таптарына қарағанда еліктеуіштер арқылы айқын да нақтылы дәлелдеуге болады. Енді осы сөзжасам үлгілерінің біз қарастырып отырған еліктеуіш сөздердің үлгілерін алып, бас-аяғын жинақтап, бір жүйеге салып қарайтын болсақ, қазақ тіліндегі іс-әрекет, қимыл-қозғалыстар мен қалып-күйді білдіретін еліктеуіш, елестеуіш және бейнелеуіш етістіктердің 11 сөзжасам модельдері анықталды.

БІРІНШІ МОДЕЛЬ

-ақ+та-//ек+те-; -ық+та-//-ік+те-:

А: *абалақта-, айтақта-, алақта-, апақта-, апалақта-, апырақта-;*
Ә: *әкіректе-; Б:* *бажсалақта-, безекте-, бұлғақта-, бұлтақта-, бұлкекте-, былғақта-, былдырақта-; Д:* *далақта-, дедекте-, дірдекте-; Е:* *елбекте-, ебелекте-, елпекте-; Ж:* *жайнақта-, жсалақта-, жсалбалақта-, жсалпақта-, жалтақта-, жапақта-, жапалақта-, жсарбақта-, жсарбалақта-, жортақта-, жылмақта-, жытылықта-, жырбақта-, жыртақта-; И:* *изекте-, итекте-; К:* *кекшекте-, көкекте-, көлбекте-, көлбелекте-, күбжекте-, күйбекте-, күйгелекте-, кібіртікте-; Қ:* *қайқақта-, қақшақта-, қалбақта-, қалбалақта-, қалжсқақта-, қалтақта-, қалтырақта-, қалықта-, қаңғалақта-, қапалақта-, қибыжықта-, қипақта-, қойқақта-, қоқақта-, қопалақта-, қыбыжықта-, қызақта-, қылжсқақта-, қылтақта-, қытылықта-, қытықта-; М:* *мылжсалақта-, Ө:* *өкпекте-, өкіректе-; П:* *пыштақта-; С:* *салақта-, салпақта-, салпаңда-, салтақта-, сандырақта-, сапақта-, сатқақта-, сатпақта-, секекте-, селтекте-, сөлпекте-, сұқақта-, сүмелекте-, сыздықта-, сыйпақта-, сықыллықта-, сылтықта-; Т:* *тайсақта-, тақақта-, талтақта-, тапырақта-, тарбақта-, тәлтекте-, тәлтіректе-, текекте-, текіректе-, титақта-,*

тоқпақта-, тоқырақта-, тұшитақта-, тызақта-, тықақта-, тырбақта-, тыржақта-, тыртақта-, тышырақта-, тікекте-; **Ү:** үлпекте-, үлпелекте-; **Ш:** шайқақта-, шайқалақта-, шалғалақта-, шалқақта-, шалықта-, шапалақта-, шарықта-, шойтақта-, шоқақта-, шоқалақта-, шоқшаңда-, шолталақта-, шыбжақта-, шыбжықта-, шыжбақта-, шыжбалақта-, шыжсалақта-, шыжбықта-, шықылықта-, шікіректе-; **Ы:** ыргақта-, ыргалақта-, ыржақта-;

ЕКІНШІ МОДЕЛЬ

-аң+да- // -ең+де-; -ың+да- // -ің+де-:

А: абалаңда-, адыраңда-, ажыраңда-, ақсаңда-, ақшаңда-, ақыраңда-, алаңда-, албалаңда-, албаңда-, алпаңда-, алашаңда-, аңқалаңда-, аңқаңда-, аңыраңда-, апалаңда-, апаңда-, апыраңда-, арбаңда-, арсаңда-, арсалаңда-; **Ә:** әкіреңде-; **Б:** бағжаңда-, бадыраңда-, бажаңда-, бажыраңда-, байпаңда-, бақыраңда-, балпаңда-, барбаңда-, барпаңда-, бедіреңде-, безеңде-, бпыңда-, бодыраңда-, болпаңда-, борпаңда-, борсаңда-, бортаңда-, бұлаңда-, бұлғалаңда-, бұлғаңда-, бұлдыраңда-, бұлталаңда-, бұлтаңда-, бұлтыңда-, бұлыңда-, бұралаңда-, бұраңда-, бұртаңда-, бұртыңда-, бүгжеңде-, бүкеңде-, бүкшеңде-, бүкіреңде-, бүрселеңде-, бүрсеңде-, быжыңда-, быйпыңда-, былғаңда-, былпыңда-, быртыңда-; **Д:** далаңда-, далбалаңда-, далбаңда-, дарбаңда-, дәлдіңде-, делбеңде-, делдеңде-, делеңде-, долбаңда-, домалаңда-, дызыңда-, дікеңде-; **Е:** ебелеңде-, едіреңде-, ежіреңде-, елбелеңде-, елбеңде-, елеңде-, елпелеңде-, елпеңде-, елпелеңде-, елтеңде-, емпелеңде-, емпеңде-, еңкеңде-, епелеңде-, ербелеңде-, ербеңде-; **Ж:** жайқаңда-, жайпаңда-, жайраңда-, жайтаңда-, жалаңда-, жалбалаңда-, жалбаңда-, жалмаңда-, жалпаңда-, жалтаңда-, жантаңда-, жарбалаңда-, жарбаңда-, жаутаңда-, жәутеңде-, желбеңде-, желпеңде-, жылмаңда-, жылтаңда-, жылпыңда-, жылтыңда-, жымпыңда-, жымыңда-, жырбаңда-, жырбыңда-, жыртаңда-, жыртыңда-; **З:** зықаңда-, зыпыңда-, зікеңде-; **И:** изеңде-, имеңде-, иреңде-, иреңде-, итеңде-, итіңде-; **К:** кегжеңде-, кездеңде-, кейкеңде-, кекеңде-, кекшеңде-, кекіреңде-, кемсеңде-, кербеңде-, кердеңде-, көлбеңде-, көлеңде-, көстеңде-, күбжеңде-, күжіреңде-, күжіріңде-, күйбеңде-, күлмеңде-, күржеңде-, күржіңде-, кідіңде-, кіжіңде-, кірбеңде-, кірбіңде-, кіржіңде-; **Қ:** қадаңда-, қаздаңда-, қайқаңда-, қақаңда-, қақшаңда-, қалбалаңда-, қалбаңда-, қалжаңда-, қалжыңда-, қалтаңда-, қарбалаңда-, қарбаңда-, қаужаңда-, қиқалаңда-, қиқаңда-, қипаңда-, қиралаңда-, қираңда-, қисалаңда-, қисаңда-, қодаңда-, қодыраңда-, қожжаңда-, қойқаңда-, қоқаңда-, қоқыраңда-, қолпаңда-, қомпалаңда-, қомпаңда-, қонжыңда-, қонаңда-, қорбалаңда-, қорбаңда-, қортаңда-, қутыңда-, құйтыңда-, құнжыңда-, құнтаңда-, құнтыңда-, құржаңда-, құржыңда-, қыбжыңда-, қыдыңда-, қыжыңда-, қылаңда-, қылжалаңда-, қылжаңда-, қылжыңда-, қылқыңда-, қылмаңда-, қылмыңда-,

қылпыңда-, қылтыңда-, қыңқылда-, қыпыңда-, қыраңда-, қыржыңда-, қыртыңда-; **Л:** лекеңде-, лелеңде-, лықылда-, лыпылда-, лыпыңда-; **М:** маймаңда-, майпаңда-, малжаңда-, меймеңде-, митыңда-, мөлтеңде-, мүкшеңде-, мыжыңда-, мыжыраңда-, мықшаңда-, мықшыңда-, мылжыңда-, мыржыңда-; **Н:** нықаңда-; **О:** одыраңда-, ожыраңда-, ойпаңда-, оқшаңда-, оқыраңда-, опыраңда-; **Ө:** өкіреңде-, өңмеңде-, өңкеңде-; **С:** сайраңда-, салаңда-, салпаңда-, секеңде-, селтеңде-, селтеңде-, сепелеңде-, сербеңде-, сербелеңде-, сереңде-, сойдаңда-, солаңда-, сопаңда-, сораңда-, сөлеңде-, сөлтеңде-, сумаңда-, сусылда-, сүйреңде-, сүйрелеңде-, сүмелеңде-, сүмеңде-, сүмсеңде-, сүмпеңде-, сүміреңде-, сығыраңда-, сыйдаңда-, сыйпаңда-, сықсыңда-, сылаңда-, сылтыңда-, сылтыңда-, сымпыңда-, сыпсаңда-, сыпсыңда-, сыпыңда-; **Т:** тайқаңда-, тайсаңда-, тайпаңда-, тайраңда-, тайтаңда-, талпаңда-, талтаңда-, тампаңда-, тапыраңда-, тасыраңда-, тарбаңда-, тарпаңда-, тәрпеңде-, текеңде-, текіреңде-, телмеңде-, теңкеңде-, тепеңде-, тереңде-, тесіреңде-, титыңда-, тойпаңда-, тойтаңда-, тоқыраңда-, томпаңда-, томсаңда-, тоңқаңда-, торсаңда-, тұқшыңда-, тұқыраңда-, тұшталпаңда-, тұштаңда-, тыжыраңда-, тықаңда-, тықыраңда-, тылтыңда-, тымпыңда-, тымыраңда-, тыраңда-, тырбаңда-, тырбыңда-, тыржаңда-, тыржыңда-, тыртаңда-, тыртыңда-, тыштақта-, тыштаңда-, тышыраңда-, тікеңде-, тікіреңде-; **Ш:** шалаңда-, шайқалаңда-, шақшаңда-, шақыраңда-, шалқаңда-, шартаңда-, шәутеңде-, шелтеңде-, шермеңде-, шертеңде-, шойтаңда-, шойқаңда-, шойраңда-, шоқалаңда-, шоқаңда-, шоқшаңда-, шоқыраңда-, шолжаңда-, шолтаңда-, шолталаңда-, шоңқаңда-, шошаңда-, шәмпеңде-, шұбалаңда-, шұқшыңда-, шұқыңда-, шұнаңда-, шүңіреңде-, шыжбалаңда-, шыжсалаңда шолтаңда-,-, шыбжаңда-, шыбжыңда-, шыжбаңда-, шікіреңде-, шілтеңде-; **Ы:** ызыңда-, ылпыңда-, ырбаңда-, ырбыңда-, ыргалаңда-, ыргаңда-, ыржсалаңда-, ыржаңда-, ыржыңда-, ырсыңда-;

ҮШІНШІ МОДЕЛЬ

-ай- // -ей-

А: адырай-, ажсырай-, ақырай-, аңқай-, аңырай-, арбай-; **Ә:** әкірей-; **Б:** бадырай-, бажсырай-, бақырай-, бедірей-, безірей-, бүкірей-; **Д:** дүкірей-; **Е:** едірей-, ежірей-, еңкей-; **Ж:** жалтай-, жарбай-; **К:** кекірей-, күдірей-, күжірей-; **Қ:** қайқай-, қақырай-, қалқай-, қаңқай-, қасқай-, қауқай-, қобырай-, қоқырай-, қоңқай-, қыйсай-, қыңырай-; **М:** меңірей-, мыжсырай-, мықырай-; **О:** одырай-, ожырай-, оқшырай-, оқырай-; **Ө:** өкірей-; **С:** секей-, серей-, солбырай-, сопай-, сорай-, сөлбірей-, сөлти-, сүмірей-, сығырай-, сілей-; **Т:** тасырай-, талтай-, тесірей-, томпай-, томсырай-, тоңқай-, тосырай-, тұқшырай-, тыжырай-, тымырай-, тырай-, тысырай-, тікірей-; **Ү:** үдірей-, үңірей-; **Ш:** шадырай-, шақырай-, шалқай-, шодырай-, шоңқай-, шошай-, шүңірей-, шідірей-, шікірей-;

ТӨРТІНШІ МОДЕЛЬ**-ар- // -ер-, -ыр- // -ір-**

А: ақыр-; **Б:** бақыр-, бөзер-, бұлтар-; **Ж:** жалтар-, жекір-; **К:** кекір-; **Қ:** қақыр-, қышқыр-; **Л:** лепір-; **М:** маңыр-; **О:** осыр-, осыр-; **Ө:** өкір-; **П:** пысқыр-; **С:** секір-; **Ы:** ысқыр-;

БЕСІНШІ МОДЕЛЬ**-и(ый)- // -и(ій)-**

А: ақи-, ақси-, ақши-, аңқи-, арби-; **Ә:** әңқи-; **Б:** бағжси-, бажжси-, балти-, балиши-, барби-, батти-, борси-, бұлти-, бұрти-, бүгжси-, бүкси-, бүкши-, бүрси-, былиши-, быржси-, бырти-, быриши-, бытти-; **Д:** далби-, далди-, дали-, дарби-, дәлди-, делди-, дели-, деңқи-, дорби-, дөңқи-, дүңқи-, дүрди-; **Е:** елти-, еңқи-, ерби-; **Ж:** жайти-, жарби-, жылми-, жылти-, жырби-, жырти-; **З:** зеңқи-; **К:** кегжси-, кейки-, кеки-, кекиши-, кеңқи-, көки-, күржси-, кілби-, кілми-, кірби-, кірти-; **Қ:** қазди-, қайқи-, қақи-, қақши-, қалби-, қампи-, қасқи-, қауқи-, қаути-, қоқи-, қомпи-, қонжси-, қоңқи-, қорби-, қоржси-, құнжси-, құржси-, қыди-, қыйқи-, қылжси-, қылқи-, қылыми-, қылтаи-, қыржси-, қырти-; **М:** майми-, маңқи-, мәңқи-, мелши-, монти-, мөли-, мөлти-, мүкиши-, мыңқи-, мыржси-; **О:** оқиши-, олти-, омпти-; **Ө:** өңқи-; **С:** салқи-, саңқи-, сапси-, сәңқи-, секи-, секиси-, селти-, сойди-, солти-, сомпи-, сопси-, сости-, сөлби-, сөлти-, сұсти-, сүмпи-, сүмси-, сүңқи-, сыйди-, сықи-, сықси-, сылқи-, сылтаи-, сымпи-, сыти-, сыпси-; **Т:** тайқи-, тайти-, тақи-, талпи-, тампи-, тарби-, талти-, тәмпи-, тәшти-, теңқи-, томпи-, торси-, тұқши-, тұшти-, түки-, түкси-, тызди-, тылтаи-, тымпи-, тыңқи-, тырби-, тыржси-, тыри-, тырси-, тырти-, тышти-, тікси-; **Ү:** үрп-; **Ш:** шақи-, шалжси-, шалқи-, шарти-, шәйни-, шәнди-, шәни-, шәнти-, шәути-, шәуши-, шедірей-, шелти-, шерми-, шерти-, шолжси-, шоқи-, шоқши-, шоңқи-, шөки-, шөмпти-, шұқши-, шұнти-, шүмпи-, шүңқи-, шүрти-, шырти-, шікірей-, шілби-, шілти-; **Ы:** ызди-, ыңқи-, ырби-, ыржси-, ырси-; **І:** ілби-, ілми-;

АЛТЫНШЫ МОДЕЛЬ**-ла-// -ле-; -да-// -де-; -та-// -те-;**

А: абала-, айқайла-, алаула-, аһала-; **Б:** бебеуле-, бозда-; **Г:** гөй-гөйле-, гуле-; **Д:** дула-; **Ж:** жыла-; **З:** зарла-, заула-, зула-, зырла-; **Ө:** өзеуле-; **К:** кеуле-; **Қ:** қаула-, қиқула-, қозда-, құр-құрла-, қыңсыла-; **Л:** лаула-; **М:** мазда-; **П:** парла-; **С:** саула-, сула-; **Т:** тула-, тыраула-; **Ш:** шалқала-, шапқыла-, шула-; **Ы:** ымда-;

ЖЕТІНШІ МОДЕЛЬ**-на- // -не-;**

А: азына-; **Б:** быжсына-; **Ж:** жайна-; **К:** керне-; **Қ:** қайна-, құжсына-, қырна-; **О:** ойна-; **П:** пысына-; **С:** сарна-; **Т:** тырна-;

СЕГІЗІНШІ МОДЕЛЬ**-ыл+да- // -іл+де-;**

А: абдырла-, ажылда-, алқылда-, аңқылда-, арпылда-, арсылда-,

арылда-; **Ә:** әңкілде-, әуілде-; **Б:** бажылда-, бақылда-, балпылда-, балишылда-, бапылда-, барқылда-, барпылда-, бартылда-, барылда-, баупылда-, безілде-, бипылда-, божылда-, борпылда-, лда-борсылда-, бортылда-, борылда-, бұжылда-, бұлтылда-, бұрқы, бүлкілде-, быжылда-, бызылда-, бықылда-, былқылда-, былпылда-, былшылда-, бырқылда-, бырсылда-, быртылда-, бырылда-, бытпылда-; **Г:** гүілде-, гүжілде-, гүмнілде-, гүрсілде-, гүрілде-; **Д:** дабылда-, далпылда-, даңылда-, дарқылда-, дарылда-, дөңкілде-, дуылда-, дүмнілде-, дүңкілде-, дүңілде-, дүркілде-, дүрсілде-, дүрілде-, дызылда-, дыңылда-, дырылда-, дікілде-, діңкілде-, діңілде-, дірілде-; **Е:** еңкілде-, елтілде-; **Ж:** жалпылда-, жалтылда-, жарқылда-, желкілде-, желтілде-, желтілде-, жөңкілде-, жылпылда-, жылтылда-, жытылда-, жырқылда-; **З:** зарылда-, зуылда-, зыңқылда-, зыңылда-, зытылда-, зырқылда-, зырылда-, зіркілде-; **К:** кәукілде-, кеңкілде-, көлкілде-, күжілде-, күлтілде-, күлтілде-, күмнілде-, күңкілде-, күңілде-, күркілде-, күрпілде-, күрсілде-, күртілде-, күрілде-, кіжілде-, кілкілде-, кілтілде-, кіркілде-, кіртілде-, кіршілде-, кітірле-; **Қ:** қақылда-, қалтылда-, қалишылда-, қаңқылда-, қарқылда-, қаршылда-, қауқылда-, қиқылда-, қолпылда-, қолтылда-, қомпылда-, қоңқылда-, қорқылда-, қорсылда-, қортылда-, қорылда-, құжылда-, құрқылда-, құрылда-, қыжылда-, қылқылда-, қылпылда-, қылышылда-, қыңқылда-, қытылда-, қырылда-, қытылда-; **Л:** лақылда-, лапылда-, лауылда-, лекілде-, лепілде-, лоқылда-, лүпілде-, лықылда-, лыпылда-; **М:** малшылда-, маңқылда-, мортылда-, мөлтілде-, мыңқылда-, мырқылда-, мырсылда-; **Ө:** өңкілде-; **П:** парылда-, порылда-, пырылда-, пысылда-, пышылда-; **С:** сақылда-, салқылда-, салпылда-, сампылда-, санқылда-, саңқылда-, сапылда-, сарқылда-, сартылда-, сарылда-, саусылда-, селкілде-, солқылда-, сусылда-, суылда-, сұңқылда-, сылқылда-, сылтылда-, сымпылда-, сыңқылда-, сыпылда-, сырпылда-, сыртылда-, сырылда-; **Т:** тақылда-, таңқылда-, тарқылда-, тарпылда-, тарсылда-, тарылда-, тоқылда-, томпылда-, тоңқылда-, топылда-, торсылда-, тызылда-, тықылда-, тымпылда-, тыңқылда-, тыпылда-, тырпылда-; **Ү:** үлтілде-, үлділде-, үрілде-; **Ш:** шажылда-, шақылда-, шалпылда-, шаңқылда-, шаңылда-, шапылда-, шартылда-, шарылда-, шәкілде-, шәңкілде-, шәуілде-, шиқылда-, шолпылда-, шорылда-, шуылда-, шұрқылда-, шұрылда-, шүңкілде-, шүпілде-, шыжылда-, шықылда-, шылқылда-, шылпылда-, шыңылда-, шытылда-, шыртылда-, шырылда-, шікілде-, шіңкілде-, шінілде-; **Ы:** ызылда-, ылпылда-, ыңқылда-, ыңылда-, ыпылда-, ырқылда-, ырсылда-, ырылда-, ысылда-; **І:** ілтілде-, іркілде-;

ТОҒЫЗЫНШЫ МОДЕЛЬ

-ыр+а- // -ір+е-:

А: абдыра-, аңыра-; **Б:** балбыра-, барқыра-, болбыра-, бұлдыра-, бұрқыра-,

былбыра-, былжыра-, бырқыра-, бытыра-; **Д:** дабдыра-, даңғыра-, дудыра-, дүркіре-, дыңғыра-; **Ж:** жадыра-, жалбыра-, жамыра-, жарқыра-, жаудыра-, жәудіре-, желбіре-; **К:** көлдіре-, күлдіре-, күркіре-, кіркіре-; **Қ:** қалжыра-, қалтыра-, қаңғыра-, қаңыра-, қаудыра-, қаужыра-, қолбыра-, қорқыра-, құлдыра-, қылжыра-; **М:** маңыра-, маужыра-, мөлдіре-, мөңіре-, мыңғыра-, міңгірле-; **С:** салбыра-, самбырла-, сансыра-, сарқыра-, саудыра-, селдіре-, солбыра-, судыра-, сылбыра-, сырқыра-, сіркіре-; **Т:** тентіре-, тұқыра-, тырқыра-, тітіре-; **Ш:** шарқыра-, шұрқыра-, шырқыра-; **Ы:** ыбыра-, ылбыра-;

ОНЫНШЫ МОДЕЛЬ

-ыр+ла- // -ір+ле-:

А: абдыра-, **Б:** балдыра-, быжыра-, былдыра-, бытыра-; **Г:** гүлдірле-, гүмбірле-, гүрсілде-; **Д:** дабдыра-, дабыра-, далдыра-, дамбыра-, даңғыра-, даудыра-, дәлдірле-, дәудірле-, дүбірле-, дүңгірле-, дүсірле-, дыбыра-, дыңғыра-, дігірле-, діңгірле-, **Ж:** жабыра-, жалбыра-, жапыра-, желбірле-, жсыбыра-, жылыра-, жытыра-; **З:** зыра-, **К:** күбірле-, күлдірле-, күмбірле-, күмнілде-, күңгірле-, күркілде-, күтірле-; **Қ:** қаңғыра-, қыбыра-, қытыра-, қышыра-; **М:** мыңғыра-, міңгірле-; **П:** пышыра-; **С:** сақыра-, салдыра-, самбыра-, сатыра-, саудыра-, судыра-, сыбдыра-, сыбыра-, сықыра-, сылдыра-, сыңғыра-, сытыра-; **Т:** тақыра-, тапыра-, тасыра-, топыра-, тықыра-, тыпыра-, тысыра-; **Ш:** шақыра-, шапыра-, шатыра-, шүлдірле-, шүпірле-, шықыра-, шылдыра-, шыңғыра-, шытыра-, шіңгірле-;

ОН БІРІНШІ МОДЕЛЬ

-ы- // -і-:

А: абыржы-, **Б:** бекі-, борсы-, босы-, бұлықсы-, быжы-, бықсы-, быршы-; **Е:** елті-, **Ж:** жаны-, жекі-, жоны-, жосы-, жөңкі-, жұлқы-, **К:** көкі-, көлгірсі-, күмілжі-, **Қ:** қалқы-, қарпы-, қасы-, қоқсы-, қоқы-, қылқы-, **Л:** лоқсы-, лоқы-, лықсы-, **М:** маңы-, мойы-, мұжы-, мыжы-, мылжы-, мыты-, **Н:** нұқы-, нықы-, **О:** орғы-, осы-, **Ө:** өксі-, өрбі-, өрші-, **С:** сүңгі-, сылы-, сыңсы-, сылты-, сілкі-, **Т:** тайқы-, тарпы-, тасы-, телі- тыпыршы-, **Ш:** шалқы-, шаны-, шапы-, шарпы-, шоқы-, шоршы-, шошы-, шұлғы-, шылқы-, шымы-, шірі-, **Ы:** ызғы-, ырғы-, ысы-, ыршы-, **І:** ілбі-, , ісі-;

Еліктеуіш сөздердің лексикографиялық сипаттамасы

Түркі тілдерінде имитатив проблемасының өзекті бір мәселесі — еліктеуіш сөздердің лексикографиялық сипаттамасы. Еліктеуіш категориясы жалпы түрде біршама зерттелсе де, олардың лексикографиялық сипаттамасы – арнайы көңіл бөлінбей келе жатқан бір сала. Оның ең басты себебі – еліктеуіш құбылысының өзіндік ерекшеліктері, атап айтқанда, олардың жасалу жолдары (үлгілері, модельдері) мен қалыптасу тәсілдері (механизмдері) түркі тілдері бойынша түгел зерттеліп, табиғи сыры толық

ашылмай тұрғанда бұл мәселені сөз ету де оңай болған жоқ. Бұл құбылыстың табиғатын тану мәселесінің, басқа тілдік категорияларға қарағанда, кенжелеп қолға алынғандығы, оған ғалымдардың екінші қатардағы дүние ретінде қарап келгендігі де белгілі. Ал, шын мәнісінде, еліктеуіш категориясы имитатив теориясы бойынша алғашқы лексикалық қордың қалыптасуына ұйытқы болған байырғы құбылыстардың бірегейлеріне жатады. Оны біз бүгінгі жанды тілдердің сөздік қорынан да анық көре аламыз.

Демек, бұл – қазақ тілінің лексикалық байлығының баршасы болмаса да, негізгі құрамының лексикографиялық сипаттамаға (он томдық түсіндірме сөздік - ҚТТС, бір томдық қазақша - орысша сөздік, үш томдық диалектологиялық сөздік, емле сөздігі т.т.) ие болып үлгірген, бірақ ғылыми тұрғыдан өзіндік принциптері анықталып, сараланбаған, бүгінге дейін шетқакпай болып келген құбылыс. Аталған лексикографиялық еңбектердің бәрінде еліктеуіш сөздер жүйесіз, бірізділігі жоқ, берілу принципі белгісіз, құрастырушылардың өз білгенімен көрсетіліп келеді.

Әрине, бүкіл түркология көлемінде реттелмеген, бір жүйеге түспеген бұл мәселені тек қазақ тілі фактілері негізінде ғана шешіп беру оңай емес, бірақ бұл мәселе бойынша ойланатын уақыт жеткен сияқты. Оның басты себебі, көптен бері жалпы түркологияда да [1,2,3,4], қазақ тілі бойынша да [5,6,7] зерттеліп келе жатқан бұл құбылыстың тілдік табиғатына, қалыптасу тәсілдері (механизмдеріне) жаңаша көзқарастың [8] қалыптаса бастауына байланысты. Ескерте кетейік, қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің түсіндірме сөздіктерде берілуіне қатысты Ш.Сарыбаевтың бір мақаласынан [9] басқа еңбекті байқай алмадық.

Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздерді лексикографиялық еңбектерде, әсіресе түсіндірме, екі тілді аударма сөздіктерде беру принциптерін тиянақты шешудің теориялық та практикалық мәні аса зор. Өйткені бұл, *біріншіден*, тек қазақ және жалпы түркі тілдеріне ғана емес, жержүзі тілдерінің баршасына тән, бірақ ортақ та тіларалық айырмашылықтары да бар әмбебап құбылыс; *екіншіден*, олар түркі тілдерінің баршасында бар, бірақ мағынасы ұқсас болғанымен тұлғасында ұқсастық аз, олар әр тілдің өзіндік ішкі заңына сәйкес қалыптасқан; *үшіншіден*, ортақ лексикографиялық принцип болмағандықтан олар әр тілдің сөздіктерінде әртүрлі беріліп, басқа тілге аударылып жүр.

Қазақ тілінің сөздік қорында, біздің есебіміз бойынша 500-дей бір буынды ілкі түбір және солардан өрбіп дамыған 5 мыңнан астам байырғы сөз (туынды тұлғалар) белсенді түрде қызмет атқаруда. Егер қазақ тілінің сөз қорындағы сырттан енген ауыс-түйістерді шығарып тастап, тек этностың өзіне ғана тән көне де байырғы төл сөздерін екшеп алып, жеке қарастырсақ, 500-дей ілкі түбірден тараған 5 мыңдай байырғы да түбірлес, ұялас еліктеуіш сөздер қалатыны белгілі. Олар имитатив заңы бойынша ұзақ уақыт бойы қалыптасып, дамып, тұлғасы,

мағынасы күрделеніп, басқа сөз таптарына ауысып, тіліміздің қомақты сөздік құрамын қамтып отыр.

Міне, осының бәрі қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздердің лексикографиялық сипаттамасын берудің ғылыми негіздері мен практикалық тәсілдерін арнайы қарастырудың қажеттігін көрсетеді. Ол үшін ең алдымен еліктеуіштер табиғатын имитатив теориясы тұрғысынан танып-білу міндетті.

Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігіне (1974 – 1986), зерттеушілердің (А.Ысқақов, Б.Қалиев) мағлұматы бойынша, 68-70 мыңдай реестр сөз еніпті. “Осы сөздердің қаншасы еліктеуіш ілкі (бір буынды) түбірден тараған сөздер?” деген сауалға әлі ешбір тілші жауап бере қойған жоқ. Оның бір себебі – бұл мәселе зерттеудің болмауына байланысты болса, екінші себебі – еліктеуіш түбірден тарап, туынды тұлғалары басқа сөз таптарына тән сөздермен мидай араласып кеткен еліктеуіштерді танып-біліп, таратып көрсетудің, қиындығына байланысты.

Біз мақаламызда осы мәселеге арнайы тоқталып отырмыз. Ол үшін ең алдымен қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінен (аспирант-шәкіртім Г.Сартбаева) сүзіп алып, жинап берген еліктеуіштердің сипаттамасын қарап шығайық. Бұл деректе еліктеуіштерге қатысты 315 сөз қамтылыпты. Солардың ішінде “еліктеуіш” (қысқартып алынғаны –“ел.”) деген таңбамен (сөздік тілінде ол – орысша “помета”) белгіленгендерінің саны – 50, таңбасыз көрсетілгендерінің саны – 144, мүлдем белгіленбегендерінің саны – 121 единица.

Әрине, бұл дерек еліктеуіш сөздердің, тілдегі реальді болмысын көрсетіп тұрған жоқ. Оның себептері де айқын көрініп тұр. Ең басты себебі – еліктеуіш сөздерді Сөздікте берудің ғылыми принципінің жоқтығы, яғни реестр сөз ретінде еліктеуіштердің бір буынды, екі буынды ілкі түбірлерін көрсету керек не (мыс: *дар, дыр, зыр, тыр, шар* т.б.), жоқ әлде солардың аналитикалық жолмен қосарланып (мыс. *қалт-құлт, тыр-пыр, шарт-шұрт, шыж-быж* т.б.), қайталанып (мыс.: *тыз-тыз, быж-быж, қыж-қыж, қыжың-қыжың, мыжың-мыжың* т.б.) тұрған тұлғаларын белгілеп көрсету керек пе? – деген сауалдың шешілмеуіне байланысты бұл тұлғалар араласып, бірде беріліп, бірде берілмей, бей-берекет болып тұрғанын көреміз. Бұл сауалдың еліктеуіш ілкі түбірлерінен тарап, өрбіп, заттанған (мыс.: *діріл, қырыл, шырыл* т.б.) есімдер мен дыбыстық (*дарылда-, қырылда-, саңқылда-* т.б.) және бейнелік (*момпый, қомпый, томпый, сомпый* т.б.) етістіктерге де қатысты екендігі белгілі.

Он томдық түсіндірме сөздіктегі еліктеуіштердің жүйелі түрде дұрыс берілмеуі тәжірибенің аздығынан да, т.б. себептерге де байланысты болса керек. Сөзіміз дәйекті болу үшін бірер салыстырмалы деректер келтірейік. Мысалы, Р.Сыздық құрастырған «Қазақ тілінің анықтағышында» (Астана, «Елорда», 2000) келтірілген сөз тізбектерінен қазақы “Д” дыбысы (263-275-бб.) бойынша берілген 1036 реестр сөздің (біздің пайымдауымыз бойынша) 244-і еліктеуіш сөз екен.

Бұл дерек байырғы лексикамыздың 25 пайызы еліктеуіш сөз екенін аңғартады. Екіншіден, 10 томдық сөздік бойынша жоғарыда келтірілген дерек те және оны берудің тәсілі де тілдік құбылыстың реальді қалпын көрсете адмайды деген сөз. Бұл салада жүргізілген екі диссертациялық зерттеуде [10, 11] бір мыңнан астам бейнелеуіш етістік пен бір мыңнан астам дыбыстық еліктеуіш етістік көрсетілуін ескертсек, бұл категорияның өрістеп дамыған, бойында әлі ашыла қоймаған құпия-сыры мол, аумақты құбылыс екенін мойындатады.

Қазақ тіліндегі еліктеуіштерді лексикографиялық еңбектерде тұтас қамтып, ілкі түбірден өрбіп тараған өрісін, даму үрдісін, өздері сипаттайтын мың сан табиғи, қоғамдық, психикалық, әлеуметтік құбылыстардың адамға тән мағына-мәнін, экспрессивті, эмоционалды реңктерін дұрыс беру үшін олардың жасалу тәсілдерін (модельдерін), нақтылы үлгілерін білу де артық емес.

Біздің зерттеулерімізде [6, 7] көрсетілгендей, қазақ тіліндегі еліктеуіштер оның басқа да категорияларымен бірге бәрі “бір қазанда қайнаған”, тұтас бір зандылық бойынша дүниеге келген құбылыс. Олар тілдегі екі *аналитикалық* және *синтетикалық* –сөзжасам модельдері бойынша жасалып, көбейе түскен. **Аналитикалық тәсіл** бойынша қосарлы қос сөз (*жарқ-жұрқ, тарс-тұрс* т.т.), қайталама қос сөз (*қарш-қарш, ирең-ирең*), сөз тіркесі ретінде (*зур ет-, қылмаң қақ, жалт қара* т.т.) жасалып жатса, синтетикалық тәсіл бойынша 7 негізгі және 13-тей қосымша модель арқылы мыс.: 1) *абдыр - , судыра - , жылтыра* т.б.; 2) *қаужыра-, маужыра-, қалжыра - ;* 3) *барқыр - , тырқыра-, сіркіре-т.т.*; 4) *салбыра-, жалбыра-, болбыра-, ылбыра- т.т.*; 5) *шоңқай - , қоңқай - ;* 6) *мыжырай - , тыжырай - , күжірей - , бедірей -*т.б. 7) *бұлтақта-, тақақта-, тепекте-, т.т.*; 8) *далбалақта-, қалбалақта-, сандырақта- , пышалақта - т.т.*; 9) *жалтақта - , қалтақта- , дірдекте-т.т.*; 10) *тойтаңда-, қалтаңда- , шойтаңда-, т.т.*; 11) *ызыңда- , мыжыңда- , кіжіңде -*12) *құтыңда- , жыртында - , бұлтаңда - ;* 13) *зула-, сула-, зырла-, ула-, шула- ;* 14) *сарна, кісіне-, азына- ;* 15) *ақыр- , кекір- , зекір- , пысқыр- , түшкір-т.т.*; 16) *быжы-, мыжы-, құжы- , бықсы- , қыңсы- ;*17) *бүрсій-, ырсый-, тырсый-, т.т.*; 18) *шұртій-, бұлтый-, шәнтії-,құнтый - , шұнтый - ;* 19) *тымпый-, томпый - , жымпый-, момпый - , сымпый - т.т.* 20) *тыңқый- , шалқый- , қауқый- , сықый т.т.* жасалатын еліктеуіш етістіктерден тұрады.

Бұларға қосымша еліктеуіш түбірлерінен де, туынды тұлғаларынан да туындап, дамып жатқан есім сөздердің саны каншама: *сарқырама, күркіреме, әуілдек, қоңырау, жұлдыз, шіңкілдек, тоқылдақ, көкек, бытпылдық, қақыра, қарға, шымшық, талшық, шалшық* т.б.

Еліктеуіштердің тұлғалық дамуының бір буынды (моносилаб) ілкі түбір денгейінде (кейбіреулері болмаса, мыс., **ың, *ыз, *ду, *зу, *иу, *жел, ың-жың, быж-тыж, шыж-быж* т.б.) де, екі-үш буынды туынды түбір

деңгейінде де (*албыр, жалбыр, тықыр, сықыр, шақыл, дүріл, діріл* т.б.) дербес қолданылатындары көп.

Міне, көріп отырғанымыздай, о баста дыбыс символы, кимыл-әрекет бейнесі, жарық-сәуле рефлексі ретінде қабылданып, тіл арқылы сипатталған табиғат құбылыстары мен жанды-жансыз заттардың ерекшеліктері идеофондар арқылы алдымен тұйық буынды ілкі түбірлерге айналса, одан кейінгі даму барысында әр дәрежелі грамматикалық индикаторларды, етістік, есім жұрнақтарын қабылдау арқылы мағына жағынан үстемеленіп, тұлғалық жағынан сатыланып, кейде 4-5 буынға дейін өсіп, күрделі сөзге айналып отырғаны белгілі.

Сөйтіп, жеке сөз табына жататын еліктеуіштер, өзіндік грамматикалық статусы бола тұрса да, даму барысында өз шеңберінен шығып, басқа сөз таптарына (есімдік, етістік, сын есім) ауысып, тіл құрамы мен қатынас құралының белсенді де бейнелі, құнарлы да байырғы бөлшегіне айналып отыр. Еліктеуіштер арасында бірде-бір шеттен енген ауыс-түйістер жоқ. Солай бола тұрса да, бір өкініштісі, қазақ тілінің сөздік қорындағы ұлан-ғайыр сөз байлығының тек 50-і ғана бір буынды еліктеуіш түбірі ретінде (“ел” қысқартуы арқылы) белгіленіп отыр.

Еліктеуіштерді сөздіктерде бұлай етіп бермеу керек еді, ал берген екенбіз, оны толық қамту керек еді. Ғылыми принцип осыны талап етеді. Еліктеуіш сөздерді белгілеп көрсетуге байланысты бұл олқылық тек қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігіне ғана емес, қазақ тілінің, тіпті түркі тілдерінің барша лексикографиялық жұмыстарына тән ортақ олқылық.

Дәл осындай қасиет еліктеуіш түбірлеріне де тән. Бірақ туынды тұлғалардың ілкі түбірден өрбіп тарау тәсілі бұдан мүлдем басқаша: *біріншіден*, қазақ тіліндегі еліктеуіштердің әдетте, тек бір буынды (ГС, СГС) болып келетін ілкі түбірлері кез келген сөз табындағы өзімен баламалас бір буынды ілкі түбірлермен салыстырғанда олардан сан жағынан (жалпы саны 500-дей) жүз есе артық деп айтуға болады; *екіншіден*, еліктеуіштердің басым көпшілігі бір буынды ілкі түбір деңгейінде мағынасы айқын емес (ұмыт болған деп есептеуге болады) және жеке-дара сирек қолданылады; *үшіншіден*, еліктеуіш ілкі түбірінің мағына айқындығы идеофоннан соң жалғанатын бірінші дәрежелі грамматикалық индикатордан кейін (мыс.: **тар>тарс>*, **кір>кірт*, **шыр>шырт*, **ыл>ылп*, **шыл> шылқ-шылқ*, **жыл>жылп-жылп* т.т.) біліне бастайды; *төртіншіден*, түбір мағынасының еселеніп өсуі оған келесі дәрежелі индикаторлардан кейін не етістік, не есім жұрнақтарынан соң байқала береді (мыс.: **тар > *тарс > тарсыл > тарсылда > тарсылдақ > тарсылдауық* т.т.); *бесіншіден*, еліктеуіш ілкі түбірінен өрбитін туынды тұлғалардың баршасы, басқа сөз таптарындай емес, бейне бір математикалық кесте іспетті, түбірден кейін келетін әрбір грамматикалық индикаторлардан кейін, жеке-жеке сала болып таралады.

Мысалы, қазақ тіліндегі ***был** ілкі түбірі: 1) [б] индикаторын қабылдап, одан туындаған: *былбыр, былбыра былбырақ* тұлғаларын, 2) [ж] индикаторын қабылдап, одан: *былжыр, былжыра-, былжырақ, былжырақта* тұлғаларын, 3) [қ] индикаторын қабылдау арқылы: *былқ, былқ-былқ, былқ-сылқ, былқ-шылқ, былқы-, былқыл, былқыл-сылқыл, былқылда-, былқылдауық, былқылдап-сыңқылдап, былқылдақ*; [п] индикаторын қабылдау арқылы: *былт, былт-былт, былтыл, былтылда-, былтылдақ, былтылдауық*; [ш] индикаторын қабылдау арқылы: *былш; былш-былш, былши-, былшыл, былшық, былшылда-, былшылдақ, былшылбай*, сондай-ақ түбірдің өзінен туындаған: *быламық былғаныш, былазық, былық, былық-шылық* т.б. осы тәрізді тұлғалардан көрсетуге болады. 30 -дан асатын бұл тұлғалардың баршасы бір ілкі түбірден тарап, түбірлес, ұялас, мағыналы топ құрап тұр. Осы тәрізді мысалдарды (30-ға жетпесе де) кез келген еліктеуіш ілкі түбірінен келтіруге болады.

Міне, енді “осы еліктеуіш тұлғаларының қайсысын сөздіктерде қалай көрсету керек?” деген сауалмен қайта тоқайласып отырмыз.

Егер лексикографтар (сөздік жасаушы ғалымдар) тарапынан әртүрлі (түсіндірме, екі тілдік т.б.) сөздіктерде еліктеуіштерді реестр сөз ретінде басқа тұлғаларынан бөліп алып, тек ілкі түбірлерін ғана (мағынасы айқындалуларын – *ду, зу, шу, су* т.б. - ашық түрінде, мағынасы күнгірт, не мүлдем ұмыт болғандарын – **сел>селк, *қыл>қылқ, *бұл>бұлк* т.б. – шекесіне жұлдызша қойып) беру мәселесі ұсынылып жатса, онда ғылыми-лексикографиялық принцип бойынша біз айқындап отырған 500-дей ілкі түбірдің бәрі түгел берілуі керек.

Егер реестр сөз ретінде еліктеуіш ілкі түбірлерді бірінші дәрежелі грамматикалық индикатор жігінен бөліп алып беру онтайлы деп қаралатын болса, онда да оған ұқсас барша тұлғаларды бір дейгейде, біркелкі етіп алуға тура келеді. Мысалы: [т] индикаторын қабылдаған ілкі түбірлерге мына тәрізді – **сарт>сартылда-, *сырт>сыртылда-, сарт-сұрт ~ ет-; *шарт>шартылда, *шырт ~ ет*, т.б. туынды түбірлер, [қ] индикаторын қабылдаған ілкі түбірлерге: **қарқ>қарқылда-, *тарқ>тарқылда-, *барқ>барқылда-, *жарқ>жарқылда-, *шаңқ>шаңқылда-; *тырқ>тырқылда* - т.б. туынды түбірлер жатқызылуы керек. Бұлар да тілімізде жүздеп саналады.

Бұл ұсыныста да белгілі шарттылық жоқ емес. Реестр сөз ретінде еліктеуіш тұлғаларының қай вариантын ұсынбайық, бірізділік принципі сақталуға тиіс. Мүмкін, мәселенің қиындығын ескере отырып, “еліктеуіш сөздерді белгілеуді мүлдем қойып, оларды мағынасы арқылы сипаттау керек” деген де ұсыныстың болуы да ықтимал. Онда, егер құдіретіміз жетсе, барша тілдердің сөздіктерінде қалыптасып, қағидаға айналған дәстүрді өзгертуіміз керек. Бірақ бұл дәстүрді өзгертуге болмайтын себептері де жоқ емес. Ол – еліктеуіш сөздердің арнайы жұрнақтар арқылы етістікке, одан соң есімге айналуына дейінгі таза еліктеуіш тұлғаларының (мыс.: *былқ>былқыл, былт>былтыл, былш>былшыл* т.т.) мән-

мағынасын сол тілдің өзінде беру де, әсіресе, басқа тілдерге дәл аудару да мүмкін емес, аударылса да ол көп сөз арқылы жалпылама түрде ғана берілуі мүмкін. Сондықтан да, тіл практикасында “ел” – *еліктеуіш* (орысша – “*подр*”) деген айдармен беру бұл құбылысты көрсетудің ең оңай, әрі қолайлы тәсілі болып қалыптасқан.

“Бұл құбылысты лексикографиялық тұрғыдан тиімді де дұрыс сипаттауда үлгі болар тіл не сөздік бар ма?” деген сауалға жауап беру де оңай емес. Дегенмен, туыс тілдердің тәжірибелеріне назар аударып көрейік:

1. Үлкен қазақша-орысша сөздікте:

Қаңқ: – *ет. подр.* отрывистому звуку, *напр*, гоготу гусей, визгу собак;

Қаңғыр звонкое брэнчание; **қаңғыр-гүңгір** *подр.* звонкому многократному звуку, издаваемому при ударе по металлическому предмету (473);

Қарқподр. карканью вороны; ~*ет.* *қаркать*;

Қар-қар см. **қарқ - қарқ**; **қарқ- қарқ** *подр.* громкому смеху, хохоту (488);

Жарқподр. слово, выражающее мгновенность действия (о блеске, свете); ~*ет* сверкнуть; вдруг блеснуть;

Жарқ-жарқ: ~*ет* - блеснуть, сверкать (неоднократно) т.т. (278).

[Казахско-русский словарь. Под ред. Р.Г.Сыздыковой, К.Ш. Хусаин. Алматы, 2001].

2. Қырғызша-орысша сөздікте:

Бүлк *подражательное слово*; **бүлк-эт-1** (о чем-л. мягком) колыхнуться, слегка шевельнуться (167);

Жарк *подражательное слово, выражающее мгновенность действия, неожиданно появившийся блеск, свет* (235).

Карк *звукоподражание громкому и грубому выкрику* (251).

Карк: *карк-карк звукоподражание мурлыканью* (251).

Шарт *подражательное слово, выражающее решительное действие, резкое движение...* (404).

Тарс *звукоподр.* *стук!*; *бряк!*; *тарс эт-* сильно стукнуть, бахнуть (209).

[Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. М., 1965].

3. Өзбекше-орысша сөздік бойынша:

Жаранг *звукоподр.* *звону фарфоровых, стеклянных предметов, лязгу металла* (148);

Жингир-жингир *звукоподр.* *звону, лязгу* (151);

Карт- курт *звукоподр.* *хруп - хруп (звукоподражание хрупанию, хрусту пержевываемого сена)* (636);

Карс *звукоподражание резкому звуку (напр, треску, выстрелу, хлопку)* (636);

Шақ *звукоподражание треску, щелканью* (560);

Тарс *звукоподражание треску*; **тарс-тарс, тарс-түрс** треск, трескотня (424); [Узбекско-русский словарь. Ташкент, 1988].

4. Шуашша - орысша сөздікте:

Лак I. *подражание глухому стуку, щелканю, хрусту;*

2. *подр. – о колебании, качании* (211);

Лака - лака I. *подр. ~ о неритмичном движении, раскачивании;*

2. *подр. – о сильном неравномерном раскачивании* (211);

Какак I. *подражание гоготанью гусей...*

Какаклат – *гоготать (гусях)* (136).

Кар I. *подражание карканью вороны, крику грача, коростеля;*

2. *подражание треску разрываемой крепкой материи, бумаги и т.п.;* 3. *подр. – о быстром действии, движении* (144)

[Чувашско-русский словарь М., 1985].

Көріп отырғанымыздай, түркі тілдерінің аударма сөздіктерінде еліктеуіштерге берілген сипаттамаларда да бірізділік, қалыптасқан қатаң қағида байқалмайды. Оның бір себебі еліктеуіштердің әрбір тілдің өз табиғатына сәйкес қалыптасуы болса да, оларды сипаттауда түркологияға ортақ ғылыми принциптің қалыптасуында.

Осыған байланысты байқап отырғанымыз: 1) барлық түркі тілдерінде еліктеуіштер тұлғалық дамуының қай деңгейінде берілуі керек деген мәселе бірдей шешілмеген; олар, әртүрлі (ілкі түбір, индикатор, бұларға қосымша қос сөз) деңгейлерінде де беріліп келе жатқандығын көріп отырмыз; 2) егер лексикографтар осы пәтуаны мойындайтын болса, онда әрбір тілдің сөздіктеріне бүгінге дейін қамтылмай келген жүздеген еліктеуіш түбірлермен I, II дәрежелі индикатор деңгейіндегі тұлғаларды да қосуға тура келеді; 3) лексикографиялық жұмыстардың бірде-біреуінде еліктеуіш негізі мен одан өрбіп, тараған мыңдаған туынды тұлғалардың арасындағы табиғи (мағыналық, тұлғалық жалғастық көрсетілмеген. Демек, бұл – еліктеуіштердің өзіне ғана тән “еліктеуіштік қасиеттері” тек *ілкі түбір мен туынды түбірлердің* бірінші буыннан аспай, томаға тұйық қалпында қалып отыр деген сөз.

Осылардың бәрі жинақтала келе, еліктеуіштердің басқа қырларын (мыс. сөздік қорының алғашқы қалыптасу оның ұйытқысы, мыңдаған туынды тұлғалардың қайнар көзі, шығу төркіні болғандығын т.б.) былай қойғанда, тек олардың тілдік болмысын дұрыс көрсетудің өзі ғана жеке-дара лексикографиялық проблемаға айналып отыр. Дегенмен, ұсыныс ретінде айтылатын пікірлер де жоқ емес. Олар:

1) еліктеуіштер – табиғаты өте күрделі құбылыс;

Ол араласпайтын өмір-тіршіліктің саласы кемде-кем; 500 ілкі түбірден өрбіп, 5 мың туынды тұлғаға айналуы осының бір айғағы;

2) еліктеуіштер құрамына шетел ауыс-түйістері араласпаған, тіліміздің “таза” да байырғы құрамдық бөлшегіне жатады;

3) еліктеуіштер өзінің сатыланып дамуы, еселеніп бауы арқасында сөздік қорымыздың сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да өсуіне, бейнелі де көркем сөз өрнектерімен, экспрессивті-эмоциональды мағына ренктерімен толықтырып отырған ерекше құбылыс;

4) қазақ және басқа да түркі тілдеріндегі еліктеуіштерге беріліп жүрген, қалыптасып қалған лексикографиялық сипаттамалар оларды толық камти алмайды және табиғатын (болмысын) толық аша алмайды.

Сондықтан да, қазақ тілінің түсіндірме, екі тілді т.б. сөздіктерінде еліктеуіш сөздерді тек бір буынды ілкі түбір (*дiр, ыз*) деңгейі мен одан туындайтын алғашқы грамматикалық индикатор (*дiрiл, ызын*) деңгейінде беру принципін өзгертуге болмайтын (стереотип) дәстүр деп қарайтын болсақ, осыған байланысты мына үш шарттың шешуін де: 1) “*el*”–еліктеуіш таңбасын (граммат. паметта) тек осы екеуіне ғана қоюды; 2) осы екі деңгейдегі еліктеуіштерді бәрін түгел қамтуды және 3) бұлардан туындаған келесі деңгейдегі тұлғалардың алдынан ілкі түбірді (**дiр>дiрiлдек, *жал>жалтыр, *жыл>жылтыр* т.т.) беруді қажет деп білеміз. Сонда ғана еліктеуіш құбылысының тілдегі орны, қызметі, ауқымы т.б. айқындала түспекші.

Қос сөздердің құрамындағы еліктеуіш сөздердің лексика-семантикалық сипаты

Сөздік қорындағы сөз санымен ғана емес, сонымен қатар олардың сапасымен де, мағыналық ауқымымен де өлшенеді. Әдетте, тіліміздегі көптеген сөздер өзінің бір мағынасымен ғана шектеліп қалмай, даму барысында екі, үш, тіпті одан да көп мағынада қолданылатындығы белгілі. Тарихи жағынан синтетикалық сөзжасам модельдерінен бұрынырақ келген деп саналатын аналитикалық сөзжасам үлгілері де еліктеуіш категориясының өзекті проблемасына жатады. Оның біріне өте жиі қолданылатын есім мағыналық қайталама және қосарлама қос сөздер жасайтын модельдері жатады. Сөздік қорымызда жиі қолданылатын кез келген сөздер сияқты еліктеуіштер де қосарлану тәсілі арқылы жасалатыны белгілі. Демек, әрбір тілдің сандық дамуынан сапалық дамуына көрнекі мысал бола алатын осы құбылыс. Тілдің сапалық дамуын, әдетте, оның «ішкі даму заңдылығы» деп те атайды. Тілдің ішкі даму заңдылығына сырттан қабылданған ауыс-түйістер, не тілдің сөзжасам модельдері арқылы жасалған жаңа сөздер есебінен емес, сол тілдің өзінде бұрыннан бар, қолданыста жүрген лексикалық элементтерді (сөздерді) бір-бірімен қосарлап, не өздерін екі рет қайталап, жаңа немесе жаңғырған мағынада қолдануын жатқызуға болады.

Сөз байлығын толықтыра түсуге, сөздік қорымызды молайта беруге байланысты жеке сөздерді біріктіріп және өзара кіріктіріп жаңа сөз жасау тәсілінен кейінгі өнімді құбылыстың біріне қосарламақоссөздер мен қайталамақоссөздер

жатады. Бұл екеуі – бір құбылыстың екі түрлі көрінісі. Сондықтан да болар, олар құрамдық және жасалу принципінде белгілі ерекшеліктері бола тұрса да, тіл білімінде «қоссөздер» деген жалпы атау аясында бірге қаралады.

Қос сөздер – бойында тарих сыры мол, ғасырлар қойнауында қат-қабат болып қалыптасқан, сөз қорының төрінен орын алатын көне де байырғы, бірақ ылғи жаңғырып-жаңаланып, толассыз толығып отыратын жанды құбылыс. Қос сөздерге тән ең басты ерекшеліктерінің біріне – олардың тілдегі сөзжасам модельдері арқылы тосыннан, жаңадан пайда болған сөздердей емес, тіл байлығымыздың қорында бұрыннан бар, қолданыста жүрген, көне де байырғы сөздерді екі түрлі тәсілмен – қосарлау (жұптау, қабаттау), не қайталау арқылы жасалып, қалыптасқан (тұрақталған) сөз тіркесін жатқызуға болады. Қос сөздер құрамы жағынан да, сан жағынан да үйлесіп қоймай, сапа жағынан да ұласып жатады. Қазақ тілі лексикалық қорының бір бөлігіне қос сөздер үлгісінде жасалған еліктеуіш қос сөздер жатады. Қос сөздер категориясын қазақ тілінде арнайы зерттеп жүрген І.К.Кеңесбаевтың, Ә.Т.Қайдардың, Ш.Ш.Сарыбаевтың, К.Ш.Хұсайыновтың т.б. ғалымдардың еңбегін айтуға болады. Бұлардың бәрінде де еліктеуіш сөздер қос сөз қорының қалыптасуына елеулі роль ойнайтын бұлақтардың бірі болып саналады. Қазақ тіліндегі 5 мыңға жуық қорының шамамен бір мыңдайы осы еліктеуіш қос сөздерден құралған 13; 5-22 Еліктеуіш сөздерді тілімізде қосарлау арқылы қолдану – негізгі мағынадан жаңа мағына тудыру. Осындай тәсілдердің негізінде еліктеуіш қос сөздер пайда болады. Мысалы: тарп-тарп ет, бырт-бырт, сырт-сырт, сылп-сылп, шырт-шырт т.б. Оның қатарына компоненттерінде еліктеуіш сөздер қатысатын келетін қос сөздерді жатқызуға болады. Бұлар, әдетте еліктеуіш, елестеуіш, бейнелеуіш сөздерден жасалып, дыбыс, жарық құбылыстары мен қимыл-әрекеттердің өзгермелі, құбылмалы қасиетін бейнелеу үшін қолданылады. Мысалы, сатыр-сұтыр, жалт-жұлт, сылдыр-сылдыр, сақ-сақ, қарқ-қарқ т. б. Қайталама қос сөздердің өздері іштей екі топқа бөлінеді. Бірінші таза қайталаудан тұратын, екінші тұлғасы өзгерген қайталама еліктеуіштер. Мысалы бірінші топқа: қылқ-қылқ жұту, қылтың-қылтың ету, тарс-тарс ету, қорс-қорс ету т.б. Қайталанушы екі компоненттің біреуі дыбыстық, тұлғалы өзгерістер арқылы жасалатын қайталама қос сөздерге: сақыр-сұқыр, тарс-тұрс, шаң-шүң, т.б. жатады. Қосарлы және қайталама қос сөздердің еліктеуіш сөздер негізінде көптеп жасалу себебі – олардың бейнелі де әсерлі эмоционалды-экспрессивті мағынасына байланысты. Тіліміздегі қайталама еліктеуіштердің саны қосарламадан әлдеқайда басым. Айналада болып жатқан түрлі құбылыстардың қақтығысып-соқтығысуынан шыққан түрлі дыбыстарды сипаттауда қайталама еліктеуіш сөздердің атқарар міндеті зор. Еліктеуіштердің қайталану барысында дыбыстық, тұлғалық өзгерістерге түсуі – сол дыбыстық еліктеуіштердің мағыналарындағы біркеліктерді өзгертіп, дыбыстық сипатты дәл беру үшін қолданылады. Тарс-тарс

етіп соғу дегенде қатты затты соққылағандағы дыбыс сипатталса, тарс-түрс соғу дегенде дыбыстың бірде қатты, бірде ақырын болғандығын байқаймыз.

Ал бір-бірінен мүлде басқа-басқа еліктеуіш түбірлердің қосарлануы арқылы жасалатын дыбыстық еліктеуіш қос сөздер сирек. Мысалы: салдыр-гүлдір, абыр-сабыр, абыр-дабыр, арқыра-күркіре, шакыр-шұқыр, қаңғыр-күңгір, абыр-дабыр, шақұр-шұқыр, қаңғыр-күңгір, қиқыл-шиқыл, ықылық-шықылық т.б. жатады. Бұл дыбыстық еліктеуіш сөздердің сырт тұлғасы қайталама дыбыстық еліктеуіштерге ұқсастығы – олардың соңғы индикаторлары қайталанып келуінде. Қайталанушы түбір алайда бірдей емес: “салдыр-гүлдір”, немесе “салдыр” деп те “гүлдір” деп те тілімізде қолданыла береді. Сол сияқты, “ықылық”, “шықылық”, “сарыл”, “гүріл” т.б. еліктеуіш түбірлі жеке сөздердің компоненттеріне –ыл-да-// іл-де- қосымшаларын қосу арқылы айналада болып жатқан түрлі құбылыстардың дыбыстарын, адамның жүріп-тұруы, сөйлеуі, т.т етістіктер жасауда мол мүмкіндігі бар. Әуелде екі басқа түбір сөздер сөйлеу тіліміздің даму барысында жымдасып, өзара мағыналық сипат алып, түрлі дыбыстарды анықтауда бейімділік танытатынын білуге болады. Мысалы: “салдыр-гүлдір” деген қос сөздің бірінші компонентінің бірінші буыны жуан, ал екінші компоненттің бірінші буыны – жуан, келесі буындары үндестік заңына бағынып отырып, дыбыстық сипат бір келкі шықпағандығын аңғартып тұр. Қосарлама дыбыстық еліктеуіш етістіктерінің өзіндік ерекшеліктерін төмендегі мысалдардан байқауға болады. Далалы жерде лездің арасында бұркырап, селдетіп, қара жаңбыр арқырап-күркіреп өте шықты. Осындағы “арқырап-күркіреп” қосарлы дыбыстық еліктеуіш мол нөсерлі жаңбыр алдында төніп келе жатқан қап-қара бұлттардың бір-біріне қақтығыса-соқтығысқандағы кең даланы көшіріп жіберердей жаңғырта күркіреуін сипаттауда қолданып тұр.

Қайталама еліктеуіштердің қолданысындағы тағы бір ерекшелік көпшілігі дербес етістіктермен тіркесу арқылы жасалады. Мысалдар: кеңк-кеңк күл, күңк-күңк сөйле, мырс-мырс күл, жалт-жалт қара, маң-маң бас, малжаң-малжаң шайна, бырт-бырт үз т.б. Бұл тәрізді қайталама қос сөздер дыбыстық сипаттың қалай өрбігенін, өзіндік ерекше тәсілдер арқылы қолданылады. Байқасақ, Қалай күлді? – Сақ-сақ күлді. Сонымен қатар нақты етістіктермен тіркескенде сол етістікке қатынастық мағынаны білдірсе ет қосымша етістікпен тіркескенде (сырт-сырт ет) жалпылама мағына береді. Ет қосымша етістігі арқылы жасалған күрделі еліктеуіш етістіктердің барлығы дерлік әуел баста бір құбылыстың қақтығысып-соқтығысуынан шыққан дыбыстың сипатын дәл беру мақсатында қолданылса, келе-келе құлаққа үйреншікті, әрі сіңімді болуына байланысты, жалпылама мағынада қолданылатын қасиетке ие болады деп қорытуға болады. Мысалы: сылп-сылп жүрді, тарп-тарп басты, сырт-сырт жүрді т.б. күрделі еліктеуіш етістіктердің о бастағы адамның аяқ алысындағы түрлі дыбыстардың сипатын

білдіру мақсатында туындаса, қазіргі жағдайда “жүру” етістігінің өзін айтпай-ақ оның орнына ет көмекші етістігін қолдануға болады. Мысалы: сырп-сырп басып жүрді – сырп-сырп етіп басты, бырт-бырт үзді – бырт-бырт етіп үзді, шырт-шырт түкірді – шырт-шырт етіп түкірді т.т.

Қазақ тілінде дыбыстық еліктеуіш қос сөздердің қайталама және қосарлама түрінде қолданылуының қыры мен сыры мол мұндай сөздердің күрделі ойды білдіруде өз үлесін қосатын категория. Оларды сыртқы түрлеріндегі айырмашылықтар мен қатар, ішкі дыбыстық сипаттарында да айырмашылықтардың бар екенін аңғарамыз. Демек, қазақ тілінде дыбыстық еліктеуіш етістіктер алуан түрлі экспрессивті-эмоцияны, көркем ойды бейнелі түрде білдіруде мол мүмкіншілігі зор.

Төменде қос сөз түріндегі еліктеуіштердің лұғаттық үлгісі беріліп, оларға берілген анықтамалар көркем шығарма материалдарынан дәйектелді.

АБДЫРАП-ДАБЫРАП- <адамның асыт-сасып, барша дауысымен дәудірлей сөйлеуін бейнелеуші еліктеуіш етістік>

АБДЫР-САБДЫР <қарбалас жағдайға душар болған адамдардың асығыс-үсігіс, бейберекет әрекет-қимылын бейнелейтін қосарлы есім еліктеуіш>

*Бірақ казак-орыстар кімнің қаншама барына қарамай, он төрт жылқының басын қосып алды да, айдап жүре берді. Ауылдың *абдыр-сабдыры* содан кейін басталды (Қ.Исабаев. Өткелде, 159).

АБЫЛ-САБЫЛ <адамдардың қарбалас, тығыл-таяң жағдайын, асығыс-үсігіс, бейберекет жүріс-тұрыс күйін сипаттайтын бейнелеуіш есім> *Қашан көрсең, қызу іс, *абыл-сабыл*, қашан көрсең, қарбалас, ауыл солай! (Қ.Мырзалиев. Домбыра, 74).

АБЫЛЫП-САБЫЛЫП- <адамдардың қарбалас, тығыл-таяңға ұшырауы, асығыс-үсігіс, ерсілі-қарсылы жүріс-тұрысын бейнелейтін еліктеуіш>

АБЫЛЫҢҚЫ-САБЫЛЫҢҚЫ <қарбалас әрекеттен, қалай болса солай, ерсілі-қарсы жүрістен шаршап-шалдыққан адамдардың күйін бейнелейтін еліктеуіш есім>

АБЫР-ДАБЫР <адамдардың бір-бірімен дабырлап, қатты-қатты сөйлеуін бейнелейтін дыбыс еліктеуіші> *Міне, кешеден бері ауылға *абыр-дабыр* келіп, той басталды (І.Жансүгіров. Шығ., 3, 408).

АБЫР-САБЫР <адамдардың қарбалас тірлікке байланысты әбгерге әрекеті> *Таң бозынан қала көшелерінде *абыр-сабыр* басталды да кетті («Жұлдыз», 2002, №2, 20). *Шетелдіктер көбейіп, *абыр-сабыр* жиілеп жатқанда ауыл адамдарының қалай түскені Шөңкеге қараңғы (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 237).

АҒАЛ-ЖАҒАЛ <ағарған, ақшыл және сарғылт-сары түстерге боялған, ала-құла, сатал-сатал болып көрінетін зат сипаты> *Ағал-

жағал күзгі дала, зәрсіз күн, жолаушы жанын құлазытып, көңілін күйзелтердей реңсіз-ақ (М.Сүндетов. Ескексіз қайық, 159).

АҒАЛ-САҒАЛ <ақ, қара, сары т.б. түстер араласып, ала-құла, кір-қожалақ, салтақ-салтақ болып көрінетін зат сипаты > *– Тұу, неғып ағал-сағал, ала-құла болып кеткенсің? (ҚТС, 14).

АҒАРАҢ-АҒАРАҢ <~ **ет-**: алыстан ақшыл түс болып, еміс-еміс елестеу> *Бір мезгілде ай астында ағараң-ағараң еткен көк топты көрді (М.Әуезов. Қараш-қараш, 388).

АДЫРАЙЫП-АДЫРАЙЫП- <заттардың өз қалпынан өзгешеленіп, ісініп-қабынып, алыстан көзге ұрып тұратын, анық болып (тұратын қалпы, күйі)> *Иманжапырақтың тамырлары адырайып-адырайып сөлге буаз болған кез екен (Ш.Мұртазаев. Жүрекке әжім түспейді, 248). *Адырайып-адырайып білеуленіп кеткен күре тамырларына қарап кейде аяйсың (О.Бөкей. Өз отынды өшірме, 8).

АДЫРАҢ-АДЫРАҢ <~ **ет-**: күшін, өктемдігін, тұрпайы мінезін көрсетіп, қайта-қайта қоқандағанды бейнелейтін еліктеуіш>

АЖЫРАҢ-АЖЫРАҢ <~ **ет-**: адамның біреулерге қыр көрсете, өктемдігін таныта дауысын көтере сөйлеуі> *Өкіл амандық жоқ, саулық жоқ, аттан түсер-түспестен завфермаға: – Шошқалар қайда? – деп ажыраң-ажыраң етті (Ә.Омаров. Кірклен кесе, 33).

АЗАН-ҚАЗАН <айғай-шу, ақырып-шақырған көп адамның, мал атаулының (қой, ешкі, сиыр, жылқы, түйе) бір мезгілде шығарған әр алуан дауысы> *Әркім әр үнмен, әр тілмен, әр жерден азан-қазан айқайлап, затын мақтап, ...өткізіп жатыр (С.Сматаев. Елім-ай, 82). *Кәдімгі үлкен бәйгедегідей азан-қазан ұран салып, елеурей аударысты (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 41).

АЙ-АЙ <«ай!» одағайын қайталау арқылы өзіне көңіл, назар аударту үшін қолданылатын ҚҚС> * – Ай-ай! Өзіме бір атым қалдыр, – деп өңмендеп Нығман жүр (Ж.Аймауытов. Шығармалары, 60).

АЙБАҚ-САЙБАҚ <қара.: айдақ-сайдақ> *Даусыз бір шындық, әдетте роман мен повестің айбақ-сайбағын оқушы кешірді. Ал, әңгіменің олпы-солпысы жанр ретінде оны жоққа шығарды («Қазақ кдебиеті». 08.08.2003, 4). *Мұның артынан мылқау сері болып Әбдінің Омары, өзінің серіктері Ысқақ, Мұстафа, Алатай, Төлеуқанды ертіп, салдарша айбақ-сайбақ киініп, балдыр-бұлдыр тіл қатып, қиқыл-шиқыл ән салып, алуан түрлі әсем ойындар көрсетті (С.Бегалин. Замана белестері, 187).

АЙҒАЙЛАП-ҮЙҒАЙЛАП- <айғай-шу шығарып, улап-шулап, дабыра көтеріп>

АЙҒАЙ-ҮЙҒАЙ <айғай-шу, дауыс-көтеріп, улап-шулап> *Айғай-үйғай, қыздардың шыңғырған дауыстары үйді жарып жібере жаздады (М.Дүйсенов. Ант, 1974).

АЙҒЫЗ-АЙҒЫЗ <белгілі бір заттың (әйнектің, тақтайдың, қағаздың, көгалдың, тамның т.б.) тегіс, таза, бірыңғай бетінің қалай болса солай шимайланған, жыртылған, боялған жолақ-жолақ іздері, таңбалары> *Құлын байлайтын көгалдары айғыз-айғыз жыртылған (Ө.Кекілбаев. Үркер, 149). *Жалпы дүниенің беті дөп-дәле. Айғыз-айғыз қан (Ш.Мұртаза. Ай мен Айша, 39).

АЙҒЫЗ-ҮЙҒЫЗ <қалай болса солай, оңды-солды сидақтатып, шимай-шатпақ етіп сызылған (жазу, өрнек т.б.)>

АЙДАҚ-ЖАЙДАҚ <қара.: айдақ-сайдақ; ашық-шашық, жап-жалаңаш> *Жәнібектің бұрынғы астық сарайы айдақ-жайдақ (Б.Майлин ҚТС, 20).

АЙДАҚ-САЙДАҚ <бір нәрсенің бетіне қалай болса солай, көңілсіз түрде, ыждағатсыз шимайланып жазыла салған бейне> *Қабырғалар айдақ-сайдақ ағартылған (ҚТС, 20).

АЙҚАЙ-ҮЙҚАЙ <айқайлап, даурыққан дауыстар, у-шу> *Ұрыс басталғанын айқай-үйқайдан айырады («Жұлдыз», 2002. №5 130). *Жолаушылар жолдан адасып, айдалада айқай-үйқайға басып, әрі-бері сандалды (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 138).

АЙҚАП-ЖАЙҚАП- <жан-жағындағының (адам, дүние-мүлік, өсімдік т.б.) бқрін баса-көктеп, апырып-жапырып, аяғымен таптап...>

АЙҚАП-ШАЙҚАП- <1. жалғанды жалпағынан басып, күліп-ойнап, рахаттанатын (өмір өткізу, жасау); 2. ауыс. жан-жағындағының (адам, дүние-мүлік, өсімдік т.б.) бқрін баса-көктеп, таптап-жапырып (жермен жексен ету)> *Үстінен шағырайған күн, айқап-шайқаған үйреншікті ырғақ, түйенің баппен басқан мимырт аяңы оны кейде қалғытып-мүлгітіп жібереді (Н.Әбуталиев. Құрдастар, 40).

АЙҚЫШ-ҮЙҚЫШ <бір-біріне айқасып жатқан заттар>

*Төбесінде арабша айқыш-үйқыш жазу бар (Т.Әлімқұлов. Дүбәра, 59). *Оның маңында айқыш-үйқыш сызылған дағарадай қағаз (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 250).

АЙНАЛЫП-АЙНАЛЫП- <1. бір заттың өз-өзінен бірнеше рет айналып өз орнына келуі; 2. бір орынға қайта-қайта оралу, бір нәрсені тору, біраз жерден шарлап о баста шыққан жеріне қайтып келу> *Кемпірі екеуі осы әңгімеге айналып-айналып соғып, үміт білтесін тұтатады (М.Сқақбаев. Пенде ғұмыр, 21).

АЙПАР-ЖАЙПАР <көпшілік аяғымен таптап, жапырып кеткен жер бетінің, жер бетінде өсетін өсімдіктердің көрінісі, ту-талақайы шыққан бейне, қалпы...> *Дауылбай, қыздар менен айпар-жайпар, екеуі бітім десе, басын шайқар (Абай. Таңд. Шығ., 162)

АЙ-ТҮЙ <~ ге: қарамау: анау-мынауға, «олай еді, былай еді» деп түсіндіруге қарамау>

АЙРА-ЖАЙРА <адамдардың, заттардың қалай болса солай, бірінің үстіне бірі үйіліп, жапырылып, ат көпір болып жату қалпы, күйі> *Оқу басталып, мектеп айра-жайра болып жатса ұят та (Ш.Мұртазаев. Жүрекке әжім түспейді, 80).

АЙРАП-ЖАЙРАП <адамдардың, заттардың жапырылып, үйме-жүйме болып (жатуы)> *Тамтығы қалмаған деревня айрап-жайрап жатыр (Р.Райымқұлов. Бұрылыстар, 195).

АЙТ-АЙТ <қой қотанын күзетуші қойшы-қолаңның ит-құстарға қарсы иттерін айдақтайтын одағайы> *Әкем қой қотанын айнала кезіп: «айт-айт» деп айқайлап жүр (А.Сарбөпин. Аспалы бесік, 9).

АЙТ-ҮЙТ <біреуді біреуге айдап салу, делебесін қоздыруды сипаттайтын сөз>

АЙТЫЛЫП-АЙТЫЛЫП- <әбден қайталанып, сан рет айтылып, айтыла-айтыла (мезі болған сөз, қасаң болған нәрсе)> *Жаңадан жасалған шарттардың жариялы болуы керектігі де әбден айтылып-айтылып қасаң болған нәрсе («Ана тілі», №5, 06.02.2003, 3).

АҚШАҢ-АҚШАҢ <~ *em*: біреуге ала көзімен зілдене қарап, басқаларға сөз бермей, сумаңдап сөйлеуді бейнелеу>

АЛАҚ-ЖҰЛАҚ <адамның бір нәрседен қорқып, сескеніп, не адасып, біреуді іздеп, жан-жағына, алды-артына қайта-қайта жалтақтап қарауын бейнелейтін еліктеуіш> *Ол алақ-жұлақ қарай берді (ҚТС, 31). *Көздері ұшқын атып, алақ-жұлақ етіп, тұра-тұра ұмтылады (М.Мағауин. Таңд. шығ. II том, 32).

АЛАҢ-АЛАҢ <~ *em*: жан-жағына алаңдай қарап (сасқалақтау)>

АЛАҚАНДАЙ-АЛАҚАНДАЙ <1. алақанның аумағындай үлкен-үлкен көзге байланысты; 2. алақанның аясындай шағын-шағын (жер бетіне, кигізге т.б. заттарға байланысты)> *Ат жақты, қыр мұрынды, өндірейдей қара торы жүзін әлде бір жұмбақ нұрға бөлеп, алақандай-алақандай екі көз тұңғыық мөлдірейді... (Ө.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 134).

АЛАҚТАП-ЖҰЛАҚТАП- <сасқалақтап, жан-жағына (қарай беру)> *...Алақтап-жұлақтаған Жекен жылдамдата жүре бергенде аяғы тайып тырапай асты («Жетісу». 1.03.2003, 9).

АЛАҢҒЫТ-АЛАҢҒЫТ <қалың тоғай, орман ара-арасында ағаш өспейтін көптеген үлкенді-кішілі алаңдар, ашық жерлер> *Тіпті қайсыбір ағаш арасындағы алаңғыт-алаңғыт жерлер қарынан арылып, қарауыта бастаған (Ө.Нұрпейісов. Қан мен тер, 619).

АЛАПАЙ-ТАЛАПАЙ <~ *ын шығару*: үйдің, заттың опыр-топырын шығару, қәтер-тәптерін шығару>

АЛАС-АЛАС <отқа табынуға, отпен ағуды аластауға байланысты емші-домшының қайталап айтатын сөзі>

АЛБАҢ-ДАЛБАҢ <етек-жеңі желпілдеп, ашылып-шашылып жүгіріп келе жатқан адамның әрекетін бейнелеу> *Шекер жеңіл киініпті, ал біздің әйелдің шапанының етегі албаң-далбаң (С.Бердіқұлов. Пердесіз көңіл, 207).

АЛҒАУ-ДАЛҒАУ <диал. ала сапыран мазасыз, аумалы-төкпелі жағдайдың сипаты>

АЛДЫ-АЛДЫНА <әркім өз бетініше, бет-бетіне, өзімен-өзі>

АЛДЫҢ-ДҮЛДІҢ <арсы-күрсі, алды-артын ойламайтын (адам сипаты)>

*Ол сырттай қарағанда ештемені ойламайтын алдың-дұлдың, парықсыз жан сияқты (С.Жүнісов. Жапандағы жалғыз үй, 267).

АЛДЫРАП-САЛДЫРАП- <көп жүріп, жұмыс істеп шаршаған-дықтан не ұрылып соғылып қалған адамның бүкіл денесін, аяқ-қолын көтере алмай (былқ-сылқ болған күйі)>

АЛДЫР-БҮЛДЫР <1. көмескі, күңгірт, әрең-әрең көрінетін заттың бейнесі, сұлбасы; 2. ауыс. қара.: балдыр-бұлдыр> *Бұлт басқан ай сәулесінен алдыр-бұлдыр еткен жер шарасын қос қуғыншы байқай отырды (Ө.Көшімов. Қысалаң жыл, 134).

АЛДЫР- САЛДЫР <1. дауысын көтеріп қатты-қатты, жылдам-жылдам сөйлегендегі әртүрлі дыбыстарды білдіретін еліктеуіш> *...Оның алдыр-салдыр, ақпа сөйлейтіні де бар (О.Сәрсенбаев. Таңдамалы шығармалары, 1, 143).

АЛЖА-АЛЖА <~ болу: қартайып, ет-сүйектен арылып, алқам-салқам болу; етінен арылып, құры қаңқасы қалу...> *Алжа-алжа кемпір-шал (ҚТС, 34).

АЛҚАМ-САЛҚАМ <1. жан-жағы ашық-шашық, қалай болса, солай жатқан дүние-мүлік, үй-жай; 2. үсті-басына дұрыс қарамай, қалай болса, солай (етек-жеңі, омырауы ашық, түймесіз т.б.) киіну сипаты; 3. бас-аяғы жинақталмай, ашық-шашық қора-қопсы т.б. қара: алқа-салқа > *Алқам-салқам отырған батырдың қолына қара суыр тоғыз буын қара найзасы іліне қапты (С.Сматаев. Елім-ай, 259). *Ломоносовтың алқам-салқамдығы оған заң емес (Т.Әлімқұлов. Шежірелі сахара, 169).

АЛҚА-САЛҚА <бас-аяғы жинақы емес, қалай болса солай киінуге, ашық-шашық жүруге қатысты бейнелеу> *Күннің қызуына шыдай алмай алқа-салқа, шешініп тастаған сияқты (Ш.Мұртаза. Жүрекке әжім түспейді, 56).

АЛПАҚ-САЛПАҚ <1. өзіне-өзі қалай болса солай қарап, дене мүшесін секіртіп, үсті-басына не болса соны киіп үйренген ұқыпсыз адам сипаты; 2. қалай болса солай, аяғын ширақ баспай, салпаңдап жүретін адам сипаты> *Лашкарларды бастап келген... қара аюдай алпақ-салпақ мол денесі мен бойына біткен алып күші үшін «Қарашық» аталған Дарвиш-Хусаин батыр (І.Есенберлин. Алмас қылыш, 211).

АЛШАҢ-АЛШАҢ <адамның, малдың өзін кербезде не ұстап, аяғын шалқайта асықпай басын бейнелеу қалты> *Яшайло бұқадай тұқырайып

алишаң-алишаң басып кірді де, кабинеттің тап ортасында тұрып қалды (З.Шашкин. Таңд.шығ., 284).

АЛЫП-АЛЫП <~ *соқ*: *бір емес, бірнеше рет жерден көтеріп алып, жерге соғуды бейнелеу*> *Үндеместен жабылып, екеуін алып-алып соқты да, тізерлеп басып-басып алды (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 61)

АНДЫЗДАП-АНДЫЗДАП <*әр жерден бір бытырап, көрініп, жан-жақтан, тұс-тұсынан қаптап шығу қалпын бейнелейтін етістік*> *Портта тұрған кемелерден сырық матчалары андыздап-андыздап қоя берді (Ө.Нұрпейісов. Қан мен тер, 711).

АПЫЛ-ТАПЫЛ <*жаңа жүре бастаған баланың аяғын шәлкем-шалыс, асығын-үсігін, тәй-тәй басып жүрісі*> *Ол аяғын апыл-тапыл басқаннан-ақ түзге талпынып, табиғатпен сырлас, мұңдас болды (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 66). *Бертінде апыл-тапыл жүре бастағанда бір нәрсеге ызалана, еденге шалқасынан құлаушы еді (Т.Әлімқұлов. Сәби күлкісі, 90).

АПЫЛ-ТҰПЫЛ <*қара.*: *апыл-тапыл*> *Қараса аяғын апыл-тұпыл басқан үш-төрт жас шамасындағы бала (Қ.Исабаев. Ажал құрсауында, 104).

АРБАҢ-АРБАҢ <*адамның, жан-жануар т.б. заттардың қолапайсыз, қорбаңдаған қимыл-әрекетін, жүрісін сипаттайтын бейнелеуіш еліктеуіш*>

АРПАҢ-ТАРПАҢ <*адамның аяқ-қолын ербеңдетіп, тәлтірекпен басып ебедейсіз әрекеттенуі; тасыр-тұсыр жүрісін бейнелейтін еліктеуіш*> *Кім біледі, арпаң-тарпаң сөйлеп тұрып, бірдемені бүлдіріп алсам, сорлағаным ғой сосын (С.Шаймерденов. Әнім сен едің, 167).

АРП-АРП <*иттің қайта-қайта арсылдап үруін сипаттайтын дыбыстық еліктеуіш*>

АРПЫЛ-ТАРПЫЛ <*аяғын тарпылдата, тырпылдата асығыс басуды бейнелейтін еліктеуіш*>

АРПЫЛ-ТҰРПЫЛ <*қара.*: *арпыл-тарпыл*> *Айтолқын-ау, аузыңа бақ, арпыл-тұрпыл сөйлей берме тәйірі алғыр (Б.Майлин Азамат Азаматыч, 115)

АРСА-АРСА <*етінен арылып, әбден арықтаған адамның, малдың әр жерінен сойдып шығып тұратын қу сүйектерін бейнелейтін*> *Сәт қартайыпты: өзі ашаң жүзді еркек бұрынғыдан да гөрі сылынып, жақ сүйектері арса-арса, сорайып шығып тұр (З.Шашкин. Таңд. шығ., 62). *Өнебойы арса-арса, құр сүйегі қалған шалды Шумилов қолынан ұстап алып шықты (Х.Әдібаев. Таңбалы адам, 34).

АРС-АРС <*иттің арсылдап, өршелене, қайта-қайта үрісін білдіретін дыбыстық еліктеуіш*> *Арс-арс еткен иттерше, бірін-бірі қауып алғандай болды (Ж.Аймауытов. Шығармалары, 160). *Орал комбинезонмен сабалаған от ұсқынсыз сары ала төбет сияқты, арс-арс етеді (Ш.Мұртазаев. Табылған теңіз, 75).

АРС-ҰРС <**қара.**: *арс-арс*> *Қалың қойдың алдыңғы жағынан «арс-ұрс» еткен Қойөсердің дауысы естілді (С.Қасиманов. Алтай аңыздары, 39).

АСЫР-ТАСЫР <*тарс та тұрс етіп жалғасатын тасырлаған дыбыс еліктеуіші*>

АТЫП-АТЫП- <~ **тұр:** *ат- етістігінің көсемше (-ып) тұлғасында қайталануы арқылы бірнеше адамның (малдың, аңның) жатқан орнынан ұшып-ұшып тұруын, не қарғып-қарғып тұра қашуын бейнелеуші қайталама етістік*> *Үзенгі қағысып тұрған аттар алға қарай *атып-атып* шықты (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 275). *Шырт ұйқыда жатқан солдаттар *атып-атып* тұрып қаруларына жармасты (Х.Әдібаев. Таңбалы адам, 28). *Қалғып отырған кісілер *атып-атып* түрегелген (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 696).

АХА-ХА <1. *қақақалап, қарқылдап күтуді бейнелейтін еліктеуіш; 2. ауыс. ойын-тамаша, жақсы, көңілді өмір*> *Көдегені *аха-ха* (ҚТС, 59).

АХА-ХАЛА <*уақытын ырду-дырдумен, аха-халап, ойын-күлкімен өткізу*>

АХА-ХАУ <*ырду-дырду, ойын-күлкі*> * Елубай Қызылордада көптеген достардың арасында ойын-сауық, *аха-хаумен* жүріп, мені ұмытты ғой дейсің (Қ. Бадыров. Өткендер мен өткелдер, 62).

- Ә -

ӘЛЕЙ-ТҮЛЕЙ <*табиғаттың аяқ-астынан бүлініп, қатты жел тұрып, нәсерлете жаңбыр жауып, қар жауып, аяғы қарлы боранға айналуы; 2. ауыс. шалқып соққан желдей, бірде олай, бірде былай, бірде бие, бірде түйе болып өзгеріп тұратын мінез*>

ӘЛЕЙІМ-ТӘЛЕЙІМ <*он сегіз мың галамның баршасы өмір сүріп, тіршілік ететін кеңістік, кең дүние*>

ӘЛЕКЕЙ-КҮЛЕКЕЙ <**қара.**: *әлекей-шәлекей; өңкей сақадай сайланғандар*> *Кеңсенің қасындағы үйлердің де *әлекей-күлекейі* көбейді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 283).

ӘЛЕКЕЙ-ТҮЛЕКЕЙ <~ **болу:** *диал. алай-түлей болу, тас-талқаны шығу*>

ӘЛЕЙІМ-ТӘЛЕЙІМ <*ұйқы-тұйқы, астан-кестен*>

ӘЛЕКЕЙ-ШӘЛЕКЕЙ <**диал.** *Өзбекстан қазақтары: әртүрлі мата, матадан тігілген ұсақ-түйек бұйымдар, қалай болса, солай киіміне жапсырып, іліп алған заттар*> *Үстіндегі *әлекей-шәлекей* қызыл көйлектегі полинезиялықтардың ба, финикиялықтардың ба, кемелерінің суретіне қараған шығар (М.Мағауин. Таңд. шығ. II том. 155).

ӘЛЕК-ШӘЛЕК <*быт-шытымызды...*>

*Солар болып, *әлек-шәлегімізді* шығармаса, – деді шал (А.Нұрманов. Құланның ажалы, 109).

ӘЛЕКЕЙ-ШҮЛЕКЕЙ <**қара.**: *әлекей-шәлекей: салпыншақ, әсемдік үшін жабыстырып жасалған айшықты заттар ол ат әбзелдерінде кездесуі мүмкін*>

*Еркектерге арналған ер... атқа жатымды, үйлесімді *алекей-шүлекейі* аз, сипатты болып келеді... («Мұра» 1992. №2 56).

ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМ <*іші күйін-өртеніп...*> *Анадағы бір күн есіне түскенде іші *әлем-жәлем* боп кететін шығар (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 145).

ӘЛЕМШІ-КҮЛЕМШІ <*алақ-жұлақ, ала-құла...*> *Кіре берістегі *әлемші-күлемші* бояулы жазуды көрген Байқал риза болғандай (Қ.Тоқмырзин. Байтақ, 122).

ӘЛЕН-ПӘЛЕН <*диал. қара.: пәлен-түген*>

ӘЛТЕК-ТӘЛТЕК <*адам баласының жүрісіне тән ерекшелік: аяғымен жерді нық басып жүре алмау, жүргенде біресе олай, біресе былай теңселіп, тәлтіректен жүру*> *Арыстан қарт жеңіл киініп жүріп көріп еді, аяғын *әлтек-тәлтек* басып сүрне берді (ҚТТС, 2, 620).

ӘЛТІРЕКТЕП-ТӘЛТІРЕКТЕП <*мас болған, аяғын тік басып жүруге халі жоқ адамның, сондай-ақ жаңа туған төлдің тәлтіректен (жүруі)*>

ӘНТІРЕК-ТӘНТІРЕК <*қара.: әнтек-тәнтек*>

ӘУКІМ-ӘУКІМ <*сыыр малын шақыру, еркелетуге қолданылатын сөз*>

*Жолға түсіп алып құбақан сыыр, жыламсырай «*әукім-әукім*» деп дедектеп қара сирақ бала кетіп барады (Т.Дәуренбеков. Таң атып келеді, 63).

- Б -

БАҒЖАҢ-БАҒЖАҢ <~ *ет:* біреуге қорыққан, үрейленген түрмен қайта-қайта көзін бақырайтып қарау> *Қалғып кеткен адамдар ащы дауыстан көздерін *бағжаң-бағжаң* еткізіп ашып алады (Ш.Мұртазаев. Табылған теңіз, 14).

БАДАЛ-БАДАЛ <*әр жерден бір өскен бұта-бұталар*>

БАДАНАДАЙ-БАДАНАДАЙ <*бадана тәрізді көптеген көзге түсерлік ірі-ірі зат*> *Оның қақ ортасында *баданадай-баданадай* үш лағыл қызыл шок боп жанып жатыр (Ә.Кекілбаев. 58).

БАДЫРАЙЫП-БАДЫРАЙЫП <*бадырай етістігінің көсемше тұлғасында қайталанып қолдануы арқылы сол етістік білдіретін іс-әрекеттің жүзеге асырылуын аңғартатын ҚҚС*> *Бар тамыр *бадырайып-бадырайып* шығып тұр (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 201).

БАЖАҚ-БАЖАҚ <~ *ет:* біреуге үрейлі, қорқынышты көзбен қайта-қайта қарау> *Дауыс шыға-ақ басын жастықтан жұлып алған бала, сенер-сенбесін білмей *бажақ-бажақ* қарап орнынан түрегеле алмады (С.Ғаббасов. Ана жүрегі, 173).

БАЖАҢ-БҰЖАҢ <*бақырып-шақырған, біреумен қарсыласқан әр түрлі дауыстар*> *Ауыл ортасынан *бажаң-бұжаң* еткен дауыс та шығып қалды (І.Жансүгіров. Шығ., 3, 410).

БАЖ-БАЖ <*адам, хайуанаттар (мысық, ит т.б.) тарапынан аса қатты да ащы шығатын *баж деген дауыстың жиі қайталануын*

білдіретін еліктеуіш ҚҚС > *Аяғымның астындағы қар мауыққан мысықтай *баж-баж* етеді (Ш.Мұртаза. Ай мен Айша, 177).

БАЖ-БҮЖ <«*баж-баж*» дауысының біркелкі емес, әркелкі жуан-жіңішке болып қайталанып шығу қалтын білдіретін ҚҚС> *Әуелі алдыңғы жақтан айқай шыққандай болып еді, енді арт жақтан да *баж-бұж* дауыстар көбейді (Ә.Кекілбаев. Үркер, 251). *Осы кезде кабинетке *баж-бұж* етіп бір қарған әйел кіріп келді (М.Гумеров. Хазірет қорғаған ауыл, 51).

БАЙПАҢ-БАЙПАҢ <адамның, жүріс малының жайбарақат майда қадам, бір қалыпта ұзақ қозғалысын бейнелейтін еліктеуіш> *Бобкин еркек қаздай қисық аяғымен екі жағына кезек аутандап *байпаң-байпаң* басып кеп, ... генерал Черновтың қолын қысты (Ә.Нүрпейісов. Қан мен тер, 652).

БАҚЫРА-БАҚЫРА- <*айғайлай-айғайлай, қайта-қайта бақырып*> *Сонымен екі інісі екі жаққа *бақыра-бақыра* жөнелісті (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 71).

БАҚЫРЫП-БАҚЫРЫП- <*қара.*: *бақыра-бақыра*>

БАҚЫРЫП-ШАҚЫРЫП- <*қайта-қайта бар дауысымен айқайлап, қатты-қатты сөйлеп*> *Ол тіпті Әлікүлдың *бақырып-шақырған* сөзін шыбын шаққан құрлы көріп елеген жоқ (О.Бөкеев. Құм мінезі, 165).

БАЛ-БҮЛ <*кейбір заттар мен құбылыстардың (мыс., оттың, шоқтың, шырақтың, сондай-ақ адам көзінің, бетінің, ернінің т.б.) күн сәулесіне шағылысқандай қан тарап, қызарып, жалт-жұлт етіп көрінуін бейнелейтін еліктеуіш*> *Албыраған нәрлі еріндері оттай ыстық, *бал-бұл* жанған беті жұп-жұмсақ, майда екен (М.Мағауин. Қияндағы қыстау, 249). *Барлық жас ажарында *бал-бұл* жанған бір құбылыс бар (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 124)

БАЛДЫР-БАЛДЫР <*тілі жаңа шығып келе жатқан жас баланың балдыр-бұлдыр еткен сөз ерекшелігін бейнелейтін еліктеуіш*> *Әлде нені *балдыр-балдыр*, Сөйледі де бір қарманып, Астыңғы жан қалтасынан Браунигін қолына алып (С.Бегалин. О баллада, 27). *Балдыр-балдыр* тіліңнен, Сырынды маған айтасың. Қоңыраудай әсем үніңмен, Үйімде күй тартасың (О.Малқаров. Менің ізім, 64).

БАЛДЫР-БҮЛДЫР < *қара.*: *балдыр-балдыр* > *Кішкене Халуа аяғын басып, *балдыр-бұлдыр* сөйлейтін болған (Ж.Жұмақанов. Соқпақ соңы, 162). Мүшел тойы да болатынын солардың есіне бір салайық дегені баланың тіліндей *балдыр-бұлдыр* болып, құлағына көмескі естілетін тәрізді (Ж.Мусин. Үміт, 61).

БАЛПАҢ-БАЛПАҢ <*денесі ауыр адамның аяғын теңселе басып баяу жүруін, не балпаңдап жүгіруін бейнелейтін еліктеуіш*> *– Біздің ауылға барасыздар ма? Кел отырыңыздар, – деген баланың дауысы маған таныс секілденді. Біз *балпаң-балпаң* жүгіріп кеттік (С.Мұратбеков. Жабайы алма).

БАЛП-БАЛП <~ *сөйле:* аузын керіп, кең ашып, асықпай (сөйлеу); ~ бас: аяғын алышпай басып, кең ашып, асықпай жүру> *Ақтөс екі-үш рет ерініп балп-балп етіп дыбыс берді (Қ.Сатыбалдин. Қараторғай, 98).

БАРБАҢ-БАРБАҢ <~ *ет:* аяқ-қолымен қолапайсыз, икемсіз қимыл-әрекет бейнелейтін еліктеуіш>

БАР-БАР <~ *ет:* адамның, т.б. тірі жанның, құбылыстың бар-бар етіп қайталанатын барылдаған жаман дауысы> *Бар-бар еткен дауысының ақауы бар жігітті топтан шығарып жіберді (З.Шашкин. Таңд. шығ., 303).

БАРҚ-БАРҚ <*барқ жағымсыз дыбысының қайталануын бейнелейтін еліктеуіш> *Тағы да болса үркіп барқ-барқ еткен жоқ. (Ш.Мұртаза. Ай мен Айша, 179).

БАРП-БАРП- <жағымсыз естілетін барп дыбысының қайталануын білдіретін еліктеуіш>

БАРТ-БАРТ <барт> дыбысының қайталануы арқылы бір нәрсенің қайта-қайта жарылысын білдіретін еліктеуіш> *Қара қазанға жүгері қуырып, барт-барт жарылған бадананы алақанына салып, анықтап жатпаушы ма еді әжеміз (Т.Иманбеков. Лен. жас, 7).

БАТЫР-БҰТЫР <қамшымен, таяқпен, т.б. заттармен біреуді жон арқасынан сартылдатып соғуды, үзбей атуды бейнелейтін дыбыстық еліктеуіш>

БӘУ-БӘУЛЕ < бір нәрсеге зарланып жаны қиналып, «бәу-бәу» деп шығаратын дыбыс > *Бәу-бәулет» маңдайыңнан сыйпап желі, Тербетер мейірленіп сонда сені. Ән салып тоқсан түрлі күй тартады, Өнерпаз сауық құсы дүниедегі (Ж.Саин. Таңд. шығ., 62).

БЕЗ-БЕЗ <~ *ет:* зар илеу, азар да безер болу> *Шешеме молданы боқтап тұрып жамандадым, ұрғанын, ұрысқанын айтып «оқымаймын» деп без-без етем (Қ.Байсейітов. Құштар көңіл, 10).

БЕЗЕК-БЕЗЕК <бір нәрседен безер болудың, безектердің сипаты> *Енді мен бармаймын, өздерің барындар, – деп, әлгі бала ұры безек-безек етеді... (С.Талжанов. Адам туралы толғау, 106).

БОЛП-БОЛП <адамның қимыл-қозғалысының, жүріс-тұрысының ебедейсіздігін бейнелейтін еліктеуіш > *Бөрте лақ болп-болп еткізіп, алаңсыз әлі еміп жаты (К.Қазыбаев. Ызғар, 23).

БОРП-БОРП <ана емиегін қатты сорып емгенде, не сиырдың желінін уыстап, қатты-қатты сауғанда шығатын дыбысты бейнелейтін еліктеуіш > *Ақ майса топырақты жалаң аяқ борп-борп басып келеді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 189). *Нәресте ақ барық төсті қызыл иегімен борп-борп емді (С.Сматаев. Елім-ай, 315)

БОРСАҢ-БОРСАҢ <адамның домаланған денесімен жиі-жиі басып, томпаңдап жүгіруін бейнелейтін еліктеуіш> *Ипподромның үлкен темір есігінен Шығай көрінді. Борсаң-Борсаң жүгіріп келеді («Жұлдыз», 2002. №2. 28).

БОРС-БОРС <бортылдап қайта-қайта жарылған мина, снаряд, граната оқтарының дыбыстарын бейнелейтін еліктеуіш> *Дүние адам танығысыз. Көк ала түтін, тарсыл-гүрсіл, борс-борс... (Ғ.Сланов. Замана шежіресі, 1970, 165).

БОРТАҢ-БОРТАҢ <аяқ-қолы домаланып, майда қадаммен домаланып жүгіруді бейнелейтін еліктеуіш>

БОРТ-БОРТ <қыстың суығында қалың қарды басқан адамдардың аяқ астынан шығатын таптала бастаған қардың дыбысын білдіретін еліктеуіш> *Қалың қарды борт-борт басып жұмысшылардың соңы да жиналды (Р.Нұрғалиев. «Лениншіл жас», 1964.12.02. 3).

БОРША-БОРША <білем-білем етіп, майдаланып тілінген шикі еттің сипаты > *Мен борша-борша боп терлеп, қайтадан талықсып кеттім (Д.Исабеков. Таңдамалы шығармалары, 1, 81). *– Міне, осы ендігі үйлерің,—деді қарадай борша-борша терлеген Аналық (О.Бөкей. Атау-Кере, 423).

БУДАҚ-БУДАҚ <мол жанған оттан, өрттен будақтап шыққан түтіннің ыстық, қатты қайнаған судан атқылаған будың көрнісі> *Папиросты шарт тұтатып, түтінді аузынан будақ-будақ шығарды (Ш.Мұртазаев. Ай мен Айша, 63). *Қос танауынан буы будақ-будақ атқылады (О.Бөкеев. Ұйқым келмейді, 340).

БУЛЫҒЫП-БУЛЫҒЫП <адамның қатты қапаланғанда сөйлей алмай, өзінен-өзі қысылып, тұтығып, қайта-қайта демігіп (мазасы кетуі)> *Оқыстан даусым шығып кетті де, булығып-булығып шалдың ақ жейделі кеудесіне басымды тыға түстім (Ш.Мұртазаев. 27).

БҰЖ-БҰЖ <көп адамның бір нәрсеге таласып, өзара төбелесіп, даурыққанда шығатын әр алуан дыбыстарды сипаттайтын еліктеуіш> *Ауылдың естиярлары, пысықтары жан ұшыра даурығысып, бұж-бұж үн қатысып, төбелесті де зорға басты (Ә.Әлімқұлов. Туған ауыл, 9).

БҰЛАҢ-БҰЛАҢ <адам баласының (қыз-келіншектердің), жылқы малының бойын түзеп, жортақтап, сылаңдап жүрген жүрісінің сипаты> *Дәмелі аспан түстес көгілдір көйлекке малына киінген.Қос бұрым жерге тиер-тимес болып бұлаң-бұлаң етеді (І.Есенберлин. Айқас, 140). *Бағадаев қолындағы жалаушаны балалардың төбесіне көтеріп, бұлаң-бұлаң желпіді (І.Қыдырқанов. Еш нәрсе ұмыт болмайды, 4).

БҰЛҒАҢ-БҰЛҒАҢ <бір орында тұрақтамай, былқ-сылқ етіп тұрған заттың кербезденіп, бой жасап, арылы-берілі жүруді бейнелейтін еліктеуіш> *Ашамайының басына ілулі томпиған әлдене бұлғаң-бұлғаң етеді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 82). *Бірнеше тракторшы қыздар жатқан сәкінің шетінде бастары бұлғаң-бұлғаң етіп қалғып отыр (И.Салахов. Көкшетау даласында, 1969, 25).

БҰЛДЫРАП-БҰЛДЫРАП <тым алыстағы бір заттың адам көзіне анық емес, тек ала-көбең қарасы ғана болар-болмас көрініп (қана қоюы)>

БҰЛДЫР-БҰЛДЫР <1. ашық-жарқын емес, тек қарауытып сұлбасы, нышаны ғана көрінудің сипаты; 2. ауыс. өтіп кеткен, алыста қалған күндердің сағымдай болып елестейтін бейнелері> *Дем алар әрең зорға анда-санда, көлбеңдеп көлеңкелер бұлдыр-бұлдыр (Д.Еркінбеков. Шығ., 1965, 86). *– Е – е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен? – деп, кішкене тақпақтап бастап еді (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 41).

БҰЛДЫР-БҰЛАҢ <ашық, айқын емес, тек елесі ғана көрінетін күңгірт зат бейнесі> *Соғыс кезінде Қазақстанда болғаны бұлдыр-бұлаң есінде қалған Лиза сол жерлерді қайта оралып көргісі де келген (Т.Әлімқұлов. Ақ боз ат, 52).

БҰЛҚЫНЫП-БҰЛҚЫНЫП <бір нәрседен құтылып кетуге, шығып кетуге өзінен-өзі талпынып, әрекеттеніп (тырысуы)> *...Бірдеңе бұлк-бұлк етіп бұлқынып-бұлқынып қалғанын Ақиқат анық сезді (Ш.Мұртазаев. Жүрекке әжім түспейді, 223).

БҰЛТАҚ-СЫЛТАҚ <бірде олай, бірде былай, бір орында тұрмай бұлтақтай берудің кекетінді сипаты> *Әйел шіркіннің қай бұлтақ-сылтағы екенін кім біледі (Ж.Аймауытов. Шығ., 168).

БҰЛТАҢ-БҰЛТАҢ <адамның, жан-жануарлардың жүріс-тұрысына қатысты, бір қалыпты емес, денесін бұлтаңдатып, бірде тез, бірде баяу жүруін бейнелейтін еліктеуіш> *Жігіттерде үн жоқ. Түн бойы едәуір қалындап қалған көбік қарды етіктерімен сызып, бұлтаң-бұлтаң етіп жүріп келеді (Ғ.Мүсірепов. Ұлпан. 1974, 27).

БҰРАЛАҢ-БҰРАЛАҢ <буын-буыны босап, былқ-сылқ етіп, әсемденіп жүрудің, желмен бірге шайқалып, теңселіп, бұралаңдап тұрудың сипаты> *Арық бойындағы тал-шыбықтар да бойжеткендей бұралаң-бұралаң етеді (С.Асанов. «Қазақ әдебиеті», 1971. 05.03.).

БҰРАҢ-БҰРАҢ <аяғын тіп-тік, нақтап баспай, бұралаңдатып, оңғасолға теңселіп басудың сипаты> *Қабдол молдалар алдында алтайы қызыл түлкідей жылт-жылт етіп, бұраң-бұраң болады (С.Адамбеков. Көсенің көзі, 1961, 130).

БҰРҚ-БҰРҚ <1. қазанда, самаурындағы судың зікірлеп, қатты қайнауын бейнелейтін еліктеуіш; 2. адамның қатты ашулану қалпы; 3. түтіннің, будың бұрқылдап шығуы> *– Жо-о, жо-оқ, – дейді Петр Иванныч аузынан ақ түтін бұрқ-бұрқ етіп (М.Мағауин. Қияндағы қыстау, 64). *Тарғыл бүркіттің қасынан бұрқ-бұрқ шаң ұша бастады (Ә.Кекілбаев. Үркер, 191).

БҰРҚ-САРҚ <алай-түлей болу, долдану, бұрқану > *...Әлде бұрқ-сұрқ дарияға малшынып жүріп, Әбілқайырдың құлағы бітіп қалып енді ашылып тұрма, мына дыбысты манадан бері бірінші естіп тұр (Ә.Кекілбаев. Үркер, 554).

БҰРТАҢ-БҰРТАҢ <біреуге өкпелеп, ренжіген адамның соны сездіруге тырысып істейтін әрекеттері, қылықтары> *Әсіресе Әлмен бұртаң-бұртаң етіп Болатқа жолар емес (Ә.Қалдыбаев. Шаншар атай, 97).

БҮГЖЕҢ-БҮГЖЕҢ <~ **ет.** бойын тік ұстамай, иіліп, еңкілдеп жүруді бейнелеуші еліктеуіш> *Солардың ішінде бүгжең-бүгжең етіп бойы бір қарыс боп Маша да жүрген (Р.Токтаров. Терістік шұғыласы, 1970, 143). *Аспанда асықпай қалықтап ұшқан қаршығаның бет алысына қарай ағаштардың арасымен бүгжең-бүгжең жүгірді (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 124).

БҮГІЛІП-БҮГІЛІП <бір нәрсенің тік тұрмай, басын төмен қарай иіп еңкейіп, бүкшеңдеп (тұруы, жүруі)> *Қолдары ербөндеп, тізелері бүгіліп-бүгіліп кететін сияқтанды (Ғ.Мүсірепов. Таңд. шығ., 2, 29).

БҮКЕҢ-БҮКЕҢ <бүкшеңдеген бірқалыпты (қасқырдың, малдың) желісті бейнелейтін еліктеуіш> *Кімі қалың, өзі бошалаң жаяу тартып өрде жүгіре алмай, бүкшең-бүкшең етеді (Ә.Көшімов. Қысталаң жыл, 49).

БҮКШЕҢ-БҮКШЕҢ <бүкіреңдеп, еңкеңдеп жүруді бейнелейтін еліктеуіш> *Бүкшең-бүкшең етіп кәрі-құртаң жазғандар кетіп бара жағады (Ә.Кекілбаев. Үркер, 64).

БҮЛК-БҮЛК <~ **ет.** тірі жандардың жай ғана әрекеттеніп қозғалуын, малдың, хайуандардың (иттің) бүлкілдеп жүрген (майда қадам) жүрісін, желісін бейнелейтін еліктеуіш> *Иесінің астындағы ат бүлк-бүлк желеді (М.Мағауин. Қияндағы қыстау, 192). *Шапанның ар жағындағы бүлк-бүлк қыбыр ғана, оның кеудесінде жан барынан хабар бергендей (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ).

БҮРСЕҢ-БҮРСЕҢ <суықтан тоңған адамның қол-аяғы бүрісіп, берекесі қашуын, бүрсең қағып жүргенін бейнелейтін еліктеуіш> *Көк мылтықтың астында көзіңе көк шыбын үймелеп, бүрсең-бүрсең жортқаныңды енді бір көрсем арман жоқ,—деді ол (Ғ.Мұстафин, Дауылдан кейін, 1959, 145).

БҮРТІК-БҮРТІК <1. өсімдіктің сабағында болатын, не сұйықтықтың ішінде ерімей жүрген ұсақ-ұсақ түйіршіктер; 2. **ауыс.** денеге бөртіп шығатын ұсақ бөртпелер> *Ақыры, бүртік-бүртік болып ол да бітті (М.Мағауин. Қияндағы қыстау, 199). *Шаруаға қырсыз қожайын терезенің ішкі бетіндей бүртік-бүртік тепшіген терден арылмайтын, жалпақ сарыны ол танымай қалғандай болды (Ә.Ақпанбет. Қатын қашқан, 33).

БЫҒЫ-ЖЫҒЫ <қалың жұрттың жиналған, бас-аяғы белгісіз құжсынаған шоғыры>

БЫДЫ-БЫДЫ <ауыздың, тілдің белгілі бір кемістігінен сөзді дұрыстап (ашық-анық) айта алмаудың сипаты> *Қанша сайрасам да, тілім аузымның ішінде домалап жүрген сияқты, бір түрлі быды-быды (Ү.Уайдин. Ендігісін айтпаймын, 1974, 93).

БЫЖ-БЫЖ <қайнаған суға тигенде, не ыстық таба, қазанға қарығанда, заттардың (ет, көкөніс т.б.) бірден күйіп-пісіп, қуырылған

(*быж-быж еткен*) дыбысы> *Бостандық сарайы» араның ұясындай, *быж-быж* қайнаған адам, гуілдеген дауыс, көкпеңбек түтін (З.Шашкин. Таңд. шығ., 85). *– Ел іші дәл ұясын бұзған құмырсқадай, *быж-быж* (З.Шашкин. Таңд. шығ., 117).

БЫЖ-ТЫЖ <~ *ол: берекесі кету, зуре-сарсаңға түсу*> *Бригадир оларды атпен қуып, *быж-тыж* болып жүр (О.Бөкеев. Мынау аппақ дүние, 145). * «Пұшық шіркін келді де *быж-тыж* қылды» деген екен біреу (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 185).

БЫЖЫҢ-БЫЖЫҢ <адамның миңгірлеп көп сөйлеуін бейнелейтін еліктеуіш; қара: *мылжың-мылжың*>

БЫЖЫР-БЫЖЫР <бет-әлпеті, үсті тегіс емес, кедір-бұдыры, қисық-қыңыр жерлері көп заттың бейнесі> *Оның өсімдік шөптері *быжыр-быжыр* әріптер тәрізді (М.Қаратаев. Даладағы дабыл, 78).

БЫҚ-БЫҚ <*быжынаған, бірінің үстіне бірі үймелеп, құжынаған көпшілік, не қалың мал, насекомдар (шыбын-шіркейі маса, құрт-құмырсқа)*> *Көп столдардың айналасында қонақтаған құстардай дүйім жұрт *бық-бық* етеді («Қазақ әдебиеті», 1969. 19.07. 4).

БЫЛДЫР-БЫЛДЫР <жаңадан тілі шыға бастаған жас балалардың әлі толық қалыптаса қоймаған, бұзып айтатын «шалалау» тілінің жалпы сипатын білдіретін еліктеуіш>

БЫЛҚ-БЫЛҚ <~ *ет: заттың, дененің жүргенде, қимылдағанда жұмсақтығын, бұралып, былқылдап тұратындығын бейнелейтін еліктеуіш*> *Жас баланың еңбегі сияқтанып, аяғыңның асты *былқ-былқ* етіп ойыла жаздап жатыр (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 57). **Былқ-былқ* басып, бұралып, ханның қызы, Женгелері жанында, жақындады (Б.Майлин. Шығ., 1958, 209).

БЫЛҚ-СЫЛҚ <1. бойы, бітім-болмысы бос, қатайып тұра алмайтын, қалай болса солай, былқылдап тұруын бейнелейтін еліктеуіш; 2. *ауыс. денесін бос ұстап, былқ-сылқ етіп, сәнденіп жүру бейнесі*> *Аурудың оң аяғы *былқ-сылқ* етеді. Келіншек *былқ-сылқ* басып келеді (ҚТС, 125). *Күн сайын талай үйден ет жеп, іркіт ішіп, ер үстінде отыра алмай, *былқ-сылқ* етіп қалжырап келе жатқан (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 86). *Балтаны ұстаған түрін қарашы: тұла бойы *былқ-сылқ*, осылай да ағаш шаба ма екен (Б.Майлин. Шығ.).

БЫЛҚЫЛ-СЫЛҚЫЛ <*босаңсыған әрекет...*> **Былқыл-сылқылдыңды* көрсетпе, аулақ әкет! – деді (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 25).

БЫЛШ-БЫЛШ <~ *ет: 1. су кешкенде, жұмсақ нәрсені қолмен ұрлағанда қайталап шығатын дыбысты бейнелейтін еліктеуіш*> *Өң мен түстің арасындай мұнар дүние. Бетіме *были-были* шашыраған балшықты сезем (Т.Ахтанов. Боран, 325). *Ерден Ақботаны қамшының астына алып ұрады. Бас демей, көз демей *были-были* ұрады (З.Шашкин. Ақбота, 25).

БЫЛШЫҚ-БЫЛШЫҚ <*көзі іріңдеп, былшық басқан қалтын бейнелеу*>

БЫЛЫҚ-ШЫЛЫҚ <су басып әрі былқылдап, әрі шылқылдап жатқан (лай-батпақ жер сипаты)> *Бұл да былық-шылыққа үйір (ҚТС, 125).

БЫР-БЫР <қорылдап ұйықтағанда қайталап шығатын дыбысты бейнелейтін еліктеуіш> *Быр-быр ұйықтаған жылқышыны төбеттің анда-санда маңқ еткен даусы, үйде қымызға тойғандардың күжілі дамыл-дамыл аунақшытып қояды (Ғ.Мұстафин. Қарағанды, 1952, 57).

БЫРҚ-БЫРҚ <1. қазандағы қойыртпақ ботқаның бырқылдап ұзақ қайнағанда шығатын дабысты бейнелейтін еліктеуіш; 2. біреудің сыртынан ұрсып, айыптап өзінше сөйлеуін бейнелейтін еліктеуіш> *Құйрық жалбырап тағы жырытылады Көнбіс ана бырқ-бырқ ұрса отырып тағы жамайды (Б.Соқпақбаев. Бастан кешкен, 1970, 65).

БЫРТ-БЫРТ <малдың көк шөпті үзіп жеп, шайнағанда шығатын қайталанып естілетін, адамның арқасын уқалап, желін үзгенде естілетін дабысын бейнелейтін еліктеуіш> *Үйдің іргесіндегі отқа кенеліп, оймақтай аузымен жас көкті бырт-бырт үзіп жеп жатады (Ө.Нұрпейісов. Қан мен тер, 15). *Қыл арқан бырт-бырт кесілді (С.Сматаев. Елім-ай, 110).

БЫРТИЫП-БЫРТИЫП-<адамның т.б. заттардың әбден семіріп, пісіп-толып домаланған, быртиған күйге келген қалпын бейнелейтін еліктеуіш етістік> *Башпаларының да быртиып-быртиып ісіп кеткен түрі бар (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 218).

БЫРЫСЫП-ТЫРЫСЫП <адамның, жан-жануарлардың әртүрлі сыртқы да ішкі әсерден дене мүшелерінің, табиғат-болмысының жиырылып, құрысып, тартылып (қалуы)> *Алдымен белі бүкшиіп Өскенбай келді, одан соң бармақтары сексеуілдің жігеріндей бырысып-тырысып Сәмбет келді (Ш.Мұртаза. Ай мен Айша, 148).

БЫТЫР-БЫТЫР <ұсақ заттардың жерге үзіліп түскендегі, алыста атылған мылтықтардың бытырлаған дыбыстарын бейнелейтін еліктеуіш> *Әрқайсысынан бытыр-бытыр еткізіп алдына төкті (Ғ.Мүсірепов. Танд. шығ., 2, 63). *Асқар көшеде бірдемелер бытыр-бытыр еткенде селк ете түсіп, құлақ түре қоймады (С.Мұқанов. Ботагөз, 1956, 411).

- Г -

ГУ-ГУ <1. желдің толассыз гуілдеп, қатты соғуын білдіретін дыбыс еліктеуіші; 2. ауыс. әр жерден, әрбір топтанған адамдар тарапынан шыққан және ұзаққа созылған әр түрлі әңгіме, сөздер> *Құдықтан екі аттам жердегі киіз үйден гу-гу дыбыс шығады (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 214). *Айнала гу-гу әңгіме («Жұлдыз», 2002. №7. 96).

ГУ-ГУЛЕ <«гу-гу» дыбыс еліктеуішінен туындаған еліктеуіш етістік>
*Түн ортасында тойда әркім билеп, гу-гулеп, тоқтаусыз ән айтып, еркінсіп кетті (А.Жақсыбаев. Қайырлы таң, 1970, 115).

ГҮЖ-ГҮЖ <1. қайта-қайта гүжілдеп шығатын дыбыс еліктеуіші; 2. Бұқаны күйлеу кезінде шабытын келтіріп, құмарлығын арттыра түсу үшін айтылатын сөз> *Шоферлердің жүзі көрінбейді, тек дауыстары ғана гүж-гүж етеді (К.Жұмабаев. Жұмбақ үй, 99). *Томырық қара бұқа гүж-гүж етіп, Қояды қойды кейде нұқып, жекіп, Қой, бірақ қабак шытпай қарсы алады, Жатса да ойсыз (С.Сейтенов. Сапар соңы, 109).

ГҮЖ-ГҮЖДЕ <қара.: гүж-гүж>

ГҮМП-ГҮМП <өте терең шұңқырға, не терең құдықтағы суға ауыр заттың жоғарыдан қайта-қайта құлап түскенде шығатын дыбыс сипаты>
*Түтін де от, Гүрсілде оқ. гүмп-гүмп гүрсоқ, Көк теңіз шоқ (С.Сейфуллин. Шығ. II том, 118). *Гүмп-гүмп піскен қара саба, Жүгірді, әне бала-шаға. Бәйбіше, ойбай, бұрқылдады: «Бір шкізбей оңашада!» (Б.Майлин. Шығ. 145).

ГҮР-ГҮР <1. техника (машина, трактор, т.б.) моторының тоқтаусыз жүргенде естілетін дыбысының сипаты; 2. дауысы жуан адамның гүрлідеп шығатын үні> *Ол жұмыстан келгенде үй ішіне арыстан кіріп кеткендей жуан, зор даусы гүр-гүр етіп, солдат етігі жаман еденді сындыра жаздап, солқ-солқ басып жүреді (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 392). *Бастық отыратын жақтан ер адамның гүр-гүрлеген жуан дауысы естіліп қалып тұр («Жұлдыз», 75, 2002. №2.).

ГҮРС-ГҮРС <қомақты, үлкен де ауыр заттың сынып, отырылып құлап түсіп жатқан дыбысының сипаты> *Гүрс-гүрс піскен сабаның дауысына ілесе, түрүлі іргеден қымыздың хош иісі аңқиды (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 279). *Ауыздығымен алысқан ақ езу тентек, көбік түкірген толқындар жағалауды бар пәрменімен ұрғылағанда, асау тепкіге шыдай алмаған жарқабақ гүрс-гүрс омырылады (О.Бөкеев. Мынау аппақ дүние, 80)

ГҮРСІЛ-ДҮРСІЛ <қайта-қайта гүрс-гүрс, дүрс-дүрс етіп естілетін дыбыс сипаты> *Қала іші гүрсіл-дүрсіл (ҚТС, 138).

ҒЫШ-ҒЫШ <жылқы малын суарғанда айтылатын ишарат сөз>

- Д -

ДАБЫР-ДАБЫР <жиналған көп адамның бір-бірімен дабырласып, дауысын көтеріп сөйлескендегі қаңғыр-қуңгір үндеріне еліктеу> *Мәжіліс тарады. Жұрт дабыр-дабыр сөйлесіп үйді-үйіне қайтты (С.Бақбергенев. Адам және көлеңке, 355).

ДАБЫР-ДҰБЫР <дабырласып сөйлесіп отырған адамдардың әр түрлі дыбыстары> *Бір кезде құлағым даладан әлдебір дабыр-дұбырды шалды (Қ.Байсейітов. Құштар көңіл, 15)

ДАБЫР-ДҰБЫР <сырттан естілген көп кісінің өзара қатты дауыстап, бейберекет сөйлегендей үндері; қар. дабыр-дыбыр>

ДАҚ-ДАҚ <адамның аяғын тік те нық басып жүргенде шығатын дыбыс еліктеуіші> *Жүсіп әскери тәртіппен сол жағымен айналып, аяғын дақ-дақ баса шығып кетті (ҚТТС, 3, 34).

ДАЛА-ДАЛА <әдетте, адам үстіндегі киімнің немесе денесінің тігілгенін, жыртылып пәре-пәре болуына, қасқырға таланып, жарақаттанған малдың денесіне байланысты «жыртылудың», «таланудың», «жарақаттанудың» дәрежесін күшейту үшін қолданылады...> *Төрт шанаға бөліп салған дүниеміз бар. Бетімізді үсік шалғандай дала-дала (С.Жүнісов. Жапандағы жалғыз үй, 286). *Өне бойын дала-дала қылған қыран шеңгелінің ең болмаса бір өткір тұяғын шайнап кетпек еді (М.Әуезов. Шығ. 6 том, 112).

ДАЛАҚ-ДАЛАҚ <адамның етек-жеңін бос жіберіп, жаяу, не атқа мініп бекер-босқа шапқылай беретін әрекетін бейнелейтін еліктеуіші> *Ең алдымен ескі шекпенінің екі етегі екі шалғайға кетіп, далақ-далақ шауып келе жатқан жылқышы Кенже екен (Ш.Мұртазаев. Қызыл жебе, 177). *Екі етек екі жақта, далақ-далақ етіп, құланы қос өкпеге тепкілеп аямай төпеп келеді (Т.Жақышпайұлы. Хасан ата, 23).

ДАЛАҢ-ДАЛАҢ <адамның қалай болса солай, мақсатсыз етек-жеңін салтыдатып шапқылай беруін бейнелейтін еліктеуіші>

ДАЛАҢ-ДҮЛАҢ <қара.: далаң-далаң> *Баланы орынсыз еркелету көбіне опық жегізеді, далаң-дұлаң қылық содан шығады (ҚТТС, 3, 39).

ДАЛБА-ДҮЛБА <заттың (мата, қағаз, т.б.) быт-шыт болып жыртылған, алба-жұлба, пәре-пәре болған қалпы> *Дене бітімі бұрынғыдан әлдеқайда кішірейіп кеткен сияқты, тіпті, далба-дұлба, тым қораш (М.Мағауин. Қияндағы қыстау, 188).

ДАЛБА-ЖҮЛБА <қара.: далба-дұлба> *...Үстінде жыртық жерлерін ескі шүберекпен жамаған далба-жұлба жарғақ көйлек еді (ҚТТС, 3, 39).

ДАЛБАҚ-ДҮЛБАҚ <қара.: далба-дұлба>

ДАЛБАҢ-ДАЛБАҢ <1. адамның беталды, мақсатсыз қалай болса солай, далбаңдап шаба беруін, жүгіре беруін бейнелейтін еліктеуіші 2. ~ **ет:** үсті-басы алма-жұлма, жыртық-жыртық күйінде далбаңдап жүгіруді бейнелеу> *Мен жеткенше қарақұс далбаң-далбаң етіп аспанға қайта көтеріліп кетті (Қ.Әжікеев. Саятшылық, 7).

ДАЛБАҢ-ДҮЛБАҢ <қара.: далбаң-дұлбаң>

ДАЛ-ДАЛ <матаның, қағаздың, т.б. сол сияқты заттардың пәре-пәре болып жыртылып айырылып, быт-шыты шыққан күйі> *Мысықтың отырысына, өнебойына қайтадан көзі түскен сары бәйбіше, оның ішкі көйлегінің жағасы дал-дал болып жыртылып тұрғанын көрді (С.Бегалин. Шоқан асулары, 23). *Ершенің үстіндегі көйлегі дал-дал (ҚТТС, 3, 41).

ДАЛДЫҢ-ДҮЛДЫҢ <жиналған топ адамның өзара қалай болса солай, дабырлап қатты-қатты сөйлеп, бейберекет жүріп алуы (?)>

ДАЛП-ДАЛП <етек-жеңін далпылдатып жүгіруді бейнелейтін еліктеуіш> *Қанатын үсті-үстіне сілтеп, далп-далп қағады (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 836).

ДАҢҒЫР-ДАҢҒЫР <темір-шелек, ағаш бөшке, т.б. осы сияқты іші қуыс ыдыс-аяқтың өзара соқтығысқанда шығатын дыбыс еліктеуіш> *Түйе артқан тең-тең жүктің жан-жағына байлаған қазан, шелек жол бойы даңғыр-даңғыр етеді де отырады (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 233).

ДАҢҒЫР-ДҰҢҒЫР <қара.: даңғыр-даңғыр> *Осы кезде мектеп жақтан даңғыр-дұңғыр сөйлескен адамдар дауысы естілді (Ә.Нұршайықов. Махаббат қызық мол жылдар, 111).

ДАҢ-ДҰҢ <даңғыр, дұңгір еткен әртүрлі дыбыс еліктеуіші> *Боз көлдің айналасы қиқу, даң-дұң, ...біреуді біреу біліп болмайды (ҚТТС, 3, 49).

ДАР-ДАР <матаның, қағаздың, т.б. осы сияқты заттардың қайта-қайта ұзына бойымен жыртықанда шығатын дыбыс еліктеуіші> *Тұп-тұнық ауа дар-дар жыртылып, әкесінің алдында қара көк мөлдір шеңбер шыр көбелек айналады (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 78). *Тоз-тоз бөлініп, дар-дар айрылған қаралы ел қаһар шақырып, қайратын «Елім-аймен» шыңдады (С.Сматаев. Елім-ай, 244).

ДАРДАҢ-ДҰРДАҢ <адамдардың әдепсіздік жасап, ел алдында тайраңдап, тойтаңдап, дардаңдап қалай болса солай, жүру қалты>

ДӘЛДҰҢ-ДҮЛДІҢ <ақыл-есі аздау, есерсоқтау, не айтып, нені қойғанына мән бермейтін адамның сипаты>

ДЕДЕК-ДЕДЕК <~ жүгір: аяғы жерге тиер-тимей дедектеп жүгіруді бейнелейтін еліктеуіш>

ДЕЛБЕҢ-ДЕЛБЕҢ <бір нәрсенің өзінен өзі, не жүгіргенде, жел тұрғанда желп-желп етіп, желбіреп, желкілдеуін бейнелейтін еліктеуіш>

ДЕЛДЕН-ДЕЛДЕН <желніген желдің әсерінен етек-жеңнің қайта-қайта жоғары көтеріліп, жалпылдауын бейнелейтін еліктеуіш> *Оның жүрегі ... дірілдеп, өкпелі көріктей көмпиісіп, танауы делден-делден етті (ҚТТС, 3, 101).

ДЕЛЕҢ-ДЕЛЕҢ <адамның көңілі шалқып, жан-жағына қарап, қайта-қайта алаңдап, елеңдеуін бейнелейтін еліктеуіш> *Алтын басты азаматтың абыройын ұрғашының делең-делең етегіне тәуелді қылған құдай шебер ай! (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 164).

ДОБАЛДАЙ-ДОБАЛДАЙ <ебедейсіз, рабайсыз, қолапайсыз тым үлкен заттардың сипаты>

ДОДА-ДОДА <көкпар ойынында додаға түскен малдың (көбінесе серкенің) көкпаршы жігіттердің қарулы білектерімен жан-жаққа тартқылдауынан, жыртылып, бас-аяғы араласып мылжаланып кетуіне салыстыра-салғастыра бір нәрсенің ұйпа-тұйпа болуын бейнелеу...> *—

Есіктен қылтиып шашы *дода-дода*, орта жастардағы қатқан қарасұр қйелдің басы көрінді (М.Мағауин. Қияндағы қыстау, 251). *Шашы *дода-дода* Өмірбай анадай жерде отыр ... (ҚТТС, 3, 145)

ДОРБАҢ-ДОРБАҢ <~ *ет:* ебдегейсіз, қолапайсыз қимыл-әрекет жасауды білдіретін бейнелеуіш еліктеуіш>

ДӨҢКИП-ДӨҢКИП <жер бетінен көтеріліп, оқшауланып жататын, көзге ұрып тұратын қомшып, дөңкиіп (тұратын заттардың бейнесі) > *Жағасында *дөңкиіп-дөңкиіп* түйе тастар жағыр (Ш.Мұртазаев. 33).

ДУ-ДУ <*у-шу, дабыр-дұбыр, гу-гу т.б. осы сияқты әр алуан дыбыстарды білдіретін еліктеуіш*> *Айғыр жиын *ду-дудың* ортасында отырсын мейлі, төрт жағында төрт ұлы тұрсын мейлі, өзін-өзі бір түрлі жалғыз сезінеді (Ә.Кекілбаев. 30).

ДҮБІР-ДҮБІР <*сырттағы малдың, адамның, т.б. қимыл-қозғалыс, жүріс-тұрысынан естілетін дүрсіл, тарсыл дыбыс еліктеуіші*> *Дәліз есігінің сыртында *дүбір-дүбір*, күтір-күтір естіледі (ҚТТС, 3, 193)

ДҮК-ДҮК <*сырттан, жер басудан естілетін дүк-дүк еткен дыбыс бейнелеуіші*> *Сыз қабырғаны *дүк-дүк* ұра бастады (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 251).

ДҮМБІР-ДҮМБІР <*домбыраның, кең күмбездің қайта-қайта дүңгірлеп шығатын үнін білдіретін дыбыс еліктеуіші*>

ДҮМП-ДҮМП <*малдың т.б. жүрісінен естілетін дүңкілдеген, дүрсілдеген дыбыстардың сипаты*> *Па шіркін, қасқа айғырдың аяқ басуы-ай! Жерді *дүмп-дүмп* еткізеді (ҚТТС, 3, 202)

ДҮҢГІР-ДҮҢГІР <*қоңырау, т.б. ұрмалы-ұрмелі аспаптарды (даңғыра, дауылпаз т.б.) ұрып-соққанда шығатын дыбыстарды білдіретін еліктеуіш*> *Түбірдегі аттың доғасына ілген үлкенді-кішілі үш қоңырау ... сыбызғы үнді скрипкаларға ұқсайды; сынғыр-сынғыр, *дүңгір-дүңгір* шылдыр-шылдыр (ҚТТС, 3, 208).

ДҮҢҚ-ДҮҢҚ <1. *даңғыра, барабан, т.б. аспаптарға ұрғанда дүңкілдеп шығатын дыбысты білдіретін еліктеуіш; 2. ауыс: алып қашты, ел арасына тарап кеткен дақпыр, өсек-әңгіме*> *Көк тасты *дүңк-дүңк* тоқпақтап жатқан өзге дүрсіл бұрынғыдан да күшейе түсті (Ә.Кекілбаев. 254). *Жалғыз ат жеккен тасты бидай бауларының үстімен *дүңк-дүңк* айналдыра береміз... (Ш.Мұртаза. Ай мен Айша, 26).

ДҮР-ДҮР <*қайта-қайта, не тұрақтап дүрілдеген дыбысты білдіретін еліктеуіш*> *Бүркіттің бой жүнін түлету үшін қатты семіртсе жетіп жатыр. *Дүр-дүр* сілкінгенде жапырақтары төгіліп түсіп қалады (А.Сейдімбеков. Күнгір-күнгір күмбездер. 137). *Сырттан *дүр-дүр* еткен машина даусы естілді (ҚТТС, 3, 214).

ДҮРС-ДҮРС <бір емес, бірнеше қайта, не қайта-қайта соғып тұрған жүректің, тамырдың, т.б. соған ұқсас заттың шығаратын баяу дыбысын білдіретін еліктеуіш> Кенет дәл қасынан **дүрс-дүрс** дыбыс естілді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 254).

ДҮРСІЛ-КҮРСІЛ <аттың жүрсінен, ауыр заттардың (машина, трактор, поез, танкі т.б.) қозғалысынан (жер асты арқылы) естілетін дүрсілдеген, гүрсілдеген дыбыстар>

ДҮРІЛ-КҮРІЛ <моторлы техниканың (трактор, машина, танк, ұшақ т.б.), сондай-ақ басқа да дыбысы қатты шығатын құралдардың қозғалып, жүргенде естілетін дүрілдеген, гүрілдеген дыбыстары> *Дүріл-күріл, ызы-шу самсаған қол. Сары дала (М.Жұмабаев. Шығ., 2, 59).

ДҮСІР-ДҮСІР <ауыр заттардың жоғарыдан түскенде, құлағанда шығатын дүсірдеген, дүсірлеген дыбыстары> *Дүсір-дүсір тұяқ үні анық естілетіндей (Ә.Кекілбаев. Үркер, 10).

ДЫБДЫР-ДЫБДЫР <жай ғана сөйлегенде баяусыбырлаған дыбыстарды білдіретін еліктеуіш> *Жұмағұлдың асығып-үсігіп дыбдыр-дыбдыр айтқан сөзінен еш нәрсе түсінсем бұйырмасын (ҚТТС, 3, 222)

ДЫБЫР-ДЫБЫР <жай сөйлескен адамдардың баяу естілетін дыбыстарына еліктеу> *Көрші үйдегі адамдар түнімен дыбыр-дыбыр етіп ұйықтапмай қойды (ҚТТС, 3, 222)

ДЫЗ-ДЫЗ <1. **қара.**: қыз-қыз (қайнау); 2. ~ **ет:** маса, ара, т.б. шағып алғанда удай ашып, дызылдайтын сезім сипаты> *Күні бойы суды кешіп келіп, артынан дыз-дыз қайнап, таң ата қайта мұздап шыға келетіні бар еді (ҚТТС, 3, 224)

ДЫҚ-ДЫҚ <аяғын тік те нық басқан адамның жүрсінен естілетін бірыңғай тыңылдаған дыбыс сипаты> *Қожан бір күні жолдастарымен мәжіліс құрып отырса, аяғын дық-дық басып, бір солдат қыз өгіп барады екен (ҚТТС, 3, 226)

ДЫҢҒЫР-ДЫҢҒЫР <домбыраны жай ғана шертіп, тартқанда шығатын дыңғырлаған дауысын білдіретін еліктеуіш сөз> *Құлағыма домбыраның дыңғыр-дыңғыр үні естілді (ҚТТС, 3, 229).

ДЫҢ-ДЫҢ <дың-дың етіп, қайталап шыққан (сағат, есік, телефон қоңырауының) дыбысқа еліктеу> *Үйден дың-дың домбыра үні келді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 280).

ДЫҢҚ-ДЫҢҚ <дыңқылдаған, тыңқылдап қайталап шыққан баяу дауысқа еліктеу> *Манадан бері сабырлық етіп, домбыраның шегін дыңқ-дыңқ еткізіп ... отырған Қазбектің жүрегі әлде нені сезгендей мұздап сала берді (ҚТТС, 3, 330)

ДЫР-ДЫР <~ **айыр:** қағазды, матаны дар-дар айыруды бейнелейтін еліктеуіш; 2. ~ **ет:** қайта-қайта, үздіксіз дырылдап («дыр») дыбысын шығарып

бара жатқан трактор т.б. көлік техникасының дауысына еліктеу > *Күнге күйіп, жел қағып тотыққан жирен мұртын оң қолымен дыр-дыр уқалап қояды (С.Сейфуллин. Әңгімелер, 37). *Машинам кешеден бері дыр-дыр етіп тартпай қалғанды шығарды (М.Хасенов. Қайсар, 143). *Тек ылдида дыр-дыр етіп ... бара жатқан трактор ғана бұрын бұл атыраптың түсіне кірмеген нәрсе (ҚТТС, 3, 232).

ДЫРДАЙ-ДЫРДАЙ <дырдай-дырдай, ержестіп қалған соқталдай-соқталдай (жігіттер сипаты)>

ДЫРП-ДЫРП <аяғына киген кең етігін, т.б. аяқ киімін сүйрете басып, жерге қайта-қайта дырпылдама соққан дауысын бейнелейтін еліктеуіш> *...Сірісінен басқан көн етігін дырп-дырп сүйретіп үйден шықты (Т.Дәуренбеков. Таң атып келеді, 243).

ДІК-ДІК <~ **ет:** 1. бір нәрсенің жүректің, жүрістің т.б. «дік-дік» етіп соғуын білдіретін қайталама еліктеуіш; 2. **ауыс.** біреуге қатал да ожар мінезін көрсетіп, дікілдеп қатты сөйлеу> *Ақбөкен орнынан да жылжымапты. Әрі-беріден соң дік-дік басып, баяу қозғалып, өзіне қарсы жақындап келеді (С.Сматаев. Елім-ай. 49). *Аяқтары дік-дік түседі - жүз аяқ бір аяқтай Іле «Марсельеза» әні қаланы күңіретті (З.Шашкин. Т.Бокин, 253).

ДІКЕҢ-ДІКЕҢ <~ **ет:** біреуге үстемдік көрсетіп, тығақтау, қайта-қайта дікілдей беру> *Кенжебек дікең-дікең етеді (ҚТТС, 3, 236).

ДІКІҢ-ДІКІҢ <~ **ет:** біреуге билік айтып, үстемдігін танытып, қоразданып қақаңдауды, менмендеуді білдіретін еліктеуіш>

ДІҢГІЛ-ДІҢГІЛ <діңкілдеген жіңішке дыбыс>

ДІҢГІР-ДІҢГІР <домбыра, т.б. аспаптарды тартқанда шығатын дыңғыр-дыңғыр дыбыстың жіңішке түрі>

ДІҢК-ДІҢК <~ **ет:** біреуге қоқаңдай, қоқиланып, үстемдігін көрсету, діңкілдеп, ауыр-ауыр сөз айтып ұрысу> *— Оным солай, басқарма! Әлгі қата қалғыр бірігәтің аузын жаялықтай кере бергенше, көзін де ашып жүрмей ме, әз неме! Мені көре қалыпты ғой түге. Кеше осында маған діңк-діңк етеді (О.Сәрсенбаев. Сағым, 103). *«Мыналарың болмас!» дейді маған шүйіліп. Аяқ басқан сайын апшымызды қуырып барады. Қойшы, діңк-діңк, дүрс-дүрс (К.Ахметбеков. Алқакөл, 178).

ДІРДЕК-ДІРДЕК <~ **ет:** 1. қатты суықтан қали-қали, дір-дір етіп тоңу, тісі-тісіне тимей жаурау; 2. **ауыс.** денеден, мұрыннан шыққан қанның атқылап, тоқтамай ағуын бейнелейтін еліктеуіш > *Өзін жаудан босатып алып тұрған қазақтардың қолындағы саландаған қамшыларын көріп дірдек-дірдек етеді (Ә.Кекілбаев. Үркер, 171).

ДІР-ДІР <~ **ет:** дірілдеп, қалшылдап тоңуды бейнелейтін еліктеуіш> *Атақ алған соң да дір-дір етіп тұрғандарың (М.Мағауин. Қияндағы қыстау, 166). *Өзі ашу-ызадан дір-дір етіп тұрды (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 20).

- Е -

ЕБЕЛЕК-СЕБЕЛЕК <1. адамның, жануарлардың елпек қағып қалбалақтап, ұшқалақтап, қолды аяққа тұрмайтын беймаза әрекет-қимылын бейнелейтін еліктеуіш; 2. ауыс. сәуленің әйнекке шағылысып, көрсететін айқыш-ұйқыш өрнектері>

ЕБЕЛЕҢ-СЕБЕЛЕҢ <қара.: ебелек-себелек>

ЕБІЛ-ДЕБІЛ <қара.: ебіл-себіл> *Шалыммен екеуміз осы үйді ебіл-дебіл болып жүріп салдық («Жұлдыз», 2002. №1. 77). *Сыбан молда ақ жайнамаз үстінде мүлгіп отырғанда, ебіл-дебіл, омырауы көз жасына боялып Тасбике жетіп келді (ҚТТС, 3, 252).

ЕБІЛ-СЕБІЛ <қалай болса солай, берекесіз> *Хан ... көлеңке мен жерошақ арасында дедектеп жүрген ебіл-себіл әйелге қарап үнсіз отырды (Ә.Кекілбаев. Үркер, 28). *Сүйгенін сүйреткен ебіл-себіл бір хал (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 153).

ЕБІР-ЖЕБІР <диал. аңғал-саңғал, бас-аяғы араласып, қалай болса солай, шашылып жатқан дүние, табиғи құбылыс> *Ақыры, міне, қараусыз қалған иесіз дүние, бомба түскен үйден, ебір-жебір (ҚТТС, 3, 252).

ЕГІЛ-ТЕГІЛ <көз жасын көл қылып, сора-сорасын шығарып жылаудың сипаты> *—Бекет, апам жоқ енді! — деп егіл-тегіл боп, оны құшақтай алдым (Д.Исабеков. Таңд. шығ., 1, 17).

ЕДІРЕЙЕ-ЕДІРЕЙЕ- <~ қал: танымаған, тосын біреуді көргенде көзін ежірейтіп, өзі одырайып, таңдана қарап (қалу)> ...Құбыла бетінде едірейі-едірейе қараған Қызылқабак шоқылары, батысына — бұлыңғыр мұнар, ортасында көгере қарауытқан Темірастау (Ә.Кекілбаев. Үркер, 135).

ЕДІРЕЙІП-ЕДІРЕЙІП <қара.: едірейе-едірейе> *Ең алдымен екі жерде едірейіп-едірейіп тұрған бурыл шалған қос жүндес қабағы көрінеді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 40).

ЕДІРЕҢ-ЕДІРЕҢ <~ ем: біреуге билігін, үстемдігін көрсетіп қожандауды білдіретін бейнелеуіш еліктеуіш> *Жылқылар құлағын қайшылап едірең-едірең етеді... (ҚТТС, 3, 269).

ЕКШЕҢ-ЕКШЕҢ <~ ем: көсемсу, елден бұрын сөз бастап, көзге түсу, жалмаңдап сөйлеуді бейнелейтін еліктеуіш>

ЕЛБЕ-ДЕЛБЕ <алқам-салқам, қалай болса солай (киіну), салдыр-салақ (адам)>

ЕЛБЕҢ-ЕЛБЕҢ <~ ем: елбелектеп, аяқ-қолы жерге тимей, ұшып-қонып жүруді бейнелейтін еліктеуіш> *Елбең-елбең жүгірген, Ебелек атқа секірген, Арғымақ мінген жаратып, Ақ сауыт киген темірден, Алатаудай бабалар, Әруағымен жебей көр! (Ауыз әдебиеті.).

ЕЛБЕҢ-СЕЛБЕҢ <қара.: елбең-елбең>

ЕЛБЕ-СЕЛБЕ <алқам-салқам, қалай болса солай> *Можан... екі иығы елбе-селбе боп, аулына қарай шаба жөнелді (ҚТТС, 3, 308).

ЕЛЕҢ-ЕЛЕҢ <~ *ет:* жан-жағына алаңдап, алақ-жұлақ етіп, жалтақтап қарауды бейнелейтін еліктеуіш> *Әли бұған ...жан-жағына елең-елең қарап, сыбырай сөйледі (ҚТТС, 3, 315).

ЕЛЕҢ-СЕЛЕҢ <селтең-селтең етіп бос жүруді бейнелейтін еліктеуіш> *-Иқ, ... талай жыл елең-селеңмен өткен екен де (ҚТТС, 3, 316).

ЕЛП-ЕЛП <аяқ-қолы жеңіл, елтілдеп ұшып-қонып жүретін адамның жүріс-тұрысын бейнелейтін еліктеуіш> *— Сен немене, елп-елп етіп жүргенің?! Өлген әкең тіріліп келді ме?

ЕЛПЕК-ЕЛПЕК <~ *ет:* елпектеп, ұшып-қонып жүруді, бейнелейтін еліктеуіш> *Жетпісбайдың баласы шөпжелке біреуді үйіне кіргізіп, жерден жеті коян тапқандай елпек-елпек етіп жүрген көрінеді (ҚТТС, 3, 323).

ЕЛПЕҢ-ЕЛПЕҢ <~ *ет:* **қара:** елп-елп> *Онда үн жоқ. Мұрнын тесіп жетелеген қотыр тайлақтай елпең-елпең етеді (ҚТТС, 3, 326).

ЕЛПІЛДЕП-ЖЕЛПІЛДЕП- <біреуге қызмет көрсетуге, жақсылық істеуге бейім, ұшып-қонып тұрған адамның әрекетін бейнелейтін еліктеуіш> *Өзі бір көрімге желғабыз, елпілдеп-желпілдеп қалған адам (ҚТТС, 3, 327).

ЕЛПІ-СЕЛПІ <**қара:** олты-солты>

ЕЛ-САЛ <**қара:** дел-сал> *Оның түннен бері қарай бойы ел-сал тартып, қабағы бір түрлі тырысқан сияқты бола берді (ҚТТС, 3, 327).

ЕЛ-СЕЛ <қардың тез еріп, тарам-тарам болып, су тасқынына айналған сәтін бейнелейтін еліктеуіш> *Өлім мен өмір, от пен оқ арпалысында өткен қарлы қыс көктемгі алтынкүрек соққан кездегі ел-сел боп еріген қардай тез өтті (ҚТТС, 3, 327).

ЕЛТЕҢ-СЕЛТЕҢ <адамның ел алдында жеңіл мінез, ұшқалақтық танытып, қалай болса солай, ұшып-қонып, тәлтек болып жүруін бейнелейтін қос сөз> *Ардан безіп, арақ ішіп, шылым тартып жас күнін елтең-селтеңменен өткізіп жүрген жастарды тым жиі көретін болдық («Қазақ әдебиеті», 3.10.95, 15).

ЕЛПН-ПЕЛПН <не істерін білмей, ойы онға, санасы санға бөлініп, тығырыққа тірелуін білдіретін бейнелеуіш> *Ол нақ бір ертедегі аңыз-әңгімелердегі тоғыз жолдың торабына келіп, енді қайда жүрерін, қалай басарын білмей, аң-таң болған саяхатшы, жиһангездер тәрізді елпн-пелпн боп, жол үстінде тұра берді (ҚТТС, 3, 335).

ЕМПЕҢ-ЕМПЕҢ <ілгері ұмтылып, біреуді басып озуда ынтығып, асығыс-үсігіс әрекет етуді бейнелейтін еліктеуіш> *Жанарында ашу-ыза ұшқындап, қазығын емпең-емпең айналады (ҚТТС, 3, 347).

ЕНТІГЕ-ЕНТІГЕ- <қатты жүгіруден, тез-тез жүрістен жүрегі соғып, ентіге-ентіге (жету)> *Қалың тоғайдың ішінен шығып, Сарысудың қабағымен төмен қарай ентіге-ентіге жүгіріп, ...үйіне қайтып барды (ҚТТС, 3, 365).

ЕҢК-ЕҢК <адамның еңкілдеп, барша денесін жоғары-төмен қозғап, қатты күлуін бейнелейтін еліктеуіш> *Арасында еңк-еңк етіп күлісіп те алады (З.Шашкин. Таңд. шығ., 140).

ЕҢІРЕЙ-ЕҢІРЕЙ- <көз жасын көл етіп, қайғылы-қасіретке булығып (ағыл-тегіл жылау)> *Еңірей-еңірей көз жасы да әбден сарқылып біткен тәрізді, құр кемсеңдеп булыққанымен көзінен жөнді жас шықпайды (ҚТТС, 3, 381).

ЕҢІРЕП-ЕҢІРЕП- <**қара.:** еңірей-еңірей (жылау)> *Үлкендердің өздері де еңіреп-еңіреп жіберісті (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 137).

ЕРБЕҢ-СЕРБЕҢ <адамның т.б. жанды заттардың аяқ-қолын көтеріп, әртүрлі әрекетке келтіріп ербеңдетуін бейнелейтін еліктеуіш>

ЕРБЕК-СЕРБЕК <ербеңдеп, қалай болса солай шайқалып, көзге елестеп тұратын қисық-қыңыр нәрселер> *Алғаш оған таудың қатпар-қатпар тарғыл тастары да, ербек-сербек қисық-қыңыр ағаштары да, ... бір түрлі сұсты, сиқырлы, жабайы көрінді (ҚТТС, 3, 388).

ЕРБЕҢ-ЕРБЕҢ <қолын аспанға көтеріп, ербеңдетіп, әртүрлі әрекеттенуді бейнелейтін еліктеуіш> *Әлжуаз қолдар бірдеңе іздегендей ербең-ербең етеді (ҚТТС, 3, 389).

ЕРБИП-ЕРБИП- <әр жерде бір басы-қолы ғана қылтып (көріну)> *Жермешел шым үйдің жанындағы өлі қаңқадай ербиіп-ербиіп тұрған аз ғана жеміс ағаштарының түбін қопсытты (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 75). *Құлазыған қу тақыр, қызыл-шақа тас-тас түзде ербиіп-ербиіп сирек өскен бұта аңызқты жаз айларында көңілді жүдетеді (Ә.Нұршайықов. Менің Қазақстаным, 113).

ЕРБИП-СЕРБИП- <**қара.:** ербиіп-ербиіп>

ЕРЕК-СЕРЕК <жоғары қарай тікірейіп «қалқиып тұратын» заттың (ат құлағының) бейнесі>

*Құлағы арғымақтың ерек-серек,

Жапанда жалғыз біткен сен байтерек;

Өзің де елде жалғыз ер екенсің,

Наурызбай атың сенің неге керек? («Қазақ әдебиеті», 99. 3.12. 3).

ЕРЕҢ-СЕРЕҢ <~ **ет:** серең-серең етіп, тайтаңдап, тарпақ басуының бейнесі> *...Бойы шешесімен бірдей Ақзия ерең-серең етіп, арсалаңдап жүгіріп, мойнынан құшақтай алды (ҚТТС, 3, 394).

- Ж -

ЖАБЫР-ЖҰБЫР <тұс-тұстан қаптап, жапа-тармағай қаумалап жабылып кетуді бейнелейтін еліктеуіш> *Сол жабыр-жұбыр жапатармағай жөңкілістің қақ алдында қойқандап қонтайшының өзі де жүгіріп барады (Ә.Кекілбаев. Үркер, 72).

ЖАҒАЛ-ЖАҒАЛ <ақ сары, қарақошқыл сары түсті (ешкі, құс, т.б.) > *Пешті жағал-жағал етпей, ағартып қою қолдан келер шаруа бойы, - деді Әмір (ҚТТС, 3, 491).

ЖАЙРАҢ-ЖАЙРАҢ <~ **ет:** шат-шадыман болу, жайнаң-жайнаң етіп көріну> *Дәмелі бұрынғыдан да сұлуланып, кеткен тәрізді, екі беті қызарып, қарақат көзі күлімдей түсіп, жайраң-жайраң етеді (ҚТТС, 3, 537).

ЖАЛАҚ-ЖАЛАҚ <айғыз-айғыз, тілім-тілім> *Бет-аузы ылғи сортаң жердей жалақ-жалақ болады да жүреді (ҚТТС, 3, 558).

ЖАЛАҚ-ЖҰЛАҚ <~ **қара.:** адамның, жануардың жан-жағына қайта-қайта, алма-кезек қарай беру қалпы> *Ызалы қасқырдың көзіндей қанталаған көзі жан-жағына жалақ-жұлақ қарайды (ҚТТС, 3, 558).

ЖАЛАҢ-ЖАЛАҢ <~ **ет:** жалап-жұқтап қоятындай жалмаңдауды бейнелейтін еліктеуіш> *Таңертең тұрсам, Ақтай әлдеқашан жуынып алған, аш тазыша жалаң-жалаң етеді (ҚТТС, 3, 563).

ЖАЛАҢ-ЖҰЛАҢ <**қара.:** жалаң-жалаң>

ЖАЛБА-ЖҰЛБА <киім-кешектің сау тамтығы қалмаған, пәре-пәре болып жыртылған қалпы> *Дәл сондай күн күйдірген ақ жем ұзын тіз киімінің жалба-жұлба балағынан жалаңаш тілерсегі көрінеді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 201). *...Жарты ғаламды жалаң аяқ, жалаң бас жаяу аралап келе жатқан жалба-жұлба дәруіштер... (Ә.Кекілбаев. Үркер, 167).

ЖАЛБАҢ-ЖАЛБАҢ <~ **ет:** етек-жеңін жел үрлете жалбыратып, алды-артына қарамай жалбаңдауды білдіретін еліктеуіш; 2. **ауыс.** жағымпазданып, өтірік қошемет көрсетіп жалбалақтау> *Үлкенге де, кішіге де жалбаң-жалбаң етіп, желге ұшып кетпей жүргеніңе де, шүкірлік (ҚТТС, 3, 567).

ЖАЛБАҢ-ЖҰЛБАҢ <**қара.:** жалбаң-жалбаң> *Елібай ат үстінде отырып қалды. Қарақшылар тырым-тырақай жалбаң-жұлбаң қаша жөнелісті (М.Сатыбалдиев. Жартастағы жазулар, 13).

ЖАЛБЫР-ЖАЛБЫР <сабалақ-сабалақ, жан-жағы шашырап, жалбырап-салбырап тұрған заттың бейнесі>

ЖАЛБЫР-ЖҰЛБЫР <**қара.:** жалбыр-жалбыр> *Қарасам шалбарыңа жалбыр-жұлбыр... (ҚТТС, 3, 568). Қарасам шалбарыңа жалбыр-жұлбыр, Алдағанда көнесің надан қалжыр. Әншейін келемеж қып, кел дегенге, Келуін шын өңмендеп құдай алғыр (Қаз.әдеб.хрест., 405).

ЖАЛҒАУ-ЖАЛҒАУ <үзік-үзік нәрселердің өзара жалғанып, қырық құрау болып тұрған қалпы>

ЖАЛМАҢ-ЖАЛМАҢ <алдына келген ас-тамақ, азық-түлікті асыға-толтыра асап, шайнап-жұтып, тойымсыз көзбен жан-жағына алаңдау> *Жел өтіне көлденеңдей шөгіп жатқан аруана жалмаң-жалмаң күйсеп, тағдырының ендігі ноқтасына көндіккендей (ҚТТС, 3, 579).

ЖАЛП-ЖАЛП <1. шамның, оттың жел үрлеп, бірден ошуын бейнелейтін еліктеуіш; 2. ауыс. адамның, малдың қатты жүзіріп келе жатып тосыннан қайта-қайта құлауын бейнелейтін еліктеуіш> *Тап соларға не қыла қойғанын кім білсін, ауылдың шәуілдек иттері де көп дүбірге өре түрегеліп, жалп-жалп үріп жатыр (Ө.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 273). *Құйын үйірген көңілдің жаңағы бір әсем сәулелері де жалп-жалп өшіп жатыр (С.Сматаев. Елім-ай, 226).

ЖАЛП-ЖҮЛП <шамның, оттың бірде өшіп, бірде сөніп тұрған қалтын бейнелейтін еліктеуіш> *Жалп-жұлп етіп сығырайып жанған май шамның жарығы қуыс-қуысқа жете бермейді (ҚТТС, 3, 584).

ЖАЛТАҚ-ЖАЛТАҚ <адамның, жан-жануарлардың жан-жағына қайта-қайта алаңдап, алақтап қарай беруін бейнелейтін еліктеуіш> *Бижан Бәйеділдің сөзін жалтақ-жұлтақ қарай отырып, ықыласпен тыңдады (Ғ.Ахмедов. Жем бойында, 35). *Қара бала әкесіне жалтақ-жалтақ бұрылып қарап қойып, қонақтардың алдынан салды (Ө.Кекілбаев. Үркер, 24).

ЖАЛТАҚ-ЖҮЛТАҚ <қара.: жалтақ-жалтақ> *Сиыр айдаушыларға жеткенше артына жалтақ-жұлтақ қарап барады (С.Жүнісов. Ақан сері, 34).

ЖАЛТАҢ-ЖАЛТАҢ <қара.: жалтақ-жалтақ> *Кер бие құлағын қайшылап, не болса соған жалтаң-жалтаң қарап елендей береді (ҚТТС, 3, 590).

ЖАЛТАҢ-ЖҮЛТАҢ <қара.: жалтақ-жалтақ> *Жігіттер жалтаң-жұлтаң Әлібиге көз тастап қояды (ҚТТС, 3, 591).

ЖАЛТ-ЖАЛТ <~ ем: асыл тас, алтын, күміс, т.б. жалтылдайтын заттардың күн, жарық сәулесімен шағылысуын бейнелейтін еліктеуіш> *Жұрт оның сөзіне сенер-сенбесін білмей, жалт-жалт қарап тарай бастады (Ө.Кекілбаев. Үркер, 397). *Қос елі былғары құйысқанға құйма күмістен өрнек сапты, күн көзінде жалт-жалт етеді (С.Сматаев. Елім-ай, 145).

ЖАЛТ-ЖҮЛТ <қара.: жалт-жалт> *Құдайдың бір қиын-қыстау жерлерінде жанары жалт-жұлт жанып, аруақтанып алады (Ө.Кекілбаев. Үркер, 139). *Ханның қадірі қонақтарының алдында сакшылар күнге жалт-жұлт етіп, тағзым етеді (Ө.Кекілбаев. 57).

ЖАЛТЫР-ЖАЛТҮР <асыл тас, алтын күміс, т.б. заттардың жалтырап көрінетін қасиетін бейнелейтін еліктеуіш> *Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жалтұр еткен болса, оған қызығып, ... тыныштық көрмейді (ҚТТС, 3, 594).

ЖАЛТЫР-ЖҮЛТҮР <асыл тас, алтын, күміс сияқты заттардың әр қырынан бір құбылып, жылытылдап көрінуін бейнелейтін еліктеуіш>

ЖАҢ-ЖҮҢ <айқай-шу...> «Ат қайда ? .. Ұмтыл !.. Шап!..» деген жаң-жүң, қарбалас... жанталас, жүгіріс (Ж.Аймауытов. Шығ., 87).

ЖАПАҚ-ЖАПАҚ <көзін жыпылықтатып, жауаңдап, жалтақтап қарауды бейнелейтін еліктеуіш> *Аңтарылып, аңырып, қолбасыларға жапақ-

жапақ қарасады (С.Сматаев. Елім-ай, 1, 108). *Мен оған пір тұта жапақ-жапақ қарай берем (ҚТТС, 3, 658).

ЖАПАЛАҚ-ЖАПАЛАҚ <ірі-ірі болып жауатын жаңа қардың сипаты немесе біреуге қайта-қайта қарай беру> *Мен кірген соң ол да бетіме жапалақ-жапалақ қарай берді (Б.Нұржекеев. Таңд. шығ., 2, 173).

ЖАПЫР-ЖҰПЫР <бір нәрсенің үстіне екіншілерінің баса-көктеп, үйме-жүйме болып топырлауын бейнелейтін еліктеуіш> *Үй маңында жапыр-жұпыр дауыстар көбейді (Ә.Кекілбаев. Үркер, 324).

ЖАП-ЖАЛТЫР <барлық жері түгел жалтырап, жалтылдап көрінетін заттың бейнесі>

ЖАП-ЖАМАН <бір дұрыс, оңған жері жоқ, барлық жері, тұтас көрінісі жаман заттың сипаты> *– Апа, менің осы Тәуір кемпірден, сүйегі ауыр кемпірден туғаным рас па?– деп, бетін қол сұртқан қағаздай жап-жаман қып жіберді (Ү.Уайдин. Қазақ әдебиеті, 4). *Аузыма түтіннің жап-жаман ыс дәмі келеді (С.Сокпақбаев. Менің атым Қожа, 38).

ЖАПЫР-ЖҰПЫР <қаптаған қалың, көп нәрсенің жапырлап, құжынап бір жерге жиылып, топырлауын бейнелейтін еліктеуіш> *Түу, жапыр-жұпыр неткен мол жұлдыз! (С.Сматаев. Елім-ай, 2, 91). *Ерте саске шағы болса да, халық жапыр-жұпыр сендей соғылысады (ҚТТС, 3, 668).

ЖАРБАҢ-ЖАРБАҢ <далбаң-далбаң етіп, епсіз-ебдегейсіз әрекет етудің, біреудің артынан қалмай жүруін бейнелейтін әрекет сипаты> *... Баламен бала болып, жарбаң-жарбаң алысқанша, жұмысыңды істесейші... (ҚТТС, 3, 684).

ЖАРБАҢ-ЖҮЛБАН <қара.: жарбаң-жарбаң> *Итаяқ ... кұрдас деп Құнтаймен жарбаң-жұрбаң ойнай беретін (ҚТТС, 3, 684).

ЖАРҚ-ЖАРҚ <~ ет: жалт-жұлт етуді бейнелейтін еліктеуіш>

*Нояндар легінде ...жарқ-жарқ еткізіп наркескен семсерін жалаңдатқан сайыскерлер, үстеріне тоғыз қабат сауыт киіп, иықтарына орама мылтықтарын асынған мергендер шықты (Ә.Кекілбаев. Үркер, 71).

ЖАРҚ-ЖҮРҚ <қара.: жылтырдың, әшекейлі т.б. заттардың сипаты > *...Жарқ-жұрқ етіп әлем-жәлем болып, қызыл-жасыл жамылып өте шыққан жаз кіруі мүмкін (Ш.Мұртаза. Ай мен Айша, 176). *Отқа жақын жердегі аттардың ерінің басына ілулі қынаптар түнгі алаудың шұғыласы түскенде жарқ-жұрқ ете қалады (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 84).

ЖАРҚЫЛ-ЖҮРҚЫЛ <жарық-әқулемен шағылысып, жарқ-жұрқ етіп көрінетін айшықты, әшекейлі заттардың сипаты> *Ол ... жарқыл-жұрқылға, көңілі шуылға толы мынау шадыман тобырға таңданбайды (ҚТТС, 3, 691).

ЖАРҚЫН-ЖАРҚЫН <ашық-жарқын, айқын шығатын дауысты, мінез-құллықты бейнелейтін сипат> *Хадишаның даусы жарқын-жарқын өктем шықты (Ш.Мұртазаев. Жүрекке әжім түспейді, 134).

ЖАУТАҢ-ЖАУТАҢ <адамның, сондай-ақ кейбір жсануарлардың бір нәрсеге дәмепін (сыйлық, жәрдем, ас-дәм т.б.) үміттене көзін сузе, қайта-қайта қарай беруін бейнелейтін еліктеуіш> *Жанары ботаның көзіндей жәудіреп, адам көрсе бір жәрдем тілегендей жсаутаң-жсаутаң еткенде, жаның шырылдап, жүрегің жылағандай болады (Ш.Мұртазаев. Ай мен Айша, 109).

ЖӘУТЕҢ-ЖӘУТЕҢ <қара: жсаутаң-жсаутаң > *...Үнсіз қалған шешеннің шалынан медет тілеп, жәутең-жәутең қарайды («Ана тілі», №8, 27.02.03, 9).

ЖЕЛДІРТІП-ЖЕЛДІРТІП -<астындағы атын біраз жерге желдірте шауып (алу)> *Күн сайын далаға шығарып желдіртіп-желдіртіп әкеледі (З.Ақышев. Шынардың шыбығы, 17).

ЖЕЛЕГЕЙ-ЖЕЛПІ <үсті-басына жабынған киімінің тыс киім емес, жсұқа жеңіл киім екендігін білдіретін сипаттама>

ЖЕЛЕҢ-ЖЕЛЕҢ <етек-жеңі кең-мол тігілген киімнің қатты жүргенде желмен желбіреп, желкілдеуін бейнелейтін еліктеуіш> *Көнетоз шапанының етегі желең-желең етеді (З.Шашкин. Т.Бокин, 258).

ЖЕЛК-ЖЕЛК <~ ем: аттың жалы, түйенің шудасы, т.б. сол сияқты (шап, жсүн, қалың шөп т.б.) заттардың жүргенде, жел соққанда жайқалып, шайқалып, қайта-қайта желк-желк етуін бейнелейтін еліктеуіш> *Атан түйелердің желке шудалары желк-желк етіп, желіп келе жатқандары (Ә.Кекілбаев. Үркер, 187).

ЖЕЛПІ-ЖЕЛПІ <сал: желк-желк> *Елік анадай жерге барып, танауы желп-желп етіп тоқтап, артына бұрылып лағын күтіп алды (Ш.Мұртаза. Ай мен Айша, 104).

ЖЕЛППП-ЖЕЛППП -<ұсақ заттарды (мыс. бидай, тары, т.б.) қабығынан, қауызынан айыру үшін, не салқындату үшін жел екпініне ұстау, екішеу > *... Қолындағы желпуішін желтіп-желтіп қояды (Д.Исабеков. Таңд. шығ., 1, 73). *Қамыс боғаттың жсүйке-жсүйкеңді шымырлатар ызың әуенін тындап жатыр еді (Ш.Мұртазаев. Интернат наны, 144).

ЖЫБЫР-ЖЫБЫР <адамның тынбай қыбырлаған күйкі тірлігін, жсәндіктердің өте баяу қозғалыс, жүріс-тұрысын бейнелейтін еліктеуіш> *... Түлкінің аяғы қысқа екен, жсыбыр-жсыбыр етеді, бірақ жүрісі өнімді боп шықты, жеткізер емес (М.Мағауин. Қияндағы қыстау, 184). *Қыбыр-қыбыр қипақтасып қап, жсыбыр-жсыбыр жорғалаған саусақтарымен шокша сақал, қырма сақал, қауға сақал, қауырма сақалдарын сипаласқан болады (С.Сматаев. Елім-ай, 246).

ЖЫҚ-ЖЫҚ <~ бол: ұсақ насекомдардың (құрт-құмырсқалардың бір жсерге үймелеп, құжынап кетуін бейнелейтін еліктеуіш>

ЖЫЛМАҢ-ЖЫЛМАҢ <~ ем: 1. бір нәрсенің (мыс., жыланның басы, тілі т.б.) қайта-қайта көрініп, жсасырынып тұратын әрекетін бейнелейтін

еліктеуіш; 2. **ауыс.** адамның біреудің алдында сумаңдап, жылпостық мінез танытуын бейнелеу> *Сақал-мұртын қырған, иіс жаққан, абақтыға түсті дейтін емес, тазының күшігіндей жылмаң-жылмаң етеді (З.Шашкин. Таңд. шығ., 312).

ЖЫЛМЫҢ-ЖЫЛМЫҢ <қара.: жылмаң-жылмаң>

ЖЫЛП-ЖЫЛП <~ **ет:** 1. сырты жылтылдаған майлы нәрсенің қолға тұрмай, жылп-жылп етуін бейнелейтін еліктеуіш; 2. **ауыс.** біреудің алдында жағымпазданып жалтаңдауы> *Ол өтірікті суша сіміріп, ыстық шайдан алып майға малған қалайы қасықтай жылп-жылп етті (ҚТТС, 4, 292).

ЖЫЛПЫҢ-ЖЫЛПЫҢ <~ **ет:** жылпыңдады, жылпың қағып, жағымпазданды> *Сонымен айналып балаға қарадым. Теке көз бала жылпың-жылпың етеді (Б.Қыдырбекұлы. Шойынқұлақ, 108).

ЖЫЛТ-ЖЫЛТ <жылтырақ нәрселердің (асыл тастар, алтын, күміс, т.б.) жарық сәулесімен шағылысып жылт-жылт етіп көрінуі> *Әжім торлаған жүзге тер іркіліпті, кешкі шапақ тары дәніндей тамшыларда жылт-жылт ойнап тұр (С.Сматаев. Елім-ай, 2, 78). *Әсіресе, түн баласында тұрып қарасаңыз – жер ошақтағы оты жылт-жылт еткен үйлердің ақ отауы қайсы, қараша лашығы қайсы, ажыратуы қиын (О.Бөкей. Өз отынды өшірме, 14).

ЖЫЛТЫҢ-ЖЫЛТЫҢ <~ **ет:** бір нәрсенің көп рет, қайта-қайта көзге жылт етіп көрініп, қайта жасырынып қалуын бейнелейтін еліктеуіш> *Үпірлі-шүпірлі балалары да түсі басқа кісілерге ұрпийсе қарап кішкентай қоңыр жаппаның есігінен жылтың-жылтың етеді (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 772).

ЖЫМЫҢ-ЖЫМЫҢ <қайта-қайта жымыңдасуды бейнелейтін еліктеуіш> *Әрине, бір-біріне жымың-жымың қарасып та қояды (А.Сейдімбеков. Күңгір-күңгір күмбездер, 127). *Бала бұларды көріп жымың-жымың етті де, үйіне қарай қуана жүгірді (ҚТТС, 4, 309).

ЖЫҢ-ЖЫҢ <көп адамның бас қосып, құж-құж қайнап, у-шу болып отырған қалпын бейнелеу> *Құжынап құмырсқаның илеуіндей, жың-жың боп үйдің іші толып отыр (Батырлар жыры, 67).

ЖЫП-ЖЫП <қимыл-әрекеттің тез-тез, өте жылдам жүзеге асуын бейнелейтін еліктеуіш> *...Әлгі жіп байлаған тастардың біреуін әрі, біреуін бері жып-жып алмастырып ши тоқиды (Ә.Кекілбаев. Үркер, 353).

ЖЫПЫҚ-ЖЫПЫҚ <біреуге қарағанда көздің қайта-қайта ашылып-жабылып, жытылықтауын бейнелейтін еліктеуіш> *Ол есікке тақалып үңіле қарады да, жытық-жытық етіп тұрған титімдей көздің астындағы хабар беретін түймешені саусағымен ақырын басты (Т.Сүлейменов. Жұлдыз адамы, 37). *Баланың кірпіктері жытық-жытық етіп, жасқана қағылды (Ж.Нәжімеденов. Ақ шағыл, 116).

ЖЫПЫР-ЖЫПЫР <жытырлап бір нәрсеге жиналған, құжынаған заттың қалпын бейнелеу> *Жаз орғасында ғой, қазанда бырқ-бырқ қайнаған

құрттай *жыпыр-жыпыр* сапырылысып жатар еді (М.Қабанбаев. Кермек дәм, 343). *Дәйекші жігіттер жаққан оттар *жыпыр-жыпыр* етеді (І.Есенберлин. Қаһар, 44).

ЖЫРБЫҢ-ЖЫРБЫҢ <~ *ет:* бекерден-бекер ыржақтап, орынсыз күліп, жеңіл мінез көрсетуін бейнелеу>

ЖЫРҚ-ЖЫРҚ <мәнсіз-мағынасыз, қайта-қайта жырқылдап күлуді бейнелейтін еліктеуіш> *Доңғалағы *жырқ-жырқ* еткен жеңіл машиналар қаңсыған асфальтты қақырата жыртып жөңкіліп жатыр (Қ.Ысқақов. Қараорман, 74). * Қарауындағы төрт-бес сушымен бірге арық жағалап, үйіне келіп, отының басында *жырқ-жырқ* күліп отырса жетпей ме? (Т.Нұрмағамбетов. Тұнық су, 110).

ЖЫРТАҢ-ЖЫРТАҢ <мәнсіз-мағынасыз ыржаң-ыржаң етіп, қайта-қайта жыртақтап күле беруді бейнелеу> *Енді келіп оның баласымен қатар отырып *жыртаң-жыртаң* күлуге ұялсаң етті! (М.Дүйсенов. Гүлжан сүйеді, 9).

ЖЫРТЫҢ-ЖЫРТЫҢ <*қара.:* *жыртаң-жыртаң*> *Үзілісте бір қызбен сөйлесіп, оңашалау тұрып қалсаң саған саусағын шошайтып, сыртыңнан *жырттың-жырттың* күледі (А.Жақсыбаев. Боз арал, 76). *Жалт ете қалған от сәулесі жалт етпе қазақтың өміріндей, арман мақсұтының *жырттың-жырттың* шырақшысындай (О.Бөкеев. Үркер, 84).

- 3 -

ЗАҢҚ-ЗАҢҚ <~ *ет:* *иттің арс-арс, саңқ-саңқ* үруін бейнелейтін дыбыс еліктеуіш> *Жан екпінмен атып шығып, сонадай жерге барып артыма бұрылсам, дәу қызыл төбет менің соңымнан *заңқ-заңқ* етіп үріп тұр (М.Қаназов. Ақ тайлағым-ай, 114).

ЗАР-ЗАР <~ *ет:* *зар илеп, еңіреп жылау*> *Ағакем, кеше гөр!—десіп кеп *зар-зар* етеді (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 56).

ЗЕҢ-ЗЕҢ <~ *сал:* *түйенің жазғы өріске шығарда, не өрістен ауылға қайтарда ойнақтауы, құйрығын қымырып, шаншып, тұмсығын көтеріп тайрақтауы* (ҚТТС, 272)>

ЗУ-ЗУ <*атқан оқ, ұшқан ракета, т.б. тез, зымырап қозғалатын заттардың ауаны жарып өткенде естілетін дыбысына еліктеу*> *Сол-ақ екен зу-зу, ыс-ыс етіскен козы жауырын сұр жебелер жауып кетті (С.Сматаев. Елім-ай, 261). *Айналамнан оқ зу-зу үшкіріп өтеді (Ә.Нұршайықов. Ақиқат пен аңыз, 193).

ЗЫҢ-ЗЫҢ <*металды ұрғанда, құлақ шыңылдағанда қайталап шығатын жіңішке дыбыс*> *Қылышымды жарқ еткізіп қынабынан суырып алып, мандайыма көтере ұстап, әскери адыммен дік-дік басып, шпорларым *зың-зың* етіп трибунаның алдына келіп маршалға салют бердім (Ә.Нұршайықов. Ақиқат пен аңыз, 167).

ЗЫП-ЗЫП <~ *бер:* өте тез жүріп өтудің, жүрісіне көзі ілеспедің *сипаты*> *Бірақ қарт немересінің жұмыс орнынан ешқандай қоқтық-соқтық көре алған жоқ еді, станогы *зып-зып* етіп, резкасы әлде бір детальді жоңқадай жапырақтап жатқан. «Ку неме, жинап үлгірген ғой, шамасы, - деп ойлады ішінен (Ә.Омарбаев. Кәрлен кесе, 88).

ЗЫР-ЗЫР <*қатты айналып, зырылдап тұрған заттың қайта-қайта шыққан зырылдаған дабысы*> *Қазір де осы жағын еске алып біразы қорқып, рентген десе *зыр-зыр* етіп жолатпайтыны содан (З.Шашкин. Доктор Дарханов, 83). **Зыр-зыр* қаққан доңғалақтар лайсаң біткенді қара жолдың қойнынан суырып алып жатқандай (О.Құсманов. Лен. жас, 1).

ЗЫРҚ-ЗЫРҚ <1. *заттың оқыс қозғалуынан қайта-қайта шыққан дыбысқа еліктеу;* 2. *ауыс.: қатты өзгерісті жүректің сезінуі*> *Жаңағы кішкентай түреген жүргенге басым сынардай боп *зырқ-зырқ* етіп, төсегіме әрең жеттім (Ә.Нұршайықов. Ақиқат пен аңыз, 100).

ЗІК-ЗІК <~ *ет:* *қатты-қатты, қайталап шаңқылдау*> *Тұла бойындағы толған безге балта жүзі шақылдап *зік-зік* етіп алақанына қайта тебе берген соң бұл бір рет кіжініп сілтеп еді (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 550).

ЗІРК-ЗІРК <~ *ет:* *біреуге зіркілдеп, зекіріп ұрысқанды білдіретін дыбыс еліктеуіші*> *Күні кеше ғана көкірегін *зірк-зірк* қайнатқан өшпенділік жоғалған (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 175).

- И -

ИЗЕҢ-ИЗЕҢ <*бірыңғай ырғақпен, итеңдеп, баяу ілгері қозғалуды бейнелеу*> *Қалың тоғай іші айдаһар жорғалап өткендей *изең-изең* ете қалды (А.Нұрманов. Құланның ажалы, 11).

ИҚУ-ҚИҚУ <*адамдардың дуылдасқан ию-қию, айғай-шуы*> **Иқу-қиқу* басылып, Тына қалды табиғат. Сұлу сырын жасырып, Сыбырласты рақат (Ө.Тұрманжанов. Өлеңдер, 91).

ИМЕҢ-ИМЕҢ <~ *ет:* *бүгіліп-жазылып, маймаң-маймаң етіп жүруді бейнелеу*> *Ақыры *имең-имең* етіп шығып кетті (А.Нұрманов. Құланның ажалы, 51). *Шөккен түйедей *имең-имең* еткені несі (Д.Еркінбеков. Шығ., 189).

ИРЕК-ИРЕК <*иреңдеген, қисық-қыңыр (жол, көше, жазу т.б.)*> **Ирек-ирек* тар көше, шым дуалдарды жағалай ұзақ жүріп, аянмен келеді (С.Сматаев. Елім-ай, 81). *Дәл табан астында *ирек-ирек* жіптіктей көк ала жолақ Весновка өзені ағып жатыр (М.Мағауин. Таңд. шығ. II том, 63).

ИРЕҢ-ИРЕҢ <*бойын түзу ұстап жүре алмайтын адамның ирең-ирең етіп, маймаң-маймаң етіп жүруін бейнелеу*> *Меркен жуан, қызыл белдеулі біреуін алды да, *ирең-ирең* еткізіп, қармағына кигізе бастады (М.Мағауин. Көк кептер, 123). *Ай жарығында *ирең-ирең* қозғалған ақ түйе елеңсіз жатқан елдің желкесіндегі ең соңғы қыр басына да иек артты (Р.Райымқұлов. Түйелі адам, 55).

ИТЕҢ-ИТЕҢ <итпектеп, итеңдеп жүрудің, қозғалыс-әрекеттің сипаты> *Итіс-таргыс, изең-изең, итең-итең билер бірінен соң бірі биленіп, Сәбиттің тіксініп есі шықты (Ә.Нұршайықов. Ақиқат пен аңыз, 74).

ИІР-ИІР <ирек-ирек, ирелеңдеген (жол, т.б.)> *Вагонның терезесінен иір-иір ақбас тау поезбен жырысып жөңкіліп жатты (Ш.Мұртазаев. Бір нәзік сәуле, 12).

- К -

КӘДІҢ-КҮДІҢ <анау-мынау, ұсақ-түйек (әңгіме)> *Мейманхана бөлмесінде кәдің-күдің әңгіме боп жатты (Т.Әлімқұлов. Кертөлғау, 239).

КЕКЕҢ-СЕКЕҢ <мінезі орнықпаған, жауапты нәрсеге үстірт, жеңіл-желпі қарайтын адамның (әсіресе жас қыз-келіншектердің) жүріс-тұрысына тән жеңілтектік>

КЕКІРЕ-КЕКІРЕ <асқа тойып ішкен адамның қайта-қайта кекірен (ас қайыруы)> *Кекіре-кекіре сіміріп, «жаксылар» босатқан кеселерді сыпырып жылпос жігіт жүр (Ж.Аймауытов. Шығ., 81).

КЕКІРЕҢ-КЕКІРЕҢ <~ *ет*: шалқақтап, кеудесін көтеріп, кекірейіп, кекжііп қарау>

КЕМСЕҢ-КЕМСЕҢ <~ *ет*: бет-әлпеті бұзылып, иегі дірілдеп, жылап жіберуге аз қалу>

*Шалды айнала жүгіріп,

Кемсең-кемсең жылайды.

Түнде тұрып, жығылып,

Дат қылады құдайды... (І.Жансүгіров. Шығ., 236). *Шынымды айтсам, Ася маған ет жақын қарындасымдай көрініп кетті. Кемсең-кемсең етеді. «Сен тірі екенсің ғой! – дейді (Ә.Нұршайықов. Махаббат жырлары, 144).

КЕҢК-КЕҢК <~ *жыла*: дауысын үзіп-үзіп шығарып бүкіл денесін солқылдатып жылау, күлу> *...Шоң мұрын Әбіш қария кеңк-кеңк күледі (Ш.Мұртазаев. Интернат наны, 230).

КЕРДЕҢ-КЕРДЕҢ <жүріс-тұрысы кербез, керіліп-созылып, кердеңдей басатын адамның сипаты> *Байжанбайда екі әйел бар. Оның үстіне жесір қалған әменгерін тағы алыпты. Үш үйдің арасында елуден асқан шал аяғын кердең-кердең басып жүр екен (Ғ.Мұстафин. Дауылдан кейін, 343).

КИТІҢ-КИТІҢ <қадамын жиі басып, кібіртіктеп, қадамын мардымсыз басып жүруді бейнелейтін еліктеуіш> *Тұсаулы аттың китің-китің жүрісіндей құрылышының кірпіш санаған күйкі қимыл-қыбыры тағы да мезі қып барады (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 71).

КӨСТЕҢ-КӨСТЕҢ <~ *ет*: 1. аяғын адымдай басып, ебедейсіз қозғалу; 2. ауыс. аузы-басын сүйреңдетіп, елге сөз бермеу> *Күректтей қолыңды көстең-көстең еткізіп өліп өшіп жабыстың да қалдың ғой, тегі. Байқа, ол қыз мына менің қайынсіңілім. Сумандатпай тарт қолыңды (З.Жәкенов. Қайта

айналып келгенше, 129). *Ол аузы-аузына жұқпай, көстең-көстең етеді (Қазақ әдебиеті).

КҮБІР-КҮБІР <екі, не одан көп адамның өзара елден оңашаланып баяу сыбырлап сөйлегенін білдіретін дыбыс еліктеуіші> *Сонсоң күбір-күбір сөз басталды Сүгірбайдың анық естігені бір-ақ ауыз сөз: «Бүгін түнде!» деді Сәлімгерей (З.Шашкин. Таңд. шығ., 278). *Қасында болатын кездерінде шалдың **күбір-күбірі** бір үзілмейді (С.Сматаев. Елім-ай, 237).

КҮЖ-КҮЖ <1. қайталанып, күжілдеп шыққан жуан дауыс;

2. күйлеген бұқаға шабыт беру үшін айтылатын сөз; 3. **ауыс**. біреуді-біреуге егестіріп, айдап салғанда айтылатын сөз> *Мәселен мұнымен бірге қошқар, бұқа және айғырлардың күйлеген аналық малға қарауына әсер ету мақсатында қойт-қойт (қошқарға)]; **күж-күж** (бұқаға); құрайт-құрайт (айғырға) сияқты сөздер де айтылатын (Х.Арғынбаев. Этнографиялық очерктер, 31).

КҮЙБЕҢ-КҮЙБЕҢ <күйкі тірліктің бітпейтін, таусылмайтын ұсақ-түйек іс-әрекеттерінің сипаты>

*Ортақ тілге одағайлау мінгестім

Күйін кештім **күйбең-күйбең** күндестің («Ана тілі», №5, 06.02.03, 11). *Үйдің **күйбең-күйбең** шәруәсімен жүрген әйел күннің қашан шығып, қалай батқанын байқамай да қалады (Н.Ғабдуллин. Сен қымбатсың маған, 297).

КҮЙБЕҢ-СҮЙБЕҢ <**қара.**: **күйбең-күйбең**>

КҮЛДІР-КҮЛДІР <1. жылыңының қайта-қайта, ұзақ-ұзақ кісінеуіне, т.б. сол сияқты дыбыстарға еліктеуіші; 2. **қара.**: **гүлдір-гүлдір**> *Ат тұяғымен тас түскен әйнектей **күлдір-күлдір** сынды (К.Сегізбаев. Біз қалада тұрамыз, 318).

КҮЛІМ-КҮЛІМ <жайдарлана, күлімдеп тұрған бет-әлпеттің бейнесі> *Көк мұнара басы қатқан падишаны әжуалағандай **күлім-күлім** етеді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 181). *Қыр басынан атырапқа көз жіберіп, **күлім-күлім** етеді (Ғ.Мұстафин. Қарағанды, 7).

КҮЛІҢ-КҮЛІҢ <күлгіндеу, солғын тартқан заттардың бейнесі>

*Сұлу жылқының тостағандай төңкерілген **күлің-күлің** сауырын ойда жоқта бір қыдыртып алғысы келгендей... (Ә.Кекілбаев. Үркер, 131). *Терезе алдына келген ханша **күлің-күлің** етіп құлпырып тұрған жаңа мұнараны көрді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 143).

КҮМБІР-КҮМБІР <іші бос, күмбезді ғимараттың ішіне кіріп сөйлегенде, домбыра ішегін қағып-қағып жібергенде шығатын үнін, аттың кісінеуін бейнелейтін дыбыс еліктеуіші> *Жігіт домбырасын **күмбір-күмбір** қағып-қағып жіберді де, тез қайырып жұмбақтың шешуін айтты (С.Сматаев. Елім-ай, 163).

КҮҢГІР-КҮҢГІР <күмбезді кең ғимарат, ішінде сөйлегенде, домбыра тартқанда шығатын дыбысты білдіретін еліктеуіші> *Құлаққа **күңгір-күңгір** дауыстары келеді (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 718).

КҮҢК-КҮҢК <ашық емес, миңгірлеп, мұрнының астымен сөйлеген сөздің дыбысын білдіретін еліктеуіш; 2. ауыс. жасырын-жабық айтылатын өсек-аяң> *Адамға қадалған жұрт көзі мен құлағына анық жетпейтін күңк-күңк жұрт сөзінен өткен азап бар дейсіз бе? (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 98). *Журналистер ауыл адамынша оңашаланып, таяқ сілтем жерде **күңк-күңк** сөйлесіп тұрды (Т.Әлімқұлов. Кертөлғау, 88).

КҮҢКІЛ-КҮҢКІЛ <**қара.:** күңкіл-сүңкіл> *Анадай жерде талдырмаш жас жігіт пен семсер мұрт орыс күңкіл-күңкіл сөйлесіп тұр екен (З.Шашкин. Таңд. шығ., 56).

КҮҢКІЛ-СҮҢКІЛ <адамдар арасында, ел ішінде, ұжымдарда болатын ұсақ-түйек, өсек-ғайбат т.б. осы сияқты әңгімелер; ашық айтылмай, жасырын түрде, сыбырласып, күңкілдеп айтылатын майда сөздер> *Көпшілік арасынан күңкіл-сүңкіл шыға бастады (О.Сәрсенбаев. Таңд. шығ., 1, 60). *Баяғы іштарлық. Тек күңкіл-сүңкілден аса алмады (М.Мағауин. Шығ., 147).

КҮҢКІЛ-ШҮҢКІЛ <**қара.:** күңкіл-сүңкіл>

*Әйелдер күңкіл-шүңкіл сөйлесіп, бет шымшысты (Т.Әлімқұлов. Кертөлғау, 90).

КҮР-КҮР <күрілдеген, күркіреген дыбыстың үзіліп-үзіліп, қайталанып шығуын бейнелейтін еліктеуіш>

КҮРК-КҮРК <қайталанып, дүркін-дүркін шығатын (күрік тауықтың, жәтелдің т.б.) дыбыс еліктеуіші> *Өңі қашып, екі ұрты суланып, өкпесі қабынып күрк-күрк жөтеліп отыр (С.Сматаев. Елім-ай, 284). *Күрк-күрк жөтелген Қазы есіктің ілгегін әрең ағытты (М.Мағауин. Таңд. шығ., II том, 17).

КҮРП-КҮРП <малды сауғанда сүтінің шелектің, қауғаның түбіне, ондағы сүтке соқтығысуынан күрп-күрп етіп қайталанып шығатын дыбысты бейнелейтін еліктеуіш> *Бәлкім, асып-сасып үстінен, көне киімінен, күрп-күрп еткен керзі етігінен қорланды ма? (Б.Сарбалаев. Қызыл алма, 11). *Экскаватордың болат мойыны тез-тез айналады, ожау тісі сулы топыраққа күрп-күрп сіңіп кетіп, батқан жерін ойсырата қопарып жатыр (Ш.Шалқаров. Серіккөл, 145).

КҮРС-КҮРС <ауыр да биік заттың бірінен соң бірі жерге құлағанда шығатын дыбысын бейнелейтін еліктеуіш> *Шошалаңдаған қагілез сендер тұмсығын жұлдырып, күрс-күрс сынып, басы зеңіп шыр көбелек айналады (Ж.Аймауытов. Шығ., 74).

КҮРТ-КҮРТ <күрт-күрт үзіп жеген шөпті малдың күртілдете шайнаған дыбысын, не адамның арқасын уқалап, желін үзгенде шығатын дыбысын бейнелейтін еліктеуіш> *Сүймені әр тиген сайын тақтай тас күрт-күрт омырылады (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 255). *Сасырдың сояу сабағын күрт-күрт кемірген екі есек, біреуі – өңгі, біреуі – мөш (Ш.Мұртазаев. Ай мен Айша, 196).

КҮТІР-КҮТІР <қатты, құрғақ нәрсені қайта-қайта шайнағанда шығаратын дыбыс бейнелеуіші> *Арпа берсең, атқа бер – күтір-күтір шайнасын, Қызды берсең, жасқа бер – құшақтасып ойнасын.

КІЛК-КІЛК <~ *ет:* шылқылдаған майлы тамақтың (сары май, шыны май т.б. майлардың) бойға сіңбей, ас қазанда кілк-кілк етіп қалқып, көңілді бейжай ету әрекетін бейнелейтін еліктеуіші> *– Жоқ, шың үсті керім от, іріп тұр екен. Несін айтасын, бой алып өскен сарбалаң бұйырғын кілк-кілк етеді, – деді Рай (Ө.Нұрпейісов. Қан мен тер, 178).

КІЛТ-КІЛТ <буын-буынды жел ұстап қалғанда қимыл-әрекеттің тұрақсызданып, кілтілдеп қалуын бейнелейтін еліктеуіші> *Әсіресе кілт-кілт етіп екі ұршығы бастырмайды (Т.Дәуренбеков. Таң ағып келеді, 86).

КІРЖІҢ-КІРЖІҢ <~ *ет:* жақтырмай, жан дүниесі ұнатпай тұрғандағы адамның іштей қарсылығын кіржіңдеп кіжінугі арқылы білдіруі> *Арқасы удай ашып тұрған болу керек, кіржің-кіржің етеді (Т.Дәуренбеков. Таң ағып келеді, 70).

КІРТ-КІРТ <қатты, құрғақ тамақ түрін тіспен тіспен, шайнағанда шығатын еліктеуіші бейнесі> *Ауыр салмақпен астында қозғала алмай қалған баланың екі жақ қабырғаларын кірт-кірт еткізіп тырналай бастады. – Білесің бе? Бересің бе? (Ә.Әмеров. Алыстағы арманым, 103). *Кәрі диканның құрысқан денесі жазылып, адам сипатына қосылып қалды. Қазандай үлкен қара кетпенін құлаштай сермен, тарау-тарау тамыр жайып жатқан шеңгелдің түбіріне қиялай соққанда, кірт-кірт кесіп түсе береді (О.Сәрсенбаев. Жақсының көзі, 33).

КІРТІҢ-КІРТІҢ <бір нәрсені ұнатпай, жақтырмай қайта-қайта кіртіе беруді бейнелеу>

КІШ-КІШТЕ <1. сәбиді тосқанда «кіш-кіш» делініп қайталанып айтылатын айтылуға тиісті сөздің дыбысталуы; 2. малыш қауымның қой-ешкі малын айдап бағуында қолданылатын сөз> *Сәбиін тосқан Бағиланың кіш-кіштеген дыбысы естілді (ҚТС, 349).

КІШТ-КІШТ <қара.: кіш-кіш>

*– Мен бала емес, «кішт-кішт», деп, қолды шошайтса алданып мээ болатын (З.Шашкин. Таңд. шығ., 292). *Кішт-кішт деп мал қайырған кәрілерше қарайсың (Х.Есенжанов. ҚТС, 349).

- Қ -

ҚАБЫЛ-ҚҰБЫЛ <асығып-үсігіп, апыл-ғұпыл...> *Қабыл-құбыл бірдемені жеді де, шинелін төсеп жатып қалды І.Есенберлин. Айқас, 49).

ҚАДАҢ-ҚАДАҢ <~ *жүр:* аяғын тез де ширақ басып, қадаңдап жүру> *Қадаң-қадаң көзге түсетін жатаған бұталардың өзі ақ мамыққа оранып, ақ қалаға ұқсайды (Ө.Қанахин. Жүрек қалауы, 112).

ҚАДАҢ-ҚҰДАҢ <адамның, малдың аяғын ширақ басып, жеңіл жүруінің сипаты>

ҚАЖАҚ-ҚҰЖАҚ <~ *ет:* ауызға түскенін қажжақтап шайнап, талғажу ету> *Ең қуаныштысы, аш малға қажжақ-құжақ тауып берді (А.Нұрманов. Құланның ажалы, 297).

ҚАЖАҢ-ҚҰЖАҢ <қажып жейтін етке...> *...жіліншігің жылан қарағы үзілермен болып отырған аш-арықтың ауызын қызылдап, қажжаң-құжаңға қарық қылады ғой (Ө.Кекілбаев. Үркер, 241).

ҚАЗДАҢ-ҚАЗДАҢ <~ *ет:* аяғы аяғына жұқпай, тез-тез басып жүру> *Екеуі қатар аяңдады. Бактың қақпасына дейін Әли біреу итермелеп, не сүйрелеп әкетіп бара жатқандай аяғын әр жерден бір басып, қаздаң-қаздаң етті де, қақпадан шыға бере қайтадан сұлқ түсіп, Қабеннің иығына асылып қалды (З.Қабдолов. Жалын, 150). *«Үлгілі колхозы сол көшенің бойында төмен жақта. Аяғым қаздаң-қаздаң етіп Тынымжан үйіне келе жатырмын (Б.Соқпақбаев. Бастан кешкен, 164).

ҚАЗ-ҚАЗ <аяғын жаңа басып, жүре бастаған сәбиге айтылатын ишарат сөз – «қаз-қаз, тәй-тәй!»> *Бұлардың шеруі аяғын қаз-қаз баса бастаған тауықтың ақ үрпек шібиін қызық көріп ерген үйрек шоғырына ұқсайды (Ө.Қанахин. Жүрек қалауы, 35).

ҚАЙҚАҢ-ҚАЙҚАҢ <~ *ет:* басын көтеріп, кеудесін шалқайтып, аяғын алашаңдата басып, менменсіп жүрудің сипаты> *Жыртқыштың бір жақ езуінен салақтап түскен тілі жыланның басындай қайқаң-қайқаң етеді (Т.Ахтанов. Боран, 179). *Емшектегі баласын кеудесіне қысып алған Ираида Иванованы бірден таныдым. Етегі желпілдеп, қайқаң-қайқаң жүгіреді (Т.Ахтанов. Шырағың сөнбесін, 66).

ҚАҚАҢ-ҚАҚАҢ <~ *ет:* аяғын өте ширақ, жұлынып-жұлынып басуды білдіретін бейнелеуіш>

ҚАҚАҢ-СҰҚАҢ <қақаңдаған жүріс-тұрысы жоқ, жат мінез танытпайтын адамға қатысты сипаттама> *Қақаң-сұқаңмен, сөзбен ісі жоқ, шаруа баққан жан (І.Қожабаев. Ұя, 30). *Өзі момын, қақаң-сұқаңы жоқ, жұмысы мен үй шаруасын ғана біліп, өз бетімен тек жүреді (А.Байтанаев. Қансонар, 219).

ҚАҚҚЫ-СОҚҚЫ <~ *көр:* ылғи біреудің ұрып-соғып, зәбірлеуін, қорлық-зорлығын көру> *Қашан болса да бай-бәйбіше, келін-кепшек, бала-шағадан Жақсылық қаққы-соққы көретін (М.Әуезов. Әңгімелер мен пьесалар, VI том, 103). *Патшалық заманда қаққы-соққы көріп, қуылған әкелеріміз сонау Молдавиядан жер ауып, қазақ даласына қоныстанған екен (Ө.Фәтихов. Соц. Қазақстан, 16.04.1967).

ҚАҚ-СОҚ <~ *ғы жоқ:* арам ой, қулық-сұмдығы жоқ> *...Қақ-соқпен жұмысы жоқ, өз ісіне мығым еді (Ө.Қанахин. Жүрек қалауы, 19).

ҚАҚШАҢ-ҚАҚШАҢ <~ *ет:* басын қақшаңдатып, жұлынып-жұлқынып, қақаңдаған әрекет көрсету> *Қолдар саушылықтағы қалпына қайта түсіп, қақшаң-қақшаң етеді (А.Ханкелдин. Өткен күндер, 222).

ҚАЛБАЛАҢ-ҚҰЛБАЛАҢ <~ **ет:** қалбалақтап-құлбалақтап, құрақ ұшып, бқйек болып, жаны қалмай қызмет көрсету>

ҚАЛБАҢ-ҚҰЛБАҢ <кейбір адамдардың аяғын жеңіл, елпеңдей (басуы)> *Қартқожа қалбаң-құлбаң, қамыт, доға, «қорадан қара», шошак үйде үш солдат, ортасында, жабу үстінде жас қатын... зәресі ұшты (Ж.Аймауытов. Шығ., 120). *Қасен қалбаң-құлбаң етіп қап:

ҚАЛДЫР-ҚҰЛДЫР <~ **ет:** далпылдап, жалпылдап, мазасы кету, берекесіздену, зуре-сарсаң болу>

ҚАЛТАҚ-ҚАЛТАҚ <қара.: қалтаң-қалтаң>

ҚАЛТАҢ-ҚҰЛТАҢ <~ **ет:** бір орында аяғын нық басып тұра алмай, ілгері-кейін теңселіп, қайта-қайта қалтаңдау> *-Аяғын әзер басып, қалтаң-құлтаң жүрген көсемдерден халық мезі болды... (XXI век, №24, 18.1999).

ҚАЛТ-ҚАЛТ <~ **ет:** аяғын нық басып тұра алмай қалт-қалт етіп (теңселу)> *Буындары қалт-қалт етеді (Т.Дәуренбеков. Таң ағып келеді, 54).

ҚАЛТ-ҚҰЛТ <әсіресе қартайып, қатты ауырып, бойынан күш-қуаты кеткен адамның аяғын тәлтіректеп әрең басып жүрудің бейнелі сипаты> *Әнеки, өзге қызметшілердей елпең ете қалмай, қалт-құлт тізесін нығыз ұстауға тырысып, керіле басып келеді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 40).

ҚАЛТАҚ-ҚҰЛТАҚ < қара.: қалтаң-құлтаң > *...Екі көз зорға жылырайтын қалтақ-құлтақ мүскіндерді көргенде, қу баста топырақтан жаратылсақ жаратылған шығармыз деп ойлайсың (Ә.Кекілбаев. Үркер, 264).

ҚАЛШ-ҚАЛШ <~ **ет:** суықтан қатты тоңып, тісі-тісіне тимей қалшылдады; қатты қорқып, қалиш-қалиш етті> *Тапал сары қалиш-қалиш етеді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 290). *Жаны шошынғандай зор тұлғасы қалиш-қалиш етті (Ш.Мұртазаев. Интернат наны, 214).

ҚАҢҚ-ҚАҢҚ <~ **ет:** қайта-қайта қаңқ-қаңқ етті, қаңқылдады>

ҚАПЫЛ-ҚҰПЫЛ <өте асығыс, қарбалас қимыл бейнесі> *Тымағын қапыл-құпыл сыпырып алды басынан. (Ғ.Мұстафин. Дауылдан кейін, 240). *Ауыздығына «бір тал шөп» тимеген бейшаралар қапыл-құпыл бір-екі асады да ... қасықтарын табаққа сүйей салды... (Ғ.Мүсірепов. Жат қолында, 203).

ҚАРАҢ-ҚАРАҢ <~ **ет:** алыстан анық емес, қараңдап көріну> *Босқындар қосынынан дәл осы мезетте ай жарығымен қараң-қараң етіп, еш сыбдырсыз екі көлеңкенің сытылып шығып, ... үлкен жолға қарай бет алғанын бірде-бір жан көрген де, білген де жоқ (Ә.Әлімжанов. Жаушы, 79).

ҚАРАҢ-ҚҰРАҢ <алыстан қараңдап (айқын емес) көрінетін заттың күңгірт бейнесі> *Кеңсенің алды қараң-құраң адам (ҚТТС, 6, 80). *Қараң-құраң назарына іліне қоймаған соң, тебініп қалып, алғашқы бағытын бетке ұстады (С.Сматаев. Елім-ай, 2, 94).

ҚАРБАҢ-ҚҰРБАҢ <адамның, кейбір малдың аяқ-қолын арбаңдатып, қорбаңдатып жүруін бейнелейтін еліктеуіш>

ҚАРҚ-ҚАРҚ <~ *ет:* 1. қарғаның қайта-қайта қарқ-қарқ етіп шығарған дауысы; 2. адамның қарқ-қарқ етіп күлуі> *– Мұны көрген кім бар десеңші, – деп, қарқ-қарқ күлді (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 55). *Файзолла қарқ-қарқ күлді (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 273).

ҚАРС-ҚАРС <~ *айыр:* заттардың (мыс.: қауын, қарбыз, асқабақ т.б.) ортасынан қарс-қарс еткізіп айыру>

ҚАРТАҢ-ҚҰРТАҢ <*қара:* кәрі-құртаң>

ҚАРТ-ҚҰРТ <*қара:* қартаң-құртаң>

ҚАРШ-ҚАРШ <1. ~ *шайна:* қаршылдапта шайнау; 2. қатты затты (мыс., тісті) егеумен егегенде шығатын дыбыс сипаты> *Азу тістер қари-қарш егеліп, жақ етте толқын жүгірді (С.Сматаев. Елім-ай, 2 кітап, 9). *Екі ат та шыршық атып, ауыздықтарын қари-қарш шайнайды (Ә.Әлімжанов. Жаушы, 190).

ҚАСПАҚ-ҚАСПАҚ <*сүт, ботқа, т.б. тамақ пісірген ыдыстың түбінде жабысып, қатып қалған маңызды қалдықтардың кір-қожалақ, сатпақ-сатпақ болып қалған көрінісі*>

ҚАТЫР-ҚҰТЫР <*қатты затты басып, уатқанда, шайнағанда шығатын дыбыстың сипаты*>

*Артқаным бір қоянға бес қап тұз-ды,

Басады қатыр-құтыр жалтыр мұзды.

Екі күн жүрсем-дағы ішін тартпай,

Қампиып қардың бетін қарны сызды (М.Тоқбергенов. Жыл он екі ай, 32).

ҚАУДЫР-ҚАУДЫР <*теріден жасалған шалбардың, тонның күнге кеуіп кетуіне байланысты ұстағанда, кигенде қаудырлап шығатын дыбысының сипаты*> *Кітап, қағаздарым қолтығымда. Сулықтың жер сызған екі шалғайы қаудыр-қаудыр етіп, аяғыма оралады (Б.Сокпақбаев. Балалық шаққа саяхат, 65). *Екеуі соған кеп жайғасты. Бақанның үстіндегі плащы қаудыр-қаудыр етеді (М.Сүндетов. Ескексіз қайық, 111).

ҚАУЖАҢ-ҚАУЖАҢ <~ *ет:* тісі жоқ адамның тамақты қызылиегімен қаужаңдап жеуін бейнелейтін еліктеуіш> *Дәл осындай сымбат пен осындай сүйкімділікпен үйге кіріп келгенде қаужаң-қаужаң кешкі тамақ ішіп отырған Құлахмет ағай көмейіндегі тамағын әрі қарай жұта алмай түйіліп қалды (Д.Исабеков. Қара шаңырақ, 10).

ҚАУҚИҒАН-ҚАУҚИҒАН- <*көлемі үлкейіп, ісіп-кеуіп, қауқайып көрінген үлкен-үлкен заттар*> *Күн төбеден ауа бергенде бұлар бүгін қауқиган-қауқиган сары шағырдан басқа шөбі жоқ шағыл құмға килікті (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 803).

ҚАУҚЫЛ-ҚАУҚЫЛ <*диал. ауық-ауық, анда-санда*>

ҚИҚАҢ-ҚИҚАҢ <~ *ет:* айтқанға көнбей, бұйырғанды істемей, қиқақтап, тайсақтай беру> *– Не бұйырасыз? – деп қисық ағаштай

қыңырая біткен тырбың белін қиқаң-қиқаң еткізді (Б.Токтаров. Таудағы ән, 64). *Сонда арқаңызды бүрге жеген адамдай қиқаң-қиқаң етпей, тып-тыиш отырасыз (Қ.Сатыбалдин. Қараторғай, 320).

ҚИҚАҢ-СИҚАҢ <қара.: қиқаң-сиқаң>

ҚИҚ-ҚИҚ <~ *ет:* кейбір құстардың қайта-қайта қиқылдап шығаратын дыбысына еліктеу> *Бәсе, бәсе комсомолдар өстеді. Кәне, қарап тұрайын, қандай өнеге көрсетер екенсің? – деп қиқ-қиқ күлді (Е.Қоңырбаев. Тиек, 23). *Нук-Нүкен қиқ-қиқ күледі (М.Айымбетов. Көгілдір соқпақ, 53).

ҚИҚЫ-ЖИҚЫ <қалай болса, солай; тәртіпке түспеген, жүйесіз; бірі олай, бірі бұлай> *Асқақтап тұрған Тәңіртау да сиықсыз қиқы-жиқы (Ш.Мұртаза. Ай мен Айша, 191). *Бөркін алып, қарасаң, бас терісі ағаш соқамен жыртылған жердеі қиқы-жиқы (Б.Майлин. Шығ., 5, 1963, 283).

ҚИҚЫЛДАП-ШИҚЫЛДАП <адам, жан-жануарлардың қыспаққа түсіп, қиналып, булығып, дауысын қиқылдап-шиқылдап (шығаруы)> *Мұның артынан мылқау сері болып Әбдінің Омары, өзінің серіктері Ысқақ, Мұстафа, Алатай, Төлеуқанды ертіп, салдарша айбақ-сайбақ киініп, балдыр-бұлдыр тіл қағып, қиқыл-шиқыл ән салып, алуан түрлі әсем ойындар көрсетті (С.Бегалин. Замана белестері, 187). *Кейде көзімізден жас парлап қиқылдап-шиқылдап жатқанымыз (С.Сарғасқаев. Тәмпіш қара, 150).

ҚИҚЫЛ-СИҚЫЛ <ірі заттардың сынып, уақталып, майдаланып, орнында қалған қоқым-соқымы, жырымдалған, жыртылған қалдықтары>

ҚИПАҢ-ҚИПАҢ <бір нәрсені өзі істеуге, айтуға бата алмай, мазасы кетіп, кібіртіктеп, қипалақтай беруді білдіретін еліктеуіш>

ҚИСАҢ-ҚИСАҢ <~ *ет:* адам, т.б. жануар, хайуандардың бір қалыпта тұрмай, қисалаңдап, қиралаңдап әрекеттеуін білдіретін еліктеуіш> *Ернін бояғанда аузы қисаң-қисаң етіп қандай жарасты екен... (Мәдениет және тұрмыс, №6, 1975, 13). *Жазу жазып отырғанда, Нұрымбайдың бегіне қарап тұру біртүрлі қызық. Еріндері қисаң-қисаң етіп, жазған әріптерінің ыңғайына қарай жыбырлап, ылғи да қозғалумен болады (Б.Соқпақбаев. Өлгендер қайтып келмейді, 55).

ҚИСАЯ-ҚИСАЯ <тік тұрған заттың бір жағына қисая-қисая (құлауға айналуы)> *Қалжырап жеткен кісілер қараңғы баракқа кіре сала киімшен бойымен қисая-қисая кетеді (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 382).

ҚИТ-ҚИТ <~ *сөз:* біреуді біреуге айдап салып, қоздырып, жел беретін өсек аяң>

ҚИТ-ҚИТТА <біреуді біреуге айдап салу, жел беру>

ҚОДАҢ-ҚОДАҢ <~ *ет:* біреуге өктемдігін танытып, үстемдігін жүргізіп, билік айту, қодаңдау, қодыраңдау>

ҚОДЫРАҢ-ҚОДЫРАҢ <қара.: қодаң-қодаң>

ҚОЖАҢ-ҚОЖАҢ <~ *ет:* біреудің үстінен өктемдігін танытып, билік айтып, қоқаңдау, қожалық жасауға тырысу>

ҚОЖ-ҚОЖ < *қара.*: құж-құж > *Көз көрімде ел жоқ: тек ұзын сонар қож-қож тастар (О.Бөкеев. Ұйқым келмейді, 315).

ҚОЙҚАҢ-ҚОЙҚАҢ <~ *ет:* адамның, семіз малдың кеудесін көтеріп, аяғын ашақ басып, жүруін бейнелейтін еліктеуіш > *Кейде қойқаң-қойқаң етіп, екі жағына кезек ауытқып қояды (Ғ.Мүсірепов. Қазақ солдаты, 133).

ҚОЙТ-ҚОЙТ <екі қошқарды, не екі текені сүзістіру үшін, оларды ерегестіре түсу үшін қолданылатын кәделі сөз >

ҚОҚАҚ-СОҚАҚ <біреуге күш көрсететін, қоқаңдауды, орынсыз доңайбатты, қоқан лоқыны сипаттайтын сөз >

ҚОҚАҢ-ҚОҚАҢ <~ *ет:* біреуге күш, үстемдік көрсетіп, қайта-қайта қоқаңдау >

*Сәлемін жақсы құптап алғаннан соң,

Жолдастары қасына жетіп келді.

Қалай деп қоқаң-қоқаң еткендерін,

Таулардан мәні-жайын сұрады енді (Батырлар жыры, 2 том, 161).

*Қарақшылар жолымды бөгеп, қоршап алды. Кеуделерімен қағып, қылыштарын көтере ұстап, қоқаң-қоқаң етеді. (Б.Соқпақбаев. Бастан кешкен, 147).

ҚОҚАҢ-СОҚАҢ <біреуге күшін, үстемдігін көрсетіп, жәнсіз қоқаңдауды білдіретін сөз >

ҚОЛҚ-ҚОЛҚ <арық, күтімсіз, ашқарын аттың желгенде іші-ішіне соққанда шығатын қолқылдаған дыбыс > *Арық аттың құйымшағы мазасын алып, қолқ-қолқ желісіне іші түйіліп, тынышы да кетіп келе жатыр (Т.Дәуренбеков. Таң атып келеді, 73).

ҚОЛП-ҚОЛП <кең етік киген адамның жүргенде қайта-қайта қолпылдап шығатын дыбысының сипаты > *Айырын тастай сап, керзі етігін қолп-қолп еткізіп келіп қолымдағы шөлмекті алып тоқталмай бір-ақ сіміре салды (О.Тәжиева. Жетім қыз, 56). * Ал етекті жалғыз жаппа іргелігі желпілдеп, қолп-қолп етеді. Жаппаның жартысына жуығын алып, сұлай түсіп қария жатыр (Т.Есімжанов. Аяулым, 36).

ҚОМПАҢ-ҚОМПАҢ <1. ат мініп шапқанда да бөкесін көтере беретін әрекетін, қайта-қайта қомпаңдауын бейнелейтін еліктеуіш; 2. ауыс. біреуге өкпелеп, өзінше қомпаңдап мінез танытушы адамның әрекеті > *Ересек балаларға еліктеп қомпаң-қомпаң секірген де болады (М.Сүндетов. Ескексіз қайық, 193).

*Қазанатын мінісіп,

Қомпаң-қомпаң желісіп,

Жағасыз көйлек киісіп,

Көк шай салып су ішіп (Ж.Жабаев. 1 томдық шығ., 190).

ҚОМП-ҚОМП <~ *ет:* біреуге өкпелеп, ренжіп, аузын бұлттып, бірнәрсе айтып қомпылдауды бейнелейтін еліктеуіш> *Қабағын түйіп, қомп-қомп етіп, түкірігін шашырата сөйледі (З.Жәкенов. Таң самалы, 117).

ҚОПАҚ-ҚОПАҚ <*қара:* қонаң-қонаң> *Бұл Карпов жасағы болып шықты. Шолақ құйрық күрең айғыр мінген хорунжий алдында келе жатыр. Ат үстінде қонақ-қонақ етеді, шынында да ашулы қара бура тәрізді (І.Есенберлин. Қаһар, 50).

ҚОПАҢ-ҚОПАҢ <*отырған орнынан қайта-қайта көтеріліп, қонаңдап, қозғалақтап отыра алмауды бейнелейтін еліктеуіш*> *Ол желіп келе жатқан ат үстіндегі адамдай қонаң-қонаң етеді (З.Шашкин. Т.Бокин, 280).

ҚОРБАҢ-ҚОРБАҢ <*икемсіз, қолапайсыз, ебедейсіз аюдай қайта-қайта қорбаңдайтын қозғалысты бейнелейтін еліктеуіш*> *Ермекбай ши қалпақтың соңынан қорбаң-қорбаң етіп жүгіріп барады (Д.Исабеков. Қара шаңырақ, 154). *Сонан соң Ыбыш әрбір басқан жері жарылып кетер деп қауіптенгендей ақырын қорбаң-қорбаң етіп келіп, баяғы қара тастың жанына келіп тұра қалды (Д.Исабеков. Мазасыз күндер, 129).

ҚОР-ҚОР <*ұйықтаған адамның қайта-қайта қорылдағанын бейнелейтін еліктеуіш*> *Үш жігіт басын басып кетсе де, қың етіп сезер емес, өлі ұйқы қылғындырып, қор-қор етеді (О.Бөкеев. Құм мінезі, 156).

ҚОРҚ-ҚОРҚ <*ұйықтаған адамның, не басқа бір құбылыстың қайталап, қорқыраған дауысын бейнелейтін еліктеуіш*> *Ал торы мәстек тізгін босасымен-ақ өле жығылып, ілгері ұмтылды да лай-мылайына қарамастан суды қорқ-қорқ сіміре бастады (А.Нұрманов. Құланның ажалы, 10).

ҚОРС-ҚОРС <1. шошқа, қабан хайуандар шығаратын қорсылдаған дыбысты бейнелеуші еліктеуіш; 2. *ауыс.* адамның оқыс мінез көрсетіп шошқаға ұқсап, шығаратын дыбысы> *...Оспан әуелі күліп алып, артынан өтірік қорс-қорс етіп жылаған болды (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 70).

ҚОРТИЫП-ҚОРТИЫП <*бойы аласа адам, т.б. заттардың майда-майда болып (көрінуі)*> *Өзіміздікілер қортып-қортиып отыра бере ме деп қорқамын (Ш.Мұртазаев. Қыл көпір, 451).

ҚУТЫҢ-ҚУТЫҢ <*қайта-қайта қутыңдап, ойнақылдану; біліп тұрып, білмегенге салыну*> *...Бәрінің де пішіні қутиыңқы, тақымдары қысыңқы, жаңа жөнелген жауды түсіретін кісіше бәрі де қутың-қутың етеді (Ж.Аймауытов. Шығ., 55). *Жымың-жымың етісіп, қутың-қутың қимылға көшті («Жұлдыз», 20027 №5. 77).

ҚҰЖ-ҚҰЖ <*бір жерге жинақталып, бірінің үстіне бірі үйіліп, шоғырланған заттардың (адамның, мал, тас, т.б.) сипаты*> *Сол кезде

қозы өрісіндей жердегі жазықта *құж-құж* болып жатқан қалың тас қорымды көрдім (А.Сейдімбеков. Күңгір-күңгір күмбездер, 8). * Қазақта әнші *құж-құж* қайнайды – кіл қатардағылар. Қолқаласаң кикыл-шиқыл менен де шығады (Б.Нұржекеев. Күтумен өткен ғұмыр, 11).

ҚҰЛТ-ҚҰЛТ <~ *em*: бір жерге тұрмай, ойнақшып, бұлтылдап қозғала беретін заттың әрекетін бейнелейтін еліктеуіш> *...Сосын көз ұшында *құлт-құлт* жөңкіліп бара жатқан біздің әскеріміздің соңының ақ бұрқылдақ шаңын көретін болсын (Ә.Кекілбаев. Үркер, 295).

ҚҰНЖЫҢ-ҚҰНЖЫҢ <еркін қозғала алмай кібіртіктеп, бұғжеңдеп, қайта-қайта *құнжыңдап* әрекеттенуді білдіретін бейнелеуіш> *Құдай-ау, мынау Ердес жанымның дәл өзі ғой! – Өпкем таяғына сүйенген бойы *құнжың-құнжың* етіп жүгірмекші болды (Қ.Мүсірепов. Гүлжазира, 64). **Құнжың-құнжың* қимылдап, бүкіл тұла бойымен «сөйлеп», өз ойын ұқтырып, ұғындырып жатқаны (С.Сматаев. Алау, 112).

ҚҰРАЙТ-ҚҰРАЙТ <айғырдың күйін келтіріп, еліктіру, шабыттандыру үшін айтылатын ишарат сөз>

ҚҰРЖЫҢ-ҚҰРЖЫҢ <бір нәрсені бүкшең-бүкшең етіп, *құржыңдап* істегендегі әрекет бейнесі; *сал*: *құнжың-құнжың*>

ҚҰРУ-ҚҰРУ <жылқының құлындарына желіге, жемге шақыру үшін айтылатын ишарат сөз> **Құру-құру*... жануар – деп Еркебұлан жақындап, аттың жалына қолын тигізе бергенде жылқы секіріп кетті (Ә.Тарази. Құйрықты жұлдыз, 75). * *Құру, құру!* Так-так... – Дауысы анық естіліп тұр. Құндақбай жылқы қорасына қарай беттеді (Қ.Сәрсекеев. Қараша қаздар, 42).

ҚҰРЫЛДАП-ШҰРЫЛДАП- <қарны ашқан адамның іші-қарнының шығаратын (*құрылдаған-шұрылдаған*) дыбыстарының сипаты> *Іші *құрылдап-шұрылдап*, қарын ашып шыдамы таусылып барады (Т.Дқуренбеков. Таң атып келеді, 9).

ҚЫБЫР-ЖЫБЫР <*жыбырлап ояна бастағандар*...> *Ұйқысынан *қыбыр-жыбыр* ояна бастаған ауылды етекке қалдырып төбе басына шықты (О.Бөкей. Өз отынды өшірме, 14).

ҚЫДЫҢ-ҚЫДЫҢ <~ *em*: біреуге өктемдік, үстемдік жасап, доқ көрсетіп, қоразданып, қоқилануды қайта-қайта қодаңдауды бейнелейтін еліктеуіш> *Сонан соң көк сауыр кебістің қазық өкшесін *қыдың-қыдың* басып, тезірек озып барып алдынан ілтипатпен есік ашады (Ө.Нұрпейісов. Қан мен тер, 818).

ҚЫЖ-ҚЫЖ <1. ішкен тамақтың жақпауынан адамның кеудесін тырнап, жүрегін ашытып, көңілін бейжай етуді бейнелейтін еліктеуіш; 2. көп адам жиналған жерде болатын пысынау, ыстықтау> *Бөлмені *қыж-қыж* қайнатып, ... қасқыр тәбетті қос серігі сорпаға тойып мәре-сәре боп қалатын (Ө.Қанахин. Жүрек қалауы, 51). *Ол ойлағанда іші *қыж-қыж*

қайнап, тісін шықырлата тістеніп, «Әй әкеңнің-ай...» деп кіжінді (Ә.Ақпанбет. Қатын қашқан, 51).

ҚЫЛАҢ-ҚЫЛАҢ <~ *ет:* қылаңдап, әр жерден бір ағараңдап көріну>
*Сол күйінде дөңгелене берсе екен деп, – тіледі балалар. Ұсақ-ұсақ бел-белес, ойпандардың қылаң-қылаң еткен елесі-ақ қызық еді-ау! (Ғ.Қайырбеков. Жел қайық, 12). *Бірақ миллиондаған ұрпақ бесігіне бөленеді. Енді төрт-бес айда қылаң-қылаң етіп жүзе жөнеледі (Ғ.Мүсірепов. Кездеспей кеткен бір бейне, 94).

ҚЫЛҚ-ҚЫЛҚ <~ *жұт:* адамның сұйық асты (қымыз, сүт, шай, айран, сусын) үсті-үстіне мол-мол етіп жұтқанда естілетін дыбысқа еліктеу> *– Шөлмек мінекей, – деп Нұрлан жымыған бойда жақын барды. – Көп жаса, шырағым. – Ахметхан «Зубровканы» аузынан ұрттап, қылқ-қылқ еткізіп бір-ақ сімірді де, маңдайын ұстап. – Ия, атам Барак, өзің жар бола көр, – деді (Ж.Молдағалиев. Ескі дос, 306). *Суық қар араласқан жылы тамақты комағайланып, қылқ-қылқ жұтады (М.Әуезов. Қараш-қараш, 383).

ҚЫЛҚЫҢ-ҚЫЛҚЫҢ <~ *ет:* қайта-қайта мойнын қылқыңдата беру>
*Мойнын қылқың-қылқың еткізіп бір орнында шырқ айналды (А.Нұрманов. Құланның ажалы, 11).

ҚЫЛМЫҢ-ҚЫЛМЫҢ <~ *ет:* қайта-қайта біреуге күлімдеп қарап, ұнауға, көңілін аударуға тырысып, қылмыңдау> *Қып-қызыл күн қылмың-қылмың күліп қояды (Ә.Кекілбаев. Үркер, 254).

* Асқан болдым бірдеме,
Көк оттың салып шекесін.
Әлде, өзің құрмысын?

Қылмың-қылмың етесің... (Б.Майлин. Шығ., 135).

ҚЫЛМЫҢ-СЫЛМЫҢ <*қара:* қылмың-қылмың>

ҚЫЛП-ҚЫЛП <~ *ет:* бір жерге тұрақтап отыра алмай, арт жағы қылтылдай беру> *– Ін аузында отырған ақкөт торғай сияқты қылп-қылп еткенінді қойшы осы!..-деді (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 81).

ҚЫЛТИҒАН-ҚЫЛТИҒАН <бір нәрсенің (жердің, судың, т.б.) бетінен сәл гана ұзарып, көтеріліп шығып тұратын заттардың көрінісі, қалпы> *Тек тары сабақтарының қылтиған-қылтиған түбірі ғана көрінеді (Т.Дәуренбеков. Таң атып келеді, 24).

ҚЫЛТ-ҚЫЛТ <~ *ет:* бір заттың ұшы, төбесі, басы бір көрініп, бір көрінбей, қылтылдап тұрған қалпы> *Күшік қалың шөп арасынан басы ғана қылт-қылт етіп, секіре жүгіріп, Әділдің соңынан салбақтап бара жатады (М.Мағауин. Таңд. шығ. II том, 13). *Жанталасып ұстады ат жалынан, балағаз да ұмтылды тез жалма-жан, Ат пысқырып, алқынып, қылт-қылт етіп, Жүзіп барад жануар алға таман (И.Байзақов. Құралай сұлу, 134). *Дүниенің осыншама ақтығынан шығар, Мамайға әлгі бір қылт-қылт етіп қарайған бастар әзірейілдей көрінді (Ш.Мұртазаев. Мылтықсыз майдан, 52).

ҚЫЛТЫҢ-ҚЫЛТЫҢ <~ *em*: бір заттың басы, ұшы, төбесі, не басқа бір бөлшегі қайта-қайта көрініп, жоқ болып кетіп, қылтыңдап тұруы> *Әріректе бірнеше топ адам, биік қардан бастары ғана қылтың-қылтың етіп, мола қазып жатқан сияқты (Ғ.Мүсірепов. Оянған өлке, 164). *Бөренеге байлаусыз қондырған бүркіт, топшасын аздап қана жазып, етті көріп мойнын қылтың-қылтың еткізді (С.Мұқанов. Ботагөз, 134).

ҚЫЛТЫҢ-СЫЛТЫҢ <~ *em*: адамның біресе былай, біресе олай қылтыңдап, әртүрлі қылық көрсетіп, құбылуы> *Қурск алқабының күзі ерке келіншектің мінезіндей ... қылтың-сылтың (Х.Әдібаев. Таңбалы адам, 11).

ҚЫМЫҢ-ҚЫМЫҢ <~ *em*: біреуге көңіл-күйін қылмыңдап, ойнақы түрде білдіру>

ҚЫҢҚ-ҚЫҢҚ <~ *em*: баланың ұйқыдан оянып, мазасызданып, қайта-қайта қыңқылдап жылауы> *Алғашында әдеткі еркелігіндей қыңқ-қыңқ етті де, артынан Шеген оқыс шыңғырып жіберді (Б.Нұржекеев. Бір өкініш, бір үміт, 36).

ҚЫРҚ-ҚЫРҚ <~ *em*: қайта-қайта қырқылдап үн шығарды (жәтелді)>

ҚЫР-ҚЫР <~ *em*: дауысы қайта-қайта қыр-қыр етіп, қырылдап шықты> *Шалдың бұлқынуға шамасы келген жоқ. Қыр-қыр етіп қылғынып, демнің арасында жүріп кетті («Жұлдыз», №2, 2002, 25).

ҚЫРПЫҚ-ҚЫРПЫҚ <кірпік-кірпік, жапырақ-жапырақ болып жауған қардың қалпы; қара: қылпық-қылпық> *Жағалай иін тірескен қырпық-қырпық қотыр тас бетінен үңірейіп үңгір көрінеді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 200).

ҚЫРТ-ҚЫРТ <~ *шайна*: қытырлақ, қатырлақ нәрсені (тары, жүгері, бидай, кепкен нан т.б.) шайнағанда шығатын дыбыс бейнесі> *Әншейінде аузы-аузына жұкпайтын Жатыпатар бүгін мыңқ етер емес. Қолындағы тұрқы қысқа қылпылдаған кішкене балтамен білеудей бұтаны дөңкіген жаңғырықтың үстіне көлденең салып, аспай-саспай қырт-қырт шауып отыр (О.Сәрсенбаев. Таңбалы тас, 156).

ҚЫРТЫҢ-СЫРТЫҢ <~ *em*: біреудің айтқанына көнбей, теріс мінез танытып, қыртыңдау, тыртыңдау>

ҚЫРТЫС-ҚЫРТЫС <кіімнің әбден мыжылып, қыртыстанып, қатпарланып қалған қалпы> *Қыртыс-қыртыс қисық әжім, шүлгеленген кіржік мандайынан өнебойы қызыл жолақ кетпейді (Ө.Қанахин. Жүрек қалауы, 53).

ҚЫРШ-ҚЫРШ <кепкен, қатты, қатырлақ тамақ түрін тістегенде, шайнағанда шығатын дыбысты бейнелеу еліктеуіш> *Оның бар мейірі қанып тыңдайтыны, жылқының кісінегенінен басқа, пысқырған мұрны, шөпті жинағанда қыриш-қыриш, күрш-күрш еткен тісі болар еді (С.Мұқанов. Теміртас, 81).

*Алпысы шабуылдап қырдан асты,
Асығып аттарына қамшы басты.

Тұтқындар бармақтарын қыри-қыри шайнап,
Ызалап көздерінен төкті жасты (О.Шипин. Екі дастан, 105).

ҚЫРЫЛДАП-СЫРЫЛДАП <көбінесе суықтан, қарттықтан даусы қарлығып, тамағынан қайырып (сөйлейтін адамның дауысы)>

ҚЫРЫЛ-СЫРЫЛ <тамағы қарлыққан адам сөйлегенде әдеттен тыс барқырап (қыр-қыр етіп) шығатын дыбыс> *Бала күнімнен әбден таныс қоңырқай ашық даусына да қырыл-сырыл, жарықшақ араласпапты (А.Бекбосынов. Ауылым әнім менің, 131).

- Л -

ЛАП-ЛАП <~ **ет:** қатты жанған оттың тоқтаусыз лапылдап жануын бейнелейтін еліктеуіш>

ЛАУ-ЛАУ <1. өрттің, оттың желмен үрленіп, тоқтаусыз лапылдап, лаулап жануын бейнелейтін еліктеуіш; 2. **ауыс.** қыза түскен қңгіме-дүкеннің ду-дуын бейнелейтін еліктеуіш>

* Кел айналық, кел лау-лау

Түнде лагерь қасында (С.Бегалин. Таңдамалы өлеңдері мен поэмалары, 99). *— Қайда бұл, түге, осы елдің еркегі?! – деген сөздер кәрі-жас, ұлы-кішінің аузында шалқып жанған өрттей болат, лау-лау етті (М.Әуезов. Қилы заман, 49).

ЛОҚ-ЛОҚ <**қара.:** лақ-лақ> * «Вездеход» лоқ-лоқ желеді (Т.Әлімқұлов. Шежірелі сахара, 54).

ЛОҚСЫП-ЛОҚСЫП- <ішкен асын қайта-қайта кейін қайырып (құсып жіберуге бейімделіп ұмтылу)> *Абай бір уақытта жылау үстінде лоқсып-лоқсып булығып кеп, құсып-құсып жіберді (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 35).

ЛҮП-ЛҮП <~ **соқ:** адам жүрегінің бір қуанышты (не ренішті) хабар күтіп, соның боларын сезіп, жүрегінің алып-ұшып, үсті-үстіне дүрсілдеп соғуын бейнелейтін еліктеуіш> *Өз жүрегімнің лүп-лүп қатты толқын ырғағы (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 118).

ЛЫҚ-ЛЫҚ <~ **тол:** көп жиналған адамға үй іші, ғимарат, зал, т.б. аузы мұрнынан шығып кетуі> *Шағындау келген залдың іші ақ бандыларға лық-лық етеді (Терең тамыр, 185). *Емдеуші мұндай көп болар ма, үйге сыймай, лық-лық етеді (С.Торайғыров. Мағынасыз мешіт, 55).

ЛЫП-ЛЫП <~ **ет:** өте шапшаң, көзді ашып-жұмғанша, тез-тез істей салуды, лыпылдап тұруды бейнелейтін еліктеуіш> *Лып-лып жанған сексеуілдің шоғына темір ұстап, күні бойы ұсталық құрады (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 221).

- М -

МАЙМАҢ-МАЙМАҢ <~ **бас:** аяғы ауру, ақсақ адамның, хайуандардың да, түзу де нақ басып жүре алмай, ирелеңдеп, қиралаңдап басыу> *Маймаң-маймаң басып барып ер-тоқымын алады (Д.Исабеков. Таңд. шығ., 1, 167).

МАЛЖАҢ-МАЛЖАҢ <тісі жоқ, не тісі түсіп, тозған адамның ішкен тамағын жұту үшін қызылиегіменен ұзақ шайнауды бейнелейтін еліктеуіш> *Жұманнан көздерін алмай, арқамызды босаттыр саңшы дегілері келгендей, ауыздарын түйелер малжаң-малжаң еткізеді (Ғ.Мүсірепов. Танд. шығ. II том, 48). *Жалпақ тұмсықты кең аузын ашып малжаң-малжаң етті (С.Мұқанов. Сырдария, 137).

МАҢҚ-МАҢҚ <~ **ет:** 1. төбет иттердің жуан дауысымен қайта-қайта маңқылдап үруін бейнелеу; 2. ауыс. адамның да (итке ұқсап) қайта-қайта жаман сөз айтып, ұрсуын сипаттау> *Жастықтан басын көтеріп алып, сыртқа құлақ түрді. Күлкі де жоқ, ешкім де жоқ. Қотанда қойдың, үй маңында сиырдың ұйқы пысылы ғана естіледі. Шерияздан үйінің сар қасқасының даусы болар, маңқ-маңқ үріп, әне, о да тынды (Д.Әбілов. Арман жолында, 144).

МАҢ-МАҢ <~ **бас:** адамның, әсіресе түйенің асықпай-саспай, шайқалып, аяғын жайлап қана басып жүруін бейнелеу> *Аяқтарын маң-маң басып, ханның алдына жақындады. (Ә.Кекілбаев. 55). *– Түйелер кетіп барады. Бір асықпайды-ау жануарлар маң-маң басып... (Ә.Әлімжанов. Отырардан жеткен сый, 36).

МИҚЫ-ЖИҚЫ <әр жағына қисайып, қыңырайып, бас-аяғы араласып, бейберекеті шыққан заттардың көрінісі>

МИҚЫ-СИҚЫ <қара.: миқы-сиқы>

*Көлеңке миқы-сиқы боп ұзарып кетіпті (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 66).

МИТЫҢ-МИТЫҢ <өнімсіз, нәтижесі төмен әрекеттің, қол ұшыын ғана қыбырлатып істейтін тірліктің сипаты> *Буырыл ат қой маңырап, ит үріп ызы-қызы болып жатқан ауыл жаққа қарай ентелей басады да, ертесіне қосқа қайтқандай мойыны салбырап, митың-митың мандымай қояды (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 229). *Дика үй иесінің қабағынан ығып жүреді. Қалелді танымайтын адамдай, онымен тілдеспей, митың-митың өз шаруасымен болады (С.Жүнісов. Жапандағы жалғыз үй, 32).

МОЖА-МОЖА <әбден қартайып, бет-аузының бәрі мыржым-тыржым болған, мылжа-мылжасы шыққан адамның сипаты, сырт бейнесі>

МОНШАҚ-МОНШАҚ <~ **тер:** қатты терлегенде жіпке тізілген моншақтай болып, бүртіктеніп, тізіліп аққан тер тамшыларының көрінісі> *Көзінен моншақ-моншақ ыстық жасын төгіп жіберіп тоқтады. (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 460).

МОХ-МОХ <жылқы малын жемге, желіге шақырғанда қайталап айтылатын ишарат сөз> *Қара күрең айғырға дорбасын ұсынып мох-мохлап еді, ол ойқастап келе қоймады (Т.Дәуренбеков. Таң атып келеді, 213).

МӨЛТЕҢ-МӨЛТЕҢ <~ **қара.:** біреуге екі көзін жәудіретіп, мөлтиіп, жауаңдап қайта-қайта қарай беру> *Бірақ, моп-момақан боп мөлтең-мөлтең ағып жатқан суды көреді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 111).

МӨЛТ-МӨЛТ <~ *ет:* екі көзінен аққан жастың мөп-мөлдір болып тамшылауын бейнелеу> *Мөлт-мөлт жылап тұрған мөліме суға қараса, қысып тұрған ашу күйреп кетердей, ілбіп басып бақша жаққа қараған терезенің алдына келді (Ә.Кекілбаев. 43). *Кейбіреулердің көзінен жас мөлт-мөлт тамады (Қ.Байсейітов. Құштар көңіл. 209).

МӨҢКІП-МӨҢКІП <асау жылқының үстіне алғаш мінген адамды аяқ-қолын бауырына алып, тулап-тулап (жығып кету)> *Мөңкіп-мөңкіп, орысты лақтырып тастап, тауға бірақ тартты (З.Шашкин. Т.Бокин, 367).

МЫҢҚ-МЫҢҚ <~ *ет:* бір нәрсені айқын, ашық-жарқын емес, мұрнының астынан, мыңқылдап, кібірткіптеп бір нәрсе айтуы>

МЫРС-МЫРС <~ *күл:* жымың-жымың етіп, мырсылдап күлу> *Құрышпай мырс-мырс күлді (З.Шашкин. Т.Бокин, 166). *Басыңа күн туған екен ғой бақыр! – деп мырс-мырс күлді (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 76).

МІҢГІР-МІҢГІР <~ *ет:* сөзін ашық, айқын етіп айтпай, мұрнының астынан міңгірлеп сөйлеу> *Шоқты көзі де сөніңкі, тіпті Зуреге түсер емес, төмен қараған қалпы, мұрнынан міңгір-міңгір етті (О.Қабдолов. Өмір ұшқыны, 225).

ОДЫРАЯ-ОДЫРАЯ <~ *қара:* біреуге көзін адырайтып, қайта-қайта осырайып, адыраңдай қарау> *Дьяковты көргенде үстеріне түйе кіргендей, елең етіп, одырая-одырая қалысты (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 534).

ОПЫР-ТОПЫР <көп адамның бас-аяғы араласып, қалаймақан, бейберекет жүріс-тұрысын бейнелейтін қайталама қос сөз> *Тәсібек орнынан опыр-топыр атып тұрды (С.Сматаев. Елім-ай, 26).

- Ө -

ӨКІРІП-ӨКІРІП <1. сиыр малының азан-қазан болып, күжілдеп, мөңіреп (дауыс шығаруы); 2. ауыс. адамдардың қатты-қатты дауыстап, жылап-жылап (алуы).> *Балалар шыдай алмай, өкіріп-өкіріп есіктен ата жөнелді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 222).

ӨҢҚ-ӨҢҚ <1. ~ *жыла:* өңкілдеп, жуан дауысын шығарып (жылау); 2. ~ *ет:* денесін қорбитып, өңкеңдей қозғалу>

*Қайкен үсті-үстіне төпейді

Бәйгешолақ одан сайын өңк-өңк желеді (С.Жүнісов. Өшпейтін іздер, 62).

*Сиыр бір асам шөпті суырған күні жалт беріп, өңк-өңк етіп, қаша жөнеледі (Б.Соқпақбаев. Өзім туралы повесым, 107).

- П -

ПАШЫР-ПАШЫР <~ *шайна:* қатты, қатқыл, құрғақ затты қатырлатып шайнау> *Үстін-үстін бассаң, пашыр-пашыр егеді (Т.Дәуренбеков. Таң атып келеді, 125).

ПАШЫР-ПҰШЫР <*қара:* пашыр-пұшыр> *Қу сүйектің өзін балғадай тістерімен пашыр-пұшырын шығаратын (Ө.Қанахин. Жүрек қалауы, 51).

ПЫР-ПЫР <~ *ет:* *пырылдаған дыбыстың қайта-қайта шығуы*>

*Дәл жолдың жиегінен *пыр-пыр* етіп бір топ құс жер бауырлап ұша жөнелді де, көп ұзамай қана кетті (Ш.Мұртазаев. Ақсай мен көксай, 36). «Әйелінен тракторды жақсы көреді», – дейтін құрбылары. Жұмыстан қолы босаса тоя ішіп, *пыр-пыр* ұйықтап жататын. Енесі Нәзи кемпір ше? (Е.Рахимов. Сүрі қар, 117).

ПЫР-ПЫРЛА <~ *ет:* *қайта-қайта пырылдау, пыр-пыр ету*>

ПЫСҚЫРЫП-ПЫСҚЫРЫП- <*жылқының қайта-қайта пысқырған дыбыс шығаруы*> *Көк есекке бәрібір, құйрығын шыжбындатып *пысқырып-пысқырып* қойды (Ш.Мұртазаев. 24).

ПЫС-ПЫС <*мұрнынан қайта-қайта пысылдап шығатын дыбыс сипаты*> *Ақлақ арғымақтығына басты. Кең танауы делдиіп *пыс-пыс* пысқырып, есіп келеді (С.Сматаев. Елім-ай, 310).

ПЫШ-ПЫШ <*1. қайта-қайта пышылдап шығатын (мыс., мұрнынан) дыбыс сипаты*> *Бірде болмаса бірде ұсақ-түйек реніш, келіспеушілік, «жанашыр ағайынның» *пыш-пыш* қаңқу сөздерінің де нысанаға дөп тиетін кездері болып жатады... (А.Әшімұлы. Майраның әні, 99). *Қыс түсе тапал сары Сейісті қасына шақырып ап көп *пыш-пыштады*. (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 293).

ПЫШ-ПЫШТА <*өсек-аян сөз тарату, ғайбат айту*> *Қыс түсе тапал сары Сейітті қасына шақырып ап, көп *пыш-пыштады* (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 293). *Іргелі ел емес, айдалада бас қосқан, *пыш-пыштасқан* қашқын-пышқын сияқты (Ә.Кекілбаев. Үркер, 66).

- С -

САҚ-САҚ <~ *күл:* *қайта-қайта, ұзақ сақылдап күлу*> *Оспан *сақ-сақ* күліп, иттерін өшіктіріп:

– Ар..р! деп, өзі тап-тап беретін (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 32).

САҚЫР-САҚЫР <*самауырындағы, қазандағы судың сақырлап қатты қайнауын бейнелейтін дыбыс*> *Тыныштық. Қардан үкі тағынған ағаштар. Тағалы аттар жолдың шыны қарын *сақыр-сақыр* басып, окта-текте пысқырып қойып, келе жатады (Б.Соқпақбаев. Өлгендер қайтып келмейді, 133).

САҚЫР-СҰҚЫР <*қара:* *сақыр-сұқыр*> *Сүт *сақыр-сұқыр* қайнап шыға келеді (Ш.Мұртазаев. 36). *Әлдекімдер өртенген үйді *сақыр-сұқыр* құлатып жатқандай (Ш.Мұртаза. Ай мен Айша, 284).

САЛДЫР-ГҮЛДІР <*қаңғыр-күңгір, тарсыл-тұрсыл дыбыс сипаты*> *...*Салдыр-гүлдір* жүк машинаға мінгізіп әкелмей, Жұмажан легковоймен тасыса, қандай мәртебелі болар еді дейді (Ш.Мұртазаев. Жүрекке әжім түспейді, 219).

САЛДЫР-САЛДЫР <*қайта-қайта, тынымсыз салдырлауды бейнелейтін еліктеуіш*>

САЛДЫР-СҰЛДЫР <*қара.: салдыр-гүлдір*> *Ақтөс шынжырын салдыр-сұлдыр еткізіп жұлқынып тағы үріп қойды (Т.Дәуренбеков. Таң атып келеді, 186).

САЛПАҢ-САЛПАҢ <*сабылып, етек-жеңі салпылдап бейберекет жүруді бейнелейтін еліктеуіш*>

САМБЫР-САМБЫР <*көп адамның бір-бірімен самбырлап, саңқылдап қатты-қатты сөйлегенін сипаттайтын еліктеуіш*>

САҢҚ-СҰҢҚ <~ *ет: саңқылдаған үннің қайталанып, жаңғырып естілуінің сипаты*>

САРҚ-СҰРҚ <*самауырындағы, қазандағы судың (жалты сұйықтықтың) сарқылдап, бұрқылдап қатты-қатты қайнауын бейнелейтін дыбыс еліктеуіші*>

САР-САР <*мол судың (басқа да сұйықтықтың кернеуінен (жисегінен, жағасынан) асып, тасып, сарылдап, сарқырап құйылуынан шығатын дыбыс сипаты*>

САРТ-САРТ <*екі нәрсенің өзара қатты-қатты соқтығысуынан шығатын дыбыс бейнесі*> *Темір бетоны плотинаны жайрагып жіберердей сарт-сарт сабалды (Ш.Мұртазаев. Интернат наны, 238). *Қара күшке басып, аяқ-қолдары сарт-сарт айқасты (С.Сматаев. Елім-ай, 2, 38).

САРТ-СҰРТ <*қара.: сарт-сарт; сарт-сарт еткен дыбыстың өзгеріп шығатын жаңғырығы*> *Бір үйір аң қалың жынысты сарт-сұрт жапырып, жағаласып ойнақ салғандай (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 84). *Ұзын ағашты екі кісінің иығына асып қойып, сол ағашта аяғының басымен сарт-сұрт жорғалаған сұмдық бишілер болды (Қ.Байсейітов. Құштар көңіл, 95).

САТЫР-СҰТЫР <*сатыр-сатыр шыққан дыбыстың өзгеріп естілетін жаңғырығы*> *Әлгі тоғай шетіндегі сатыр-сұтыр жым-жылас жоғалды (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 84). *Бір кезде шөптің арасы сатыр-сұтыр еткендей болды («Тылсым дүние» газеті, №136 2002).

СЕКЕК-СЕКЕК <~ *ет: ұшқалақ мінез көрсетіп, секектен, селтеңдеп (бір орында тұрмау)*>

СЕКЕҢ-СЕКЕҢ <*қара.: секек-секек*>

*Қарғалар тобымен даланы тінтіп секең-секең етеді (А.Нұрманов. Құланның ажалы, 308).

СЕКСИП-СЕКСИП- <*шашы, бас киімі қалай болса солай, жан-жаққа селтііп, селтеңдеп (оғаш көрінуі)*> *Жүгіріп келе жатқандар сексиіп-сексиіп тұрып қалды (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 263).

СЕКІРЕ-СЕКІРЕ- <*секең-секең етіп, жүгіре басып (бір орында тұрмай қозғалу)*> *Оспан есік алдында қайқаңдап, секіре-секіре түсіп, шеткі үйлер жаққа қарай зыта жөнелді (М.Әуезов. Абай жолы, 38).

СЕЛК-СЕЛК <~ *em*: қорқып, шошып, қатты тоңып, әлсін-әлсін селкілдеу>

*Апасының иығы, тіпті, селк-селк етеді (М.Мағауин. Қияндағы қыстау, 43).

СЕЛ-СЕЛ <~ *бол*: 1. әбден шылқып терлеуді, көз жасы көл болуды бейнелейтін сөз; 2. сел жүргендей, мол судың сай-сала толып ағуы>

СЕЛТИІСП-СЕЛТИІСП <әр жерде бір состиып, қозғалмай, қалишып тұрып (қалған адамдардың сырт бейнесі)> *Барлық машинистер селтиісіп-селтиісіп қалт тұра қалды (О.Бөкеев. Ұйқым келмейді, 257).

СЕРЕҢ-СЕРЕҢ <~ *em*: аяқ-қолын сораңдатып, сораң-сораң еткізуді бейнелейтін еліктеуіш> *Көшенің ортасымен серең-серең етіп біреу келе жағыр (З.Шашкин. Т.Бокин, 152). *От қасында серең-серең етіп әлденеше адам жүр (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 84).

СЕРПІП-СЕРПІП <қушып, екпінмен өзінен әрі итеріп-итеріп тастауды бейнелейтін етістік сипаты> *...Көз алдында шумакталып тұрып қалған көк түтінді қолымен серпіп-серпіп жіберді (Д.Исабеков. Таңд. шығ., 1, 40).

СОЛҚ-СОЛҚ <~ *em*: денесін қайғы-қасірет билеп, қатты-қатты солқылдап, қалтырап-дірілдеп жылаудың түрі> *Жылау артынан ықылық атқандай, денесі дірілдеп, солқ-солқ етті. (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 35). *Бұлардың үстіне солқ-солқ жылап Данаш келе жатады (Ш.Хұсайнов. Үкілі Ыбырай, 122).

СОРАП-СОРАП <желінді, емшектегі сораптап, қайта-қайта сорып емгенді бейнелейтін еліктеуіш> *Мәселен, суатқа келгенде су ішкізу үшін жылқыға мо-мо, ірі қараға шау-шау, түйеге сорап-сорап сияқты сөздер айтылатын (Х.Арғынбаев. 31).

СОРП-СОРП <~ *em*: қайта-қайта сораптап емуді бейнелейтін еліктеуіш>

СУДЫР-СУДЫР <~ *em*: 1. әбден кепкен, қатқан, құраған заттарды қайта-қайта қозғағанда шығатын сусылдаған> *Шеңгелдің құрақ қоңыраулары төгіліп, судыр-судыр үн шығарады (О.Сәрсенбаев. Таңд. шығ., 2, 96).

СУМАҢ-СУМАҢ <~ *em*: бір есіктен шығып, екінші есікке кіріп, сумаң қағу>

СҰҢҚ-СҰҢҚ <~ *em*: мақалдатып-мәтелдетіп сөйлеу; сұңқылдау> *Кабинетінде отырып әмір еткен комиссарша маңғазданып, окта-текте аққу сұңқ-сұңқ етеді (Ж.Аймауытов. Шығ., 43).

СҮЙРЕҢ-СҮЙРЕҢ <~ *em*: қайта-қайта сүйреңдей беру, жылмың қағу> *Сөз таба алмағанда қаламы сүйрең-сүйрең етіп қағазды тесіп алардай болады (Ғ.Мүсірепов. Таңдамалы шығармалары, 2, 56).

СҮМЕҢ-СҮМЕҢ <~ *em*: бір жерді тесіп өтіп, екінші жерді тесуге ыңғайлану>

СЫБДЫР-СЫБДЫР <~ *em*: қайта-қайта сыбырлаған дыбыс шығару>

СЫБЫР-ЖЫБЫР <ел арасында болатын сыбырлаған, жыбырлаған (өсек-аяң, әртүрлі жасырын әрекет) қимыл-қозғалыстардың бейнелі сипаттары> *Солардың сыбыр-жыбырын біліп отыру үшін, елдің біразын сол елге кірістіру керек (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 125).

СЫБЫР-СЫБЫР <қайта-қайта сыбырлаудың көп сыбырдың бейнелі сипаты> *Айлы аспанның астында ұзақ қыдырып, сыбыр-сыбыр сырласқан (О.Бөкеев. Мынау аппақ дүние, 81).

СЫҚ-СЫҚ <~ күл: қара.: сылқ-сылқ>

СЫҚЫР-СЫҚЫР <заттардың бір-біріне үйкелісінен, соқтығысуынан қайталап шығатын дыбыс еліктеуіші> *Аяғының астында шыныланған қатқыл қар сықыр-сықыр етеді (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 75). *Аяқ асты сықыр-сықыр етеді (М.Мағауин. Таңд. Шығ. II том, 17).

СЫЛДЫР-СЫЛДЫР <темір заттардың (сырға, шашбау, қоңырау т.б.) қамыстың өзара соқтығысуынан шығатын қайталама дыбыс сипаты> *Тұма бұлақ сылдыр-сылдыр ағып жатыр (Ә.Кекілбаев. 21). *Сылдыр-сылдыр шолпының үні шықты (Қ.Байсейітов. Құштар көңіл, 15).

СЫЛҚ-СЫЛҚ <~ күл: наздана, рахаттана сыңғырлай дауыс шығара күлу> *– Атаң ғой, атаң сәлем бер, – деп мысқыл еткендей сылқ-сылқ күлді (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 77). *Күлсім теріс айналып сылқ-сылқ күледі. Құштиын босанысымен тайып тұрады (Ш.Хұсаинов. Үкілі Ыбырай, 286).

СЫЛП-СЫЛП <сұйық тамақты қайта-қайта жұтқанда, шалшық суды малышып басқанда шығатын дыбыстарға еліктеу> *Сылп-сылп аяғын сүйрете басып, шалдың өзі келді (З.Шашкин. Т.Бокин, 267).

СЫҢҒЫР-СЫҢҒЫР <~ ем: қайта-қайта сыңғырлау, сыңғырлап күлу> *...Таза-тұнық бұлақтар мен бастаулар ма, әйтеуір сыңғыр-сыңғыр күледі-ай («Қазақ әдебиеті», №30, 23.07.99).

СЫПСЫҢ-СЫПСЫҢ <1. сыпылдаған, сып-сып етіп қайталаған дыбыс бейнесі; 2. ауыс. күңкіл-сүңкіл, сыбыр-сыбыр, сумаңдаған өсек-аяң> *Күні-түні сол бір сыпсың-сыпсың (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 111). *Алапат сарайдан дөңгелек хауыздың сыпсың-сыпсың дыбысынан басқа құлақ селт еткізер үн де жоқ (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 111).

СЫП-СЫП <~ем: қайта-қайта сып-сып етіп шыққан дыбыс сипаты>

СЫР-СЫР <~ ем: қайта-қайта сыр-сыр еткен дыбыс шығару> *Бір жылтылдақ темірлер бұның әр адымын аңдып сыр-сыр етеді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 291).

СЫРП-СЫРП <~ ем: сыртылдап қайталап шыққан дыбыстарға еліктеу> *Тас астауға мойындарын салып, сырп-сырп сораптап ұзақ тұрысты (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 237).

СЫРТ-СЫРТ <тырсылдап қайталап тамған тамшының дыбысын бейнелейтін еліктеуіш> *...Қос қабат терезеге қиыршық қар сырт-сырт соғады (Т.Дәуренбеков. Таң атып келеді, 110).

- Т -

ТАҚ-ТАҚ <екі заттың бір-біріне соқтығысуынан тақылдап шығатын дыбыс сипаты> * «Қазақта би жоқ, болмаған», – дегенде, таңдайлары тақ-тақ ететіндердің талайы сол слеттен кейін ойлап сөйлейтін болды (Қ.Байсейітов. Құштар көңіл, 94). *Поездың тақ-тақ үні аза бойын қаза етіп, безгегі ұстағандай өз-өзінен дірілдеп-қалшылдап шошынатын мүшкіл халге жеткізді (О.Бөкей. Өз отыңды өшірме, 6).

ТАҚ-ТҰҚ <ауыс: ас-тағамның, азық-түліктің бірде жетіп, бірде жетпейтін, болар-болмас аз мөлшері> *Ол мынау тақ-тұқ жаңғырып жатқан тас қабаттың астында (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 251).

ТАҚЫЛ-ТАҚЫЛ <1. қайталана беретін тақыл-тақыл дыбыс сипаты; 2. ауыс. мән-мағынасы жоқ тақылдаған бос әңгіме, құры сөз>

ТАҚЫЛ-ТҰҚЫЛ <жетер-жетпес, бірде жетіп, бірде жетпейтін, болмашы дүние сипаты> *Қару жағы да тақыл-тұқыл жетіспей қап жатады.(Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 628). *Төлебайдың тапқаны, тақыл-тұқыл тамаққа ғана жарайды (С.Мұқанов. Таңд. шығ., 233).

ТАҢҚ-ТАҢҚ <1. «тарс-тарс», «таңқ-таңқ» етіп қайталап шыққан (мылтық, зеңбірек т.б.) дыбыстарға еліктеу; 2. ауыс. қопал дауыс шығарып күлудің сипаты>

ТАПЫР-ТҰПЫР <көп адамның (жан-жануарлардың да) бір жерге жиналып, бейберекет, топырлап, тапырақтап, қалаймақан етуін бейнелейтін еліктеуіш> *Асыр салып ойнаған тай-құлындай тапыр-тұпыр дүрлігіп, көңілді еліктіріп барады (Ә.Кекілбаев. Үркер, 383). *Желіп келе жатып томаршаға сүрінген арық ағтай тапыр-тұпыр етіп күрс беріп, жығылуға айналып қалады (М.Әуезов. Таңд. шығ., 59).

ТАРПАҢ-ТАРПАҢ <асау, шайпау мінез білдіріп, тарпаң-тұрпаң, тасыр-тұсыр басатын жылқының, түйенің қимыл-әрекетін бейнелейтін еліктеуіш>

ТАРПАҢ-ТҰРПАҢ <қара: тарпаң-тарпаң>

*Тарпаң-тұрпаңсыз, биязы (Ә.Кекілбаев. 32).

ТАРП-ТАРП <аяғын жер сүре, тарпылдаптып басатын адамның, жылқының жүрісін бейнелейтін дыбыс сипаты> *Жұмабайдың аяғы тарп-тарп етіп қаздандап, тымағы, тақиясы да ұшып түсіп қалған-ды (М.Әуезов. Абай жолы, 20).

ТАРП-ТҰРП <қара: тарп-тарп>

ТАРС-КҮРС <тарсылдаған: күрсілдеген дыбыс; атылған мылтықтың, соғылған дабылдың, т.б. соқтығысқан кейбір заттардың дыбысын бейнелейтін етістік> *Тарс-күрс, бұл не қылған алыс-жұлыс? (А.Жұмағалиев. ҚТС, 620.)

ТАРС-ТҮРС <*қара.: тарс-тұрс*> *Сыралғы қарсыластар андысып жатпады. Сатыр-гүтір, *тарс-тұрс* соқты («Егемен Қазақстан», №44. 25.04.2003, 6).

ТАРСЫЛ-ТҮРСЫЛ <*қара.: тарсыл-тарсыл*> *Медведев шыққасын көп кешікпей далаң үйде *тарсыл-дүрсіл* молайып, есік кең ашылды да, жүз басыға ілесіп бөлмеге түлкі тымақ, сенсең ішік киген, қамшыларын екі бүктеп қолдарына ұстаған үш қазақ кірді (Қ.Жұмаділов. Соңғы көш, 167).

ТАСЫР-ТҰСЫР <*тарс-тұрс еткен дыбыстар*> *Арна бойындағы қалың жыныстың *тасыр-тұсыры* тым көбейіп кеткен тұста барып бас уәзірге иек қақты (Ө.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 194).

ТЕПЕҢ-ТЕПЕҢ <*адамның шаршаған, болдырған атын аяғымен екі бүйірінен түрткілеп, әрең жүргізуін бейнелеу*> *Қуығынан шаншыла отырып, байталының құйрығын сипалақтатып, *тепең-тепең* етіп біреу келе жатыр (Ж.Аймауытов. Шығармалары, 79).

ТИПЫҢ-ТИПЫҢ <*тез-тез, жылдам-жылдам, жиі-жиі майда қадаммен басып жүруді бейнелеу*>

ТОНҚ-ТОНҚ <~ *ет:* 1. қайта-қайта тоңқылдап шыққан дыбысқа еліктеу; 2. ауыс. біреуге өкпелеп, өзіңше мінез танытып, жағымсыз сөздер айту>

ТҰҒЖЫҢ-ТҰҒЖЫҢ <~ *қақ:* денесін толық игере алмайтын жас баланың икемсіз, қолапайсыз әрекетін бейнелейтін еліктеуіш> *Бәрі де Бұланбайды көрмеген болып, *тұғжың-тұғжың* етеді (Ғ.Мүсірепов. Таңд. шығ., 2, 402).

ТҰТЫҒА-ТҰТЫҒА- <*тілі күрмеліп, өз ойын анық айта алмай, кекештеніп (қиналу)*> *Тұтыға-тұтыға бірауыз сөзді азар айтты (Ғ.Мұстафин. Қарағанды, 32).

ТҮЙДЕК-ТҮЙДЕК <*бір-бірімен байланыса, ұйыса топтасқан, шиеленіскен шоғырлар (топ, айтылар өлең т.б.)*> *Сонда арасында *түйдек-түйдегімен* сөнбеген көкс жүреді (Ш.Мұртазаев. Интернат наны, 174). *Арғы-бергіден шегінемей, селкеулемей *түйдек-түйдек* жеткен ел күдіреті, ыстық сәлемі де ме екен?! (С.Смағамов. Елім-ай, 7).

ТҮТЕ-ТҮТЕ- <*тұтас заттың жүндей түтіліп, быт-шыты шыққан қалпы*> *Түте-түтесі шығатын еді, қаңсылаған дыбысты естіп жүгіріп шыққан әжесі арашалап қалды (М.Мағауин. Қияндағы қыстау, 38). *Түсе қалса, жабылып ұрып, *түте-түтесін* шығарар едік (А.Әшімұлы. Майраның кні, 46).

ТЫҚ-ТЫҚ <*бір нәрсенің екінші бір нәрсеге ақырын ғана тықылдап тигенде қайталанып шығатын дыбысы*> *Алдына өзгерген аспаптың күрең тақтайына *тық-тық* тиген шынашақ екпіні басылуын күтіп ұзақ отырды (С.Смағамов. Елім-ай, 2, 14).

ТЫҢҚ-ТЫҢҚ <*домбыраны қайталап бармақпен жай ғана шерткенде шығатын дыбыс*> *Кішкене домбырасын қолына алып ап, құлақтарын қайта-қайта бұрап, *тыңқ-тыңқ* шертті де, тез күйттеп алды (С.Смағамов. Елім-ай, 87).

ТЫП-ТЫП <~ *бол: аяғын нық-нық, тыпылдама басу*> *Жусан арасындағы жіңішке соқпақты бойлап, *тып-тып* тарта берді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 264).

ТЫПЫҢ-ТЫПЫҢ <~ *бас: аяғын жиі-жиі аттап, тыпыңдата басып, тез-тез жүруді бейнелейтін еліктеуіш*> *Шынашақтай ғана ақ сары қыз мектепке қарай аяғын *тыпың-тыпың* басады (Ө.Қанахин. Жүрек қалауы, 34).

ТЫПЫР-ТЫПЫР <адам мен хайуандардың аяқ-қолының өте тез, қалай болса, солай, бір орында тұрмай бей-берекет тыпырлап әрекеттенуі> *Қызыл жоңышқаның басы ұйпаланып, аспанда оқ тиген қырғауылдың қанатындай *тыпыр-тыпыр* ете қалды (Ш.Мұртазаев. 51). *Жүйріктен жүйрік шықса төрт аяғы *тыпыр-тыпыр* (Мақал)

ТЫРАҢ-ТЫРАҢ <~ *ет: аяқ-қолын ербеңдете, оңқа-шоңқа болып жығылу, мұрттай ұшу*>

ТЫРАЯ-ТЫРАЯ <көп адамның бір жерге оңқа-шоңқа болып, аяқ-қолын ербеңдете, сербеңдете құлап (жатуын бейнелеу)> *Ұйқы қысқан қыздар *тырая-тырая* кетті (Т.Әлімқұлов. Замана екпіні, 81).

ТЫРБАҢ-ТЫРБАҢ <~ *ет: аяқ-қолын ербеңдетіп, тырбаңдаған әрекет сипаты*> *Құдықтың аузындағы жігіттер қыл арқан ұшына жармасып *тырбаң-тырбаң* етеді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 217).

ТЫРБЫҢ-ТЫРБЫҢ <аяқ-қолын сәл ғана қыбырлатып, қркеттенуге қатысты бейнелеуіш>

ТЫРҚ-ТЫРҚ <~ *ет: тырқылдатып үн шығару*>

ТЫРП-ТЫРП <аяғын сүйрете басып, өкшесімен жер соға жүргенде қайталанып шығатын дыбыс> **Тырп-тырп* басып біреу келе жатыр (З.Шашкин. Т.Бокин, 159). *Ұй сыртынан әлдекім *тырп-тырп сырт-сырт* етіп қайталап шығатын дыбыс> басып, алыстай берді (Ә.Кекілбаев. Үркер, 8).

ТЫРС-ТЫРС <*тысыр-тысыр*> *Ақша қарға көзден аққан жас *тырс-тырс* тесе тамады (О.Бөкеев. Қасқыр ұлыған түнде, 279).

ТЫР-ТЫР <*трактор жүргенде, денені қасығанда т.б, жағдайда тырылдап, қайталанып шығатын дыбыс*> *Бәйбішесіне аркасын *тыр-тыр* қасытып жатыр (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 88).

ТЫР-ТЫРЛА <*қайта-қайта тырылда, тыр-тыр ет*>

ТЫРТЫҢ-ТЫРТЫҢ <*үзбей тыртыңдап әрекет ету...*>

*Адамдар ағаш үйлерінен ұзап *тыртың-тыртың* тірлігіне кіріспек (О.Бөкеев. Ұйқым келмейді, 543). **ТЫСЫР-ТЫСЫР** <*тырс-тырс етіп, қайталанып естілетін баяу үн*>

ТЫШТАҢ-ТЫШТАҢ <*бір орынға тұрмай, шошаңдап, өзінше пысықсып істеген әрекетін бейнелеу*> *О да Боқының ұлына еліктеп, *тыштаң-тыштаң* етеді... (З.Шашкин. Т.Бокин, 130).

- У -

УЛАЙ-УЛАЙ <бойын әбден у тарай-тарай (үйреніп кету)>

*Содан біргалай заман өтті, Алашты улай-улай жаман өтті (М.Жұмабаев. Шығ., 2, 26).

УМА-ЖУМА <әбден уқаланып, умажданып, бейберекет болған заттардың қалпы>**УМАЖ-УМАЖ** <әбден уқаланып, мыжғыланып, умаждалып, жарамсыз қалпына келген зат қалпы> *Басым умаж-умаж жастыққа тиісімен қор ете түскенмін (О.Сәрсенбаев. Таңд. шығ., 2, 260).**У-ШУ** <азан-қазан, айқай-ұйқай дыбыс сипаты> *Ауыл төңірегі у-шу (Қ.Байсейітов. Құштар көңіл, 7). *...Ымырт жабылып қалыпты. Дүние у-шу, ызың-ызың... (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 36).

- Ұ -

ҰБАЙ-ЖҰБАЙ <өзара келісім, бір-біріне сүйеу-тірек; ымпай-жымпай болғандар> *Бір жерге екі қырсық біріккен соң, Қалар ма ортамызда ұбай-жұбай... (Тезек төре, 35).**ҰЛЫП-ҰЛЫП** <қасқыр мен иттің дауыстарын ұзақ созып, ұли беріп (бір-бірін іздейтін, қарны ашқанын, табиғатта болатын өзгерісті сезгенін білдіруі)> *Шулаласып ұлып-ұлып алып, ауылға қарай тартып берді (М.Әуезов. Қилы заман, 270).**ҰМАР-ЖҰМАР** <көп адамның, малдың асығыс қозғалысынан пайда болатын бір-бірін баса көктеп, шоғырлану қалпы> *Сықырлауық есік быт-шыт болып, жұрт ұмар-жұмар ішке кірді («Жұлдыз», №3, 2002, 72). *Жаюлы тор қусырылғанда, қаршыға мен қаз ұмар-жұмар шырмалып, диірменнің тасындай шыр айналды (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 129).

- Ү -

ҮБІР-ДҮБІР <көпшіліктің қатарласа сөйлеуінен, аттардың алыстан естілетін тұяқ дүбірінен шығатын дыбыс еліктеуіші>**ҮЙДЕК-ТҮЙДЕК** <заттардың бір тұтас болып ұйысып, топтасып, шоғырланып тұрған қалпы, сипаты>**ҮЛП-ҮЛП** <~ **em**: өте майда, жұмсақ, жеңіл заттың жел лебімен жеңіл ғана желпінуін бейнелейтін еліктеуіші>

- Х -

ХА-ХА <адамдардың қатты күлгенде қайталанып шығатын күлкісін білдіретін дыбыс> *- Біздің қолымызда заң бар, Шван мырза, – деп Тимме қағаз ұстаған қолын көтерді. - Ха-ха, заң... міне заң, - деп Шван кешегі жасаған актісін қойын қалтасынан алып, Тиммеге ұсынды (Қ.Исабаев. Соңғы тәулік, 149).**ХА-ХАХАЛА** <қарқылдап қатты күлу>

- Ш -

ШАҚ-ШАҚ <шақ-шақ етіп жүрген мотордың дыбысына, құстың, адамның ашулы дауысына еліктеу>

ШАҚ-ШҰҚ <қара.: шақ-шақ> *Сүйменнің тиген жері шақ-шұқ тас (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 251). *Қару-жарақтардың шақ-шұқ дыбысы, аттардың ышқына кісінегені, жаралылардың ыңырана күңкілдегендері қанішерлерді онан әрмен құтырға түсетін тәрізді (Ә.Әлімжанов. Жаушы, 147).

ШАҚҰР-ШҰҚЫР <соқтығысып сынған шыны-әйнектің дыбысын, бір-біріне қайраған тістің дыбысын, т.б. шақырлайтын заттардың шығаратын үнін бейнелеу> *Шақыр-шұқыр еткен дыбысқа Арзы апам да амалсыз бұрылып қарады (Ш.Мұртазаев. 1).

ШАЛДЫР-ШҰЛДЫР <салдырлаған, шұлдырлаған дыбысқа еліктеу>

ШАЛҚАҚ-ШАЛҚАҚ <~ ем: адамның басын кейкітіп, артына қарай шалқақтатып, қайқаңдауын бейнелейтін еліктеуіш> *Биыл шалқақ-шалқақ басқан шетелдік меймандар сабылатын болды (М.Сқақбаев. Пенде ғұмыр, 5).

ШАЛП-ШАЛП <суға шомылғанда, суды шапылдатқанда қайталанып шығатын дыбыс пен шашыраған су бейнесі> *Ол әлгі бір ксем жүзудің орнына суды шалп-шалп еткізіп, жағаға аптыға жүгірді (Ш.Мұртазаев. Жүрекке әжім түспейді, 196).

ШАЛТАЙ-БАЛТАЙ <не болса соны айтып, аузына келгенін көкүдiң сипаты> *Шалтай-балтай неге керек. Әйда тұр орныңнан! – деді Пернебеков (Т.Әлімқұлов. Шежірелі сахара, 4).

ШАҢҒЫР-ШҰҢҒЫР <қара.: саңғұр-сұңғыр> *Қарақұрым жылқы да қос рет атылған мылтық даусынан, жез ілегеннің шаңғыр-шұңғыр үнінен, жылқышылардың кикүлата қуған айқай-шуынан дүркірей жылжып, табандарынан тас атысып, жөңкіле жөнелді (Б.Тоқтаров. Таудағы ән, 21).

ШАҢҚ-ШАҢҚ <қайта-қайта шаңқылдаған дыбысқа еліктеу> *Шаңқ-шаңқ етіп әлдеқандай дәу-дәу құстар айналып жүр (Ш.Мұртазаев. Ақсай мен Көксай, 37). *Оның ыпыны қашқаны жаман болды, шаңқ-шаңқ дауыстар жиілеп, қоюланып, асқынып, елеурей бастады (Т.Әлімқұлов, 20).

ШАҢҚ-ШҰҢҚ <қара.: шаңқ-шаңқ>

ШАҢ-ШҰҢ <шаңқылдап-шұңқылдап шыққан дыбысқа еліктеу>

*Өңгімемен айналаны тегіс ұмытқан ба, шаң-шұң дыбыс қатқыл тамақтың қырылдаған үнімен алдарынан оқыс естілді (С.Сматаев. Елім-ай, 67). *Таң қараңғысында, электрдің жарығы аламыш түскен ағаштардың арасында шаң-шұң дауыс шықты (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 84). **ШАППА-ШАП** <бетпе-бет, қолма-қол келген (ұстау, соғысу)> *Онда қарсылық, шаппа-шап келген соғысқа айналмақ (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 65).

ШАППА-ШҰП <қара.: шапа-шап>

ШАПШАҢ-ШАПШАҢ <өте тез, тездетіп, асығыс-ұсығыс> *– Қане, шатишаң-шатишаң киіп көріндер. Шақ келмесе, апарып тастаймын,– деп тықыршиды (Ө.Қанахин. Жүрек қалауы, 69).

ШАПЫР-ШҰПЫР <көп нәрсенің тез-тез, апыр-топыр, жапыр-жұпыр әрекетін бейнелейтін еліктеуіш> *Жарық ай жылжи-жылжи төмен ауды, шапыр-шұпыр, жымыңдаған жұлдыздар сирей бастады (С.Смағамов. Елім-ай, 274).

ШАРТ-ШАРТ <1. сарт-сұрт етіп қатты шыққан дыбыс сипаты; 2. ауыс. сарт-сұрт еткізіп, қолма-қол ұстасу сипаты> *Екі жақ жапыр-жұпыр бір-бір араласып, шарт-шарт ұрысып кетті (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 158).

ШАРТ-ШҰРТ <сарт-сұрт>

ШАРТПА-ШҰРТ <шартта-шұрт; шатыр-шұтыр> *Қуанғаныңыздан алақаныңызды шартпа-шұрт ұрып, балаша мкз боласың (ҚТТС, 10, 155).

ШАР-ШАР <~ **ет:** қайта-қайта шарылдап шыққан дауысқа еліктеу> *Арша күбіні ысқылап жуып отырғанда, бір жаман дауыс шар-шар ете қалды (Ш.Мұртазаев. Жүрекке әжім түспейді, 218).

ШАР-ШҰР <шарылдап-шұрылдап қайталап шыққан дыбыстың сипаты>

ШАРТТА-ШҰРТ <сартта-сұрт, шартпа-шұрт> *Шартта-шұрт төбелес, шартта-шұрт ұстаса кетті (ҚТС, 723).

ШАТЫР-ШҰТЫР <нажағай жарқылдап, күн күркірегенде шығатын сатыр-сұтыр еткен қатты дауыс сипаты> *Жұрт тағы да шатыр-шұтыр шапалақ сабасты (Ө.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 274). *Тас түнекті қақ жарып найзағай жарқ етті де, іле-шала аспан асты шатыр-шұтыр күркіреп кетті (Ө.Әлімжанов. Жаушы, 23).

ШӘЛДІР-БҮЛДІР <шүлдірлеп, былдырлап, не айтып, не қойғанын білмейтін адам сөзінің сипаты; **қара.:** шүлдір-былдыр> *Бұрын да шәлдір-бүлдір әрең сөйлеуші еді (ҚТС, 726).

ШӘҢКІЛДЕП-ШӘҢКІЛДЕП- <шіңк-шіңк еткен жіңішке дауысымен біреуге ұрсып, жер-жебіріне жетіп (діңкілдеу)> *Үйдің жаман қаншығы шіңкілдеп-шіңкілдеп шаршап ол да қойды (А.Нұрманов. Құланның ажалы, 410).

ШӘУ-ШӘУ <күшіктер мен кәндек (қандек) иттердің қайта-қайта шәуілдеп үруін бейнелейтін еліктеуіш>

ШӘУ-ШӘУЛЕС <көпшіліктің өзара дабырлап, шәуілдесіп сөйлесуін бейнелейтін еліктеуіш етістік>

ШИҚ-ШИҚ <1. кейбір құстардың (торғай, балапан т.б.) шиқылдаған дауысына еліктеу; 2. майламаған арба дөңгелегінің жүргендегі дыбысына еліктеу> *Баурай бауырындағы індігеш екеш індігештерге дейін шиқ-шиқ үнге бөгіп, табиғаттың қағанағы қарқ шағы (Ө.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 228). *Арбаның сол жақтағы артқы дөңгелегі ауырған тістей зарлап, шиқ-шиқ етеді (Ш.Мұртазаев. Бойтұмар, 69).

ШОЙҚАҢ-ШОЙҚАҢ <**қара.:** шойнаң-шойнаң>

ШОЙНАҢ-ШОЙНАҢ <~ *бас*: аяғын қайыра басып, маймаңдап, ақсаңдап, қисаңдап басу; *қара*: шойтаң-шойтаң, шойқаң-шойқаң т.б.>

ШОҚАҢ-ШОҚАҢ <~ *ет*: қайта-қайта бір жағына қисаңдап, шоқалақтап жүрудің сипаты> *Олар мен жаққа оқшиып-оқшиып қарап, неге келмейді дегендей состиысты да, қайтадан *шолп-шолп* еткізіп, көлге сүңгіп-сүңгіп кетті (І.Есенберлин. Алтын құс, 20).

ШОМП-ШОМП <бір заттың терең суға жоғарыдан құлап қайта-қайта түсіп жатқанда шығатын дыбыс сипаты> *Аудың табан тастары суға *шомп-шомп* түсіп жағыр (ҚТС, 736).

ШОР-ШОР <*шор-шор болып томтиған...*> *Шал басынан тақиясын шешіп *шор-шор* болып қырғыстанған тақыр басын сипады (О.Бөкей. Атау-Кере, 450).

ШОРШЫП-ШОРШЫП- <*бірнеше рет шориу...*> *Үси бастағанымды сезсем де істерге лаж жоқ, *шоршым-шоршым* шаршадым (О.Бөкеев. Өз отынды өшірме, 172).

ШӨК-ШӨК <*түйе малын шөгеру үшін айтылатын ишарат сөз*> *Тек қана, «*шөк-шөк*» дей бермей, осы бізді де ел қылатын, ер қылатын ақыл айтшы! – деді (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 57).

ШӨРЕ-ШӨРЕ <1. *ешкі малын шақыру үшін айтылатын одағай сөз*. 2. *Өзара топтасып, бір қауым болып бір үйірімге айналған топтар*> *Аз да болса пысық және *шөре-шөреде* жүргендіктен бір мүшеден қалмай ілесіп отыратын (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 19). *Бәрінің көңілін табам деп *шөре-шөре* болмай қадіріңді өткізіп, бірін тұтын (Ә.Кекілбаев. 31).

ШУ-ШУ <*көп адам, мал жиналған жерде олардың өзара дабырласып сөйлесуінен, жамырасуынан шығатын әр алуан дыбыстар; жылқы мен түйені жүргізу үшін айтылатын ишарат сөз*> *...Қандауыр өтерік тебінген болып, атын *шу-шулейді* (О.Бөкеев. Ұйқым келмейді, 40). * «Әйт *шу-шу*, жануар» деген сөзге маңғаздана құлақ салып асықпай адымдаған түйе, ... отар-отар қой, ... үйір-үйір жылқы, сол малды қоғамдап, қайырмалаған адамдар (А.Сейдімбеков. Күңгір-күңгір күмбездер, 81).

ШУ-ШУЛЕП <*малды айдау, жүруге ишарат ету*> *Жуан қарагер атты *шу-шулеп* тебініп таяп келді (Ш.Мұртазаев.) *...Екі қолын кезек шайды да, күйіс қайырып жатқан шеткі сиырды, «*шу-шулеп*» орнынан тұрғызды. (Т.Дәуренбеков. Таң атып келеді, 315).

ШҮЛҒИ-ШҮЛҒИ- <*жси-жси, қайта-қайта басын изеіп, біреудің айтқанын мақұлдап, қуаттап (отыру)*> * «Тап солай» десіп, бастарын *шүлғи-шүлғи* иланып еді (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 169).

ШҮЛҒЫП-ШҮЛҒЫП- <*қайта-қайта басын изеіп, бір нәрсені мақұлдай беру; ат басын шүлғылап ілгері тартты*> *Байжан басын *шүлғып-шүлғып* қалды (Ғ.Мүсірепов. Таңд. шығ., 2, 41). *Зығырданы қайнай басын *шүлғып-шүлғып* қояды (М.Сүндетов. Қызыл ай, 123).

ШҰРҚ-ШҰРҚ <айналасы шұрқ тесік, сау-тамтығы жоқ тесік-тесік> *Үстіндегі қой терісі тон шұрқ-шұрқ тесік... («Жұлдыз», №5, 2002). *...Оқ ақ денесін шұрқ-шұрқ тескен (Х.Әдібаев. Таңбалы адам, 15).

ШҰР-ШҰР <~ **ет:** қайта-қайта шұрылдау > *Піскен ыстық күлшені көз алдыма елестетемін. Оны ойлаған сайын ішім шұр-шұр етіп, аузымнан сілекейім ағып, одан сайын қарным ашады (Қызылдар қырғыны, 20).

ШЫЖ-БЫЖ <1. мың сіз-бізден бір шыж-быж артық. Бұл арада шыж-быж ауыс мағынасында, жеп-ішетін тамақ, мал сойылып, қазанға «шыж-быж» дауысын шығара қуырылған қуырдақ тағам ретінде қолданылып тұр; 2. **ауыс.** ~бол: күйіп-пісу, ашуланып тулау> *Мың «сіз-бізден» бір шыж-быж артық (Мақал); *Оның несіне шыж-быж боласың (Т.Иманбаев. Үлкен үй, 16). *Ерлі-зайыптының шырған бұзғанда «шыж-быждан» қағылмаймын ба?! (Т.Әлімқұлов. Кертолғау, 253).

ШЫЖ-МЫЖ <қара.: шыж-быж, шыж-пыж>

ШЫЖ-ШЫЖ <~ **ет:** 1. ыстық, қыздырылған ыдысқа шікі асты қуырғанда шығатын дыбыс сипаты; 2. **ауыс.** біреуге жаны ашып, күйіп-пісу, шыжылдау>

ШЫҚ-ШЫҚ <~ **ет:** қайталап, қайта-қайта шықылдаған дыбыс сипаты> *Сағат сол 7 ноябрьдің кешінде менің блиндажымдағы үстелдің үстінде шық-шық соғып тұрды (Ә.Нұршайықов. Ақиқат пен аңыз, 2, 262)

ШЫЛДЫР-ШЫЛДЫР <сырға, шолпы, шашбау, қоңырау т.б. осы сияқты металдан жасалған заттардың өзара соқтығысып, шылдырлаған дыбысы> *Тоғжанның шолпысы шылдыр-шылдыр етіп ап-анық естіліп бара жатқан сияқты (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 118).

ШЫЛҚ-ШЫЛҚ <~ **ету:** су қаптаған шалшықты басқанда шылқылдап естілетін дыбыс сипаты> *Аяқ астының шылқ-шылқ еткені мен аттардың пысқырғанынан басқа бөгде дыбыс естілмейді (Т.Дәуренбеков. Таң атып келеді, 176).

ШЫЛП-ШЫЛП <өзен, көл, теңіз суының шайқалып, жағаға, жағадағы тастарға соққанда шылпылдап шығатын дыбысы> *Тасқа шылп-шылп соққан суық майда жауын соның бәрін бір-ақ қылғып жұтып қойғандай (С.Сматаев. Елім-ай, 59).

ШЫҢҚ-ШЫҢҚ <ұрғанда, қинағанда қайта-қайта шың-шың етіп шығатын дыбыс сипаты>

ШЫҢ-ШЫҢ <қара.: шыңқ-шыңқ>

ШЫП-ШЫП <~ **терле:** пора-пора болып терлеу; (маңдайынан) тері шытылдап шығу> *Әсіресе, мұрнының үсті шып-шып терлеген жан оқта-текте шұлғып кетіп, қолындағы кесесін түсіріп ала жаздады (О.Бөкеев. Қар қызы, 67). *Сап-сары қымыз ожаумен сапырғанда, көпіршімей, шып-шып етіп шымырлап қана толқиды (М.Әуезов. 1, 83).

ШЫР-ПЫР <1. торға түскен торғайдың әбігерленіп, шырылдап-пырылдап (тытырышуы); 2. **ауыс.** бір нәрсені, істеу үшін жанұшырып, күйіп-пісіп, шат-шәлекей болуы> *Америка каньонын табиғат ескерткішіне айналдыруда Линкольн осынау табиғи құдіреттен балаларының баласы рақат тауып, көңіл қиялын шарықтатуы керек екенін айтып, ... *шыр-пыр* болған екен (А.Сейдімбеков. Күнгір-күңгір күмбездер, 102).

ШЫРТ-ШЫРТ <сандықшаның, шкаф тартпасының т.б. заттардың *шырт-шырт* етіп жабылғанда шығаратын болмашы дыбыстары> *Жер болғанынды от басында көзіне шұқып көрсетейік деген жуандық танытып, біріне-бірі насыбай ұсынып, ... *шырт-шырт* түкірісіп қойды (С.Сматаев. Елім-ай, 24).

ШЫР-ШЫР <~ **ет:** 1. телефонның, есік қоңырауының, торғайдың т.б. тынбай, не қайталап шырылдауын білдіретін еліктеуіш; 2. **ауыс.** жаны қалмай шырылдауды, безек қазуды білдіретін еліктеуіш> *Біз судың жағасына түскеннен-ақ бір боз торғай төбемізде салбырап, *шыр-шыр* етіп тұрды да алды (Ш.Мұртазаев. Ақсай мен Көксай, 38). *Шегірткенің айғырындай *шыр-шыр* егіп, шіңкілдеп келіп не жазығым бар дегізіп, Маңдайдың да сыбағасын бергізді (Ә.Ақпанбет. Қатын қашқан, 17).

ШЫР-ШЫРЛА <*шыр-шыр* ету, шырылдау>

ШЫТ-ШЫТ <**қара.:** *быт-шыт*> *Әлі-ақ көп ұзамай осынау *шыт-шыт* боп жарылып қаңсып жатқан даланың кенезесін қандырып муссандар өтеді... (Ә.Әлімжанов. Отырардан жеткен сый, 141).

ШЫТЫР-ШЫТЫР <*тоқтаусыз шытырлап жанған оттың дыбысын білдіретін еліктеуіш*> Енді сол бойында ортада *шытыр-шытыр* жанып тұрған от басына тақала берді (С.Сматаев. Елім-ай, 226).

ШҢҚ-ШҢҚ <~ **ет:** *қайта-қайта шығатын шіңкілдеген (жіңішке) дыбыс сипаты*>

- Ы -

ЫБЫР-ЖЫБЫР <адам тіршілігіндегі бітпейтін-таусылмайтын майда, күйткіл тірлік>

ЫБЫР-ДЫБЫР <болар болмас қана естілетін баяу қимыл мен дыбырлаған үн>

ЫБЫР-СЫБЫР <адамдар арасында болатын күңкіл-сүңкіл, ұсақ-түйек, *пыш-пыш әңгіме*> *Көптің ішіндегі *ыбыр-сыбыр* тына қалды (Ғ.Мұстафин. Дауылдан кейін, 353). *Кейінгі кездері *ыбыр-сыбыры* көбейіп кетіп еді (Ш.Хұсаинов. Үкілі Ыбырай).

ЫҒЫ-ЖЫҒЫ <*ары-бері сапырылысқан, шоғырланып жиналған*> *Әйтеуір қайда қарасаң да, *ығы-жығы* адам... (Ә.Кекілбаев. Үркер, 57). *Борандының базары *ығы-жығы* (Ш.Мұртазаев. Айырбас, 90).

ЫЗҒЫТЫП-ЫЗҒЫТЫП <астындағы атын, машинасын жіберіп-жіберіп, жүйіткітіп-жүйіткітіп (алу)>

ЫЗЫ-ҒЫЗЫ <улап-шулаған адам дауысына ұқсас, әр алуан үн, дыбыс...>
*Кейбір түндері *ызы-ғызы* үн шығады, шейіт болған жандардың әруағы болар... («Егемен Қазақстан», 04.09.98. 3). *Буырыл ат қой маңырап, ит үріп *ызы-ғызы* болып жатқан ауыл жаққа қарай ентелей басады да, ертесіне қосқа қайтқандай мойны салбырап, митың-митың мандымай қояды (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 229).

ЫЗЫҢ-ЫЗЫҢ <қайта-қайта ызыңдаған дауыс сипаты> *...Ымырт жабылып қалыпты. Дүние у-шу, *ызың-ызың*... (М.Әуезов. Абай жолы, 1, 36). *Басы сынып, *ызың-ызың* араның ұясына айналған Ерік тек таңға жуық қана қорылдап ұйықтап кетті (О.Бөкей. Атау-Кере, 441).

ЫЛПЫҢ-ЖЫЛПЫҢ <адамның, малдың өте тез, сумаңдап, елтеңдеп, аяғын тез-тез болып жүретіні>

ЫМДАС-ЖЫМДАС <ымы да, жымы да бір, бір-бірін жарты сөзінен ғана түсінетіндер сипаты> *Жалпақ сары қазақпен бұрыннан *ымдас-жымдас* (ҚТС, 758).

ЫМ-ЖЫМ <құлық-сұмдық, айла-тәсіл> *Бұл екеуінің *ым-жымын* әлі тірі пенде сезген емес (З.Ақышев. Жаяу Мұса). *Осы ауылдың қатындарына *ымы-жымы* қосылмайды (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 566).

ЫҢ-ДЫҢ <у-шу, ыңылдап, дыңылдап қайталаған дыбыстар сипаты>
*Дүйсен Қасейіновтің есебін де үнсіз тыңдап, *ың-дыңсыз* мақұлдай салды («Айқын», №61, 06.09.2004).

ЫҢ-ЖЫҢ <қара.: ың-дың> *Кешеден бергі *ың-жыңнан* басы зенгіріп, дарбаза алдындағы жалғыз тұттың көленкесіне зорға жетті (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 65). *Күйкі тіршілікке жегін өгізше мойын ұсынып қалған күнімді *ың-жыңсыз* өткізсем қайтеді? (Ө.Қанахин. Жүрек қалауы, 202).

ЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛ <адамды ыңқылдатып-сыңқылдатып қинайтын жеңіл-желпі ауру-сырқау> *Қартайған сайын өзімді *ыңқыл-сыңқыл* айналдыратын болды (Б.Майлин. Шұғаның белгісі, 257). *Киімі де, тағамы да мойнымда. *Ыңқыл-сыңқыл*ы көп... («Айғақ», 11.05.2000, 4).

ЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛСЫЗ <ауру кеселсіз...>

ЫҢҚ-ЫҢҚ <адамның күшеніп, қатты қимылдағанында, ауыр нәрсені, көтергенде, жаны қиналғанда қайталап шығаратын дыбыстары> *Қос ат жетілген салдырлақ көк арба *ыңқ-ыңқ* еткен мені Алматыға полкке жеткізді. Санчаста рентгенге салып көрді де, өкпеңе суық тиген деп тапты (Б.Соқпақбаев. Өлгендер қайтып келмейді, 153).

ЫҢСЫЗ-ДЫҢСЫЗ <ың жоқ, дың жоқ, у-шусыз, тып-тыныш>

ЫҢ-ШЫҢ <ыңылдаған-шыңылдаған дыбыс...> *...Солай *ың-шыңсыз* тыныш кетті (Д.Исабеков. Таңд. шығ., 1, 271).

ЫҢ-ШЫҢСЫЗ <айғай-шусыз, ешкімге дабыра қылмай> *Бауырлас елдердің ың-шыңсыз келісімге келе алуы кейбір мемлекеттердің көңіл-күйіне жақпаған тәрізді («Түркістан», №37, 09.02).

ЫПЫР-ЖЫПЫР <қара.: ыбыр-жыбыр> *Бір-біріне іргесін тақап ытыр-жытыр отырған үлкен ауыл тез құлақтанды (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 564).

ЫРБАҢ-ЖЫРБАҢ <біреумен орынды-орынсыз күліп-ойнай беретін>

ЫРҒАЛЫП-ЖЫРҒАЛЫП- <аспай-саспай, жайлап, баппен, жайбарақат> *Менің айтарым, енді ырғалып-жырғалатын жағдай жоқ (Ә.Кекілбаев. Үркер, 122). *Ырғалып-жырғалуды, кешігуді білмейтін уақыт жылдарды ауыстырып келіп, жиырмасыншы ғасырға орын берді (ҚТТС, 405).

ЫРҒАЛТЫП-ЖЫРҒАЛТЫП- <үлде мен бүлдеге оранып, рахаттанып> *Самарқант бекздалары қызды ырғалтып-жырғалтып асыл қазына жасаумен ұзатқан (ҚТС, 761).

ЫРҒАН-ЫРҒАҢ <қайта-қайта ырғаңдап, ырғалақтап, шайқалып, теңселуді білдіретін еліктеуіш> *– Қайда менің батям?– деп гүрілдек дауысты, Бауыржанның өзін екі орап алғандай алпамса денелі, ұзын мұртты әлде біреу ырғаң-ырғаң басып, есікті айқара ашып тастап ішке қарай кіріп келе жатты. (Ә.Нұршайықов. Ақиқат пен аңыз, 2,12).

ЫРҒАП-ЖЫРҒАП- <мол дүние байлыққа бөленіп, қарық болып, рахаттанып (өмір кеуі)> *Аман-есен, ырғап-жырғап келер әлі-ақ, – деп қарт ана Кәленді көңіліне дәтке қуат қып отыр (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 137). *Керуеншілер ас ішіп, ойын-сауық көріп, ырғап-жырғап қалды (ҚТТС, 10, 406).

ЫРҒЫП-ЫРҒЫП- <қайта-қайта секіріп, бір жерден екінші жерге ыршып-ыршып (түсу)>

ЫРДУ-ДЫРДУ <ұзаққа созылған, жастар өткізетін той-думан, ойын-сауық> *Ұзақ жорық, одан кейінгі той-томалақтың ырду-дырдуы әбден қалжыратқан (Ә.Кекілбаев. 15).

ЫРЖАҚ-ЫРЖАҚ <қайта-қайта ыржақтап күліп, орынсыз қылжақтауды білдіретін еліктеуіш>

ЫРЖАЛАҢ-ЫРЖАЛАҢ <орынсыз ыржаңдап күле беруді білдіретін еліктеуіш> *Мұхтар көк егінді жұлдың деп ұрсады-ау деген қауіппен қибыжықтай біраз тұрды да, Бөкемнің жүзіне тағы да күлкі үйрілген соң ыржалаң-ыржалаң етіп қосқа жүгірді (Қ.Ысқақов. Лен. жас, 1964, 4).

ЫРЖАҢ-ЫРЖАҢ <қара.: ыржақ-ыржақ> *Айбастың құлағына түк кірмейді, ауызы ыржаң-ыржаң, екі езуінде ақ көбік еді («Жұлдыз», №5, 2002, 92).

ЫРЖЫҢ-ЫРЖЫҢ <орынды-орынсыз ыржалаңдап күле беруді бейнелейтін еліктеуіш> *...Гүрс құлаған қызыл қақпаға қолын шошайтып, ыржың-ыржың етіп күлді (Ш.Мұртазаев. Жүрекке әжім түспейді, 221).

ЫРҚ-ЫРҚ <~ күл: семіз адамның барлық денесін солқылдатып, іркілдетіп күлуін бейнелейтін еліктеуіш> *Орақ орынды-орынсыз ырқ-ырқ етіп күле берді (

ЫРСИЫП-ЫРСИЫП- <ақсизған-ақсизған тістерін ашып, көрсетіп (жату)> *Аш қасқыр жеп кеткен есектің қабырғасындай ырсиып-ырсиып жайрап жатты Ш.Мұртаза. Жүрекке қжім түспейді, 117).

ЫРС-ЫРС <ауыр жұмыстан, жүрегі созып, алқынып, ентігіп, жиі-жиі демалуды бейнелейтін еліктеуіш> *Жұлып алды да, шет-шеті күйе бастаған көйлекті алақанымен ұрғылап, ырс-ырс сөйледі (С.Сматаев. Елім-ай, 2 кітап, 9). *Сосын танауың желпілдеп, ырс-ырс етіп аузыңнан буың бұрқырап, олай да зула, былай да зула (Ә.Ақпанбет. Қатын қашқан, 49).

ЫРШЫП-ЫРШЫП- <отырған, жатқан орынан, тұрған жерінен тез-тез секіріп-секіріп, атып-атып тұрып (кету)> *Екі көзден ыршып-ыршып шыққан ыстық тамшылар омырауын малмандай су ғып тастады (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 151).

ЫРЫҚ-ЖЫРЫҚ <қайта-қайта ырқылдап-жырқылдап пәтуасыз күлуді бейнелейтін еліктеуіш > *Қалың қабағындағы қою қалы қайшылана ырық-жырық боп тұр (С.Мұқанов. Өмір мектебі, 176).

ЫС-ЫС <қайта-қайта ысқырық, ысылдаған дыбыстың сипаты> *Ыс-ыс етіп айдаһардың тіліндей сұмандаған сұр жебе елестейді (С.Сматаев. Елім-ай, 226). *Қамшы ыс-ыс етіп садықтың денесін орап өтеді де, қайта көтеріледі. (І.Есенберлин. Алтын құс, 90).

ЫСЫЛДАП-ПЫСЫЛДАП- <адамның қиналғанда, шаршағанда мұрнымен, аузымен ысылдап-пысылдап (дем алуы)> *...Сары ала суды ертелі-кеш ысылдап-пысылдап тартар да отырар еді (Ә.Кекілбаев. Үркер, 59). *Ол қара жидені қайтадан омырауға алып ысылдап-пысылдап шаба бастады (Ә.Нұрпейісов. Қан мен тер, 193).

ЫТЫП-ЫТЫП- <қиын-қыспақтан ытқып-ытқып (шығу)> *Ақбоз ытып-ытып кетеді... (З.Шашкин. Т.Бокин, 134). *Көмейіне кептелген жас жанарынан ытып-ытып кеткен (М.Сқақбаев. Пенде ғұмыр, 10).

ЫШҚЫНЫП-ЫШҚЫНЫП- <қатты-қатты күшеніп (әрекеттену)> *Ышқынып-ышқынып барып бір басылып, қайтадан қозғайтын байдың «түнгі хикаясын» тыңдап жатқан жас жігіттің қапелімде ұйқысы келмейді (Ә.Кекілбаев. 62)

- I -

ІРК-ІРК <аса семіз адамның жүргенде денесінің (бұлиық еттерінің) қайта-қайта іркілдеп, былқылдап, дірілдеп тұруын бейнелейтін еліктеуіш>

ІРІК-ШІРІК <1. іріп-шіріп кеткен нәрсе, қоқыс. 2. ауыс. зияны тиетін іс-әрекет > *Өсек-өтірік секілді ірік-шірік атаулыдан еркіндік алды деген сөз (Ғ.Мүсірепов. Уақыт іздері, 365). *Ірік-шірік, ескі көйлек-көншек. Адамдар жаңа қоғамның да ірік-шірігін көре бастады (ҚТС, 767).

III тарау ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕРДІҢ ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІ СӨЗДІКТЕРІНДЕ ЖІКТЕЛУ ПРИНЦИПТЕРІ

Еліктеуіш сөздердің түркі тілдері сөздіктерінде берілуі

Түркі тілдері өзге тілдер сияқты уақыт өте келе дыбыс еліктеуіш және бейнелеуіш сөздермен молайып отырады. Ал бұл сөздерде белгілі бір дәрежеде және белгілі жағдайда олардың мағынасына өзгеріс әкелмейтін бір дыбыстың екінші дыбыспен ауысуы болып тұрады. Бұл сөздер көбінесе белгілі бір ойды жеткізу мақсатында тікелей сөйлеу үстінде туады және сол бір рет қолданылғаннан кейін «шашылып қалады» десе де болады, ал дайын лексикалық бірлік ретінде сол мағынасын сақтап қалмайды. Біздің сөздіктерімізде олар, әдетте, толығымен қамтылмайды. (Бұл жерде, ең алдымен, тек дыбыс еліктеуіштерін ғана емес, сонымен қатар түркі сөздерінің өзге де типтерін лексикографиялық талдау тәжірибесін жинақтау мақсатында біз зерттеген қазіргі анағұрлым толықтырылған түркіше-орысша сөздіктер сөз болып отыр).

Мұндай сөзжасамдардың көптігінен сөздіктерге, әдетте, белгілі бір тілдің барлық стильдерінде, барлық керек жағдайда дайын лексикалық бірліктер ретінде, атап айтсақ, башқұрт тіліндегі шабыр-шобор «шулы (құйылып жатқан сұйықтық жөнінде)», шак-шок «тақ-тақ», шалт «жалп», ялт-йолт «құлпыра жалтырау, құлпыра жылтылдау» сияқты сөздер түрінде күнделікті қайта жасалып отыратын тұрақты және жалпы қолданыстағы сөздер құрамына енген бірліктер ғана тап болады [12].

М.Қашқари сөздігінде де осындай сөздердің біршамасы аталып өткен болатын [17].

Олардың негізгі типтері түрлі түркі тілдерінің материалы негізінде В.В.Радлов сөздігінде көрсетілген [18].

Дыбыс еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер мейлінше толық және мұқият жинақталған және сипатталған сөздік – Н.И.Ашмариннің чуваш тілі материалы негізінде құрастырған көлемді сөздігі [1; 144-145]. Ол тұңғыш рет татар, удмурт, марий, эрзя-мордова тілдерінің материалдарымен салыстыра отырып, арнайы зерттеу жүргізген болатын. Кейбір зерттеушілер атап өткендей, Н.А.Ашмарин адам тілінің қалыптасуындағы дыбыс еліктеуіштердің рөлін сөзсіз асыра көрсетеді. Оның сөз мағынасын жеке бір дыбыстың табиғатымен байланыстыруы біржақты теріс пікір сияқты және мұқият тексеруді қажет етеді. Алайда барлық осындай кемшіліктері бола тұра Н.А.Ашмариннің еңбегі түркі тілдеріндегі дыбыс еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің негізгі типтері жөнінде, олардың құрылымы

мен өзге сөздердің арасынан алатын орны жайлы тұңғыш рет толық және анық ұғым қалыптастырады. Бұл алғашқы мағлұматтар түрік, гагауз, түрікмен және әзірбайжан тілдеріндегі дыбыс еліктеуіштер мәселесімен шұғылданған Н.К.Дмитриевтің белгілі еңбектерінде дәл анықталып, толықтырылды [13].

Дыбыс еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің дыбыстық, морфологиялық және лексикалық-семантикалық өзіндік ерекшелігі соңғы он жылда жазылған арнайы зерттеулерде, сонымен қатар түркі тілдері бойынша грамматикалық еңбектерде бірқатар түркі тілдері материалы негізінде анық және нақты сипатталған [14; 56-69].

С.Құдайбергенов, М.Құдайқұлиев, Р.Кунгуров, Б.Катембаева зерттеулерінде сонымен қатар осы сөздердің синтаксистік қызметтері тыңғылықты қарастырылған, бұрын олар жалпы түрде ғана үстіртін сипатталған болатын. Сөздердің мұндай тобына лексикографиялық сипаттама беруде жинақталған мол тәжірибе оларды арнайы лингвистикалық зерттеу нәтижелерімен бірге бұл сөздерді іріктеуде және сөздіктерде орналастыруда туындаған даулы мәселелерді анағұрлым дәлелді, негізді шешуге мүмкіндік береді.

Ең алдымен, дыбыс еліктеуіш сөздерді сөздіктерде жеке дербес сөздер ретінде көрсету тәжірибесінің орындылығы жөніндегі түбегейлі мәселе даулы болып табылады.

Кезінде бұл сөздердің сөйлеуде тек көмекші етістікпен бірге немесе қандай да бір сөзжасамдық жұрнақ жалғану арқылы қолданылатындығы және сөйлем мүшесі ретінде қызмет атқармайтындығы туралы пікір айтылған болатын [14; 56-69]. Бірақ бұл пікір көп ұзамай бекерге шығарылды. Түркі тілдеріндегі еліктеуіш сөздердің дербес, жеке дара кең қолданылатындығы және өзіне сәйкес сөйлем мүшелерінің, әсіресе кимыл-сын пысықтауышы ретінде қызмет атқара алатындығы анықталды [16]. Дыбыс еліктеуіш сөздердің осы ерекшелігі, сонымен қатар мазмұны, міндеті және құрылымы оларды сөздіктерде дәстүрлі түрде бөліп көрсетудің және орналастырудың орынды екенін дәлелдейді.

Шынымен-ақ, өзге қарапайым сөздерден ерекшелігі, дыбыс еліктеуіш сөздердегі олардың дыбыстық құрылымының өзі мүмкіндігінше мәнерлік мақсатында қолданылады, белгіленуі тиіс үн-дыбысты белгілі бір деңгейде еске салатын дыбыстар құрамы таңдалып алынады. Бірақ бұл бояма еліктеуге (имитация) жол бермейді, өйткені, біріншіден, әдетте, осы тілдің фонетикалық жүйесіне енетін дыбыстар ғана қолданылады, бұл өздігінен-ақ бояма еліктеу мүмкіндігіне жол бермейді; екіншіден, ең бастысы, дыбыс еліктеуіш сөз өзінің мазмұны мен міндеті жағынан бұл мақсатты көздемейді. Бояма еліктеу бұл жерде шартты сипатқа ие.

Мағынаның дыбыстық кешенмен байланысының негізгі құрамы осындай дыбыстар кешеніне мағына беру дәстүрі болып табылады.

Міне, осыған орай, бір жағынан, бір ұғым түрлі тілдерде түрлі дыбыс тіркесі арқылы белгіленеді (бұл осылардың бәрінен өзгеше фонетикалық заңдылықтар арқылы реттеледі: салыст. татар тілінде *чыл-тыр*, башқұрт тілінде *сылтыр*, ноғай *шынь* – дыбыс еліктеуіш сөз – «зың», «шың»), екінші жағынан, бір дыбыстық кешен контекске және өзге де жағдайларға байланысты түрлі мағыналарда (салыст. татар тілінде чылтыр – қоңыраудың немесе су ағысының сылдырының үзік-үзік үніне еліктеуден туған дыбыс еліктеуіш) және түрлі қызметтерде (салыст. өзбек «*иш шарт этиш узулди*» - «жіп (арқан) шарт етіп үзілді», мұндағы «шарт» сөзі дыбыс еліктеуішпен байланысты және «*у шарт бурулди*» - ол шарт бұрылды», мұндағы сол бір ғана «*шарт*» сөзі бейнелеуіш ретінде қолданылған) қолданылуы мүмкін.

Тұтастай алғанда, жаңа дыбыс еліктеуіш кешендерінің тууы, бәлкім, біздің барлық тілдеріміз дерлік қандай да бір деңгейде күнделікті сипатқа ие. Сөздіктер шындығында, оларды толығымен қамти алмайды, алайда көбінесе бұл сөздердің қалыптасқан қалып-бейнесі, жалпыға ұғынықты тұрақты мағынасы бар және жиі қолданысқа ие. Жоғарыда атап өткеніміздей, олар осы тіл лексикасында әбден тұрақтанған, оның тұрақты және қажетті элементтері ретіндегі бірліктерді ғана қамтиды. Атап айтсақ, олар – *айғай, дүрсіл (дүбір), қорылдау, шықырлау, сықырлау, сыбдыр, сатырлау (шатырлау), гүрсіл (тарсыл)* және т.б. үн-дыбыс шығару туралы кең қолданыстағы ұғымдарды білдіретін, түрлі тілдерде бірдей мағынасы және ұқсас сыртқы құрылымы бар (мысалы, қазақша «*тарс-тарс*» - орысша «*стук-стук*») сөздер. Бұл сөздер негізгі дыбыс еліктеуіш сөздер қорына енеді, осылардың үлгісі бойынша жаңа мағынаға ие болған дыбыстық кешендер туады.

үйге барамын (Қабан жырау, Алтын қазық). **БАЛДЫР-БҰЛДЫР** е л і к.

1. Былдырлаған дыбысты бейнелейтін сөз. Үлкен-үлкен өгіз қоңыраулары балдыр-бұлдыр, көмескі күңгірленіп, Ыбырайдың кірешілері келіп қалған екен (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). 2. Тілі жаңа шығып келе жатқан баланың сөзі. Баланың томпаң-томпаң жүгірісі, балдыр-бұлдыр сөзі қандай тамаша! (С.Байжанов, Жастық.). Жас бала еңбекпен барып қаз тұрып, балдыр-бұлдыр сөйлей бастағаннан-ақ үлкенге еліктейді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). 3. Түсініксіз, айқын емес дыбысталған сөз. Жақып құлақ жегеніне маз, сөзі балдыр-бұлдырға айналған (Т.Есімжанов, Дала.). Мұның артынан мылқау сері болып Әбдінің Омары, өзінің серіктерін ертіп, салдарша айбақ-сайбақ киініп, балдыр-бұлдыр тіл қатып, қиқыл-шиқыл ән салып, алуан түрлі әсем ойындар көрсетті (С.Бегалин, Замана белес.).

БАЛПАҢ2 е л і к. Аяқты теңселе, маңғаздана басқан жүрісті бейнелейтін сөз.

Балпаң басты. Аяғын жай басты, теңселе жүрді. Айтылған қыз кезінде бар-ды серті, Сертінен Мақпал таймай тұрды дейді, Сал Сезіз балпаң басып, мамыр қаздай Ішіне ақ шатырдың кірді дейді (Базар жырау, Шығ.). Шыдарсың қалай бармай, қалай жазбай, Жайдары ашық жүзді, көңлі жаздай. Жастары жаңа ауылдың төрінде ойнап, Қарт тұрса балпаң басқан мамыр қаздай (А.Токмағамбетов, Өлеңд.). Басқаға мойын бұрып бір сөз қатпай, Абылайға балпаң басып жүрді Баян, Бәйтерек тұңғышқа төнгеніндей, Алдында қол қусырып тұрды Баян (М.Жұмабаев, Шығ.).

БАЛПАҢ-БАЛПАҢ: балпаң-балпаң басты. Аяғын теңселе басты, баяу жүрді. Ел ішінде жоқ болсаң, Мін табылар бойыңа. Көп ішінде аз болсаң, Қайғы түсер ойыңа, Балпаң-балпаң басарсың Басуға табан шыдаса (Шашубай, Өлеңд.). Балпаң-балпаң кім баспас, Басарға балтыр шыдамас. Батырмын деп кім айтпас, Барарға жүрек шыдамас (Батырлар жыры).

БАЛП-БАЛП е л і к. Балпылдаған дауысты бйнелейтін сөз.

Балп-балп етті. а) Оқта-текте үріп қойды. Ақтөс екі-үш рет ерініп балп-балп етіп дыбыс берді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Сол мезетте кәрі төбет тағы амалсыздың күні, балп-балп етті (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). ә) Аузы балпылдап сөйледі. Ал кіріссе ертекке, Басы қалт-қалт етеді: “Ертеке, ертеке, ерте екен”, Аузы балп-балп етеді (М.Жұмабаев, Шығ.).

БАРҚ е л і к. Кенеттен шыққан қысқа жуан дауысты білдіретін сөз.

Барқ етті. Кенет қатты дауыс шығарды, жағымсыз үнмен барқырады, даусы жуан шықты. – Қашаннан бері мал баласына дәрігер болғансың, сұлуым! – деген дауыстың барқ еткенін естіді (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). Уай, астапралда... Құдайдың құдіреті-ау, ә! – деген дәл алдынан барқ етті (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Ой қарасан келгір, қу шыбжықай-ай, қасқыр жесін сені! – деп жуан дауысты Алтынай барқ ете қалды (Ж.Мусин, Ақ алаң).

БАРҚ-БАРҚ е л і к. Қайталанған қысқа жуан дауысты бейнелейтін сөз.

Барқ-барқ етті. а) *Үйрек өзіне тән дыбыспен барқылдады. Андасанда тура иегінің астынан барқ-барқ ете қалған үйрек дауысын естиді* (А.Нұрманов, Аққу.). ә) *Адам қайталанған жағымсыз жуан дауыс шығарып, барқылдады. Зікірдиннің өн бойын ыза кернеп, тырс етіп жарылып кетуге шақ, әкіреңдеп барқ-барқ етеді* (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

БАРП-БАРП е л і к. *Даңғырлап, айғайлап, жөн-жосықсыз сөйлегенді білдіретін сөз.*

Барп-барп сөйледі. *Жөн-жосықсыз сөйлеп, мазаны алды. Бөшен әйеліне күн ұзын барп-барп сөйлеумен болды* (Ауызекі).

БАРТ-БАРТ е л і к. *Жүгері, бұршақ тәрізді дәндердің ыстықтың әсерінен тарсылдап жарылған кездегі дыбысын бейнелейтін сөз. Б а р т - барт жарылды[етті]. Тарсылдады, бартылдады. Қара қазанға, жүгері қуырып, барт-барт жарылған бадананы алақанына салып жатпаушы еді әжеміз* (Т.Иманбеков, Үлкен үй).

БАТЫР-БҰТЫР е л і к. *Мылтықтың атылған дауысына ұқсас сатыр-сұтыр, сарт-сұрт еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Дәл осы секундте далада, база жап-жақын жерде көп мылтық түн тыныштығын қақ жарып батыр-бұтыр етті* (М.Әуезов, Шығ.). *Басты кеп батыр-бұтыр аңшыл ағаң, Аспаннан аптақ жалын тамшылаған* (Ғ.Қайырбеков, Сарыарқа.).

БОЛП-БОЛП е л і к. *Болп-болп еткен ебедейсіз қозғалысты бейнелейтін сөз. Бөрте лақ болп-болп еткізіп, алаңсыз әлі еміп жатты* (К.Қазыбаев, Ызғар).

Болп-болп басты. *Асықпай, маңғаздана жүрді. ...Алдымызда шұбатылып қазақтың көші кетіп бара жатыр. Мен көрмеген арбалары шықылдап барады, түйелері болп-болп басады* (М.Жұмабаев, Шығ.).

БОР-БОР е л і к. *Борылдап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз. Біргебай қойшы жиырма шақты саулықты қосақтап қойып, үлкен қара саптыаяғына бор-бор сауып жатыр* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Қартқожса қоңырсып піскен қою сүтті бор-бор ұрттап, қарқындады* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

БОРП е л і к. *Заттың жерге қатты түспей жұмсақтау түсуі кезіндегі дыбысты білдіретін сөз. Борп еттірді. Солқ еткізді, сылқ еткізді, топ еткізді, лық еткізді. Содан кейін ғана бетіме қарап: “Әңгіме керек шығар”, – деп, тойда қызға орамал тастағандай-ақ, алдыма борп еттіріп тастай салды* (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

БОРП-БОРП е л і к. *Сұйық затты борпылдатып, ішке қарай сора тартып ішу кезінде шығатын дыбысты білдіретін сөз. Тұрлыбек шешесінің мамасын шеңгелдеп ұстап алып, қомағайлана борп-борп сорады* (Б.Соқпақбаев, Балалық.). *Малайлар ішіне таба нан турап, бір-бір шара аяқ ыстық сорпаны бастарына көтере борп-борп ұрттап жатыр* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

БОРС е л і к. Жалынның су төгілгенде бірден сөнуі кезінде немесе ауаға толы жұқа заттың жарылғанында шығатын қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.

Борс етті. Су не басқа бір сұйық зат төгілгенде от сөніп, қысқа дыбыс шықты. Жанып жатқан тезек шоғы майлы көбік тамғанда пыс етіп, борс етіп сөне қалды (С.Сейфуллин, Әңгім.).

БОРСАҢ-БОРСАҢ е л і к. Семіз адамның (жан-жануардың) жүгіргендегі қайталанба қозғалысын бейнелейтін сөз. Ой, папа, жетеміз бе бүгін енді? Дөп бала әлденеге түңіледі. Еңсерген елулерді егде әке, Борпылдап борсаң-борсаң жүгіреді (Ж.Молдағалиев, Жыр.). Борсаң-борсаң етті. Ебедейсіз, ырғала, ауыр қозғалды, ырсылдады. Бұл оны елеместен үйге кіре беріп, қорадан борсаң-борсаң еткен біреудің шыға қашқанын байқады (Ж.Молдағалиев, Жүрек.).

БОРС-БОРС е л і к. Жұмсақ нәрсе жарылғанда, құлағанда, соқтыққанда қайталанып шыққан дыбысты білдіретін сөз. Совет жағынан бораған нөсерде де қисап жоқ. Дүние адам танығысыз. Көк ала түтін, тарсыл-гүрсіл, борс-борс... (Ғ.Сланов, Замана.).

Борс-борс етті. а) Жұмсақ нәрсе жарылып, соқтығып, құлағанда дыбыс шығарды. » Етіктері суға борс-борс етті. ә) Ырсылдады, ентігіп борсаңдады. »Борс-борс етіп жүгірді.

БОРТ 3 е л і к. Қатты затты сынғандағы бырт, күрт еткен дыбысын бейнелейтін сөз. Жапырған жай оғындай ауыр соққы, Қақсатты быт-шыт қылып жаудың жігін. Күзде кеп босағасын борт сындырып, Шығыстан бұзып кірдік фашист інін (Қ.Әбдіқадыров, Өлеңд.).

БОРТАҢ-БОРТАҢ е л і к. с ө й л. Семіз адамның (жан-жануардың) жүгіргендегі қозғалысын бейнелейтін сөз. Шағала қозылар бортаң-бортаң жүгіріп, енесінің емишегіне жабысты (“Соц. Қаз.”).

БОРТ-БОРТ е л і к. Қатты зат сынғанда бырт-бырт, сырт-сырт етіп шыққан дыбысты білдіретін сөз. Күдіс торы ауыздағы алына салынысымен, көк өлеңді борт-борт үзе бастады (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

БӨКЕН е л і к. Бүкшең-бүкшең етіп, бөкеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.

БҮЛҒАҢ-БҮЛҒАҢ е л і к. Қайта-қайта бұлғаңдап, теңселген, шайқала басқан жүрісті бейнелейтін сөз.

Бұлғаң-бұлғаң еткізді. Қайта-қайта ирелеңдетті, бірнеше рет бұлғады. Ит болып ойнап отырған артист құйрығын ұстап қасындағы әйелге бұлғаң-бұлғаң еткізіп еді, әйел күліп жіберді (Қ.Байсейітов, Құштар.).

Бұлғаң-бұлғаң етті. Қайта-қайта бұлғаңдады, теңселді. Бастарындағы сеңсең бөріктер көтертпей келе жатқандай бұлғаң-бұлғаң етеді (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Бұлғаң-бұлғаң қақты. Қайта-қайта бұлғақтады, әрлі-берлі теңселді, тербелді. Төбеттің мойнын бұрғызбастан қапсыра тістеп, жұлқып-

жұлқып жібергенде, үлкен төбеттің арт жағы бұлғаң-бұлғаң қағып барып, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті (М.Әуезов, Көксерек).

БҮЛЖ е л і к. Жұмсақ дененің кенеттен болған соққыдан құлап түскен қимылын білдіретін сөз. Бұлқ ете қалды.

Бұлқ етті. Кенет сылқ етіп, құлап түсті. Қынапқа салса, жылп еткен, суырып алса, қылп еткен, Нарды шапса, бұлқ еткен, Итті шапса, ыңқ еткен (Бес ғасыр.).

БҮЛТ 3 е л і к. Бұлтың еткен тез қимылды бейнелейтін сөз.

Бұлт берді [етгі]. а) Бұлтың етіп бір көрінді. Бұғанасы бұлт беріп, Атылғанда ақ иық, Күшігендер сырт беріп, Тоңқаңдайды далиып (М.Мақатаев, Шығ.). Сасқан үйрек бұлт беріп бір шоқ талға барып жоқ болды (С.Бегалин, Төлбасы.). ә) Жалт берді. Ошақбай енді қарсыластың найзасын бұлт етіп дарытпай, алдаусырата алмасын сезді, анау да әдіс ап қалды (Д.Досжанов, Жібек.). б) Тайып кетті. Бір рет қайығы бұлт ете қалып еді, қорқып кетіп, білегін Азаматтың білегіне өткізіп алды (Б.Майлин, Азамат.). в) Айныды, теріс айналды. Дос алады: “бермесең, бұлт берем” деп, “Жауыңа қосылуға сырт берем” деп. “Бұзылған соң мен оңай табылмаспын, Не қылып оңайлықпен ырық берем” деп (Абай, Тол. жин.). Елірдік, ерегістік, елді жардық, Байлаусыз пайдасы жоқ іс шығардық. Бүгін дос, таң атса қас бола қалып, Бұлт еттік, мен болдым деп ат аларлық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

БҮЛТАҚ-БҮЛТАҚ е л і к. Бұлтаңдаған, бұлтыңдаған бірнеше рет қайталанған тез қимылды бейнелейтін сөз.

Бұлтақ-бұлтақ етті. Бұлтаң-бұлтаң етті, бұлтыңдады. Әлгі қатыннан көз жазбай келе жатқан, бөкесі біресе олай, біресе бұлай бұлтақ-бұлтақ етеді (К.Қазыбаев, Ызғар).

БҮЛТАҢ-БҮЛТАҢ е л і к. Бұлғаңдаған, бірнеше рет қайталанған тез қимылды бейнелейтін сөз.

Бұлтаң-бұлтаң етті. Қайта-қайта бұлтаңдады. Жігіттерде үн жоқ. Түні бойы едәуір қалыңдап қалған көбік қарды етіктерімен сызып, бұлтаң-бұлтаң етіп жүріп келеді (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

БҮЛТ-БҮЛТ е л і к. Бұлтаңдаған, бірнеше рет қайталанған тез қимылды бейнелейтін сөз.

Бұлт-бұлт етті. Бұлтыңдап тез қимылдады. Қолтаңдаған күрткі, етік, Әкесінің киіміндей. Бірақ бала бұлт-бұлт етіп, Келеді оны бұйым демей (Ж.Молдағалиев, Поэм.). Дарын бұлт-бұлт етіп, денесіне жұдырық дарытпады (М.Сүндетов, Балық аула.).

Бұлт-бұлт ойнады. Қолдың, дененің сомдалған бұлшық еттері әдемі қозғалақ қағып, ойнақшыды. Нарттай жанып беттері, Құрыштай бұлшық еттері, Бұлт-бұлт ойнап бұлқынған, Таптанғандай тағыны (Т.Жароков, Шығ.).

Белінен жсоғары жсалаңаш, бұлшық еттер бірге күлгендей, сом денеде бұлт-бұлт ойнайды (З.Қабдолов, Өмір ұшк.).

БҰЛТ-СҰЛТ е л і к с ө й л. Бірқалыпты емес, тепе-теңдік сақтамай жүрген жүрісті немесе сондай қозғалысты бейнелейтін сөз.

Бұлт-сұлт етті. Қиқаңдады, жеңілтектік көрсетті. Қарындас, олай-бұлай бұлт-сұлт етіп жүрсеңіз, өз обалыңыз өзіңізге! (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

БҰЛТЫҢ-БҰЛТЫҢ е л і к. 1. Ауызға тамақ салып алып жегендегі ұртты томпаңдауын бейнелейтін сөз. Ауыздары қарама-қарсы екі пеш бар екен, бір топ бала соған картоп көміп жеп, ауыздарын бұлтың-бұлтың еткізді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). 2. Бұлшық еттің бұлтылдап ойнақшуын бейнелейтін сөз. Қолын ары-бері сілкілеп қайыңның безіндегі беріш бұлшық еттерін бұлтың-бұлтың ойнатқан (О.Бөкеев, Қамшыгер).

БҰРАҢ 2 е л і к. Ирелең еткен, бұралаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.

Бұраң басты. Аяғы бұралып, сызылып сәнмен жүрді. Иісті май, жағындың гүл, сабындандың, Түзеліп бейне хордай қабылдандың, Сызылып бұраң басып, асыл күй, Алыстан жүр көзіне сағымдандың (С.Дөңентаев, Шығ.). Бұраң басып, сәнмен жүріп, Шай ұсынса әкесіне, Сүйініштен әрлендіріп Сенің қолың әкелтті де... (Ж.Өмірбеков, Мың терезе).

Бұраң етті. Қиралаң етті, бұралаңдады. Аққасқа Қасен даусын ести сала, ойға қарай жұлқи бұрап қалғанда көкиолақтың белі бұраң етіп барып, дүрс етіп құлап түсті (М.Әуезов, Қараш.). Барановтың күмпиіп тұрып ышқынған ашуы бұралқы иттің құйрығындай бұраң етіп құлай кетті (Ә.Әбішев, Замана.).

Бұраң қакты. а) Ирелеңдеп бұралаңдады. Өзектегі қалтырап жаурап тұрған жас тоғайға келіп, жерге шейін басын игізіп, тәжім еткізіп, арасынан суылдап бұраң қағып, ойнап өтеді (М.Әуезов, Қараш.). Өзі алдыңғы бөлмеге шығып кетіп, бір бұраң қаққан ақ қанишық қасқырды алып келді (Қаз. ертег.). ә) Әрлі-берлі қозғалып қиралаңдады. Жұбайға отыз қамшы соқты қатты, Құйрықтан борағытып қандар ақты Соққанда отыз қамшы сорлы Жұбай, Тұралмай әлгі жерде бұраң қақты (Батырлар жыры).

БҰРАҢ-БҰРАҢ е л і к. Қисық-шалыс немесе мың бұралған жүрісті бейнелейтін сөз. Қабдол молдалар алдында алтайы қызыл түлкідей жылт-жылт етіп, бұраң-бұраң басады (С.Адамбеков, Көсе.). Тазының кеудесі қасқырдың астында, бөксесі бұраң-бұраң етеді. Өзі жағаласқан жауынан біржола жеңіліп, тырапай асуға айналған (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

БҰРҚ е л і к. Ауыр заттың, кенеттен оқыс құлаған дыбысын бейнелейтін сөз.

Бұрқ етті. а) Кенет бір будақ шаң, түтін көтерілді. Атылған мылтық түтініндей болған бір шуда, айқын көк түтін шоқ қарағайдың үстінен бұрқ етіп көрініп те қап еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Дүние, пәни шындығы бұл

да мәңгі, Көз жасымен ұзату қимағанды. Жүз жыл бұрын бір топырақ бұрқ ете қап, Жүз жылдан соң жеріне ол оралды! Біз де соған шүкір қып, кәне, жұртым, Оралды деп ойлайық Би-ағаңды! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Анық хабарды сол әкелер, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін сол жасар деп тұрғанда көз ұшынан шаң бұрқ етті (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Сол екен, тағы бір Снаряд кеп түсті. Бұрқ етіп жсалыны, Окобым көкке ұшты (С.Жиенбаев, Алтын қалам). ә) Қан, тер бірден шықты. Нұрқат бір тостаған айранды қағып салды да, екіншісін сұрап ішіп, қалтасынан орамалын алып, бұрқ еткен маңдай терін сүртіп, содан соң тіл қатты (З.Шашкин, Сенім). Бұрқ еткен қан Айғыз бетін тілімдеп аға бастады (Аялы жандар). Қатарға қайтып қосылмас Тиген жері бұрқ еткен (Базар жырау, Шығ.). б) Гүрс етіп құлап түсті. Ескі дұшпаны жырынды баноымен шаппа-шап алыса түсті. Бірақ бір айналуға келместен-ақ жау бұран етіп, Бекболдың астына барып бұрқ ете түсті (М.Әуезов, Танд. шығ.). г) Кенеттен оқыс ашуланды. Бңылдап өлең айтып Құрымбай келді. Бңылдағанда айтқаны: “Бай менен молданы қойдай қу қамшымен”, – деген өлең. Әбітайдың әйелі бұрқ ете түсті (Б.Майлин, Шығ.). Берен үйден шыққанда қара келіншек жарылып кететіндей боп бұрқ етті (Б.Майлин, Шығ.). д) Күтпеген тосын әңгіме, хабар, сөз гу ете қалды, тарлады. Екі жеті өткеннен кейін қазақ уряднигі Сизухин келді деген хабар бұрқ ете қалды (М.Қаратаев, Далада.). е) Аяқ асты, күтпеген жерден пайда болды, басталды. Бірақ, ұзақ баурай алмай нұр көкті, Үш күннен соң соғыс өрті бұрқ етті. Әкең сонда еңсесін тік көтеріп, Бойында кек қайнап тасқынды (М.Шаханов, Ғасырлар.). и) Көк бірден шықты, жер бірден көгерді. Май орталанса, егін көгі бұрқ етейін деп тұр (Ж.Молдағалиев, Жүрек.).

Бұрқ еткізді. а) Бір қайнатып алды. – Сонан кейін туралған ет пен салманы тұздықтың үстіне салып, бір бұрқ еткізіп қайнатып алады – дейді (Келіншектер). ә) Кенет, күтпеген жерден, ойда жоқта. Мұныңыз қалай, Әбсат жолдас? Министрлікпен байланысыңыз жоқ. Көрші газет бұрқ еткізіп беріп жіберсе, қайтесіз (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). б) Бірден жазып тастайды (көркем туынды туралы). Газетші деген мұндайда ақ мылтық, факты мен керекті цифрларды алады да, очеркті эп-сәтте бұрқ еткізеді (М.Иманжанов, Менің махабб.).

БҰРҚ-БҰРҚ е л і к. 1. Топырақ, қар сияқты майда заттардың ауадағы қозғалысын, бұрқылдауын бейнелейтін сөз. Ашыққан жылқы кетпендей тұяғымен қалың қарды бұрқ-бұрқ лақтырады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). 2. Түтіннің будақ-будақ, бөлініп-бөлініп шығуын бейнелейтін сөз. Ал жібердім, қарды бердім, қимылда, Түтін бұрқ-бұрқ, соқа жылт-жылт шыңылда. Біріккен күш, бірлескен іс ұласып, Төгілген нұр жайнатты ойқырын да (Қ.Әбдіқадыров, Танд. өлең.). Әр жерде шоқ-шоқ біткен селдір

ағаштар болмаса, көпсік қалың қар басып, аппақ боп созылған жазық жер бетінен дәрі түтіні бұрқ-бұрқ ұшты (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

Бұрқ-бұрқ етті. а) Топырақ-тозаң бұрқылдап көтерілді. Оның үстіне екі пар қисық-қыңыр көшелерінің бұрқ-бұрқ еткен майда топырағынан аяқ алып жүрудің өзі күшке түседі (“Лен. жас”). ә) Сақырлап қатты қайнады. Қайнауы жеткен ашу – қызуы жеткен құрттай. Бір жер емес, қазан беті әр тұстан бұрқ-бұрқ етеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бұрқ-бұрқ қайнады. Ду етіп көтерілді. Неше заманнан бергі халықтың айтуға аузы бармай жүрген сөздері енді бұрқ-бұрқ қайнап шыққан (С.Сейфуллин, Тар жол.).

БҰРҚ-САРҚ е л і к. 1. Бұрқылдап қатты шыққан дыбысты бейнелейтін сөз. 2. а у ы с. Ашушаң, тез ашуланғыш (адам). Кейбіреулер сияқты сығалап кіріп, абайлап та шықпайды, мінезі де бұрқ-сарқ (“Қаз. әдеб.”).

Бұрқ-сарқ етті. а) Долданып, бұрқанды. Бұрқ-сарқ етіп жатқан долы өзеннің гүрілінен басқа дыбыс естілмейді (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Уақыт деген кері ақпайтын бұл өзі Бұрқ-сарқ етіп тaudан құйған тас бұлақ (Т.Айбергенов, Мен саған.). ә) Бұлқан-талқан болып ашуланды. ... Маған десең өртеніп кет, – деп, Әбдібек ызалы ашуға булығып, бұрқ-сарқ етті де қара сұмқасын асынған бойы шығып кетті (А.Байтанаев, Асан). – Отырамысың омалып, жүр тез машинаға! – деп, есінен айрылғандай бұрқ-сарқ етіп, Ызбаркүл бұйыра сөйледі (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

Бұрқ-сарқ қайнады. а) Бұрқылдап қатты қайнады. Есік ашылып, бұрқ-сарқ қайнаған самауырды көтеріп Бәйтемір кіреді (“Лен. жас”). ә) а у ы с. Қызу қимыл үстінде болды. Байтақ республикамыздың түкпір-түкпірінде бұрқ-сарқ қайнап жатқан осынау өмірді көріп, ойға қаласың (“Қаз. әдеб.”).

БҰРТАҢ е л і к. 1. Өкпелеген я ренжіген кейіп, қылық, мінезді бейнелейтін сөз. – Тағы не қыл дейді, жаратқан? – Әйелдің емешесі құрымаса да, қалжыңды жарататыны анық, дауысында жарасымды бұртаң бар (Т.Тілеуханов, Өмір.). // а у ы с. Бүлінішілік, қырғын. Ол бір естен кетпейтін сұмдық бұртаңның орны бұрқыраған түтін (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). // а у ы с. Түнерген. Белестер жатыр безеріп, Өзендер кепкен кезеріп. Бұлт та бұртаң төбеңде, Тұрғандай оған кезеніп (А.Хангелдин, Өткен күн.).

БҰРТАҢ-БҰРТАҢ е л і к. Бұртаңдаған, тұштаңдаған мінез, қылықты бейнелейтін сөз. Бұртаң-бұртаң, Жыртаң-жыртаң. Ой, сезім жоқ көк есек. Бұқа мойын, Тұтам бойын Көрмеген мен – көбелек (М.Жұмабаев, Шығ.). Бүгінгі елтең-селтең, қалтаң-құлтаң, Шойқы етік, шолақ шашпау, қиқаң-сиқаң, Жария жалаң балтыр, жалаң төс, Мінезсіз, бейпіл ауыз, бұртаң-бұртаң (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Бұртаң-бұртаң етті. Тұштаңдаған, шошаңдаған мінез, қылық көрсетті, бұртаңдады. Әсіресе Әлмен бұртаң-бұртаң етіп Болатқа жолар емес (Ә.Қалдыбаев, Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

БҰРТЫҢ е л і к. *Өкпелеген, кейіген мінезді бейнелейтін сөз.*

Бұртың етті. *Өкпелеген, кейіген мінез көрсетті. – Е, неге берем? Құлжаң керек емес, бермеймін, – деп Марат бұртың етіп, жауапты шарт қайырды (Ә.Қалдыбаев, Көк дөңгелек). Ағайын жоқ нәрседен етер бұртаң, Оның да алған жоқ па құдай құлқын? Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ, Сапырылды байлығың, баққан жылқың (Абай, Тол. жин.).*

БҰРТЫҢ-БҰРТЫҢ е л і к. *Қайта-қайта ренжіген мінезді бейнелейтін сөз. Бұртың-бұртың етті.*

БҮГЕЖЕК е л і к. *Қорқып, тоңып т.б. күйге түсіп қалтырауды бейнелейтін сөз. // Бүгежек етті. // Әр кез бұғып қала беретін именшек, қорғанишақ. Қамқорды туған жеңгесімен шатастырған өсектің өзі шығарманың бүкіл өн бойынан қалмайды. Сол үшін Қамқор дос алдында бүгежек, қас алында қаймыққыш (“Қаз. әдеб.”).*

Бүгежек қақты. *а) Қалтырап қатты тоңды. Бүгежек қаққан аңшылар от жағып, жылынуға кірісе бастады (“Ана тілі”). ә) Қорқып қалт-құлт етті, дірілдеді. Бір сәтте-ақ торға түсен қояндай “Әлде қайтеді” деп бүгежек қаққан мүсәпір жігіттің қазіргі сиқы аярлық еді (“Лен. жас”). Жалғыз-ақ шайқалғанда балауса леп, Сұлу иш теңселеді желге елеңдеп. Жапалақ жалпақ қағып көкте ойнаса, Көгалда көкше қоян қағад бүгежек (І.Жансүгіров, Шығ.). б) Құрдай жорғалады, асты-үстіне түсті. Бүгежек қағып, айтқанын орындады (Ауызекі).*

БҮГЕЖЕК-БҮГЕЖЕК е л і к. *Қайта-қайта бүгежектеуді, бүгежек қағуды, қорқуды бейнелейтін сөз.*

Бүгежек-бүгежек етті. *Қалт-құлт етті, дір-дір етіп, қорықты. Ал, сонда қалай. Биыл бесеу жазыңдар десем, Ақат Кәріпжанович бұлай болмайды деп қылжалақтайды. Сен де бүгежек-бүгежек етесің (С.Бердіқұлов, Пердесіз.).*

БҮГЖЕҢ е л і к. *Иіліп, ығы құнысып бүкіреюді бейнелейтін сөз.*

Бүгжең қақты. *Басын төмен иіп, құрдай жорғалады, иіліп қызмет көрсетті. Оның үстіне арыстандай ақырып тұрған кезімде мына апайың бүгжең қағатын (“Қаз. әдеб.”).*

БҮГЖЕҢ-БҮГЖЕҢ е л і к. *Иығы құнысып, ішке қарай иіліп, бүрісіп, қайта-қайта қозғалақтауды бейнелейтін сөз.*

Бүгжең-бүгжең етті. *Қайта-қайта бүкірейіп, бүкшеңдеді. Екі баланың көзі апалақтап, сасып, дабдырап бүгжең-бүгжең етті (Ә.Көпбаев, Мақтаныш). Солардың ішінде бүгжең-бүгжең етіп, бойы бір қарыс боп Маша да жүрген (Р.Тоқтаров, Терістік.).*

БҮГЖІҢ е л і к. *Бүкшеңдеп бүкірейген қимылды бейнелейтін сөз. Мұның адымдап жүргенінің өзі бүгжіңге ұқсайды екен (Е.Қонарбаев, Түнгі от).*

БҮКЕҢ е л і к. *Бүкшеңдеп, тез жүрген қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Бүкең жүріс. Бірқалыпты бүлкілдеген жүріс. Бүкең жүріспен отырғанның өзінде бір сағатта-ақ жетеді (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

Бүкең қақты. Бүкішеңдеп, бүкең-бүкең етті. Келін кетті. Балам қалды. Келінсіз үй қараң қалды. Кемпір сорлы бүкең қағып, “Келін тап!” деп мазамды алды (Б.Майлин, Шығ.). Дауыстап қалғанда аты аталған балалары үйден аяғының ұшынан басып, бүкең қағып, жорғалап шығады (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

БҮКЕҢ-БҮКЕҢ е л і к. Бүкішең-бүкішең, еңкең-еңкең еткен қайталама қозғалысты бейнелейтін сөз. Екі арыстан елінен, Жолға шығып жөнөді, Ақ найзасы қолында, Бүкең-бүкең желеді (Батырлар жыры). Тағалары тықылдап, Танаулары желпілдеп, Бүкең-бүкең еңкеңдеп, Жүздеген аттар келеді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

БҮКЖЕҢ е л і к. Бүкішеңдеген, бүкірейген ылдым-жылдым қимылды бейнелейтін сөз. Молда қайда ауру, қайда жаназа, бүкжең-бүкжең сонда жүреді (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

БҮКШЕҢ е л і к. Бүкірейген, бүкішеңдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.

Бүкшең қақты. Бүкірейіп алып, ылдым-жылдым қозғалды, бүкішеңдеді. Кейде аюдай бүкішең қағып, Ыстық тасқа тері тамып, Баспалақсыз жылтыр жардан, Асты талмай біздің мерген (Ә.Тәжібаев, Жастық.). Мінген атым “катерпелер”, Бүкішең қағып, бүлкіл желер, Қызыл туым желбіресін, Сылап, сипап майда жел үр (Б.Майлин, Шығ.). Ұршығын қолына ұстап ап біреулердікінен асығыс қайтып келе жатқан бір кемпір анадайда бүкішең қағады (А.Жүнісов, Өмір ізі).

БҮКШЕҢ-БҮКШЕҢ е л і к. Бүкірейген, ылдым-жылдым қайталама қозғалысты бейнелейтін сөз.

БҮЛК е л і к. Сәл гана қыбыр етіп қозғалуды, судың қайнауын және т.б. осы сияқты қысқа әрі көмескі қозғалысты бейнелейтін сөз.

Бүйрегі бүлк етпеді. Қаперіне кіріп-шықпады, елемеді. Мәжілістің көбінде стакандар соғыстырылды. Мұндай расхотарға, тіпті, бүйрегі де бүлк етпеді (І.Жансүгіров, Шығ.). Бүркіттің қалай қытықтасаң да, қымсыну түгіл бүйрегі бүлк етпейді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Бүлк етпеді. Мән бермеді, елемеді, елең қылмады. Сағыныш жоқ, Алар адам мазасын, Бүлк етпейсің, Бәрінен де тазасың (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бүлк еткізді. Қайнатып алды. Екі мың шақырымдағы Қызылқазан кенішінен ақ топырақ тасимыз, зауыт пешінде неміс оқымыстысы ойлап тапқан Байер қазанжаппа әдісімен ұнтақтаймыз, сүземіз, қайнатамыз, суытамыз, елейміз, кептіреміз, аппақ ұнтақ – глинозем күйінде Ресейге, Қытайға жөнелтеміз. Олар зой қазанына сап бүлк еткізіп бір қайнатып,

аппақ қалайы шығарады. Глиноземнің тоннасы алты жүз, ал қалайының тоннасы мың доллар, кейде бұдан да асып жығылды (“Егемен Қазақстан”).

Бүлк ету. Қыбыр етіп қозғалу. Бидің бағып біреуі қас-қабағын, Бүлк етуден бишара жасқанады. Бірде бәрі жабылып біреуіне, Жемтік көрген бөрідей бас салады (М.Мақатаев, Шығ.). Бүлк етті. а) Бірден өліп кетті, қақ айырылды деген мағынада. Итке салса ыңқ еткен Нарға салса бүлк еткен, Шүберектей қуарған, Айдаһардың қанына Жан қалмас деп суарған, Атамнан қалған зұлфұқар, Бабамнан қалған зұлфұқар, Қарыс қара жерінде Қырық мың ердің құны бар (Ер Қосай). ә) Ренішін жеткізді, өкпесін білдірді. Мені жаңа көріп тұрсың ба, айтатын жосығыңды айта бер жұртқа, бірақ мына халық айтқаныңды ұғатын болсын! – деп, енді Нартайлаққа бүлк етіп қалды тағы да (А.Жүнісов, Өмір ізі).

Беті бүлк етпеді. Ұялмады, қызармады, шімірікпеді. Соғыстан жүдеп шыққан қоңторғай халықтың азгана несібесін жыруға келгенде беті бүлк етпейді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). – Коммунист? – деді комендант, еті іскен сүзілме көзді семіз беті бүлк етпестен (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

Жүрегі бүлк етті. Қатты әсерленді, қобалжыды. Галкин айтқан кезде Қазыбектің де, Мұраттың да жүрегі бүлк етті (Ө.Әбішев, Замана.).

Жүрегін бүлк еткізді. а) Қатты қобалжытты, көңілін алаңдатты. Толқынын жүрегінің хаттай таныр, Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр (Абай, Шығ.). ә) Ғашық етті, ынтықтығын оятты. Қою қара қасты, ойлы жүзді балғын жігіт кездесті. Алғашқы көргенде-ақ қыз жүрегін бір бүлк еткізді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Құсайын осы арада қыздың жүрегін де бір бүлк еткізейін деп, әңгімені қайтадан иіп әкелді (С.Жүнісов, Ақан сері).

БҮЛК-БҮЛК е л і к. Сұйық заттың немесе жұмсақ дененің сәл бүлкілдеп, қайта-қайта қозғалуын бейнелейтін сөз. Оның жас жүрегі де кейде бүлк-бүлк соғады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сағат шық-шық еткенінің, тамыр бүлк-бүлксоққанының арасы қандай бірдей болса, сөз сөйлегендегі дауыс ырғақ-ырғағының арасы да сондай бірдей болады (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Бүлк-бүлк еткізді. Жұмсақ денені сәл ғана қайталай қозғалтты. Қызық көріп ұйықтаған баланың бетіне қарап едім, жаңа ғана жапырақ жарған гүлдей ернін бүлк-бүлкеткізіп, анасының ақ мамасын емгендей болады (А.Лекеров, Түз гүлі).

Бүлк-бүлк етті. Жұмсақ дене сәл ғана қайталай қозғалды, бүкілдеді. Аш қапсың зой, тыртығым, Бүлк-бүлк етіп құлқының, Құмға шыққан тікендей, Бітісін қара мұртының (М.Мақатаев, Шығ.).

Бүлк-бүлк желгізді. Жылқыны жайлы, майда жүріспен тепектетті. Жирен атты бүлк-бүлк желгізіп, өстіп дел-сал боп келе жатқанда, қарсы алдынан жарқ етіп судай жаңа қара “Волга” шыға келді (С.Мұратбеков, Дос іздеп.).

Бүлк-бүлк желді. Жайлы, майда жүріспен тепектеді. Өзі қызу адам, арақ қызуымен қыза түсіп, өзі де, жүрісі де екпінді. Қасындағы аяңы аз екеуі ере алмай, кейде бүлк-бүлк желеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Жал-құйрығы күзелмеген, ақ қаптал, қысқа сирақ, домалақ жирен ауылдан үш жүз метрдей жердегі көлдің сол жақ жиегін қуалап шығатын жолмен бүлк-бүлк желіп келеді (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.).

Бүлк-бүлк қайнады. Жайымен шымырлады, бабымен, бүлкілдеп қайнады. Қазан бүлк-бүлк қайнап жатыр, ішіндегі жылқы етінің иісі бұрқырап, мұрныңды жарады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Тай қазандарда қой еті мен балық бүлк-бүлк қайнайды (Т.Ахтанов, Дала сыры).

БҮЛКЕК-БҮЛКЕК е л і к. Бірнеше қайталанған бүлкектен, бүлкек қаққан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Жанымда жұдырықтай ғана болып, бүлкек-бүлкек еріп келе жатқан бураның ертеңгі тағдырын ойлады (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Сонадай жерде бүлкек-бүлкек желіп келе жатқан ақ жасулықты әйел бізге жақындай берді (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

БҮЛКЕҢ-БҮЛКЕҢ е л і к. Бүлкеңдеген жай қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Бүлкең-бүлкең еткен көп қоян бар емес пе? Ескі үйдің түбіне солар жеткен екен (Б.Сокпақбаев, Бастан кеш.). Шолақ торысын сауырлай бір салып, бүлкең-бүлкең желе жөнелді. Артынан ала мойнақ ерді (О.Бөкеев, Қайдасың.). Қаракер бие аяңымен кейде ілесіп, кейде ілесе алмай, бүлкең-бүлкең желеді (Б.Сокпақбаев, Өлгендер.).

БҮРЖЕҢ е л і к. Бүржеңдеген, бүржек-бүржек еткен қимылды бейнелейтін сөз.

Бүржең тартты. Күші қайтты, бүржеңдеді, босаңсыды. Кәрілік әскеріне пілен болдым, Сұрасаң міне, балам, менің жайым. Адымым құлаштаған бүржең тартып, Бойыма әзер сіңді ішкен шайым (Ө.Тәңірбергенов, Ұмытпа.).

БҮРЖІҢ е л і к. Бүрсектеген, дірілдеген қимылды бейнелейтін сөз.

Бүржің қақты. Бүрсектен, діріл қақты. Мен келгенде қызыл үй сегіз қанат, Сүйрелеп түк қоймайды түңлік, үзік, Басында бүржің қағып отырсам да Соңында жүлде алдым қамал бұзып (Айтыс).

БҮРСЕК е л і к. Тоңып, бүрсеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.

Бүрсек қақты. Тоңып, бүрсектеді.

БҮРСЕҢ е л і к. Қалтырап, дірілдеген, бүрсең-бүрсең еткен қимылды бейнелейтін сөз.

Бүрсең қақты. Дірілдеп қалтырады, бүрсең-бүрсең етті. Кедейдің өзі жүрер малды бағып, Отыруға отын жоқ үзбей жағып, Тоңған үйін жылытып, тонын илеп, Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып (Абай, Шығ. жин.). Аязда торығатын таппай пана, Емес бұл ертедегі құба дала. Мұз қатып, иегіне қыс қысылып, Кіре алмай бүрсең қағып тұр қораға

(С.Мәуленов, Алыс кетіп.). *Түнде тұрған бозқырау әлі еріп біткен жоқ. Жайлау құмар қазақтар жазғытұрым тастай қашқан қыстауларына бүрсең қағып қайта келіп жатыр* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

БҮРСЕҢ-БҮРСЕҢ е л і к. *Бүрсең қаққан, бүрсеңдеген, қалтырап-дірілдеген қимылды бейнелейтін сөз. Көк мылтықтың астында көзіңе көк шыбын үймелеп, бүрсең-бүрсең жорытқаныңды енді бір көрсем арман жоқ, – деді ол* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Бүрсең-бүрсең етті. *Бүрсек қақты, бүкшиіп, бүрсең қақты, қалтырады. Атышулы күрентөбел қабырғасы ыржыңдап бүрсең-бүрсең етеді* (Ғ.Мұстафин, Миллионер).

БЫДЫ-БЫДЫ е л і к. *Былдырла, түсініксіз болып шыққан дыбысты бейнелейтін сөз. Қаниша сайрасам да, тілім аузымның ішінде домалап жүрген сияқты, бір түрлі быды-быды* (Ү.Уайдин, Ендігісін.).

БЫЖ е л і к. *Кенет шыжылдап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

Быж етті. *Быжылдаған дыбыс шықты. Саптыаяқтағы сүт быж етті, буы бұрқырап бүлк-бүлк қайнады* (І.Жансүгіров, Шығ.).

БЫЖА-ТЫЖА е л і к. с ө й л. *Ретсіз, бейберкет.* »Быжа-тыжасы шықты.

Быжа-тыжа болды. с ө й л. *Астан-кестен болды. Аттарға желдің біресе өз жалыңмен өзіңді сабап, омырауынан төмпештеп, быжа-тыжа боп тұлынын түтіп долданғаны, біресе теріңді сүртіп, еркелете сипап, асты-үстіне түсіп жәреукелегені қызық* (Ә.Кекілбаев, Дала.). /76 б/

БЫЖ-БЫЖ е л і к. *Кенеттен қайта-қайта шыжылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

Быж-быж болды. *Тызылдап күйіп-пісті, күйгелектеді. Екі-үш сағаттан кейін қонақтар қайтып келіп, ақ үйге жайғасып, қолдарына су құйған кезде ауыл басшылары быж-быж болып күйіп-пісті де қалды.*

Быж-быжеткізді. *Қайта-қайта быжылдатты. Әділжанқалтасынан шишақпақ алып, шиді тұтатып, саусақтың басын быж-быж еткізіп күйдірді* (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

Быж-быж етті. *Қайта-қайта быжылдады. Қоңырқай самогон мөлдіреп, сыра бұрқырап, быж-быж еткен қуырдақ пен тәтті пирожок, варениктер қаптап кетті* (Т.Бердияров, Солдат.). *Алғашқы бетте быж-быж етсе де, артынан будақ-будақ бу да көтерілді, тері қазан бүлк-бүлк қайнай бастады* (Б.Шалабаев, Өмірде.). *Жалт беріп үлгерген Медетбектің үстіне бүрке шашыраған металл шоқтары быж-быж етіп жабысты да, брезент спецовканы ойып-ойып түсті* (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал).

Быж-быж қайнады. а) *Көпіршіп, шымырлады. Той дастарқаны жайылып, колхоздың қара сабалары күмп-күмп пісіліп, түн асқан сары қымыз*

түйіршік майлары бетінде қалқып, быж-быж қайнап, сырлы аяқтарға құйылып жатты (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім). Шарпақа масаң жігіт өзі де құдды шампан шарабындай быж-быж қайнап, қарсы алдындағы сұлу қызға лықсып, шапшып қап, тасып төгіліп тұр (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Балтық көбігі быж-быж қайнап, бұрқана тулайды (С.Мәуленов, Танд.). ә) Құжынады, қаптады. Көшесі ағаш жапырақты. Ән салып, әртүрлі құс тұрған сайрап, Суықтан тоңып өлген шыбын-шіркей, Тіріліп, қанат қағып, быж-быж қайнап. Аспанда күн күркіреп, от жарқылдап, Жылы жел қара бұлтты тербеп айдап (М.Жұмабаев, Шығ.). Көлеңкесі самал жел Быж-быж қайнап жүрген адам, Көшкен бе, әлде, қалың ел! (Б.Майлин, Шығ.). б) Быжылдады, быж-быж етті. Үгілген қара шымның арасында ұсақ қара бұрселер быж-быж қайнайды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Бай ауылдың жұртында қалған барлық қара шыбын енді осы жалғыз қарайғанға жиналып, үйдің іші быж-быж қайнады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Быж-быж қылды. Шатастырды, шашыратты. Іштей дауысын бір қалыпқа келтіре алмай “Екі жиреннің” ыргағын быж-быж қыл қожсыратып жібереді. Шыпылдап маңдайынан тер шықты (І.Жақанов, Махаббат вальсі).

БЫЖ-ТЫЖ е л і к. Бейберекет, шашыраңқы, ретсіз қимылды бейнелейтін сөз. // Шу, дау-дамай, талас. Басы таудай әңгіменің аяғы быж-тыжға айналды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Быж-тыж болды. а) Астан-кестен болды, тым-тырақай, беталды кетті. Бір күні не Үсейіннің, не бәйбішенің көзіне түссек быж-тыж болатын тұрмыс емес пе? (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) Шат-шәлекейі шықты. Жоқ, қарағым, қазір оқыра кезі. Быж-тыж боп қашып кетер, өзім бағайын, – дейді шал (Қаз. ертег.).

Быж-тыж қылды. Шат-шәлекейін шығарды, шатастырды, астан-кестен етті. Әуілдектің үні Дәмеіштің қиялын быж-тыж қылды (І.Жақанов, Екі жирен). /76 б/

БЫЖЫҢ-БЫЖЫҢ е л і к. Үзік-үзік және ақырын быжылдаған дыбысты бейнелейтін сөз. Кеменің бір шетінен екінші шетіне домалана жүгіріп быжың-быжың сөйлейді (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). Тоғайәлі аспаз быжың-быжың күбірлеп, Жасағаннан тек қана дауыл талап етеді. Кеме үстінде домалана жүгіріп, быжың-быжың міңгірлеп, Тоғайәлі пысқырынады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

БЫҚ 3 е л і к. Қысқа, кенет шыққан қысаң дыбысты бейнелейтін сөз.

Бық етті. Кенеттен қысқа дыбыс шығарды. Анда-санда малдың ыңыранған, бық еткен, қозғалған дыбыстары естіледі (С.Сейфуллин, Әңгім.). Аяқ астынан жапалақ бық етіп ұша жөнелгенде, аты жалт беріп, тастап кете жаздады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Бық еткен жоқ [етпеді]. *Елемеді, мән бермеді. Түйе байғұстар да бық еткен жоқ* (І.Жансүгіров, Шығ.).

БЫЛҒАҢ е л і к. *Кенеттен күрт жасалған шалымы қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Былғаң етті. с ө й л. *Бұлғаң етті. Мойнындағы биноклі былғаң етіп аударылып түсті* (М.Әбдіхальқов, Ленин.).

БЫЛДЫР е л і к. *Адамның былдырлаған түсініксіз тілін бейнелейтін сөз.*

Былдыр етті. *Былдырлап, түсініксіз сөйледі, айқын емес дыбыстар шығарды. Өзгеден бұрын Оқас елең ете түсті. Қасындағыларға бірдеме деп былдыр етті де, дереу атына ұмтылды* (Б.Нұжекеев, Күтумен өт.).

БЫЛДЫР-БЫЛДЫР е л і к. 1. *Баланың жаңа шыға бастаған тілін бейнелейтін сөз. Мөлдір қара көздері, былдыр-былдыр сөздері, Құлдыр-құлдыр жүзгірген айналайын інімнен, айналайын үніңнен!* (Ә.Табылдиев, Көңілді.). *Ауық-ауық күрсініп те алады, Біздің бала мінезіміз баяғы. Ал құрбымның қолындағы бөбегі, Былдыр-былдыр сөйлегісі келеді* (М.Шаханов, Ғасырлар.). 2. *Бұлақтың, арықтың сылдырап аққан дыбысын бейнелейтін сөз. Былдыр-былдыр бұлақтан Сылдыр-сылдыр су ақты* (Т.Айбергенов, Мен саған.). *Ормандар судыр-судыр гүлесетін, Бұлақтар былдыр-былдыр тілдесетін* (Т.Айбергенов, Мен саған.).

БЫЛҚ е л і к. *Жұмсақ нәрсеге бір зат батқандағы тигендегі, соғылғандағы қалып-күйді бейнелейтін сөз.*

Былқ ете түсті. *Кенеттен жұмсақ болып білінді. Ол әлі саябырланып бітпеген маңға сұңғи бергенде, Қармаланған қолына жып-жылы бірдеме былқ ете түсті* (С.Мұқанов, Ол күндер.).

Былқ ете түсу. *Бірден көне кету, келісу. Директордың көмейі белгілі болды Баймырзаға. Сонда мыңқ еткенге былқ ете түсуге бола ма* (Е.Қопарбаев, Түнгі от).

Былқ еткізбеді. *Тырп етуге мүмкіндік бермеді, қозғалтпады. Өзіне сеніп тапсырған кісілерін ертелі-кеш былқ еткізбей шаруасын жайлап жүргенге әлдекімдер қызғана қарайды* (“Лен. жас”).

Былқ еткізді. *Былқылдатты, жұп-жұмсақ болып тиді. Манағыдай емес, Раушан онша шошынбай былқ еткізіп қолын ұстата берді* (Б.Майлин, Шығ.).

Былқ етпеді [еткен жоқ]. а) *Тырп етпеді, елең қылмады. Жартастай толқын ұрса, былқ етпеген, Бұтақтай көктен бомбы құйып тұрса, Сескеніп ер жүрегі бүлк етпеген* (Қ.Айнабекұлы, Өлеңд.). *Мұндайда өзінен мықтырақ кісілердің ғана тілін алып дағдыланған ол мына бала жігіттің өтінішіне былқ етпеді* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Раушанның айтқанына Бәкен былқ етпеді. Сұрланып, тістенген күйі, көзінің жанары жасаурап, мелишип жатып алды* (Б.Майлин, Шығ.). *Мәңгі мылқау кәрі орман, Былқ етпейді түс көрер, Жел мінезді ессіз жан, Маған түрлі ой*

келер (М.Жұмабаев, Танд.). Содан кейін күймеге кеп, қатал дауыспен “Қанаиш! Тұр!” – деп еді, бала былқ етпеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).
 ә) Назар аудармады, көңіл бөлмеді. Тәкежан ауылы Базаралының ереуіл сөзіне былқ еткен жоқ. Қар екі жауса да, үй іргесін шыммен көмдіріп алып, тағы да ықтырмасын құрғызып қойып, күндіз-түн демей, кедей ауылдың пішені мен қорығын аямастан жседі де отырды (М.Әуезов, Шығ.).

Былқ етті. а) Жұп-жұмсақ боп тиді, сезілді. Көкке көтеріліп шырылдаған торғайша шыр-р еткен нәрестенің даусы шықты. Шәкібай ұмтылып үйге кіргенде аяғына былқ етіп бір нәрсе оралды (Б.Майлин, Шығ.). Өзер дегенде тырмысып терезеге еніп, қорған ішіне қарғып түскенімде аяғыма бір нәрсе былқ ете қалды (І.Жансүгіров, Шығ.). Аяғының астында бір нәрсе былқ етті, сүрініп кете жаздады (Т.Ахтанов, Дала сыры). ә) Күрт сылқ етіп, құлап түсті. Қамқа былқ етіп құлап жығылды да талған бойында жерде сұлық жатып қалды (М.Әуезов, Шығ.).

БЫЛҚ-БЫЛҚ е л і к. Майысып, бұрала басқан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Былқ-былқ басып, бұралып, ханның қызы, жеңгелері жанында, жақындады (Б.Майлин, Шығ.). Бірін-бірі сен деспеді, Мен артық, сен кем деспеді. Бөдене ән сап, күйін шертті, Түлкі былқ-былқ билеп кетті (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Былқ-былқ етті. а) Былқылдады, жұп-жұмсақ болды. Табалдырықтан бастап төрге дейін төселген түкті кілемдер табаныңнан тартып былқ-былқ етеді (Ғ.Мүсірепов, Танд. шығ.). Отынга барғанда көрдім, жағалаудың мұзы қабажақтай-ау, қабажақтай... Жас баланың еңбегі сияқтанып, аяғының асты былқ-былқ етіп, ойыла жаздап жатыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Жусан біткен бусанып, балқып жерге жабысып алған. Түйе табанымен былқ-былқ етіп тапталып, қайтадан бой жазып тұрып жатыр (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). ә) Босады, қозғала берді, былқ-сылқ етті. Тағы бір дүр еткізіп, сілкіндіріп, Тағы бір буырқантып, бұлқындырып, Алар ма ек былқ-былқ еткен бос мойынды Басына бағындырып, тұрқын бұрып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). б) Семіздіктен ірк-ірк етті. Ал үйден суарылатын қызыл қозылар дуадақтай-ау, дуадақтай! Есік алдынан былқ-былқ етіп, құйрықтарын тарта алмай өтеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Арлан былқ-былқ еткен кебеже қарын семіз қара биеге екі-үш рет ұмтылды (С.Жүнісов, Жапанда.). Шартаң қарын былқ-былқ еткен, Босаң дене сылқ-сылқ еткен... Дәл осындай бюрократ, Ортаңызда бар болса, Қауым болып аластат (Қ.Қуанышбаев, Өлеңд.).

БЫЛҚ-СЫЛҚ е л і к. 1. Қиралаңдаған, бұралаңдаған қмылды бейнелейтін сөз. Барып шешесіне жармасып еді, ол да өлген адам сияқты былқ-сылқ жатыр. Талып жатқан болу керек (Н.Оразов, Дос хаты).

Бөдененің етінен азық алдым былқ-сылқ (Халық әні). 2. Қалай болса, солай, сүлесоқ. Балтаны ұстаған түрін қарашы: тұла бойы былқ-сылқ, осылай да ағаш шаба ма екен (Б.Майлин, Шығ.).

[Аяғын] былқ-сылқ [етіп]басты. Бұралаңдап, мың бұралып, кербезденіп жүрді. Қыз да жігіт ырқына көніп, аяғын былқ-сылқ басып, оның құшағына кіре берді (І.Есенберлин, Айқас). Ақырын суға келіп жақындасып, Аяғын былқ-сылқ етіп әрең басып, Ағытып түйме бауын, белін шешіп, Кеудесін желге қарай қойды ашып (Ә.Найманбаев, Шығ.). Қарындасым, салмақтым, Қорғасын күйған асықтай. Былқ-сылқ етіп басқаны Молдалар жазған машықтай (М.Жұмабаев, Шығ.).

Былқ-сылқ етті. а) Буыны босады, былқылдады. Келіншек барып, оятайын десе, Жұмакелдінің денесі былқ-сылқ етеді (Қаз. ертег.). ә) Еркелеп, майысты, қылымсыды. Сұлу келіншек былқ-сылқ етіп қылмыңдап, Малтаны алды, жеңін тағы ашпады (М.Жұмабаев, Таңд.). Сұлу келіншек “хи-хи-хи” деп күлгендей, Дыбысы шықпай, ішегі қатып өлгендей. Былқ-сылқ етіп түрегелді судырап, Судыр-судыр жансыз жібек бүргендей (М.Жұмабаев, Таңд.). б) Солқылдақтық жасап, тайсақтады. Ағасы гана емес, атаман Әли мырза деген де, мына қара бура Қаранар да былқ-сылқ етеді (Р.Райымқұлов, Болат.). Не болса, ол болсын, әйтеуір былқ-сылқ етіп, Шәкең отыр (Ел де, Тұмарбай да “Шәкең» деп атаған соң, біз де “Шәкең” делік) (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Былқ-сылқ ету. Солқылдақтық көрсетіп, тайсақтау, айну. Әр кез осындай бір негізгі мәселе шешілەرге келгенде былқ-сылқ етуді әдетке айналдырып алғандар аз ба?! (“Лен. жас”).

БЫЛП е л і к. Бір нәрсенің жұп-жұмсақ болып білінген қалып-күйін бейнелейтін сөз.

Былп етті. Жұп-жұмсақ боп білінді. Шолақ саптың сіреу теріге былп еткенін бұйым көрсін бе! Бірақ бұл дәуір Қойтекеге жасайсыз келді, қажып қалған қары қатты ұруға жарамдады, ұрғаны өтпеді. Торшолақ аяңды азайтуға айналды. Мына қыбырмен жуырда анау бес қараға жете алмасын сезді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Салмақтап-салмақтап ішіне және періп кеттім. Былп ете түседі, былқ етпейді (О.Әубәкіров, Ұзын сөз.).

БЫЛШ е л і к. Сумен жүргенде, түкіргенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.

Бетке былш еткізді. Бетің бар, жүзің бар демей айтып салды. – Тергесең, Қодар сұмдығын аңыз қып көпке жайып әкеткен елді терге. Ел тұрсын, кейінгі жиында бетімізге былш еткізіп, жарып айтқан жатты терге... – деді Құнанбай Сүйіндікке (М.Әуезов, Шығ.).

Беті былш етпеді [еткен жоқ]. Ұялмады, қызармады, міз бақпады. Алайда бас кесер Фервурд беті былш етпестен өзі жүргізіп отырған осы озбырлық

режимді жерде жоқ жақсылыққа балайды (“Қаз. әдеб.”). Тарт, Өзімбай, арсыз тілінді! Әкеңнің аузы бармас арамдыққа бетің былш етпей сен барайын деп не ең!? (М.Әуезов, Шығ.). Бірақ көк мылжың қызыл ауыз сабаздың беті былш еткен жоқ (Қ.Сағыбалдин, Қараторғай).

Былш еткізді. а) Көп етіп түкіріп жіберді, төге салды. Түйе Байжанның бетін былш еткізіп жынын шашып жіберді (С.Мұқанов, Шығ.). Байболат астындағы сырмақтың шетін көтеріп, былш еткізіп түкіріп тастады (С.Омаров, Дала қызы). Құдай соққан неменің “туф” деп былш еткізіп бетіме түкіргені бар зой (Қаз. ертег.). ә) Аузына келгенін айта салды. – Жаман айтады... Сені мен мына келініңді жаман атқа тағады! – деп былш еткізгенде, Қодар: – Өй, жаным, не шатып отырсың? – деп Бектен көсені таптап тастардай болды (М.Әуезов, Шығ.). Қалмұрат бетің бар, жүзің бар демей былш еткізіп айтып тастайды да отырады (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). б) Сарт еткізді, қойып қалды. Құтжан сия-сауытқа бармағын батырып алып, қағазға былш еткізгенде, Ардақ астыңғы ернін тістеп қалды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Былш етті. а) Жалп беріп, құлап түсті. Бұлнбай тұтқын жігітті Ігіліктің алдына тастай берді де, құйрығына қамшымен бір тартып қалды. Жігіт жерге былш етіп құлады (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Есіктің табалдырығына сүрінген Варвара арғы коридорға былш етіп шалқасынан түсті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Көлемі алақандай мата қиығы дөңгелек көк белгісімен бірге асфальт үстіне былш ете түсті (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). ә) Бар пәрменімен тиді, сарт етті. Со кезде менің де басыма зілдей бірдеме, нағанның түбі ме былш ете түсті, тәлтіректен барып құладым (З.Шашкин, Теміртау). Бірде байқаусызда: – Осы, Бақыт, сен қызсың, иә? – дегені үшін, былш етіп тиген жұдырықтан бет-аузын қан жауып кеткені бар (С.Мұратбеков, Көкорай).

БЫЛШ-БЫЛШ е л і к. Шылқылдаған сумен жүргенде, көп көлемді сұйық зат шашырағанда, түкіргенде естілетін дыбыс. Жым-жырт, жан-жақ тыптыныш, Кәрі тау – кәрі қалыбы, Су дамылсыз былш-былш, Баяғы жұлдыз жарығы (І.Жансүгіров, Шығ.). Тарс-тұрс, ерсілі-қарсылы сапырылысып, еденге былш-былш қақырынып, сіңбіріп, самбырлап сөйлесіп, үйді бастарына көтерді (М.Жұмабаев, Шығ.). Өң мен түстің арасындай мұнар дүние. Бетіме былш-былш шашыраған балшықты сезем (Т.Ахтанов, Боран).

Былш-былш етті. Шалп-шалп етті, былшылдады. Құдай мықты жаратқан үлкен жартас, Былш-былш еткен бет бұрып судан қайтпас. – Бұлт та суық дауыл, жаймен сырлас, өзгені жан екен деп сырын айтпас (Абай, Тол. жин.).

Былш-былш жеді. э к с п р. Шылпылдатып күйседі, соқты. Жаңа гана сары қымыз бен сұр етке кекіре тойған жалмауыздар енді бағлан етін былш-былш жей бастады (“Қаз. әдеб.”).

Былш-былш соқты [ұрды]. Үсті-үстіне тарсылдатып, қойғылады. Неше түрлі тарғыл дауыс, жан ұшырған айқай арасында қан топырағын

араластырып, жентектеп, жанышып бір-бірін были-были соғады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Сосын былжырақтау иленген қамырды были-были соғып, қазанды жерошақтағы қып-қызыл шоқтың үстіне төңкере салды (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ерден Ақботаны қамшының астына алып ұрады. Бас демей, көз демей были-были ұрады (З.Шашкин, Ақбота).

Былыш-былыш түкірді. Қайта-қайта шылпылдатып түкірді. Ашы насыбайды ауызға толтыра салып были-были түкірді, маужсырады, ойы тәтті тұманға айналды, көзі ілбие бастады (М.Жұмабаев, Шығ.). – Оңбаған, қазан не сөз салды, ат айдауыңды білсейші! – дегендей боп, Ыбекең оған ала көзімен қарап, аузындағы насыбайын были-были түкірді (Б.Майлин, Азамат.). Ол айналасына были-были түкіреді де отырады (Б.Аманшин, Көкжар).

БЫР-БЫР е л і к. Қайта-қайта бырылдап, қорылдап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз. Пәуескенің астында қара ала төбетпен бірге жабу төсеніп, ерін жастанып быр-быр ұйықтаған жсылқышыны төбеттің анда-санда маңқ еткен дауысы, үйде қымызға тойғандардың күжлі дамыл-дамыл аунақиытып қояды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды.). Төңіректеген төбетім, тығылып үйде ықтайды. Күзетер деген күзетшім, Бүркеніп быр-быр ұйықтайды (І.Жансүгіров, Шығ.). Түс боп қапты, тұрған шығар біздің бай! Бай не тұрсын, быр-быр ұйықтап жатыр-ай, Былыық сары Сағиласын құшақтай, құшақтай! (М.Жұмабаев, Шығ.).

БЫРҚ е л і к. Бырқылдаған, бырс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.

Бырқ етті. Бырс еткен дыбыс шықты. Сорлы баллон бырқ етті. Осы енді дұрыс па? О, дөңгелек, дөңгелек, Желіңді шығармай нық ұста (О.Әубәкіров, Жасыр.). Шал манағы айранын көміп кеткен жерді жүгіріп барып теуіп қалса, бырқ етіп айран шыға келді (Қаз. ертег.).

БЫРҚ-БЫРҚ е л і к. Үзік-үзік бырқылдап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз. Құйрық тағы жыртылды. Көнбіс ана бырқ-бырқ ұрса отырып тағы жамайды (Б.Сокпақбаев, Бастан кеш.). Мотор біраз уақыт бырқ-бырқ лықылдап тұрды да кілт өшті (Қ.Ысқақов, Бұқтұрма).

Бырқ-бырқ қайнады. Қатты қайнады, бырқылдады. Пеш үстіндегі кішкене қазан бырқ-бырқ қайнап, бір-біріне жалғас шыққан мазасыз дыбыстан әбден запыс боп болдық (“Лен. жас”).

БЫРС е л і к. Доп, шар, баллон үрлеген сияқты заттар оқыс жарылғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.

Бырс етті. Оқыс жарылып, жел шықты. Инені плинтус пен қабырға арасына басып қалсаңыз, бырс етіп кіріп кетеді (“Лен. жас”). Жұырда бір баллон, Бырс етіп жарылды, Шопырдың тынысы тарылды (О.Әубәкіров, Жасыр.). Ордабай Сандыбай жаққа қолын сермейді, шамасы соған ғана келетін сияқты... Басқалар да бырс етіп жарылып кеткендей түгел күліп жіберді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

БЫРТ е л і к. *Сынған, үзілген, жұлынған кезде шығатын қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

Бырт ете қалды [етгі]. а) *Кенеттен бырт деген дыбыс шықты, бырт етіп үзілді. – Тағы да мына қыз әндеткен шығар. – Жоқ, тәте, өзінен-өзі бірдеңесі бырт ете қалды (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). ә) Домаланып, кілт үзілу т.б. Кеңірдегін сығып жібергенде, Жамалханның көзінен жасасы бырт ете қалды (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).*

Бырт еткізді. *Бырт еткен дыбыс шығартты, үзіп алды. Әдеп қиярды бырт еткізіп жұлып алды да, шалбарына үйкеп жіберіп, қомағайлана жеуге кірісті (М.Гумеров, Хазірет.).*

БЫРТ-БЫРТ е л і к. *Күрт-күрт, сырт-сырт еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Есік жақтағы байлаулы қозы, лақ, бұзау бырт-бырт күйсейді (Б.Майлин, Шығ.). Қаздар сүп-сүйір тұмсықтарымен нәзік көк шөпті бырт-бырт үзіп, бірімен-бірі бәсекелескендей бас көтермей жайылуда (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Енді байқадым, ол қолындағы дирижерлік таяқшаны бырт-бырт сындырып, құшырлана майдалап отыр (И.Жақанов, Қайта орал.). /101 б/*

БЫРШ е л і к. *Кенет тырс, пыш етіп жарылғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

Бырш еткізді. *Кенет кірші еткізді. Тентек Кенжебек тісін қайрап кіжіне түседі де, менің бетіме істікті бырш еткізіп сұғып алуға сәл-сәлақ қалғанда қолын тартып алды (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).*

Бырш етті. *Кенет шырт етіп шашырады. Адымдай беріп арт жағында әлдененің бырш ете қалғанын естіді (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Алма, өрік, жүзім, қауын-қарбыз, былтырғы әлгі бырш етіп бетіме шашырайтын дәмі жаман помидор... т. т. көздің жауын алады (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).*

БЫТ-БЫТ е л і к. *Бырт-бырт етіп үзілген дыбысты бейнелейтін сөз. “Қандай рақат” деп сүйсінді. Қойлардың өткір тісімен көдені быт-быт үзгені естіледі шопанға (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі).*

Быт-быт болды. *Тоз-тозы шықты, ыдырады; быт-шыт болды. Оқ тиіп Барзуға да жеті жерден, Күш-қайрат қайткенменен кетті ерден. Сауыт пен саймандарды быт-быт болып, Сары ала киімдері болды терден (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Аспандағы быт-быт болып ыдыраған бұлттар қиырсыз теңіз жойқынында жазғытұрым бытыраған сеңдер сияқты қалқысады (С.Сейфуллин, Әңгім.). Кетті Мамет быт-быт болып, Тіл де қатпай қаруласпай. Майдан үсті шыңға толып, Бес шоқы боп қатты тастай (С.Бегалин, Өлеңд.). /103 б/*

БЫТЫР е л і к. *Қатты заттың кенет күтір етіп сынған дыбысын бейнелейтін сөз.*

Бытыр етті. Қытырлаған дыбыс шықты, күтірледі. Еламан қолын енді бір салғанда қаттырақ бірдеме ілікті. Оны ауызға салып жіберіп шайнап қалып еді, бытыр ете түсті (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Босаға бытыр ете түсті. Алақаны ысып кеткен соң, Әтіке арқанды қоя бере салды (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

БЫТЫР-БЫТЫР е л і к. *Бырт-сырт, қатыр-құтыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Бір жұмысшы көк тасты күрекпен тастайды, ауыз бытыр-бытыр шайнайды да, өзінен төменгі ауызға береді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Бытыр-бытыр шайнады. Босанды да тап берді, Тап бергенде, шап берді. Бірді белден тістеді (М.Жұмабаев, Шығ.).*

Бытыр-бытыр еткізді. *Бытырлатты, күтір-күтір еткізді. Қарсыбек әкелген жан торсықтарды Ушаков дереу столдың үстіне қойып, арқайсысынан бірер уысын бытыр-бытыр еткізіп төкті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).*

Бытыр-бытыр етті. *Бытырлады, күтір-күтір етті. Асқар көшеде бірдемелер бытыр-бытыр еткенде селк ете түсіп, құлақ түре қоймады (С.Мұқанов, Ботагөз).*

ГӘККУ е л і к. 1. *Аққудың шығаратын дыбысын бейнелейтін сөз. 2. муз. э т н. Қазақтың киелі құсы, махаббат символы саналатын, әндерінде қайырулар ретінде жиі қолданылатын аққу үнінің еліктеуіш сөзі. Жүрсең де жұлдызым боп, мақтаным боп. Алдына күнде келіп жатқаным жоқ. Гәккудің әуеніне тербелгенмен, Аққудың көгілдірін атқаным жоқ (Т.Молдағалиев, Шақырады көктем). 3. а у ы с. п о э т. Елдің мақтанышы, сәні мен әні. Даңқы шыққан Рахышев, Талай озған жарыста. Еңбек ері Түсінім, Атағы кеткен алысқа. Қалекенді айтайын – гәккуі елі Арқаның (Қ.Әміров, Қызыл гүл). 4. поэт. Теңеу, еркелету мәнінде қолданылатын махаббат, сүйіктісі деген мағынадағы сөз. Қоштасты соңғы рет гәккуімен, Өткізген Кәкімамен шат күнімен. Есінде қалды елдің өлместей боп, Ең соңғы ақын айтқан аққу-өлең (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Аттанып бара жатыр аққу-қаздар, Қош енді, қош болыңдар, гәкку-наздар! Кеудемде күңіренген дастан қалды, Киелі қанатымен аққу жазған (М.Мақатаев, Шығ.).*

ГУ е л і к. *Кенеттен гүлдеп шыққан үн, дыбысты бейнелейтін сөз. Штаб қызу ұстаның іс үйіндей, Екпін мен рух көріктің гу үніндей (С.Сейфуллин, Шығ.).*

Гу еткізді. *Гүлдетті, пысылдатты. Сол кезде ол екі танауын гуеткізіп, терең бір дем алады да, аяғыма асып қойған қолын бейнебір әлдене айтқысы келгендей қозғап-қозғап қояды (Д.Исабеков, Қара шаңырақ).*

Гу етті. а) *Жапа-тармағай дүр етіп ұшты. Бір топ қараторғай гу етіп ұшып өтті. Тобын жазбай көкте қалқып жүр (Б.Тәжібаев, Қараторғай). ә) Жел, боран т.б. азынады, үілдеді. Күркеге жел гу ете қалды (С.Мұқанов,*

Аққан жұлдыз). Жел оны елеген жоқ, кемеңің қарсы алдынан гу ете қалды. Кемеңі ұршықтай үйіріп, кейін қарай қуа жөнелді (Мың бір түн). б) *Жан-жақтан дабырлап сөйлесті, даурықты. Сасқалақтаған жігіт сырықтай ұзына аяқтарын ебедейсіз тарбитып, қораптан сырғып түсе бергенде, бір аяғында туфліі жоғын көріп жұрт тағы гу ете қалды* (Ә.Сараев, Бозқырау). *Ортаға кілем үстіне өңшең сәнді киінген қылқандай уыз жас жігіттер шыға келгенде жұрт тағы бір гу етті* (Ә.Кекілбаев, Дала.). в) *Гүлеген дыбыс шығарып лаулады, тез жанды. От тиген қамыс гу ете түседі де, түтіндете түседі* (А.Тоқмағамбетов, Фельетон). *Жан-жаққа мен көріп-білмеген от тасқыны, жарық тасқыны гу ете түсті* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ГУ-ГУ е л і к. 1. *Кенеттен қайта-қайта гүілдеп шыққан дыбысты бейнелейтін сөз. Қара тастың маңы гу-гу көк шыбындар құжынап жүр* (Ә.Кекілбаев, Дала.). *Түйедей тастар қаңбақтай ұшып, әлдеқайда барып түскен күйреген құздың орны өксігендей гу-гу аңтарыла құлап жатыр* (Ғ.Мұстафин, Шығ. жин.). 2. *Жел, боран т.б. азынап, үлдеп соққан дыбысын бейнелейтін сөз. Өзі жақ есіктің әйнегінен кеңірек ашып еді, гу-гу енген дала желі самай шашын үрлеп, бетін жуып, сау-сау құйыла бастады* (М.Сәрсекеев, Туған жер.). 3. *Жан-жақтан дабырлап, даурығып шыққан дыбыстарды бейнелейтін сөз. Гүмпілдеген сөз, гу-гу өсек, қызыл көз қулар сұмдығы – жандарал өткеннен кейін тозаңдай бұрқылдап, күлше шашылады* (Ж.Молдағалиев, Айналайын). *Тағы да гу-гу, пыш-пыш әңгіме қозғап, еріккен қызыл ауыздар жел сөздерді борандай боратып, сыпсың өсек өрттей лаулап жүре берді* (Б.Тілегенов, Көктем). *Сұлусары Қалдыбекті жетелеп, Қанишайымдарды ертіп, алтыбақан жаққа беттеді. Алтыбақанды қоршап тұрған жастар гу-гу* (С.Мыңжасаров, Қыр қыз.).

Гу-гу еткізді. Гүілдетті. *Пысылдап ақырып, буларын гу-гу еткізіп жіберіп паровоз өтеді* (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Гу-гу етті. *Даурықты, дабырлады, шулады. Жұрт солай жүріп жатты, ауыздары кеңесте. Көп адамның тұтасқан үні араның ұясындай гу-гу етеді* (С.Мұқанов, Өсу жол.). *Жерошақ басында қазанға телмірген қатын-қалаштың көздері отпен шағылысып жылт-жылт етеді. Үйде әңгіме гу-гу етеді* (Ғ.Мүсірепов, Дауыл.). *Үйге кірсем, үзіліс жаңа ғана жарияланып, коридорға шыққан жұрт гу-гу етеді* (С.Мұқанов, Өмір мектебі). *Лездің арасында бір жылдан бері қаңырап иесіз тұрған Ырысбектің үйі гу-гу еткен қызық думанға толды қалды* (С.Мұратбеков, Жабайы алма).

ГҮЖІ е л і к. *Гүрілдеп шыққан дауысты, дыбысты бейнелейтін сөз.*

Гүж етті. а) *Гүжілдеп жуан дауыспен үн қатты. Біз өз полкымызға қайтуымыз керек, жолдас майор, – деп гүж етті Дәурен* (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Мағжан гүж еткен оқыс дауыстан сескеніп қалды* (“Қаз. әдеб.”). *Шофер моторын сөндіргенше болған жоқ: – Айналайындар,*

келдіңдер ме?! – деген бір жуан дауыс гүж ете қалды (“Лен. жас”). Осы бір тұстан ағындап өте шығармын-ау деген Көбеннің ойы болмады, ең қауіптенген зәрезап жерден ұстап, гүж етті, Әлібек тұра қотырдың бетін тырнап алды (С.Жүнісов, Ақан сері). ә) Гүр етіп оталды. Жирен шаш, көк көз шофер жігіт басын изеп сәлемдесті де, есік жабылар-жабылмас моторды гүж ете түсірді, машина жүріп кетті (И.Салахов, Көкшетау.).

ГҮЖ-ГҮЖ е л і к. Қайта-қайта гүрілдеген дыбысты бейнелейтін сөз.

Гүж-гүж етті. Гүрілдеп, гүр-гүр етіп жуан даусымен сөйледі. Қап-қара күйе, батпақ жалаңаш етіне майлық шапан киген, тұтқыштай мантышы, ұзын сирақты лагманышы гүж-гүж етеді (І.Жансүгіров, Шығ.). Құдай тағала дауыс дегенді де аямай берсе керек. Өгіздей өкіре гүж-гүж етіп сөйлегенін көрген кісі өнеші емес, труба шығар деп таңданғандай бар (З.Жәкенов, Қайта айналып.).

ГҮМП е л і к. Суға құлағанда, сұйығы мол затты піскенде шығатын дыбыс.

Гүмп берді [етті]. Суға бірден қойып кетті, құлады. Қожса бастаған көп көпірдің жоқтығына қарамастан өзенге гүмп берді (Ғ.Сланов, Дөң асқан). Машина көпірге келгенде бағытын өзгертіп, Нарын дариясының суына гүмп берді (“Лен. жас”). Жақын жерде бір үлкен шағала гүмп етіп суға сүңгіп кетті де, аузына күміс сырғадай жіңішке шабақ тістеп, қайта көтерілді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь). Кенет бір нәрсе құдық түбіндегі суға гүмп етті (М.Сүндетов, Балық аула.).

ГҮМП-ГҮМП е л і к. Бірнеше адам не зат суға құлағанда не сұйығы мол затты қайта-қайта піскенде шығатын дыбыс.

Гүмп-гүмп етті. Гүмпілдеді, бос кеңістікке қайта-қайта түскен түскен күштің дыбысы. Жұман жабық пәуескенің гүмп-гүмп еткенненбасқа қарсылығы байқалмаған соң, айналып келіп тағы да ұрды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Құзының қиясына баспаған жан, Болмаса биік ұшқан ұлар мен аң. Талғарды шөл қандырар сабасында, Қайран көл гүмп-гүмп етіп толықсыған (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ГҮР е л і к. Оқыстан гүрілдеп шыққан жуан дауысты бейнелейтін сөз.

Гүр етті. а) Гүрілдеді, гүжілдеді. Мотордың гүр ете қалған даусынан Дәурен мен Жариков екеуі бірдей оянды (І.Есенберлин, Айкас). ә) Гүрілдеген жуан дауыспен сөйлейді. – Тиме, жібер! – деген зор дауыс гүр етті сырт жағынан. Қайсар жалт қарады (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). б) От лау етіп, бірден жанды. Танкінің іші гүр етіп жана жөнелгенін де білемін (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). в) Ит ыр ете түсті. Сонау қарсы бет, биігірек жарқабақтағы тоңқайма тастың тасасында жатқан сұр арлан гүр етіп орнынан тұра берген (Н.Мұраталиев, Үміт).

ГҮР-ГҮР е л і к. *Оқыстан қайта-қайта гүрілдеп шыққан жуан дауысты бейнелейтін сөз.*

Гүр-гүр етті. а) *Ыр-ыр, ар-ар етті. Жауырын жүндерін үдірейтіп, тістерін ақситқан балуан төбет гүр-гүр етеді (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Бір көкжал қасқыр әлі де өлмепті. Гүр-гүр етеді (М.Тиесов, Дала.). ә) Дауысы гүрілдеп шықты. Қапсағай денелі қара жігіт гүр-гүр етеді: – Бәрін қойып, осы күнделікті тұрмыс мәселесін неге айтпайсыңдар, – дейді ол аузына тістеген темекісін құлышына сора түсіп (Ақ бидай). б) Су сарқырап, долдана қатты ақты. Ағыны ерен, көкезу тау өзені гүр-гүр етеді (Ғ.Сланов, Шалқар).*

ГҮРС е л і к. *Нәрсеің кенет құлауынан я қарудың атылуынан шыққан дыбыс, үн. Басы сұлқ түсіп, теңселіп тұрып қалған Исатайды тағы бір солдат қайқайта келіп қылышпен ұрды. Исатай гүрс құлады (Б.Аманшин, Жар мұңы).*

Гүрс етті. а) *Қатты, тығыз, ауыр зат келіп соққығысты, ұрылды. Қатты екпінмен төгілген бетон гүрс етіп соғылған сәтте Юраның көздері күлімдеп, рақаттанады (А.Жақсыбаев, Менің дос.). ә) Тарс етіп ашылды. Шәукенің ойын мылтықтың гүрс еткен дауысы бөлді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). б) Ойламаған жерден құлады. Тұяқтардан шаң ұшты шұбатылған, Аман қалу қиын бұл сұрпылдан. Қабырғадан қадалып қанды жебе, Құлап гүрс етіп бірі атынан (С.Мәуленов, Алыс кетіп.).*

ГҮРС-ГҮРС е л і к. *Бірнеше рет тарсылдаған, гүрсілдеген қатты дыбыстарды бейнелейтін сөз. Вагоннан түсе бергенде-ақ тас кемерін гүрс-гүрс сабалап жатқан теңізге тірелдік (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Гүрс-гүрс ұрылған тоқпақ дауысы жар жиегін жаңадан жаңғыртты (Ө.Сәрсенбаев, Толқында.). Бөлімше шеберханасында гүрс-гүрс соғылған сом темірдің дүмпі келеді құлаққа (С.Омаров, Дала қызы).*

ГҮТІР е л і к. *Қатты нәрсені шайнағанда, уатқанда, сындырғанда шығатын дыбыс.*

Гүтір еткізді. *Гүтірлетті, қытырлатты, шайнады. Ердос жалмауыздың аузына тобылғы таяғын апарып еді. Ол гүтір еткізіп шайнап жіберді (М.Етекбаев, Алтын.).*

Гүтір етті. *Шытырлады. Аспан гүтір ете түсті де, түстікте найзағай жарқылдады (Б.Мұсабекова).*

-Д-

ДАБЫР-ДАБЫР е л і к. *Көп адамның ұлап-шулап сөйлегендегі дыбысы. Дабыр-дабырмен әжем де оянып, самайын қасылап ауызүйге шықты (Д.Исабеков, Тіршілік.). Мәжіліс тарады. Жұрт дабыр-дабыр сөйлесіп үйді-үйіне қайтты (С.Бақбергенов, Адам.).*

ДАБЫР-ДҰБЫР е л і к. *Көп адамның дабырлап сөйлескендегі дыбысы. Терзелерін ішінен жауып қойғанмен, шам жарығы жарқырап тұр. Дабыр-дұбыр сөйлескен адам дауысы естіледі (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).*

Жұрт дабыр-дұбыр болып жатыр. Не айтып жатқандарын байқай алмадым (Б.Майлин, Таңд.). *Үйдің қасында әлденеге шұқыңдап жүрген кең етекті ұзын көйлекті әйел дабыр-дұбырға елеңітіп бері қарады* (Т.Тілеуханов, Келешек.). *Әуесхан қабылханадағы дабыр-дұбырдан кілт ойын жсия қойды* (Қ.Ахметбеков, Жалаулы.). *Мен ұйықтап кеткен екенмін. Ауызүйден естілген дабыр-дұбырдан оянып кеттім* (М.Сүндетов, Балық аула.).

ДАЛАҚ-ДАЛАҚ е л і к. *Желбіреген жеңіл заттың желп-желп етіп көрінуін бейнелейтін сөз. Ең алдымен ескі шекпенінің екі етегі екі шалғайға кетіп, далақ-далақ шауып келе жатқан жылқышы Кенже екен* (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе). *Екі етек екі жақта, далақ-далақ етіп, құланы қос өкпеге тепкілеп аямай төпеп келеді* (Т.Жақыпбайұлы, Асан.).

ДАЛП е л і к. *Жалпақ заттың желден, желлуден т.б. болған бірреттік қозғалысын бейнелейтін сөз.*

Далп еткізді. *Желп еткізді, желпітті. Ол түгі екі қолтығынан астында ғана қалған көне, көк мақпал беишентін кереге басынан жұлпып ап, далп еткізіп жайды* (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл.).

Далп етті. а) *Үлкен қанатын желпіді, қақаты. Анда-сандаорман арасынан тұра қашиқан қояндарға, далп етіп ұшқан әредік құстарға селтілдеп, пысқырып та қояды* (С.Сейфуллин, Әңгім.). *Осы сәтті пайдаланған Қалтай оның мойнына тұзақты тастап жіберді. Қос қанат далп етіп, ителгі жалп етті* (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). ә) *Жалп етті. Қатыш қастарына келе, ыстанның бауын иешіп, бөксесін алды-артына изеңдеп, артқы етегін лақтырып тастап, жасалақша далп етті* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДАЛП-ДАЛП е л і к. *Жалпақ заттың желден, т.б. болған бірнеше қайтара қозғалысын бейнелейтін сөз. Аспан қарауытып, биік сырғауылға байланған ақ шүберек жоғарыда далп-далп желбірейді* (С.Санбаев, Аруана.).

Далп-далп етті. *Қанаттың немесе жалпақ басқа заттың қайта-қайта желпілдеуі. Адуын мұзбалақ торға түскендей-ақ әлденеге бұлқына жұлқынып далп-далп етеді* (Ә.Көшімов, Екі бүркіт.).

ДАҢҒЫР-ДҰҢҒЫР е л і к. *Даң-дұң еткен ашық дыбысты бейнелейтін сөз. Күшікбайдың ойы – даңғыр-дұңғыр домбыра шертіп, күй шығарған әулиесымақтардың ойы* (Р.Сейсенбаев, Аңсау). *Даңғыр-дұңғыр дауыс естілді. Балайым қора есігінен шыға алмай жатқан секілді* (Ж.Молдағалиев, Самал).

Даңғыр-дұңғыр етті. *Даңғырлады, даңғыр-дұңғыр дыбыс шығарды.*

ДАҢҒЫР е л і к. *Шелек, күбі сияқты бос, темірден жасалған заттың бір нәрсеге қатты соғылуынан шығатын немесе адам дауысының қатты, бірақ анық емес ашық дыбысын бейнелейтін сөз. Оның ылғи сөзі даңғыр келеді, Жырмен емес, айғайменен жеңеді* (Ж.Саин, Самал). // *Даңғырлаған үн, шулаған дыбыс. Дабылды қаршығаны үйіне жібергенде, үйрек көтеріліп ұша бергенде соғады. Үйрек дабылды даңғырынан шошып, ілгері қарай қашады*

(Ш.Айманов, Қыран). *Шағын ауылдың даңғыры, айқай-дабыры айқын білініп, шаһардағыдан гөрі алыстан естіліп, улап-шулап жатқандай болушы еді* (О.Бөкеев, Өз отың.). *Көшеде шыққан жоллаушы арбасының даңғыры естіледі* (Ө.Қанахин, Дәмелі). // *Беймаза, жағымсыз шуыл. “Соғыс” деген бір суық сөз өзінің берекесіз, беймаза даңғырымен құлақтың тынымын күні-түні дамылсыз алып тұрған* (Ф.Дінісламов, Көл жағасы.). // *Дағырлаған дыбыс шығаратын құрал, аспап. Даңғыр, дабыл қақтырды кішміш, мейіз жегізіп Шұбар атын бақтырды Неше дәулер, неше ерлер Қызметіне тақ ұрды* (Алпамыс).

Даңғыр етті. Бос шелектің соққыдан, бір нәрсеге соғылуынан қаңғырлаған дыбыс шығаруы. Түн баласында бос шелектің даңғыр ете қалған даусы біраз жерге естілген болу керек (Т.Жармағамбетов, Нәзік.). *Бос шелек даңғыр еткенде үшеуі де дір ете қалды* (Ө.Нұрпейісов, Сергелден).

ДАҢҒЫР-ДҰҢҒЫР е л і к. *Бос, үлкен әрі жұқалау қатты заттан жасалған затты басқа затпен соққанда шығатын қаңғыр-күңгір, салдыр-сұлдыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Теңге жерошақта асулы тұрған қазандағы сүтті әдейі теуіп жіберіп төгіп, леген, шәугімдерді де бір-біріне соққылап, даңғыр-дұңғырды көбейтіп, қиратып жүр* (К.Оразалин, Көктем.). *Даңғыр-дұңғыр, күмбір-күмбір бір сазды, қоңыр үнді ертеден бері тынымсыз соғып тұрған шіркеу қоңыраулары адамның еңсесін езіп, жалықтыра мазасын алып тұр* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Даңғыр-дұңғыр болды. Даңғырлап кетті, даңғырлаған шу басты. Қарақатын... жолда тұрған қара құманды қағып кетті де, лақ еткізіп суын ақтарып алды. Одан шелекке сүрініп, үй іші даңғыр-дұңғыр болды да қалды (Ө.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ДАҢ-ДҰҢ е л і к. *Қаңғыр-күңгір, шаң-шұң дыбысты бейнелейтін сөз. Сол кезде әйел-еркегі аралас көп адам даң-дұң дауыспен Итаяқ үйінің маңына жинала бастады* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Боз көлдің айналасы қиқу, даң-дұң, иіп тірескен ел, біреуді біреу біліп болмайды* (С.Талжаов, Ұлдай.). *Төңіректе даң-дұң дауыс, көңілді күлкілер* (Қ.Қараманұлы, Қайран өткел). *Тойға жиналған жұрттың даң-дұңымен Танабай ауылына жаңадан рух кіріп, жаңа нұрланып жандатып тұр* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ДАР 2 е л і к. *Айырылып, жыртылған дыбысты бейнелейтін сөз.*

Дар айырды. Дар еткізіп, қақ бөлді, жырты. Аяқтап келгенде екі санды екеуі [қасқырлар] ортасынан дар айырып жұлып-жұлып әкетісті (М.Әуезов, Қараш.). *Жаңыл Райханның сөзін арқаланды ма, бетінің қанын етегімен сүрте салып, көйлегінің өңірін дар айырды* (С.Жүнісов, Жапанда.).

Дар айырылды. Дар етті, қақ бөлінді, жыртылды. Үйге алқынып Ажар кірді, көйлегінің бір жақ етегі өңіріне дейін дар айырылған (С.Жүнісов, Өшпейтін.).

Дар еткізді. *а) Қақ айырылтты, дарылдатып жыртыты. Ол үстіндегі көйлегін шешіп, дар еткізіп қақ бөлді де, екі таяқтың ұшына байлады (Н.Баяндин, Құм асты.). ә) б е й п і л. Қатты жел шығарып қойды. Байқамай дар еткізіп қойды (Ауызекі).*

Дар етті. *Қақ айырылып, дарылдап жыртылды. Ол шекесінен аққан қанды қолымен сипап, басын сілкіп қалып еді, дар етіп жер дүние жарғақ теріше қақ айырылып кеткендей болды (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Қайық түбі арамен кездескендей дар ете түсті (Ә.Сараев, Қараша.).*

ДАРБАҢ е л і к. Арбаң. *Дарбаң қимыл ебедейсіз.*

ДАРБАҢ-ДАРБАҢ е л і к. Арбаң-арбаң. *»Дарбаң-дарбаң жүрісінен таныды (Ауызекі).*

Дарбаң-дарбаң етті. *Арбаңдап ебедейсіз қозғалды.*

ДАР-ДАР е л і к. Матаны, киімді қатты, бірнеше рет жыртықанда шығатын дыбыс. *Бірін-бірі итерісіп, қатты жұлқысып қалғанда екеуінің де жағасы дар-дар айырылып кетті (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Қатын-қалашпен араласып кеткен жарым-жарты жұрт ұлықтардың үйінде қалған киім-кешегін жұлып-жұлып алысып, талқандай тартысып жеңін жең, бойын борша-борша қылып алып, дар-дар айырысып жатты (М.Әуезов, Қилы заман).*

Дар-дар етті. *Дарылдаған дыбыс шығарып, қайта-қайта қақ айырылып жыртылды. Үйден жыртылған кездеменің дар-дар еткен даусы сыртқа естіліп жатты (С.Сейфуллин, Әңгім.).*

ДЕЛБЕҢ е л і к. Желп еткен, ербең еткен қимылды бейнелейтін сөз.

Делбең етті. Желп етті, ербеңдеді. Нұртай қолын маған қарай соза бергенде, делбең етіп, ат үстінен аударылып қалды (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Құрдасы делбең етіп суға құлады (Н.Ғабдуллин Қызық дәурен).

Делбең қақты. Делбең-делбең етті, желпілдеді. Серегиннің көкшіл көзі күлімсіреп, танауының желбезегі судан шыққан балықтай делбең қағады (З.Шашкин, Теміртау). Осы сәт кең көйлегінің етегі делбең қағып, бие бау жақтан бір әйел ұшып келеді (М.Әбдірахманов, Адаскан.).

ДЕЛДЕНІ е л і к. Желп еткен қимылды бейнелейтін сөз. *Нұрлан делдең қағып жүгіріп келді (Қаз. тілі. түсінд. сөздігі).*

Делдең етті. *Делдиді, делдеңдеді. Әбділәзиздің аяғы алыстан делдең етіп көрінді (Д.Досжанов, Кісі.).*

ДЕЛДЕН-ДЕЛДЕН е л і к. *Қайта-қайта желпілдеген, делдеңдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін өз. Оның жүрегі желді күнгі жапырақтай дірілдеп, өкпесі көріктей көмпиісіп, танауы делдең-делдең етті (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).*

ДЕЛЕҢ е л і к. *Делеңдеп, желпілдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Делең етті. Желтілдеді, делдеңдеді. – Жидек теріп келдік, әже, – деп Жамал ақ көйлегінің етегі делең етіп, енесінің алдына билеп кеткендей бір дөңгеленді (З.Ақышев, Жесірлер). Шатырдың арғы бұрышынан етегі дағарадай бір қамыс қалпақ делең ете түсті (И.Салахов, Көкшетау).

Делең қақты. Желтілдеді, желбіреді, делдеңдеді. Басында біздің жақтың үлкен жаулығы, көк шұбар кең көйлегі делең қағып апам екпіндей басып келеді (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты).

ДОМАЛАҢ е л і к. Аласа, домалақ зат не адамның шапшаң домаланған, қозғалған қимылын бейнелейтін сөз. Көзді ашып-жұмғаниша “көк ит” қызыл қошқарды домалаң асырды. “Қасқыр!”. Төлегеннің тұла бойы мұздап қоя берді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Домалаң ете қалды [түсті]. Домалап түсті, құлады. Басы қайтадан төсіне домалаң ете қалды (Ш.Мұртаза, Мылтықсыз.). Қаға берісте біреуі шылтың етіп артыла кеткенде, қу мүйіздің бірі жайқап қалса, домалаң ете түседі (Ж.Аймауытов, Шығ. жин.).

Домалаң қақты. Аласа бойлы, толықша келген адамның қимыл-қозғалысына, жүрісіне қатысты айтылады. Ага лейтенант орнынан тұрып әрлі-берлі домалаң қағып жүрді (Е.Әкімқұлов, Перизат). Жерді тесіп жіберердей болып талтайып тұрған Құрмаиш: “Ақылыңа болайын, алжыған қақбас”, – деп бір түкіріп, домалаң қағып машинасына отырған (Ж.Кәрменов, Түймеш).

ДУ-ДУ2 е л і к. Ұрғанда, ұялғанда, суыққа тоңғанда, ауырғанда т.б. болатын дендегі қызудың әсерін бейнелейтін сөз. Гүлбанудың жанына отырдым. Тақымым, үзеңгі бау қажазған сирағым ду-ду ашиды (С.Мұратбеков, Жабайы.). Ол әңгімесін жалғады. Ертесіне жолға шықтым. Жұрттың бәрі біліп қойғандай екі бетім ду-ду жанады (Б.Мұқаев, Аққу сазы). Басынан ба, әлде көкірек тұсынан ба, әйтеуір қайдан басталып, қайдан біткені белгісіз, рахат бір ыстық толқын өне бойын ду-ду аралап өтті (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.).

Ду-ду етті. Қыздырып, ысытып, шымырлатып әкетті. Алақаны зырылдап қалған, ду-ду етіп күрек сабын өзіне жолатпайды (С.Шаймерденов, Болашақ.). Осы сәт Қасымның беті алаулап ду-ду етті. Өзін билеген шымшытырық сезіммен арпалысуда (Ө.Қанахин, Мұрагер). Денесі суыған сайын, тыныс алған сайын, екі алақаны ду-ду етеді (Р.Әутәліпов, Алтын.).

Ду-дуұрды. Алақандары қызғаниша қол соқты. Әлгінде сөзден жеңіліп, төменшіктеп қалған қыздар мырс-мырс күліп, мәре-сәре болып алақайлап, ду-ду ұрып жатыр (С.Балғабаяв, Құм.).

ДҮБІР-ДҮБІР е л і к. Дүбірлеп, дабырлап қозғалған қимылды бейнелейтін сөз. Дәліз есігінің сыртында дүбір-дүбір, күтір-күтір естіледі (М.Тиесов, Дала.). Сәл лепке қайтып оралған қаздар дүбір-дүбір қанат қағып, жағаға барып қонады (“Қаз. әдеб.”).

ДҮҢГІР-ДҮҢГІР е л і к. Шектеулі, көлемі аз кеңістіктің ішінен қатты шықпай, даңғырламай естілетін дыбысты бейнелейтін сөз. Аспанның дүңгір-дүңгір еткен құлағы ештемені де естімейтін сияқты (С.Ғабассов, Серпер.) Түбірдегі аттың доғасына ілген үлкенді кішілі үш қоңырау, бәрі де жез қоңырау, әсем күмбірлеп, табиғат дүлейін зор оркестор десек, мыналар соның ішіндегі сыбызғы үнді скрипкаларға ұқсайды; сыңғыр-сыңғыр, дүңгір-дүңгір, шылдыр-шылдыр (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ДҮҢК 1 е л і к. *Ауыр заттың жұмсақ затқа соқтығысуынан, не құлауынан шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. ≈ Дүңк еткен дыбыс.*

Дүңк еткізді. *Сарт еткізді, ұрып кеп қалды – Әй, кәрі бура, жыныңды шашып құтырмай тек отыр, – деп Сақина да сол бүйірінен дүңкдегізді* (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Дүңк еткізді. а) Гүрс еткізіп атты. *Бір қияның кертешіне барғанда, мылтығын жоғары қаратып Қайырбек дүңкеткізді* (Ғ.Сланов, Шалқар). ә) *Бірден айтып салды. Мен енді осы сөзін Мендештің көзіңше дүңкеткізе ме деп қыпылықтап жүрдім* (Б.Аманшин, Жар мұңы). *Сәлім өзінің бұл сөзі Бейсеннің көңіліне келеді деген жоқ, ойланбай ойындағысын дүңкеткізіп айтып салды* (М.Дүйсенов, Гүлжан.). *Галә өз ойымен алаң болып, қасындағы жігіттің сөзін де ден қойып тыңдамады. Кенет Бөшек түйеден түскендей: – Мен сені сүйемін, – деп дүңк еткізді* (Т.Ахтанов).

Дүңк етті. а) *Тарс етіп құлады, гүрс етіп түсті. Жанып келе жатқан тас әйтеуір біздің үстімізге құламай, он қадамдай асып барып, дүңкете түсті* (Т.Сүлейменов, Жұлдыз.). *Жер еденге дүңк етіп қойылған ауыр шелектің сылдыры естіді* (“Лен. жас”). ә) *Дүңк-дүңк етті. Төрт-бес адам шауып келіп, үйдің сыртына дүңкетіп түсті де, аттарын байлар-байламастан асыға үйге кірді* (“Қаз. әдеб.”). б) а у ы с. *Күтпеген жерден сөз болып, жан-жаққа өрбіп тарайды. Кенесары қолы Көкшетау жақты шауыпты деген хабар келесі күні-ақ бүкіл Сарыарқаға дүңк ете қалды.* (І.Есенберлин, Қаһар). *“Тымақ кепті даладан... Ұшып кепті қаладан...” деген хабар дүңкетті, Тымақ біткен күңк етті, Шуылдасты, жиылды, Алласына сиынды* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *“Патша қазақтан солдат алады-мыс” деген хабар дүңкете түсті* (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). г) *Қорс етті, мыңқ етті, бірден айтып салды, қойып кеп қалды. – Е, қызықсың зой өзің, біреу бүлдіріп жатса, үндемей отыруым керек пе? – деп дүңкетті Батырбай* (М.Иманжанов, Менің махабб.).

ДҮҢК-ДҮҢК е л і к. *Тарсылдамай, сартылдамай шыққан соқтығыстың тұншығып естілетінін білдіретін сөз. Енді күпәйкесін шешпестен, керзі етігімен тақтай еденді дүңк-дүңк басып төргі бөлмеден бір-ақ шықты* (Д.Досжанов, Тұлпар.) *Рахымбай қатты жүрістен әбден жалықты. Оның үстіне дүңк-дүңк еткен қара-көк аттың желісі іші-бауырын солқылдады*

барады (“Лен. жас”). 2. а у ы с. Жүректің соғуын бейнелейтін сөз. Сағаттың түк-түк тырсылы, Жүректің дүңк-дүңк дүрсілі. Естіледі бөлмеде, Сөйлемеймін мен неге? (Ж.Смақов, Тамшы).

Дүңк-дүңк етті [естілді]. Ел-жұртқа алып-қашпа сөз тез жетіп, кеңінен тарады. Байлардың малын кедейге тартып әпереді, өздерін жер аударарды, деп дүңк-дүңк етеді жұрт (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Райханды алып қашуға келгендер қара беттер екен деп жұрт дүңк-дүңк етті (С.Жүнісов, Жапанда.) Гүңілдеген өсек, гүңілдеген сөз басылмай-ақ “Қапнас үйленіпті” деген сөз де елге тағы да дүңк-дүңк естілді (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

Дүңк-дүңк хабар. Алыпқашты сөз, дақпырт. “Пәленишеден он саулық, түгеншенің отарынан жиырма бес өліпті” деген, аяздан да ызғарлы хабар дүңк-дүңк естіліп жатты (Жалғыз салт атты). Бұл дақпырт ауданға ертеңінде-ақ таралып, “жаңа басышылар тәртіп жөнінен қатты кетіпті” деген дүңк-дүңк хабар жан-жаққа тарап жатты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ДҮП 2 е л і к. Дүңілдеп естілген дыбысты бейнелейтін сөз. Төбеден дүп етіп секіріп жерге түсті (“Жұлдыз”).

ДҮР5 е л і к. Дүрс еткен, гүр еткен дыбыс, үнді бейнелейтін сөз. Төсек қатты сықырлап, кітаптарды ала беріп, дүр құлады (К.Оразалин, Ақ жазық.) Байқайсыздар ма, қотанға сырттан жат біреу келсе, қой дүр үркеді (Шопан серігі).

ДҮР-ДҮР1 е л і к. Гүр-гүр, дар-дар, ду-ду еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Дүрілдейді трактор Көк барабан дүр-дүр (І.Жансүгіров, Шығ.). Аттардың аяқтары жерді дүр-дүр басады (М.Әуезов, Шығ.). Дүр-дүр қол шапалақ, жапыр-жұпыр үдере түрегеліп, бір-біріне жөнөді (“Қаз.әдеб.”). Сырттан дүр-дүр еткен машина даусы естілді (“Лен. жас”).

ДҮРС е л і к. Гүрс, Тарс-тұрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Қазақстанда өндіріс, Күшейіп келед, бұл ырыс. Паровоздар бұрқылдап бұрқылдап, Машиналар дүр те дүрс (Ғ.Малдыбаев, Балға-Орақ). Жүрегім неге тоқтамай, дүрс те дүрс соғады? Елеулі елді жоқтамай, Құлағым нені ұғады? (Үш ғасыр.).

Дүрс еткізді. Ойланбай айтып салды, қойып қалды. Сазанбай жайсыз хабарды Досайға бірден дүрс еткізді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Дүрс етпе [етпелік]. Қоңқ-қоңқ етпе, дөкір мінезді (адам). Ұзағалы баяғы тоң мойнындағынан, дүрс етпелігінен танбады. Жас әйелдің тәтті қиялын түсінбеді (“Лен. жас”).

Дүрс етті. Гүрс етті, тарс етті. Сумканың терезеден жерге дүрс ете түскен дыбысына балалардың бәрі елең ете түсті (С.Бегалин, Жеткіншек). Дүрс еткен зеңбірек үнінен кейін жұрттың бәрі ентелеп, танкілер жаққа қарады (Ә.Нұршайықов, М.Қайырбаев). Дәл осы сәтте есікке бір нәрсе соғылғандай дүрс ете қалды (А.Мекебаев, Құпия қойма).

ДҮРС-ДҮРС е л і к. *Гүрс-гүрс, тарс-тарс еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Еденді ойып жіберердей дүрс-дүрс басып менің кабинетімнің алдына келді (“Қаз. әдеб.”). Алдымыздан да, артымыздан да дүрс-дүрс снаряд жарылды (“Қаз. әдеб.”). Басы айналғандай Қаншайымның құлағына дүрс-дүрс бір үн ғана келеді (Ш.Құмарова, Қос шынар).*

Дүрс-дүрс [етті] соқты. *а) Тарс-түрс қағылды, гүрсілдеді. Оның үстіне енді шыға берем дегенде, әйнек дүрс-дүрс соғылып тағы да Қайкеннің даусы шықты (С.Жүнісов, Өшпейтін.). Поезд доңғалақтары рельсті дүрс-дүрс соғып, алға қарай тынымсыз зырлап келеді (“Лен. жас”). Есік дүр-дүрс етті (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Шабдар ат осқырып қалып, алдыңғы аяғымен жерді дүрс-дүрс еткізіп тарпып-тарпып жіберді (С.Сейфуллин, Әңг.). ә) Жүрек лүп-лүп етіп, қатты жұмыс істеді. Жігіттің жүрегі дүрс-дүрс соғып, аттай тулап кетті (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Енді Нарботаның жиілей түскен дем алысы оның оң құлағының түбінен, дүрс-дүрс соққан жүрегі ту сыртынан анық білініп тұр (А.Әлсеров, Таң алдында). Жүрегі дүрс-дүрс етіп, қапелімде тамағына тас тұрып қалғандай епетеісіз жұтына берді (Қ.Найманбаев, Беймезгіл.). Өзім әлі үйір болмаған жат мектепке жүрегім дүрс-дүрс етіп, толқып келе жатырмын (Б.Сокпақбаев, Бастан кеш.).*

ДҮСІР-ДҮСІР е л і к. *Тасыр-тұсыр, дүбір-дүбір, түсір-түсір еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Кенет ойда-жоқта үй сыртында дүсір-дүсір жүріс көбейіп, тарс-түрс мылтық атылды (О.Сәрсенбаев, Жалғыз.). “Қоймас, – деп, – құлқы жаман бақыт нүсір”. Қашумен қалғандары барды Мысыр, Шандақ боп шараптты сондай шаһар, Шабылды ат күні-түні дүсір-дүсір (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Жүрсінкүл дастарқан жайып, кебеже самаурынды әкелгенде аяқтарын дүсір-дүсір қағып, түс қайта оқитын баласы кірді (М.Байғұтов, Шілде).*

ДЫБДЫР-ДЫБДЫР е л і к. *Дыбырлаған, дыбыр-дыбыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Аға, мен ауылға бармаймын. Иә, бармаймын. Өлтірсе де бармаймын, – деп дыбыр-дыбыр етіп сөйлеп келеді (С.Бегалин, Сәтжан). Жұмағұлдың асығып-үсігіп дыбдыр-дыбдыр айтқан сөзінен еш нәрсе түсінсем бұйырмасын (Ауызекі).*

ДЫБЫР-ДЫБЫР е л і к. 1. *Дыбыр-дүбір, күбір-күбір. Көрші үйдегі адамдар түнімен дыбыр-дыбыр етіп ұйықтатпай қойды (Ауызекі).* 2. *Былдырақтау. Әйтеуір, Мұрт жыбыр-жыбыр етіп, Кекештеніп дыбыр-дыбыр етіп үшке ілікті. Оның өзі күшке ілікті (С.Кенжеахметов, Қуырдақ).*

ДЫЗ-ДЫЗ е л і к. *Қыз-қыз, шым-шым. Күні бойы суды кешіп келіп, артынан дыз-дыз қайнап, таң ата қайта мұздап шыға келетіні бар еді (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Табандары дыз-дыз ауырып және тасқа тие берді (К.Ахметбеков, Жеңіс.). Әй, қыз, үйің дыз-дыз қайнайды ғой (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.).*

Дыз-дыз етті. а) Дызақтады, шыж-быж болды. Жұрт үн-түнсіз қол қойып бере салады. Шыж-быж олай етпейді, дыз-дыз етіп алады (“Қаз. әдеб.”). ә) Қыз-қыз қайнайды. Бейшеннің ыстық демі дыз-дыз етіп, ернімнің ұшында тұр (І.Жақанов, Қайта орал.). б) Ыз-ыз, ыс-ыс етті. Бас көтеру мүмкін емес, снарядтар алаңның тасын аударып, оқтар дыз-дыз етіп себелеп тұр (Ә.Жәмішев, Армысың.). в) Удай ашып ауырды. Дәрі жаққан сайын аяғының жарақаты дыз-дыз етіп ауыратынын балаға ескеріп алдарқатты (“Қаз. әдеб.”).

ДЫҚ-ДЫҚ е л і к. с ө й л. Тық-тық. Қожан бір күні жолдастарымен мәжіліс құрып отырса, аяғын дық-дық басып, бір солдат қыз өтіп барады екен (Т.Бердияров, Солдат.). Бала байғұс тұншығып қалмасын, – деді де аяғын дық-дық басып шығып кетті (Ж.Еділбаев, Тергеуші.). – Маржан! – деген сырттан шыққан дауысқа елең етіп, қыз алақанын еппен ғана босатып алып, дық-дық басып жүріп кетті (К.Баялиев, Дегелек.).

ДЫҢ2 е л і к. Кенет даң етіп шыққан қатқыл дыбысты бейнелейтін сөз. Қайрат кеміп қалжырап, Бір жығылып, бір тұрам. Құлағы шулап, дың болып, Қарға адым жер мұң болып (Ө.Тұрманжанов, Сұңқар.).

Дың етті. а) Домбыра ішегі шыңылдап, дыбыс шығарды. Түн ортасы ауғанда, үй ішінің шырт ұйқысын бұзып, иесі домбырасын дыңеткізгенде, ала күшік іргеде жатып шауілдеп қоя берер еді (М.Сатыбалдиев, Жаргас.). Тәкаппарлық сезім бұлқып бүйірді, Домбыраның бар пернесі қиылды. Қос ішекті дың еткізіп күйші әнді, Наралдына бір тізерлеп ілді (М.Сатыбалдиев, Шула. толқын). ә) Шық ете қалды, дыңылдады, дың-дың етті. Дәл құлақ шекеден дыңеткізген темірдей алақанның қыры қалпақтай ұшырды (С.Мұратбеков, Көкорай). б) Дық етті, ауыртты. Жасқанып та үлгермедім, дың еткен ауыр соққы шекемді шарт еткізіп, жарып түскендей болады (Б.Сокпақбаев, Балалық.). в) Сап ете қалды, еске түсті. “Міне үйрендің. Енді күнде мініп тұрасың. Әрі-беріден соң бәйгеге шабатын боласың”, – деп айтқан атайдың энеукүнгі бір сөзі құлағымда дың ете қалды (“Лен. жас”).

Дың қылды. Даң қылды, мазасын алды. Шәшкемді неге менің сындырдың сен? Ойрандап қостың ішін бүлдірдің сен! Көрмеген тумысымда қорлықты істеп, Ызамен бір басымды дың қылдың сен (Б.Ізтөлин, Өмірі.).

ДЫҢ-ДЫҢ е л і к. 1. Қайта-қайта дыңылдаған дыбысты бейнелейтін сөз. Қабырғада шықылдап тұрған үлкен сағат дың-дың соқты (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Аспаннан бар екпінімен заулап түскен шымыр бұршақтар тақыр шекеге дың-дың тигенде, таспен ұрғаннан бір кем емес (Б.Сокпақбаев, Балалық.). 2. а у ы с. Мыңғы-дыңғы, мең-зең. Құрбанның сусар бөрік астындағы сеп-семіз дөңгелек басы дың-дың (Р.Райымқұлов, Түйелі адам).

Дың-дың еткізді. а) Дыңылдатты, дыңғыр-дыңғыр үн шығарды. Шолпан домбырасын алды. Дың-дың еткізіп бір-екі қайырып жөндеп қойып, асығыс

бір күйді бастай кетті (“Қаз. әдеб.”). ә) Ұрды, тартып-тартып жіберді. Еңсебай молда кейбір балаларды таяғымен шекеден дың-дың еткізгені есінен кетпейді дедім мен (Қ.Шөкенов, Біздің Ілияс).

Дың-дың етті. Дыңылдады, шыңылдады, басы ауырды. Сәлменнің буы-буыны құрып, біреу алқымын сығымдап өңменінен итергендей басы да көтертпейді, дың-дың етіп, шанышп ауырады (Б.Тілегенов, Аққайнар). Ішке қарай ып-ыссы көк түтінді сылқытып-сылқытып жіберді. Көз алды мұнар тартып, басы дың-дың ете түсті (С.Бақбергенов, Адам.). Құлағым дың-дың етеді. Маңдайдан ағып, көзіме құйылған кермек терді қайта сүртіп, жан-жағыма қарадым (С.Бақбергенов, Алтын күрек).

ДЫҢҚ е л і к. Кенет дыңқылдаған, тыңқ еткен қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.

Дыңқ еткізді. Дыңқылдатты, тыңқылдатты. Біздің әкейге сәлем айт, – деді ол, хатты оқып болғаннан кейін, талпақ танауын дыңқ еткізіп, – қарауында жеті жүз әскері бар мен сияқты офицер мұндай атқосшыға зәру емес (Ө.Әбішев, Терең тамыр.). Екі тілмәштің аузында тыным жоқ. Эгенсонда анда-санда танауын бір дыңқ еткізгеннен басқа үн жоқ (Ө.Әбішев, Сәуле.)

ДЫҢҚ-ДЫҢҚ е л і к. Қайта-қайта дыңқылдаған дыбысты бейнелейтін сөз. Мұндай жерді бұрын көрмегендіктен бе,... Ойран шоқысын ажал тауындай көріп тұра қалған сайын олар танауларын дыңқ-дың еткізеді (Ө.Әбішев, Терең тамыр.). Манадан бері сабырлық етіп, домбыраның шегін дыңқ-дың еткізіп, бұлардан көзін айырмай отырған Қазбектің жүрегі де әлденені сезгендей мұздап сала берді (Ө.Әбішев, Жас түлек.).

ДЫР-ДЫР е л і к. Дырылдаған дыбыс, дарылдаған үнді бейнелейтін сөз. Сонымен кілем жасауға бел байладық. Әбден тозығы жеткен дүниелер сабын салғанның өзінде дыр-дыр айырылады (Қ. Найманбаев, Шығ.). Көрікті жаз шырайы көктем келді, Тігісін қалың тонның дыр-дыр сөгіп (Пернедегі терме). О да бұған ұмтылды, Бұл да оған ұмтылды. Екеуі киген ақ сауыт Бояқтай дыр-дыр жыртылды (Батырлар жыры).

Дыр-дыр еткізді. Дырылдатқызды, дар-дар дыбыс шығарды. Тұмарбай сыбызғы тартқан кісіше, ұзын кеңірдегінен күр-күр, дыр-дыр еткізіп бір әуез шығарды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Дыр-дыр етті. Дырылдады, дарылдады. Тек ылдида дыр-дыр етіп, діріл қағып, түтін саңғып бара жатқан трактор ғана бұрын бұл атыраптың түсіне кірмеген нәрсе (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Мәшинем кешеден бері дыр-дыр етіп тартпай қалғанды шығарды (М.Хасенов, Қайсар).

Дыр-дыр қасыды. Денесін тырнап тастады. Ерден аяғын сылбырлау басып, байталға қарай бара бергенде омырауын дыр-дыр қасынып

Жылқыбай шықты (С.Мұқанов, Теміртас). Құнанын шешіп алып, мінгелі жатқанда, келіншегінің қойнынан жаңа тұрған ағасы жалаң аяғына кебіс іліп, бір қолымен тақылжырын дыр-дыр қасып, бір көзін сығырайтып: “Уай, сен қайда барасың?” – деп еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Малайлардың шам жарығынан бет бейнелері азар көрінеді. Мұрындарының пысылы, дыр-дыр қасынғаны анық естіледі (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ДІК е л і к. Заттың қатты қатты нәрсеге қадалғанда, тигенде, секіріп түскенде шығатын қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.

Дік етті. а) Дәл түсті, тез жетті. Ұяның тұсындағы мұрыншақ тасқа құрықшасын тіреп Сәтжан мысықша тырмысқан ептілікпен дік етіп түсе қойды (С.Бегалин, Таңд. өлең.). ә) Топ етті, дық етті. Тірсектен бір қаққанда ат жер құшты. Жалп ат үстінен дәу ұшты; Сонда да сұлап түсіп сылқ етпеді, Дік етіп тікесінен жерге түсті (Ә.Әленов, Әлімқара). Жауынбай ауылдың дәл ортасындағы үлкен ақ ордаға – әке үйіне кеп ат басын тіреді. Ауыр денесін ықшам қозғап дік етіп аттан түсті (С.Сматаев, Елім-ай). б) Қыдыңдады, дікіңдеді. Кәне, есеп бер, – деп дік етті комсорг (“Лен. жас”). в) Көңілге келді, ойға түсті.

Көңілге [жүрекке] дік қылды [етті, тиді]. Көңілге қаяу түсті, көңілге келді, өкпелең кіреді. Жас немелер, көп болса оңашалап сүйісіп алып сөйлескен шығар. Қойшы, не болса соны көңілге дық қыла бермейін (С.Досымов, Директорлар). Балапан бай бәсекеге келген өзге рулар көңілдеріне дік етіп қала ма деп, Байсалдардың қасында көп тұрмады (Ә.Кекілбаев, Дала.). Екі бірдей жолдасымды ренжітіп алдым-ау деген күдік дік ете қалды жүрегіне (А.Байжанов, Асан). Не болып кеткенін онша да түсіне қоймай, жылап қалған апасына жаны ашып, атасының бетінен де сүймей, “бара бер” дегені көңіліне дік тиіп, артына жалтақтап бала бір-екі рет сүрініп кетті (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.).

ДІК-ДІК е л і к. 1. Тамырдың, жүректің лүп-лүп соғуын бейнелейтін сөз. Жұмыр кеуденің қуысында дік-дік соққан жүрек қанша рет сыздап, қаншама рет жарыла қуанды десейші (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Қотыр басып кеткен білегіне Еркебұлан қолын апарып еді, тамыры дік-дік зіркілдеп жатыр екен (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. Кет.). 2. Бір нәрсені қатты екпінмен ұрғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Кіжіне тиген сойылдың дік-дік дыбысы. Жылқы шұрқыры. Ию-қию көп ың, көп дыбыс. Бұл соның бәрін құныға тыңдайды (“Лен. жас”). 3. Жүгіргенде, секіргенде, жүргенде шығатын тық-тық, дық-дық еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Біреу жүгіріп келеді. Қадамы жеңіл, дік-дік етеді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Біздің дыбысымыздан сезіктенген не бұғы, не тау ешкісінің дік-дік етіп секіріп қашып бара жатқанын ғана көреміз (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Төбесі ашылып қалған қыстаудың қабырғасы үстіне тырмысып шығып, сосын жерге секіреміз. Құмға бәсекелесе дік-дік түсіп жатқанымыз

сол (Ө.Қанахин, Жербас.). 4. а у ы с. *Нақпа-нақ, тұп-тура, дәлме-дәл. Шумақ пен ұйқасты алған соң, өлең аяғының ұйқастары босаң болмай, нық-нық, дік-дік түсіп отыруы қажет* (“Лен жас”).

Дік-дік етеді. *Қылқылдады, дікендеді, дікің-дікің етті. Арамтамақ, бойкүйез неме, осыңды қоймасаң, арам бездей сылып тастармын деп, дік-дік етеді* (Ғ.Мұстафин, Миллионер). *Өлгеннің жанын ұрады, Тірінің несі кетеді. Молдасы қолда Құраны, Нәменгер дік-дік етеді* (І.Жансүгіров, Шығ.).

ДІҢГІЛ-ДІҢГІЛ е л і к. *Діңкілдеген жіңішке үн бейнелейтін сөз. Діңгіл-діңгіл етіп, өз шаруасын айтып жатты* (“Жұлдыз”).

-Е-

ЕДІРЕҢ 2 е л і к. *Аяқасты шошып не жақтырмай қарағанды бейнелейтін сөз қолданыс.*

Едірең етті. *Жалт қарады, көзі шатынады. Ол қазақтардың аты өзіне құлақтарын селтште қарап едірең ете түскенін анық байқады* (Х. Есенжанов, Ақ Жайық). – *Е, мектеп болса қайтушы еді? – деді едірең етіп Жарекен, бәтеңкесінің бауын еңкейіп байлап жатып* (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). *Медет жасы құрбы біреу емес, әкесіндей кісінің тым тіке кеткенінен ұялап не дерге білмей жалт беріп еді, қара шұбар қызараңдап едірең ете түсті* (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Едірең қақты. *Едірең-едірең етті. Орай бір кезде түсінен шошынғандай, едірең қағып, еңсесін көтеріп алды* (М.Хасенов, Наргәуекел).

ЕЖІРЕҢ е л і к. *Едірейіп, адырайып қараған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Ежірең етті. *Ежірейе қарады, едіреңдеді. Түрегеп тұрып-ақ ішейін деп жанынан өткен күпшекттей жуан келіншектен екі бөтелке сыра сұрап еді, анау құбыжық көргендей ежірең етті* (Н.Сералиев, Қаңтар).

ЕЖІРЕҢ-ЕЖІРЕҢ е л і к. *Жақтырмай, ұнатпай қараған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз қолданыс.*

Ежірең-ежірең етті. *Көзін аларта жақтырмай қарады, ежіреңдеді. Мұның ұсқынынан сескеніп қалған Омаш, бет жүзі құбылып, көзі ежірең-ежірең етті* (Е.Қонарбаев, Жол басы.).

ЕЛБЕК е л і к. *Жалпылдаған, елбелектеген қимылды бейнелейтін сөз.*

Елбек қақты. *а) Жалп-жұлп етті, бұлғақ қақты, елбектеді. Жағалаудың селдір сары қамысы суылдап, шайқалып, суық жел астында елбек қаға бастады* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Көшенің екі жағын бойлай өскен алуан түрлі ағаш жапырақтары елбек қағып, басын шұлғыпты* (Ә.Шәріпов, Паризан.). *ә) Тез-тез қимылдады, дедек қақты, ұшып-қонды. Қап-қара борбайлары дедектеп, жалаң аяқ, жалаң бас күйде елбек қағып, ұшып жортып жүр* (М.Әуезов, Индия очерк.).

ЕЛБЕК-ЕЛБЕК е л і к. *Жалп-жұлт етіп, қайта-қайта елбек қаққан қимылды бейнелейтін сөз. Астындағы Тайбурыл Елбек-елбек жортады, Ерні төмен салынып, Қара терге малынып (Батырлар жыры).*

ЕЛБЕҢ-ЕЛБЕҢ е л і к. *Елбеңдеп, қаңғалақ қаққан қимылды белгілейтін сөз. Елбең-елбең жүгірген, Ебелек отқа семірген. Арғымақтан туған асылды Баптап мінер күн қайда? (Махамбет, Өлеңд.). Елбең-елбең жүгірген, Ебелекті боз далам. Ұйып тұрған іңірді Ұясынан қозғалған (Ө.Нұрғалиев, Нөсер).*

Елбең-елбең етті. а) *Ербеңдеді, селтеңдеді, қараң-құраң етіп көрінді. Шаһар жақтан бір адам, Елбең-елбең етеді. Ат қоялық қырық жігіт, Ат қойсақ неміз кетеді (Батырлар жыры). Күте-күте жан жарар... Дарига, қашан жетеді?! Әлдеқайда бір қара Елбең-елбең етеді (М.Жұмабаев, Шығ.). ә) Жаны қалмады, бәйек болды, құрақ ұшты. – Бүгінгі самолеттен өзім апарам Сағаға, құлан таза жазылып кетесің, – деп, елбең-елбең етті (З.Қабдолов, Жалын).*

ЕЛП е л і к. *Желп еткен жеңіл қимылды бейнелейтін сөз.*

Елп ете қалды [түсті]. *Келісе кетті, лып етті. Ықсақ елп ете қалған жоқ. Сырт айналып төрдегі құрақ көрпенің үстіне барып жайлана жатты (М.Сүндетов, Ескексіз.). Ол елп ете қалмайды, жүрісі жай, ілбіп жақтырмай барады (Д.Досжанов, Тұлпар.). Әр нәрсеге асығыс елп ете түспей, соғын шыдаммен күткен қалпын байқатты (М.Дүзенов, Әке бол.).*

Елп етті. а) *Желп етті. Оқта-текте елп еткен жібек желмен ойнағандай бастарын шұлғып қап теңселіп тұрған көк майса үстінде асыр сап ойнап жүрміз (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). ә) Байқалды, білінді, сезілді. Алмадай қызарған кішкене қыз жүзінде қуаныш күйі елп етті (З.Шүкіров, Ғажайып.). б) Лып ете қалды; тез жсауап қатты, қоштады. Құдайберген елп етіп: – Сен білмеуші ме едің? Алдыңғы жылы қыс қатты болып, бізде мал қырылды ғой (Т.Ахтанов, Дала.). Мына қатындар не айтса да елп етіп қостап, “кәзір”, “кәзір” дейді (Ө.Нұрпейісов, Сергелдең).*

ЕЛПЕК-ЕЛПЕК е л і к. *Ұшып-қонған, елпілдеген көріністі бейнелейтін сөз.*

Елпек-елпек етті. *Елпектеді, жаны қалмады; ұшып қонды. Жетпіспайдың баласы шөпжелке біреуді үйіне кіргізіп, жерден жеті қоян тапқандай елпек-елпек етіп жүрген көрінеді (“Қаз. әдеб.”).*

ЕЛП-ЕЛП е л і к. *Елпілдеген, елпек қаққан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Елп-елп етті. *Елпілдеді, елпектеді, елпең қақты. – Сен немене, елп-елп етіп жүргенің жүргенің?! Өлген әкең тіріліп келді ме? Сониа құрақ ұшатын әулие ме еді Қаниа! (Н.Ғабдуллин, Сар. Жапырақ).*

ЕЛПЕҢ-ЕЛПЕҢ е л і к. *Елпеңдеп, құрақ ұшқан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Елпең-елпең басты. *Елп-елп етті, елпеңдеді. Аруақ ұрған Әулеке, Ауа көшіп тайыпты. Елпең-елпең басыпты, Еркеш-Тамнан асыпты (Манас).*

Елпең-елпең етті. Елпеңдеп тез жүрді, елпең қақты. Онда үн жоқ. Мұрнын тесіп жетелеген қотыр тайлақтай елпең-елпең етеді (С.Бакбергенев, Қарға там.). *Ол елпең-елпең етіп жүгіре түседі* (Р.Райымқұлов, Қызайна).

ЕМПЕҢ-ЕМПЕҢ е л і к. *Елпеңдеген қолайсыз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Жанарында ашу-ыза оты ұшқындап, қазығын емпең-емпең айналады* (С.Елубаев, Ойсыл қара). *Жетектеп емпең-емпең сайға асыпты, Алатаудың бүйрегіне жайғасыпты. Бір жеті буып қойып, шешісе алмай, Күнде-күнде “соямен” сайласыпты* (С.Баймолдин, Монолог).

ЕҢҚ-ЕҢҚ е л і к. *Еңкілдеген, кеңкілдеген, солқылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.Еңк-еңк ақырды. Есек қатты солқ-солқ дыбыс шығарды. Қанаттың сыртқа шыққанына қуанғандай үй жанында байлаулы тұрған көк есек еңк-еңк ақырды* (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

Еңк-еңк күлді.Еңкілдеп сылқ-сылқ күлді. Тегі әнеугі мақала бас инженердің шамына тиген-ау – деп, Базаров еңк-еңк етіп күліп апты деседі (З.Шашкин, Теміртау).

ЕРБЕҢ-ЕРБЕҢ е л і к. *Бір нәрсенің әрі-бері немесе жоғары-төмен жылдам, кейде ебедейсіз қозғалысын білдіретін бейнелеуіш сөз. Ербеңдеген, шошаңдаған, селтиген. Енді қайтып тырнағын адамның кеудесіне іліктіре алмай, алдыңғы аяғы ербең-ербең етеді* (Т.Ахтанов, Дала сыры). *Екі қолы ербең-ербең етіп, кейін шегініп кетті* (Б.Мұқаев, Жалғыз жаяу). *Ербең-ербең жүсірген, ебелек отқа семірген* (Батырлар жыры).

ЕРБЕҢ-СЕРБЕҢ е л і к. с ө й л. *Ербең-ербең. Жаралылары да біздің елге істеген жсауыздығы жанын қинағандай қолдарын ербең-ербең еткізіп, бірінен соң бірі бақырып өтіп жатыр* (Ә.Әбішев, Терен тамыр.). *Атылған қасқырдың аяқтары ербең-сербең етіп, жанталасып жатыр* (Ауызекі).

-Ж-

ЖАЙНАҢ-ЖАЙНАҢ е л і к. *Ойнақшып, мың құбылған, жайнаң қаққан қимылды бейнелейтін сөз.*

Жайнаң-жайнаң етті.Ойнақшып, жайраңдады, жайраң қақты. Ал Жәнібек, Ақбақайдың ат болып жаралғаны анық болса, соныңның бағын сынайтын кезің келді-ау, бауырым, – деп Бозиатай жайнаң-жайнаң етті (Е.Тұрысов, Ақбақай).

ЖАЛАҢ-ЖАЛАҢ е л і к. *Жалаңдаған, жалмаң қаққан қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалаң-жалаң еткізді. Жалаңдатты, жалмаң-жалмаң еткізді. Шиырышықтала иретіліп, басын жоғары көтеріп шуақтап жатқан шұбар жылан балалардан сескенгенмен, жайлы орнын қимағандай “ыс” деп екі айыр қап-қара тілін жалаң-жалаң еткізеді (Ақ көгершін).

Жалаң-жалаң етті.Жалмаң-жалмаң етіп жалақтады. Тап беруге бата алмады, өйткені Қызыл отау кісілері мылтықтарын кезеніп: Тырп етсең

атыласың! – деп жалаң-жалаң етеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Таңертең тұрсам, Ақтай әлдеқашан буынып алған, аш тазыша жалаң-жалаң етеді (Б.Аманшин, Жар мұңы). Қағып жіберейін десе, қолы қимылдамайды. Ақ алмас жалаң-жалаң етеді (Ө.Кекілбаев, Дала.).

ЖАЛАҢ-ЖҰЛАҢ е л і к. ү с т. *Жалаңдаған, алақ-жұлақ еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Арыз құмар болғандар опыр-топыр, шақ-шұққа. Түспей жүр ме көрдің бе, жалаң-жұлаң тақ-тұққа (Абай, Тол. жин.). Жалаң-жұлаң етті. Жалт-жұлт, жарқ-жұрқ етіп көрінді. Қайрала-қайрала әбден жіңішкеріп қалған орақ-пышақтар жалаң-жұлаң етеді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). /632 б/*

ЖАЛБАҢ е л і к. *Ебедейсіз, икемсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Жақындық, жарастықты жалбаң біліп Жанымды жаралама жалған күліп. Ес білмес, ермек кұған бала емеспін, Жұбантар ойыншықпен алдандырып (Ө.Оңалбаев, Өсиет).*

ЖАЛБАҢ-ЖҰЛБАҢ е л і к. *Жалп-жалп етіп ебедейсіз, икемсіз қозғалған қимылды бейнелейтін сөз. Елбай... ат үстінде отырып қалды. Қарақшылар тырым-тырақай жалбаң-жұлбаң қаша жөнелісті (М.Сағыбалдиев, Жартас.).*

ЖАЛМАҢ-ЖАЛМАҢ е л і к. *Тынымсыз, дамылсыз жалмаңдап, ебедейсіз қозғалған қимылды бейнелейтін сөз. Жел өтіне көлденеңдей шөгін жатқан аруана жалмаң-жалмаң күйсеп, тағдырының ендігі нөқтасына көндіккендей (О.Бөкеев, Үркер). Орлақ Қодарқазғанның суын көп ішті. Шөпті де жалмаң-жалмаң шайнайды (М.Тиесов, Дала.).*

Жалмаң-жалмаң етті. Жалмаңдады, жалақтады, жалаң қақты. Кәне, қалқатайлар, қайсымызды қаласаңыздар да – пожалуйстаңыз, – деп жалмаң-жалмаң етіп тұр (А.Бекбосынов, Ауылым.).

ЖАЛП е л і к. *Жалпылдаған, қобыраған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалп етек. Жағымпаз, жарамсақ. Қазан нөкеріне: Жап аузыңды жалп етек, Жалынып өскен жаппар құл! Қобылан, Қазан тұрғанда Алишағыр ма еді айдынды (М.Әуезов, Танд. шығ.). Айдаркин қонақ үй кілтін ұстап жалп етек болуды өзіне кемшілік көрсе де басшылар алдында қызмет көрсетіп көрінгені бедел болар деп есептеді (С.Бегалин, Уақыт.).

Жалп еткізді. Лақтыра салды, тастай салды. Екі көзі жасқа толып, жарық күн шымылдық құрғандай бұлдырап тұман боп кетті. Сол тұманның ішінде басы азарған адамдар қолтығынан ұстап, сүйемелеп әлде бір жерге әкеліп, үп-үлкен бір адамның үстіне жалп еткізді. Ақбілек жылай берді... (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жалп еткізіп сөндірді. Кенеттен, аяқ астынан өшіріп тастады. Біреу есікті тырс-тырс шертіп еді, Эгенсон болар деген оймен сол жақта тұрған

шырақты жалп еткізіп сөндіре сала, есікке қарай ұмтылды (Ә.Әбішев, Замана.).

ЖАЛПАҢ 2 е л і к. а) Бәйек болып, ілтипат көрсетті. Жауапқа жас тұтқынды алып келді, Барлаушы тәлтіректен талып қалды. Жаны ашып тұрғандай-ақ жалпаң қағып, Тергеуші бір жұтым су алып берді (Қ.Жармағамбетов, Дәурен). Қазаққа жолың түсіп, қалсаң барып, Жайылып төсек болып, жалпаң қағып, Төрінен орын берер қошемет қып, Бағзы бір дәстүрімен дархан халық (Ш.Мұхамеджанов, Көңіл ашар). ә) Құрдай жорғалап, жағымпазданды. Тезекбай коньякты ма, шампанды ма, қайсысына тәбетіңіз шабады деп жалпаң қағушы еді, енді бүгін ол да орнынан бір атып түрегелді де, орнына қайта отырды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). – Тегі бәрі дайын болды, жаным – деп жалпаң қағып жатырмын. Осы бар ма, төбеме көтеріп аламын. Көресің әлі күйеуіңнің кереметін (“Лен. жас”).

ЖАЛП-ЖАЛП е л і к. 1. Қайта-қайта жалпылдаған, Қалбалақтаған ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Найзасының ұшында бір уыс жылқы құйрығы мен алқызыл шүберек желбіреп барады. Иығына қонақтаған сұңқары жалп-жалп ұшып қанат қағып қояды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). 2. Кенеттен гүрс-гүрс етіп құлаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Исатайдың қасындағы иаруалар еденге маңдайларын тигізе жалп-жалп құлап, ханға тағзым етті (Б.Аманшин, Жар мұңы). Келе-келе Гүлжанның жалп-жалп жсығылуы көбейіп кеткен соң, мен альбомды тездетіп ақтарып шықтым да, әрі ысыра салдым (“Лен. жас”).

Жалп-жалп етті. а) Жалпылдады, қалбалақтады. Жапалақ, құр, сақау көкек, Жалп-жалп етіп о да ұшқан. Аспанға атып жалын түтеп, Қалың орман от ұшқан (Ж.Сыздықов, Асулар). ә) Желбіреді, желп-желп етті. Өне көше бойымен сіздің үйге қарай жүгіре басып бір кемпір кетіп барады. Қуалай соққан желге етегі жалп-жалп етеді (С.Сейфуллин, Өңгім.). б) Бір өшіп, бір жанды, қайта-қайта жытылықтады. Забой іші лас, белуардан су. Мойнымызда: асқан панар шам жалп-жалп етіп, өше береді (Р.Токтаров, Терістік). Терезе алдындағы май шам керосині бітейін деген бе, әйтеуір терезеден кірген жел тлқынмен өшейін-өшейін дегендей жалп-жалпетіп барып өшіпеді (“Лен. жас”). в) Жағымпазданды, жарамсақтанды. Жұрт оны сол жалп-жалп мінезі үшін Жалбағай деп атап кеткен (Р.Райымқұлов, Болат.).

ЖАЛП-ЖҰЛП е л і к. Біресе жалпылдап, біресе тоқтаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.

Жалп-жұлп етті. а) Желп-желп етті, желпілдеді. Ескі үзіктің өрім-өрім етегін жұлқылаған күз желі Нартайлақ аттанысымен тағы да басталды. Шаңырақтағы түндік жалп-жұлп етеді (А.Жүнісіов, Өмір). ә) Бір өшіп, бір жанды, жалпылдады. Жалп-жұлп еттіп сығырайып жанған

май шамның жарығы қуыс-қуысқа жете бермейді (С.Мұратбеков, Жабайы). Кей терезедегі сәуле жалп-жұлп етіп, қаннен қаперсіз қара қара торғайлар ұшып келе жатты (“Соц. Қаз.”).

Үміт оты жалп-жұлп етті. *Үміті, сенімі біресе күшейді, біресе жоғалды. Назирамен екеуінің жайы не болмақ? Бір-бірін адал сүйіп, қосыламыз ба деген дәмелері бар еді, үміт оты қайта-қайта жалп-жұлп етіп сөне берді-ау* (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАЛТАҚ-ЖАЛТАҚ е л і к. *Жалтаң-жұлтаң, елең-елең етіп мазасызданған, алаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Жаздыгүні ақ бөркі бүктелмейді, Қолында бір сабау бар о-дағы аппақ. Керегеге сабауды ианышып қойып, Бөркін іліп, қарайды жалтақ-жалтақ. Кабинаның ашық терезесінен жолдың екі бетіне жалтақ-жалтақ құмарта көз тастайды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Жалтақ-жалтақ сөйлегенге теріс қарап, кісі өлтірсе де бетке айтқан кісіні іші тартып тұрады (М.Есмағалиев, Аққу).*

Жалтақ-жалтақ етті. *Қайта-қайта қарап жалтақтады, жалтаңдады. Әкесі мен шешесіне балалардың көздері жалтақ-жалтақ етіп жсаудырады да тұрды* (С.Бақбергенев, Алтынемел.).

Жалтақ-жалтақ қарады. *Қайта-қайта қарады, алаңдады. Жаздыгүні ақ бөркі бүктелмейді, Қолында бір сабау бар о дағы аппақ. Керегеге сабауды ианышып қойып, Бөркін іліп, қарайды жалтақ-жалтақ (Абай, Таңд. шығ.). Әлгі жігіт өзінің бір жатқа үйренген үш ауыз өлеңін бітіріп алып, Жамалдың мына сөзіне муафик жсауап қайтара алмай ұялғаннан қызарып, манағы өлең үйреткен жігіттерге жалтақ-жалтақ қарай берді (М.Дулатов, Шығ.). ә) Имене, тілене қарады. Шеке тамырлары көгеріп, көзі аларып, кіріптар пішінмен жалтақ-жалтақ қарайды бізге (С.Омаров). б) Жалтақтады, мазасызданды. Бір жасайсыздықты сезінген Айша қызының бетіне жалтақ-жалтақ қарағаны болмаса, тіл қатуға ыңғайсызданып отыр (М.Дүйсенев, Гүлжан.).*

Жалтақ-жалтақ қарау. *Қайта-қайта алақ-жұлақ етіп қарау. Тазыға қарағанда түлкі құйрығы бұлаңдап, артына жалтақ-жалтақ қараумен апанық көрініп барады* (С.Бақбергенев, Қарға там.).

ЖАЛТАҚ-ЖҰЛТАҚ е л і к. *Жалтақтап, мазасызданған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жалтақ-жұлтақ етті. *с ө й л. Жалтаңдады, мазасызданды. Қаныықта зәре жоқ. Көзі жасаурап жалтақ-жұлтақ етеді* (С.Жүнісов, Ақан сері).

Жалтақ-жұлтақ қарады. *а) Жан-жағына алақ-жұлақ етіп қарады. Сол екі арада мына сарайдан бір жаяу шыға келіп, жан-жағына жалтақ-жұлтақ қарап алып, қыстаққа қарай зыта жөнелді (С.Сейітов, Сөз сұрайды.). ә) Мазасызданып, қайта-қайта қарады, алаңдады. “Әлде қайтеді” деп күдіктеніп келген басым, төрт баламның шешесі Гүлназымға жалтақ-жұлтақ қарай берем* (Ғ.Сыланов, Домбыра.).

ЖАЛТ-ЖАЛТ е л і к. Жалтылдаған, жарқыраған қимыл-қозғалысты, қалып-күйді бейнелейтін сөз.

Жалт-жалт етті. *Жалт-жұлт етті, жарқ-жұрқ етті, жарқырады. Жал-жал болып, жапырылып барып қайта көтерілгенде, сары алтын жалт-жалт ете қалып, жасылданып кетеді де, күреңіте береді* (Ш.Мұртазаев, Табыл. Теңіз.). *Ол калошты сән үшін де киетін тәрізді, әсіресе, өңін кірбің шалмаған жаңа калош аяқта жалт-жалт етіп тұрса, гажап емес пе* (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). *Қараңғы қоста отырып қалғандікі ме, дала күмістей жалт-жалт етеді* (Р.Тоқтаров. Ертіс.). *Хисамединнің қолындағы шырағдан шағылысып жалт-жалт етеді* (Д.Досжанов, Жібек.).

Жалт-жалт қарады. а) *Қайта-қайта қарады, алаңдады. Ана-ау, артына жалт-жалт қарап шауып барады. Әжесі қандай қуанар екен?* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Жас жігіттер әңгіме арасында есік ашылған сайын жасырын үміспен жалт-жалт қарап отырса да көрмек болған кісісі бұл үйге келген жоқ* (М.Әуезов, Қараш.). *6-класстың есігінен басын қылттып жалт-жалт қарап тұрған Бектай кабинеттен шыққан Жақыпбек пен Күдеріні көрді* (М.Иманжанов, Көк белес). *Тайшабай Айнаштың бөлме жағына жалт-жалт қарап, жыртылған кітаптарды тезірек жинастырды* (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). ә) *Жауаң-жауаң етті, үміттенді. Абай мен қарттарға жалт-жалт етіп кезек қараған Дәмежанның үлкен көздерінде әдемі ұшқың, шұғылалы сәуле бар* (М.Әуезов, Абай.). *Боз көздегі бетінде, ақбоз аттан түсіп, қолын ұзақ жайып, тілеу тілеп ақбас әкесін Аман қозы көш жер ұзағаниша көріп бара жатты, артына жалт-жалт қарап бара жатты* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Көзі жалт-жалт етті. *Көзінен от шапты, құтырды. Оның көзі күн нұрымен жалт-жалт етеді, сақалының бітімі де әдемі екен, күмістей жалтырап тұр* (К.Қазыбеков, Ызғар). *Қалың шаптың арасынан екі көзі жалт-жалт етіп от шашады, аяқ-қолдары өте ұзын, өте қуатты* (М.Етекбаев, Алтын.).

ЖАЛТ-ЖҮЛТ е л і к. Жарқыраған, әртүрлі болып жалтылдаған қалып-күйді бейнелейтін сөз.

Жалт-жүлт етті. а) *Жарқ-жұрқ етіп сәуле шапты, жарқылдады. Ашулы алыптың көз жанарындай болып, жалт-жұлт етіп, найзағай жарқылдайды* (Ө.Нұршайықов, Алтын.). *Бұл кезде күн де көтерілді. Анпақ қардың бетіндегі сан мыңдаған ұсақ жұлдызшалар жалт-жұлт етіп, неше құбылып көзді аштырмайды* (С.Жүнісов, Ақан сері). ә) *Жарыққа шағылысып жарқырады, жалпылдады. Тауасар жүзі жалт-жұлт еткен сұр қанжарды Бала шешеннің алдына тастайды* (Ө.Хасенов, Алтынарық.). *Ай сәулесіне шағылысып, әр жерде жалт-жұлт еткен күректер таң атқаниша тыным таппады* (“Лен. жас”). *Батар күннің қиялай түскен сәулесіне шағылып, жел қаққан жапырақтар күмістей жалт-жұлт етіп тыпыршып ойнайды*

(Т.Ахтанов, Махаббат.). *Тау қойнауынан төмен қарай сарылдай аққан мұздай бұлақтардың мөлдір суы күн сәулесімен шағылысып, төрге тастаған күміс белбеудей жалт-жұлт етеді* (І.Есенберлин, Алмас.).

Жалт-жұлт қарады. *Алақ-жұлақ етіп қарады, қайта-қайта қарағыштады. Кейде ол сыймай әлем аумағына Көз тастап жалт-жұлт қарап жан-жағына. Қол сермеп қара шашын қарсы серпіп, оқиды өлеңдерін алдарында* (С.Мәуленов, Таңд.).

Көзі жалт-жұлт етті. *Көзінен от шашты, нұрланды. Кенбай бетіндегі ызғар жоғалып, қызыл көрген бүркіттей екі көзі жалт-жұлт етіп, ерекше бір от шашқандай екен* (М.Дүйсенов, Гүлжан.). *Самұрат дудыраған бұйра шашты, үлкен ала көзі жалт-жұлт етіп, тістері ақсиып халыққа күле қарады* (Т.Ахтанов, Махаббат.).

ЖАҢ-ЖҰҢ е л і к с ө й л. *Шаң-шұң. “Ат қайда?.. Ұмтыл!.. Шап!..” деген жаң-жұң, қарбалас... жанталас, жүгіріс* (Ж.Аймауытов, Қартқожа). *Бала у-шу, малай қиқу, мал маңырап, ит жаң-жұң* (Ж.Аймауытов, Ақбілек). *Жыырма жылдай үйімде жаң-жұң болып көрген жоқ еді, енді үйімнің мазасын алатын қатын берсе алданың ылайықтағаны да, бірақ күн бұрын сенің есіңе салғаным: елім маған “асау үйреткіш” – деп ат қойып еді* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Түн қараңғысы қоюланған сайын құлып маңындағы жаң-жұң дауыс ұлғая берді* (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАПАҚ-ЖАПАҚ е л і к. *Көзін жыпылықтатып, жасқана қарауды бейнелейтін сөз. Мықыны сыпырық па, бос байланған ба, тері шалбарының ышқырын көтере түсіп жатқан әйелге бір, екі қызға бір жапақ-жапақ қарай береді* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *Мен оған пір тұта жапақ-жапақ қарай берем* (Ө.Қанахин, Жер бас.). *Біразға дейін үндемеген Абдолла өзінің ерекше бірдеме айтқысы келгендегі әдетімен жапақ-жапақ етіп, шешесінің бетіне жаутаң-жаутаң қарады* (С.Ғаббасов, Ана.). *Әлдекім есікті шалқайта ашып, шәлкес басып, шаптыға сөйлеп, шатынап кіріп келе жатқандай-ақ, есікке жапақ-жапақ қарайды* (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

ЖАПАЛАҚ-ЖАПАЛАҚ 2 е л і к. *Жапақ-жапақ. Көзі жапалақ-жапалақ етеді, шағын денесі бір уыс боп, жиырылып алыпты* (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ЖАРБАҢ е л і к. *Бір нәрсенің жалпылдап, далпылдап, қолайсыз қимылдағанын бейнелейтін сөз.*

Жарбаң етті. *а) Жарбаң ете қалды, жалпылдады. “Не боп қалды” деп жарбаң етіп ұшқан жапалақтар көздері бақырайып, көр тоғай ішінде кезіп жүр* (С.Жүнісов, Ақан сері). *Жарда ұшып, жарбаң етіп жас жапалақ, Сұр бөрі жүгіреді тал тасалап* (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). *ә) Жарбаңдады. Айтқаныңның айна-қатесі жоқ, тақсыр! – деп, жарбаң ете қалды қатарында отырған Ақшұнақ шал* (О.Дастанов, Мұрагер.).

Жарбаң қакты. *Жарбаңдады. Бейне бір қамқоршы болып, қорғап-қоршап жүретін адамдай-ақ енді, міне, жаны ашығансып, жарбаң қағады* (Ғ.Сыланов, Гүл.).

ЖАРБАҢ-ЖАРБАҢ е л і к. *Далбаң-далбаң еткен қимылды бейнелейтін сөз. Ой, есалаң неме, баламен бала болып, жаман түйенің жабуыниша жарбаң-жарбаң алысқаниша, жұмысыңды істесейші, – деп үйге қуып тығады* (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЖАРБАҢ-ЖҰРБАҢ е л і к. с ө й л. *Далп-далп еткен орашалақ қимылды бейнелейтін сөз. Итаяқ көрінген ұрғашымен, әсіресе, құрдас деп Күнтаймен жарбаң-жұрбаң ойнай беретін* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Осы арада бойжеткен қыз бар, оңаша кездессе-ақ, мен сонымен қылжақтасып, жарбаң-жұрбаң алысам да жүрем* (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ЖАРҚ е л і к. *Күн сәулесінің, жарықтың жылтыр, айналы, әйнекті жерге шағылысуынан шығатын, жарқылдатудан туатын көріністі бейнелейтін сөз.*

Жарқ берді. с ө й л. *Жалт берді. Бір-екеуі жығылғандарға айналақтап, өзгесі кейін жарқ берді* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жарқ етті. а) *Кенеттен жалт етті, ұшқын атты. Өткенде бір мұң жаңбырдай Жауып бір жауып тоқтаған, Жарқ етіп, көзім алдында Жалынға сүңгіп кетті ағам* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). ә) *Ұшқын атты, көзге түсті. Тасқа тисе таңдағым қараңғыда жарқ еткен Мен бір шапқан назбедеу, Сулығын шайнап өрленіп! “Сөйле” десең, сөйлейін, Көңіліңді сөзбен делбейін* (Базар жырау, Шығ.). *Құлтырды дүние, атырап, Гауһарын шашты сақтанбай, Жарқ етті әрбір жапырақ, Сәуледен шырақ жаққандай* (К.Салықов, Жезкиік). б) *Ыстық көрінді, оттай басылды. Көптен қолға ұсталмаған көне қуыршақ алғаш көргенде ескі досындай көзіне жарқ етті* (Т.Ахтанов, Дала сыры). *Жалғыз атты жадау күй жарлы кешкен! Аңсағаным атамнан арғы кештен – Жарқ еткенде жиреннің маңдай шамы, Нокдаунға кеткендей тандым естен* (Ж.Жұматаев, Ләйлә). в) *Көзге түсті, танылды, шалынды. Істің соңы не болар, Күте берді зарығып... Большевикті, қызылды, Ел қолдады бағынып Аласапыран соғыста; Бұлар да шықты жарқ етіп, Қызыл жұлдыз тағынып* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Беу, қаракөз! Жасқанбашы, Жарқ етіп, Бермен қарай нұр жүзіңді бұруға. Тула жүрек Жас кезімдей тулаған, Өтер-кетер дүние-дүрмек, шулы ағын* (К.Салықов, Жезкиік). г) *Туды, атты, келді. Арманда боп әзірге сандаласың. Ондай адам болған зой, болар тағы, Өмірлік барлық ісі – елдің қамы. Ер еңбегі жалпыға бірдей ортақ, Жарқ етер әлі-ақ бір күн бақыт таңы* (С.Торайғыров, Алаш ұраны). ғ) э к с п р. *Жарық көрді, басылып шықты. Дәл, 1934 жылы “Еленбеген ерлік” атты Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың күрделі мақаласы жарқ ете қалды* (С.Талжанов, Ұлдай.). д)

Ойламаған жерден көрінетін болды, сап етті. Телевизордан жарқ ететін болдық, арғысын көре жатармыз (“Соц. Қаз”). Тимесе де өзгеге Жарты тиын пайдасы, Жарқ етсін бұл кезде де Көңілімнің айнасы (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Жарқ етті Қостанайда жан талабы, Ахметті көрген адам тамсанады. Астана көпірінде қос жолбарыс Аиқандай ел ажарын, қарсы алады. Елорда ашық алаң төріндегі, Не деген таңғажайып өмір еді! Бір бала көп фонтандар арасында Кішкентай Төлеш болып көрінеді (К.Салықов, Жезкиік). е) Орала кетті, еске түсті. Бұлардың мына тұрысын көрген қыздың көңілінде: – “Көктем менің қателескен екен” деген қуанышты сезім жарқ ете қалды (І.Есенберлин, Айқас).

Көзі жарқ етті. Көзі шырадай жанды, айналаны тегіс көрді. Астына қанатының бізді тығып, Қуанып табылғандай қалағаны. Қырандай түлеп ұшқан тұғырадағы, Тартқанда көз жарқ етті томағаны (К.Әзірбаев, Таңд, Шығ.).

ЖАРҚ-ЖАРҚ е л і к. Найзағай ойнағанда, күн сәулесі шағылысқанда, жалт-жұлт, жарқылдаған көріністі бейнелейтін сөз.

Жарқ-жарқ етті. а) Жалт-жұлт етті, жалтылдады, шағылысты. Астында ақ күміс ер-тоқымы күнмен шағылысып, жарқ-жарқ етеді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Мұз қиыршықтары жаңа көтеріліп келе жатқан күн сәулесімен жарқ-жарқ етеді (“Лен. жас”). Артыниша жарқ-жарқ еткен нажагадай шартылдайды, күледі де жылайды (С.Бақбергенов, Адам.).

ЖАРҚ-ЖҰРҚ е л і к. Жалт-жұлт, жарқыл-жұрқыл еткен көріністі бейнелейтін сөз. Зал іші шапырлаған жарқ-жұрқ электр шамы. Би әлі бастала қоймаған шақ (Б.Аманшин, Жар мұңы). Тек жаңа гана тұтанған прожекторлар сәулесі жарқ-жұрқ көкті кезеді (І.Есенберлин, Алтын құс). Шығыс жақ нажағайдай жарқ-жұрқ, сатыр-күтір (Майдан).

Жарқ-жұрқ етті. а) Жалт-жұлт етті. Боран ашылды. Жарқыраған күн шықты, Далада басқан қар жұлдыздай жымыңдап, ақ оқадай жарқ-жұрқ етіп жатыр (М.Жұмабаев, Шығ.). ә) Жарқылдады. Кере қарыс маңдайы, Басында көне далбағай. Секілді екен көздері Жарқ-жұрқ еткен найзағай (О.Шипин, Дастан). Жаз жетіп, қарлар кетті, сулар ағып, Күн де тұр жарқ-жұрқ етіп нұрын жағып, Құлпырып, жүз құбылып жердің жүзі, Қуанбас жан-жануар бұған нағып (С. Торайғыров, Алаш ұраны). Жарқ-жұрқ етіп жүруді Нажағайдан үйренгем. Шадыман-шат боп жүруді Күн мен айдан үйренгем (Қ.Аманжолов, Шығ.). б) Жалтылдады. Келіп жетті жартасқа, қанаттарын керіп ап, пәрменмен дем тартып, жарқ-жұрқ етіп көздері, құлап кетті алдыға (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жарқ-жұрқ ойнады. Мың құбылып, аударылып-төңкерілді. Өңі нұрлана түсіп, қисық көздері жарқ-жұрқ ойнап кетті (Ғ.Сыланов, Шалқар). Құздың айналасында ақ бауыр шағалалар жарқ-жұрқ ойнап жүр (Тұлпар).

ЖАУТАҢ е л і к. Жаутаңдаған, мөлдіреген. Қапылыста шыққан сұсты дауыстан зәрем зәр түбіне кетіп, мен жалт бұрылуға айналған едім, серігімнің

алгі жауаң қарасы аяғыма тұсау тастады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Бал махабаттың наз үнін, Ұғындым жауаң жанардан (А.Нысаналин, Көзайым).

Жауаң етті [еткізді]. Мөлдірей қарады, жауаңдады. Жараса ма дегендей жанары бір жауаң етті. Мейір, нұр, шуақ, шұғыланы ондай жинаған көз жанарын көргенім сол (Б.Нұржекеев, Күй.). Ол менің бетіме жауаң етіп жалт қарады (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Школға бардым. Оны көрдім. Жәкім екеуі тұр екен. Басымды идім. “Мен сенің құлыңмын” дедім ішімнен. Ол көзін жауаң еткізді. Неткен сүйікті, жылы көз! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жауаң көз. а) Жауаң-жауаң еткен, жалтаң көз. Бір тамағың үшін жауаң көз болудан жаман қорлық бар ма еді? – деді Бұланбай (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Жауаң көз жетім баладан, Өсіпті жігіт ағасы (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). ә) Жауыраған, мөлдіреген көз. Үйге орта бойлы, қыр мұрын, жауаң көз қыз кірді (А.Сагаев, Аққу.). Қазақтың қара торы жауаң көзі, Өзім де онан артық сұрамаймын (Б.Әбдіразақов, Жарық дүние).

Жауаң қақты. Жауаң-жауаң қарады. Анда-санда ғана алдында отырған судьяларға жауаң қағады (К.Қозыбаев, Дәуір.). Сонда оның жерге сүйретілген қос бұрымы бұлаңдай қозғалып, тұрымтай көздері жауаң қағады (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Күн шығады, күн қызады, Ұямызды кім бұзады. Алматыға жаңа келіп, Жауаң қағып тұрмыз әлі (Ғ.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖЕЛЕҢ-ЖЕЛЕҢ е л і к. Желеңдеген, желтілдеген қимылды бейнелейтін сөз.

Желең-желең етті. Желбеңдеді, желп-желп етті. Көнетоз шапанының етегі желең-желең етеді (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

ЖЕЛК-ЖЕЛК е л і к. Желкілдеген, желтілдеген қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.

Желк-желк етті. Желп-желп етті, желкілдеді. Екі өркеші баладай, шудалары желк-желк еткен қара буралар қаптап шыға келді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Шошақ найзаларының шашақтары желк-желк етеді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Қалың нөкер қасында жолдасы бар, Басылмаған адуын арындары. Піл үстінде барады қолбасшылар, Желк-желк етіп шашақты қарулары (С.Мәуленов, Жаз ерке).

ЖЕЛП е л і к. Жел тұрғанда, самал ескендегі қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.

Желп етті. Оқта-текте желтілдеді, желбеңдеді. “Үһ! Пәруадіргер-ай!” деп, күңіреніп қатты күрсінгенде қараша үйдің түндігі желп ете түскендей болды (О.Бөкеев, Қамшыгер). Аулың сенің белде еді, белтұрғанда, Орамалың желп етер жел тұрғанда (Қаз. әндері). Сабырлы, саналы, Ойлы адам секілді, Жалт етіп қарады, Желп етіп кекілі (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы).

ЖЕЛПЕҢ е л і к. Желп-желп еткен, желпеңдеген қимылды бейнелейтін сөз. Желпең етті[қақты]. а) Желп-желп етті, желпеңдеді. Киіз есікті

желпең еткізіп ашып сыртқа шықты (Б.Сокпақбаев, Бастан кеш.). *Терек тұр тақпапсарсып кекірейген, Жел соқса жапырағы желпең қағып* (А.Токмағанбетов, Өмір.). *Бұлқыпса анда-санда ала бура, Жетісу желпең қағып селкілдейді* (І.Жансүгіров, Шығ.). *ә) Елпілдеді, ұшқалақтады. Бұл іспен бойға мақтан кірді тантық, Әркімнің әлі бар деп алар андық. Жеңгеніміз желіктік желпең қағып, Жеңілгенді жер болған атқа таңдық* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖЕЛПЕҢ-ЖЕЛПЕҢ е л і к. *Желпілдеген, желпеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

Желпең-желпең етті. Желпеңдеді, желпілдеді. Дөңге шыққан екі әйелдің жсаулығы желпең-желпең етеді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). *Енді қазір қарасаң, сол жасау-жабдығы жарасқан отауыңыз жел соқса желпең-желпең ететінжсырым-жсырым қара лашыққа айналды* (“Қаз. әдеб.”).

ЖЕЛПІ-ЖЕЛПІ е л і к. *Желпең қаққан, жел қаққаннан болатын қимылды бейнелейтін сөз.*

Желп-желп етті. Желпеңдеді, желпілдеді, қалбалақ қақты. Зәуреиш қорқатын емес, тұлмы желп-желп етіп кетіп барады (Н.Сералиев, Қанат). *Желп-желп еткен ала ту, Жиырып алар күн қайда?* (Махамбет, Өлеңд.). *Бантисі көбелектің желп-желп етіп, ерсілі-қарсылы жүгіріп жүретін* (Б.Шаханов, Жоғалған.).

Танауы [мұрны] желп-желп етті. Ентікті, жсиі-жсиі дем алды. Ол танауы желп-желп етіп тағы сөйледі (О.Тәжиев, Жетім қыз). *Тер дегенің алты тарам болып ағып, тынысы тарылғанның белгісі тәрізденіп танаулары желп-желп етеді* (Б.Сокпақбаев, Бастан кеш.). *Салбыраған қапталды қос қолдап көтере ұстап, танауымыз желп-желп етіп, үйге келдім* (Б.Сокпақбаев, Бастан кеш.).

ЖЕЛПІЛ е л і к. *Жел соғу, жел қағудан болатын қимылды бейнелейтін сөз.*

Желпіл қақты. Желпілдеді. Алты күн айтылмай келген “Майра” шырқалғанда әр үйдің түндігі желтіл қаққандай (Д.Әбілов, Арман.).

ЖЫЛМАҢ-ЖЫЛМАҢ е л і к. *Қайта-қайта қылмаң-қылмаң, сумаң-сумаң еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Қожайын: “Апыр-ау, Бабай, біраз аунап-қунап жатсаңызшы. Тай алдырып сояйын”, – деп батырға жылмаң-жылмаң қарайды* (Б.Токтаров, Тауда.).

Жылмаң-жылмаң етті. Жылмаңдады, жылмаң қақты. – Сүйінші, жігітің шақырып тұр, – деп хабар жеткізген Багила жылмаң-жылмаң етеді (Г.Ахтанов, Дала сыры). *Сақал-мұртын қырған, иіс су жаққан, абақтыға түсті дейтін емес, тазының күшігіндей, жылмаң-жылмаң етеді* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

ЖЫЛП е л і к. *Жылмақай, тайганақ заттың жылпылдап тұрмайтындығын бейнелейтін сөз.*

Жылп берді. Зып етті, жылпылдап тұрмады. Бюрократизм құрғырды ұстау қиын, балықтың құйрығындай қолыңнан жылп беріп шығып кетеді де, “жұмыс көп”, “қол тимейді” деген қоқсықтың астында құжынап жата береді (С.Төлешов, Түрлі бас.).

Жылп етті. *а) Жылпылдап тұрмады, зып ете түсті. Рудьден әбден ұстап үлгермеген Тоқаның қолы жылп етіп шығып кетті де, артқы дөңгелектің астына түсті* (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Бірінші қағыстан кейін арақтың көмекейден қалай жылп етіп өтіп кеткенін Сарқыз сезбей де қалды (Б.Тілегенов, Көктем.). Қынапқа салса жылп еткен, Суырып алса қылп еткен (Үш ғасыр.). *ә) Тез қимылдады. Жылп етіп тар ұңғыдай бос үңгірден, Зуылдап су түбіне тосын кірген Ажалдың сол жазуын тас атқылап, Ақыры біржолата өшірдім мен* (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖЫЛП-ЖЫЛП е л і к. Жылмақай заттың қайта-қайта жылпылдап тұрмағанын бейнелейтін сөз.

Жылп-жылп етті. Жылпылдап тұрмады, лыпылдады. Ол өтірікті суша сіміріп, ыстық шайдан алып майға малған қалайы қасықтай жылп-жылп етті (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). *Асаудай аптық басып арындайсың, Құр сөзге құнары жоқ жалындайсың. Терідей сабын жаққан жылп-жылп етіп, Шіркін-ай, қонған жерден табылмайсың* (XVIII-XIX ғ. қаз. ақын.). *Ербол Нұрқан сөзіне мән бермеген, елемеген адам тәрізді бұрынғыдай: “Мәке, Мәке!” деп жылп-жылп етеді* (З.Шашкин, Сенім). *Асаудай аптық басып арындайсың, Құр сөзге құнары жоқ жалындайсың. Терідей шыбын жаққан жылп-жылп етіп, Шіркін-ай қойған жерден табылмайсың* (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЫЛПЫҢ-ЖЫЛПЫҢ: е л і к. Жылмаңдаған жылп-жылп еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.

Жылпың-жылпың етті. Жылпыңдады, жылпостанды. Сонымен айналып балаға қарадым, Теке көз бала жылпың-жылпың етеді. – *Ия, қандай оқуға түспексің? – Қандай болса да, сіз түсіргенге* (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

ЖЫЛТ 2 е л і к. Бір нәрсенің кенет жылтырап көрінуін бейнелейтін сөз.

Жылт етті. *а) Жылтырады. Шүбірек шалбардың тақымынан от жылт етті* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). *Жылт етіп жарық көрінсе, жұрт лықсып солай қарай ұмтылады* (“Лен. жас”). *Жұлдыздар бізге біресе жылт ете түсіп, біресе нашарлап, әр түспен құлпырып тұрғандай* (Ә.Әбішұлы, Халық астрон.). *Тұнба мен батпақ бүрмепті, Алмады тастан жүзін бұл. Бір сәтте судан жылт етті, Жылт етті ғажап қызыл нұр* (Ж.Жұматаев, Ләйлә). *ә) Оқыстан шыға келді, пайда болды. Бұрыштан жылт етіп, орысша киінген бір жас жігіт шыға келді* (Б.Майлин, Танд, шығ.). *Ойда жоқта Асылбектен тағы да бір хат жылт ете қалды* (Ж.Жұмаханов, Жазылым. кітап). *Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жылт еткен. Көрінген, азғана, болмашы. Шаруашылықтың жылт еткен табысының өзі мал өнімдеріне байланысты (“Лен. жас”). Уәсила жылт еткен жаңалықты қалт жібермей қадағалап отырады (Сауыншы шамшырақ.).

Жылт етпе [жылт етер]. Бір көрме, жылт етіп жоқ болатын. Кеншімбай: “Жұмабек дегенің әншейін жылт етпе екен ғой, мықты суретші мұнан шықты”, – деп әдейі бұған естірте сыбырлады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Өмірде бір көргенде сыр бермес жылт етер дүмиелер де бар (“Соц. Қаз”).

Жылт қазы. э т н. Әр жерінен ағарып майы білінетін қазы. Майы әр жерде ғана бар қазыны “жылт қазы”, одан семіздеу төсетек шандырының беті шарбылана, тұтаса жатса, оны “бұлт қазы”, кейде “шарбы” деп те атайды (Д.Қатран, Қаз. ас-тағам.). Жыланқарақ сөзінің неден шыққанын түсінуге меніміше, қазының жылт аталуы жол сілтейтін сияқты (Қ.Салғарин, Қасапшылар).

ЖЫЛТ-ЖЫЛТ е л і к. Қайта-қайта көрінген жарықты бейнелейтін сөз.

Жылт-жылт етті. Жалт-жұлт етті, жылтырады. Қар бетіндегі қабыршақ мұз, пырт-пырт сынып, әйнек сынығындай жылт-жылт етеді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Жұлдыздар да алыста, ұзақ ұшқын шашылғандай, сәл ғана жылт-жылт етеді (М.Әуезов, Шығ.). Жал қидың қасында, тасқа шоқыып: “Мен қайдамын тауып ала қойшы?” деп, қу жігіт боп, құйрығы жылт-жылт, дауысы шырт-шырт етіп, ақкөт торғай отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алыстан қарағанда көз жіберіп, Көрінеді от жарығы жылт-жылт етіп, Екі атты тал түбіне матастырып, Еңбектеп екі батыр қалды кетіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЫМЫҢ е л і к. Жылт еткен, ақырын бір нәрсенің шетін көрсеткен, миығынан күлген т.б. қысқа қимылды бейнелейтін сөз. «Жымың етті.// Жымың-жымың еткендік, жымыңдағандық. – Онда, – деп Сәнтай сұқ қолын шошайтып, көзінің астымен аса құпиялы жымың кейіппен тесіле қарады (О.Сәрсенбаев, Сағым). Күз я болсын жаз айы, Болсын айлы ашық түн. Аспанның күмбез сарайы, Тұндырсын жұлдыз жымыңын! (С.Мұқанов, Замандас.).

Жымыңға басты. Жымың-жымың етті, жымыңдай берді. – Ә! Сіз бе едіңіз? – деп, жоғың табылғандай қуанып, сен де жымыңға басасың (Б.Майлин, Шығ.). Жымың етті. а) Жымиды, күлгендей болды. Қыз ойға шомып кеткен Хасенге біраз күлімсірей қарап тұрды да кенет жымың етті (І.Есенберлин, Қатерлі.). Тағы көңілім мұздайды тұрпатымнан, Қыз ұрғандай бетімнен тыржың етіп, Тағы көңілім тасиды келе жатып, Қыз көрінсе қойсам деп жымың етіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Оның әңгімесін тыңдап, дастарқандағы шыны-шәйнекті жинап жүрген келіншек жымың етіп қойды (Д.Жанботаев, Шыңдағы шынарлар). Көкем қағаздарын

ақтарып отырып арасынан бір адамның адресін тауып алып, жымың етті (С.Жүнісов, Өшп. із). ә) Жылт етіп көрінді. Тыныс кезінде тысқа шығып ем, қатар есіктен Күлән жымың етіп, жылт етті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жангазы жымың етіп есіктен шыға жөнелді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жымың қақты. а) Күлімсіреді, езу тартты; жымың-жымың етті. – Дегенмен, бір сөзімді өткізермін, – деді председатель жымың қағып (З.Камалиденов, Фермаға кел.). Мынау тапқаным саған сөз жоқ ұнайды! Байқап көрші өзің, – деп, жымың қақты ол (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). ә) Жарқырап көрінді, жалт-жұлт етті. Аспан әлемінде сансыз жұлдыздар жымың қағады (С.Омаров, Дала қызы). Болаттан Теміртауым алқа таққан, Жұлдыздай электрі жымың қаққан (Пернедегі терме.).

ЖЫМЫҢ-ЖЫМЫҢ е л і к. Жымыңдап күлген қимылды бейнелейтін сөз. Жымың-жымың күліп Сергей Петрович Балжанның қасына келді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Жымың-жымың күлесің, Сенбегендей сен маған. Жалған айтпас, білерсің, Диқан бабаң мен болам! (Ғ.Орманов, Ой қанаты).

Жымың-жымың етті. Күлім қақты, жымыңдады. – Ойбай, жаздым-жаңылдым, мұғалімеке, беделің түсе көрмесін, – деп Сапар жымың-жымың етіп, көзді бір қысып қойып, орнынан тұрды (М.Иманжанов, Көк белес). Бала бұларды көріп жымың-жымың етті де, үйге қарай қуана жүгірді (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Мұхаң тұрып киініп жатты. Жымың-жымың етеді (Біздің Мұхтар). Ибаш оның бетіне қарап мәз болып жымың-жымың етеді (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жымың-жымың қақты. Қылмыңдады, жымыңдады. Қылжақбас қара капитан Шелестов ежелгі әдетініе жымың-жымың қағып, майордың не айтпағын сезіп отырған кісідей, мысқылмен күлімсірейді (С.Бакбергенов, Қарға там.). Мәлік қалтасына үш сом ақша түскеніне жымың-жымың қағып күліп бара жатты (К.Қазыбаев, Ызғар).

ЖЫПЫР-ЖЫПЫР е л і к. Быж-быж етіп, құж-құж қайнаған, жыпырлаған қимылды бейнелейтін сөз. Жер бетінен сексен алты метр биікке көтерілген екенбіз. Батыста – жыпыр-жыпыр шахта, түстікте кеншілер қаласы – Никольск (“Қаз. әдеб.”).

Жыпыр-жыпыр етті. а) Жыпырлады, құж-құж қайнады. Қақпаның арғы беті иін тіресіп, сыңсыған халық, Жыпыр-жыпыр етеді (Б.Тілегенов, Аққайнар). ә) Құжынады, қаптады. Аспанда жұлдыздар жыпыр-жыпыр етеді (“Лен. жас”).

ЖЫРҚ е л і к. Оқыс күліп жібергендегі дыбысты бейнелейтін сөз.

Жырқ етті. Оқыс күліп жіберді. Шет жақтағы жастардың бірі күлкіге шыдамай жырқ етіп қалды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Қоян жырық есіктен кірген бойы үйдегілерді түгендей бір қарап алды да: – Аман ба, әй, қатын! – деді. Қасындағысы жырқ етіп қалды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ЖЫРҚ-ЖЫРҚ е л і к. *Қайта-қайта жырқылдап күлген дыбысты бейнелейтін сөз. – Оның есесіне отағасының басынан кешкенін сәлден соң бір-біріне айтып, ұлдары да жырқ-жырқ, қызы мен келіні де жырқ-жырқ (Т.Нұрмағамбетов, Мешкей).*

Жырқ-жырқ күлді. *Қайта-қайта жырқылдай берді. Шық, бері шық, Кінәлайсың жұрт, Неге жырқ-жырқ күлесің? (М.Жұмабаев, Шығ.). Қайдағы бір қаңқу сөздерді қағып әкетіп, соған жырқ-жырқ күліп, сөз айта алатын адамсып, сөз ұзатын кісімсіп қанишалар жүр?! (Б.Нұжекеев, Жау жағадан.). Бірі өзінің еппен сездіргенін аңғартып, Ордабайға қарап жырқ-жырқ етіп күледі (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Бұлар үйге кіргенде ыржақтасып жырқ-жырқ күліп отырған екеуі ыңғайсызданып қалды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш).*

ЖЫРТАҢ-ЖЫРТАҢ е л і к. *Ыржың-ыржың етіп қылмыңдаған, жыртақтап орынсыз күлген қимылды бейнелейтін сөз. Салақ, олаң, ойнасы, керім-кербез, Жыртаң-жыртаң қызылдан шығады ерек (Абай, Тол. жин.). Бұртаң-бұртаң, Жыртаң-жыртаң. Ой, сезім жоқ көк есек. Бұқа мойын, тұтым бойын көрмеген мен – көбелек (М.Жұмабаев, Шығ.). Енді келіп оның баласымен қатар отырып жыртаң-жыртаң күлуге ұялсаң етті (М.Дүйсенов, Гүлжан.).*

Жыртаң-жыртаң етті. *Жыртақтады, қылмыңдады. Ойбай, бетім-ау, әлгі жүзің күйгір, жүзі қара жыртаң-жыртаң етіп, шыбжыңдап тағы келді (Б.Тілегенов, Көктем.).*

ЖЫРТЫҢ-ЖЫРТЫҢ е л і к. *Жыртыңдап күлген, тұшитаңдаған қимылды бейнелейтін сөз. Бәрінің де қағанағы қарқ, сағанағы сарқ дегендей үйде де жыртың-жыртың, түзде жыртың-жыртың! (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Тиянақсыз, байлаусыз байғұс. Қылпың, не түсер құр күлгіден жыртың-жыртың. Ұрындырар кісіге кез келгенде, Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын (Абай, Тол. жин.).*

Жыртың-жыртың етті. *Жыртыңдап күлді, тұшитаңдады.*

-3-

ЗАР-ЗАР е л і к. *Зарылдаған дыбысты бейнелейтін сөз. Бірің – күн де, бірің күң, Бір кемеге салса да, Сыйысу жоқ, зар-зар! Сүйіп алғанға шықтар Қылдай жерде қалса да, Қиысу жоқ, зар-зар! (С.Торайғыров, Шығ.).*

Зар-зар етті. *а) Зарылдады, зарылдаған дыбыс шығарды. ә) Зар жылады. Мәкен өзі де тұла бойын өрт шалғандай жылаған үнін ірікпестен зар-зар етеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Азакем, кеше гөр, – десіп кеп зар-зар етеді. Көздерінен шын өкініш жастары ағыл-тегіл шығады (М.Әуезов, Шығ.).*

Зар-зар жылады. *Ұдайы еңіреп жылады, көз жасын төкті. Жалғыз қарындасын өлімге қия алмай, көзінің жасын тия алмай, зар-зар жылап отырып*

Жанатқа Болаттың айтқан газалы еді дейді (Дастандар). Екі бүйірін таянып, Зар-зар жылап еңіреді, Қылует қайда білгізбей (Бабалар сөзі, Діни дастан).

Зар-зар қақты. а) Зар-зар еткен дыбыс шығарды, үздіксіз шырылдады. Осы кезде тағы да екінші телефон зар-зар қағып сылдырлап ала жөнелді (Т.Қойшыбаев, Тынымсыз жандар). ә) Бажылдап безілдеді. Шыдамайсың ойынға, Бажылдап зар-зар қағасың. Сайтан келіп қамасын, Бақаңменен құрдас боп, Білмей жүрген шамасын (Бақтыбай ақын, Жыр.).

ЗЫМП е л і к. *Зып еткен, тез қимылдаған қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Зымп берді. с ө й л. Зып берді, зып етті. Оспанбай дейтін бала бір кезде зымп беріп, үйіне кіріп кеткенде, өзімнің ауыл ортасына келіп қалғанымды бірақ байқадым (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.). Жеңгейден сескенген жәндік атып тұрпы, ініне зымп беріп, кірді де кетті (“Балдырған”).

ЗЫМП-ЗЫМП е л і к. *Зуылдаған, заулаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Зымп-зымп етті. с ө й л. Зу-зу етті, зырылдады. Тұстарынан түрлі-түсті жеңіл мәшинелер зымп-зымп етеді (З.Шүкіров, Ізгілік.). Көше тып-тыныш. Анда-санда зымп-зымп етіп таксилер өтеді (Н.Сералиев, Қантар).

ЗЫҢ е л і к. *Шың еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

Зың етті. а) Зу етті. Зың етіп, қанжар барып тұмсығымен құмға шанышылып, теңселіп тұрып қалды (М.Жұмағұлов, Қыран.). Кузовтың теміріне тиген оқ зың етіп ұшып кетіп жатыр (Қ.Қайсенов, Жау тылы). ә) Басы зеңіп ауырды, дың ете қалды. Бұл сөзден басы өз-өзінен зың ете түсті (М.Дүзенов, Ақәже).

ЗЫҢ-ЗЫҢ е л і к. *Даң-дұң, у-шу, зу-зу еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Ұста дүкендерінде ертеден кешке дейін зың-зың, у-шу болып жататын (Қ.Әміров, Жастық.).*

Зың-зың етті. а) Қайта-қайта зыңылдады. » Қайт-қайта зың-зың етті. ә) Зыңылдап ауырды, дыңылдады. Басым зың-зың етеді, араның ұясы секілді (С.Жүнісов, Өшп. із.).

ЗЫҢҚ е л і к. *Саңқ еткен дыбысты бейнелейтін сөз. – Мен, – деді қарт даусын зыңқ еткізіп (Ә.Әбішев, Замана).*

Зыңқ етті. Саңқ етті. Бір әйелдің даусы қостың сыртынан зыңқ етті (Б.Майлин, Шығ.).

ЗЫП е л і к. *Тез, шапшаң қимылды бейнелейтін сөз.*

Зып берді [қойды]. Жүрісіне көз ілеспеді, жалт берді, өте шапшаң қозғалды. Жаңыл ауыз үйден зып беріп сыртқа шықты (Т.Ахтанов, Дала сыры). Мен шыдай алмадым, бұлаққа қарай зып бердім (Т.Бердияров, Солдат.). Үйдегілер өздерімен-өздері болып, әбгерленіп жатқанда, зып беріп тысқа шығып кеттім (Б.Соқпақбаев, Бастан. кешкен). Қалады-ау деп жұрт көріп, Қымсынған жоқ, тік келіп, Өз үйіндей торғайың Кіріп кетті зып беріп... (С.Жиенбаев, Алтын

қалам). *Қара жерге табаным тиген соң қуанып кетсем керек, зып қойып кеп қалың ағашқа сүңгіп кеттім* (Ғ.Сыланов, Замана.).

Зып дегізді. *а) Білдірмей қағып кетті, іліп кетті, сып еткізді. Қарауыл шал кепеде отырғанда кішкене бала бір қауынды зып дегізіп үзіп алды да қашты* (“Лен. жас”). *ә) Тез айта қойды. Естіген жаңалығын ойланып жатпай-ақ екінші біреуге зып дегізетін келіншектер де бар* (“Лен. жас”).

Зып етті. *Тез қимылдады, лып етті. Зып етіп үйге кіріп кеткен Мағрипа көпке дейін шықпай қойды* (З.Асабаев, Ар соты). *Бимағамбет екі граната алды да зып етіп, ағаш арасымен бұқпантайлап алға ұмтылды* (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ЗЫП-ЗЫП е л і к. Зуылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.

Зып-зып етті. *а) Зу-зу етті, зуылдады. Екі-үш оқ қолтығымның астынан зып-зып ете түсті* (С.Бақбергенов, Алтын күрек). *Тоқыманы қағар қылыш та зып-зып етеді* (Б.Қыдырбекұлы, Өмір.). *ә) Жып-жып етті, зыпылдады, тез сөйледі. – Үзліс бітті, кірсін деп жатыр, – деп зып-зып етті* (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЗЫР е л і к. Шыр айналған кезде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.

Зыр айналды. Тез жүрді. Күрмеліп тілің байланған, Қолында тағдыр шынжыры. Әшейінде зыр айналған, Машина баяу жылжыды (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Зыр айналдырды. Шыр айналдырды, шыр көбелек айналды. Қарамағындағы жауынгерлер зеңбіректі зыр айналдырып жатты (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

Зыр ете қалды. Азар да безер болды, бедеу қақты. – Ойбай, атай көрме, қарағым, бүлдіресің! – деп Нұреке зыр ете қалды (С.Мұқанов, Шығ.). *Өтетін малды сатып бітірейік десем: “Алла сақтасын, айта көрме” деп зыр ете қалады* (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Зыр еткізді. Мәшинемен жетіп келді, тез жетті. “Волгамен” зыр еткізіп жетіп келсек, бала ес-түсін білмей сұлқ жатыр (Ә.Нұршайықов, Махаббат.).

Зыр етті. Мәшинемен келді, тез жетті. Аяққалқан бармақ болып Өмірбек деген досыммен зыр етіп Көктөбеге келе қалдық (Б.Қожабеков, Көктөбе). *Бір кездертен зыр етіп, жеңіл мәшине шыға келді* (С.Мұқанов, Шығ.).

Зыр желді. Ат бірқалыпты шапты, желді. Шал Антон биік бұлғап, божы қақты, Зыр желді кермедегі ат, шеткі ат шапты, Өткенін қанша уақыт пайым етпей, Владимир тым терең ой ойлапты (Шәкәрім, Өлең. поэма.). *Зыр жүгірді. Тыным таппады, әбігерге түсті. Бірнеше дәрігер жандары қалмай зыр жүгіріп мені емдеп, жазды* (Ә.Нұршайықов, Батыр.). *Екеуі және жүрді зыр жүгіріп, Кез болды бір өзенге талай жүріп. Жарлы бала өзеннен балық алды, Таспаны бау, инені қармақ қылып* (Ш.Құдайбердиев,

Шығ.). Қандай бақыт! Күн сайын Күн шыққаны: Тіршіліктің зыр қағын ұршықтары, Әженің таусылмаған түйдегіндей, Домаланып, иіріп, тыныштыпауы (М.Мақатаев, Шығ.).

Жастық шақ зыр қақты. *Жастық тез өтіп кетті, өмір тез, лезде өте шықты. Ал ана бір Берік деген түйетабан дәу немең, Институтқа бір баруға келісіпті Зәуремен, Олардың да өздерініе бар шығар-ау есебі, Күмісбек те Райкүлге сөз айтып жүр деседі, Өтер сенің жастық шағың, өтер әлі зыр қағып, Өкінбесең жарар еді жақсы қыздан құр қалып* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЗЫР-ЗЫР е л і к. 1. *Тез зымырағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Мен шахтаның ақыны, Арамыз тек екі күн зой. Зыр-зыр, зыр-зыр, Ол зыр-зыр жүгіріп жүрген екпін зой* (С.Ерубәев, Шығ.). 2. *Шыр көбелек айнала бергендегі дыбысты бейнелейтін сөз. Алдындағы бұрғы сияқты ұршығы зыр-зыр айнала береді* (М.Сәрсекеев, Кішкентай.).

Зыр-зыр етті. а) *Тоқтаусыз зырылдады. Шеберхана ішін зыр-зыр еткен станоктар үні көңілді күйге бөлегендей* (“Лен. жас”). ә) *Зар қақты, безектеді. Қазір де осы жағын еске алып біразы қорқып, рентген десе зыр-зыр етіп жолатпайтыны содан* (З.Шашкин, Доктор.).

Зыр-зыр қақты. *Зырылдады, әрлі-берлі жүрді. Зыр-зыр қаққан доңғалақтар лайсаң біткенді қара жолдың қойнынан суырып алып жатқандай* (“Лен. жас”).

Зыр-зыр қашты. *Қолды-аяққа тұрмай, безек қақты, жолатпады. Партия мен үкімет қаулыларын оқы десең, бұлар бетінен басып, зыр-зыр қашады* (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЗЫРҚ е л і к. *Солқ еткенді, күтпеген жерден төмен түсіп кеткендегі күйді бейнелейтін сөз.*

Зырқ етті. а) *Солқ етті, зырқылдады. Қазір бәрі де үнсіз, қар суымен ойылып кеткен жолда, машина зырқ еткен сайын мазасы кетеді* (Ә.Әбішев, Ғаламат). *Оның ауыр денесін көтере алмағандай жұмсақ кереует зырқ етті* (Х.Рахимов, Қызғалдақ). ә) *Қатты шанышып ауырды. Шүйдем тақтайғатаң етіп оңбай соғылды. Зырқ етіп мийым аузыма құйылғандай болды* (Б.Сокпақбаев, Бастан кеш.).

Жүрегі зырқ етті. *Шошып кетті. Гудок даусы шықты десе, Тәлімнің жүрегі зырқ еткендей боп тынышсыздану басталады* (Б.Майлин, Шығ.). *Бастық дауысынан жүрегім зырқ ете қалды* (Н.Сералиев, Ыстық күлше). *Осы келіннің қабағы жадырап, бір күлгенін көрген емесін... Сораңдай есіктен кіріп келе жатқанда, жүрегім зырқ етеді* (З.Шүкіров, Шығ.).

ЗЫРҚ-ЗЫРҚ е л і к. *Қайта-қайта зырқылдаған, солқылдаған күйді бейнелейтін сөз.*

Зырқ-зырқ етті. *Солқ-солқ етті, зырқылдады. Паравоз тағы да зырқ-зырқ етіп, бір шыңғырып алды да, орнынан қозғала берді* (Қ.Сералиев, Кілт.).

Машиналар зырқ-зырқ етіп нақ бір миынан өтіп жатқандай (Д.Досжанов, Зауал). *Тамырым тулай соғып, шекем зырқ-зырқ етеді* (“Лен. жас”).

ЗІРК е л і к. *Қорс етіп, аяқ астынан, ойламаған жерден дүңкілдеген дыбысты бейнелейтін сөз.*

Зірк етті. *Зіркілдеді, зекіді. Жұмабек сөзін бастай беріп еді, Омар зірк етіп, сөзін бөлді* (Б.Тілегенов, Аққайнар). – *Е, не жеппін бұдан!* – деп Досай ат үстінде тұрып зірк ете түсті (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЗІРК-ЗІРК е л і к. *Қайта-қайта зіркілдеген, діңкілдеген дыбысты бейнелейтін сөз.*

Зірк-зірк етті. *Зекіп ұрысты, зіркілдеді, дікеңдеді. Кіріңдер үйлеріңе!* – деп Мұқажан артына бұрылып, зірк-зірк етіп жүр (Б.Тілегенов, Аққайнар).

-И-

ИЗЕК е л і к. *Бастың, т.б. жоғары-төмен баяу қозғалысымен сипатталған жай, ырғақты жүрісті бейнелейтін сөз. Бірақ Әлекең тақымдауын қоймай, сол изек жүріспен Кеусер өзеніне тұсқайта әрең жеттік* (Ғ.Орманов, Жүрек).

Изек қақты. *Қайта-қайта басын шұлғып, дедектеді. Айбас та жымыңдап: – Жөн-ақ екен, түбі қайырлы болсын, – деп изек қақты* (Ә.Ақбаев, Қара боран).

ИЗЕҢ е л і к. *Ілбіген, жай, ақырын ырғақты қозғалысты бейнелейтін сөз. Елдерінен шыққалы еттерінен екі елі жырақ кетпеген екі елі қыл арқан кесіп, қанталап қалған білектері түйенің изең жүрісінен қайтадан қажалып, бебеулетте түсті* (Ә.Кекілбаев, Дала.). *Төрт бұрышты, Изең жүрісті, Қатаның қасы, Түзеудің басы* (Қ.Мырзалиев, Алуан.). *Қызыл қоспақ бір бақ етіп жолға түсті де, кәдімгі балпаң изеңіне басты* (Р.Райымқұлов, Болат.).

Изең қағу. *Изеңдеп, ырғақпен қозғалды. Малдыға изең қағып, көңілін бағып, Басым да елді алдадың құры “алдалап”, Тоқтам қыл, билікті бер, мүшелерім! Осыны “өждан” сүймей жатыр зарлап* (І.Жансүгіров, Шығ.).

ИЗЕҢ-ИЗЕҢ е л і к. *Қайта-қайта қайталанған ілбіген, жай, ақырын ырғақты қозғалысты бейнелейтін сөз. Ұзақ жол, көктем күні, түйенің иш пыстырар изең-изең басқан аяғы жолаушыны қажытқан да болса керек* (Р.Райымқұлов, Түйелі адам.). *Кежір құнанның өнбейтін изең-изең жүрісі шаршатты ма, әлде елге келгеннен бері жанын жегідей жеген ой қажытты ма, суретші ұйықтап жатып шым-шытырық түс көрді* (Т.Рахымжанов, Оралу.). *Әкем әлі сол қалпы, ат жүрісімен жансыз қарақшыдай ілгері-кейін изең-изең етеді* (К.Салғарин, Соқпақ жол.).

ИМЕҢ е л і к. *Іліп, бүгіліп алып, бүрсеңдеген қысқа қозғалысты білдіретін бейнелеуіш сөз.*

Имең қақты. *а) Имеңдеді, бүрсеңдеді. Суық жел суын бүркіп, сүйрең қақты Бүріккен су, сай қуалап ирең қақты. Жатқан мал, жанбасына су тиген соң, Бқ іздеп, қуыс қуып имең қақты (А.Токмағамбетов, Дастандар). ә) Маймаңдады, құрдай жорғалады. Жыландардан жирендің, Итере алмай имендің, Имең қақтың қылымсып, Топыр болды, той болды. Кәрі-жасы ыбырсып (І.Жансүгіров, Шығ.).*

ИМЕҢ-ИМЕҢ е л і к. *Иліп, бүгіліп алып, қайта-қайта бүрсеңдеген қозғалысты білдіретін бейнелеуіш сөз.*

Имең-имең етті. *Итеңдеді, маймаң-маймаң жүрді. Қарақасқа орнынан созалаңдап әрең тұрды. Аяқтағы дәмді қымызды да қимаған түрі байқалады, ауызы жаялықтай болып жаланып, дастарқанға қарай береді. Ақыры имең-имең етіп шығып кетті (А.Нұрманов, Құлан.). Қамила: Ойбай-ай, бетім-ай, құрып қалсын қойдың басы. Шөккен түйедей имең-имең еткені несі (Д.Еркінбеков, Шығ.).*

ИРЕҢ е л і к. *Әрлі-берлі бұралып қозғалғандағы қысқа қимылды бейнелейтін сөз. // Ирек, ирелең. Дүкеннің асты үш қабат, күңгірт, Көртышқанның ініндей ирең. Жауға қазған көрдей жым-жырт. Қызыл шапталы қабағын түйген (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).*

Ирең де ирең. *п о з т. Иір-иір, ирелеңі, қалтарысы мен бұлтарысы көп. Кетсең-ақ үйден бір шығып, Қалады жылап жырышылық. Ирең де ирең тағдырың, Күйбең де күйбең тіршілік! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).*

Ирең етті. *Ширатыла жиырылды, иреңдеді. Меркебек енді жамбасқа тиісе бергенде, алдынан бір жылан ирең ете қалды (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).*

Ирең қақты. *Ирелеңдеді, бұралаңдады. Бетін ирек, езуін көбік жапты, Кейде іркіліп, кейде орғып ирең қақты (Ш.Әбенев, Ортақ арал.).*

ИРЕҢ-ИРЕҢ е л і к. *Әрлі-берлі бұралып қозғалғандағы қайталанған қимылды бейнелейтін сөз. // Ирелеңдеп. Астың тас, айналаң тау, қырың орман, Ағады күміс бұлақ ирең-ирең (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). // Изең-изең. Ай жарығында ирең-ирең қозғалған ақ түйе елеңсіз жатқан елдің желкесіндегі ең соңғы қыр басына да иек артты (Р.Райымқұлов, Түйелі адам).*

Ирең-ирең еткізді. *Қайта-қайта иреңдетті. Меркен жуан, қызыл белдеулі біреуін алды да, ирең-ирең еткізіп, қармағына кигізе бастады (М.Мағауин, Көк кептер).*

Ирең-ирең етті. *Қайта-қайта иреңдеді. Тілеуіштің көзі шедірейіп, тырна мойны ирең-ирең етті (Ә.Сараев, Тосқауыл).*

-К-

КЕЙКЕҢ 2 е л і к. *Басын оқыс, шалт кегжең еткізгенді, бұрғанды бейнелейтін сөз.*

Кейкең еткізді. *Басын кегжитті, кейкеңдетті. Көзіне көзім түсуі мүң екен, мені шақырғандай басын кейкең еткізді (С.Сарғасқиев, Тәмпіш қара).*

КЕКЕҢ 2 е л і к. *Бір нәрсеге шамырқанғанда, шамданғанда жақтырмағанын білдіріп, басын кегжете шалқайып кекек еткізгенін бейнелейтін сөз.*

Басын кекең еткізді. *Басын кегжеңдетті, кекеңдетті. – Менің сыйлағым келеді, – Жанет та басын кекең еткізді (“Қаз. әдеб.”).*

Кекең қақты. *Кекең-кекең етті; кекірейді, кердеңдеді. Кей дос бар, кекең қағып бұлданатын, Кей дос бар, қарап отырып тұлданатын. Нағыз дос бар-жоғыңа қарамайды, Сыр бүгіп, мінезі жоқ ұрланатын (М.Хакімжанова, Намыс).*

КЕКЖЕК е л і к. с ө й л. *Кегжең 2.*

Басын кекжек еткізді. с ө й л. *Басын кегжең еткізді. Мұқтар әбзелді сыпыра берем дегенде кер бесті басын кекжек еткізіп оқыс тартынын қалды (Бәйшешек). Сөйткеніше мұп-мұздай су тас төбесінен шыққандай, басын кекжек еткізді (“Қаз. әдеб.”).*

КЕКЖЕҢ е л і к. *Кегжең (басын оқыс көтеріп алып, артқа қарай сілкіп қалғанды бейнелейтін сөз).*

Басын кегжең еткізді [етті]. с ө й л. *Басын кегжең еткізді (басын оқыс көтеріп алды, артқа қарай сілкіп тастады, кекшеңдеді). Деміл-деміл көзіңе түскен шашын басын кегжең еткізіп, кейін сілкіп қояды (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Бірақ Өрбике басын кегжең еткізіп: – Мен оның қатыны болғым келмейді. Ол тым кәрі, маған күйеу болғаннан әке болуға лайық. Сәнді Сүлеймен әрі жас, әрі көркем, ол бұдан да көп береді. Оған тек мен бір ауыз сөз айтсам болғаны, – деді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Оның ызадан қаны қашып, мойнына құрық түскен асаудай басы кекжең ете қалды (І.Есенберлин, Жанталас).*

КЕКЖЕҢ-КЕКЖЕҢ е л і к. *Қайта-қайта кегжеңдегенді бейнелейтін сөз.*

Кекжең-кекжең етті. с ө й л. *Кегжең-кекжең етті (басын жиі кекжеңдетті). Айғырдың маңдайын, алқымын қамшымен білем-білем қылды. Байғұс кекжең-кекжең етеді, көзін тарс жұмып алған (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдызды.).*

КЕКШЕҢ е л і к. *Басын, иегін шұғыл көтеріп, алғандағы кейіпті бейнелейтін сөз.*

Кекшең еткізді [етті]. *Басын шұғыл көтеріп алды; кегжең еткізді. Бірақ лезде кекшең еткізіп басын көтеріп алды (Т.Ахтанов, Дала.). – Шынымды айтайын ба? – деді Нұри иегін кекшең еткізіп (М.Иманжанов, Көк белес). – Білгенде келмеуші ме ең? – Нұқы қарттың сақалды ұзын басы кекшең етіп, өткір шегір көзі Салыққа қадала қалды (Ә.Сараев, Қараша.).*

КЕКІРЕҢ е л і к. *Оқыстан, бірден шалқақ ете түскенді бейнелейтін сөз.*

Кекірең етті. *Шалқақ ету, кілт ету. Мына белдің қылып отырғаны-ай! – деп, белін жазған кісіше кекірең ете түсті (Е.Қонарбаев, Түнгі от).*

КЕЛТЕҢ е л і к. *Шолтаң еткенді бейнелейтін сөз.*

Келтең етті. *Шолтаң етті.*

КЕҢК е л і к. *Мырс еткен қысқа дыбысты күлу не жылау кезінде дауыстың үзіліп шыққанын білдіретін сөз.*

Кеңк етті. *Мырс етті, қысқа дыбыс шығарып күліп жіберді. – Шынымен-ақ сонысын мақтаныш қылып жүр ме екен? – деп, Медет жатуға кеткенде әкесі кеңк етіп күлді (К.Баялиев, Дегелек.). Сен, тәрізі, шешең Ақбалаға тартқансың-ау, – деп қария бір кеңк етіп алды (А.Сағаев, Дала.).*

КЕҢК-КЕҢК е л і к. *Қайта-қайта кеңкілдегенді білдіретін сөз.*

Кеңк-кеңк күлді [жылады]. *Кеңкілдеді; кеңк-кеңк етіп дауыстап күлді немесе жылады. Атам біреуге риза болса кеңк-кеңк күле беретін. Бұл жолы да солай келеді екен (Қ.Сәрсекеев, Кілт.). Күйініп кеңк-кеңк жылап адам үні, Үздігіп тілдескендей күй мазмұны (І.Жансүгіров, Поэм.).*

КЕУДІР-КЕУДІР е л і к. *Кеуіп қалған матаны, қағазды т.б. қозғалғанда, ұстағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Көйлегіміздің арқасы аппақ тұз, кеудір-кеудір етеді (“От ортасы”).*

КИКЕҢ е л і к. *Изең-изең еткен ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Кикең-кикең етті. *Изең-изең етті, изеңдеді. Өк, көк өгіз, ошақ болғыр! Сүйкенбе, өк! Мүйізіді нық қадап тұр икемдеп, Құлатасың кикең-кикең етем деп (І.Жансүгіров, Шығ.).*

КӨЛБЕҢ е л і к. *Екі жаққа кезекпе-кезек толқынданып ырғатыла қозғалған қимылды, бір ырғақпен майысып жүруді, етектің желбеңдеуін бейнелейтін сөз.*

Көлбең қақты [етті]. *а) Көлбеңдеді, еріксіз көз тартты. Бәденді бәйбіше көлбең қағып Сары шаянға ұсталмаған ақ түбіт сүлгі ұсына берген еді (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк). Сол қақпадан көлбең еткен қызыл ала халаттың шалғайы көрінгенше, төзім де таусылып бітеді (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз). Аңдайда жарқырап жатқан жалпақ дария бетінен дірілдеп бу көтеріліп, ақ торғындай көлбең қағады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). ә) Елестеді, көз алдына келді. Қайран менің ақ пейіл досым, өмір бойы сол бір қалпың көлбең қағып көз алдымнан кетер ме?! (С.Ғаббасов, Ана.). Осы жолдар Аманкелді айтып отырғанда тыңдаушының құлақ құрышын қандырып, көз алдынан көлбең қағып өтіп жатады (С.Мәуленов, Жер нәрі). Өмекең айтқан бір белгі тағы да көңілінде көлбең ете қалып, еріксіз жетелеген-ді солай (М.Сәрсекеев, Туған жер.).*

КӨЛП е л і к. *Тұнып тұрған сұйықтыққа жеңіл зат тосыннан келіп түскенде пайда болатын дыбысты бейнелейтін сөз. Көлге майда тас лақтырғанда, көлп деген дыбыстар шығады (Ауызекі).*

Көлп етті. Күп етті. *Көбелек келіп көлп етіп, Көбігін ішіп ол кетті. Жапалақ келіп жалт етіп, Жартысын ішіп ол кетті (С.Адамбеков, Көсе.).*

КӨМП е л і к. *Ауырырақ затты терең суға тастап жібергенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Домалап барып суға түскенде, көмп деген дауыс қана байқалады (Ауызекі).*

Көмп етті. Күмп етті. *Пар атпен жетіп келді жар басына, Делбесін тарта байлап арбасына, Шықпыртып шыбыртқымен жібергенде, Көмп етіп қарғып түсті дарияға (Н.Ахметбеков, Аманкелді).*

Көмп еткізді. Күмп еткізді, тастай салды. *Пай, пай, Мирошниченко, осыларды мамыққа қарғып түскен баладай мүлік ішіне көмп еткізіп тастай салғаны-ай (Б.Қыдырбекұлы, Шойынкұлақ).*

КӨСТЕҢ-КӨСТЕҢ е л і к. *Сораң-сораң, ордаң-ордаң еткен, көстеңдеген қимылды бейнелейтін сөз. Аяғын көстең-көстең басып біреу келе жатыр (Ауызекі).*

КҮБІР-КҮБІР е л і к. *Қайта-қайта сыбырлап, еміс-еміс естілетін сөзді, тынымсыз күбірлеген үнді, дыбысты білдіретін сөз. Сол күні түстен кейін кеңсе жақ күбір-күбір, жыбыр-жыбыр боп кетті (К.Қазыбаев, Ызғар). // Түсініксіз; естілер-естілмес, күбірлеген. Қағазға үңілген Гүлжан қасындағы әйелдердің күбір-күбір сөзіне құлақ аспастан өзімен-өзі болып отыр (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Ботаның құлағына тағыз да өз иесінің түсінікті күбір-күбір сөздері шалынды (О.Бөкеев, Қамшыгер). // Күбірлеп, дауысын естіртпей. Аттың пысқырған, алыстағы біреудің күбір-күбір сөйлескені болмаса, жат нәрсе білінбейді (Ж.Аймауытов, Шығ.).*

КҮЖ е л і к. *Қатты, жуан, құлаққа дөрекі естілетін қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

Күж етті. *Құлаққа жағымсыз, дөрекі естілетін дыбыс шығарды. Өй, шай үстінде әзіл үшін айтқан әңгімені шынға жорып, – деп Байсалбай күж ете қалды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Әдхам үзіп-үзіп күж ете түседі (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).*

КҮЖ-КҮЖ е л і к. *Қайталанып шыққан қатты, жуан, құлаққа дөрекі естілетін дыбысты білдіретін сөз. // Бірді-бірге қайрап салу, егестіру үшін айтылатын сөз. Күж-күж – деп, келемеждеді оны біреу (С.Сейфуллин, Әңгім.). // Ығы-жығы, быжынаған, құжынаған. Түс мезгілі болғансын ба, адам футбол ойынына жиналғандай күж-күж (Н.Сералиев, Қанат). // Қатпар-қатпар, қыртысы мол. Денесі түйенің жарты етіндей, беті сиырдың қарынындай күж-күж Анар бәйбіше “шұнақ тоқал” мен “көйлекшең қызға” аюдай ақырып, тасқаяқтай қағыстырады (С.Омаров, Қызыл арай). // Қатты тасыған, тасқыны күшті су, азын. Тасыған табанда өзен, түксиген құз, Тесіп өтіп атылған тастан күж-күж (Д.Еркінбеков, Шығ.).*

Күж-күж етті. *а) Жуан дауыспен қатты сөйледі, күжілдеді. Қора жақтан естілген дауыс біртіндеп ұлғайып, күж-күж етеді (Р.Тоқтаров,*

Терістік). *Терентьев күж-күж етеді, кейде жұдырығын түйіп, шынтағының астына салған мамық жастықты ұрғылайды* (З.Ақышев, Ақбел). *ә) Мәшине, трактор т.б. нәрселер күрілдеген дыбыс шығарды, салдыр-гүлдір етті, тарсылдады. Сыңар мүйіз сүзеген бұқалардай, Күж-күж еткен танкісін еттің иандыр! Талай тартыс, тар кезең, қиын жолда; Су шайқалмас үстіңнен болып жорға* (Біздің Мәлік).

КҮЙБЕҢ-КҮЙБЕҢ е л і к. Тынымсыз, мардымсыз, ұсақ-түйек нәрсемен айналысатын әрекетті бейнелейтін сөз.

Күйбең-күйбең етті. Мардымсыз, ұсақ-түйек бірдеңемен айналысты. Алдыңғы орындықта орта жасқа келіп қалған біреу күйбең-күйбең етіп, байыз таппады (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.). *Шайзада әуелі колхоз орталығындағы күйбең-күйбең еткен жұмысты місе тұтпады* (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

КҮЛДІР 2 е л і к. Күңгірлеген, салдырлаған дыбысты бейнелейтін сөз. *Салдыр да күлдір тау іші Жез қоңырауларын шайқады. Ақ бас әниінің дауысын Ақ бұлақтардан байқадым* (Ө.Нұрғалиев, Нөсер).

Күлдір етті. Салдыр еткен немесе салдырға ұқсас дыбыс шығарды. Қаңсыған, қажыған, қаусасаң қара кебежені айғыз тақтайы опырылып, күлдір етті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮЛТ-КҮЛТ е л і к. Көлкілдеп ісінген тұрпатты бейнелейтін сөз.

Күлт-күлт етті. Күлтілдеп істі. Оң жақ көзімнің айналасы күптей. Қабағымның үсті күлт-күлт етеді (С.Жүнісов, Өшп. із.).

КҮЛІҢ-КҮЛІҢ е л і к. Күлім қаққанды бейнелейтін сөз.

Күлің-күлің етті. Күлім қақты, күлімдеді. Ә, құрдас, сенбісің? Кел, шелегіңді суға толтырып берейін... – деп, Бердінің көзі күлің-күлің етті (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

КҮМБІР-ДҮМБІР е л і к. Кейде бәсең, кейде көтеріңкі, күрделі қоңыр дауысты білдіретін сөз. Күннің аптабы қайтатынын бабына келген домбыраның күмбір-дүмбір үні де аңғартып тұр (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

Күмбір-дүмбір етті. Күмбірлеп үн шығарды. Түнгі салқында бабына келіп тұрған саңлақ домбыра күмбір-дүмбір етті (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

КҮМБІР-КҮМБІР е л і к. Бірқалыпты күңгір-күңгір еткен шерткен домбыраның қоңыр үнін білдіретін сөз. Гүл алқабын жайнатқан Өмірде бар жылылық. Күмбір-күмбір күй тартқан, Көңілде бар жылылық (Кел, шырқайық.).

Күмбір-күмбір дала. п о э т. Шексіз, шетсіз, жазық сағым ойнаған дала, қоңыр белдер. Мына мың сан дыбыспен сөйлеп, күмбір-күмбір еткен даланы, арманына арман жалғаған көгілдір аспанды төрт бұрышты қағаз бетіне сыйғызғысы келгендей (Т.Шаханов, Жоғалған.).

КҮМБІР-САМБЫР е л і к. Салдыр-гүлдір етіп күмбірлеген дыбысты білдіретін сөз. Құдыққа тас тастап еді, күмбір-самбыр ете түсті (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

КҮМП е л і к. *Ауыр зат, дене суға сүңгіп түскенде шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

Күмп берді. а) *Тереңге батып, көрінбей кетті, қойып кетті. Нұрлан балағын түріп алып, беттен сабалаған қамысты кейін сырғып, шалқар көлдің мөлдір суын тізесінен кешіп, күмп беріп сүңгіді де кетті (З.Шашкин, Сенім). Қазанғап бір кезде қалың қарға күмп беріп жоқ болып, ыңқ еткен дыбысы қатты естілді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). ә) Ойланбай тәуекел деді. Асқар өзіне: – Әуел баста алды-артымды меңзеп, неге ой жүгіртпедім? Көзді жұмып, күмп беріп қойдым да кеттім, – дейді (З.Шашкин, Теміртау.). – Есеп-қисапсыз көз жұмып, күмп беріп түсіп кетпеспіз, қадірлі бас инженер! – деді Дәмеш Мүсілімнен көзін алмай (З.Шашкин, Теміртау.). б) Қарық болып кенелді, байлыққа батты. Еуропадағы бай клубтардың бірімен шартқа отыра қойса болғаны, ақшаның ортасына күмп беріп түседі де кетеді (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).*

КҮМПЕҢ е л і к. *Қоңпаңдаған, құнжыңдаған қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Күмпең қақты. *Құнжыңдады, қомпаңдады. – Сатан, сен жеген қойыңнан құтылған болсаң, сенімен осы сиязға түсіп арамгер болып жүреміз бе, – деп Мұқажан кекей күліп еді, билер: – Отырғыз! Отырғыз! – деп күмпең қақты (І.Жансүгіров, Шығ.).*

КҮМП-КҮМП е л і к. *Іркіт, қымыз сияқты сұйық заттарды піскенде шығатын дыбысқа ұқсас бірнеше рет қайталанған дыбысты білдіретін сөз. Той дастарқаны жайылып, колхоздың қара сабалары күмп-күмп пісіліп, түн асқан сары қымыз түйіршік майлары бетінде қалқып, быж-быж қайнап, сырлы аяқтарға құйылып жатты (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім.). Бір үйде іркіт, бір үйде қымыз пісіліп, күбі шелек пен қара сабаның даусы күмп-күмп естіліп жатады (З.Ақышев, Ақбел.).*

Күмп-күмп берді. *Бірден суға қойып-қойып кетті. Жейдемізді жүген сыпырғандай, басымыздан асыра бір-ақ ытқытып, шашымыз үрпиген күйі, жарыса келіп, суға күмп-күмп беріп кетеміз (Ө.Қанахин, Жер бас.). Тер сіңіп, шаң басқан мундирлерін асыға шешіп, салқын суға күмп-күмп беріп жатқан көп ішінде қара мұртты, ат жақты, қара көзді ротмистр Шоқан Уәлиханов та болатын (С.Бақберген, Біздің колхоз).*

Күмп-күмп етті. *Өреки сөйледі, бөсті. – Е, ағайын-туысқандар, шүкірлік пе? Жат-жаладан қалтпысыңдар? – дегенде, үні күмп-күмп етеді (Ә.Көшімов, Қысталаң).*

Күмп-күмп түсті. *Қардан жүре алмай малтықты, омбылап батып кетті. Жол бойы біреу “шөк-шөк” деп келе жатқандай етпетінен жығылып, ол қалың қардың көтере алмаған жерінде күмп-күмп түсіп кетеді (К.Қазыбаев, Бізғар).*

КҮҢГІР-ДҮҢГІР е л і к. Күмбір-күмбір, дүмбір-дүмбір еткен дыбысты білдіретін сөз. Арғы-бергі жай-күйлерді сұрасып, жалпы көп сөзден жалыққан қауым қазір Жақаштың қолында күңгір-дүңгір еткен ескі қарағай домбыраның үніне құлақ тігеді (Ө.Көшімов, Қысталаң.).

КҮҢГІР-КҮҢГІР е л і к. Қайта-қайта күңгірлеген үлкен қоңыраулардан шығатын дыбысты және соған ұқсаған жаңғырықты білдіретін сөз. Күңгір-күңгір қоңырау Соғызғандай, салып ой... Таныс әуез – Ой мынау Құрманбайдың даусы зой! (А.Шамкенов, Жасыл жайлау). Бір кезде дауыс шықты күңгір-күңгір, Бұралды қара құлағы салдыр-гүлдір. Есігі қараңғы үйдің жарқ еткенде, Көрінді дүниенің бәрі бұлдыр (Қ.Тоғыззақов, Таңд.). 1966 жылы қаланың қай шетінен болса да естілетін көне сағат қоңырауына қайтадан тіл бітіпті. Оның дабылы алысқа жетеді. Күңгір-күңгір күміс сылдыры әр сағат сайын қала үстін шарлап кетеді (А.Сағаев, Ақын.). // Сөзі түсініксіздеу, көмескі үн. Сөз аяғын қараңғылық бүркеп, орман жұтып жатыр. Алысқа бармай, табан астында мағынасыз бір күңгір-күңгірге айналады (С.Бақбергенов, Қарға там.).

Күңгір-күңгір етті. Күңгірлеп кетті. Бұлар ақырын сөйлесе де дауыстары күңгір-күңгір етіп алысқа жетіп тұр (Р.Токтаров, Терістік.).

Күңгір-күңгір кісінеген. Бабына келген, жарату (қазанат туралы). Күңгір-күңгір кісінеген Алтын жалды арғымақ, Шапса жерді қуырған, Ескен желдей ағындап (Жамбыл, Шығ.). Күңгір-күңгір кісінеген. Таңдайынан есінеген. Күреңді мініп ән шырқап, Тұлпарды емін өсірген! (Қаз. әндері). Күңгір-күңгір кісінескен, Бірін-бірі иіскескен, Құлынишақтың атасы Айғыз бассын үйіңді (С.Сейфуллин, Шығ.).

КҮҢҚ е л і к. Қысқа айтылған түсініксіздеу көмескі дыбысты бейнелейтін сөз. Сол жақтан күңк деген дыбыс шықты (Ауызекі).

Күңк демеді. Дыбыс шығармады, үндемеді. Бір Жарастың қас-қабағына қарап, Гүләйша да күңк демей шыдап бақты (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Күңк етті. Келіспейтінін, қарсы екенін, наразылығын бәсең дауыспен көмескілеу, түсініксіздеу етіп, қысқа айтты, мыңқ ете қалды. “Тымақ кепті даладан... Ұшып кепті қаладан...” Деген хабар дүңк етті. Тымақ біткен күңк етті, Шуылдасты, жиылды, Алласына сиынды (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Елге қайтпасаң болмайтын шығар, – деп күңк ете қалды Күндебай (О.Бодықов, Бұлбұл). Үш-төрт саудагер аттың жанынан өте беріп “қоңы тәуір мал екен” деп күңк ете түсті біріне-бірі (З.Ақышев, Ақбел.).

КҮҢҚ-КҮҢҚ е л і к. Келіспеушілік, қарсылық білдірген жағдайда немесе бір жаңалықты өзара талқылай бастағанда туындайтын адамның ренжу, наразылану, таңғалу күйін жеткізетін түсініксіз дыбысты бейнелейтін сөз; пыш-пыш. Апам күңк-күңк сөйлеп орнына жатты (Т.Бердияров, Солдат.). – Ыдырыстың баласының көзі ілелі көрінеді. Былтыр далада соғып

кетіпті, – деп, ауыл арасы күңк-күңк әңгіме ете бастады (С.Жүнісов, Өшп. іздер). *Өзі тіпті күлмеуші еді: Күңк-күңк, Мыңқ-мыңқ. Үндеуші еді. Әлдекіммен сөйлескендей, Оттың басын үрлеуші еді* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Күңк-күңк етті. Түсініксіз, баяу үн қатты, пыш-пыш етті. Ол теріс қаран күңк-күңк етті (Ауызекі).

КҮП **З** е л і к. *Сұға сүңгігенде, шұңқырға, топыраққа т.б. секіріп не құлап түскенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Күп деген дауыс естілді* (Ауызекі).

Күп берді. *Тереңге іркілмей секіріп кетті, сүңгіп кетті. Алтай жасында сан рет шомылған өзен иіріміне келгенде киімін шешіп, керіліп келіп күп берді* (А.Лекеров, Түз гүлі). *Баяғы түнгі от басында қорқып қашқан арлан бастаған бір топ қасқыр күп беріп дарияға түсіп, жылжып жүзе жөнелді* (Қаз. ертегі.). *Қайрат қылар деген бәйге жүріп алдыңғы тобын тоқтатпақ болып кісіней жүріп, малдың алдын орай бергенде, әлдеқандай бір оңқа күп беріп түсіп кетті* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Сырғанаған өгізді ол қайдан тоқтата алсын. Өгіз күп беріп құдыққа түсті де кетті* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Күп болды [болып кетті]. *Барыниша ісінді, быртиды, торсиды, күпшектей болды. Жаяулап зорға жетіпті, Қолына ұстап тал таяқ. Денесі күп боп кетіпті, Бет-аузы да жалқаяқ* (С.Мұқанов, Алдабергенов.).

Күп боп істі [семірді]. *Торсиып істі, быртиды, толды, бойына ет, май жинады. Машина Марданның аяғына түсіп кесіп кеткен екен, түрмеде ол аяқ күп болып ісіп кетті* (І.Жансүгіров, Шығ.). *Май шабаққа тойынған тарғыл мысық он шақты күннен кейін күп боп семіріп алды* (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Күп дегізді. *Күмп еткізді, тез салып жіберді; шұғыл, жедел. Өгізбас қара бақырды Қайнар қара бұлаққа Күп дегізіп малады, Шайқалтып су алады* (Манас).

Күп ете түсті [күп ете қалды]. *а) Сұға құлады, күмп етіп түсіп кетті. Ат, арба сырғып аунақиыған бетімен сұға барып күп ете түсті* (С.Бегалин, Ана.). *ә) Кенеттен тап болды, үстінен түсті, дәл төбесінен түсті. О пері де осында ма еді! Мен өзім, Сайра, ненің үстінен күп ете түскем. Ұлығы анау, Мыналары мынау* (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). *Бұрын мұншама мал ұстап көрмеген кедей ауыл бірден мол байлыққа күп етіп түсе қалған соң, оның ретін тауып та жұмсай алмады* (С.Жүнісов, Жапанда.). *Бір түкпірге барып, қайтуым мұң боп қалмасам игі еді деген ойлар келді. Жоқ, олай болмады, дәулеті шалқыған колхозға келдім де, күп ете қалдым* (К.Қазыбаев, Дәуір.).

КҮП-КҮП е л і к. *Күбі піскенде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз. Балқаш көлге барайық Балығын ұстап алайық. Суына салқын түсейік, Күбідей күп-күп пісейік* (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Күп-күп етті. *Мақтанды, ісіп-кепті, өзіне-өзі сыймады. Барақ өзінше батырсып, күп-күп етіп отыр* (Ауызекі).

КҮРК е л і к. *Тамақты қырнай жөтелгенде шығатын қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

Күрк етті. Қысқа, келте үн (жөтел т.б.) шықты. Аузында шылым, ара-тұра күрк етіп жөтеліп те алады (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Қапс күркесінде қалғып отырып аяғы оқыста тайып кетіп, күрк етіп қалған тауық үні секілді. Үйдің басқа тасасынан тағы бір “тауық” күрк ете түсті (Ғ.Сыланов, Дөң асқан).

КҮР-КҮР е л і к. *Күрілдеген, күркіреген дыбысты бейнелейтін сөз. Күр-күр етті аралап, Аспанның күмбез шатырын, Жаңбырдың бірер тамшысы Тырс етті жерге ақырын (Ә.Сәрсенбаев Өленд.). Қар суы жардан ағып күр-күр, сыр-сыр, Кіріп жүрміз қойнына күлдір-сылдыр. Тас атпай, суға шалп-шұлт, мұзға сарт-сұрт, Мұндайда тиыш жүре ме, балалар құр (С.Дөнентаев, Шығ.).*

Күр-күр еткізді. *Күрілдеген, күр-күр еткен дыбыс шығарды. Тұмарбай сыбызғы тартқан кісіше, ұзын кеңірдегінен күр-күр, дыр-дыр еткізіп бір әуез шығарды (Ж.Аймауытов, Шығ.).*

Күр-күр етті. *а) Күр-күр еткен дыбыс шығарды, гүрілдеді, бұрқ-сарқ етті. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ырым-сырым дегенге бағынбайды, Байға, бекке, кісіге жалынбайды. Серпіні, түйе менен атты ағызып, Өзендей күр-күр етіп ағындайды (С.Әлімбетов, Өленд.). ә) Гүж-гүж етті, арпылдады. Қоян жымындай жолдар болмаса, кісі адасатын, шарбақ үшін күзеткен дәу, сұр овчарка жан жуытар емес. Көзінен от шашып, тықыр сезсе, күр-күр етеді (Ғ.Мұстафин, Миллионер).*

КҮРК-КҮРК е л і к. *Күркілдеген дыбыстың дүркін-дүркін қайталануын бейнелейтін сөз. Будақ-будақ бу, түтін. Шыңғырған немесе күрк-күрк, пыс-пыс дыбыс. Бұндағы адамдардың үсті-басы баттасқан май мен күйе (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Міне, бұның жатысы. Көкірегі күрк-күрк. Одан түсіп жатқананау қап-қарадымқыл қай қаланың күлі? (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).*

Күрк-күрк етті. *Күркілдеген дыбыс шығарды. Күні бойы жөндеп жайылмастан, күрк-күрк етіп, түйелерді айнала тайрақтаған қара бураның әрекетін жұрт енді ғана аңғарған (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Әуелі Бершін, сонан қалған екеуінің де мылтықтары жай отындай күрк-күрк ете қалды (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).*

Күрк-күрк жөтелді. *а) Өкпе, тыныс жолдары қабынған адам, мал дүркін-дүркін жөтелді. Ауыздағы үйден ұзақ күрк-күрк жөтеліп, кәртең үнмен ыңыранып алқынған дауыс келді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ауру көкесінің түрі анау, күрк-күрк жөтеліп, екі иығынан дем алып жүргені (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Қойлардың халі тіпті нашар. Мойны ыргайдай*

саулықтар күрк-күрк жөтелді (С.Жүнісов, Жапанда.). ә) б е й н. Зеңбірек т.б. дүркін-дүркін атылды. 1941 жылдың 6 декабрінің таңы әлі бозарып атқан жоқ. Шығыс жақ нажағайдай жарқ-жұрқ, сатыр-күтір. Жер солқылдап, күрк-күрк жөтеледі (Б.Момыұлы, Москва.).

КҮРП е л і к. Бие, сиыр сауғанда ағарғанның шұңғыл ыдысқа құйылуынан шығатын дыбысты және қалың қарды салмақпен басқанда естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.

Күрп етті. а) Күрк еткен дыбыс шықты. Аяғындағы саптама етік біресе көдеден тайғанап, біресе күрп етіп қалады (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). ә) Олжаға белшеден батты, даярға тап болды. Жәрмеңкешілердің биыл еңселері көтеріңкі. Осы жолы қолдары күрп еткелі тұрған тиімді сауданың елірткіш буына бәрі де әлден семіріп алғандай (Б.Аманшын, Көкжар). – Өмірбаяныңды қоя тұр, – деді Клавдия Петровна – кім басынан қиыншылық өткізбеді дейсің. Рас, мол тұрмысқа күрп ете түскен кейінгі жастар білмеуі мүмкін, бірақ тарихта жазылып жүр ғой (Абзал жандар).

КҮРП-КҮРП е л і к. 1. Ыдыс толы көпіршіген сүттің үстіне онан әрі мал сауғанда, айранды, қымызды піскенде, су шайқалғанда естілетін дыбысты бейнелейтін сөз. Бижамал үндемеді. Сүт шелекке күрп-күрп құйылып жатыр (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Жарау төре енді – Сәруар көрінеу қысылып қалғанда – ұзын тұра денесін жеңіл көтеріп, қаба сақалдың тамағын ісіре жаздаған сабаға барды, сонсоң сабадағы қымызды бес-алты рет күрп-күрп пісіп жіберді (А.Сүлейменов, Бесін). 2. Ішіне су кірген аяқкиіммен, кең етікпен жүргенде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз. Тәнзила жеңешем керзі етігін күрп-күрп сүйретіп қырданды айналып жүр (Тұлпар). Үстінде телогрейкасы бар, керзі етігін күрп-күрп басқан ол, кешеден тұрған жуындыны төкпек боп тағы да сыртқа шығып кетті (Ө.Қанахин, Жүрек). 3. Омбы қарды, топырақты, құмды салмақ сала басқанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Жарқабақты айналып, омбы қарға күрп-күрп түсіп кетіп, Рясниковтың бұғылары келеді (Р.Тоқтаров, Терістік.).

Күрп-күрп етті. Күрпілдеді күрпілдеген дыбыс шығарды. Шелек біртін-біртін күрп-күрп ете бастады. Сөйткен сайын көбік көбейіп, шелек ернеуіне таяп келеді (Ө.Қалдыбаев, Шаншар.).

КҮРС е л і к. Салмақты нәрсе т.б. құлағанда шығатын гүрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Нұрғали тұра қапты. Жолындағы қазанға күрс жығылды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Сол сәтте зорға тұрған шаңырақ жігіттің үстіне күрс құлай, жалтара берген оның шекесін созып өтті де, жалаңаш бесікті құшағына алғандай сақыр-сұқыр зар шеге жауып қалды (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.).

Күрс берді. Күн берді, қойып кетті. Қараңғыға күрс беріп жан-жағына қармана құлағанда қолына еш нәрсе ілінбей, жамбасымен ұшып түсті (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Күрс етті. а) Гүрс етіп құлады. Аяғын өзі тұрған тақтайдың бойымен баса беріп еді, күрс етіп төменге құлап түсті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жау тепсініп келіп, қамшысымен тартып қалғанда, ежелден бойға біткен жасқанишақтықпен өз ісін өзі тентек, өрескел көргендей, оп-оңай жасып қалып, шошып барып аттан күрс ете түсті (М.Әуезов, Қараш.). ә) Тарс етті, атылды. Сол уақытта асығып тұрған саусақ, жіңішке суық темірді нығыздап қысып қалғанда, қарғыс оғы күрс етті (М.Әуезов, Қараш.). Оқ күрс ете қалғанда, Теміртай естен жаңылды. Кең дүние сол кезде Ол сорлыға тарылды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

КҮРС-КҮРС е л і к. 1. Салмақты зат бірінен соң бірі жалп-жалп құлағанда естілетін дыбысты бейнелейтін сөз. Қандай епті, шапшаң адам болса да күрс-күрс құлап тұрған мынау қомақты балшықтардан толас тауып, шығар ауызға өтіп болар емес (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім). Бұл ыстықта, от-азапта қай тірі жан шыдайды. Күн өткесін басы айналып күрс-күрс жерге құлайды. Түске дейін қырық мың адам түгел құлап бітеді, Түстен кейін қырық мың адам орнына кеп тұрады (Ж.Қыдыров, Нұр жаусын.). 2. Оқ атылғанда шығатын тарс-түрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Айнала оқ зуылдап, снарядтар түн қараңғысын қақырата қақ жарып, күрс-күрс жарылып жатыр (Б.Момышұлы, Москва.). 3. Ауыр затпен (кетпен, бала т.б.) күш сала ұрғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Ұсталардың көрігіне шейін машина басады, электр балғасы күрс-күрс ұрып жатыр (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім). Қара кетпенді күрс-күрс ұрады құлаштап (А.Нысаналин, Алыста.).

Күрс-күрс етті. а) Күрсілдеді, гүрсілдеген дыбыс шықты. Пісілді күрс-күрс етіп қара саба, Даусына жаңғырықты мидай дала, Құйылып сары қымыз сапырылып, Шүпілдеп көбіктене толды шара (С.Мұқанов, Таңд. өленд.). ә) Ырс-ырс етті, ентігіп дем алды. Бәйбіше қайда? Ақбілек қайда? – деп көзі шарасынан шығып, Мамырбай отағасы күрс-күрс етті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

КҮРТ 3 е л і к. Қатты нәрсе морт сынғанда, бірден, тез үзілгенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Ал қағы мұз болып қатқан Күрт егерде Жарылып қала берер жұрт өтерде. Тұратын сияқты зой Алматыда Жаз бен Күз, Қыс пен Көктем Бір пәтерде! (Қ.Мырзалиев, Ақ отау).

Күрт етті. Күрт еткен, тырс еткен дыбыс шығарды. Алып ағаш тұған жерін соңғы рет басып жатыр. Күре тамыры күрт етіп үзіліп кеткенше өмір бойы сапта тұрып, соңғы деміне дейін адам баласына қызмет еткен қарт солдат сияқты (Бәйшешек).

КҮРТ-КҮРТ е л і к. 1. Қатты нәрсені, шөпті шайнағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. *Бурыл жас шөпті күрт-күрт күйсейді* (О.Бөкеев, Үркер). *Өгіз айдаушысының сөзін құптағандай, мүйізін шайқап қойып, көктем шөбін күрт-күрт жұла берді* (Қ.Исабаев, Соңғы.). *Қайқайып пимаң басы көлік айдап, Салдырап қатқан тоның сорың қайнап, Жайланып ас ішуге шамаң келмей, Суықта қатқан нанды күрт-күрт шайнап* (И.Байзақов, Құралай.). 2. *Беті қатайыңқырап, нығыздалып қалған қармен жүргенде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз. Қалың табан қызыл етігімен қарды күрт-күрт басып, қалаға баратын тура жолға түсті* (С.Бакбергенов, Адам.). Таптаурын сүрлеу-соқпақтай емес, тұяғы батып, күрт-күрт ойылған сүрі қарға шығысымен, атым әлгідей шаба алмады (Ф.Дінісламов, Көл жағасы.). Іле тас түйін кейіптегі ықшам ширақтықпен қаңтардың үрінді қарын күрт-күрт басып, жүгіріп кетті (“Лен. жас”). 3. *Қураған заттың, бұтаның сынған, үзілген кезінде естілетін дыбысты бейнелейтін сөз. Қараған-бұта жалпақ табан астында күрт-күрт сынады* (К.Сегізбаев, Ашыл. сыр). *Сарғайып қурап кеткен изен, адыраспан, жусандар аяқ басқан сайын күрт-күрт үзіліп түседі* (Т.Әбдіков, Көкжиек).

Күрт-күрт етті. Қайта-қайта күртілдеген дыбыс шықты. Ағаш арасында оым дыбыс жоқ. Тек ұзақ жатқан қар ақырын басқан аяғының салмағымен ойылып, күрт-күрт етеді (Ө.Нүрпейісов, Күткен күн). *Бірқалыпты күрт-күрт еткен, оқта-текте осқырынған дыбыстар естіледі* (“Қаз. әдеб”).

КІДІҢ е л і к. *Күрт, үздік-создық қимылды бейнелейтін сөз. // з а т. Кірбің, кикілжің. Шамасы, Балымай екеуіңнің араңда бұрыннан да кідің бар зой? – деді Михаил Жұмаға сынай қарап* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Кідің алды. Көңіліне алды, жаратпады. Жақыптың сөздерін кідің алған Шоқан, оған түйіле бір қарады да үндемеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Кідің мінез. Қыңыр, кілтетпе. Шоқанның тікшіл, кідің мінезін аңғарып үлгерген Григорий бөлмесіне бірден кіріп баруға бата алмады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

КІДІҢ-КІДІҢ е л і к. *Бірнеше дүркін қайталанған күрт, үздік-создық қимылды бейнелейтін сөз. Кес-кестей бүкіл бөксе, біздей өкше, Жалт қарай жайындай боп жылмың етсе. Тұсаулы аттай басып кідің-кідің Кертеңдей жылмың етсе, қылмың етсе* (Б.Майлин, Шығ.).

Кідің-кідің етті. Кідіңдеді, қоқиланды, кіжіңдеді. Болмашы нәрседен бала қоразша кідің-кідің етіп, шекісе қаламыз (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

КІЛК е л і к. *Сұйық немесе қоймалжың заттың шылпылдаған, тербелген, шайқалған, былқылдаған үздік-создық қозғалысын бейнелейтін сөз.*

Кілк етті. Айныды, көтерілді. Еттің майдағы семізін, майлысын теріп асағанда, жемей қарап отырған менің жүрегім кілк етіп, май тигендей болады (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

КІЛК-КІЛК е л і к. *Сұйық немесе қоймалжың заттың қайта-қайта шылпылдаған, тербелген, шайқалған, былқылдаған үздік-создық қозғалысын бейнелейтін сөз.*

Кілк-кілк етті. а) *Шылпылдады, шылп-шылп етті. Жер-дүние тұтас су болып кетті. Қайда бассаң да кілк-кілк етеді (Дала шұғыласы). ә) Қалың, бітік өсіп, жел лебіне жайқалады. Әй, Қалау, байқайсың ба, ана қарашы, ала бұтасы, ащылық сораңы кілк-кілк етеді. Нағыз түйе ұстайтын жер екен (Ә.Нұрпейісов, Сергелден). Жоқ, шық үсті керім от, іріп тұр екен. Несін айтасың, бой алып өскен сарбалақ бұйырғын кілк-кілк етеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).*

КІЛТЗ е л і к. *Оқыс қозғалғанда дене буындарының шытыр, сықыр еткен қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

Кілт еткендей. *Буыны тайғандай. Олжай жұлыны үзіліп, белі кілт еткендей сегіз көздің тұсынан ұстай алды (Ә.Әбішев, Заман.).*

Кілт етпе. *Көбіне оқыс, ыңғайсыз қимылдағанда білінетін буын ауруы. –Профессор келетін болса, мен де барып көрініп, белімнің кілт етпесі барын айтсам ба екен? – деді Меруерт (Б.Сокпақбаев, Ажан). Оның белінің кілт етпесі бар (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). // Жоққа өкпелегіш, тез ренжігіш. Әдетте, өз өмірін баласыз оңаша өткізген кәрі әйел күйкішіл, мұңдар болмақ. Әрі кілт етпе, кінәмиіл келеді (К.Тоқаев, Түнде.).*

Кілт етті. а) *Буыны сынды. Ол киіктей бола алмай, Терең сайға сылқ етті, Бел омыртқа кілт етті (Т.Шопашев, Бәйтерек.). ә) Жоққа өкпеледі, босқа ренжіді. Ол баласының неге кілт ете қалғанын түсінбеді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Жөнсіз жерге араласып, болмашы біреңеге кілт ете түсетін анасына аз да болса басу айтып, үй ішіндегі кикілжіңнің алдын орай отырады (М.Хасенов, Тұлпар.).*

КІРТ 2 е л і к. *Кенеттен быри ете түскен, кіри еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Сол-ақ екен, батыр да кірт еткізіп жыланның басын тістеп бөліп алып, “қақ тіну” деп атып жіберіпті (А.Нұрманов, Құлан.).*

Кірт етті. Кіри ете түсті, қырт етті. Кенет бір нәрсе кірт ете түсті. Қарасам, шұңқырға жапқан қақпақты тесіп өткен, мылтықтың сүңгісі екен (“Қаз. әдеб.”). Ат кірт етіп шөп жемей, Ер қылт етіп су ішпей, Еркіндеп бір бел шешпей, Ер үстінде езіліп (Манас).

КІРТ-КІРТ е л і к. *Қайта-қайта күрт-күрт, қарт-құрт етіп естілген, қыртылдаған дыбысты білдіретін сөз. Көксерек көк күшікті жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып, өлтіріп тастады (М.Әуезов, Көксерек). Меңдігерей үндемеді. Жолдың тапталған қарына, кірт-кірт басқан аттың аяғына қадала қарап, тұнжырап отыра берді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Қалың қар кірт-кірт езіліп, аяқ тайғанақтай береді. Ғимран таңырқанды (М.Қаназов, Жер.).*

КІРШ-КІРШ е л і к. *Қайта-қайта қарш-қарш, қашыр-құшыр, кірт-кірт етіп естілетін дыбысты білдіретін сөз. Кірш-кірш, тақ-тақ, дүрс-дүрс, сырт-сырт, кірш-кірш!... Міне, бұл дыбыстар, шынында, би емес пе? (С.Сейфуллин, Шығ.). Қасқырдың жоғарғы азулары Аққасқаның тұмсығының екі жағынан жоғарғы ұрттарына келіп, кірш-кірш кірді (М.Әуезов, Қараш.). Жолбарыс әуелі жас сырбаздың жұмсақ етіне ауыз салып, шертеу сияқты балдырған сүйектерін кірш-кірш шайнап, бусанып бітеу жұтты (Т.Рыскелдиев, Ұлы көш.).*

-Қ-

ҚАЙҚАҢ 2 е л і к. *Қайқайған, шалқайған қысқа қимылды бейнелейтін сөз. Бетке келгенде бірің қайқаң, бірің жалтаң, пәтуасыз, не елге, не жастарға септіктерің жоқ (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).*

Қайқаң етті. а) *Бұл етті, қайқайған шалт қимыл жасады. Жамбасына аунап түсіп мені өзіне тартты. Қайқаң етті қасақана іргеге ығыстым (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Қайқаң етті хас қыран, Қайта көкке самғады (М.Мақатаев, Дарига жүрек). ә) Тайқып шыға келді. Ислам дінінде Мұқамет қатынды 4-ке дейін алыңдар деп ыссы қаны тасып айтатын, тегіс ұстай алмаймын деп қорқасыңдар ма біреуден алу жөн деп қайқаң ете түскен (М.Дулатов, Шығ.).*

Қайқаң қақты. а) *Қайқаң-қайқаң етті, зыр қақты. Бақытжан оның гажаптарын алғаш рет сол сапар көрді: әлі тасқыны анық қайтып болмаған судан қайықша қайқаң қағып жүзіп өте берді (Б.Аманшин, Көкжар). Жамиға бір түкірді де қайқаң қағып, жан-жағын ала көзімен бір шолып өтті (Ж.Самитұлы, Сергелден.). ә) Белі майысып, қайқақтап қиналды. Арқанның сол жақ қолыма оралған түбінен ұстап алып, мен де сіресіп келемін, екеуіміздің тартысымызға шыдай алмай астындағы аты қайқаң қағады (Ә.Әбішев, Найзағай). б) Шалқалап барып, тік көтерілді. Томағасын тартқанда бір қырымнан, Қыран құс көзі көріп самғағанда. Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп, Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға (Абай, Тол. Жин.). Көңілін оның еш уақыт қайтармадың, Ұшты бір күн қанаты қайқаң қағып, Жақсылықты құстар да біледі екен Соқты бізге шырылдап қайта айналып (С.Мәуленов, Рауан). Қарақұс етікті қозы деп қалғанын суға таяна бере сезініп, қайқаң қағып қайта жоғарылап кетті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. Кет.).*

ҚАЙҚАҢ-ҚАЙҚАҢ е л і к. *Қайқаң-қайқаң етіп, теңселе басқан жүрісті бейнелейтін сөз. Күн шыққанда Айекең қайқаң-қайқаң дегендей-ақ өксік келген соң тыпыршу да жайына кетті (А.Сүлейменов, Бесін).*

Қайқаң-қайқаң етті. *Қайқаңдап жүрді, қайқаңдады; бұлғаңдады. Жыртқыштың бір жақ езуінен салақтап түскен тілі жыланнның басындай*

қайқаң-қайқаң етеді (Т.Ахтанов, Боран). Бойы онша болмаса да сирағы ұзын, жауырыны қақпақпай, сыртынан қарасаң жүрісі қайқаң-қайқаң етеді (Ө.Тарази, Бұлтқа сал.).

ҚА-ҚА е л і к. Қарқылдап күлгенде үзіліп-үзіліп шығатын дыбысты, қарқылды бейнелейтін сөз. Қа-қа... Қақ-қақ-қақ... күліп отырғандар қырантопан, қырылып қалыпты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ҚАҚШАҢ е л і к. Басын бірден, тез қақшиптып көтеріп алған қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.

Басын қақшаң еткізді. Басын қақшаң еткізіп көтеріп алды, қақшипты. – Жаныңнан шошысаң хақтағаланың барлығына шәк келтірмегін, – деп молда басын қақшаң еткізді (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай). Құс басын қақшаң еткізіп көтеріп ап, жарыққа көзін қадап жайланып отыра берді (Ә.Жылқышиев, Айтолқын).

Қақшаң қаққан. Қақаңдаған пысық. Бәкішке жаққан келтір, қақшаң қаққан, Ұқсайды мысықтарға тышиқан баққан, Айдайдың санын шымшып, қолын тістеп, шашынан түнде айырылмай ұстап жатқан (Д.Еркінбеков, Айдай).

Қақшаң қақты. Қақаң-қақаң етті, қақшаңдап тұртып алды. Қанша кеш ұйықтамасын Түйғынның таңғы алтыға жетпей қақшаң қағып тұрып алатын әдеті (С.Бердіқұлов, Аспан.).

ҚАҚШАҢ-ҚАҚШАҢ е л і к. Бастарын қайта-қайта көтеріп қақшаңдатқан қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз. Үшеуі бірдей бастарын қақшаң-қақшаң көтеріп алып, аулаға атып шықты (Ж.Тұрлыбаев, Семсер).

Қақшаң-қақшаң етті. Тыным таппады, қақаңдады. Қайдар саушылықтағы қалпына қайта түсіп, қақшаң-қақшаң етеді (А.Хангелдин, Өткен күн.).

ҚАЛБАҚ е л і к. Қалбалақтаған, қалбаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.

Қалбақ қақты. а) Қалбаңдады, далтылдады. Сай бойлап бір бөктергі қалбақ қағып, Қалтылдап ауыл жанай өтті лағып. Шіркін-ай, көрінсе ғой осындайда Дауылды жарып өтер қыран ағып (Ж.Смаков, Мың махабб.). ә) Құрақ ұшып, бәйек болды. Құнанбай аттанып кеткенге шейін мұндай ауылдар “құрақ ұшып”, қалбақ қағып күтеді (М.Әуезов, Шығ.).

ҚАЛБАЛАҚ е л і к. Далтылдап ұиқан қимылды бейнелейтін сөз.

Қалбалақ қақты. а) Қалбаңдап ұшты.Қалбалақ қаққан қағаз сарт етіп терезеге соқты да, іле шыр көбелек айналып жоғары атылды (Балдәурен). ә) Дегбірсізденіп, асып-састы; бәйек болып, жалтылдады. – Жиенімнің тойында іштегенде қайда ішемін! – деп қалбалақ қағып Сұлтан жүр (Т.Есімжанов, Дала.).

Қалбалақ ұшты. Жаны қалмай, құрдай жорғалады. Олар да ыңғайсызданып, қалбалақ ұшып кешірім сұрар еді (Р.Сейсенбаев, Аңсау).

ҚАЛБАЛАҢ е л і к. Далтылдап, қалбалаң қаққан қимылды бейнелейтін сөз.

Қалбалаң қақты. Қалбалаңлап, дегбірі кетті. Әбдінің әкесі мен шешесі қатыны құрысын, жаның олжа, бас аман болса, әйел табылады, – деп қалбалаң қағып, құдайлары жарылқап жүр (К.Қазыбаев, Ызғар.).

ҚАЛБАЛАҢ-ҚҰЛБАЛАҢ е л і к. Қалбаң-құлбаң, далп-далп еткен қимылды бейнелейтін сөз.

Қалбалаң-құлбалаңетті. Асып-сасып құрақ ұшты, бәйек болды. Қараменді қайырлы болсын айтқан соң соқыр кемпір қалбалаң-құлбалаң етіп қуанып қалды (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

ҚАЛБАҢ е л і к. Құстың қанатын далп-далп еткізіп сабалаған, ұшқан қимылын бейнелейтін сөз. // Бәйек болу, қалбалаңдап құрақ ұшу. Бір көрмеге тәп-тәтті, Қазаны мен қалбаңы. Дөң айналмай ант атты, Бүксіп-бықсып ар жағы (Абай, Тол. Жин.).

Қалбаң етті. а) Далылдады, қанатын сабалап ұшты. Аңшы жүгіре жөнелді. Су бетінен қалбаң етіп көтеріліп, құлап түскен бір үйректі көріп қалғанмын (Ж.Өмірбеков, Қызыл су). ә) Жалп етті, далбаң етті. Базаралы ұрғанда жылқышы ортасынан опырылғандай боп, қара айғырдың үстінен қалбаң етіп бір-ақ құлады (М.Әуезов, Ақын аға). Жатты енді Қалбаң етіп жотада өзі, Жаудырайды жалтақтап бота көзі. Көзінде бір жас тұрды төгілуге, Көзіне қорықтым оның көрінуге (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Қалбаң қакты. а) Далылдап далбаңдады, жалп-жалп етті. Ол әлдебір дыбыстан селк ете қалды. Қараңғыда қалбаң қағып біреу келе жатыр. Тәлтірктеп көшенің екі жағына кезек ауытқиды (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Қораз жан даусы шығып шыр-шыр етіп, қанаттарын сабалап қалбаң қаққанда, Арайдың үстінде киелі от ойнақтап тұрғандай көрінді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). ә) Бәйек болып, құрақ ұшты. Сен болған соң жаңбыр да, бұлттар да көп, Ағылады жолаушы сырттан да кеп, Қариялар жатады қалбаң қағып, – Көзің тиер соншама сұқтанба, – деп (С.Тұрғынбеков, Қобыз). Саусағының салымы бар, сосын әттең бөркі бар... Ал әйтпесе, қызда сирек кездесетін көркі бар, Қайран шебер қалбаң қағып, еркін алып тынысын, Басқарып жүр ескерткіштің ою-өрнек жұмысын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Қалбаң ойнады [ұшты]. Қалбаңдады, қалбаң қақты. Аз уақытта-ақ аспан асты алай-түлей болды. Сары бауыр жапырақ қалбаң ойнап, безек қақты (С.Жүнісов, Жапанда.). Арық кемпір қалбаң ұшты (С.Жүнісов, Жапанда.).

ҚАЛҚАҢ е л і к. Әрі-бері қозғалып қалқақ қаққан қимылды бейнелейтін сөз. ~ Қалқаң етті.

Қалқаң қакты. Әрі-бері қозғалып қалқақ қаққан қимылды бейнелейтін сөз. Жентек-жентек қызыл суға бір сүңгіп, бір шығып қалқаң қағып, ағып бара жатқан иегіне жауаңдай қарап, арғы бетте ілмий жабағылар қалды (О.Бөкеев, Сайтан көпір).

ҚАЛТАҚ 2 е л і к. Қалп-құлп етіп діріл қаққан, қалтылдаған қимылды бейнелейтін сөз. Қарасып бір-біріне жалтақ-жалтақ, бәрі де аяқатарын басып қалтақ (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). // Қалт-құлт еткен қимыл. Бертін келе

басына да, қолына да аздап қалтақ кіре бастаған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қалтақ қақты. Қалтақтап қозғалды, тыным таппады. Бұталар да жел екпінінен қалтақ қағып тыным-тыныштығынан айырылған (М.Әуезов, Абай жолы).

ҚАЛТАҚ-ҚАЛТАҚ е л і к. Бір орында тұрмай, қалтақтап қозғалған қимылды бейнелейтін сөз.

Қалтақ-қалтақ етті. Қалтақтап қозғалды, тыным таппады. Жүгіргенде басы қалтақ-қалтақ етіп, үйге кіріп жоқ болады (Қ.Кенжетәев, Дархан.).

ҚАЛТАҚ-ҚҰЛТАҚ е л і к. Қалт-құлт етіп, тәлтіректен зорға жүрген қимылды бейнелейтін сөз. // Қалт-құлт еткен, тәлтіректен. Бет-ауыздарын айғыз-айғыз шаң көміп, екі көзі зорға жылтырайтын қалтақ-құлтақ мүскіндерді көргенде, әу баста топырақтан жаратылсақ, жаратылған шығармыз деп деп ойлайсың (Ө.Кекілбаев, Үркер).

Қалтақ-құлтақ етті. Қалт-құлт етіп зорға жүрді.

ҚАЛТАҢ 1 Қалт-құлт еткен, қалтаңдаған қимыл қозғалысты бейнелейтін сөз. ≈ Басын қалтаң еткізді. // Қалт-құлт, қалтақ. Бай балтан, жарлы қалтаң (Мақал).

Қалтаң қақты. Қалт-құлт етті, қалталақтады. Жерошақта кейде жалтылдап, кейде лаулап жанған оттар түннің қалың ұйқысымен қалтаң қағып, алысып тұрғандай (М.Әуезов, Қараш.). Балықшыға толқын да, толқын үстінде қалтаң қаққан қайық та кесел келтірмейді (Т.Құрманғалиев, Теңіз.).

ҚАЛТАҢ-ҚАЛТАҢ е л і к. Қалт-қалт етіп қалталақ қаққан қимылды бейнелейтін сөз.

Қалтаң-қалтаң етті. Қалтаңдады, қалталақтады. ≈ Басы қалтаң-қалтаң етті.

ҚАЛТАҢ-ҚҰЛТАҢ е л і к. Қалт-құлт етіп қалтырақтаған қимылды бейнелейтін сөз. ≈ Қалтаң-құлтаң жүріс.

Қалтаң-құлтаң етті. Қалтылдады, қалт-құлт етті. Басы шот шапқан сайын қалтаң-құлтаң етеді (Д.Досжанов, Келіншектау.).

ҚАЛТ-ҚАЛТ е л і к. Қалтылдап дірілдеген, қалтаң-құлтаң еткен қимылды бейнелейтін сөз.

Қалт-қалт етті. Қалтылдады, дірілдеді, секілдеді. Қабира ағынды өзеннің тер жерінен тартылған жіңішке бөрене үстінен қалт-қалт етіп әрең өтіп, арғы жағаға шыққан адамдай болып, әдемі басын жоғары көтеріп, әдеті бойынша мойнын сәл оң жағына қарай бұра түсіп, өтініш үнімен бұдан былайғы өз тілегін аңғартты (Ө.Нұршайықов, Махабб. Жыр.). Мен көрдім сынық қанат көбелекті, О да білер өмірді іздемеуші. Күн шуаққа жылынар қалт-қалт етіп, Онда гибрат алар жан бір бөлекті (Абай, Тол. жин.). Көз әйнекті семіз біреуісі аяғын жаңа басқан балаға ұқсап, адымдауға қорқып қалт-қалт етеді (Б.Соқпақбаев, Бақыт жолы). Өз кінәсін өзі ақтап ала

алмай, Теке сақал, уәзірлерін атарға оқ таба алмай, Тұтқында отыр хан сорлы, Сел-тасқында қалт-құлт етіп әрең тұрған аралдай (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ҚАЛТ-ҚҰЛТ е л і к. Тәлтірек қағып, қалтырақтаған қимылды бейнелейтін сөз. Әрең-әрең зорға. Қалың беріп қатын алуға күйі болмай, сұр бойдақ атанып, шешесі мен екеуі қалт-құлт күн кешіпті (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Қалт-құлт етті. а) Тәлтірек қақты, қалтырақтады; әрең қозғалды. Адамзат өлшеусіз ұзақ заман көр азабын шегіп жатып, ахрет күні кебіндерін жамылып, көлеңкелей қалт-құлт етіп, бой көрсетеді деуші еді ғой (М.Әуезов, Шығ.). Дүбірлетті есікті бай да болмай, Аз кешікті, ашуға жан табылмай. Бір жалшы келді есікке қалт-құлт етіп, Жылы орнын тастамақ кімге оңай (Абай, Тол. жин.). Кей-кейде тірілгендей, өліп кешіп, Көтерер қайта басын қалт-құлт етіп. Суретін келістіріп айта алмады, Қолымды жылы жүрек дірілдетіп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). ә) Әрең-әрең күн көрді. Оған арыз жарымас, Сонда-дағы әр қылмыс, қалт-құлт етіп жүргені, Қысы-жазы қарны аш (Жамбыл, Шығ.).

ҚАЛШ-ҚАЛШ е л і к. Қалшылдап, дірілдеген қимылды бейнелейтін сөз. Қазанғап судан шыға құлапты, тұрар емес. Қимылсыз. Буын-буыным қалиш-қалиш, дір-дір (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). Демі – жалын, сөзі – оқ, Қатуланды қиыр шет. Келген жауда үрей жоқ, Қалиш-қалиш, дір-дір, селк-селк (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Қалш-қалш етті. а) Қалтырап қалшылдады, дір-дір етті. Қобалжудың күштілігінен бе, әлде сырқаттан ба, әйтеуір ол қалиш-қалиш етіп дірілдеп отыр (С.Ерубәев, Шығ.). Безгек болған адамдай тұла бойы қалиш-қалиш етті (Б.Майлин, Таңд.). ә) Әбден тоңды, мұздады, суық өңменінен өтті. Аралбай тісі-тісіне тимей қалиш-қалиш етеді (С.Омаров, Қызыл арай). Денесі қалиш-қалиш етіп, мұздап кеткендей болды (М.Жұмабаев, Шығ.). б) Қатты ашуланды. Баланың сонда ашумен айтқан сөзі: “Мен кетем қосқа отынның келер өзі!” Дірілдеп тұла бойы қалиш-қалиш етіп, Қызарып оттай жанды екі көзі (О.Шашин, Дастан.). Тоқтат! – деді ата қыран қалиш-қалиш етіп долданып, Бекер жатқан екенмін ғой, ұлым бар деп малданып Көкірегін бір алапат ыза буып алды да, Ұясының аузына әрең жетіп барды да, Жан шошытар жылтыр құздан құлап өлді табанда (М.Шаханов, Ғасырлар.). /161 б/

ҚАҢҒЫР-КҮҢГІР е л і к. Даңғыр-дұңғыр, салдыр-күлдір еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Содан соң қаңғыр-күңгір, салдыр-гүлдір, Асылған артым тұман, алдым бұлдыр, Қақпасын басқа дүние ашсам керек, Бір уыс тіршіліктен қалған тұлдыр (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Таң ата сол теміржол бойымен бір Тоқтады қара вагон салдыр-гүлдір.

Дәл сондай қара қақпа ашылды да, Тарады төңірекке қаңғыр-гүңгір (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). // *Дабыр-дұбыр, дыбыр-дыбыр дыбыстар, сөздер. Сырттан да әлдекімдердің қаңғыр-күңгірі естіледі* (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). *Сыртқа қыз-келіншектердің қаңғыр-күңгір сөздері естіле бастап еді* (К.Баялиев, Нөсер).

Қаңғыр-күңгір еткізді. *Қаңғырлаған, күңгірлеген дыбыс шығарды. Тілінен ұстап отырған қоңырауды қоя бердім де қаңғыр-күңгір еткіздім* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Қаңғыр-күңгір етті. *Даңғыр-дұңғыр, салдыр-күлдір еткен дыбыс шықты. Үй ішінде әлденелер қаңғыр-күңгір етті* (М.Жұмағұлов, Қыран.). *Осы кезде найзағай оты жарқ ете қалды да, орасан үлкен шелек жерге құлағандай, күн қаңғыр-күңгір етіп күркірей жөнелді* (Т.Әбдіков, Күз.).

ҚАҢҚ е л і к. *Қаңқ еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

Қаңқ етті. *Қаңқылдады аңы дауыс шығарды. Жауызға тастың қыры жаман батты, Қаңқ етіп оқ тигендей омақатты. Әлсіреп әлі кетіп, сүйретіліп, Қан құсын кесек-кесек барып жатты* (О.Шипин, Дастан.). *Шал бір кірпіштің сынығын алып, әлгі итке лақтырып кеп жіберді. Ит қаңқ ете қалғанымен, үруін тоқтатпады* (Ж.Молдағалиев, Тыңдағылар). *Көк төбет қаңқ ете қалды. Қараса әлгінде артында келе жатқан бөрте бар пәрменімен бүйірден періпті оны* (Қ.Қазыбеков, Ызғар). /250 б/

ҚАРҚ е л і к. *Тосыннан шыққан қарғаның дауысын, қарғаның дауысына ұқсас қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.*

Қарқ етті. *Қарқылдады, қарқ еткен дыбыс шығарды. Мақтауға есіріп, Барынша көсіліп, Ырғалып қарқ етті, ірімшік жерге салп етті* (Абай, Тол. жин.). *Қарға қарқ етті де ұшып кетті* (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). *Құманды тұрған Бір қарға көріп, Қарқ етіп қонды, Қасына келіп* (Т.Жабаев, Із).

ҚАРҚ-ҚАРҚ е л і к. *Қарқылдаған дауысты, бейнелейтін сөз. Ол өзенге жақындаған сайын осы бір оқыс ойдан құтыла алмай қойды, әуеде қарқ-қарқ жалпылдаған қарға-құзғындарды да іші жаратпайды* (Р.Хайруллин, Офицер).

Қарқ-қарқ етті. *а) Бірнеше рет қарқылдады (қарға). Ол аспанда қарқ-қарқ еткен қарғадан өзге ешнәрсе болжай алмады* (О.Бөкеев, Үркер). *Қарқ-қарқ етіп қарғалар, Өлеңдерін айтысты. Ай батқан соң балалар, Үйлеріне қайтысты* (Ө.Тұрманжанов, Бозша.). *ә) Қатты жүргендіктен тоқ жылқының қарнынан құрқ-құрқ деген дыбыс шығуы. Өйткені кішкене бүлкетесе, қарны қарқ-қарқ етіп, шортасы үзіліп кете жаздайды* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ҚАРШ-ҚАРШ е л і к. *Қарш-қарш еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Қазанғап сүймен ұстаған қолдарын төбесінен асыра көтеріп, көкше мұзды*

қарш-қарш ұра бастады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Тұлпар мінген қазаққа ас батпаған, Тұлпар мінбей жігіт жарын таппаған, Ауыздығын қарш-қарш шайнап бүгілген, Тұлпар мінбей: батыр жауға шаппаған (Н.Бәдіғұлов, Бәйтерек). Сен неге, тұлпар атым, кісінейсің? Жабығып неден көңілің, түсті екен? Ерігіп ауыздығың, қарш-қарш шайнап, Бұ қалай, бұрынғыдай сілкінбейсің? (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ҚАРШ-ҚҰРШ е л і к. Қаршылдаған дыбысты бейнелейтін сөз. Көп сөйлемей, тіл қатпай, Бетінде жалын жатпады, Қалтылдаған қасқа тіс, Қаһарлана басқа тіс, Қарш-құрш шайнады (Манас). Ауыздығын қарш-құрш шайнап, омыраулай, ұмтыла орғыған ат шабысының аясына құрылған күй әуені самал жел ескен Сарыарқаны, оның тұңғиық көк аспаны мен қызыл изен, боз жусанды даласын көзге елестеді (М.Мағауин, Өмір жыры).

ҚАУДЫРІ е л і к. Кеткен тері, мата, қағаз т.б. сияқтыларды ұстағанда, умаждағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.

Қаудыр етті [түсті].Қаудырлады, қаудыр-қаудыр еткен дыбыс шығарды. Сол дауысты арқаланып әлгі баран атты үшеуге еткіп келіп: “Түс-түс атты қинама!” – дей бергенде, аты бір жардан секіргенде, артындағы бөктерген терісі қаудыр етіп, аттың шабына тиген соң, ат мөңкіп соқты да, шұрқырап жатқан жылқыға барып жанындағы терісін қаудырлатып, жылқыны тиіп алды да жөнелді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Қағаз қаудыр ете түсті (М.Мағауин, Көк мұнар).

Қаудыр қакты. Қаудырлады, қаудыр-қаудыр етті. Киімнің сыртынан киген кенеп сулықты кешегі жаңбыр сірестіріп тастаса керек, жөндеп кеппегендіктен, ол қозғалған сайын, қаудыр қағады (А.Хангелдин, Өткен күн).

ҚАҺ е л і к. Итті шақырғанда айтылатын дыбыс, кә-кә! Қойөсер мен Құттөбет те көрінбейді. “Қаһ-қаһ!” – деймін, еш дыбыс жоқ. Жүрегім әлде бір сұмдықты сезгендей боп, су ете қалды (Ә.Нұршайықов, Жинақ).

ҚАШЫР-ҚҰШЫР е л і к. 1. Тарс-тұрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Құлақ салып тыңдасақ алыстан қашыр-құшыр еткен танк колонкасының дүбірі естілді (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.). 2. Шақыр-шұқыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Күрек тістері тасты да қашыр-құшыр шайнап тастайтындай еді (Б.Токтаров, Теңіз).

ҚИДУ-ҚИДУ е л і к. Арқасы қозып, есіріп, еліріп, қозғалақтап, тығырып кеткендей бейнелейтін сөз. Сенің әкең ат дүбірін естисе, қиду-қиду деп арқасы қозып, түнімен ұйқы бермейді, – дейді Ұстабайға (Д.Досжанов, Жусан).

ҚИҚ е л і к. Биіқынтып шыққан қысқа жіңішке дыбысты бейнелейтін дыбыс. Ешкім де “қиқ” деген дыбыс шығармады (Ауызекі).

Қиқ етті. Биіқынған қысқа етіп дыбыс шығарды. Сарбас қиқ ете қалды (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ҚИҚАҚ е л і к. 1. Әрі-бері теңселіп қиқалаңдаған қисық қимылды, жүрісті бейнелейтін сөз. Мұндайда қатал шеше баласының анау-мынау қиқағына көнген жоқ (М.Дүйсенов, Меймандар). 2. а у ы с. Қылжаң, қисаң (бос қылжақ, ерке шолжаңдық). Жоқ, жарықтығым, қиқақты қой да, жүр, қазір (Ғ.Орманов, Жүрек). 3. а у ы с. Қисықтық, қиқырлық, қырсық. Өлімге бұлай бас ұрма, Арсыз ажал қиқағын (Қ.Аманжолов, шығ).

ҚИҚАҚ-СИҚАҚ е л і к. 1. Қиқаң-сиқаң еткен, бірқалыпты емес жүрісті, қимылды білдіретін сөз. 2. Бір нәрсені істегісі келмеушілік, қиқаңдағандық, бұлтарушылық. Дәл осы бүгіннен бастап, отарды бір күні әйелің, бір күні өзің жаясың, бұған ешбір қиқақ-сиқақ кірмейді, мен өзім әдейі тексеріп тұрам (Б.Токтаров, Тауда).

ҚИҚ-ҚИҚ Қиқылдаған (күлген) дауысты дыбысты білдіретін сөз. Сөз тапқанға қолқа жоқ, Беке. Ақылыңнан айналайын, Қанаишжан. Отырғызып кетті, – деп қиқ-қиқ етті (Ж.Сатаев, Алабөкен). Нук-Нукен қиқ-қиқ күлді. Өзі қызық, өзгеріп кеткен біртүрлі. Бұрын мұндай емес сияқты еді (М.Айымбетов, Көгілдір соқпақ).

ҚИҚАЛАҢ е л і к. 1. Қисық, қиқы-жиқы, бірқалыпты емес жүрісті, қимылды бейнелейтін сөз. 2. а у ы с. Қисалаң, бұталаң. Қыришаңқы жүрттың ортасында қиқалаң ғұмыр кешкен бұл оның тұқымының білігіне аз жүгініп, білегіне аз сүйенбеп еді (Ө.Кекілбаев, Үркер).

Қиқалаң қақтырды. Әрі-бері ебедейсіз теңселітті, қисалаңдатты. Далабай қапелімде сасып қалып тілін тістеп алды, машинаны оңды-солды бұталақтаатып қиқалаң қақтырды-ай (Д.Досжанов, Табалдырығыңа.).

Қиқалаң салды. Қиқаң-қиқаң етті; бұттарды, жалтарды, істегісі келмеді. Зәбила балалары әлі талай қиқалаң салар саған (Б.Токтаров, Таудағы ән). Балық аулауға шыққысы келмей қиқалаң сап тулайтынданы да жоқ емес (Ш.Дәрмағанбетов, Арал арайы).

ҚИҚАЛАҢ-ЖИҚАЛАҢ е л і к. с ө й л. Қиқалаң-қиқалаң. Биыл да осылай жалғыз қалғанда әлгі қара кемпірдің су тасушы шалы қиқалаң-жиқалаң өзгі арбасымен арнайы өзін алып қайтуға келді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ҚИҚАЛАҢ-ҚИҚАЛАҢ е л і к. Қайта-қайта қайталанған қисық, бір қалыпты емес жүрісті, қимылды бейнелейтін сөз. Өзі сырықтай ап-арық, сидиған аяғына биік өкше туфли киіп, онысымен қиқалаң-қиқалаң етіп, жүре алмайды да (“Қаз. әдеб.”).

ҚИҚАҢ е л і к. Қисаң еткен, қисық, қысқа қимылды бейнелейтін сөз. 2. а у ы с. Бір нәрсені істегісі келмегендік, қылжақтағандық; қырсықтық. Қас тағдырдың қиқаңына көнбейміз, Ел намысын кескілеспей бермейміз (Қ.Аманжолов, Нұрлы дүние). Тартады жылғалы сол қабағым. Мінезі жамсан жардың ит қапқандай, Жай мінезді қиқаңды қой, қарағым (Айтмыс). Қиқаңына көнбеген бастығы соңғы кездері өзіне әбден жауығып алған-ды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Иығын [іінін, жауырынын] қиқаң еткізді. *Келіспегендік қимыл ишарасын білдірді. Сергел өз көзіне өзі сенбей иығын бір қиқаң еткізді де, ішке қайта кірді* (Д.Исабеков, Қарғын). *Айзада “бармаймын дегесін, бармаймын!” дегендей іінін қиқаң еткізді* (Ж.Ташенов, Өтелген.). *Аттандырмақ болған жеңгесіне қолтығын ұстатпай, сол жақ жауырынын қиқаң еткізді* (Т.Әлімқұлов, Кер толғау). *Мирас мен Мұрат бұл жайында ойланбағандықтарын танытып жауырындарын қиқаң еткізді* (С.Шаймерденов, Мәжнүн тал).

Қиқаң шығарды. *Қырсық мінез көрсетті, қыңырланды. – Әлде келін бе екен, қиқаңды шығарып отырған, – деп Қамажай шалына қарап басын көтерді* (М.Мәжитов, Құлынды).

ҚИҚАҢ-ҚИҚАҢ е л і к. Әрлі-берлі теңселген қиқаңдаған, қайталанған қимылды бейнелейтін сөз. Қомпаңдатып, шомпаңдатып, қызып алып, ыртың-жыртың сылқылдап, бөкселері бұлтыңдап, қиқаң-қиқаң билейді (С.Байжанов, Жастық шақ.).

Қиқаң-сиқаң еткізді. *Әрлі-берлі, қайта-қайта қозғалтты. – Не бұйырасыз? – деп қисық ағаштай қыңырая біткен тырбың белін қиқаң-қиқаң еткізді* (Б.Токтаров, Таудағы ән).

Қиқаң-қиқаң етті. *Қисаңдады, қосалақтаты. Сонда арқаңызды бүрге жеген адамдай қиқаң-қиқаң етпей, тып-тыныш отырасыз* (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

ҚИҚАҢ-СИҚАҢ е л і к. 1. Қиқайып, қисаңдаған бір қалыпты емес, қайталанба қимылды бейнелейтін сөз. Қызыл шұға жапқан қиқаң-сиқаң столдың алдында көздерінде қуаныш жасасы мөлтілдей тұрған алты оқушы, бір мұғалім (“Лен. жас.”). 2. а у ы с. Қылжақтық, бос қиқаңға салынушылық. *Театральщина дейтін қиқаң-сиқаң, еліктеу, құр сыртымен ойнау сияқты нәрселер* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). *Оны мен Бөкенбаев арасындағы құнсыз, мәнсіз сылқың-сылтың, қиқаң-сиқаңдар спектакльді көрушіге пьесаның басқа мән-жайынан еріксіз тартымырақ боп кетеді* (М.Әуезов, Шығ.).

ҚИҚАҢ-ШИҚАҢ е л і к. с ө й л. Қиқаң-сиқаң. *Есенгелді опырайған үлкен қара үйге қадаған көзін аудармай ұстаған бойы сықыр-сықыр, қиқаң-шиқаң еткен ішілтерлі есікті ашты* (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

ҚИПАҢ е л і к. *Бұлтаң еткен ебедейсіз қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз. // Бұлтарыс, қалтарыс. Гүлім менің осы бір жол өлеңім, Қадірменге қалап, сыйлап ұсынар, Сөз бе, тәйірі, Сәкеңе алпыс дегенің, Қипаңы жоқ қиындықтан қысылар* (А.Хангелдин, Қыз жүрегі.).

ҚИПАҢ-ҚИПАҢ е л і к. *Бұлталаңдаған ебедейсіз қайталама қозғалысты бейнелейтін сөз.~ Қипаң-қипаң қозғалу. Қипаң-қипаң етті. Қипақтады, қипаңдады.*

ҚИПЫҢ е л і к. *Ебедейсіз болған қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Қипың қақты. Тынышсызданып, не істерін білмей о жар қозғалады. Құсыбай молда шымшық торғайдың ұясында жаралған көкектің балапаны құсап өзі отырған орнына өзі сия алмай қипың қағады (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

ҚИРАЛАҢ е л і к. Бұралаң ете қалған, қисайғандағы қысқа қимылды бейнелейтін сөз.

Қиралаң етті. Қисаң етті, қисайып көзге көрінді. Әтей мен матай ағайлар ойламаған жерден қиралаң ете қалады (Ү.Уайдин, Ендігісін.). Қоңыр құлжаның қиралаң етіп, алдындағы тастан кеудесін асыра алмай, сүйретіле құлап түскені көрінді (М.Әуезов, Қараш). Жайшылықта мұрнына су жетпей, асығыс қарбаласып құалап жүруші еді, сылбыр тартып қалыпты. Қиралаң етіп шет жақтан бүк түсті (С.Смағамбетов, Елім-ай).

ҚИРАҢ е л і к. Қираңдап, қисаңдағандағы қысқа қимылды бейнелейтін сөз. Қираң басып жөнелді, Алақайлап ел енді Қуанышқа кенелді. Едірейіп, қалқып (М.Жұмабаев, Шығ.).

Қираң етті. Ауырлықты көтермей, әлі келмей қисайып қалды. Жүкті көтерген бойда есектің арқасына тастай салғанда, байғұс, белі қираң етіп теңселіп кетті (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Қираң шоқпар көзіне тағы бір көрініп, құлақ шекесінен салып өтті, ол қираң етіп құлап түсті (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ҚИСАЛАҢ е л і к. Бір жағына ауып кеткендегі қайталанба қысқа қимылды бейнелейтін сөз. // Қисық, түзу емес. Алда кедір-бұдыры мол қисалаң жол жатыр (Қ.Салғарин, Ақмаржан).

Қисалаң етті. Қиқаң етті, қисаң етті, бір жаққа қарай ауып кетті. Балунның алғашқы шабуылынан бір пенде сау қалмайтын. Шірік томардай қисалаң етіп барып, жер сүзетін (С.Шаймерденов, Жыл кұсы). Стол қисалаң етті (ҚИсабаев, Қарабала).

ҚИСАҢ е л і к. Бір жағына ауып қалғандағы қысқа қимылды бейнелейтін қимыл.

Қисаң етті. Қиқаң етті, қисая кетті. Сәлім не де болса енді құтылған шығармын деп келе жатқанда, ат кенет қисаң етіп, омақаса мұрттай ұшты (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). О, жігіт болмай кет, – деп, қисаң етіп ол Бертайға бұрылды (Р.Райымқұлов, Жасыл белес). Ол менің бетіме, одан малақайыма қарады да басын қиқаң еткізді (Д.Исабеков, Қара шаңырақ).

ҚИТЫҢІ е л і к. Қисаң-қисаң еткен жүрісті бейнелейтін сөз.

ҚИЯҚ-ҚИЯҚ е л і к. Қыран құстың шақыруы, шаңқылы. Әлденеге оқталғандай қос топшысын қоқаңдатып, “қияқ-қияқ” деп шаңқылдап алды да, қайтадан сабыр сақтады (А.Сейдімбеков, Ақнық). Адамбек арғы сайдың басында тұр екен, тымағын құрыққа шанышып алған, соны жалбаңдатып, өзі: “қияқ-қияқ” – деп қояды (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

ҚОБЫР-ҚОБЫР е л і к. *Күбірлеп, дүрліккен дыбысты бейнелейтін сөз. Манадан бері жағаларын сындырмай отырған қонақтар қапелімде қобыр-қобыр дуылдап жүре берді (М.Қаназов, Арна). Екі-үшеуі, төрт-бесеуі қабат кеп қалғанда тіпті мазасыз. Қолда тұрмай қобыр-қобыр боп қалды (Т.Ахтанов, Дала сыры).*

ҚОЛҚ е л і к. *Кең нәрсенің күп еткен қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Қолқ етті. *а) Кең киімді кигенде қолайсыз күйге түсті, күп етті. Етігі аяғына қолқ ете қалды (Ауызекі). ә) Бірден құлай кетті, көне кетті. Сүлекеңдер Орынборға келгесін де қолқ ете қалған жоқ (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).*

ҚОЛҚ-ҚОЛҚ е л і к. 1. *Кең нәрсенің өте жайсыз, қолапайсыз қайталанған қимылын бейнелейтін сөз. Арық аттың құйымшағы мазасын алып, қолқ-қолқ желісіне іші түйіліп, тынышы да кетіп келе жатыр (Т.Дәуренбеков, Біз кезд.).* 2. *Кең нәрсенің қуысынан ауаның шыққандағы қайталанған дыбысты білдіретін сөз. – Әй, сен шын ашуланып қалдың ба? Қалжыңым ғой, – деп Баран қолқ-қолқ күлді (С.Мұратбеков, Көкорай).*

ҚОЛП-ҚОЛП е л і к. *Кең заттың басқа затпен қайта-қайта босаң жанасуын бейнелейтін сөз.*

Қолп-қолп етті. *Қолқылдады, қолтылдады. Оның қоңыр шекпенінің омырауы алқам-салқам, мыжырайған ескі етігінің қонышы қозғалғанда қолп-қолп етеді (Ө.Көшімов, Екі бүркіт). Ал етектегі жалғыз жаппа іргелігі желпілдеп, қолп-қолп етеді (Т.Есімжанов, Аяулым). Жеңгей атқа мініп, артық үйренбеген кісі ғой: бір қолымен ердің қасынан ұстап, аяғын үзеңінің сағасына салып орнатқан омақаша қопшып буынын билей алмай, қолп-қолп еткені Ақбілекке айт пен тойдан да қызық болды (Ж.Аймауытов, шығ.).*

ҚОДАҢ е л і к. *Біреуге қоқаңдап сес көрсетушілік, едіреңдегендік; қодыраң. Байдың баласы жатық, малышысы қодаң (1001 мақал).*

ҚОДАҢ-ҚОДАҢ е л і к. *Қайта-қайта қодаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

Қодаң-қодаң етті. *Қоқаңдады, қодыраңдады. – Мынау агроном көктемдегі сәуіріктей қодаң-қодаң етеді, Шықа, – деді Амантай (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).*

ҚОДЫРАҢ-ҚОДЫРАҢ е л і к. *Қайта-қайта қодыраңдаған, едіреңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

Қодыраң-қодыраң етті. *Қодыраңдады, едіреңдеді, қырып кете жаздады. – Қосты өртеген түні осында кеп пе еді, артынан Қадылбек қырып кете жаздады: “жуликті жасырдың деп” қодыраң-қодыраң етеді (О.Бөкеев, Қайдасың). Өзінен екі мүшел үлкендігім де жайына қалды, сақалыма да қарамады, қодыраң-қодыраң етіп кетіп барады (Б.Токтаров, Тауда).*

ҚОЖАҚ-ҚОЖАҚ е л і к. *Қайта-қайта қожсаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

Қожақ-қожақ етті. Қожсақтады, қожсаңдады.

ҚОЖ-ҚОЖ2 е л і к. *Қожылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

Қож-қож етті. Қожылдады, қожылдаған дыбыс шығарды. Мысық... қабырғаға құрулы кілемнің басына бір-ақ шықты. Одан жерге секіріп, бөлменің ішін опыр-топыр қыла, айнала жүгірді. Қож-қож етеді, көзінен от шашады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ҚОЙҚАҚ е л і к. *Қойқаң, одыраң, Ел түсі ұлықтың көп қойқағын, еркелік тәйтіктігін көтеретін сияқты емес (М.Әуезов, Қилы заман).*

ҚОЙҚАЛАҚ е л і к. *Қойқаң. Қойқалақты қой (Ауызекі).*

ҚОЙҚАЛАҢ е л і к. *Қойқалаң-қойқалаң еткен қозғалысты бейнелейтін сөз.*

ҚОЙҚАҢ е л і к. *Қолапайсыз, одыраңдаған қозғалысты бейнелейтін сөз. Аралап түкпірлерге барушы еді, Тексеріп, күйіне көз салушы еді, отырып, қалада, тек, қойқаң басып, шеттерден дұрыс дерек алмаушы еді (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Жас шыбық жалаңаш арқаға шып-шып тиген сайын байкең қойқаң ете қалады (“Балдырған”). Мындай мезгілсіз жүріс, мындай қойқаңы бар өктем сөз Мимырт тарихында кездеспеген жәйт (О.Әубәкіров, Сикыр).*

ҚОЙҚАҢ-ҚОЙҚАҢ е л і к. *Қойқақ-қойқақ, одыраң-одыраң еткен қимылды бейнелейтін сөз. Сыздықтың құдайы жарылқады. Әбен болып, қарнын қампита, ауын салақтата, қойқаң-қойқаң жүреді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Қойқаң-қойқаң сан бала қаз, Бұтағыңнан тарағандай. Сәл қалт етсе қараша жаз, Бас көтеріп қарағандай (С.Нарымбетов, Ассалаумағалейкүм.).*

Қойқаң-қойқаң етті. Қойқаңдады, қойқақтады. Шопан жігіттің жүрісі де қызық екен, жүгі ауган түйедей әрлі-берлі қойқаң-қойқаң етеді (О.Сәрсенбаев, Жиде гүлд.). Екі иығы қайқайып, жолында біреу тұрса қағып кетердей қойқаң-қойқаң етіп, ауылға қарай бет алды (Б.Тілегенов, Уақыт). Қызыл қоспақ ұзын мойнын сәл көтере түсіп, қойқаң-қойқаң етіп біраз жүрді (Р.Райымқұлов, Болат).

ҚОЙТ-ҚОЙТ е л і к. *Екі қошқарды не текені бір-бірімен сүзістіру үшін айтылатын ишарат сөз.*

ҚОҚАҢ-ҚОҚАҢ е л і к. *Қопаң-қопаң, шоқаңдады. Қоқаң-қоқаң етіп, шапқан бесеу әлгі топтан бөлінді де, бір қырқадан шауып шыға келді (Т.Ыдырысов, Жалын. Жыл.). ә) Қодыраңдап сес көрсетті. Қарақшылар жолымды бөгеп, қоршап алды. Кеуделерімен қағып, қылыштарын көтере ұстап, қоқаң-қоқаң етеді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Сәлемін жақсы құптап алғаннан соң, Жолдастары қасына жетіп келді, Қалай деп қоқаң-қоқаң еткендердің, Жаулардан мәні-жайын сұрады енді (Батырлар жыры).*

ҚОМПАҢ е л і к. Қозғалақтаған, ебедейсіз қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.

Иықты қомпаң еткізді. Екі иықты көтеріп, білмейтін ишарат білдіреді. Біз иығымызды қомпаң еткіздік, білмейтінімізді айттық (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Ақшаны көргенде уәделесіп қойғандай екі ұры да қомпаң ете түсті (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Мен иығымды қомпаң еткіземін. Не болатынын қайдан білейін? (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ҚОМПАҢ-ҚОМПАҢ е л і к. Қайта-қайта қозғалақтап, томпаң-томпаң еткен арсын-гүрсін қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз. Қазанатын мінісіп, Қомпаң-қомпаң желісіп, Жағасыз көйлек киісіп, Көк шай салып су ішіп (Жамбыл, Шығ.).

Қомпаң-қомпаң етті. а) Қомпаңдады, арсын-гүрсін, ебедейсіз қимыл жасады. Ол ересек балаларға еліктеп қомпаң-қомпаң етіп секірген де болады (М.Сүндетов, Ескексіз.). ә) Мәз-мейрам болды. – Болды бір қызық – Кенбай балаша қуанып, қомпаң-қомпаң етті (А.Алдабергенов, Жаңару).

ҚОҢҚ е л і к. Келіспей, наразы болған, күңкілдеген қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.

Қоңқ етті. Келіспеушілігін, наразылығын, күдігін білдірді. Мектеп пен милиция қайда, олар немді бітіреді? – деп бір қоңқ етті де, аяғын маң-маң басып жүріп кетті жуантық (“Қаз. әдеб.”). Сол кезде мен иығынан тартып қалдым. – Тоқта, бір сұрағым бар. – Немене? – деп қоңқ ете түсті (Ә.Омарбеков, Кәрлен кесе). Құты түскен батыр, маңындағыларға қарап ойланған да жоқ, қоңқ етті: – Ішіңді ұрайын, қыпшақ шақырса, осынау атығай-қарауылдан басқа біреуді көрмеп пе? (С.Жүнісов, Ақан сері).

ҚОПАҚ-ҚОПАҚ е л і к. Қопаң-қопаң еткен, ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.

Қопақ-қопақ етті. Қопақтады, қопаң-қопаң етті. Бұл Карпов жасағы болып шықты. Шолақ құйрық күрең айғыр мінген хорунжий алдында келе жатыр, ат үстінде қопақ-қопақ етеді, шынында да, ашулы қара бура тәрізді (І.Есенберлин, Қаһар).

ҚОПАҢ е л і к. Қопаңдаған, ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Сайлаубай өзінің бүгін аңғарымпаз болып кеткеніне таңы бар. Қасым Жомарттың қызыл реңінен ащы мысқылдың ойнап өткенін байқады. Титықтаған атын қамшымен осып-осып жіберіп, қопаң желіспен Қасым Жомартқа қатарласты (Таң нұры). // Қопаңдаған, ебедейсіз қимыл. Қоңыр айтқандай: “Қопаңым бар да, қозғаларым жоқ” мұндықпын. Кіріптар тұтқынмын, – деді Сұлтанмахмұт алқынып, ентігін баса алмай (Д.Әбілов, Арман.).

Қопаң еткізді. Қопаңдатты, қозғалтты. Гүлзия ойын аяқтамай сөзін жұтты, Нұрбек иығын бір қопаң еткізіп үнсіз қалды (С.Еркебаев, Ауыл.).

Қопаң етті. Орнынан оқыс көтерілді. Құмарбек қопаң етіп көтеріле берді де, жерге жүресінен отыра кетті (С.Бакбергенов, Кентау). Қалыптан тыс сөз айтқанда, әзілдегенде, өзгенің тапқыр сөзіне риза боп күлгенде орнынан бір қопаң етіп, шашын сипап қоятын әдеті ежелден келе жатқанын Сәргел білетін. Ол бұл жолы да тап солай етті, демек, өз сөзіне өзі риза әрі көңіл күйі жақсы деген сөз (Д.Исабеков, Қарғын).

ҚОР 5 е л і к. Ыңғайсыз жатқан немесе тыныс жүйесін май басқан яки ауырып жүрген адамның ұйықтаған кезде ауыз қуысынан қор-қор етіп, қырылдап шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.

Қор етті. Қорылдады, ұйықтап кетті. Қалжасан басы жастыққа тиген бойда қор етті (“Қаз. әдеб.”). Бір кезде күзетшіні де ұйқы меңзеді, ол да ағашқа сүйеніп қор етіп, қатты ұйқыға кетті (Ә.Шәріпов, Партизан.). – Ой, қалалық адамдарды айтпа, шіркіндердің ұйқысы қап-қап болар ма деп қалдым. Жастыққа басы тисе қор ете түседі, әйтеуір, – деп Досан мені бір та қояды (“Қаз. әдеб.”).

ҚОРБАҢ е л і к. Ебедейсіз, келіссіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Ұрышқтай үйіріліп, лыпып биледен гәрі көбік қардың үстінде тұрған аюдай қорбаңы көп болса да, Бауыржан өзін шақырған әйелдерден бас тартпайды (Ә.Нұршайықов, Ақиқат). // Қорбизан, көзге қораш. Емберген қорбаң денесімен қопарыла қол созып, стол үстіндегі тарелкадан нан үзіп алды (Р.Әутәліпов, Той.). Құлақтарын қайшылап жер тарпыған сәйгүліктің үстіне қонжисан қорбаң адам сұлу жылқының сынын кетіріп тұр (А.Сагаев, Дала.).

Қорбаң етті. Ебедейсіз қимылдады. Хал-жай сұрап, амандасып малшымен, Етігінің қарын қағып қамшымен, Қорбаң етіп, ілез сұңгіп кетесің Жомарт үйге дастарқанның басы кең (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). Қатты ыңыранып сол жатқан күйі қорбаң етіп аунап түскен Маржан көзін ашты да, қайта жұмды (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

Қорбаң қакты. Қорбаң-қорбаң етті, ебедейсіз қимылдады. Қолы босаса болды, қорбаң қағып әлденені орап-түйіп, қуыс-қуысқа жасырады (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Қорбаң қағып барды дағы, Қос баласын алды дағы, Қойды басып қос тентегін (Ә.Тәжібаев, Өленд.).

ҚОРБАҢ-ҚОРБАҢ е л і к. Қорбаңдаған, икемсіз жүрісті бейнелейтін сөз. Енді бірде. әрекетсіздіктен әбден рәсуа болғаны ма, кім білсін, арғы шеткі үйдің жас келіншегін тауып ап, қорбаң-қорбаң етіп, әлгіні шаңқылдата ашуландырып, оқыс тұртіп қалып, бірдеңелер істеп жүреді (З.Қабдолов, Жалын).

ҚОРДАҢ е л і к. Ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.

ҚОРҚ е л і к. Мұрнын тартқанда қорс етіп шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.

Қорқ еткізді. Қорс еткізді. Ақылжан қорқ еткізіп мұрнын бір тартып қойды (Қ.Әжікеев, Саят).

ҚОР-ҚОР е л і к. Қызған оттың ішінен алған тасты не шоқты сұйыққа салған кезде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.

Қор-қор етті. Шоқ, не қызған тасты суға, сұйыққа салды, қорылдаған дыбыс шықты. О кезде қойшы екі тезектің арасына қызарған тасты қысып қор-қор еткізіп, сапты аяғына салып жатыр еді. Сүт заматта бүлк-бүлк қайнады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ҚОРҚ-ҚОРҚ е л і к. Қорқылдаған, қорқыраған дыбысты бейнелейтін сөз. Сол тебеген жирен қасқамен қорқ-қорқ желіп, отар қойды шырқ иіріп алысынан түсіруші ек (М.Қабанбаев, Арыстан.).

Қорқ-қорқ етті. Қорқылдады, қорқырады. Іші қорқ-қорқ етіп желген биік мәстектермен ояздың әскерлері де ат үстінде қоқаңдап айғайлап жүр (С.Жүнісов, Ақан сері).

ҚОРС е л і к. Қанжар, пышақ, қылыш, найза сияқты үшкір нәрсені сұғып алғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.

Қорс етті. а) Әзіл-оспақты, қалжыңды көтере алмай ашуланып, дүңк ете түсті. Жұматай қайғыға кездессе, құлап қайғыруды білмейді; қуанышқа кездессе, тасып қуануды білмейді; ашуы келсе, шошқаға ұқсап қорс етеді (Б.Майлин, Шығ.). Екі ауыз сөзге келмей қорс ете қаласың-ау! Жақсылардың әдеті зой (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) Жануар қорс етті, қорсылдады. Егер қыздың тақымындағы байшұбар емес, одан басқа жастау жылқы болса қорс етіп үркіп, үстінде ербиіп отырған иесін тастап-ақ кетер еді (О.Бөкеев, Ән салады.). Қолбаң етіп, қорс етіп сөйледі аю: – Батыр патшам, не керек көп ойлану? Қойды жан деп, есіркеп кім аяйды, Ақылы ала қойдың – қырып салу (Абай, Тол. жин.).

Қорс еткізді. Үшкір нәрсені сұғып алды. Старшина оны қылышын дәл бүйірден қорс еткізіп түйреп түсірді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Қаңбақ қынындағы қарыс қара пышағын шапшып тұрған қасқырдың қақ жүрегіне қорс еткізіп салып-салып қалды (М.Әуезов, Шығ.).

ҚОРС-ҚОРС е л і к. 1. Шошқаның қорсылдаған үнін бейнелейтін сөз. 2. а у ы с. Жылағанда, мұрнын үздік-үздік тартқанда шығатын дыбыс, үн. Бала жылауын қойып, қорс-қорс өксік атты (С.Елубаев, Ойсыл қара).

Қорс-қорс етті. Қорсылдап жылады. Ойынға алданғанда болмаса, жайшылықта әжесінің етегінен қолы екі елі ажырамайтын Тілек еш нәрсеге түсінбей анасына бір, әжесіне бір қарады да, олардың көзінен жас көріп, ұртын кептіріп қорс-қорс етті (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ҚОРТАҢ: қортаң етті. е л і к. Өкпелеген, ренжіген кейіп көрсетті, бұртаңдады. Қиялым, лаға бермей айнал бері, Жаманиа өнімсізге етпей қортаң (Үш ғасыр.).

ҚҰЖ-ҚҰЖЕ л і к. Ұсақ жәндіктердің (құрт-құмырсқа, ара, шыбын-шіркей т.б.) бір жерге шоғырланып, быжынаған, құжынаған, сапырылысқан

қимылын бейнелейтін сөз. *Бастау басы құж-құж. Біреулер түтін салып отыр (Т.Иманбеков, Үш ай). Төбесіндегі айқыш-ұйқыш ағаштардан салбыраған қауынқақ шірнесіне сұғынған ара құж-құж (Н.Сералиев, Қаңтар).*

Құж-құж етті. *Бірі кіріп, бірі шықты; құжыңдады. Есік алдыараның ұясындай құж-құж етеді (М.Гумеров, Сүйе ме?)*

Құж-құж қайнады. *Араның ұясындай құжынады, ары-бері сапырылысты. Алаң, клуб, мешіт құмырсқаның ұясындай құж-құж қайнайды (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Әсіресе, қысқы каникул кезінде ауылдың орталық көшесі құмырсқаның илеуіндей құж-құж қайнайды (С.сарғасқаев, Төмпіш қара).*

ҚҰЖЫҢ-ҚҰЖЫҢ е л і к с ө й л. *Құнжың-құнжың. Олардың жүзген түрлері құжың-құжың, қимылдары болымсыз болатын (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).*

ҚҰЛҚ е л і к. *Сұйық затты жұтқанда адам жұтқынишағының қозғалысынан шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Құйылғанды құлқ еткізіп, Барлық «кезекті» жиілете бастады (Ө.Табылдиев, Қой бағу).*

ҚҰРЖЫҢ-ҚҰРЖЫҢ е л і к. *Құнжың-құнжың, бүкшең-бүкшең еткен қимылды бейнелейтін сөз. Пішен басындағы құржың-құржың қыбырлаған Бекейдің белгілі бейнесі (Х.Есенжанов, Тар кезең).*

Құржың-құржың етті. *Құжыңдады, бүкшең-бүкшең етті. Қалтарыста рингке шығатын адамиа өзімнен-өзім біраз құржың-құржың етіп, жаттығу жасап қойдым (Ш.Мұртазаев, Табыл теңіз).*

ҚЫЛЖАҢ е л і к. *Кенеттен қиқаң, қисаң еткен, қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

Қылжаң етті. *Қиқаң етіп, сылқ құлады. – Қасқыр қылжаң етіп жығылды. Бүйірін қауып жығылады екен, – деді Сағадат (М.Әуезов, Өскен өркен). Қасқырдың ішін есіп жібердім. Шек-қарны қарға түскенде қасқыр қылжаң етіп құлады (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау).*

ҚЫЛҚ е л і к. *Сұйық затты жұтқанда естілетін қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

Қылқ еткізді. *Қылғытып жұтып жіберді. Әлі “әпкел бері!” – деп қолын созса, қылқ еткізіп жұтып жіберуден тайынар түрі жоқ (З.Жәкенов, Таң самалы).*

Қылқ етті. *Бірден жұтылып кетті. Сенің тиын-тебенің маған ас қой, оған қақалмаймын, тамағымнан қылқ ете түседі, – деп, дүкенші жігіт те дес берер емес (Ә.Қарағұлов, Шоқ ине).*

ҚЫЛҚ-ҚЫЛҚ е л і к. *Қылқылдаған дыбысты бейнелеу үшін қолданылатын сөз. Әлсін-әлі төпайтоға су қосқан сүт құйып жеп қылқ-қылқ жұтқызады (Ө.Кекілбаев, Дала).*

Қылқ-қылқ жұтты. *Үсті-үстіне қылғи берді. Суық қар араласқан жылы тамақты қомағайланып, қылқ-қылқ жұтады (М.Әуезов, Қараш.). Тереңіне*

таман барып, әрі тұнық, әрі мұздай судан рахаттана, бақаша тырбаңдап жүріп-ақ қылқ-қылқ жұта береміз (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ҚЫЛҚЫҢ е л і к. Кенеттен қылтың етіп өзін қорғаған қимылды бейнелеу үшін қолданылатын сөз.

Қылқың еткізді. Мойнын созып қалды. Назарбек сонсоң жол жаққа қарай мойнын қылқың еткізді (“Қаз. әдеб.”). Қара мұрт оларға ашуланып, көзін тікірейтіп, тістене, ежірейіп сөйлеп еді, беттері қайтқандай, алақандарын жайып, мойындарын қылқың еткізді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Қылқың етті. Қылт ете қалды. Менің қызыл үйілісімен қабымды қолтықтап, қылқың ете түскенімді Ақшалдың қыртысы сүйген жоқ (Ғ.Орманов, Жүрек).

ҚЫЛҚЫҢ-ҚЫЛҚЫҢ е л і к. Кенеттен қайта-қайта қылқыңдаған қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз. Жем деп те қалды ма, сұлу мойнын қылқың-қылқың созып қарап қояды (Ш.Мұртаза, Қызыл жебе).

Қылқың-қылқың еткізді. Қайта-қайта мойнын созды, қылтың-қылтың еткізді. Бөренеге байлаусыз қондырған бүркіт топишысын аздап қана жазып, етті көріп, мойнын қылқың-қылқың еткізді (С.Мұқанов, Жұмбақ жалау). Қоңыр ала мойнын қылқың-қылқың еткізіп бір орында шырқ айналды да, ақырын ғана қырқ ете қалды (А.Нұрманов, Құлан.).

ҚЫЛТ е л і к. Табан астында, лезде болатын қимылды білдіретін сөз.

Қылт еткізбеді. Бұлжытпай таныды, тап басты. Бұрынғыдай емес, Жанкүмістің де ілтипаты өзгеше, Битабардың әр қылығын тамыршыша қылт еткізбей қостап, жымыып қойды (С.Шаймерденов, Жыл құсы).

Қылт етті. а) Қылаң етіп, көрініп қалды. Қу даладағы құйын ба дерсің, ойнаған, Қыран ба дерсің, қылт еткен құсты қоймаған. Өз атын өзі ұрандап бала келеді, Қамшы сабына жейдесін ту ғып байлаған (М.Мақатаев, Шығ.). ә) Реніш білдірді, кенеттен бұртия қалды. Қашан да Ықсанның осындайы бар. Әжептәуір болып жүреді де, болар-болмас нәрсеге қылт ете қалады (С.Сарғасқаев, Тәмпіш қара).

ҚЫЛТ-ҚЫЛТ е л і к. Тез қозғалған қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз. Қылт-қылт сусаған су жұқпас семіз сауырлар біржолата гайып боп, маңайын ақ, шаңыт тұман басады (Ә.Кекілбаев, Дала.). Ен далада екі түтін қылт-қылт ұшып, оңаша отырған екі үй елестейді (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Қылт-қылт етті. Төбесі анда-санда бір көрінді. Кейде траншеяларда жүгіріп жүрген біздің жауынгерлердің дулығасы қылт-қылт етіп қалады (Б.Момышұлы, Москва.). Дүниенің осыншама ақтығынан шығар, Мамайға әлгі бір қылт-қылт етіп қарайған бастар әзірейілдей көрінді (Ш.Мұртазаев, 41-жыл.).

ҚЫЛТЫҢ 2 е л і к. Кенеттен, оқыс қозғалған қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.

Қылтың етті. Қылт етіп, көрініп қалды. Сөйткенше болмады, бақтың бергі ағашының тасасынан қыз қылтың етті (К.Исабаев, Жолдас.). Онда да

айқыш-ұйқыш темірлермен ішектей шұбатылған трубалар арасынан андасанда Шәйкеннің басы қылтың ете түседі (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.).

ҚЫЛТЫҢ-ҚЫЛТЫҢ е л і к. Қайта-қайта қылт-қылт еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.

Қылтың-қылтың етті. Әлсін-әлсін қылтыңдап көрініп қалды. Әріректе бірнеше топ адам биік қардан бастары ғана қылтың-қылтың етіп, мола қазып жатқан сияқты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Қылтың-қылтыңы жоқ. Бірсөзді, бірбеттік. Қазақтың қарап тұрсаң әдет-ғұрпын, Мінез жоқ адамыңда қылтың-қылтың Сүйсе де, жек көрсе де ашып айтад, Боялып бұзбайды әйел мінез-құлқын (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Мойнын қылтың-қылтың еткізді. Мойнын қайта-қайта созды. Бөренеге байлаусыз қондырған бүркіт топшысын аздап қана жазып, етті көріп, мойнын қылтың-қылтың еткізді (С.Мұқанов, Ботакөз).

ҚЫМС е л і к. Елеусіз әрі қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз.

Қымс етсе. Қит етсе, қыбыр етсе болды. Зейнеп оны “Сұңғыла” деп кішкене күнінен ұнатпай, аналық бейіл білдірмей, қымс етсе сабап, қорғалатып өсірген еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Кейбір тентектері қымс етсе айқаса кетуге оңтайланып, білектерін сыбанып алыпты (С.Омаров, Қайырлы.).

ҚЫМЫҢ е л і к. Қылп еткен қысқа қимылды бейнелейтін сөз. Ішінде қымың да бар, жымың да бар. Би болуға жарамсыз сұмың да бар. Анық, әділ тартылсаң таразыға, Балтаменен шабатын мінің де бар (“Қаз. әдеб.”).

ҚЫМЫҢ-ҚЫМЫҢ е л і к. Қайта-қайта қылтылдаған қозғалысты бейнелейтін сөз.

Қымың-қымың етті. Қылп-қылп етті, қозғалақтады. Кейде терезе алдына келген торғайларды көріп, қымың-қымың етті (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Сол арадан едендегі кірпіге жолбарысша атылмақшы болып, қымың-қымың етті (М.Тиесов, Әңгім.).

ҚЫҢ е л і к. Қысқа шуылды дыбысты бейнелейтін сөз.

Қың бар ма? Ләм-мим деген де қарсылық жоқ деген мағынадағы қолдауды, келісуді білдіретін сөзқолданыс. (Аталы сөзге қың бар ма?) Егістік. Аукең. Кетпені... Басекең атын бұрды алға, Шөпішлер жаққа беттеді (М.Мақатаев, Шығ.).

Қың демеді. Ләм-мим демеді, үн-түнсіз қалды, тым-тырыс болды. Біреу қың демей тыңдап отыр. Құжсақ сөйлесе, Тілеумұрат та қорқады деп еді, рас екен (М.Қаназов, Жер.). – Досан Байболдың намысына шаппақ болып, сөз жүргізіп еді, оған Байбол қың демеді (М.Әбдіхалықов, Қара.).

Қың етті. Тырс етті, сыбдыр етті. Демімізді тартып, жан-жағымызға құлақ тосып, тың тыңдадық. Әуеде шырылдап ұшқан боз торғай үнінен басқа қың еткен дыбыс жоқ (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Көзіміздің жасын

жеңімізбен сүрте бердік, бірақ ешқайсымыз қың етіп дыбыс шығарғанымыз жоқ (С.Мұратбеков, Жабайы.).

ҚЫҢҚ е л і к. Қысқа шуыл дыбысты бейнелейтін сөз.

Қыңқ етпеді[демеді]. *Тырп етпеді, төзді, шыдады; үндемеді. Қален от басына тыныш, қатын-балаға кең, мейірбан кісі, үйде отырғанда үстіне келі түйсең да қыңқ етпейтін* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Ол ертеңнен қара кешке дейін ас ішпесе де қыңқ етпестен бұралып жүре беретін* (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.).

Қыңқ етті. *Күңк еткен дыбыс шығарды. Абай кіріскендіктен, бірде-бір болыста болыстық, билік, кандидаттық үшін қыңқ еткен талас болған жоқ* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Қыңқ етіп балалардың, яки анасының дыбысы шықпайды, барлығы бір баладай* (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

ҚЫП е л і к. Әп-сәтте болған қысқа, лып еткен дара қозғалысты бейнелейтін сөз.

Қып етті. *Бірден лып ете қалды. Ұшып өткен торғай ма, әлдене қақпаның ар жағынан қып етіп еді, Иман беліндегі қанжарын суырып алды* (Ә.Әбішев, Найзағай).

Іші қып ете қалды. *Бірден сезіктене қойды. Ішім қып ете қалды, қазір ол Сұлтан екеуіміздің жайлаудағы масқара қылықтарымыз туралы айтатын шығар* (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). *Ішім қып ете қалды. Мал бағып үйренген жан құзғын сырын жақсы біледі* (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

ҚЫПЫҢ е л і к. Жылп, бүлк ете қалған, лезде болған қысқа қимылды бейнелейтін сөз.

Қыпың етті. *Бүлк ете қалды. – Иә, артық болмайды, – деді оның қасында отырған мәстек қара қыпың етіп, орнынан қозғалып қойды* (С.Бакбергенев, Қоянкөз.). *– Детдомға барасың ба дегенім зой, – деді. Титанның іші қыпың етті* (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

ҚЫРЖЫҢ е л і к. Жақтырмағанда адам бетінде болатын қысқа жеке қозғалысты бейнелейтін сөз.

Қыржың етті. *Қыржыңдады, жақтырмады. Қыз азғана құлағын салып отырды да, тез жалыққан кісідей, қыржың етіп, бұл төренің сөзіне ықтияр қылмай, қолына бір кітапшаны алып, оқып отыра берді* (І.Жансүгіров, Шығ.).

ҚЫРҚ-ҚЫРҚ е л і к. Қайта-қайта жәткірінгенде шығатын дыбысқа ұқсас қайталама дыбысты білдіретін сөз.

Қырқ-қырқ етті. *Қырқылдаған үн шығарды. Құсқорадан үйректердің қырқ-қырқ еткен үні естіледі* (Б.Соқпақбаев, Аяжан). *Әлдеқайда қалың нудың ішінен қырқ-қырқ етіп үйректердің мазасыз үні естіледі* (“Қаз. әдеб.”).

ҚЫР-ҚЫР е л і к. Тұншыққанда, жаналқымға келіп қысылғанда т.б. жағдайлардағы дауыстың булығып, қырқылдағанын білдіретін сөз.

Қыр-қыр етті. Дауысы қырылдап шықты, қырылдады. Желкесі күдірейіп, бұзағы әукеше салбырап, қарны шермиген біреу, барбизан сұқ қолын шошайта сөйлегенде, даусы қыр-қыр етеді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). – Өлдім!.. – деді ол, бірақ даусы шықпай, аузынан ақ көбік ағып, қыр-қыр етті (Ө.Нұрпейісов, Сергелдең).

ҚЫРТ 2 е л і к. Бір нәрсені сындырғанда, үзгенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Қалпе шақпақ қанттан қырт дегізіп бір тістеп, артынан шай ұрттады (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Қырт етті. Күтір етті, ғырт етті. Тәуіп оны сарымаймен сылап отырып, сондай бір тездікпен бұғананың тайған жерін бас бармағымен басып қалып еді, қырт еткен дыбыс шықты (Р.Райымқұлов, Жасыл.).

ҚЫРШ е л і к. Қатты нәрсені кескенде, не тістегенде шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.

Қырш еткізді. Қарш еткізді, ғырт еткізді. Ол омырауыма еңкейіп, өзіне ұнаған тананы тісімен қырш еткізіп қиып алды (С.Мұратбеков, Жабайы.). Азалы ыза жүрек тұсынан қырш еткізіп шайнап алғандай... Зәрдей ащы (С.Нарымбетов, Тентек).

ҚЫРШ-ҚЫРШ е л і к. Қатты затты тістегенде, шайнағанда шығатын қайталама дыбысты білдіретін сөз. Алпысы шабуылдап қырдан асты. Асығып аттарына қамшы басты. Тұтқындар бармақтарын қырш-қырш шайнап, Ызалап көздерінен төкті жасты (О.Шипин, Екі дастан).

Қырш-қырш еткізді. Қаршылдапты, қыршылдаптып шайнады.

ҚЫТ-ҚЫТ е л і к. Тауық тәрізді құстар шығаратын үн, дыбысты бейнелейтін сөз. «Қыт-қыт... Мен аппақ жұмыртқа тудым!» - деп шығып бара жатқан ақ тауықтарды көзі шалады (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

ҚЫТЫР е л і к. Морт сынатын заттарды сындырғанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Тіске басқан қанттың қытыры ғана жауап бергендей болды (Т.Иманбеков, Тұт ағашы.).

ҚЫШЫР е л і к. Қышыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Үй іргесіндегі жеңді білектей қамсыз сылдыры, арадай көк шыбынның бейтаныс ордада уыжжж-уыжжж-уыжжж жосығаны, арқа тұсы ат қора жақтан шығып темір қышыры ғана (А.Сүлейменов, Бесін).

Қышыр етті [еткізді]. Қышырлады, шықырлады. Мылтығын төмен түсіре берген болып, Таңжарықтың дәл кеудесіне таяп, тісін қышыр еткізіп, атып салды (Т.Жармағамбетов, Ақ жауын).

ҚЫШЫР-ҚЫШЫР е л і к. Қышырлап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз. Шал селдір біткен сақалын қышыр-қышыр шайнап қояды (Ғ.Сланов, Жанартау). Құла бесті ауыздығын қышыр-қышыр шайнады (Ж.Молдағалиев, Айналайын).

-Л-

ЛАҚ е л і к. Сұйық заттың кенеттен ақтарылғанын бейнелейтін сөз.

Лақ дегізді. Лоқ еткізді, құсты. Тастады Ер Төстікті лақ дегізіп, Тамағын анасының баласы езіп. Төстіктің басы алтын болып шықты, Қара құс тастай салды жарқ еткізіп (К.Әзірбаев, Танд.шығ.).

Лақ еткізді [етті]. а) Сұйық затты ақтарып алды. Қарақатын оттық іздеп жанталасып жүріп, жолда тұрған құманды қағып кетті де, лақ еткізіп суын ақтарып алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) Ойындағысын айтып салды. Мен де іштегі шерді лақ еткізіп ақтара салған соң, құр сұлдерім қалып, сұлық отырмын (Ө.Қанахин, Жер бас.)

ЛАП е л і к. Лезде жанған отты бейнелейтін сөз. От болып жайна қара көк түндер! Басталар кез бұл сәулелі күндер! Біз – жас көсемі, жалишы ұлдары, лап десе, тап бол, жастар ұраны (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Лап берді. а) Бір нәрсеге жапа-тармағай тобымен ұмтылды. Елең-алаңда, артиллерия дайындығынан кейін, алдымызға танктер салып әлгі деревняға лап бердік (С.Сарғасқаев, Біз төртеу). Бұлтсыз көктен қарайды күн асылып, жағаны ұрып толқындар жүр асығып, еркіндікке жерік жұрт лап береді, толқынға құлаш ұрып (Ф.Оңғарсынова, Сенің махаббатың). ә) Бірден опырылып түсті. Тауда қыстаушы елден үш үй, үш жүз қой бірнеше сивыр көшкеге (қошке деп таудан лап беріп құлайтұғын қалың қарды айтады) кетіп, қар астында қалды (“Айқап”). б) Оқыстан, ойламаған жерден басталады. Тұтқиылдан лап беріп, Томаға-тұйық шап келіп, Жауыңның есі кіргенше, Қара түнді қақ бөліп, ізіңді жасыр жалт беріп (М.Мақатаев, Шығ.). в) От бірден тұтанды, лезде жанды. Отырған адамдардың көрмей көзі, Лап беріп шам жаққанша қыз да безді, Кенебай, Кербез қашып кете барсын, Басталық шетсіз тойдан енді сөзді (К.Әзірбаев, Танд. шығ.).

Лап беру. Жапа-тармағай тобымен ұмтылуы. Хан тұнжырап кетті. “Жоқ, жоқ, өткізуге болмайды. Бүгін қара халық сұлтандардың аулын шауып дағдыланса, ертең ханның ордасында да лап беруден тайынбайды” (І.Есенберлин, Алмас.).

Лап етті[еткізді]. а) Бірден, лезде тұтанды (от, өрт). Алдыңғы танктың тұмсық жағындағы сауыты лап ете қалып, қою түтін бұрқ етіп, жалыны аспанға өрлеп, жана бастайды (Б.Момышұлы, Москва.). Қарап тұрған қамысқа сіріңкенің отын жел үрлеп қалғанда, жалын лап ете түсті (С.Мұқанов, Балуан Шолақ). ә) Төбеден түскендей болды, ойламаған жерден келді (жамандық). Сосын ба, сосын сағат қайғысы да сап болды. “Балапан басына, тұрымтай тұсына”, – дегендей, соғыс деген лап етті ғой (С.Шаймерденов, Өмір нұры). б) Санаға ой түсті, идея пайда болды. Кеудеңді аш оймен үңіл қаламызға, тұтанар лап етіп от санамызға (Қ.Аманжолов, Нұрлы дүние). в) Қызарып, ысып кетті (беті, тұла бойы). Түнде сол ернінен

сүйгені есіне түсіп, тұла бойы лап ете қалды (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).
 г) *Лаулап өршіді, бой бермеді (сезім). Лап ете қалар махаббаты бір жалынның, Әлі де сәби ескере тентек сол ақын. О, менің алғаш сұлулық тәңірін тануым, Қағаздан қара танудан бұрын болатын (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә). Тек лебіз шықса лап ететіндей, жақындаса жанып кеткендей үндемейді, бір-біріне тақалмайды. Назым сыртта сыбыс күте-күте жалықты (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). з) Бірден басылды, бет қаратпады. Теңіз толқын атады, Дауылменен күресіп, Ақ жалыны жатады Бір лап етіп, бір өшіп (С.Мәуленов, Алыс кет.).*

Лап қойды. а) *Жапа-тармағай тұра ұмтылды. Жап-жасыл Жыландының белесіне шыға келген қалың топқа қарай жұрт лап қойды (С.Жүнісов, Ақан сері). Сыртта, қақпа аузында тұрған төрт-бес адам жалын қарап лап қойды (Ә.Нұршайықов, Батырдың өмірі.). ә) Бас салды, қимыл-әрекет құлшыныспен, қарқынмен басталды. Осыдан кейін жігіттердің лап қойған алғашқы қимылдары, біреулердің өкірен даусы, қырылдаған, алқынған дыбыстар бір-бірімен араласты да кетті (Ж.Саин, Жол үстінде). б) Бірден денеді, жапа-тармағай жайлады. Бүкіл батысты шарпып, жолындағысын жайпап келген соғыс өрті бейбіт жерімізге лап қойғанда, ол он бірге аяқ басқан бала еді (Ж.Мусин, Ақ алаң). в) Бас-көзге қарамай, бірден басып кірді, басып алды. Соқтырып жеңіс сағатын, лап қойдың соңғы камалға, оққа ұшты досым – Саматым, Қамалды бұзып аларда (М.Әлімбаев, Өлең.).*

Лап қойысты. *Тап берісті, тұра ұмтылды. Лап қойысты мысыққа, Атып тұрып мысық та Тап-тап берді маңайға. Талай жүндер жұлынды, Талай жері тілінді, Ажал жетті талайға (М.Жұмабаев, Шығ.).*

ЛАП-ЛАП е л і к. *Лаулап, үсті-үстіне жалындап жанған оттың дыбысын, қимылын бейнелейтін сөз.*

Лап-лап етті. *Лаулап, лапылдап жанды. Мен қолым жетпес алыстағы айды қойып, көз алдымда лап-лап етіп жанған әкем жаққан отқа жете алмай келем (С.Бакбергенов, Қарға там.). Қара түнді үркітіп, сүйір ұшты қызыл көрпе өрт әлсін-әлсін көкке лап-лап етеді (І.Есенберлин, Қатерлі өткел).*

ЛАУ 2 е л і к. *Бірден тұтанған, лауылдап жанған отты бейнелейтін сөз. Тұрмыс, маған от шашып, Бар дүниені лау қылышы! Түйдектеп үйіп қайғыңды, Абылай аспас тау қылышы! Таптырмастан емге дос, Бар әлемді жау қылышы! (С.Торайғыров, Алаш ұраны).*

Лау етті. *От бірден жанды; лап етті. Әлдекім қозды еңкейе беріп үрлеп жатыр. Қамыс лау ете түсті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бейне тез лау етіп жанып біткен құрайдай қырғын шапшаң сөнді (М.Жұмағалиев, Қыран.).*

ЛАУ-ЛАУ е л і к. *Оттың лапылдап жанғанын бейнелейтін сөз.*

Лау-лау етті. *Әңгіме, дау-дамай ду-ду етіп қыза түсті. Ру аталас, бақталастың демі, үні сыяз басына келген, сөз қуған атқамінер, старшын, елубасылар, атишабар, қосшылар, қошаметшілер арасында осылайша лау-лау етеді (М.Әуезов, Танд. Шығ.).*

ЛЫП е л і к. *Тез, жылдам қимылды, қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Лып етті [берді]. *Жып берді, тез қимылдады. Мен ысқырып қалсам – Қанды жауыз лып етіп, Құрдай жорғалап жетіп кеп Сайқалданып, қолымды итше жалай, Әмірімді қылмасқа, Көзіме үңіліп қарайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол өз мінін өзі сезгендей лып етіп ішке кірді де, ағасының қосауыз мылтығын жүре оқпаян қайта шықты (Ә.Әбішев, Найзағай).*

ЛЫП-ЛЫП е л і к. *Бірнеше рет тез, жылдам орындалған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Лып-лып етті. *Шапшаң, тез, жылдам, ширақ қимылдады. Сөйтіп қазаннан түскен ет, бір қолдан бір қолға лып-лып етіп, салқындамай, тоңазымай лезде жетіп тұр (М.Әуезов, Шығ.). Таудай Қажымұқанның қасында қаршығадай боп лып-лып етіп Әміре жүр (Қ.Бадыров, Өткендер.).*

-М-

МАЛЖАҢ-МАЛЖАҢ е л і к. *Жұмсақ затты арлы-берлі ауызда шайнағандағы қайталанба қимылды бейнелейтін сөз.*

Малжаң-малжаң етті. *Тамақты, шөпті әрлі-берлі шайнады. Жұманнан көздерін алмай, арқамызды босаттырсаңшы дегілері келгендей, түйелер ауыздарын малжаң-малжаң еткізеді (Ғ.Мүсірепов, Танд.шығ.).*

МАҢҚ-МАҢҚ е л і к. *Маңқылдаған, көмескі дыбысты білдіретін сөз. Әлдеқайдан бір ит маңқ-маңқ үрді (Н.Сералиев, Қаңтар).*

Маңқ-маңқ етті. *Міңгірлеген, маңқылдаған көмескі дыбыс шығарды. Жұрт шырт ұйқыда. Ауылдың иттері де жалқаулана әр-әр жерден маңқ-маңқ етеді (К.Қазыбаев, Бізғар).*

МИТЫҢ е л і к. *Титықтаған қысқа қозғалысты бейнелейтін сөз. Митың-митың еткен мардымсыз жүріс, титықтаған қозғалыс. Митың аяңы өнбей, шекесі шып-шып терішіп, тамағы құрғап, маңайына жаутаңдай қарады (Д.Досжанов, Жусан).*

МИТЫҢ-МИТЫҢ е л і к. *Қыбыр-қыбыр, титың-титың еткен қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*

МӨЛТ е л і к. *Сұйық заттың бір тамшысының жылтырап көзге көрінгенін немесе үзіліп тамғанын бейнелейтін сөз.*

Мөлт етті. *Мөлдіреп көрінді, мөлдіреді. Мөлт еткен көздің жасымын, Арманның ауылдасымын. Кейінгілердің басымын, Бұрынғылардың жасымын (Т.Молдағалиев, Шақырады).*

МӨЛТ-МӨЛТ е л і к. *Жылтыраған, тұнық, мөлдір заттың қайта-қайта көзге көрінуін, қайталанған қозғалысын бейнелейтін сөз.*

Мөлт-мөлт етті. а) *Қайта-қайта мөлдіреп көрінді. Сұлудың жанарындай мөлт-мөлт етіп, «Шайтан көл» шың басында дөңгеленген (Е.Зікібаев, Аққу арман).* ә) *Мөлтілдеп көзден жас ақты. Сол тілекпен көз жұмам, сол тілекпен, Жасы болам көздердің мөлт-мөлт еткен (Т.Молдағалиев, Шақырады.).*

МЫҢҚ е л і к. *Мұрнынан қысылып шыққан қысқа дыбысқа ұқсас дыбысты білдіретін сөз.*

МЫҢҚ-МЫҢҚ е л і к. *Мұрнынан қысылып шыққан қайталама күрделі дыбысты білдіретін сөз.*

МЫРС е л і к. *Кекетіп, мұқатқанда кекесін түрінде шығатын қысқа дыбыс.*

-П-

ПАРТ-ПАРТ е л і к. *Бытыр-бытыр, күрт-күрт еткен дыбысты білдіретін сөз. Қол жетер жердегі қымыздықты парт-парт жұлпын аузына салды (Қ.Ысқақов, Тұйық).*

ПАРТ-ПҮРТ е л і к. *Быт-шыт, пәре-пәре. Орал картаны парт-пұрт, пәре-пәре айырып, далаға шығып кетті (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).*

ПАТЫР-ПАТЫР е л і к. *Сатыр-сұтыр, шатыр-шұтыр, шарт-шұрт еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Тақтайлар патыр-патыр жарылып, бөген-бөренелер мылтықша атылды (Ә.Сариев, Тосқауыл).*

ПЫР-ПЫР е л і к. *Пырылдап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз. Қыбыр-қимыл байқалмағанмен, әр жерден пыр-пыр дыбыс шығады (Ш.Шалқаров, Серіккөл).*

Пыр-пыр етті. *Қайта-қайта пырылдады. Трактор өзінен өзі пыр-пыр етіп барып тоқтап қалды (С.Мұратбеков, Дос іздеп.).*

Пыр-пыр ұшты. *Пырылдаған дыбыс шығарып ұшып жатты. Топ шеңгелден пыр-пыр ұшты бөдене Көз ұшында сағымданған немене? Нұрлы өмірге Исатай мен Махамбет Отты жырын қайта бастап келе ме? (М.Мақатаев, Шығ.).*

ПЫРС е л і к. *Атылған оқтың, не басқа бір заттың жарылған кездегі дыбысын бейнелейтін сөз. Пырс еткен мылтықтың даусын қарап тұрған жүрт сонда барып естіді (Б.Нұржекеев, Күту мен от.).*

ПЫС 1 е л і к. *Отқа, шоққа су тамып кеткендегі бор етіп шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

Пыс етті. а) *Бәбісек сияқты құстардың дыбыс шығаруы. «Е-е, сен де жүрмісің, бәбісегім?.. Әр қидың түбіне бір барып, бәбісек көкекше «тыс» деп қойып, Олжайды түртіп оятып жүрсің бе, бәбісегім!» – дейді (М.Әуезов, Шығ.).* ә) *Отқа, шоққа су тамып кеткендегі бор етіп шыққан дыбыс. Мына қалтасынан оттығын алып, қабын сол бармағымен мықтап ұстап, оң*

қолымен шырпының тұмсығын шарықтың қажалақ жеріне дәл тигізіп тұрып, сермеп кеп қалды, оттық пыс ете түсті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Пыс етері жоқ, ж е р г. Түк малы жоқ. Қолымда бір сиырдан басқа пыс етерім жоқ (Қазақ тілі, аймақ сөздігі).

ПЫШ-ПЫШ е л і к. с ө й л. Пыс-пыс. – Әй, – деді келте мұрнын пыш-пыш еткізіп. Айжан мұның «әйі» кім дегендей, жан-жағына қарап еді, сөйтсе өзіне арналыпты (М.Сүндетов, Бесқонақ).

-С-

САҚ4 е л і к. Қатты, үшкір заттың, тістің қатты затқа, не бір-біріне екпіндете тиген кездегі шыққан дыбысты бейнелейтін сөз.

Сақ етті. Дөп тиді, сап ете қалды. Қасқырдың тісі сақ етіп құлақ тұсынан, Тағы бір азу қадалды келіп тамаққа (Ж.Қыдыров, Жұлдыз.).

САҚЫР е л і к. Сықыр еткен дыбысқа ұқсас, бірақ одан ашықтау дыбысты білдіретін сөз. ≈Сақыр ете түсті.

САҚЫР-САҚЫР е л і к. Сақырлаған, сақыр-сұқыр еткен ашық дыбысты бейнелейтін сөз. Тамақ қазанның сақыр-сақыр қайнауы әбден басылған соң түсіріледі (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

САҚЫР-СҰҚЫР е л і к. Сақырлаған, сұқырлаған дыбыс; шақыр-шұқыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Залда отырғандардың орындықтары сақыр-сұқыр қозғалып, біреу жәтеліп, біреу қақалып қалды (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

Сақыр-сұқыр еткізді. Сақырлатты, сақылдаған дыбыс шығарды. Шубала тірелген қызыл вагон арбаларды бір-біріне сақыр-сұқыр еткізіп алып жөнелді (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

Сақыр-сұқыр етті. Сақырлады, сұқырлады. Шыңылтыр қар, аяқ басқан сайын, сақыр-сұқыр етеді (С.Жүнісов, Жапанда.).

САЛАҚ-САЛАҚ е л і к. Салпылдаған, солп-солп еткен ебедейсіз қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.

Салақ-салақ етті. Салпақ қақты, салпақтады. Көкпардың кеуде жағы салақ-салақ етеді (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

САЛАҢ е л і к. Аяқ астынан, сопаң еткен қысқа қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.

Салаң етіп. Аяқ астынан, күтпеген жерден. Ел орынга отырған апақ-сапақта салаң етіп үйге келемін (О.Бөкеев, Мұзтау).

Салаң ете қалды [түсті]. Сопаң ете қалды, аяқ астынан тап болды. Жолдыбайдың терезеден шығысы мысық сияқты, екі қолымен жер тіреп, салаң ете қалды да, лып етіп, орнынан түрегелді (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

САЛДЫР е л і к. Жұқа темір заттың бір-біріне немесе басқа қатты затқа соқтыққанда шығатын қысқа қатты дыбысты білдіретін сөз.

≈ Салдыр етті. // Заттардың бір-біріне соқтығысуынан шығатын дыбыс, қаңғыр. Арба салдыры тағы естілді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

Салдыр қақты. Даңғырлады, салдырады. Күн де батты, бір жерге Әзім жатты, Күн батқан соң жан-жағы салдыр қақты. Қараса қаптап жүрген бірі айдаһар Сонда да біраз жатып ұйықтап қапты (Абай, Тол. жин.).

САЛДЫР-ГҮЛДІР е л і к. Тарсыл-гүрсіл, қаңғыр-күңгір еткен дыбысты білдіретін сөз. Анда-санда салдыр-гүлдір етіп өткен трамвай ғана сыртта қайнаған өмір басталғанын, қала күнделікті тіршілігіне кіріскенін мәлімдейді (М.Мағауин, Көк мұнар).

САЛДЫР-СҮЛДЫР е л і к. Салдыр-гүлдір, қаңғыр-күңгір еткен күрделі ашық әрі қысаң дыбысты білдіретін сөз. Аттаған сайын салдыр-сұлдыр етіп, тау арасының тыныштығы бұзылып келеді (С.Мұқанов, Дос.).

САЛП е л і к. Бір заттың төмен қарай салбырап түсіп кетуін бейнелейтін сөз.

Салп етті. Заттың, нәрсенің жерге түсіп кетуіне байланысты айтылады. Ірімшік жерге салп етті, іс бітті, қу кетті (Абай, Тол. жин.).

САЛПАҢЗ е л і к. Сопаң.

Салпаң етті. Сопаң етіп шыға келді. Інім қармағының сабын жоғары көтеріп кеп қалып еді, алабұға біздей тікенегі бар, қып-қызыл қанатын едірейтіп, қара жолақ күйі, судан салпаң етіп шыға келді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

САМП е л і к. Саңқ еткен дыбысты бейнелейтін сөз.

Самп етті [ете қалды]. Дауысы (үні) көтеріңкі шықты, ашық естілді. – өзі сайтан көз болса да, әдепті болсын! – деп самп етті Танагөз (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

САНҚ е л і к. Құстың үні мен адам даусының айқын, қанық, жарқын шығуын не басқалай бір қатты шыққан дыбысты білдіретін сөз.

Санқ етті. а) Саңқылдаған дыбыс шығарды. Сұңқар бір саңқ етіп, жерге құлап, әлсіз ашумен төсін тасқа соқты (М.Жұмабаев, Шығ.).

САП 7 е л і к. Кенеттен, аяқастынан, күтпеген жерден лезде болған, бірден келе қалған, сау еткен қимылды бейнелейтін сөз.

Сап ете қалды [түсті]. а) Кенет, табан астында пайда болды, тап болды. Нұрмаш (терезеге карағансып Батиманы құшақтап). Япырай, ол ит қай жақтан сап ете түсті, мұнда келетін болса мен көрінбеймін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

САР 1 е л і к. Сұйық затты құйып кеп жібергенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.

Сар етті. Бірден құйылып не төгіліп кетті. Кіре бергенде ауыз үйден бірдеңе сар ете қалды (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

САРҚ 1 е л і к. Судың немесе сол сияқты сұйық заттың қатты қозғалысында, қатты затқа соғылғанында, қайнағанда немесе сарқылғанында, таусылғанында шығаратын қысқа дыбысты білдіретін сөз.

Сарқ етті. а) Су немесе сұйық зат қайнап, басқа затқа соғылып немесе құйылғанда таусылғанда, сарқылғанда қысқа дыбыс шығарды. Су сарқ етіп, құйылып кетті (Ауызекі).

САРҚ-САРҚ е л і к. с ө й л. Су немесе сұйық зат қайнап, басқа затқа соғылып немесе құйылып таусылғанда, сарқылғанда шығатын қайталанба бірсарынды дыбыс. Ортадағы екі темір пен жан-жағына жалын атып, есік жақтағы төрт үлкен қазан сарқ-сарқ қайнайды (Ғ.Мүсірепов, Танд. шығ.).

САР-САР е л і к. 1. Сұйық заттың құйылғанда, төгілгенде шығаратын сарылдаған дыбысын білдіретін сөз. Алдым да, артым да сар-сар, айнала тұман (С.Мұқанов, Шығ. жин.). 2. Қатты заттың жылдам қозғалып, ауаны немесе іші қуыс, жұмсақ затты кесіп өткенде шығаратын қайталама немесе созылмалы сарылдаған дауыстарды білдіретін сөз.

Сарт-сарт етті. Сарылдаған дыбыс шықты, сарылдады. Алдыңнан состав тізіліп өтіп жатқандай сарт-сарт етеді (Ө.Күмісбаев, Ауыл.).

САРТ2 е л і к. Екі қатты зат соғылысқан кезде шығатын қысқа дыбыс. Тоқабай есікті сарт жауып, шығып кетті (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Сарт ете түсті [қалды]. а) Бір қатты нәрсе сартылдап қатты тиді. Сол сол-ақ екен оқтау келіп құлақ шекеме сарт ете түсті (Қ.Сатыбалдин, Қарагорғай).

Сарт етті. Сарт еткен дыбыс шықты; тарс ете қалды. Қамшы тиді тұлпарға, Қылыштары жарқ етті; Қабағыңды қаққанша, Жарқ етті де, сарт етті (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Сарт еткізді. Тарс еткізді. Қайқаң танау тесікті сарт еткізіп жауып тастады (М.Рашев, Бетің қисық.).

САРТ-САРТ е л і к. Екі қатты зат соқтыққан кезде шығатын қайталанба дыбыс. – Шық деймін үйден! – Темірбек мұрты тікірейіп, қамшымен сарт-сарт ұрды (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.).

Сарт-сарт етті. Сартылдады, тарс-тарс етті. Сөйтті де алақандары бір-біріне үш рет сарт-сарт етті (Ө.Тарази, Үлкен.).

САРТ-СҰРТ е л і к. Екі нәрсенің жиі соқтығуынан шығатын бір ашық қатты, бір қысаң солғын дыбыс. Екеуін қоршап алған солдаттар қолдарын сарт-сұрт соғып тұр (Ө.Әбішев, Найзағай).

Сарт-сұрт етті. Сарт-сұрт еткен дыбыс шығарды, сартылдап, сұртылдады. Қайшыласқан адамдардың арасынан ауылдағылар бірін-бірі білмей қалды. Сарт-сұрт еткен сойыл (А.Жүнісов, Өмір ізі).

САТЫР е л і к. Құрғақ қатты затың сынғанында, екі ұзын заттың соғылысқанында немесе бір заттың екпінмен екінші затты жанай соғылғанда және т.с.с шығатын қатты жаңғырықты қысқа дыбысты білдіретін сөз. Шапалақтың сатырымен қосылып Головацкыйдің арынды да темірдей қатты даусы жарыса шығып жатты (С.Бақберженов, Алтынемел.).

Сатыр ете қалды [етті]. *Сытырға қарағанда әлдеқайда қатты, жаңғырығы күшті, қысқа дыбыс естілді, шықты. Қатарынан екі рет мылтық дауысы сатыр ете қалды* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

САТЫР-КҮТІР е л і к. *Кезектесіп келген сатыр еткен ашық және күтір еткен сәл солғын күрделі қатты дыбысты білдіретін сөз. Сендер сатыр-күтір соғылып, бірінің үстіне бірі мініп жатыр* (С.Мұқанов, Шығ. жин.).

Сатыр-күтір етті [ете қалды]. *Сатырлап, күтірледі. Қожанхан мен Әлибек тұрған биік күз ортасынан қақ жарылып, сатыр-күтір етіп, суға құлады* (Н.Ғабдуллин, Өмір.).

САТЫР-САТЫР е л і к. *Құрғақ қатты заттың сынғанында, екі ұзын заттың соғылысқанында немесе бір заттың екпінмен екінші затты жанай соғылғанында және т.с.с шығатын қатты жаңғырықты күрделі қайталанба дыбысты білдіретін сөз. Бұтақтар сатыр-сатыр сынып жатты* (Ауызекі).

САТЫР-СҰТЫР е л і к. *Кезектесіп келген қатты сатыр еткен ашық және сұтыр еткен қысаң күрделі, жаңғырықты дыбысты білдіретін сөз. Қар басып, аяз қысқан ағаш бұтақтары сатыр-сұтыр сынып жатты* (Ө.Шәріпов, Партизан.).

Сатыр-сұтыр етті. *Кезектесіп келген қатты сатыр еткен ашық және сұтыр еткен қысаң күрделі, жаңғырықты дыбыс шықты. Үй төбесіне әлденелер сатыр-сұтыр етіп түсіп жатыр* (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

САУЗ е л і к. *Судың, сұйықтың құйылғанда шығаратын қысқа дыбысына ұқсас дыбыстарды білдіретін сөз.*

Сау етті. *Су, сұйық құйылғанда шығатын қысқа дыбыс естілді. Су сау етті* (Ауызекі).

Сау ете түсті [қалды]. *а) Тұтқиылдан пайда бола қалды. Әкем арбасын жөндеп, шешем көжесін қайнатып жатыр еді, он шақты салт атты сау ете түсті* (Ғ.Мүсірепов, Өмір.). *ә) Бұрқ ете түсті. Жұдырығым мұрнына дәл тиіп, қан сау ете қалды* (С.Алдабергенов, Асу).

САУДЫР е л і к. *Құрғақ, жұқа т.б. заттың басқа затқа жанасқанда, соғылғанда, үйкелгенде шығаратын қысқа дыбысын білдіретін сөз.*

Саудыр еткізді. *Құрғақ, жұқа т.б. затты басқа затқа жанатын, соққызып, үйкелтіп қысқа дыбыс шығарды, саудырлатты. Келген адам түрегеп тұрып үстіндегі әлдене киімді саудыр еткізіп шешіп ап, босағадағы қазыққа іле салды* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).

Саудыр етті. *Құрғақ, жұқа т.б. зат басқа затқа жанасқанда, соғылғанда, үйкелгенде қысқа дыбыс шығарды, саудырлады. Саудыр еткен дыбыс естілді құлағыма* (Ауызекі).

САУ-САУЗ е л і к. *Судың, сұйықтың құйылғанда шығаратын ұзақ дыбысына ұқсас дыбыстарды білдіретін сөз.*

Сау-сау етті. Су, сұйық құйылғанда шығатын ұзақ дыбыс естілді. Ағызғанда сау-сау етіп тұрды (Ауызекі).

СЕКЕК е л і к. Әрлі-бері немесе жоғары-төмен секіргендегі қысқа қимылды білдіретін сөз. Мазуркада жеңіл секекте, шұғыл тоқтау да, «шпорлайтын» өшке қағулар да бейнеленген (Музыка жанры). // Шошақай, жеңілтек. Көңілі биік, сылқым маңғаз, Секек емес, ұрыншақ. Сұмдық баққан, бояу жаққан. Емес жанды қуыршақ (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

Секек қақты. Секеңдеді, секең-секең етті, ұшып-қонды. Топ-топ болып дем алып жүрген адамдардың арасында пальма тиындары секек қақты (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Уызға тойған қозылар жусан-жусанның түбінде маужырап ұйықтап жатады, болмаса топ-топ боп секек қағып жүреді («Білім және еңбек»).

СЕКЕК-СЕКЕК е л і к. Әрлі-бері немесе жоғары-төмен секіргендегі қайталама қимылды білдіретін сөз.

Секек-секек етті. Ербең-ербең етті, секеңдеді. Көжсектей секек-секек етіп жортыға бара жатқан Қамқанай артына жалт бұрылды (Ш.Құмарова, Қазбауыр бұлт.). Бір газик секек-секек етіп өте берді (Ш.Құмарова, Қос шынар).

СЕКЕҢ е л і к. Әрлі-бері немесе жоғары-төмен секіргендегі қысқа қимылды білдіретін сөз. // Селтеңдеген жеңілтектік. Мұқажан ана екеуіне қарағанда секеңі көп, аударылып қала жаздайды (Б.Тілегенов, Аққайнар). Зәлу баласының Беркінмен дос болуына қуанбаса ренжімейді, себебі секеңмен жұмысы жоқ момын, сырмінез бала (М.Дүйсенов, Ант).

Секең етті [қақты]. Секек қақты, секектеді. Жексен кенет осы ойын Биганым есітіп қойғандай, секең етіп, шоршып түсті (Р.Райымқұлов, Қыз – айна). Төбе басында секең қағып, белдескен екі баланың күрестері байқаусызда төбелеске айналып кетті (С.Санбаев, Аруана).

СЕКЕҢ-СЕКЕҢ е л і к. Әрлі-бері немесе жоғары-төмен секіргендегі қысқа қимылды білдіретін сөз. Отырады торында Дыбыс берсең сасады. Шықса-ақ болды қолыңнан Секең-секең қашады. Үйренбеді ол маған Өзіне қанша күн ердім (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

СЕЛК е л і к. Шошынғанда, қорыққанда дененің дір еткен оқыс қимылын бейнелейтін сөз.

Селк етті. Дене дір етіп, оқыс шошынды; түршікті. Жүсіп, тоқалдың қолындағы темірді алып тағы сілтей берем дегенде, Жамалдың осы даусын естіп, селк етті (Б.Майлин, Шығ.). Бұғып кетіп барады Жаман тымақ сол кезде Жан біткендей ілезде Бір құлағы селт етті, Өзінен-өзі селк етті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

СЕЛК-СЕЛК е л і к. Әлсін-әлсін селкілдеген қимылды бейнелейтін сөз. Елжас пен Мақсұт селк-селк қозғалды (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң).

Селк-селк етті. Денесі қатты қозғалды, селкілдеді. Ол әбден жылап, сілесі қатқандықтан селк-селк етіп, өкси берді (Б.Сокпақбаев, Жекпе-жек). Қайныңның өзі түгіл, атын айтсаң, Шошиды селк-селк етіп барлық денем (С.Торайғыров, Мағынасыз.).

СЕЛТЕҢ-СЕЛТЕҢ е л і к. Секең қаққан, селтектеген қимылды бейнелейтін сөз.

Селтең-селтең етті. Шошаң-шошаң етті. Буы бұрқыраған ботқаны жалмаңдап жұтқан сайын мұртының қияғы, ұш жағы селтең-селтең етеді (С.Бақбергенов, Қарға там.).

СУДЫР-СУДЫР2 е л і к. Сыбдыр-сыбдыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Сұлу келіншек: «хи-хи-хи» деп күлгендей, Дыбысы шықпай, шегі қатып өлгендей, Былқ-сылқ етіп түрегелді судырап. Судыр-судыр жансыз жібік жүргендей (М.Жұмабаев, Шығ.).

СЫБДЫР-СЫБДЫР е л і к. Қайта-қайта сыбдырлаған дыбысты бейнелейтін сөз.

Сыбдыр-сыбдыр етті. Сыбдырлады, тысырлады. Шамасы көк терек болу керек, жапырағы сыбдыр-сыбдыр етеді (Т.Дәуренбеков, Біз әлі.). Терек жапырақтары қыз бен Хайроллаға сыр шерткісі келгендей сыбдыр-сыбдыр етеді («Қаз. әдеб.»).

СЫҚ-СЫҚ е л і к. Сыңғырлаған күлкіні білдіретін бейнелеуіш сөз.

Сық-сық күлді. Сыңғырлап күлді. Батыс халықтары Жапанды табалап, сық-сық күлді. Жапанның әлемді арманы далаға кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

СЫҚЫР 2 е л і к. Кенеттен, күтпеген жерден шыққан тысырлаған, тырс еткен қысқа дыбысты бейнелеу үшін қолданылатын сөз. Сол ойда жатқанда есік сықыр ете қалды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Осы сәт жаман ағаш еден сықыр етті (М.Сүндетов, Ескексіз.).

СЫҚЫР-СЫҚЫР е л і к. Тырс-тырс еткен, қайта-қайта сықырлаған дыбысты бейнелеу үшін қолданылатын сөз. Ашқан-жапқан сайын есіктің тот басқан топсасы сықыр-сықыр етеді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Аяғының астында шыныланған қатқыл қар сықыр-сықыр етеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

СЫЛДЫР-СЫЛДЫР е л і к. 1. Шолпы, сырға, тиын сияқты нәрселердің бір-біріне тиіп, қозғалуынан шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. Сылдыр-сылдыр теңгелер сылдырлады, Күмбірледі, әлдекім сыбырлады (Б.Майлин, Таңд. шығ.). 2. Бұлақтың сылдырлап ағуын бейнелейтін сөз. Сылдыр-сылдыр су ағады. Суға қараса, Ақбілекті бұлдыр-бұлдыр ой тербетеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ормандар судыр-судыр гүлесетін, Бұлақтар былдыр-былдыр тілдесетін, Балықшы-ой шартарапты шанышқылап, Тереңде сылдыр-сылдыр су кешетін (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Сылдыр-сылдыр етті. Қайта-қайта сылдырлады, сыбдыр-сыбдыр етті. Қыздың басындағы кәмшат бөрік, үстіндегі жеңсіз барқыт камзол, қара шашының бұрымындағы жалт-жұлт еткен шолпылары сылдыр-сылдыр етеді (А.Сатаев, Дала.).

СЫЛҚ е л і к. Күрт, кілт тыйылған, жасалған қимылды білдіретін сөз. Азынап дыбысы да анық естілді. Нәрсе қырқаға көтерілді де, сылқ тоқтады (С.Елубаев, Ойсыл қара). Бастарынан айырылған екі дене екі-үш аттап барып сылқ құлады (І.Есенберлин, Қаһар).

Сылқ етті. а) Бірден төмен түсті, салбырап қалды. Алтыатарын алып, Ақбілек кезене бергенде Ақбілек шаңқ етіп безілдеп кезулі мылтыққа қарсы тұра жүгірді. Қара мұрттың кезенген қолы сылқ етті (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) Әлсірегендіктен гүрс етті, талып қалды. Сақынжамал: – Әни! – деп шыңғырып жіберді де сылқ етіп құлап, талып түсті (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Сылқ [құлап] түсті. а) Сылқ етіп құлады. Исаның шоқпарымен салып кеткен қасқыры сылқ түсіп, тырая кетті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ойнақы тазы қасқырдың аузына түспейді, өз аузын тағы босатпайды. Осы кезде Аман келіп, қара тұмсықтан дәлдеп бір ұрып еді, қасқыр сылқ ете түсті (Ғ.Мұстафин, Шығ.). ә) Ұнжырғасы түсіп, сұлқ басылды. Демалыстан көбеңсіп келген көңіл су сепкендей басылып, Орынбай сылқ түсті де қалды (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

СЫЛҚ-СЫЛҚ е л і к. Қайта-қайта сылқылдаған дыбысты бейнелейтін сөз. Отау үйдің ішінен Әубәкір мен Меңсұлудың сылқ-сылқ күлкисі естілді (А.Сатаев, Дала.).

Сылқ-сылқ етті. Сылқылдап күлді. Ұмсынай келіп, күрсініп, сылқ-сылқ етіп, маңдайын алақанымен тіреп отыра кетеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Сылқ-сылқ жұтты. Қылқ-қылқ, құлқ-құлқ еткізе ішті, сімірді. Апсағай денелі қара сақал біреуі қаңылтыр торсығының аузынан сылқ-сылқ жұтып жатыр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). – Бәтір-ау, мұны қайтеміз енді? – деп әйелдер коньякты сораптап ұрттап, сылқ-сылқ жұтты (Б.Майлин, Азамат.).

Сылқ-сылқ күлді. Сылқылдап күлді, рақаттана мәз болды. Баяғыдағы бір өр мінезіне басып, ескісін еске түсіріп, Базаралы сылқ-сылқ күлді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Кәрі Каспи қара көк көзін ашты, Жылы жүзбен Терекке амандасты. Жыбыр қағып, қозғалып, сылқ-сылқ күліп, Қатынды алды, қитықсыз араласты (Абай, Тол. жин.).

СЫЛП е л і к. Ішке тартылған ауаны күрт тоқтатқанда естілетін дыбысты бейнелейтін сөз.

Аузын сылп еткізді. Таңғала, таңырқай ауыздарын сылп еткізді, сылп-сылп дегізіп үн шығарды. Ауыздарын сылп еткізіп босаға жақта

әйелдер отырды (Б.Майлин, Шығ.). Олар да әлденеге таңғалысып, ауыздарын сылп еткізіп қояды (Ғ.Мүсірепов, Танд. шығ.).

СЫЛП-СЫЛП е л і к. Шалп-шалп, салп-салп, шылп-шылп еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Жерошақ басы: қожалақ бала, қоңырсақ құйқа, қандықыл қатын, ішек-қарын, тезек, сылп-сылп ит, тікесінен шаншылған майда қоңыр түтін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Сылп-сылп етті. Шыпылдады, шылп-шылп етті. Екеуі ақырын «шу-шулеп» тебініп, тағыз да бір жерге кептеліп кеп тұрады. Жаңбыр суы сылп-сылп етеді (С.Сейфуллин, Тар жол.).

СЫЛТ е л і к. Кілт еткен, бұлт еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.

Сылт етті. Кілт етті, бұлт етті. Сонда сұлу қыз Құртқа қылаң етіп, қылт етіп, сылаң етіп, сылт етіп... (Қобыланды батыр).

СЫҢҚ е л і к. Күлген кезде сыңқылдап шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.

Сыңқ етіп күлді. Аяқастынан сыңқылдап күлді. Ақжаңыл сыңқ етіп күлді де құрбы қыздары тобына қарай жүгіріп кетті («Қаз. әдеб.»). Қасына тақпаған қаса сұлу сыңқ етіп күлді (Д.Досжанов, Жібек.).

СЫРП-СЫРП е л і к. Аяқкіімді сүйрете басып, сырпылдатқанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.

Сырп-сырп басты. Аяқкіімін сүйрете басып, тырпылдатты. Менен еш жауап болмаған соң, қадала беруді жөн көрмеген болар, кемпір сырп-сырп басып қарсыдағы бөлмесіне кіріп кетті (Д.Исабеков, Танд. шығ.).

СЫРТ-СЫРТ е л і к. Тырс-тырс, тысыр-тысыр еткен дыбысты білдіретін сөз. Есік бірнеше рет сырт-сырт қағылды (Т.Нұртазин, Адам.).

СЫТЫР е л і к. 1. Сүйек, буынның орнынан тайғанда, сынғанда шығатын дыбысын бейнелейтін сөз. 2. Тырс еткенді бейнелейтін сөз.

Сытыр етті. Сытырлап сынды, сыртылдады. Қарабайдың да оң иығы сынып кеткендей сытыр еткен (М.Әуезов, Шығ. жин.).

-Т-

ТАҚ-ТАҚ е л і к. Тарс-тарс, сарт-сарт еткен қысқа да қатты дыбысты бейнелейтін сөз. Таңертең ең бір тәтті ұйқының құшағында жатқан кезде терезені өрт шыққандай тақ-тақ ұрып оятады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

Тақ-тақ етті. Тақылдады, тарсылдады. Кей ерді сом қосылған дейміз тәуір, Атқа жайлы болса да кісіге ауыр. Бір желгізбей астыңа тақ-тақ етіп, Мініп алсаң қылады қоңды жауыр (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Таңдайы [тілі] тақ-тақ етеді. Тақылдап мүдірмей сөйлейді; бөгелмей жауап береді. Осыны айтқанда досының таңдайы тақ-тақ етеді (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ТАҢҚ-ТАҢҚ е л і к. Таңқылдаған, тарс-тұрс, сарт-сұрт еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Қисықтың баласы да қисық жаратылады-ау, Елиібай «бәлем, қыз алдында сыбағаңды бердім бәлем» дегендей таңқ-таңқ күлді де кете барды (Т.Есімжанов, Аяулым.).

ТАПЫРАҚ е л і к. Тапырақ-тапырақ еткен, тапырақтаған жүрісті бейнелейтін сөз. Жейтіні ащы жапырақ. Жүрісі жаман тапырақ. Етін жақтырмаймыз. Шұбатын ас қылмаймыз (И.Шұғаев, Найза).

Бота тапырақ. Тарбаңдаған, тайраң-тайраң жүріс. Есіріктің бота тапырағына ешкім көңіл де аударар қоймады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

Тапырақ қақты. Аяғын әлтек-тәлтек басты, тапырақтады. Бурыл бесті болса, тынысы үзіліп, тапырақ қаға бастады (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

ТАПЫРАҢ е л і к. 1. Тапырақтаған, тайпаңдаған жүрісті бейнелейтін сөз. Аяғынан жаңылған Қараала тапыраң бір текірекке түсті (А.Сүлейменов, Бесін). 2. а у ы с. Дөрекі, ерсі (сөз). Жаңағы бір әліме қарамай айтқан тапыраң сөздерім мына адамның жарасын жалаңаштай түскен жоқ па (К.Қазыбаев, Аманат).

ТАПЫР-ТҰПЫР е л і к. Апыр-тапыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Екеуі тапыр-тұпыр жұлқыса қалды (К.Қазыбаев, Ызғар). // Тапырлаған дыбыс. Есік бір зәрмен жабылды да, құлағымызда тағалы аттардың тапыр-тұпырындай тақтайлы коридордың дыбысы қалды (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

Тапыр-тұпыр етті. Апыр-топыр болды. Әлдене жар астынан тапыр-тұпыр етті (Ә.Көшімов, Қартаңшы.).

ТАРБАҢ е л і к. Тарбаң-тарбаң еткен, қолапайсыз қимылды бейнелейтін сөз. Бидің тоқпағы, жуанның тарбаңы – осы сықылды кейіпкерлердің рольдерін ойнаса, Серке жақсы шығарады (Қ.Қуандықов, Серке Қожамқұлов).

ТАРҚ-ТАРҚ е л і к. Өрескел түрде тарқылдаған дыбысты білдіретін сөз. Жаңағы тарқ-тарқ күлгенің қуанғаның ба еді? (З.Ақышев, Жаяу Мұса).

ТАРП-ТАРП е л і к. Аяқ басқанда дыбыстың қатты естілуін білдіретін сөз. Тарп-тарп басып күзетші де өтті (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

ТАРП-ТҰРП е л і к. Тарп-тарп, тарс-тұрс еткен дыбысты білдіретін сөз. Кенет ауладан тарп-тұрп жүгірген аяқ дыбысы естілді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ТАРС-КҮРС е л і к. *Тарсылдаған, күрсілдеген дыбысты білдіретін сөз. Соқты дауыл. Тарс-күрс, Бұл не қылған алыс-жұлыс? Жер дірілден сілкінеді. Тауды тауға қағыстырып (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).*

ТАРС-ТАРС е л і к. *Жиі шыққан қатты дыбысты білдіретін сөз. Конвейнер тарс-тарс етіп көмірді төмен қарай жылжытып жатыр (С.Ерубәев, Шығ.).*

ТАРС-ТҮРС е л і к. *Сарт-сұрт еткен дыбысты білдіретін сөз. Үлкен етік аяқта, көк пешпентті, Таққан кірес төсінде жарқ-жұрқ етті. Жүргені тарс-тұрс еткен тақаппарлау, Жайған тасқа басқаны жанды үрпитті (Абай, Тол. жин.).*

ТАСЫР-ТАСЫР е л і к. *Тасырлаған, тарс-тұрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Аттардың алды сары ағашқа қатарласып тақыр жер, тастақ бетті тасыр-тасыр, тықыр-тықыр асып өтіп бара жатты (М.Әуезов, Қараш.).*

ТАСЫР-ТҰСЫР е л і к. *Тарс-тұрс еткен қатты дыбысты бейнелейтін сөз. Қала іші сатыр-күтір атыс, тасыр-тұсыр шабыс (С.Мұқанов, Өмір мектебі).*

ТӘЛТЕК 2 е л і к. с ө й л. *Тәлтірек. Аяғын тәлтек басады, қатты жаман сасады; Сасқанының белгісі Жүгіріп есік ашады (Ғашық-наме).*

Тәлтек қақты. *Тәлтіректеді, қалт-құлт етті. Киік тәлтек қақса да, құламады (Қ.Ахметбеков, Сый орамал).*

ТӘЛТІРЕК е л і к. *Денесін түзу ұстай алмай, бұралаң, қисалаң еткен қимылды бейнелейтін сөз. Қалған екеуі де тәлтірек қағады (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).*

ТИПЫҢ-ТИПЫҢ е л і к. *Аяғын жеңіл басып, жиі адымдаған, типыңдатқан қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Осы мезетте есік ашылып, іштен төрт-бес шамасындағы Қарлығаштың кенже інісі Тайбол типың-типың басып шыға келді (С.Жұмабаев, Шеңгел.).*

ТОҚ е л і к. *Кенет құлаған не қатты затты ұрған кезде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

Тоқ етті [еткізді]. *Бір дүркін тоқ еткен дыбыс шықты. Құдиярдың маңдайы жерге тоқ ете түсті, тұра сала «асау қараны» қамшымен шықпыртып қояды (Д.Әбілов, Ақын.).*

Тоқ етіп алды. ж е р г. *Ұйықтап, көз шырымын алды. Шаршап келген шығарсың, кішкене жатып тоқ етіп ал (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).*

Тоқ тұрды. ж е р г. *Дайын, әзір тұрды. Мен барсам Мақан жүруге тоқ тұр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).*

ТОҚ-ТОҚ е л і к. *Бір затты екінші бір затпен ұрғанда немесе мылтық атылғанда шығатын қатқыл дыбысты бейнелейтін сөз.*

Тоқ-тоқ етті. *Тоқылдады. Жарты сағаттан соң тақ-тақ, тоқ-тоқ*

етіп неміс винтовкалары мен пулементтерінің даусы да естіле бастады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ТОМП е л і к. *Жоғарыдан жерге секіріп түскендегі топ ете қалған, дүрс еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

Томп етті. е л і к. *Дүрс етіп, құлап түсті. Күтпеген жерден әлдене палубаға келіп томп етті (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз).*

Томп[топ]еткізді. *Оп-оңай жыға салды. Шайда да шара таппай тұрды жерден, Тұрғаннан Кейқысырау тұтып белден. Ақырып, айналдырып төбесінен, Тымақтай томп еткізіп жерге берген (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).*

ТОМПАҢ е л і к. *Томп-томп, бұлт-бұлт еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

Томпаң қақты. *Бұлт-бұлт етіп, асты-үстіне түсті; бәйек болды, тез қимылдады. Бұл күні жаңа талпынып, тәй-тәй басқан балалар да ата-аналарына еріп, сайлау үйіне томпаң қағып келеді (С.Мәуленов, Жұлдыз.).*

ТОМПАҢ-ТОМПАҢ е л і к. *Жас баланың бұлтың-бұлтың еткен жүрісін бейнелейтін сөз. Тіпті кейде ұйықтар алдында томпаң-томпаң етіп жетіп келеді де Зибаш екеуінің ортасына жатып та алады (Е.Қонарбаев, Тиек).*

ТОҢҚ е л і к. *Дүңк еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

Тоңқ етті. е л. *Дүңк ете қалды. – Енді қайт дейсіз маған?! – деп Керімбек басын төмен салып отырып, тоңқ ете қалды (О.Сәрсенбаев, Жиде.).*

ТОҢҚАЛАҢ е л і к. *Басымен жер сүзе құлаған қимылды бейнелейтін сөз.*

Тоңқалаң асты. а) *Аяғы аспаннан келе жығылды. Айгүл оған ширыға қарап, «апыр-ай, құлайды-ау, құлайды-ау!» дегенше, Берден атматымен тоңқалаң асып құлап та түсті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).*

ТОҢҚАҢ е л і к. *Еңкең еткен қимылды бейнелейтін сөз.*

Тоңқаң етті [қақты]. *Еңкең етті, тоңқаңдады. Ит тұра ұмтылды, анау арада бір-ақ секірім жер қалғанда тоңқаң етіп ініне кіріп кетті (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл.).*

ТОҢҚАҢ-ТОҢҚАҢ е л і к. *Тоңқаңдаған қайталама қимылды бейнелейтін сөз. Міне, сол кезде әр үйдің есігінің алдында шотпен, балтамен тоңқаң-тоңқаң етіп тал бұтап жатқан адамдар (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).*

ТОҢҚ-ТОҢҚ е л і к. *Дүңкілдеген, тоңқылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

Тоңқ-тоңқ етті. а) *Солқ-солқ, зірк-зірк қозғалды. Арық кезжір аттың тоңқ-тоңқ еткен желісі келі түйгенмен бірдей, ішек-қарныңды үзіп*

жібере жаздайды (Б.Сокпақбаев, Бастан кеш.). ә) Дүңк-дүңк сөйледі. Өңгеге өнеге көрсететін орденді азаматымыздың сыңайы мынау, «бармаймын, қойшы әрі!» деп тоңқ-тоңқ етеді (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

ТОП-ТОП е л і к. *Топ-топ, дүрс-дүрс еткен дыбысты білдіретін сөз.*

Топ-топ етті. *Аяғымен жерді топылдатты, дүрсілдетті. Ат анданда топ-топ етіп секіріп, жайылып жүр (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).*

ТОРПАҢ-ТОРПАҢ е л і к. *Тапырақтаған жүрісті бейнелейтін сөз. Төрт аяғын төрт жақты орай торпаң-торпаң шабыспен әлденешеуі топ соңында қалыпты («Лен. жас»).*

ТОРС е л і к. *Ішінде ауасы бар заттың жарылғанда яки жұмсақ заттың жерге жоғарыдан құлап түскенде дүрс еткен дыбысты білдіретін сөз.*

Торс етті. а) *Үн, дыбыс қатты шықты; тарс етті. балапан торғай ұшамын деп оқыс ұмтылып, торс етіп жерге құлап түсті (Б.Сокпақбаев, Қайда. Гауһар.). ә) Дүңк етпе мінез білдірді; қорс етті. Ә.Жолдасбай, мына жеңгеңе ақылыңды айтышы, өзінен-өзі торс етіп ашуланады (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар).*

ТОРСАҢ е л і к. *Қорс етіп бұртиған, түксиген қимылды бейнелейтін сөз.*

Торсаң қақты [етті]. *Өз-өзінен өкпелеп бұртиды, қорс етті, ерсі мінез көрсетті. Ықыласов торсаң қағып со бойда актептерін жиып алады (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).*

ТЫҚ е л і к. *Кенеттен тырс етіп келте шыққан дыбысты бейнелеу үшін қолданылатын сөз. Түн ортасы ауа есік тық етті («Лен. жас»).*

Тық еткізді. *Тырс еткізді, тықылдатты. Не де болса көшеге шығуға бел байлап, ашуден таяғымды тық еткізіп, қозғала бергенімде, ол басын көтеріп алды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).*

ТЫҚ-ТЫҚ е л і к. *Қайта-қайта тықылдап шыққан дыбысты бейнелеу үшін қолданылатын сөз. Абақтының айға баға күні ұзақ, Жанды жейтін жылға баға түні ұзақ. Ескі мола дән дыбыс жоқ, тым-тырыс. Тық-тық басып күзетші жүр жалғыз-ақ (М.Жұмабаев, Шығ.).*

Тық-тық етті. *Қайта-қайта тықылдады, тықылдаған дыбыс шығарды. Ал үміттің өзені талмайды ағып, Тық-тық етіп сағаты алдайды уақыт. Өмір сүру, бауырым, қандай қиын! Қандай қиын! Әйтсе де қандай бақыт! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).*

ТЫМПЫҢ-ТЫМПЫҢ е л і к. *Тымпың қағып, томпаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Айтқанымды нағып жерге тастар екен деп тымпың-тымпың тыпырлап жүрген тәпелтек ушителге бардым (Ж.Аймауытов, Шығ.).*

ТЫҢҚ-ТЫҢҚ е л і к. *Қайта-қайта тыңқылдап, келте шыққан дыбысты бейнелейтін сөз. Тыңқ-тыңқ еткен домбыраның бұраған үніне бір сан құлақ елегізе қалды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).*

Тыңқ-тыңқ еткізді. *Тыңқылдатты, домбыра шертті. Ыбыш тыңқ-тыңқ еткізіп домбыра тартып қояды (Д.Исабеков, Мазасыз күн.).*

ТЫПЫҢ-ТЫПЫҢ е л і к. *Аяғын тепеңдете басып, тыпыңдатқан жүрісті бейнелейтін сөз. Аяғын тыпың-тыпың басқан кішкентай қызым дыбысымды естіп, алдымнан жүгіріп шықты («Қаз. әдеб.»).*

ТЫПЫР-ТЫПЫР е л і к. *Қайта-қайта тыпырлап, тыпырлаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз. Жол үстінде бірдеңе тыпыр-тыпыр етеді (И.Салахов, Көкшетау).*

Тыпыр-тыпыр еткізді. *Ашулы түрімнен қаймықты білем, аяғын тыпыр-тыпыр еткізіп, шешесінің бауырына тығыла түсті (Ә.Қалдыбаев, Су тасушы.).*

ТЫРАҢ е л і к. *Аяқ-қолды ербең еткізіп ебедейсіз құлаған қимылды бейнелейтін сөз. ≈ Тыраң еткен қимыл.*

Тыраң асты. Аяғы көктен келді, мұрттай ұшты, құлады. Иса тағы да тұмсығын мезгеп қара шоқпарды сілтеп кеп қалғанда, бұл бөрі де тыраң асты (М.Әуезов, Танд. шығ.).

Тыраң етті. *Жалп етіп құлады. Құлақты жара тарс етіп атылған мылтық даусы естіліп, сол сәтінде-ақ бұқаның тыраң етіп құлағанын жұрттың бәрі көрді («Білім және еңбек»).*

ТЫРАҢ-ТЫРАҢ е л і к. *Аяқ-қолды қайта-қайта сермегендегі немесе құлағандағы қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*

Тыраң-тыраң етті. *Аяқ-қолын тырбаң-тырбаң еткізді, қақты. Жолаушы көз жіберіп қараса, тал арасында кетпені жарқылдап диқан тыраң-тыраң етіп жер шауып жүр екен (Д.Досжанов, Жібек.).*

ТЫРБАЛАҢ е л і к. *Тырбың-тырбың еткен қозғалысты бейнелейтін сөз; тырбаң-тырбаң етушілік.*

Тырбалаң қақты. *Аяқ-қолын ербеңдетіп, тырбаңдады. Төсек үстіндегі бірсыпыра шүберектің арасында тырбалаң қаққан қызылшақа жас исіне де емірене алмады (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).*

ТЫРБАЛАҢ-ТЫРБАЛАҢ е л і к. *Тырбаң-тырбаң еткен қайталама қозғалысты бейнелейтін сөз. Жас сәби тырбалаң-тырбалаң етіп, қолын созып қояды («Жас қазақ үні»).*

ТЫРБАҢ е л і к. *Қол-аяқты ербең еткізіп тез қозғалтқандағы қысқа қимылды бейнелейтін сөз. // Бітпейтін күйбең тіршілік. Күлән өкпең де орынды, тіршілікте кісінің тырбаңы таусылған ба (С.Алдабергенов, Қанат.).*

ТЫРБАҢ-ТЫРБАҢ е л і к. *Қол-аяқты ербең-ербең еткізіп қозғалғандағы қайталама қимылды бейнелейтін сөз.*

Тырбаң-тырбаң етті. Аяқ-қолын ербеңдетіп тырбыңдады. Ләззат Ерендi бесігінен шешіп алып, тырбаң-тырбаң еткізді (Т.Ахтанов, Махаббат мұңы).

ТЫРБЫҢ е л і к. Қол-аяқты сермегендегі қысқа қимылды бейнелейтін сөз. // Тырысқандағы қимыл-әрекет, тырбаң. Хасан қожа ел шетіне жау шапқанда, қараңғы қауымның ессіз тырбыңына, күйіне түсетін (О.Сәрсенбаев, Сағым).

Тырбың қақты. Аяқ-қолын ербеңдетті. Арасында шүберек пен мақтаның Көз алдымда тырбың қағып жатқаның! Дәрменсіз ең ол күні, әлсіз ең, Шыбын қонса, қуып жүріп жанышып ем (Шығыс жұлдыздары).

ТЫРБЫҢ-ТЫРБЫҢ е л і к. Ербең-ербең, қол-аяқты қайта-қайта сермегендегі қимылды бейнелейтін сөз. Жас сәбидің аяқ-қолдары тырбың-тырбың етіп, алғашқы тамшы тигенде-ақ шыртып ете қалатын (Қ.Исабаев, Айқыз).

ТЫРЖЫҢ е л і к. Бет-ауыздың қисайып кеткендегі қысқа қимылын бейнелейтін сөз.

Тыржың етті [еткізді]. Бет-аузын қисайтты; тыржиды. Тағы көңілім мұздайды тұрпатымнан, Қыз ұрғандай бетімнен тыржың етіп, Тағы көңілім тасиды келе жатып, Қыз көрінсе қойсам деп жымың етіп (К.Әзірбаев, Танд. шығ.).

ТЫРҚ е л і к. 1. Тар жермен қысылып шыққан ауаның, желдің қысқа дыбысын білдіретін сөз. 2. Қысылып шыққандағы қысқа күлкіні білдіретін сөз. Тырқ етіп күлді (Ауызекі).

Тырқ еткізді. қ а р а п. Арт жағынан жел шығарды, осырды. Ол үйдегінің бәріне естірте арт жағынан жел шығарып, тырқ еткізді де кете барды (М.Әуезов, Танд. шығ.).

ТЫРҚ-ТЫРҚ е л і к. 1. Тар жермен қысылып шыққан ауаның немесе желдің қайталама дыбысын білдіретін сөз. 2. Қысылып күлгендегі қайталама дыбысты білдіретін сөз.

Тырқ-тырқ етті. Даусын онша қатты шығармай тырқылдап күлді. Жаманқара жерден жеті қоян тапқандай әлденеге мәз боп, тырқ-тырқ етіп күле берді (Р.Ниязбеков, Отағасы).

ТЫРП е л і к. Аяқтың бір басқандағы тықырын білдіретін сөз.

Тырп еткізбеді. Орнынан қозғалтпады, тапжылтпады, қыбыр еткізбеді. Енді мен жыр-құдықтың шығырымын. Еңбектің тырп еткізбес тұғырымын. Жас кезде тұратұғын дап-дайын Сөзге – сөз, Жұдырыққа – жұдырығым (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Тырп етпеді. а) Қимылдамады, қозғалмады, тапжылмады. Әлдекім: «Тәйт! Шығарма үнің!» – деді. «Сен бір мал, бір бес байтал – құның», – деді. «Шоқысын қарға-құзғын жүрегіңді, Тырп етпе, жылама да, күнім!» – деді (М.Жұмабаев, Шығ.). ә) Енжар болды, жалқауланды, амал қылмады,

әрекеттенбеді. Ем таба алмай дертіңе мен ертеден, Сол бір қайғың өзегімді өртеген. Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден, Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай? (М.Дулатов, Шығ.). б) Қарсылық көрсетпеді, айтқанына көнді. Байдың өз жауабы, өз мінезі оңбай тұрған соң банағы кісі бұзылса, әлгі ант ұрған байға, «мен айтпап па едім, оныкі, құлық сөз деп, міне, көрдің бе? деп, екіншіде тырп етпейтұғын қылып алады (Абай, Тол. жин.).

Тырп етті. а) Қыбырлады, жыбыр етті, қозғалды. Ықтиярсыз ұзатты, Тырп етерге дәрмен жоқ, Қаптаған адам жан-жағы (О.Шипин, Дастан). ә) Қарсыласты, қарсы тұрды. Өлшеулі демі бітпесе Қырық жыл қырғын болғанмен Ажалы жетпей ер өлмес. Тура құрық түскен соң, Тырп етпеуге дәрмен жоқ, ұсынып мойын кім көнбес? Ойналық та, күлелік, Сайран салып жүрелік, Өлген соң дәуір бір келмес! (Базар жырау, Шығ.).

ТЫРП-ТЫРП е л і к. Тылыр-тыпыр етіп жүргендегі дыбысты білдіретін сөз. Үлкен резина етігін тырп-тырп сүйретіп, қалай оянганын айтып келеді (Е.Ахметов, Талшыбық).

ТЫРС е л і к. Қатты заттың басқа затты затпен соғылысқандағы тықырын білдіретін сөз.

Тырс етті. а) Сырт ете түсті. Есік тырс етіп қайта жабылды (Е.Бекенов, Дала.). ә) Қылт ете қалды, шырт етті, ашуланды. Баланың үрген қуықша тырс ете түсуі қызға да ұнамады (С.Баязитов, Күтп. Кездесу).

Тырс еткен сыбыс [дыбыс] жоқ. Ешбір сыбыс, хабар-ошар болмады. Бір апта болды, тырс еткен сыбыс жоқ (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Тырс [қыбыр] еткен тірі жан [пенде] жоқ. Қыбыр еткен адам, ешкім жоқ. Жүгіріп, ентелеп басып, қабаққа шықтым. Тырс еткен тірі жан жоқ (Ш.Мұртазаев, Интернат.).

Тырс етпе. а) Үн қатпа, ләм деме; жұмған аузыңды ашпа деген мағынада. ә) Еш қам жеме, уайымдама. Тырс етпе, Гүлжан! Түн жамылып отырмын ғой (С.Омаров, Қиыр.).

Тырс етпеді. Былқ етпеді, қозғалмады. Айнала әлденеден сезіктенгендей тырс етпейді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Тіс жарып тырс етпеді [тырс етіп тіс жармады]. Үндемеді, еш нәрсе айтпады, тіл қатпады. Содан екі-үш күнге дейін ол тырс етіп тіс жармай жүрді (С.Досымов, Жаңғырық).

ТЫРС-ТЫРС е л і к. Сырт-сырт еткен, қатты затқа соғылғанда шығатын қайталама дыбысты білдіретін сөз. Төбеден аққан тамшы тырс-тырс етеді (Д.Досжанов, Зауал).

Тырс-тырс етті. Сытыр-сытыр етті, тырсылдады. Толық. Тоқ балтыр. Біз өкшелі туфли сетінеп кететіндей аяғын басқан сайын тырс-тырс етеді («Лен. жас»).

ТЫРТАҢ е л і к. 1. *Шошаңдаған қысқа қимылды бейнелейтін сөз. // Әурешілік, құр бос әбігерлік. – Дүние жинау, таласып-тармасып өмір сүру – босқа тыртаң, – дейді Тайпағаңыз (З.Шашкин, Сенім).* 2. *Өз елін білмейтін тырақай адам. Өлме, Кемел, өлме, Өлсең, қайтып келме, – Дег бір жақтан Ботан, Бір жақтан Мырқан, Өй, кілең бір тыртаң (О.Әубәкіров, Жасыр.).*

Тыртаң етті. *Шошаң етті. Ешкінің екі лағының тыртаң етіп арықтан секіргенін көріп қалдым (Ауызекі).*

ТЫРТАҢ-ТЫРТАҢ е л і к. *Шошаңдаған қайталама қимылды бейнелейтін сөз. Тыртаң-тыртаң жүрісті таста (Ауызекі).*

Тыртаң-тыртаң етті. Шошаңдады. Тыртаң-тыртаң еткен билерінің түрі қандай (Ауызекі).

ТЫРТЫҢ е л і к. *Тыртаң. // Шолтиган киім киюшілік. Мынаның тыртыңы жетті (Ауызекі).*

Бір күн тыртың, бір күн бұртың. *Бір күн олай, бір күн бұлай, құбылмалы. Өзімдікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың. Көрсө қызар келеді байлауы жоқ. Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың (Абай, Тол. жин.).*

Тыртың етті. *Жалбақтады, жағымсақтанды. Өзімдікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың. Көрсө қызар келеді байлауы жоқ, бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың (Абай, Тол. жин.).*

ТЫРТЫҢ-ТЫРТЫҢ е л і к. *Тыртаң-тыртаң. Тыртың-тыртың билеп қояды (Ауызекі).*

Тыртың-тыртың етті. *Шошаң-шошаң етіп қозғалды. ≈ Мүштиип алып тыртың-тыртың етеді.*

ТЫР-ТЫР е л і к. *Екі қатты заттың үйкелісінен тырылдап шыққан дыбысты білдіретін сөз. Мотоциклдің тыр-тыр, пыс-пыс еткен даусы естіледі (М.Гумеров, Шыңырау).*

Тыр-тыр қасыды. *Қышынған денені тырнақпен тырылдата тырнады. Ол бөксесін тыр-тыр қасып, өрешені ашты (З.Жәкенов, Таң самалы).*

ТЫРУ е л і к. *Тырнаның үн шығарып, дыбыстағанын білдіретін сөз. Шіркін, сыбызғы-ай! Тырнаның тыруын менсінбей, аққудың әнін еншіленген сабаз-ай! (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз).*

ТЫСЫР е л і к. *Жүргенде, қозғалғанда шығатын дыбысты, тықырды білдіретін сөз. Тыстан аяқ тысыры шықты (Д.Досжанов, Зауал).*

ТЫСЫР-ТЫСЫР е л і к. *Сырт-сырт, тырс-тырс еткен дыбысты білдіретін сөз. Күбір-күбір сөздер, тысыр-тысыр қимыл көбейіп, медсестра кіріп келді (Сыбызғы сазы).*

-Ү-

ҮП2 е л і к. Ауызбен үрлегендегі немесе желдің лебіне ұқсас қысқа дыбысты білдіретін сөз. Жем жейді қара арғымақ, тұрт дегенде, Аяғын жекей басар қық дегенде. Жерлерге үш айшылық болады азық, Аузынан жақ қалқаның үп дегенде (Біржан сал, Шығ.).

Үп еткен жел жоқ. Тымырсық, желсіз. Уақыт тал түс. Күн төбеде. Үп еткен жел жоқ (Ғ.Мүсірепов, Көз көрген.).

-Х-

ХА-ХА е л і к. Қатты күлгенде шығатын дыбысты бейнелейтін сөз. – Ха-ха... дұрыс айтасың, інім, – деп біреу желке тұсынан күліп жіберді (С.Сарғасқаев, Тәмпіш қара).

-Ш-

ШАЙҚАҚ е л і к. Қисаңдаған, шайқалған қимылды бейнелейтін сөз.

Шайқақ қақты. Ерсiлi-қарсылы, әрi-берi теңселiп, шайқақтады. Құдық маңындағы астаулар ерсiлi-қарсылы теңселiп, шайқақ қағады (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

ШАҚ-ШАҚ е л і к. Қатты нәрсенің екінші бір қатты затқа соқтыққандағы шығатын қайталама қысқа дыбыс. Үңгірдегі бөлтірік адамды көргенде шақ-шақ етіп, қайрат жасады (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

ШАҚ-ШҰҚ е л і к. Тақ-тұқ, тық-тық еткен күрделі дыбысты бейнелейтін сөз. Поезд доңғалағының шақ-шұқ дыбысы түні бойы маза бермей шықты (Ол күндер).

ШАҚҰР-ШҰҚЫР е л і к. Шықыр-шықыр, шақ-шақ еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Тісін шақұр-шұқыр қайрап тұрған дәу Гүлбануды енді гана көрді (Б.Мұқаев, Аққу.).

ШАҚЫР-ШҰҚЫР е л і к. Қарш-қарш, қыри-қыри, шықыр-шықыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Аракідік тасқа тиген күректер шақыр-шұқыр етеді («Қаз. әдеб.»).

ШАЛДЫР-ШАЛДЫР е л і к. Шалдырлаған, шалдыр-шұлдыр еткен жағымсыз дыбысты бейнелейтін сөз.

Шалдыр-шалдыр сөйледі. Әр нәрсені шатып-бұтып, қалай болса солай сөйледі. Дудардай шаш қоясың қарыс қылып, Бұтыңа кидің шалбар жабыстырып, Орысша, қазақшаны түгел білмей, Сөйлейсің шалдыр-шалдыр шабыстырып (О.Шораяқов, Шайыр).

ШАЛДЫР-ШҰЛДЫР е л і к. Шалдырлап, салдыр-сұлдыр етіп шыққан шулы, жағымсыз дыбысты білдіретін сөз. Тағы да қол беру, тағы да шалдыр-шұлдыр («Қазақст. әйелдері»).

Шалдыр-шұлдыр еткізді. *Шалдырлатты, салдыр-сұлдыр еткізді. Бөлме толы тұтқындар «немене, немене?» десіп, бәрі де темір бұғауларын шалдыр-шұлдыр еткізіп, терезеге ұмтылды* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ШАЛҚАҢ е л і к. *Шалқалақтаған, қайқаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Шалқаң етті. а) *Шалқалап кетті, шалқасынан түсті. Жүсіп зембілдің екінші жағы жерге түсіп кеткенде, ауыр салмақ оның бүкіл денесін артқа қарай жұлқи тартып, шалқаң ете қалды* (Ұ.Доспанбетов, Сырғалы.). ә) *Айқара ашылды. Ентелей басып кеп, есікті жұлқып қалып едім, мен ойлағандай шалқаң етіп ашыла кетпеді* (Е.Қонарбаев, Жол.).

ШАҢҚ е л і к. *Оқыстан, кенет шаңқылдап шыққан қатты, жаңғырыққан дыбысты бейнелейтін сөз.*

Шаңқ етті. *Даусы саңқ етіп шықты. Алтыатарын алып, Ақбілекке кезене бергенде Ақбілек шаңқ етіп безілдеп, кезеулі мылтыққа қарсы тұра жүгірді* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ШАҢҚ-ШАҢҚ е л і к. *Оқыстан қайта-қайта шаңқылдап шыққан қатқыл дыбысты бейнелейтін сөз. Жасыл айдарлы қызыл сауыр томағасын, көк найзаларымен сарт-сұрт қағып, қыран үмітін қомданып, қызыл түлкісін аңсап «Құшақ-пышақ!» деп, шаңқ-шаңқ етер еді* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ШАПЫР-ШҰПЫР е л і к. *Сарт-сұрт, апыр-тапыр. Жігіттер шапыр-шұпыр атқа қонды* (З.Шүкіров, Сарша тамыз).

ШАР9 е л і к. *Кенеттен, оқыс шыққан жағымсыз, ащы дауысты бейнелейтін сөз. Есіктің де қоңырауы шар ете түсті* (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Шар етті [ете қалды]. *Бажылдап жылады. Ересектеубала қасындағы екі кішкентай баланың бірін табанын қытықтап, сықылық аттырып қойды да, екіншісін санынан бұрап үзіп алды. Ол жылан шаққандай шар етті* (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

ШАРТ-ШҰРТ е л і к. *Қайта-қайта сатырлап, шартылдап шыққан қатты дыбысты білдіру үшін қолданылатын сөз. Шарт-шұрт найзағай ойнайды, сатыр-сұтыр нөсер жаңбыр құяды* (Ғалам ғажап.).

Шарт-шұрт етті. *Қайта-қайта шартылдады, шартылдаған дыбыс шығарды. Балбаналар жалпақ бас Құйылмаған балшықтан. Бабам, тегі, шақпақ тас, Шарт-шұрт етсе, От шыққан!* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ШАТЫР4 е л і к. *Кенеттен, ойламаған жерден шатырлап шыққан қатты дыбысты бейнелейтін сөз.*

Шатыр етті. *Шатырлады, сатырлады. Кенет дәл төбеден кун шатыр ете түсті* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ШИҚ е л і к. *Заттардың үйкелісінен шығатын дыбысты білдіретін сөз.*

Шиқ етті [ете қалды]. *Шиқылдаған дыбыс шығарды. Ол сан еті үзіліп бара жатқан соң, салмағын сау аяғына сала бергенде протез шиқ ете қалды* (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ШИҚ-ШИҚ е л і к. *Кішілеу құстардың, жәндіктердің үсті-үстіне шиқылдаған дауысын білдіретін сөз. Қысы-жазы ауланың іші сықыр-сықыр, шиқ-шиқ: жаз бойы арбаның доңғалақтары ыңырсып кіріп, ыңырсып шығып жатады* (Қ.Ысқақов, Күрөңсе).

Шиқ-шиқ етті. а) *Құстар шиқылдаған дыбыс шығарды. Жазғы таңда шиқ-шиқ етіп ұша бастайтын торғайлардың бірі жоқ* (С.Жүнісов, Өшп. іздер). ә) *Заттардың үйкелісі салдарынан шиқылдап дыбыс естілді. Арба дәл біздің терезенің алдына келді де, шиқ-шиқ етіп жылжып барып ақырын тоқтай қалды* (О.Сәрсенбаев, Жақсы.).

ШИПАҢ е л і к. с ө й л. *Шипың. Оның астындағы шипаң торысы дүниеде жоқ сүріншек жануар екен* (А.Нұрманов, Құлан.).

ШОЛП е л і к. *Бір нәрсенің суға, сұйықтыққа кенеттен түсіп, құлап кетуінен шығатын дыбысты білдіретін сөз.*

Шолп етті. *Суға күмп етіп түсіп кетті. Көлбақалар аяқ тықырын естісе, суға шолп етіп сүңгиді де кетеді* (ғалам ғажап.).

ШОЛТАҢ е л і к. *Қысқа, шолақ нәрсенің шолтаңдап, оқыс қозғалған қимылды білдіретін сөз.*

Шолтаң етті [қақты]. *Шолтаңдап қозғалды, шолтаң-шолтаң етті. Кенет тізгіннің бір ұшы шолтаң етіп, көзінің алдына кеп ұрды* (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ШОШАҢ е л і к. *Селтең етіп, шошаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

Шошаң етті. *Шошаңдады, селтеңдеді. Оның сүйір иегіндегі үшкір қара сақалы шошаң ете қалды* (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ШОШАҢ-ШОШАҢ е л і к. *Селтең-селтең еткен, қайта-қайта шошаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

Шошаң-шошаң етті. *Селтең-селтең етті, қайта-қайта шошаңдады. Бөксені бөгелекке беріп, құдды қазан аңдығандай ошаққа басын тығып алған көк байталдың сабаудай құйрығы масаның қалың бұлтын жырта алмай шошаң-шошаң етеді* (Қ.Ысқақов, Күрөңсе).

ШҰҚЫҢ е л і к. *Шошаң еткен қысқа, шалт қимылды бейнелейтін сөз.*

Шұқың етті. Шошаң етті. – *Бекең біртүрлі, шұқың етіп Сағынай жаққа бір қарап ап, даусын бәсеңдете, – Бекең, ұзағынан босын-ау, бибақ қыртыып отыра қалады* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).

ШҰНАҢ е л і к. *Қутыңдаған қысқа жеңіл қимылды бейнелейтін сөз.*

Шұнаң етті [қақты]. *Қутыңдады, шыбжың қақты, шошаңдады. Қолыңа бес-он қара түсе қалса Тұсыңнан құда тамыр шұнаң етер* (Майлықожа, Нақыл).

ШҰНАҢ-ШҰНАҢ е л і к. *Қутыңдаған қайталама жеңіл қимылды бейнелейтін сөз // Шошаң-шошаң етіп, қайта-қайта шыбжыңдап. Кеше туған көк лақ шұнаң-шұнаң, Ескі дауыл үстінде секіреді* (Ш.Жиенқұлова, Өленд.).

Шұнаң-шұнаң етті [қақты]. *Шошаңдады, қайта-қайта шыбжыңдады. Шұнаң-шұнаң қағып, Жүгіреді ақ лағым* (З.Қалауова, Таңд. шығ.).

ШҰРҚ 1 е л і к. *Қазандағы сұйық емес, қоюлау тамақ қайнағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

Шұрқ етпе. а) *Сау тамтығы жоқ, тесік-тесік. – Емеурінімнен шығып кетер ел жоқ, шұрқ етпеңіз, жеңеше!* (Д.Әбілов, Арман.).

ШҰРҚ 2 е л і к. *Жыпырлаған көп тесікті, жыртықты бейнелейтін сөз.*

Шұрқ тесік. а) *Сау тамтығы жоқ, тесік-тесік. Өлгені емей немене: құдықтың орнында қалған ойпауыттың беті шұрқ тесік екен* (О.Сәрсенбаев, Жиде.). ә) *Шаруасы қисайған, жағдайы нашар. Қымтадың жаныңменен сол кездегі Шұрқ тесік тіршіліктің кемістігін* («Қаз. әдеб.»). б) *Жыртық-жыртық, ескі. Аяқта шұрық тесік бәтеңкесі, Киімім жыртық-ау, деп жасымайды* (Б.Батырбекова, Жарқыра.). в) *Адыр-бұдыр, кедір-бұдыр. Әйткенмен... Самаркіннен зауытына шейін батпақ, беті шұрық тесік* (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай.). г) *Жарым, көңілсіз. Күлжәмиланың өз көңілі де тап осындай шұрқ тесік боп кетті* (К.Қазыбаев, Ызғар).

Шұрқ тесілді. *Ойылып-ойылып тесілді. Жағасы мал тұяқтарымен шұрқ тесілген, тізені соғатын қалың шөп су жағасындағы қамыс, қозғаларға барып ұштасқан* (С.Еркебаев, ауыл.).

ШҰРҚ-ШҰРҚ 2 е л і к. 1. *Қазандағы сұйық емес, қою тамақ қайта-қайта бырқылдап қайнағанда шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.* 2. *Суы көп лай-батпақты басқанда қорсылдап шығатын дыбысты бейнелейтін сөз.*

Шұрқ-шұрқ етті. *Шұрқ-шұрқ деген дыбыс шығарды. Біраздан соң су өтті де қорық-сазды басқандай шұрқ-шұрқ ететін боп алды* (С.Мұратбеков, Жабайы.).

Шұрқ-шұрқ қайнады. Бұрқ-сарқ етпей, бабымен қайнады. Үйдің ортасындағы тас ошақта бір кішкене қазан шұрқ-шұрқ қайнап жатыр (А.Жүнісов, Өмір ізі).

ШҰР-ШҰР е л і к. *Бос ыдыс не кеңістікке сұйықтық құйылғанда шығатын дыбысқа ұқсас дыбыстарды білдіретін сөз.*

Шұр-шұр етті. а) *Шұрылдаған дыбыс шығарды. Аяқ асты сызданып басқан сайын шұр-шұр етеді (С.Мұратбеков, Көкорай.). ә) Іші құрқырап, қарны ашты. Бокал ұстаған қолым талып барады, ішім шұр-шұр етеді (Қ.Исмағилов, Витамин.).*

ШҮЛДІР е л і к. *Шүлдірлеген қысқа дыбысты білдіретін сөз. // Түсініксіз, шүлдірлеп сөйлейтін (адам). Тілі сақаудың тіліндей шүлдір екен (Қ.Ысқақов, Тұйық).*

Шүлдір етті. *Түсініксіз сөйледі. Сен емес пе едің дәл құлақ түбінен келін шүлдір ете түскен (Бал дәурен.).*

Шүлдір шүмек. с ө й л. *Шылдыр шүмек.*

ШҮЛДІР-ШҮЛДІР е л і к. *Шүлдірлеген дыбысты бейнелейтін сөз. Ауыл сыртындағы сылқылдақ күлкіден аумайтын өзеннің шүлдір-шүлдір ағысы да құлаққа сүйкімді де етене жақын дауысты әкелгендей («Лен. жас.»).*

ШҮМП-ШҮМП е л і к. *Шүмпілдеген дыбысты бейнелейтін сөз. Шарап деген шалқардай Шөлмегінде шүмп-шүмп (Қ.Байсейітов, Беу, қыздар.).*

ШҮҢК-ШҮҢК е л і к. *Шүңкілдеген дыбысты бейнелейтін сөз. Тіпті Балабек ұйықтап қалған соң да, қызымен екеуі шүңк-шүңк әңгімемен едәуір отырды (Т.Нұрмағамбетов, Дария.).*

ШҮР 2 е л і к. *Шүр еткен жіңішке, қысқа дыбысты білдіретін сөз.*

Шүр етті. *Шұрылдады, шұрқырады. – Балжан, немене, қарның ашты ма? – деді Сағымбек өзінің де осы кезде шүр ете қалған ішегін қолымен баса қап (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).*

ШЫЖ е л і к. *Кенеттен быжылдап шыққан жай, үздіксіз дыбысты білдіретін сөз. Біз соған сүйсіне күлеміз, иә, шоқтың шыж еткеніне сүйсініп күлеміз (Ғ.Қабышев, Күлеміз бе.).*

Шыж ете қалды [түсті]. *Даусы оқыс шықты, шыр ете қалды. – Қой! – деп, Шолпан шыж ете қалды. Басқалары да қостай қойған жоқ (Ғ.Мүсірепов, Дауыл.).*

Шыж еткізді. *Отқа қатты қыздырып, шыжылдатты, быжылдатты. Жігіт шыңғырған кердің мінер жақ құлағына ыстық таңбаны шыж еткізіп басып алды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).*

Шыж көбелек болды. Асты-үстіне түсті, бәйек болды. – Сіз әуре болмаңыз. Мен қазір өзім әкеліп берем, – деп шыж көбелек болып Шара жүр (Е.Ахметов, Талшыбық.).

ШЫЖ-ШЫЖ е л і к. Шыжылдаған, шыж-быж еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Аанада Батталмен шыж-шыж айтысып, мына екеуіне ара тұрған өзің емес пе едің (А.Смаилов, Тамыз. таңы).

Шыж-шыж етті. а) Шыж еткен, быжылдаған дыбыс шықты, шыжылдады. Бүкіл төңірек май шыжғырып жатқандай шыр-шыр, шыж-шыж етеді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). ә) Шыр-шыр етіп бәйек болды. Әуілдек те өз қызметін атқарып, желбауын көтеріп, жанкүйерлік істеп, шыж-шыж етеді («Қаз. әдеб.»).

ШЫҚ-ШЫҚ е л і к. 1. Шықылықтаған дыбысты білдіретін сөз. – Эх, ш-шайтан!.. Шық-шық күліп Арынғазы жүр: – Жетті енді... Босат жапыраңдамай! (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). 2. Жүріп тұрған сағат тілінің дыбысын білдіретін сөз. Шық-шық соққан сағат тілі жылжып жай, Жүрісінен өріс тапқан жыл, күн, ай (Ө.Жайлауов, Жарқын жаз).

Шық-шық етті. а) Шықылдаған дыбыс шықты. Шық-шық еткен балға, жарқылдаған ұшқынға бір кезде Мейрам елең етті (Ғ.Мұстафин, Шығ.). ә) Шықылдап күлді. Бір қызарып, бір бозарып, төңірегіндегілерге шық-шық ете тиісіп ойқастап жүрген оның сол күнгі әрекеті сойқан еді (Ш.Құмарова, Қос шынар). б) Тықылдады, тырсылдады. Сопытай бөлмесіне барып, ештеңе болмағандай шық-шық еткізіп есеп шотын қағып отыра берді (Д.Исабеков, Тіршілік.).

Шық-шық тиді. а) Жағымсыз естілді. Темір басқышты тық-тық басқан аяғы тап бір шекеңе шеге қаққандай шық-шық тиіп жатты («Қаз. әдеб.»). ә) Күннің көзі өтті, шекені шақты, қыздырып жіберді. Күннің ыстығы шекеге шық-шық тиеді (З.Асабаев, Ар соты).

ШЫҚЫР е л і к. Қышыр, сықыр еткен дыбысты бейнелейтін сөз. Тұла бойымдағы барлық қан ойнап басыма шықты да, тісім шықыр ете қалды (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты).

ШЫҚЫР-ШЫҚЫР е л і к. Шықырлаған, сықырлаған қайталама дыбысты білдіретін сөз. Қарды шықыр-шықыр басып, аязда деміміз бұрқырап, мектепке келдік (Б.Қойшыбаев, Ай нұры).

Шықыр-шықыр етті. а) Шықырлады, шықылдады. Орындықтар мазасыз шықыр-шықыр етті де, тыныштық қайта орнады (Ә.Сараев, Тосқауыл.). ә) Қышырлады. Көмекейінде шықыр-шықыр етіп болмаған әлдебір немелерді түкіріп жіберді (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ШЫЛДЫР 2 е л і к. Соғылған қоңыраудан, жұқа металдардың бір-біріне соқтығуынан шығатын, шыңғыр, сыңғыр еткен қысқа

дыбысты білдіретін сөз. Ол таң қараңғысында құлақ жарған қоңырау шылдырымен тұрады (Қ.Исабаев, Ажал кұрсауы).

Шылдыр етті. Шылдырлаған дыбыс шықты, шылдырлады. Трубканы қойғанымша болған жоқ, телефон қайтадан шылдыр етті (Ауызекі).

Шылдыр шүмек. э т н. Ортаншы саусақ пен кішкентай саусақтың арасындағы саусақ.

ШЫЛДЫР-СЫҢҒЫР е л і к. Шылдыраған, сыңғырлаған дыбысты бейнелейтін сөз. Шылдыр-сыңғыр сыңғырлап сол бір дарқан, Өлеңдете аспандай жөнеледі (Д.Әбілов, Өлеңд.).

ШЫЛДЫР-ШЫЛДЫР е л і к. Қайта-қайта шылдырлаған дыбысты білдіретін сөз. Тек айнала тұрған қу шеңгелдің қоңыраушалары былдыр-былдыр, шылдыр-шылдыр ызың қағып, теріскей желдің лебінен баяу ғана тербеледі («Қаз. әдеб.»).

Шылдыр-шылдыр етті. а) Шылдырлады. Іштен шылдыр-шылдыр еткен шынжырдың, ауыр ілгешектің салдырлап жақтауға соғылғаны естіледі (М.Сүндетов, Ескексіз.). ә) Сылдырлады; салдырлады. Кеудесіне оқа тігілген, ақшаны тесіп алдыңғы етегіне дейін қадаған күміс шылдыр-шылдыр еткен қамзол киген (Ә.Шәріпов, Сахара.). б) Сыңғырлады. Рюмкалар шылдыр-шылдыр етті (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара).

ШЫЛҚ е л і к. Суды басқанда шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.

Шекесі шылқ етті. Жетісті, қарқ болды. Шекең шылқ ете қалар барсаң (К.Ахметбеков, Ақдала).

Шылқ етті. Солқ етті деген мағынада. Гранат тиді шылқ етіп, Түсті неміс сылқ етіп (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

ШЫЛҚ-ШЫЛҚ е л і к. Шылқ-шылқ, сылқ-сылқ еткен қайталама дыбысты білдіретін сөз.

Шылқ-шылқ етті. а) Шылқылдады, малмандай болды. Ат тұяғымен шылқ-шылқ етеді (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.). ә) Сылқ-сылқ етіп қорпылдады. Басқан сайын етіктің іші шылқ-шылқ етеді (Қ.Жұмашев, Жайсаң жан.).

ШЫЛП е л і к. Жалпақ затпен басқа затты, сұйықты ұрғанда шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.

Шылп етті [еткізді]. Сылп, шалп еткен дыбыс шықты. Кемпір де состиып тұрған. Ернін шылп еткізді (С.Сматаев, Бұлақ.).

Беті [бет-аузы] шылп етпеді. Беті бұлк етпеді, ұялмады, қысылмады. Қалқа тұрғызуыңа қалғаны да жарайды, – деді Жырымбет бет-аузы шылп етпей (А.Хангелдин. Ғани.).

Шылп етпеді. *Тырп етпеді деген мағынада. Екеуміз де шылп етпей борыққа көміліп жатып алдық* (А.Жұмаділдин, Құт құбыры.).

ШЫЛП-ШЫЛП е л і к. *Шылпылдаған дыбысты білдіретін сөз. Түнгі ағын су қайық ернеуіне шылп-шылп соғып, қорқыныш тудырады* (Т.Дәуренбеков, Кездес. осы).

Шылп-шылп басты. *Аяғын шылпылдапты. Үй ішіне кірген суды жалаң аяқ шылп-шылп басып, далаға шықтым* (М.Тиесов, Дала.).

Шылп-шылп етті. *Лайсаң суы шылп-шылп етіп, бірнеше күн бойы ернеуледі де тұрды* (Т.Нұрмағамбетов, Дария.).

ШЫМЫР-ШЫМЫР е л і к. *Ақырын, жай, бұлк-бұлк еткен қимылды бейнелейтін сөз. Шымыр-шымыр ағыс анау орта тұста ғана аңғарылады* (Ж.Дәуренбеков, Уақыттан оз.).

Шымыр-шымыр етті. *Шымырлады. Теміртас шыдап отыра алмады. Денесі шымыр-шымыр етті. Арбада отырып қарауға қанағаттанбай, тік тұра келді* (С.Мұқанов, Теміртас.).

ШЫҢ 7 е л і к. *Шың еткен, шыңылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

Шың етті. *Шыңылдаған дыбыс шықты, шыңылдады. Қайсар солқылдап жылап, далаға шығып кетті. Ақлима шың еткізіп тағы да дыбыс берді* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп.).

ШЫҢҚ е л і к. *Шың, шыңқ, шыңқ етіп қысқа есілген дыбысты білдіретін сөз. Сізге кім керек? Кемпір әлі үнсіз. Тілсіз сілейіп тұрған, төске соққан балгадай әлгінің шыңқ еткен үнінен тағы селк етті* (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Шыбық тимес шыңқ етер. *Тиіп кетсең бажылдап қоя беретін, жылауық. Мен үндемедім. «Ефрейтор» ағамыз бүгін тым толқулы, шыбық тимес шыңқ етер халде екен* (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ШЫҢҚ-ШЫҢҚ е л і к. *Қайта-қайта шыңқылдаған дыбысты бейнелейтін сөз.*

Шыңқ-шыңқ етті. *Шыңқыл қақты, шыңқылдады.*

ШЫҢ-ШҰҢ е л і к. *Шаңқ-шаңқ еткен дыбысты бейнелейтін сөз.*

ШЫҢ-ШЫҢ е л і к. *Қайта-қайта шыңылдап шыққан дыбысты бейнелейтін сөз. «Бабың жетпей қалған хат» деп оқуға кеткен балалар жұбатқан болады. Құлағы түкті естімейді, шың-шың* (С.Жүнісов, Өшп. іздер.).

Шың-шың етті [еткізді]. Шыңқылдаған, шыңғырлаған дыбыс шығарды. Сәрсенбінің сәтінде жол шегу қамымен жүрді. Шың-шың етіп қоңырау соғылып жатқан кез болатын (Қ.Құрманғалиев, Атырау ару).

ШЫП 2 е л і к. Қамшы, шыбық, сойыл, арқан т.с.с. денеге ұрылғанда шығатын дыбысын бейнелейтін сөз.

Шып етті [еткізді]. а) Денені қамшымен, шыбықпен т.б. затпен ұрып қалды, соғып жіберді. Қолындағы ат қамшы, Шып етеді сауырға. Осы күн батқанша, Қайтпайды атам ауылға (Қ.Баянбаев, Әсем.). ә) Қан, тер сияқты заттар бірден лып етіп шықты. Маңдайлары тез істі, Шекеден қан шып етті, Құйрықтары қып етті (Ө.Тұрманжанов, Бозша торғай).

ШЫП-ШЫП е л і к. 1. Дүркін-дүркін, үсті-үстіне тер немесе қанның шығуын бейнелейтін сөз. Достар сөз қатты батса керек, жігітімиз қызарып, маңдайына шып-шып тер шығып кетіпті (Б.Мәдиев, Өрендер). 2. Шырқ-шырқ, сорп-сорп еткен дыбысты білдіретін сөз. 3. Сарт-сұрт, шарт-шұрт еткен қамшы, шыбық тигендегі дыбысқа ұқсас дыбысты білдіретін сөз. Шыбығымен түйесін шып-шып ұрып қойып, өзімен-өзі сөйлесіп те алады (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.).

Шып-шып етті. а) Тер, қан, су т.б. қайта-қайта шықты. Омардың маңдайынан шып-шып етіп тер шығып, нысынап қоя берді. Сасқанынан жымизан болды (Б.Тілегенов, Аққайнар). ә) Шыбық, қамшы сарт-сұрт тиді, шыпылдады. Шып-шып етіп молданың, қолындағы тобылғы, Қозғалтпайды жон жағым, Талай дүре соғылды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ШЫР 4 е л і к. Бір орында тұрып, бір осьпен зыр етіп айналғанды бейнелейтін сөз. Ұрықтар шыр айналып, зыр қағады (І.Жансүгіров, Өңгім.).

Бір айналғанды шыр айналдырды. Адам өмірінде, жолында бір сәтсіздік, жамандық басталса, үсті-үстіне болады, көбейеді деген мағынада.

Шыр айналды. а) Зыр қақты, зыр жүгірді. ә) Кете алмай, айналшықтады. б) Зуылдады, мидай араласты. в) Теріс қарап кетті, бетін әрі бұрды. г) Табансыз болды, тұрақсызданды. г) Шарқ ұрып іздеді.

Шыр айналып іздеді. Шарқ ұрды, әбден іздеп шаршады. Шыр айналып іздеді, Қайда көзін сүзбеді. Сабылса да күндіз-түн Күндерін бір үзбеді (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Шыр көбелек айналды [дөңгеленді]. а) Бір орында зыр қақты, айналды. ә) б е й н. Бір-біріне ұласты, қосылды. б) Басы қатты, миы айналды, ештемені ажырата алмады.

Шыр [көбелек] айналдырды. Істің көзін тапты, игерді, билеп алды. Қаншайым бір үйдің шаруасын шыр айналдырады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ШЫР 5 е л і к. Шырылдағандағы қысқа дыбысты бейнелейтін сөз.

Шыр етті [ете қалды]. а) Оқыстан қатты шырылдаған қысқа дыбыс шықты. Нақ осындай шат-шадыман жағдайды шыр еткен телефон бұзып жіберді (Б.Қыдырбекұлы, Шойын құлак). ә) Біреудің арасына түсті, қорғаштады. Бір-біріне жаны ашып шыр ете қалады (Ә.Нұрмаханова, Ұлбала).

Шыр етіп жерге түскеннен [түскелі, түскесін]. б е й н. Көз ашып, өмірге келгелі. Шыр етіп жерге түскелі, артық еді қылығың. Иіскесем мейір қандырған, Шекерден тәтті шырыным (О.Шипин, Екі дастан).

ШЫРҚ е л і к. Шырылдағанда, шұрқылдағанда шығатын қысқа дыбысты білдіретін сөз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ашмарин Н.И. Подражание в языках Среднего Поволжья. Вып. I-IV. - В кн.: "Известия АзГУ. Баку, 1925. "Обществ. науки", I-II, С. 143-157; III-IV. С.
2. Дмитриев Н.К. К изучению турецкой мимологии; Очерк южнотюркской мимологии // Строй тюркских языков. М., "Наука", 1962, С. 59-108.
3. Харитонов Л.Н. Типы глагольной основы в якутском языке (разделы II-III: "звукоподражательные глаголы", "Образные глаголы"). М.-Л., 1954.
4. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. 2 том (фонетика и морфология). Москва, 1952.
5. Спиркин А.Г. Происхождение языка и его роль в формировании мышления // Сб.: "Мышление и язык", М., 1957.
6. Газов-Гинзберг А.М. Был ли язык изобразителен в своих истоках? М., 1965, С.3-184.
7. Корнилов Г.Е. Имитативы в чувашском языке. Чебоксары, 1984, С. 3-184.
8. Ысқақов А. Еліктеу сөздер туралы // Халық мұғалімі. 1948.
9. Сарыбаев Ш.Ш. Еліктеуіш сөздер. Метод. кеңес және бақылау-пысықтау жаттығулары. Алматы, 1982, 3-56 бб.
10. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986.
11. Оспанова Б. Бейнелеуіш етістіктердің этнолингвистикалық сипаты. Канд. дисс. авт. Алматы, 2003.
12. Шота Қ. Дыбыстық еліктеуіш етістіктердің этнолингвистикалық негіздері. Канд. дисс. авт. Алматы. 2004.
13. Қайдар Ә.Имитатив теориясына қатысты жаңаша көзқарас // ҚР ҒА БҒМ. Хабарлары 2003, №5.
14. Кайдар А.Т. Грамматические индикаторы в производных основах подражаний в тюркских языках // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, "Ана тілі", 1998, С. 100-105.
12. Башкирско-русский словарь. – М., 1958.

13. Дмитриев Н.К.Строй тюркских языков. М., 1962, стр. 59-105.
14. Харитонов Л.Н.Неизменяемые слова в якутском языке. Якутск, 1943, стр. 7-8. 56-69.
15. Аганин Р.А. О принципах подачи подражательных слов в турецких словарях. «Тюркско-монгольское языкознание и фольклористика». М., 1960, стр. 165.
16. Құдайбергенов С. Подражательные слова в киргизском языке. Фрунзе, 1957.
17. Махмуд Қошғарий. Девону луғотит тур, т. III, Ташкент, 1963, - 369.
18. Радлов В.В.Опыт словаря тюркских наречий, т. I. Спб., 1893; Спб., 1899.
21. Сарыбаев Ш.Ш. Подражательные слова и их отношение к междометиям // Изв. АН КазССР. Серия филол. и искусств., 1954, №135, вып. 4-2.
22. Сарыбаев Ш.Ш.Еліктеуіш сөздердің түсіндірме сөздікте берілу тәсілі // ҚР БЖҒМ хабарлары. Филология және өнертану сериясы, 1960, №1 (14).
23. Хұсаинов К.Ш. Дыбысбейнелеуіш негіздердің морфологиялық құрылымы // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. –Алматы: Ғылым, 1988, 40-64 бб.
24. Хұсаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. -Алма-Ата: Наука, 1989, 230 с.
25. Ысқақов А.Ы. Қазақ тілінің фонеморфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан сараптау. Алматы, 1999, 3-186.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
I тарау. Имитатив теориясының табиғаты	
Имитатив теориясының зерттелу тарихы	6
Имитатив теориясына қатысты жаңаша көзқарас.....	6
II тарау. Еліктеуіш сөздердің табиғаты	
Еліктеуіш сөздердің жасалу механиздері мен тарихи қалыптасу тетіктері.....	27
Еліктеуіш сөздердің тұлғалық сипаты	33
Еліктеуіш сөздердің лексика-грамматикалық көрінісі.....	41
Еліктеуіш сөздердің лексикографиялық сипаттамасы.....	47
Қос сөздердің құрамындағы еліктеуіш сөздердің лексика- семантикалық сипаты.....	55
III тарау. Еліктеуіш сөздер	
Еліктеуіш сөздердің түркі тілдері сөздіктерінде жіктелу принциптері.....	121
Еліктеуіш сөздердің түркі тілдері сөздіктерінде берілуі.....	121
Қорытынды	175
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	301

Қайдар Әбдуәли

Ғылымдағы ғұмыр

Редакторы: Э. Ә. Өтебаева

Корректоры: Ж. Нұрғожина

Дизайнері: Р.Арсланов

Беттеуші: Б. Қасымбекова

Теруші: Г. Тлегенова

ISBN 978-601-7174-47-7



“Сардар” баспа үйі
Алматы қаласы,
8 ы/а, 19а үй.
Тел.: 8(727) 249 68 05
e-mail: sardar777@list.ru

Шартты баспа табағы 19. Пішімі 60x90 ¹/₁₆
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Таймс» Таралымы 4000 дана